ISSN 1728-5461

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы,
Серия «Исторические и социально-политические науки»,
Series «Historical and socio-political sciences»

№4(67), 2020

Алматы 2020

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы,
№4(67), 2020

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор
т.ғ.д. **Ғ.Қ. КЕНЖЕБАЕВ**

Редакция алқасы:
т.ғ.д., проф. **М.Қ. Қойгелдиев**
(бас ред. орынбасары),
т.ғ.к., доц. **Р.Р. Оспанова,**
т.ғ.к., доц. **Т.Т. Далаева**
(жауапты хатшылар),
т.ғ.д., проф. **Х.М. Әбжанов,**
т.ғ.к., проф. **Б.С. Жұмағұлов,**
PhD, проф. **Вирджиния Мартин**
(АҚШ),
PhD, проф. **Клаудиа Чанг** (АҚШ),
т.ғ.д., проф. **Қара Әбдіуақап**
(Түркия),
т.ғ.д., проф. **О.Д. Осмонов**
(Қырғыз Республикасы),
т.ғ.д., проф. **В.М. Козьменко**
(Ресей Федерациясы),
т.ғ.д., проф. **Қ.Т. Жұмағұлов,**
проф. **М.Майер** (Германия),
т.ғ.д., проф. **А.Б. Соколов**
(Ресей Федерациясы),
т.ғ.д. **Томохико Уяма** (Жапония),
т.ғ.д., проф. **Т.Ходжаоглы** (Түркия)

© Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, 2020

Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат
министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10102 - Ж

Басуға 29.12.2020 қол қойылды.
Пішімі 60x84 $^{1}/_{8}$. Көлемі 60.75 е.б.т.
Таралымы 300 дана.
Тапсырыс 422.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

М а з м ұ н ы
С о д е р ж а н и е
C o n t e n t

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

Шаяхметов Н.У. Қазақстанның далалық аймағында орман алқаптарын пайдалану тарихының кейбір мәселелері (XIX ғ. II-жартысы – XX ғ. басы)..... 11
Shayakhmetov N.U. Some issues of the history of forest use in the steppe land of Kazakhstan (II-half of the 19th - early 20th centuries)..

Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н. Население Казахстана в конце XX века: этнодемографические эволюции и становление суверенной демографической системы..... 15
Aubakirova Zh., Alekseyenko A. Population of Kazakhstan at the end of the XX century: ethno-demographic evolution and demographic development of the sovereign system.....

Абдиханова А.Ж. Особенности формирования многоконфессионального общества на Юге Казахстана в дореволюционный период..... 20
Abdikhanova A.Zh. Peculiarities of the formation of a multiconfessional society in the South of Kazakhstan in the pre-revolutionary period.....

Базаров К.Т., Найманбаев Б.Р. Формирование новой системы административно-территориального деления в КАССР В 1928-30-е годы (на примере Северного региона)..... 24
Bazarov K.T., Naimanbayev B.R. Formation of a new system of administrative-territorial division in KASSR in the 1928-1930s (on the example of the Northern region).....

Бисембаева Л.А. Жетісу қазақтарының жаңа тұрмысқа бейімделуі (XIX ғас. II жартысы-XX ғас. басы)..... 28
Bissembayeva L.A. Adaptation of kazakhs Zhetysu to a new life (II half of the 19th - early 20th centuries).....

Джумагалиева К.В. Позиция советской власти по отношению к духовенству в период становления тоталитаризма..... 33
Dzhumagaliyeva K.V. The position of the soviet power to clergy during of totalitarianism formation.....

Дүйсембаева Н.Б. XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының қоғамның интеллектуалдық дамуына қосқан үлесі..... 40
Duisembayeva N. Contribution of the national intelligentsia to the intellectual development of society in the early XX century.....

Зайниева Л.Ю., Абжаппарова А.А. Укрепление национального потенциала в сфере молодежной политики Казахстана..... 46
Zainiyeva L.Yu., Abzhapparova A.A. Strengthening national capacity in the field of youth policy in Kazakhstan.....

Жуман Г., Джумалиева Л.Т. Вопросы продовольственного обеспечения населения Казахстана в 1920-1930 гг. 52
Zhuman G., Dzhumalieva L.T. Issues of food supply of the population of Kazakhstan in 1920-1930 yy. .....

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Исторические и социально-политические науки», №4(67), 2020

Выходит с 2000 года.
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор
д.и.н. **Г.К. КЕНЖЕБАЕВ**

Редакционная коллегия:
д.и.н., проф. **М.К. Койгелдиев,**
(зам. гл. редактора),
к.и.н., доц. **Р.Р. Оспанова,**
к.и.н., доц. **Т.Т. Далаева**
(ответ. секретари),
д.и.н., проф. **Х.М. Абжанов,**
к.и.н., проф. **Б.С. Жумагулов,**
PhD, проф. **Вирджиния Мартин** (США),
PhD, проф. **Клаудиа Чанг** (США),
д.и.н., проф. **Кара Абдиуакап** (Турция),
д.и.н., проф. **О.Д. Осмонов** (Кыргызская Республика),
д.и.н., проф. **В.М. Козьменко** (Российская Федерация),
д.и.н., проф. **К.Т. Жумагулов,**
проф. **М.Майер** (Германия),
д.и.н., проф. **А.Б. Соколов** (Российская Федерация),
д.и.н., **Томохико Уяма** (Япония),
д.и.н., проф. **Т.Ходжаоглы** (Турция)

© Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2020

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации
Республики Казахстан
8 мая 2009 г. №10102-Ж

Подписано в печать 29.12.2020.
Формат 60x84 $^{1}/_{8}$.
Объем 60.75 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 422.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического университета имени Абая

Калдыбаева С.С. Қазақ қоғамындағы оқу-ағарту қызметі (XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы)..... 56
Kaldybayeva S.S. Educational activities in the kazakh society (late XIX century and early XX century).....

Исабек Б.Қ., Қозғамбаева Г.Б. Қазақ диаспорасы және қазақ мәдени орталықтары..... 60
Issabek B.K., Kozgambayeva G.B. Kazakh diaspora and kazakh cultural centers.....

Мажитова Ж.С., Жалмурзина А.Ж. Участие комсомола и молодежи Татарской АССР в освоении целины в 1950-е годы (По материалам архива города Нур-Султан)..... 66
Mazhitova Zh.S., Zhalmurzina A.Zh. Participation of the komsomol and youth of the Tatar ASSR in the development of virgin lands in the 1950s (based on the materials of the archive of Nur-Sultan).....

Mussakhanova M., Mussakhanova Zh. Development of book graphics in Kazakhstan at the current stage (on the example of a children's book)... 70
Мусаханова М.З., Мусаханова Ж.М. Қазақстан кітап графикасының қазіргі кезеңдегі дамуы (балаларға арналған кітап негізінде).....

Сагатова А.С. Ерлік пен қаһармандықтың үлгісі болған қазақ батырлары..... 77
Sagatova A.S. Kazakh batyry becoming an example of courage and heroism.....

Сарсенов А.С., Бердыгужин Л.Б., Хамидуллина Д.У. Национальная политика в Казахстане в 40-90-х гг. XX в.: успехи и перегибы..... 81
Sarsenov A.S., Berdyguzhin L.B., Khamidullina D.U. National policy in Kazakhstan in 40-90-ies of XX century: successes and extractions..

Тулекова М.К. Тәуелсіздік жылдарындағы Орталық Азия елдеріндегі демографиялық даму мен ерекшеліктері..... 86
Tulekova M.K. Demographic development of the independent countries of Central Asia

Аманбекова Н.Д. Шығыс Қазақстанның шағын қалаларының кеңестік кезеңдегі тарихи бастаулары мен дамуының алғышарттары 90
Amanbekova N.D. Historical origins and prerequisites for the development of small towns in East Kazakhstan during the soviet period

Батырбекқызы Г., Мекебаев Т.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж. Ұлы Отан соғысының тарихынан..... 96
Batyrbekkyzy G., Mekebaev T.K., Kumganbaev Zh.Zh. From the history of the Great Patriotic War.....

Rustemova A.I., Baymuratova I.A., Orazbekova I.G. History of commerce development abroad and in Kazakhstan..... 104
Рустемова А.И., Баймуратова И.А., Оразбекова И.Г. Шетелде және Қазақстанда кәсіпкерлік пен мен сауданың даму тарихы.....

Abay Kazakh National Pedagogical University

BULLETIN

Series «Historical and socio-political sciences» №4(67), 2020

Periodic – 4 issues\year
Published since 2000

Editor-in-chief:
doctor of historical sciences
G.K. KENZHEBAYEV

Editorial staff:
Koigeldiyev M.K. *doctor of historical sciences, professor*
(editorial-in-chief's assistant),
Ospanova R.R. *candidate of historical sciences, associate professor,*
Dalaeva T.T. *candidate of historical sciences, associate professor,*
(responsible secretary),
Abzhanov Kh.M. *doctor of historical sciences, professor,*
Zhumagulov B.S. *candidate of historical sciences, professor,*
Virginia Martin. *professor, PhD* (USA),
Claudia Chang *professor, PhD* (USA),
Kara Abdiyakap *doctor of historical sciences, professor* (Turkey),
Osmonov O.D. *doctor of historical sciences, professor* (Kirgistan),
Kozmenko B.M. *doctor of historical sciences, professor* (Russian Federation),
Zhumagulov K.T. *doctor of historical sciences, professor,*
Mayer M. *doctor of historical sciences, professor* (Germany),
Sokolov A.B. *doctor of historical sciences, professor* (Russian Federation),
Tomokhiko Uyama *doctor of historical sciences* (Japan),
Khodjaogly T. *doctor of historical sciences, professor* (Turkey)

Abai Kazakh National Pedagogical University, 2020

Registered in the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan, May, 8, 2009
№10102-ZH

Signed for print 29.12.2020
Format 60x84 $^{1}/_{8}$.
Volume 60.75 уч.-изд.л. Issue 300.
order 422.

050010, Almaty
Abai KazNPU, 13 Dostyk av.
«Ulagat» publishing house
Abai Kazakh National Pedagogical University

ЖАЛПЫ ТАРИХ
ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ
GENERAL HISTORY

Жұмағұлов Қ.Т., Мұхаметқали А.Е. Император Юстиниан және оның «азаматтық құқықтар жинағы»: тарихы мен маңызы... 109
Zhumagulov K.T., Mukhametkali A.E. Emperor Justinian and his "code of civil law": history and significance.....

Найманбаев Б.Р., Кенжебаев Г.К. История Казахстанско-Британских отношений в период независимости..... 112
Naimanbayev B.R., Kengebayev G.K. History of Kazakhstan-British relations during the period of independence.....

Жүрсінбаев Б.А., Жұбанышов Б.Т. Александр Македонскийдің сақтарға жасаған жорығы және оған жергілікті халықтың қарсылықтары..... 117
Jursunbaev B.A., Zhubanyshov B.T. Alexander Makedonsky's travel against sacks and confrontation of the indigenous population....

САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL AND SOCIAL HISTORY

Атабаева Г.К., Абдикерова Г.О. Қазақстан қоғамындағы сенімнің рөлі..... 123
Atabayeva G.K., Abdikerova G.O. Role of trust in Kazakhstan society

Айтмагамбетов Д.Р., Аубакирова Д.Н. Сотрудничество ЕС и Казахстана в сфере образования и науки..... 128
Aitmagambetov D.R., Aubakirova D.N. Cooperation between EU and Kazakhstan in the field of education and science.....

Аманиязова Б.А. Білім беру философиясы: жаһандану талаптары мен медиа мәдениет жағдайындағы жаңалықтар..... 133
Amaniyazova B.A. Philosophy of education: news and media in the context of globalization of culture.....

Ермұқанов Е.Н., Сүтеева Х.А., Ақылбекова Н.Ә. Рухани жаңғыру контексіндегі прагматистік өмір салты..... 138
Yermukanov Y., Suteeva Kh., Akylbekova N. A pragmatic lifestyle in the context of spiritual revival.....

Izteleuova Ye.A., Ospanova A.N. Formation stages of Uzbek-Kazakh relations..... 142
Изтелеуова Е.А., Оспанова А.Н. Өзбек-Қазақстан қатынасының қалыптасу кезеңдері.....

Дюсекеева М.М., Ибраева А.И. Взаимодействие Казахстана и Азербайджана в области культуры..... 147
Dyusekeeva M.M., Ibrayeva A.I. Cultural interaction between Kazakhstan and Azerbaijan.....

Какенова Г.М., Какенова З.А. XX ғасырдың аяғындағы АҚШ-ның сыртқы саясаты қалыптасуының теориялық негіздері..... 152
Kakenova G.M., Kakenova Z.A. Formation of theoretical foundations of the U.S. foreign policy at the end of the XX century....

Кашкинбаева А.Т., Корганова С.С., Габдулина Б.А. Формирование культуры межэтнических отношений в условиях модернизации общественного сознания (на примере современной Туркестанской области)..... 155
Kashkinbayeva A.T., Korganova S.S., Gabdulina B.A. Formation of a culture of inter-ethnic relations in the conditions of modernization of public consciousness (on the example of the modern Turkestan region).....

Калкаманов А.Б., Ибраева А.И. Мирный процесс в Афганистане 162
Kalkamanov A.B., Ibrayeva A.I. The peace process in Afghanistan

Нұғман Б.Ғ., Касимова С.С., Сулейменова М.Ж. Религиозные мотивы культурной идентификации..... 166
Nugman B., Kassimova S.S., Suleymenova M.Zh. Religious motives of cultural identification.....

Мовкебаева Г.А., Бимагамбетова Ж.Т., Тогузбаева А.К. ЕАЭО-ның энергетикалық интеграциясына сыртқы акторлардың әсері 171
Movkebayeva G.A., Bimagambetova Zh.T., Toguzbayeva A.K. The influence of external actors on the energy integration of the EAEU

Джолдыбаева У.М., Абикенова Г.Е. Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелерінің ШЫҰ аясында шешілуі..... 178
Joldybaeva U.M., Abikenova G.E. Kazakhstan's cooperation with the SCO member States and its impact on integration processes in the region

Задерий В.В. Детерминация метального терроризма в условиях современных геополитических координат..... 183
Zaderiy V.V. Determination of metal terrorism under contemporary geopolitical coordinates.....

Құтбанбаева И.Н. Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси өміріндегі жастар ұйымдарының рөлі..... 187
Kutbanbayeva I.N. The role of youth organizations in the socio-political life of the Republic of Kazakhstan.....

Issova L., Tumanshiyev D. Economic and migration relations between belarus and Kazakhstan in the framework of Eurasian Economic Union (EEU)..... 191
Исова Л., Туманшиев Д. Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) шеңберіндегі Беларусь пен Қазақстан арасындағы экономикалық және көші-қон қатынастары.....

Ибраев Е.Е. Методологическое направление «культурная история» как ресурс междисциплинарных исследований..... 197
Ibraev E.E. Methodological direction "cultural history" as a resource for interdisciplinary research.....

Калдыбаева Г.А. О взаимодействии культур сопредельных государств при рассмотрении орнаментального искусства..... 199
Kaldybayeva G.A. On the interaction of cultures of the neighboring states in consideration of ornamental art.....

Nursultanova Zh.G. Main indicators of economic cooperation between Kazakhstan and Azerbaijan..... 202
Нурсултанова Ж.Г. Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың негізгі көрсеткіштері.....

Ляпбаева Н.И., Шамшиева Г.С. Әлеуметтік қауіпсіздік - тарихи әлеуметтік құбылыс..... 207
Lyapbayeva N.I., Shamshiyeva G.S. Social security as a socio-historical phenomen.....

Рахманова Г.Б, Абжапарова Л.Ж., Тойганбаева А.Е. Торгово-экономическое взаимодействие - важное составляющее двустороннего сотрудничества между Казахстаном и Турцией..... 211
Rakhmanova G.B., Abzhaparova L.Zh., Toiganbayeva A.Y. Trade and economic cooperation is an important component of bilateral cooperation between Kazakhstan and Turkey.....

Рымханова А.Б., Садырова М.С. Семья как институт социализации. Специфика изучения проблем многодетных семей. 216
Rymkhanova A., Sadyrova M.S. Family as an institution of socialization. The specifics of studying the problems of large families

Сарсенов М.Б. Внешнеполитическая стратегия РК в контексте программы «Рухани Жаңғыру»..... 219
Sarsenov M.B. Foreign political strategy of the RK in the context of the program "Rukhani Zhangyru".....

Сарсенов М.Б. Гуманитарные аспекты современных международных отношений..... 223
Sarsenov M.B. Humanitarian aspects of modern international relations

Ибрагимова М.Н., Тойшыбекова Ж.Қ., Арепова А.Д. Пандемия кезінде атқаруға болатын тиімді жоба..... 228
Ibragimova M.N., Toishubekova Zh.K., Arepova A.D. Business project provided for realization during the pandemic.....

Сүлейменов П.М., Қасымбаев Қ. Әл-Фарабидің «Бақыт» идеясының әлеуметтік-мәдени негіздері..... 234
Suleimenov P.M., Kassymbaev K. Socio-cultural foundations of al-Farabi's idea of "happiness".....

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

Болтенко Д.Н. Историография становления и развития охраны государственной границы в период с 1571 до 1940 гг. 241
Boltenko D.N. The historiography of the formation and development of state border protection in the period from 1571 to 1940.....

Жалмагамбетов Е.А. Соғыс жылдарынан кейінгі онжылдықтағы шаруалар: Ресей тарихнамасы..... 245
Zhalmagambetov Ye.A. The peasantry in the post-war years: Russian historiography.....

Нурсултанова Л.Н., Айтмагамбетов Д.Р. Культурные контакты между Казахстаном и Ближним Востоком..... 252
Nursultanova L.N., Aitmagambetov D.R. Cultural contacts between Kazakhstan and the Middle East.....

Алави Сайед Ага Реза Образы Афганистана и афганцев в массовой и популярной британской литературе XIX – начала XX века..... 256
Alavi Sayed Agha Reza Images of Afghanistan and afghanis in mass and popular british literature XIX - beginning XX century.....

Сексенбаева Г.А. Нормативная правовая и методическая база деятельности аудиовизуальных архивов..... 260
Seksenbayeva G.A. Regulatory legal and methodological framework for the activities of audiovisual archives.....

Султанова В.И. Описание традиционного уклада жизни, быта и культуры казахского народа по наблюдениям дореволюционных Российских исследователей в начале и середине XX в. 266
Sultanova V.I. Description of the traditional way of life, life and culture of the Kazakh people according to the observations of pre-revolutionary Russian researchers in the early and mid-twentieth century.....

Нарымбет Г.Б. Қазақ батырлар жыры – Жошы ұлысы тарихының дерек көзі..... 269
Narymbet G.B. Kazakh heroic epic as a source for the history of Jochi ulus.....

Шорманова А.К. «Түркістан Уалаятының газеті» мен «Дала Уалаятының газетіндегі» оқу-ағарту туралы мәліметтердің тарихи деректік маңызы..... 274
Shormanova A.K. Materials of the periodic print "Turkistan Ualayatyn newspapers" and "Gave Ualayatyn newspapers" as a historical source of education.....

Бекенова Ф.М. Тәуелсіз Қазақстан Республикасында орта ғасырдағы түркі мәдени мұрасының зерттелу аясы..... 279
Bekenova F.M. The degree of study of the medieval Turkic cultural heritage in the independent Republic of Kazakhstan.....

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

Аубакирова Ж.С., Столярова Э.О., Омірзақ Т.Е. Демографическая безопасность Казахстана как фактор устойчивого развития..... 285
Aubakirova Zh.S., Stolyarova E.O., Omirzak T.E. Demographic security of Kazakhstan as a factor of sustainable development.....

Билялова Г.Д., Хабдулина М.К. Мавзолеи эпохи Золотой Орды Нура-Ишимского междуречья..... 289
Bilyalova G.D., Khabdulina M.K. Mausoleums of the Golden Horde era of the Nura-Ishim interfluve.....

Аубакирова Ж.С., Алексеенко А.Н. Формирование городского казахского населения Восточного Казахстана в 1920-80-е гг. (по данным всесоюзных переписей населения 1926, 1939, 1959, 1970, 1979 и 1989 гг.)..... 295
Aubakirova Zh., Alekseyenko A. Formation of the urban kazakh population of East Kazakhstan in the 1920s-80s (according to the all-union population censuses of 1926, 1939, 1959, 1970, 1979 AND 1989)

Иманбекова А.А., Оспанов Т.Т. Истоки изучения проблем собственности казахов-кочевников..... 299
Imanbekova A.A., Ospanov T.T. Origins of the study of property issues of the kazakh nomads.....

Кенжебаев Д.А. Особенности скотоводческого хозяйства казахов на рубеже XIX-XX веков..... 306
Kenzhebayev D.A. Peculiarities of cattle farming of kazakhs at the turn of XIX-XX centuries.....

Кішкенбаева Ж.К., Ибраева Э.Е. Түркі фольклорындағы айдаһар мен жылан бейнесінің сакральді және демонологиялық сипаты.... 310
Kishkenbayeva Zh.K., Ibrayeva E.E. Sacred and demonological character of dragon and snake images in turkic folklore.....

Каражан Қ.С., Хасанаева Л.М.,Уразбаева А.М. Қазақ қоғамының дәстүрлі құқық жүйесіндегі құн мәселесінің тарихи негіздері..... 314
Karazhan K.S., Khassanayeva L.M., Urazbayeva A.M. Historical foundations of the kun problems in the traditional legal system of Kazakh society.....

Қозғамбаева Г.Б., Исабек Б.Қ. Қазақ диаспорасының кіші құрылтайлары..... 319
Kozgambayeva G.B., Issabek B.K. The younger congress (kurultay) of the kazakh diaspora.....

Қоңырбаев Н. Әлихан Бөкейхан еңбегіндегі Кенесары-Наурызбай жоқтауы (этнографиялық және тарихи талдау)..... 325
Konyrbaev N. Zhotkau Kenesary-Nauryzbay in the labor of Alikhan Bukeikhan (historical and ethnographic analysis).....

Елеуов М., Умыткан П.А. Сырдарияның төменгі ағысы ортағасырлық қалаларының зерттелу тарихы..... 331
Eleuov M., Umytkan P.A. History of the study of medieval towns in the lower reaches of the Syr Darya.....

Подзюбан Е.В. Стоянка каменного века в Верхнем Притоболье.. 337
Podzuban E.V. Stone age archeological site in the Upper Tobol.....

Телеуова Э.Т., Иманбаева С.С. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы «құқықтық әділдік» тұжырымы..... 345
Teleuova E.T., Imanbaeva S.S. The concept of "legal justice" in the traditional kazakh society.....

Темирбекова М.Е. Земледельческий комплекс эпохи бронзы..... 349
Temirbekova M.Y. Agricultural complex of bronze age.....

Утубаев Ж.Р., Шагирбаев М.С. Остеологические материалы античного памятника Бабиш-мола 7 в низовьях Сырдарьи*(по материалам 2019 года)..... 354
Utubaev J.R., Shagirbaev M.S. Osteological materials of an ancient monument Babish-mola 7 in the lower reaches of the syr darya (based on materials from 2019).....

Нурпеисов М.М., Ауэзов Е.К. Судьба средневековых городов Жетысу на трассе Великого Шелкового пути..... 363
Nurpeisov M.M., Auezov E.K. The fate of the medieval cities of Zhetysu on the Great Silk road.....

Қалшабаева Б.К., Бейсегулова А.К. Ұлы даланың астрономиялық ілім білімдері мен наным сенімдері..... 369
Kalshabayeva B.K., Beisegulova A.K. Astronomy in folk knowledge and beliefs of great steppe.....

Баудиярова Қ., Мейрманова Г. Экскурсовод мамандығының қазіргі жағдайы және заманға сай дамуы..... 374
Baudiyarova K., Meirmanova G. Current state and modern development of the profession of a guide.....

Молдахмет А.А., Ерсариев А.М. Сырдың төменгі ағысындағы ортағасырлық Қышқаланың баламалану мәселесі..... 380
Moldakhmet A.A., Yersariyev A.M. The problem of identifying of medieval Kyshkala in the lower reaches of the Syrdarya river.....

Егизбаева М.Е., Бейсегулова А.К. Казахская юрта и традиционное мировоззрение казахов..... 384
Egizbaeva M.K., Beisegulova A.K. Kazakh yurt and traditional outlook of kazakhs.....

Мұсырманқұл П.Б., Лачкова М.К. Қола дәуіріндегі өртеп жерлеу дәстүрі миграциялық үдерістердің көрсеткіші ретінде..... 389
Mussyrmankul P., Lachkova M. Ritual burning is one of the indicators of migration processes in the bronze age.....

Төлегенов А.К. Ортағасырлық Қастек-1 қаласының көзе өндірісі 392
Tolegenov A.K. About production of a jug of the medieval settlement Kastek-1.....

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ
TEACHING HISTORY

Апашева С.Н., Бухарбаев М.С. Орта мектеп жағдайында Қазақстан тарихы сабағында диалогтік оқытуды қолданудың педагогикалық негіздері..... 396
Apasheva S.N., Bukharbayev M.S. The pedagogical basis for the use of Dialogic learning the lessons of history of Kazakhstan in terms of high school.....

Әбдіғұлова Б.Қ. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша тарихи пәндерді оқытуда пайдаланылатын тиімді әдіс-тәсілдер.... 405
Abdugulova B.K. Effective methods and techniques of teaching historical subjects in the updated educational program.....

Қабыл А.Ә., Абдурахманов Н.А. Қазақстандағы XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын оқыту мәселелері 410
Kabyl A.A., Abdurahmanov N.A. Problems of teaching the history of the national liberation movement of the XVIII-XIX centuries in Kazakhstan.....

Джайнакбаева Г.Т. Модульная технология обучения и ее применение на уроках истории..... 415
Jainakbayeva G.T. Modular learning technology and its application in history lessons.....

Aitkaliyeva R.A. The importance of information technology in the training of archivists in the field of education in kazakhstan..... 420
Айткалиева Р.А. Қазақстандағы білім беру саласындағы архив мамандарын дайындауда ақпараттық технологиялардың маңызы

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР
ПЕРСОНАЛИИ
PERSONALITY

Аубакирова Х.А. Кенесары Касымов и генерал-губернатор Западной Сибири Петр Горчаков..... 424
Aubakirova K.A. Kenesary Kasymov and general-governor of Western Siberia Petr Gorchakov.....

Ахмет Аққали, Өмірзақова А.А. Атыраулық тұңғыш әйел ректор 428
Ahmet Akkali, Umirzakova A.A. The first woman rector of Atyrau

Абикенова Г.Е., Джолдыбаева У.М. Әл-Фараби есімінің қазақ елінің ортасына оралуына қатысты кейбір мәселелер..... 432
Abikenova G.E., Joldybaeva U.M. Some issues about the return of al-Farabi's name to the kazakh society.....

Қоскеева Ә.М. Қазақстандағы саяси-идеологиялық жүйедегі ұлттық ахуал және Әлкей Марғұлан (XX ғасырдың 50-60 жж.) 436
Koskeyeva A.M. National situation in the political and ideological system in Kazakhstan and Alkey Margulan (50-60s of the XX century)

Чекетаева Р.С., Ж.С.Курманова Ж.С., Шакерова Д.Л. Фараби мен Абай ілімдеріндегі тарихи үндесім..... 441
Cheketayeva R.S., Kurmanova Zh.S., Chakerova D.L. Historical connection in the thoughts of Farabi and Abay.....

Өскембай Ә.А. С.Аманжоловтың қазақ тайпалары және олардың таңбаларына арналған зерттеулері..... 447
Oskembay A.A. S.Amanzolovs works on kazakh and their sumbols..

Нұрымбетова Г.Р. Қазақ мәдениетінің майталманы..... 451
Nurymbetova G.R. Outstanding representative of the kazakh culture

Шакиев М.Н. Кемел Тоқаев: қаламгерлік тұлғалық жолының тарихы..... 456
Shakiev M.N. Kemel Tokayev: history of the creative path.....

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS

Ахметжанов Қ.О. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы сауатсыздықпен күрес және әліпби айтысы..... 461
Akhmetzhanov K.O. The fight against illiteracy and alphabet aitys in the 20-30s of the XX century.....

Оспанова Р.Р., Бекбаева Т.А. Қазақстан жастарының интеллектуалды дәрежесін көтеру..... 464
Ospanova R.R., Bekbaeva T.A. Raising the intellectual level of youth in Kazakhstan.....

Асылбеков Е.А. Ақпараттық саланы құқықтық реттеу ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізі ретінде..... 468
Assylbekov Ye.A. Legal regulation of the information sphere as the basis for ensuring information security.....

Смагулова Б.М. XIX-XX ғг. түркі халықтарының рухани-мәдени бірлігі және түркілік идеология..... 471
Smagulova B.M. Spiritual and cultural unity of turkic peoples and turkic ideology in XIX-XX cc. .....

Отарбай Ш.М., Мухажанова Т.Н. Кітапхана ісі саласындағы әлемдік тәжірибелер..... 475
Otarbay Sh.M., Mukazhanova T.N. World experience in the field of librarianship.....

Бекенова Ф.М. Ұлттық мұра және көне түркі жазба ескерткіштері 481
Bekenova F.M. National heritage and monuments of ancient turkish literature.....

Білім және ғылым саласында қадағалау және аттестациялау жөніндегі комитеттің 2005 ж. №476 «Диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне» 2003 ж. 26 маусымдағы №433-3 ж бұйрығына толықтыру енгізу туралы бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ тарихи ғылымдары бойынша (07.00.00. мамандығы) Хабаршы БҒСҚАК тізіміне енгізілген.

На основании приказа Комитета по надзору и аттестации в сфере образования и науки за №476 от 2005 г. о внесении дополнений в приказ от 26 июня 2003 г. №433-3 ж "Об утверждении Перечня изданий для публикации основных научных результатов диссертаций" Вестник КазНПУ им. Абая по историческим наукам (специальность 07.00.00) внесен в Перечень КНАСОН

On the basis of the decision of Committee for control in the sphere of education and science (order №433-3. from June, 26, 2003) Bulletin of Abai Kazakh national pedagogical university, series «Historical and socio-political sciences» is included into the list of issues to publish the basic scientific results of dissertations on historical sciences (speciality-0700 00).

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

ГРНТИ 03.81.33
ӘӨЖ 930

Шаяхметов Н.У.[1]

[1]*т.ғ.д., Astana IT University профессоры*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАЛАЛЫҚ АЙМАҒЫНДА ОРМАН АЛҚАПТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ
(XIX ғ. II-жартысы – XX ғ. басы)

Аңдатпа

Қазақстанның далалық аймағындағы орман мен орман алқаптары бұл өлкенің аграрлық келбетінің маңызды элементі болып саналады. Ресей империясының Қазақ жеріндегі аграрлық отарлау саясаты шаруаларды қоныс аударумен, құнарлы жерлерді жаппай тартып алумен ғана сипатталмайды, сонымен бірге орман алқаптарын тартып алу арқылы көрініс тапты. Патша үкіметі 1891 жылы қабылданған Далалық ережеге сәйкес Қазақ жеріндегі орман алқаптары Ресейдің мемлекеттік меншігіне өтті. Аграрлық отарлық саясат барысында далалық облыстардағы орман алқаптары тауарлы өндіріс көзіне айналды. Бұл факторлар XIX-XX ғ. тоғысында далалық облыстардың аграрлық келбетінің өзгеруі мен экожүйенің дағдарысына алғышарт болды.

Түйін сөздер: экологиялық тарих, далалық облыстар, аграрлық келбет, орман алқаптары, аграрлық тарих

Shayakhmetov N.U.[1]

[1]*Doctor of History, Professor at Astana IT University*

SOME ISSUES OF THE HISTORY OF FOREST USE IN THE STEPPE LAND OF KAZAKHSTAN
(II-half of the 19th - early 20th centuries)

Abstract

Forests and woodlands of the steppe region of Kazakhstan are an important element of the agrarian landscape of this region. The colonial agrarian policy of the Russian Empire in Kazakhstan was carried out not only through the mass resettlement of peasants and the seizure of fertile land, but also the seizure of forests and forest lands of Kazakh lands. According to the Steppe Regulations of 1891, forests and forest lands in the Kazakh steppe were declared the state property of the Russian Empire. In the process of implementing the agrarian colonial policy, the forest lands of the steppe regions became objects of commercial production. These factors became a prerequisite for a change in the agrarian landscape and a crisis in the ecosystem of the steppe regions in the second half of the 19th - early 20th centuries.

Key words: ecological history, steppe region, agrarian landscape, forest lands, agrarian history

Шаяхметов Н.У.[1]

[1]*д.и.н., профессор Astana IT University*

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИИ ЛЕСОПОЛЬЗОВАНИЯ В СТЕПНОМ КРАЕ КАЗАХСТАНА
(II-пол. XIX – нач. XX вв.)

Аннотация

Леса и лесные угодья степного края Казахстана являются важным элементом аграрного пейзажа данного региона. Колониальная аграрная политика Российской империи в Казахстане осуществлялась не только путем массового переселения крестьян, но и изъятием плодородных земель, лесов и лесных угодий казахских земель. Согласно Степному положению 1891 г. казахские земли, леса и лесные угодья обявлялись государственной собственностью Российской империи. В процессе осуществления аграрной колониальной политики лесные угодья степных областей стали объектами товарного производства. Данные факторы стали предпосылкой изменения аграрного пейзажа и кризиса экосистемы степных областей во второй половине XIX – начале XX вв.

Ключевые слова: экологическая история, степной край, аграрный пейзаж, лесные угодья, аграрная история

Отарлық саясаттың әлеуметтік, экономикалық, мәдени-рухани салдары туралы зерттеулер жарияланды, алайда қоршаған ортаның өзгеруі, экожүйенің трансформациялануы турасындағы зерттеулерге деген қажеттілік айқын болып отыр. Сол себепті бүгінгі күні бүкіл ғаламда экологиялық ахуал ең өзекті мәселеге айналып отырғандықтан, біз қоршаған ортаның тарихи өзгерісі негізінде қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін осы қырынан айқындауға тырыстық.

Қазақстанның далалық аймақтарының аграрлық келбетінің өзгеруі ормандардың жаппай оталуы мен орман алқаптарының азаюымен тығыз байланысты болды. Ормандар жайылымдар, егінжайлар, шабындықтар сияқты кез келген кеңістіктің аграрлық келбетінің маңызды элементі болып есептелетіндігі белгілі. Ағаш шикізаты шаруашылық пен тұрмыс-тіршіліктің қажеті үшін аса керек материал. Сондықтанда ағаш шикізатына деген сұраныс қай кезеңде де болған және бола береді де. Мәселе оған деген сұраныс пен тұтынудың мөлшеріне байланысты.

Патшалық Ресейдің отарлық саясатының күшеюі мен шаруашылық ықпалының артуына сәйкес XIX ғ. ортасынан бастап орман алқаптары да тауарлы өндіріс жүйесіне тартыла бастады. 1891 жылғы Далалық Ереже бойынша қазақ жерімен бірге орман алқаптары да Ресей империясының мемлекеттік меншігі болып жарияланды [1].

Ресей отаршылығына дейін Қазақ жеріндегі орман алқаптары мен ағаш шоғырлары өзінің табиғи қалпын сақтап тұрған. Өйткені, көшпелі қоғамның ағаш шикізатына деген сұраныстары шектеулі болған-ды. Ағаш шикізатын қолдану киіз үй жабдықтары үшін, ер-тұрман, ыдыс-аяқ сияқты т.б. тұрмысқа қажетті заттарды жасауда тұтынылатын еді. Ағаштан салынған қыстау үйлер тек орманды алқаптарды мекендейтін ру-тайпаларда ғана болған. Мысалы, мұрағат деректеріне қарағанда 1898 жылғы есеп бойынша Семей облысындағы ағаштан, кірпіштен салынған, тоқыма материалдардан салынған, жертөле іспетті барлық қыстаулардың саны 83.666 болса, солардың 12.599 ғана ағаштан салынған қыстаулар болған. Біршама орманды болып келетін Семей уезінде ағаштан салынған қыстаулардың саны 6.309, Өскемен уезінде – 4.064, Павлодар уезінде 1.625 болса, орман ағаштары сирек кездесетін Зайсан уезінде ағаштан салынған қыстаулар 362, ал Қарқаралы уезінде 239 ғана құраған.[2] Ал Торғай облысының Елек уезі материалдары бойынша ағаштан салынған қыстаулар тек казак әскери шебіне жақын орналасқан Бөрте, Теректі, Аралтөбе болыстарында ғана кездеседі. Оның өзінде олардың саны өте аз, болыс құрамындағы бір жарым мың шаңырақтың ағаштан салынған қыстаулары 70-тен аспайтыны атап көрсетілген. Негізінен аталмыш уездің қазақтары жертөле іспетті қыстауларда қыстап шығады екен. Киіз үйдің қажетті материалдарын шеп бойындағы қазақтардан немесе Орынбор мен Ор қалаларындағы сауда орындарында башқұрттардан сатып алатын болған [3]. Бұл деректерден шығатын қорытынды қазақтар орман алқаптарының оталуы мен азаюына елеулі түрде әсер ете қоймағандығын көреміз.

Орман алқаптары өзінің табиғи қалпын біршама сақтап келді деуіміздің тағы бір себебі - қазақтарда қыстауларын жылыту үшін және ас-ауқатын әзірлеуде табиғи биоматериал - тезек пайдаланылғандығы белгілі. Алайда Қазақ жерінде Орал, Сібір және Жетісу казак әскерінің құрылуы, казак бекіністерінің, станицалары мен хуторларының, қоныс аударушы шаруаларға арналған деревнялар мен селоларының бой көтеруі, XIX ғ. II жартысынан бастап қалалар мен өндірістің дамуы ағаш материалдарына (орман шикізатына) деген сұраныстың күрт артуына алып келді.

Дегенмен географиялық ортаның сипаты бойынша орманды-далалық ландшафт Қазақ жерінің солтүстік-шығыс бөлігін ғана қамтып жатқаны белгілі. Ал ағаш материалдарына деген шаруашылық қажеті үшін сұраныс көлемінің артуы Қазақ жерінің орманды-далалық белдеуінің аграрлық келбетінің өзгеруіне елеулі ықпал етті.

1870 жылға дейін далалық облыстардағы казак әскеріне тиесілі жердегі ормандар да, қазақ болыстарындағы ормандар да ешбір бақылаусыз және күзетсіз болып, олардан ағаш кесу барлығына еш бөгетсіз әрі тегін жүзеге асырылып келген. Алайда, казак әскері үшін тартып алынған жерлердегі орман ағаштарын казактардан басқа халықтарға кесіп, пайдалануға тиым салынған болатын. Ал казактар болса, ағашты өздерінің шаруашылық қажеттіліктері үшін де, сату үшін де шектеусіз пайдалануға құқылы болды. Мұндай тәртіптің ұзақ жылдар бойы сақталып келуі казак әскері жеріндегі де, қазақтар мекен еткен далалардағы да ормандардың көлемі азайып, кейбір жерлерде тіпті, мүлде оталып кетуіне де әкеліп соқтырды [4].

Қазақ даласындағы ормандардың, әсіресе казак әскері үшін тартып алынған жерлердегі ормандардың жаппай кесіліп, отала бастауы патшалық әкімшіліктің шұғыл шаралар қабылдауына мәжбүр етті. Мәселен, Ақмола облысындағы ормандардың жағдайы туралы әскери губернатордың берген деректеріне қарағанда, ормандардың оталуы осылай жалғаса беретін болса, оның экологиялық зардаптары егін шаруашылығымен айналысатын орыс шаруалары үшін өте ауыр болатынын патша әкімшілігі жақсы түсінген. Сондықтанда, қазақ жеріндегі ормандарды бақылау мен қадағалау жұмысын жүргізу міндеті Облыстық Басқарма штатындағы Орман бөлімі чиновнигіне жүктелген. Казак әскері үшін тартып алынған қазақ жерлеріндегі ормандарды Әскери Шаруашылық Басқарманың бақылауына бекіткен. Орман ағаштарын заңсыз кесуге тосқауыл қою мақсатында казак станицалары мен поселкелерінде 1 орманшыны бақылаушы ретінде тағайындаған. Казактардың юртовый бөліктерінде (юртовый надел) казактар үшін шаруашылық қажеттіліктеріне немесе отынға ағашты ақысыз кесуге рұхсат етілсе, әскери қор (войсковой запас) мен он шақырымдық жерлерде ағаш кесу белгіленген ақы бойынша жүзеге асырылған. Ал қазақтарға тиесілі ормандарды қорғау мен бақылау үшін Облыстық Басқарма штатындағы ерікті орманшылар жалдауға жыл сайын 600 сом қаржы бөлу қарастырылған екен. Бұл қаржыға Ақмола облысындағы орман алқаптары бар 4 уездің (Омбы, Көкшетау, Петропавл, Ақмола; ал Атбасар уезінде ормансыз далаға жатады) қазақ болыстарының аумағында орналасқан ормандарды бақылау үшін қазақтардан әр бір уездге 3 орманшы жалданады. Бірақта, әскери губернатордың мәліметтеріне қарағанда, орман алқаптарына лайықты бақылау жүргізуге бұл орманшылардың жеткіліксіз екендігі және де орман алқаптарының бір бірінен қашық орналасуына байланысты оны толық қадағалау мүмкін еместігін атап көрсетеді.

1867-68 жылғы реформалардан кейін патша әкімшілігі енгізген жаңа тәртіп бойынша қазақтарға да шаруашылық қажеттіліктері үшін ағаш кесу тегін болған. Жалпы, далалық облыстарда ағаш кесу тек Облыстық Басқарманың рұхсатымен және белгіленген ақы бойынша жүзеге асырылатын болды. Ақмола облысында әскери губернаторының баяндауына қарағанда, жылдан жылға ормандардың көлемі азайып келген. Оның басты себептері: біріншіден, бақылаудың жеткіліксіздігі; екіншіден, қазақ даласында жиі болып тұратын орман өрттері болып отырғандығы атап көрсетіледі [5]. Бұл ретте губернатордың назарынан адамдардың орман игіліктерін пайдаланудағы жыртқыштық әрекеттері тыс қалған.

Далалық облыстардағы орман алқаптарын қорғау мен бақылауды күшейту бағытында патшалық әкімшілік Орман бақылау бөлімдерін құрып, олардың тиімді жұмыс істеуін үнемі назарда ұстап отырған. Бұл бүкіл қазақ жері сияқты, күллі ормандар да Ресей империясының мемлекеттік меншігіне алынғаннан кейін жүзеге асырылған іс-шаралардың бірі болатын-ды.

XX ғ. басында Торғай облысындағы барлық орман дачаларының саны 34, олардың алып жатқан аумағы 490667 дес. құраған. Бұл орман дачаларының 23-і Қостанай уезінде, 8-і Ақтөбе уезінде, 3-і Торғай уезінде орналасқан. Орта есеппен барлық облыс көлемінің 90 дес. аумағына 1 дес. орманды алқап келеді [6]. Ал Ақмола облысында 16, Семей облысында 8 орман алқаптарын қорғап, бақылайтын Орман бақылау бөлімдері құрылған [7].

Біздің ойымызша, Далалық облыстардағы ормандардың жыртқыштықпен оталуының бірден бір себебі XIX ғ. II-жартысынан бастап Ресей патшалығының отарлық саясатының күшеюіне байланысты орыс шаруалары мен казактардың шаруашылық қажеті үшін ағаш материалдарына деген қажеттіліктің күрт артуы және ормандардың пайда көзіне айналуы, яғни жеке шаруашылық ретінде тауарлы өндіріске бейімделуі басты фактор болды. Оған мына бір статистикалық деректерге назар аудара отырып, толық көз жеткізуге болады. Мәселен, 1873 жылғы Ақмола облысы әскери губернаторының мәліметтері бойынша облыстағы орман алқаптарының алып жатқан көлемі – 924.959 дес. (қарағайлы орман – 128.400 дес.; аралас орман – 59.472 дес.; қылқан жапырақты ормандар бұталы ағаштармен қоса есептегенде – 737.086 дес.) құраған болса, [8] Ақмола облысы губернаторының облыстағы ормандардың жағдайы туралы 1881-82 жылдарға арналған есебі бойынша орман алқаптарының жалпы көлемі 350.430 дес. тең екенін, яғни облыс көлемінің 1/12 бөлігін ғана алып жатқандығы жәйлі мәлімет беріледі [9].

Ақмола облысындағы ормандар табиғи ерекшеліктері бойынша 2 бөлікке бөлінеді: 1. Солтүстік бөліктегі ормандар. Оған Омбы мен Петропавл уездері кіреді. Бұл бөлікте негізінен қайың мен терек, тал өседі. 2. Оңтүстік бөліктегі ормандар. Оған Ақмола мен Көкшетау уездері жатады. Бұл уездердің орманды алқаптарында негізінен қарағай өседі. Кейбір бөліктерінде қайың-терек аралас қарағай өседі.

Ақмола облысының әскери губернаторына облыстағы ормандардың жағдайы туралы берілген деректерде орман алқаптарының аяусыз пайдаланылғаны туралы: «Березовые леса хотя и находятся в благоприятных условиях для произрастания, но самовольные порубки и огонь произвели громадные опустошения. Кругом видны обгорелые пни, засохшие деревья и вершинки. Много встречается таких мест, где прежде, лет 30-40 тому назад, был лес и, судя по оставшимся пням, размеры его были значительны, теперь же на этих местах почва покрыта травяной растительностью и кое где молодой березовой и осиновой порослью. ...хищнический способ пользования лесом и частые пожары видны повсюду» деп, қоршаған орта игіліктерін пайдаланудағы адамдардың жыртқыштығы жәйлі ащы шындық айтылған [10].

Ақмола облысында орман алқаптарының көлемінің күрт азаюына патшалық әкімшіліктің орман шаруашылығын тауарлы өндіріс жүйесіне тартуы елеулі әсер етті. Мәселен, жоғарыда берілген мәліметтерде мынандай өндірістік ахуал туралы: «...Ертіс өзеніне жақын орналасқан, әсіресе солтүстік-шығыс бөліктегі орман ағаштары үлкен көлемде кесілуде, өйткені, ол жерде ағашты өткізу (сату – Н.Ш.) өте ыңғайлы және отырықшы елді-мекендердің жақын орналасуы мен Ертіс өзені арқылы бу кемелерінің жүруіне сәйкес оған (ағаш материалдарына – Н.Ш.) сұраныстың да жоғары» екендігі баяндалады [11].

Далалық облыстардағы орманды алқаптар қазына мүлкі болып есептелгендіктен, оны жергілікті халықтың пайдалануы үшін орман бөліктерін сату (деляночная продажа) жүйесі енгізілген [12]. Мысалы, Омбы орман бақылау (лесничество) бөлімі бойынша 1885 жылы құрылыс материалы ретінде 1643 дана қайың, 3.200 дана сырғауыл және діңгек ағаш босатылса, отынға 1.834 куб. сажень қайың, ағаш бұйымдары мен материалдары - 4 куб сажень, талдың бұтағы – 64 куб сажень босатылған. Барлық босатылған ағаштың кубтық массасы – 1.949.77 куб саженьді құраған [13]. Ал, Қостанай уезінің 1892 жылғы есебі бойынша орман шаруашылығынан түскен пайда 19.502 сом 99 тиынды құраған. Ал уезд аумағындағы орман ағаштарын рұхсатсыз кескен адамдарға салынған айыппұл көлемі 776 сом 8 тиын болды [14].

Далалық облыстардағы ормандардың оталуы мен жаппай кесілуінде ерекше «жыртқыштықпен» белсенділік танытқан казактар мен орыс шаруалары болғандығын патша әкімшілігінің чиновниктері атап көрсетеді. Ал қазақтар орман ағаштарына қамқорлықпен қарауының себебі – олардың өмірлік мүдделерімен сәйкес келетін еді. Өйткені, қазақтардың қыстаулары мал мен жанға ық болатын, борандар мен қатты желдерден қорған болатын ормандар мен бұталы ағаштардың маңына немесе қыратты жерлерде орналасатын-ды. Сол себепті де қазақтардың орман ағаштарына деген көзқарасы мүлде басқаша еді. Олар орманды пайда көзі деп емес, оны табиғаттың байлығы, сыйы ретінде бағалап, олардың сақталып қалуына ерекше мүдделілік танытты. Бұл турада птша чиновнигінің төмендегі деректері соның дәлелі болса керек: «Леса, растущие по берегу р.Абугана (Обаған өзені – Н.Ш.), благодаря отдаленности от оседлых поселений, ...служа хорошей защитой для зимовок киргиз, (қазақтарға – Н.Ш.) по всюду настроенных по рощам, почему и лес в этих рощах сохранился более чем в других»[15].

Сонымен бірге, қазақтардың қол өнері, яғни ағаш ұсталығы өндірістік ауқымға көтеріле қоймағандықтан орман ағаштары мен өзен бойында өсетін бұталы ағаштарға болсын кең көлемде нұқсан келтіре қоймайтын еді. Дегенмен, Далалық облыстардағы ормандардың оталуын тек казактар мен орыс шаруаларының немесе өндіріс иелерінің шаруашылық қызметімен ғана байланыстыруға болмайды. Өйткені, қазақтар да жұт кезінде немесе қыстың ауыр жылдарында қар қалың түсіп, қатты суықтар ұзаққа созылған жағдайда шөптің жетіспеуіне байланысты қыстау маңындағы ағаштардың бұтақтарын, бүрін кесіп алып, малға азық ретінде беруге мәжбүр болған. Көптеген орман өрттері де қазақтардың шаруашылық қызметі барысында туындап отырғанын жоққа шығаруға болмас.

Сондай-ақ, Қазақ жерінің далалық аймақтарындағы орман алқаптарының оталуына табиғи-климаттық фактордың да күшті әсері болды. Егер шаруашылық қажеті үшін орман материалдарына деген сұраныс бірте бірте артып отырса, қатал да ұзаққа созылатын қыстар жиі қайталанған жағдайда халықтың қысқыға әзірлеген отыны таусылып, қыстау, деревня немесе станица маңындағы орман алқаптары түгелге жуық оталып қалатын болған. Бұл турада мына бір деректі түпнұсқада бергенді жөн көріп отырмыз. Ол Ор уезінің Таналық болысына қатысты айтылған болса да, Қазақ даласында орын алған сол тарихи кезеңнің шындығын дәл айқындап береді. Онда: «Леса здесь истреблялись постепенно, а за последнее время особенно в 1879 году, когда зима продолжалась далее 15 числа апреля месяца и народ оставался или лучше сказать не заготовил топлива на черный день, лес истреблен на чисто», деп атап көрсете келе, оның экологиялық зардабына да ерекше назар аударады: «До истребления лесов разлитие рек здешних всегда отличалось обилием воды. Низкие места затоплялись водой окончательно; в настоящее же время это бывает не всегда» [16].

Сонымен бірге отарлық саясаттың басты бағыты бойынша Қазақ жеріндегі орман алқаптарының негізгі бөлігі казактар мен орыс шаруаларының иелігінде болғандығын естен шығармаған абзал. Осы әділетсіздікке байланысты қазақтар мен келімсектер арасында үлкен даулар мен жанжалдар туындап отырғандығы белгілі. Қазақ жерінде казактар мен орыс шаруаларының санының артуы, Қазақ жерін шаруашылық тұрғыда игеру үдерісінің жылдан жылға қарқын ала түсуі орман ағаштарына деген сұранысты күрт арттырып жіберді.

Торғай облысын алып қарастыратын болсақ, барлық далалық облыстар сияқты орман алқаптарына зәру аймақ екені белгілі. Облыстың солтүстік бөлігін қамтып жатқан Ақтөбе, Қостанай және Торғай уездерінде ғана көлемі шағын орманды алқаптар, бұталы ағаштар шоғыры кездеседі. Олар негізінен өзен жағалауларында, кең жыраларда орналасқан. Қостанай уезінде қарағайлы ормандар құмды қыраттарда кездеседі. Бұл аймақтарда қоршаған ортаның ормансыз болып қалыптасуының табиғи себептеріне жиі қайталанып тұратын құрғақшылықтар, ылғалдылықтың жеткіліксіздігі, үнемі соғып тұратын құрғақ әрі құмды желдер жатады. Ал онсыз да жеткіліксіз орман алқаптарының күрт азайып кетуіне, әсіресе, XIX ғ. 60-70 жылдары ерекше пәрменге ие болған орыс отаршылдығының «пионерлері» тарапынан жыртқыштықпен орман ағаштарын отауы болған-ды. Одан кейін, яғни XX ғ. басында бұталы ағаштар мен талдар кесіле бастаған. Негізінен олар үй шаруашылығы мен отынға пайдалану мақсатында кесілді. Орман ағаштарын осылайша жыртқыштықпен отау – егіншілік пен өсімдіктер әлеміне үлкен зардабын тигізгені белгілі. Өйткені, ормандар мен ағаштардың кесілуі нәтижесінде құмды аумақтардың таралуына алғышарт жасалады. Оған дейін Ақтөбе уезі құмды алқаптардан мүлде ада және жақсы жайылымдарға ие болған, өзендердің суы ағынды, ал жағалары бұталы ағаштар мен талдарға бай болып келетін және құнарлы қаратопырақты жерлерінде егінжайлар жайқалып тұратын болған. Алайда, орман ағаштарын кесудің жылдан жылға артуы салдарынан Ырғыз уезіндегі сусыма құмдардың желмен айдалып келуіне жол ашып берілген. Сол себепті табиғи тұрғыда шаруашылыққа қолайлы жерлер жедел өзгере бастаған [17].

Түйіндей айтқанда, Қазақ жерінің далалық облыстарында егіншіліктің кең көлемде таралуы мен орман алқаптарының бірте бірте оталуы себебінен бұл аймақтың климатында құрғақшылық (аридизация) құбылысы күшейе бастады. Мұндай құбылысқа далалы аймақтардағы ылғалдылық мөлшерінің күрт төмендеуі және үнемі соғатын құрғақ жел тән еді. Егіншілік үшін жыртылған жердің көлемінің бірте бірте ұлғаюы және орман ағаштарының оталуының жиі қайталануы далалық аймақтардың құрғақшылық жайлаған белдеуге айналуына елеулі түрде әсер етті. Өз кезегінде қоршаған ортаның бірте бірте құрғақшылық жайлаған белдеуге айналуы көшпелі мал шаруашылығы мен табиғи ортаны пайдалану дәстүрінің дағдарысын туғызуға алып келген еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аграрная история Казахстана (конец XIX – начало XX в.): Сборник документов и материалов/Автор-составитель С.Н.Малтусынов.- Алматы: «Дайк-Пресс», 2006.- 1240 с. (С. 26)

2. Статистические сведения о Семипалатинской области за 1898 год // ҚР ОММ 460-қор, 1-тізбе, 31-іс, 99-парақ

3. Ответы на вопросы программы Оренбургского отдела ИРГО по быту киргиз Илецкого уезда Тургайской области / Составитель: бий Кунакбай Айджанов // РФ ОрОММ 94-қор, 1-тізбе, 53-іс, 115-115 қайырма парақ

4. Всеподданнейший отчет по Западной Сибири за 1873 г. // РФ ОмОММ 3-қор, 7-тізбе, 11285-іс, II-том 380-қайырма парақ

5. Всеподданнейший отчет по Западной Сибири за 1873 г. // РФ ОмОММ 3-қор, 7-тізбе, 11285-іс, II-том, 380-қ.п.-381 п.

6. Тургайская область. Энциклопедический словарь Ф.А. Брокгауза и И.А. Ефрона // http://dic.academic.ru

7. Годовые отчеты лесничеств Акмолинской области по основной деятельности (1917 г.) // РФ ОмОММ 354-қор, 1-тізбе, 28-іс, I-том, 10 п.

8. Всеподданнейший отчет по Западной Сибири за 1873 г. // РФ ОмОММ 3-қор, 7-тізбе, 11285-іс, II-том, 380-қ.п.

9. Дело по представлению Акмолинского губернатора с отчетом о состояний лесов в Акмолинской области за 1881-82 гг. // РФ ОмОММ 3-қор, 11-тізбе, 17421-іс, 4-п.

10. Дело по представлению Акмолинского губернатора с отчетом о состояний лесов в Акмолинской области за 1881-82 гг. // РФ ОмОММ 3-қор, 11-тізбе, 17421-іс, 5-6 пп.

11. Дело по представлению Акмолинского губернатора с отчетом о состояний лесов в Акмолинской области за 1881-82 гг. // РФ ОмОММ 3-қор, 11-тізбе, 17421-іс, 10 қ.п.

12. Сведения уездных начальников для отчета Тургайскому военному губернатору о состояний области за 1892 г.// ҚР ОММ 318 қ., 1 т., 1 іс, 25 қ.п.

13. Годовой отчет за 1885 г. по Омскому лесничеству // РФ ОмОММ 227-қор, 1-тізбе, 6-іс, 14 қ.п.-15 п.

14. Сведения уездных начальников для отчета Тургайскому военному губернатору о состояний области за 1892 г. // ҚР ОММ 318 қ., 1 т., 1 іс, 136 қайырма парақ

15. Дело по представлению Акмолинского губернатора с отчетом о состояний лесов в Акмолинской области за 1881-82 гг. // РФ ОмОММ 3-қор, 11-тізбе, 17421-іс, 23-п.

В процессе подготовки и проведения административно-территориального районирования Казахстана руководство столкнулось с определенными трудностями. Например, очень слабо были изучены хозяйственные и природные условия региона, население края было малочисленным и дисперсно-рассеянным на большой территории. Крайне небольшое число промышленных городов и крупных населенных пунктов затрудняло процесс выбора административных центров, а также правильное установление направлений экономического и культурного тяготения отдельных районов. Безусловно, эти и другие факторы затрудняли определение перспектив развития экономики отдельных округов и районов. Особенно велики были трудности при образовании округов в центральной части республики - редконаселенной и экономически малоизученной территории - Челкарский и Тургайский уезды, весь юг Акмолинской губернии, Каркаралинский уезд.

Целесообразно затронуть вопросы об особенностях возникновения округов в северном регионе, об условиях, в которых начиналась и развивалась новая система управления, о трудностях разрешения территориального вопроса. Довольно противоречивые тенденции возникали, в период образования округов из-за территории южной части Акмолинской губернии. Так, при разработке проекта нового административно-территориального устройства планировалось южную часть Акмолинской губернии передать в Каркаралинский округ. Судья по архивным документам, такие проблемы могли пересматриваться и региональными властями. Внесение поправки в проект было вызвано следующими объективными мотивами: во-первых, это отсутствие экономического тяготения к Каркаралинскому округу, плохие подъездные пути, пролегающие в глухой незаселенной местности, во-вторых, территориальная отдалённость Карагандинского района от города Каркаралинска. Да, здесь были приняты во внимание решительный протест всего населения этого района против его перевода в состав Каркаралинского округа. Учитывая возрастающее значение города Акмолинска как культурно-экономического центра всей южной части Акмолинской губернии. Так, например, мотивируя вышеуказанные сложности, Акмолинский окрисполком на заседании 14 марта 1928 года вносит в проект поправку с предложением о включении Карагандинского района в состав Акмолинского округа и просит КазЦИК и Казгосплан об утверждении принятого губисполкомом проекта районного деления без изменений [5]. В решении внутреннего территориального вопрос границы между округами рассматривался в некоторых случаях по изъявлению и желанию населения, но не всегда. В архивных документах обнаружены отдельные заявления жителей Петропавловского округа. Например, жители Атбасарского уезда, находящегося в ведении Социалистического района (на востоке) и Пролетарского района (на западе), изъявляли желание о перечислении их в названные районы, граничащие с Балкашинским и Рузаевским районами

Петропавловского округа (бывшего Кокчетавского уезда). Определенные объективные трудности испытывали отдельные аулы. В архивных документах нами обнаружены ходатайства трех аулсоветов. В данном мотивированном документе ходатайствуют об оставлении их в ведении Пресногорьковского района. В ходатайстве отмечается, что до районирования они были в ведении Пресногорьковской волости бывшего Петропавловского уезда. Однако в период районирования их перевели в отдалённый от их аулсоветов Тонкерийский район Петропавловского округа. Так, они просят перечислить их в Кустанайский округ, так как их аулсоветы расположены на небольшом расстоянии от этого округа [6].

Кроме того, изменялись очертания границы с соседними селениями РСФСР, прилегающими к границам Петропавловского округа, в частности с Ишимским округом Уральской области.

С образованием районов и округов на юге Акмолинского округа появились определенные сложности и в границах с южными регионами Казахстана. Отсутствие границ округа лишало возможности вести плановое хозяйствование и давало повод к различным недоразумениям между округами. Одним из таких сложных участков оказалась левобережная часть бывшей Сарысуйской волости, расположенную по левой стороне течения реки Сарысу, Чимкентскому округу. В связи с изменением по последнему административно-хозяйственному делению в северных округах произошли также перемены в границах между соседними округами - Петропавловским и Павлодарским.

В соответствии с новыми веяниями были внесены изменения в границы округов и районов постановлениями президиума КазЦИКа от 13 марта и 15 мая 1928 г. Так, вышеназванные районы были временно присоединены к Акмолинскому округу как более развитому в экономическом плане району. Районирование этой части Казахстана было проведено с учетом того, что по мере развития производительных сил здесь возникнут промышленные города и рабочие поселки, будут образованы новые районы и округа. В начале мая 1928 года 3-я сессия КазЦИКа 6-го созыва утвердила эти изменения и поручила президиуму КазЦИКа внести проект административно-территориального районирования Казахстана на утверждение президиума ВЦИКа и обеспечить его внедрение в жизнь [7].

Характерно, что новая система управления исправляла те изъяны, которые существовали при губернской системе управления. В связи с переходом на окружную и районную системы управления сокращалось число инстанций. Вновь создаваемые единицы - округа, районы и волости - приобретали больше прав, чем имели прежде. Целенаправленная работа по реализации этой задачи, безусловно, дала определенные результаты. Для региональной власти это было выгодно, так как создавалась гарантия более быстрого разрешения различных вопросов административных органов. Это было выгодно и тем, что все нужды крестьян, которые прежде разрешались в уезде, могли быть теперь разрешены в районе, что, безусловно, сокращало затрачиваемые на это время и средства крестьян.

Процесс перехода к окружной системе управления сопровождался передачей ряда функций нижестоящим органам. В результате число структурных подразделений (управлений, отделов, подотделов, секций) уменьшалось со 150 до 40, количество государственных органов, имеющих отдельное делопроизводство, сократилось с 88 до 20.

Таким образом, одновременно шло сокращение штатов и административно-управленческих расходов [8].

В целом, сущность политики, образование округов и районов на определенном этапе, несомненно, сыграло позитивную роль. Однако новые цели, определенные силовой модернизацией, потребовали ещё более четкой и жесткой работы государственного аппарата, усиления его оперативности в руководстве экономической и социально-культурной политикой. На начальных стадиях советского строительства совершенствовались методология самого процесса районирования и его организационное оформление. Процесс низового районирования осуществлялся на основе постановления КазЦИКа «О низовом районировании (общем пересмотре сети аульных, кишлачных и сельских Советов) Казахстана», где основное внимание уделялось рационализации сети аульных, кишлачных и сельских Советов, приближению власти к населению, созданию сети мощных в хозяйственном отношении Советов. В итоге это должно было бы способствовать обеспечению перестройка сети аульных, кишлачных и сельских советов.

Список использованной литературы:

1. Советская степь. 1928. 16 августа
2. Степная правда. 1928. 9 августа
3. Степная правда 1928. 9 августа
4. Акмолинская губерния в цифрах на 1 октября 1925.-Акмолгубплан. - Петропавловск, 1925, с.3.
5. Советская степь. 1928. №118. 28 мая
6. ГАСКО.Ф.195.Оп.3.Д.10.Л.29.
7. Советская степь. 1928. №118. 28 мая
8. Материалы к отчету ЦИК КазАССР на 3 сессии ВЦИК 13 созыва. Кызыл-Орда,1928, с.124-125

ӘОЖ: 94(574.51) «1867/1917»
ҒТАМР: 03.20.00

Л.А.Бисембаева[1]

[1]*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Тарих кафедрасының аға оқытушысы, PhD*
Қазақстан, Алматы қ.

ЖЕТІСУ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЖАҢА ТҰРМЫСҚА БЕЙІМДЕЛУІ
(XIX ғас. II жартысы-XX ғас. басы)

Аңдатпа

Мақалада XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы Жетісу қазақтарының тұрмысы мәселесі, яғни киім, тағам, тұрғын үй, бұйым, жиһаз түрлерінің өзгеруі, халықтың жаңа тұрмысқа бейімделу мәселелері қарастырылады.

Аталған уақыттардағы Жетісу қазақтарының тұрмысы мәселесі Отан тарихының өзекті тақырыптарының бірі болып табылады. Себебі 1867-1917 жылдар аралығында орын алған саяси-экономикалық және әлеуметтік өзгерістер қоғамдық қатынастармен бірге тұрғындардың ішкі өміріне де тереңдеп еніп, байырғы өмір сүру салтының ыңғайына қарай ежелден қалыптасып дамыған тұрмысы мен салт-санасын күрт өзгерте бастады.

Кілт сөздер: Жетісу, киім, тағам, тұрғын үй, бұйым, жиһаз.

L.A. Bissembayeva[1]

[1]*Kazakh National Women's Pedagogical University, Senior Lecturer at the Department of History, PhD.*
Kazakhstan, Almaty

ADAPTATION OF KAZAKHS ZHETYSU TO A NEW LIFE
(II half of the 19th - early 20th centuries)

Abstract

The article examines the problems of life of Kazakhs of Zhetysu in the second half of the 19th - early 20th centuries - changes in clothing, food, housing, utensils, furniture, adaptation of the population to a new life.

Changing the way of life and way of life of the Kazakhs in Zhetysu in the second half of the 19th - early 20th centuries is one of the most important topics in national history. Because the political, economic and social changes that took place between 1867-1917, along with social relations, deeply penetrated the inner life of the population and began to radically change the way of life and customs, which for a long time were formed in accordance with the ancient way of life.

Key words: Zhetysu, clothing, food, housing, utensils, furniture.

Л.А. Бисембаева[1]

[1]*Казахский национальный женский педагогический университет, Старший преподаватель кафедры истории, PhD.*
Казахстан, г.Алматы

АДАПТАЦИЯ КАЗАХОВ ЖЕТЫСУ К НОВОЙ ЖИЗНИ
(II пол.XIX-нач.XX вв)

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы быта казахов Жетысу второй половины XIX - начала XX века - изменение одежды, питания, жилья, утварь, мебели, адаптация населения к новой жизни.

Изменение образа жизни, быта казахов Жетысу во второй половины XIX - начала XX века - одна из важнейших тем в отечественной истории. Потому что политические, экономические и социальные изменения, произошедшие между 1867-1917 годами, наряду с социальными отношениями, глубоко проникли во внутреннюю жизнь населения и начали кардинально менять образ жизни и обычаи, которые долгое время формировались в соответствии с древним укладом жизни.

Ключевые слова: Жетысу, одежда, еда, жилье, утварь, мебель.

Жетісу облысы патша өкіметінің заңды ықпал ету аймағына айналғаннан кейін, өлке тұрғындарының дәстүрлі шаруашылығы мен тұрмыс-тіршілігінде күрт өзгерістер орын ала бастады.

Дәстүрлі шаруашылықтың дағдарысы мен сауданың дамуына байланысты киім, тағам және тұрғын үй, сонымен қатар күнделікті тұтынатын тұрмыстық бұйым түрлері де өзгере бастады.

XIX ғасырдың II жартысынан бастап қазақтар тарапынан үй жағдайында өндірген маталарға қарағанда бірте-бірте фабрикалық бұйымдарға деген сұраныс артқанын байқаймыз [1, б. 26-32].

XX ғасырдың басында Қазақстанда АҚШ-тың «Зингер» тігін машиналарының пайда болуы [2, с. 20] киім тігудің сапасын арттырды. Осы кезде Верный қаласында киім тігуді үйрететін курстар ашылған. Халықтың киімді машинамен тігіп киюге деген қызығушылығы артып, енді киімдер жаңаша сәнмен пішіліп, тігіле бастайды [3, с. 4]. Тігін машиналарының пайда болуы өз кезегінде өңірге мата түрлерінің кеңінен тасымалдануына түрткі болды. Халық киімдерді сатып алумен бірге, тігіншілерге тапсырыс беріп, тігін машиналарымен (қазақ бұрын киімді қолмен тігіп киген) тіктіріп кие бастады. Тігін машиналары тек қалаларға ғана емес, сонымен бірге қазақ ауылдарына да тарап, бір жағынан киімді жаңа сәнмен, әрі сапалы етіп тігуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан тұрмысқа енген таңсық бұйым ретінде киіз үй төрінен орын алды. Ел ішін аралап жүрген патша шенеуніктері Асы жайлауында отыз жыл би болған байдың үйіне түскенін, киіз үйдің ішінен металл әшекейлермен, тастармен сәнделген әдемі ер-тұрман, көптеген әйел орамалдарын, аң терісінен тігілген қыздардың бас киімдерін, кестеленген қоржындар мен әдемі кілемдер, кесеқап, сандық, сонымен бірге көрнекі жерге қойылған тігін машинасын көргенін жазады [4, с. 309].

XIX ғасырдың ортасынан бастап ер және әйел киімдерінің пішілуі мен тігілуінде өзгерістер байқалады. Бұрын жейдемен көйлекке қайырма жағалар салынған болса, енді сәнге тік жағалар ене бастайды. Оларды, шыт, бөз сияқты жеңіл маталардан тікті. Кедейлер қалың маталардан да тіге берді.

XIX ғасыр соңында Жетісу жерінде жейдені тек тік жағамен тікті. Жағаға зертаспа салып сәндеді. Жеңі қолдың басын жауып тұратындай ұзын болды. Жұмыс істегенде жеңін жоғары түріп қойған, сондықтан түріп байлап қою үшін кей кездерде жеңіне де таспа қадаған [1, с. 35-38].

XIX ғасырдың ортасынан бастап күнделікті киілетін киімдермен қоса сән-салтанат киімдеріне де өзгерістер ене бастайды. Мысалы, күйеу жігіттің киімі туралы Құрбанғали Халид: «күйеу ұрын барғанда киетін киім қазіргі ғұрыпта жоқ, ондай ұзын, кең емес, енді тар киімге кезек тиді» [5, б. 178]-деп көрсетеді.

XIX ғасырдың соңынан бастап Жетісу облысында әйелдер мен қыз балалардың көйлегі сәтен, жібек, т.б. маталардан қолмен және тігін машиналарымен тігіле бастады. [6, б. 227-228].

XIX ғасырдың соңында тұрмысқа камзолдар ене бастады. Тігін машиналарының пайда болуы киімнің бұл түрінің де тігілу технологиясына өзгерістер енгізеді. Тұрмысқа жаңадан еніп, бұған дейін қолмен тігіліп келген камзолдарға (жеңді, жеңсіз) енді сәндік үшін түрлі-түсті жолақтар тігілді. Оны пішуде де «еуропалық» дәстүр ене бастады, яғни иығынан және арқасынан тік тігіс түсті. Камзолдар ерлер мен әйелдердің күнделікті киетін киімдерінің біріне айналды [7, с. 5-7].

XIX ғасырдың 80 жылдарында Ресейдің фабрикалық шыт маталарына деген сұраныс артқанымен, халық арасында әлі де болса түркістандық, қашқарлық шапандарға деген сұраныс сақталды [8, с.14].

XX ғасырдың алғашқы он жылдығында Жетісу облысының ер адамдары арасында төбетейлер кеңінен тараған. Оны күнделікті киіп жүрген [9].

Аталған уақыттарда Жетісуда әйелдердің дәстүрлі бас киімдері – кимешек мақта маталардан және жібектен де тігілгенімен [6, б. 94-103], күнделікті тұрмыста әйелдер негізінен ақ орамал тартып [10], ақ матадан тігілген кимешек киген [11].

Қазақтар арасында аяқ киімнің етік, мәсі, кебіс сияқты түрлері болған. Олардың өзі материалына, түріне қарай бірнеше түрге бөлінген. Аяқ киімдерді тіккенде былғары, ешкі және ірі қара терілері, киіз, құрым және тарамыс қолданылған болса [12, б. 236-246], XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап сырттан келетін былғарының кең таралуына байланысты саптама етіктер мен жеңіл етіктер қалың қара былғарыдан тігіле бастады [6, б.270].

XIX ғасырдың ортасынан бастап орыс саудагерлері аяқ киімнің резинадан жасалған түрлерін, таза былғарыдан тігілген, киізден басылған әйелдер мен балалар аяқ-киімдерін, резина галоштарды саудаға шығара бастады. Сонымен бірге таза теріден тігілген Барнауыл тондары, Орынбор мен Пензаның фабрикаларында тоқылған жібек, кашемир, мауыты және түбіт шәлілер кеңінен сатылған. Верный көпестері дүкендерінде жоғарыда аталған өнім түрлеріне тапсырыстар қабылдап, оның облыстың басқа аймақтарына да таратып отырған [13, с.5]. Облыста Пермь губерниясының кәсіпкері П.П.Гашевтің тері өңдеу зауытында өндірілген былғары аяқ-киімдер [14, с.8] және «Корувей» деп аталған американдық аяқ киім табандары сатыла бастады. Ф.О.Колеватовтың аяқ-киім шеберханасы тапсырыспен әртүрлі сәндегі ерлер мен әйелдер, балалар аяқ-киімдерін тіккен [15, с.5].

Әйелдер мен балалардың бас киімдері, әйелдер мен ерлердің сыртқы маусымдық киімдерінен басқа ішкі киімдері (ерлердің іш киімдері: ішкі көйлек, полотнодан тіккен ақ және гүлді іш киім, кальсон; әйелдердің іш киімдері: ішкі көйлек, ақ және гүлді әртүрлі маталардан тіккен панталондар, сыртқы және ішкі юбкалар), галстуктер, мойынорағыштар, әйелдердің қол сөмкелері, шұлықтар мен ұйықтар, қолқаптар, т.б. киім түрлері тұрмысқа еніп, күн сайын оның сұранысы артып отырды. Ер адамдар мен балалардың қаракөл, борсық терілерінен, жасанды қаракөл терісінен тіккен бас киімдері тұрмысқа кеңінен ене бастады. Жергілікті көпестер мен саудагерлер халықтың барлық сұраныстарын қанағаттандыруға тырысып отырған [16, с.6].

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында қазақтың ұлттық киімінің пішіні мен түріне өзгерістер енгенімен өздеріне тән этнографиялық белгілер сақталып қалды. Киім-кешек үшін малдың жүні мен терісі негізгі материалдар болды. Орта Азия және Қытаймен арадағы сауда-саттықтың нәтижесінде киімнің едәуір бөлігі қымбат бағалы жібек, мақта-мата және басқа маталардан тігілді. Орыстың фабрикалық арзан маталарының айырбасқа түсуі киім түрінің көбеюіне мүмкіндік туғызды. Қазақтар торғын, шағи, дүрия, бәтес, сусыма, лейлек, атлас, сұпы, шәйі тәрізді маталардан желбіршекті жұқа көйлектер тіге бастады [17, б. 431-433].

Тағам түрлеріне келетін болсақ, ежелден мал шаруашылығымен бірге егіншілікті кәсіп еткен Жетісу қазақтарының негізгі тұтынған тағамдары қыста ет өнімдері болса, жазда сүт өнімдері және дәнді-дақылдан жасаған

тағамдар болды. Бұрын астық тұқымдастарының ішінде тағамға тары көп қолданылған болса, енді бидайды көбірек өсіріп, оны тағам ретінде жиі тұтынатын болды. Сүт өнімдерінен айран, шалап, ірімшік, құрт дайындалды. Ауқатты отбасылары сүттен ірімшік, құрт дайындап, оны қысы-жазы жеген. Жетісулық қазақтар құртты биік тау асуларымен жүргенде ентігіп, жүрек айныған сәттерде дәрі орнына да қолданған [18, с. 8-9].

Етті негізінен бай адамдар жиі тұтынған. Қарапайым қазақтардың күнделікті тұтынатын басты тамақтары сүт өнімдері мен астық тұқымдастары болды. Сиырдың сүтімен бірге ешкі және қой сүті де кеңінен қолданылды. Түйенің сүтін шайға қатты. Ал көже ең қарапайым, күнделікті тамақтарының бірі болды. Қойдың майына бауырсақ пісірді [19, с. 81-82].

Ауқатты адамдар соғымның етін сүрлеп, жаз шыққанға дейін жесе, кедейлер көктем шықпай жатып көже мен тары-талқанға қарап қалған [20, б. 75-76].

Дәстүрлі ет, сүт және астық өнімдерімен қоса Жетісу табиғатында көп кездесетін жабайы аң-құстардың еті де бұл өңір қазақтарының жиі тұтынатын тағамдары қатарына ене бастады. Бұрын аңшылықтан алынатын арқар, тауешкі, киік, т.б. аң-құс еттері жеңсік ас ретінде сирек тұтынылатын еді. Енді олардың шикізатының тауарлық құнының артуына байланысты жиі ауланып, бір жағынан пұл болса, екінші жағынан азықтық мәні арта түсті. Өзен-көлдердің жағалауындағы қамыстың арасын ұялайтын жабайы құстардың жұмыртқасын да жергілікті халық азық ретінде көп тұтынған. Картопты тағам ретінде көп пайдаланбады. Мысалы, Алакөл, Балқаш, Ыстықкөл көлдерінің жағалауын мекендейтін қазақтар мен қырғыздар нан мен картопқа қарағанда жабайы құстардың жұмыртқаларын көп жейтіндігі [21, п. 186] айтылады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қант пен нан қазақтар тұрмысына енген таңсық тағамдардың бірі болды. Қазақ ауылдарын аралауға шыққан жергілікті әкімшілік шенеунігі қазақтардың үйіне түсіп, дастархан басында көмекшісінің оларға маңғаздана бір кесек қант пен бір үзім наннан үлестіре бастағанын, бірақ қанша жегілері келіп тұрса да, отағасы басын изеп рұқсат бермей, үй ішіндегілердің ол тағамдарға қол созбағанын жазады. Сонымен бірге бұл тағамдардың бірте-бірте шілдехана, жылдық ас, үйлену тойы сияқты көпшілік жиын-той дастарханының да сәніне айнала бастағанынан хабар береді [4, с. 311].

Аталған уақыттар аралығында облыста балық өнімдеріне деген сұраныс артып, балық шаруашылығы дамытыла бастады. Облыстың өзен-көлдерінен ауланған балық және уылдырықтар қала базарларына әкеліп сатылды. Осылайша, балық өнімдері де күнделікті тұтынатын тағамдар қатарына ене бастады. Жетісу қазақтары балықты бұрын тағам ретінде өте аз тұтынған болса, енді көбірек аулап, пайдалана бастады. Бұған бір жағынан балық өнімдерінің тауарлық құнының артуы себеп болса, екінші жағынан малынан айырылған қазақтар да өзен бойын жағалап, негізінен балықпен қоректенуге мәжбүр болды [19, с. 80].

Өңірде бау-бақша шаруашылығының дамытылуы олардан алынатын өнімдерден жасалынған, Жетісу жеріне таңсық, әртүрлі жеміс-жидектерден қайнатпаларды, тәтті нандарды сатылымға шығарды. Тұрмысқа құмшекер ене бастады, сонымен бірге мармелад, нуга, шоколад, конфет, т.б. кондитер өнімдері саудаға шығарылды. Бұндай жаңа тағам негізінен қала және село дүкендерінде сатылды. Верныйдың атақты саудагерлері – Шахворостовтың, Кадкиннің және Тұтынушылар қоғамының, т.б. дүкендерде құмшекер 1 адамға 2 фунттан сатылған [22, с. 8]

Аталған кезеңде қазақтардың тұрмысына ежелден пайдаланылып келе жатқан айран мен көже сияқты сүттен және дақылдардан жасалынған сусындармен бірге шәйдің де маңызы зор болды. Құрбанғали Халид шәй Жетісу жеріне шамамен 1883 жылы келген [5, б. 172] деп көрсетеді. Бірақ, біздің байқауымызша, бұл кезде Жетісу тұрғындары шәйді жаппай тұтына бастаған сыңайлы. Себебі, поляк революционері Адольф Янушкевич XIX ғасырдың 40 жылдары Лепсі тұрғындарының арасында қонақ келсе қымызбен бірге шәй ұсыну дәстүрі орын алғанын және орыс-казактардың да мерекелерді шәй ішіп атап өтетінін жазып қалдырған. Сонымен бірге «шәй ішкің келсе, байлардан тығылу керек» деп қазақ байларының шәй ішуге өте құштар болғанын, шәй ішіліп жатқан жерге келсе, олардың әбден қанып ішпейінше орындарынан тұрмайтынын айтады. Ол 3000 мыңға тарта жылқысы бола тұра байлардың да шәйға қолдары үнемі жете бермегенін атап көрсетеді [23, с. 111-112]. Алғашқыда аса қымбат болуына байланысты оны тек аса мәртебелілер тұтынса, кейінірек сауда жолдарының көптеп ашылуына байланысты бағасы арзандап, қара халыққа да қол жетімді бола бастады. Жетісудың тұрғындары XIX-XX ғасырларда шәйді жаппай тұтына бастады. Шәйдің қазақтар тұрмысына әбден орныққаны сондай, күнделікті тұрмыста да, қонақ келсе де бұрынғыдай қымыз немесе шұбат емес, шәй беретін болған. Түркістан өлкесінің қазақтары «қара шай» қолданса, Орта Азиялық бөлігінің тұрғындары «көк шай» іше бастаған [24, б. 447-455].

Жетісу тұрғындарының тұрмысына шаймен бірге кофе, какао сияқты сусындар түрі де ене бастады. Какаоның Вань-гутен [25, с. 5], кофенің Эйнем [26, с.7] деген түрлері болған. Бірақ оларды негізінен қалалықтар тұтынды, ал қазақтар шәйді кеңінен пайдаланған. 1879-1880 жылдардағы Верныйдағы шәйдің бағасы: 1 фунт-1 сом 40 тиын болды. Шақпақ қанттың 1 пұты 14 сом, күнбағыс майының 1 пұты-14 тиын, сиыр етінің 1 пұты-1 сом 20 тиын, қой етінің 1 пұты-1 сом 60 тиын, бидай ұнының 1 пұты - 90 тиын, картоптың 1 пұты - 42 тиын болған [27, п. 17, 40].

Күнделікті тұтынатын азық-түліктермен бірге арақ-шарап өнімдері де дүкен сөрелерінен орын алып, жергілікті тұрғындар арасына кеңінен таратылды [28, с. 5].

XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы өзгерістер тұрғын үй саласын да қамтыды. Жетісудың халқы ежелден жартылай көшпелі өмір кешкендіктен, орыс билігі орнамай тұрып бұл өңірде тұрақты қыстаулар болған. Бірақ қыстауларда жаппай тұрғын үйлер салу XX ғасырдың басында басталған [29, с. 41]. Біз қарастырып отырған кезеңде Жетісу облысының қазақтарының көпшілігінде тұрақты қыстау үйлер болды. Ол көрсеткіш Верный уезі бойынша 75,71%; Жаркент уезі бойынша 73,42%; Қапал уезі бойынша 90,18% [30, с. 20] болған. Ал халықтың қалған бөлігі қысы-жазы киіз үйлерде тұрды.

XIX ғасырдың соңына қарай орыс мәдениетінің ықпалымен Жетісуда үй құрылысының техникасы жетілдіріліп, кірпіштен, ағаштан тұрғызылған құрылыстар кең тарай бастады. Құрылысқа ағашты пайдалану Қазақстан жеріне ежелден таныс болғанымен, ағаштың өзінен үй тұрғызу XIX ғасырдың II жартысының үлесіне тиеді [31, с. 5-12].

Құрылыс материалдарының өзгеруімен бірге, тұрғын үй түрі де өзгере бастады. Бір бөлмелі үйлермен қатар қоржын үйлер де тарала бастаған. Бір бөлмелі қыстық үйлерді негізінен қазақ малшылары салды. Бөлмені ортасына орнатылған қазандық пеш арқылы екіге бөліп қойды. Ал байлар екі, үш бөлмелі қоржын үйлер салды [32, б. 120-124]. Қазақ байлары сонымен бірге үйлерін қалалықтарға еліктеп, орыс үлгісінде салдырды. Ондай үйлердің іргетасы болды. Үйдің өзі ағаштан немесе кірпіштен салынды, еденіне тақтай төселіп, төбесі шатырланды және бөлмелері де көп болды. Үй «Голландка» аталатын орыс пештері арқылы жылытылды. Терезелеріне шыны салынды. Бірақ малшылардың қыстаулары бір бөлмелі болып қала берді. Бір бөлмелі үйдің іші тамақтанатын, жатып-тұратын бөлменің және ас үйдің, қойманың рөлін атқарған [29, с. 62-63]. Алғашында шыныланған терезелерді тек ірі байлар ғана салса, XIX ғасырдың аяғынан бастап қазақтардың көбінің қыстауларының терезесіне шыны салынды [33, б. 48].

Жетісу облысында орыс үлгісімен үй салуды алғаш болып Қапал уезінде Маман Қалқабайұлының ұрпақтары бастаған. Саудамен аты шыққан Маман ұрпақтары заман ағымын дер кезінде аңғарып, халықты тұрақты қыстаулар салуға және отырықшылыққа, оқу-білімге үндеген Жетісудың көзі ашық азаматтары еді. Олар қаржыларына қала үлгісінде үй салдырып, Қарағаш ауылының іргесін қалаған [34, б. 443]. Алдымен Маман бидің үлкен ұлы Тұрысбек бастап, кейін басқа балалары да ағаштан бес-алты бөлмелі, төбесі көк қаңылтырмен жабылған үйлер тұрғызады. Үйлерінің жанына жеміс ағаштарын, тал-терек және қараағаш отырғызады [35]. І.Жансүгіров Маман би ұрпақтарын: «әрі далаша-бай, әрі қалаша-саудагер. Ояз бұларды «Көк үй» дейді. Матайды «Көк үйлер» басқарады. Маман ауылы Қапал оязындағы басқа қазақтан көзі ашық» [36, б. 135]-деп, олардың өмір салты мен қоғамдағы орны жөнінде сол жердің тұрғыны, әрі заманның куәгері ретінде құнды ақпараттар береді.

Біз қарастырып отырған кезеңде қазақ байларының барлығы орыс үлгісімен жаңа үй салып алған десек, жаңсақтық болар еді. Киіз үй байлар үшін де өте маңызды болды. Орыс шенеуніктері XX ғасырдың басында Асы жайлауын мекендеп отырған Қызылбөрік болыстығының бай қазақтарының тұрмысы туралы: «Олардың киіз үйлері өте әдемі, жайлауға көшкенде қыстық киіз үйлерін де өздерімен бірге алып жүреді. Жертөлелерде қыстың қатты суығында ғана тұрады» [4, с. 310] -дейді.

Жетісу халқының күнделікті өмір салтының өзгере бастауы, яғни тұрақты тұрғын үйлердің пайда болуы, тұрмыстық бұйымдардың өзгеруіне ықпал етті. Жетісу қазақтарының жиһаздары мен тұрмыстық бұйымдары негізінен өздерінің шаруашылығынан алынатын табиғи өнімдерден жасалды. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында көшпелі өмір салтына ыңғайлы кебеже, жүкаяқ және төсекағаш сияқты жиһаздармен бірге тегене, жалпақ табақ, аяқ, шара, саптыаяқ, тостаған, ожау, қасық, қазан, ошақ сияқты т.б. бұйымдар тұрмыста кеңінен қолданылды. Шеберлер жиһаздар мен күнделікті тұрмыста қолданатын бұйымдарды ағаштан, теріден, темірден жасап отырған. Сонымен қатар орыс жиһаздарының үлгісімен екі есікті шкафтар, биік ағаш төсектер де жасай бастады [33, б. 120].

Бұрынғы дәстүрлі металдан, теріден және ағаштан жасалған бұйымдармен бірге шыныдан, фарфордан жасалған ыдыстар қолданысқа ене бастады. Малдың майынан жасалған шырақтардың орнына көп жерлерде керосинмен жанатын шамдар қолданылды. Керосинді қаладан сатып алды. Тұрмысқа жергілікті шеберлердің қолынан шыққан биік ағаш төсектер, әртүрлі көлемдегі бет жағы өрнектелген, құлпталатын әбдіре, қол сандықтар тарала бастады. Қаламен байланысы бар бай қазақтар комодтар мен шыныланған екі есігі бар шкафтар сатып ала бастады. Үйлерін орыс үлгісімен безендірді, қабырғаға айна іліп, оның үстіне кестеленген орамалдар жауып қойды [33, б. 50]. Сонымен бірге үстел, орындық сияқты орыс жиһаздарын да кеңінен қолдана бастады [29, с. 64]. Ал, Жетісудың қарапайым халқының оған қолдары жете бермеді.

Қазақ қолөнершілерінің қолынан шыққан ағаш төсектер біз қарастырып отырған кезде киіз үйдің негізгі жиһаздарының бірі болды. Оны шымылдықпен бүркемелеп қойды. Ал ағаш төсектің тұсындағы керегеге түскиіз ілінді. Жаңа үлгімен салынған байлардың үйлерінде де негізінен орыстың фабрикалық бұйымдарымен қатар киіз үйдегі мүліктер орналасты. Бірақ киіз үйдегі сияқты олардың орналасу реті сақтала бермеді. Үйдің бір қабырғасына оралған киіз, көрпелер, ішіне зат салынған киіз қап, т.б. жүктер жиналып, оның оң жағына төсек орналасты. Қабырғаға киім-кешек, ер-тоқым, қару-жарақтар ілінді. Ыдыс-аяқ, т.б. шаруашылық ыдыстары бұрышта пештің қасына немесе бөлек суық бөлмеге орналастырылды [29, с. 31-64].

Фарфордан, фаянстан, шыныдан жасалған ыдыстар қатарында кесе кеңінен тарайды. Соған байланысты көшпелі тұрмыс кешетін қазақтардың тұрмыстық бұйымдарының қатарына былғарыдан, киізден тігілген аяққап, кесеқаптар қосылды [37]. XIX-XX ғасырларда қазақ жеріне самаурындар тарала бастады. Самаурын XIX ғасырдың соңынан бастап Ресейден Бұқара арқылы Оңтүстікке және Сыр бойына тарала бастаса, Жетісуға Қазақстанның Батыс, Солтүстік өлкелері және Орталығы арқылы XX ғасырдың басында келген. Тұрмысқа самаурынның енуімен бірге шәй жылдам дайындалып, шәй ішу бұрынғыдан да жеңіл, қолайлы бола бастаған. Тұрмысқа самаурынмен бірге нәзік әйнектен, фарфордан жасалған ыдыстар ене бастады. Қазақтардың тұрмысына фаянс пен фарфордан жасалған ыдыстар мен таба сияқты металдан жасалынған жаңа ыдыстар енді [24, б. 447-455]. Сонымен бірге фабрикада өндірілген шәйнектер де қолданыста болған және ондай жаңа бұйымдар елдің бәріне қолжетімді бола бермеген. Деректерде «... шәй құйып отырған бәйбіше шәйді қалайы шәйнегін көрсете маңғаздана құйды» [4, с. 318] деген ақпараттар кездеседі. Осының өзі тұрмысқа енген жаңа бұйымдарды алуға әркімнің шамасы келе бермегенін көрсетеді.

Сауданың дамуы тұрмысқа кілемдер мен терезе перделерін, ортасына мамық салып тігілген барқыттан, байкадан тігілген көрпелерді енгізді. Осы аталған тауар түрлері Верный қаласындағы Сүлейменовтің, Тазетдиновтың, Ибрагимовтың сауда үйлерінде сатылды, сонымен бірге тапсырыс арқылы Жетісудың басқа аймақтарына да таратылды [13, с. 5].

Біз қарастырып отырған кезеңде Жетісу облысының жерінде арақ-шарап, сыра өндірісінің кеңінен дамытылуы, олардың өнімдеріне арналған ыдыстарды да қолданысқа енгізді. Облыстың барлық аймағынан ашылған осы өнімдерді сататын дүкендерде сыра, шарап, арақ ішуге арналған түрлі-түсті ыдыстар [22, с. 4], сонымен бірге қалың әйнек стакандар сатылған [27, п. 17].

Қорыта айтсақ, 1867-1917 жылдар аралығында орын алған саяси-экономикалық және әлеуметтік өзгерістер қоғамдық қатынастармен бірге тұрғындардың ішкі өміріне де тереңдеп еніп, олардың тұрмыс-салтын өзгерте бастады. Бірақ, экономикалық жағынан қанауға ұшырап, әлеуметтік жағдайы төмендеген кедей тұрғындардың тұрмысқа енген сәнді заттарды сатып алуға мүмкіндіктері бола бермеді. Фабрикаларда өндірілген киімдерді, жиһаздар мен тұрмыстық бұйымдарды негізінен қалалықтар және ауылдардың ауқатты адамдары көбірек тұтынды. Дегенмен, облыс тұрғындары, соның ішінде жергілікті халықтар да заман көшінен қалмай өздері өмір сүріп отырған ортаға қарай бейімделіп, материалдық мәдениетін көтеруге ұмтылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда XIX-нач .XX вв. –Алма-Ата: Наука, 1964. –178с.

2 Жанысбеков М.А. Казахстан в торгово-экономических связях со странами Запада в конце XIX-нач. XX вв. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. –Алматы, 2002. – 29 с.

3 Семиреченские ведомости. – 1917. – №47. – С.4.

4 Гинс Г.К. В киргизских аулах: очерки из поездки по Семиречью. – Б.м.: б.и., 1913. –332 с.

5 Халид Қ. Тауарих Хамса (бес тарих). –Астана: ТОО «Prosper print», 2014. –286 б.

6 Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог. / ред.: Н.Әлімбай. Т.1. – Алматы: Өнер, 2009. – 344 б.

7 Традиционная одежда народов Средней Азии и Казахстана./ Отв. ред. Н.П. Лобачева, М.В. Сазонова. – Москва, Наука, 1989. – 254 с.

8 Обзор Семиреченской области за 1883 год. (Приложение к отчету Военного губернатора). – Верный, 1884. – 96 с.: 8 ведомостей +2л. - С.14.

9 ҚРМОМ. НВФ5289/17[а].

10 203 ҚРМОМ. КП-6414.

11 204 ҚРМОМ. НВФ 5289/15[а].

12 Шойбеков Р.Н. Қазақ қолөнері аталымдарының түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2012. – 312 б.

13 Семиреченские ведомости. – 1911. – №267. – С.5.

14 Семиреченские областные ведомости. –1911. – № 269. – С.8.

15 Семиреченские областные ведомости. – 1911. – № 270. – С.5.

16 Семиреченские ведомости. – 1911. – №246. – С.6.

17 Қазақ халқының ұлттық киімдері.//«Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. /Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2003. – Т.5. – 720 б.

18 Краснов А.Н. Очерк быта Семиреченских киргиз: читано в собрании Отделения Этнографии 27 марта 1887 г. – СПб.: Тип. А.С.Суворина, 1887. – 46 с.

19 Никольский А.М. Путешествие на озеро Балхаш и в Семиреченскую область. – СПб., 1885. – 84 с. + 59 с.

20 Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. – Алматы, 2002. – 208 б.

21 ҚР ОМА. Қ.19. Т.1. Іс 291.

22 Семиреченские ведомости. – 1917. – №44. – С. 4,8.

23 Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. –Алматы: Международный клуб Абая, 2005. –236 с.

24 Қатран Д. Орта Азия және Қазақстандағы шай мен самаурын: таралуы, дамуы хақында//Орталық музей еңбектері. –Алматы, 2009. – Б. 447-455.

25 Семиреченские областные ведомости. – 1911. – № 58. – С. 5.

26 Семиреченские областные ведомости. – 1911. – № 57. – С.7.

27 ҚР ОМА. Қ.48. Т.1. Іс 112.

28 Семиреченские областные ведомости. – 1911. – № 272. – С.5.

29 Востров В.В., Захарова И.В. Казахское народное жилище. –Алма-Ата: Наука, 1989. –181 с.

30 Байгабатова Н.К. Казахи Жетысу во второй половине XIX-начале XX вв. (историко-этнографическое исследование). Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Алматы, 2004. – 34 с.

31 Бисембаева Л.А. Изменения быта казахов Жетысу (1867-1917 гг.)// РИНЦ. Научная дискуссия: Вопросы социологии, политологии, философии, истории. – Москва, 2017. – №3 (55). – С. 5-12.

32 Исаева Ә. XIX-XX ғг. Қазақтардың стационарлық қоныстары мен тұрғын үйлері // Хабаршы. Қазмемқызпу. – 2012. – №2(7), – Б.120-124.

33 Егізбаева М. Қазақ халқының дәстүрлі материалдық мәдениеті - Алматы: «Қазақ университеті», 2012 - 152 б.

34 Жетісу. Энциклопедия./Бас ред. Ә.Қайдар. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 709 б.

35 Маман құт. [Электронды ресурс] – 2016. – URL: www.zhasalash.kz/ruhaniyat/20010.html (24.07.2017. қарадым).

36 Жансүгіров І. Жетісу 1730-1916. – Алматы: «Ценные бумаги» баспасы, 2001. – 180 б.

37 Ұмытыла бастаған асханалық жиһаздар [Электронды ресурс] – 2015. – URL: https://baq.kz (25.07.2017. қарадым).

УДК 323.35:321.64
МРНТИ11.15.11

К.В. Джумагалиева[1]

[1]к.и.н., и.о. ассоциированного профессора, Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, г. Нур-Султан, Казахстан

ПОЗИЦИЯ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ ПО ОТНОШЕНИЮ К ДУХОВЕНСТВУ В ПЕРИОД СТАНОВЛЕНИЯ ТОТАЛИТАРИЗМА

Аннотация

С первых дней установления советской власти определилось ее отношение к религии. Новая власть отделила религию от государства, тем самым изначально определив свою позицию к духовенству. Придя к власти, большевики отменили законы, где противопоставлялись народы на религиозно-национальной почве. Православная церковь заняла откровенно негативную позицию в отношении не только церковной политики большевистского государства, но и всей его внутренней и внешней политики. Вначале советская власть относилась к конфессиям дифференцированно. В сравнении с приверженцами православной церкви в несколько более предпочтительном положении находились мусульмане. Причина заключалась в том, что в мусульманском обществе ислам является не просто религией, а образом жизни. Насильственные перемены в традиционном укладе мусульманских народов могли привести к широкомасштабным выступлениям против новой власти. Но национальная и религиозная жизнь мусульманских народов не соответствовали классово-политической системе большевизма. В итоге коммунистический режим вынужден был посредством агрессивно-идеологических, принудительно-репрессивных мер насаждать свою линию в области национального строительства и национально-религиозной жизни. По мере усиления религиозной политики большевиков в регионах традиционного распространения ислама возрастало недовольство среди верующих-мусульман.

Ключевые слова: духовенство, мусульмане, медресе, мечеть, церковь, репрессии, лишение прав.

К. В. Джумагалиева[1]

[1]т. ғ. к., қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, С.Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

ТОТАЛИЛИТАРИЗМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ ДІН ИЕЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСЫ

Аңдатпа

Кеңес өкіметінің алғашқы күндерінен бастап оның дінге деген көзқарасы анықталды. Жаңа билік дінді мемлекеттен бөлді, осылайша бастапқыда дінбасыларға деген ұстанымын анықтады. Билікке келген большевиктер халықтардың діни-ұлттық негіздегі қарама-қайшылықтары болған заңдардың күшін жойды. Православие шіркеуі большевиктік мемлекеттің шіркеу саясатына ғана емес, сонымен бірге оның бүкіл ішкі және сыртқы саясатына қатысты ашық теріс ұстанымға ие болды. Бастапқыда Кеңес өкіметі конфессияларға сараланған түрде қарады. Православие шіркеуінің жақтаушыларымен салыстырғанда мұсылмандар біршама қолайлы жағдайда болды. Мұның себебі мұсылман қоғамында ислам тек дін ғана емес, өмір салты да болды. Мұсылман халықтарының дәстүрлі режиміндегі күшті өзгерістер жаңа билікке қарсы кең ауқымды сөз сөйлеулерге әкелуі мүмкін. Бірақ мұсылман халықтарының ұлттық және діни өмірі большевизмнің таптық-саяси жүйесіне сәйкес келмеді. Нәтижесінде коммунистік режим агрессивті-идеологиялық, мәжбүрлі-репрессивті шаралар арқылы ұлттық құрылыс пен ұлттық діни өмір саласында өз бағытын орнатуға мәжбүр болды. Большевиктердің діни саясаты күшейген сайын исламның дәстүрлі таралу аймақтарында мұсылман діндарлар арасында наразылық күшейе түсті.

Түйінді сөздер: дінбасылар, мұсылмандар, медреселер, мешіт, шіркеу, қуғын-сүргін, құқықтан айыру.

Dzhumagaliyeva K.V.[1]

[1] *c.h.s., acting associate professor, S. Seyfullin Kazakh agrotechnical university, Nur-Sultan, Kazakhstan*

THE POSITION OF THE SOVIET POWER TO CLERGY DURING OF TOTALITARIANISM FORMATION

Abstract

From the first days of the establishment of Soviet power, its attitude to religion was determined. The new government separated religion from the state, thereby initially determining its position to the clergy. Having come to power, the Bolsheviks repealed the laws, where peoples were opposed on religious-national grounds. The Orthodox Church took a frankly negative position regarding not only the church poly of the Bolshevik state, but also its entire internal and external poly. At the beginning, the Soviet government treated denominations differentiated. In comparison with the adherents of the Orthodox Church, Muslims were in a slightly more preferred position. The reason was that in Muslim society Islam was not just a religion but a way of life. Violent changes in the traditional way of Muslim peoples could lead to large-scale protests against the new government. But the national and religious life of Muslim peoples did not correspond to the class-political system of Bolshevism. As a result, the communist regime was forced, through aggressive ideological, coercive and repressive measures, to impose its line in the field of national construction and national-religious life. As the religious policy of the Bolsheviks intensified in the regions of the traditional spread of Islam, discontent among Muslim believers increased.

Key words: clergy, Muslims, madrasah, mosque, church, repression, deprivation of rights.

Термин репрессия обозначает действия государства против личности. Это выражается в ограничении свободы или физическом уничтожении личности. Мы привыкли говорить о политических репрессиях представителей интеллигенции и общественных деятелей. Однако, не в меньшей степени травле и всевозможным унижениям оказались подвергнутыми представители религий. Советская власть с самого начала относилась отрицательно к духовенству [1, с. 59].

Достаточно длительный период эта тема не затрагивалась историками. В том числе малоизученными были вопросы, связанные с историей мусульманства. История религиозных течений, их деятельность и характер отношений нашла отражение в трудах наших отечественных исследователей. К ним следует отнести труды Абусеитовой М.Х. [2], Ерофеевой И.В. [3], Муминова А.К. [4], Нысанбаева А. [5], Нургалиевой А.М. [6], Нуртазиной Н.Д. [7], Саидбаева Т.С. [8], Тасмагамбетова А.С. [9] и других.

В казахстанской историографии изучение ислама происходило в двух направлениях. Это социокультурный и историко-культурный аспекты. Особенностью данных исследований казахской религиозности стало изучение ислама, как пример его проявления на народном уровне. Основным аспектом было выделение изучение повседневного сознания, народных обычаев и верований. Значительно в меньше степени рассматривались позиции ислама и его влияние на степень сознания отдельной личности. Соотношение этих двух уровней ислама рассмотрено в работах такого исследователя как Джалилов З.Г. [10].

Проблемам мусульманских религиозных организаций в Казахстане посвящены труды многих современных ученых-историков. К ним относятся Жандарбек З.З. [11], Ибадуллаева З.З. [12], Мустафина Р.М. [13], Абуов А.П. [14] и др. Они изучили истории казахских кожа, мулл, а также роли суфизма.

Среди зарубежных историков, изучающих историю ислама в Средней Азии и Казахстане, можно отметить работы Абашина С.Н. [15], Бабаджанова Б.М. [16], Кныша А.Д. [17], Мухаммадходжаева А. [18], Чвырь Л.А. [19], Хисматулина А.А. [20], Игнатенко А.А. [21]. Эти исследователи свое внимание сосредоточили на истории мусульманства в Казахстане. Они отразили деятельность религиозных институтов на современном этапе.

С позиции междисциплинарного или социологического аспекта ислам в своих трудах рассматривали Шулембаев К.Ш. [22], Курганская В.Д. и Косиченко А.Г. [23], Мухтарова Г.Д. [24], Султангалиева А.К. [25] и др. Анализируя разнообразные направления истории и положения современного ислама в Казахстане, они раскрыли проблемы внешних воздействий на мусульманство.

Среди российских историков следует выделить Малашенко А.В. [26], Ланда Р.Г. [27] и других зарубежных исследователей. Объектом их исследований стали проблемы современного ислама. Особое значение для них имеют многообразные направления ислама и его институтов. Главное внимание при этом концентрируется на процессах глобализации, которые все больше приобретают особую значимость в международной и внутренней политике стран Востока.

Отдельно следует выделить современных религиозных деятелей, которые занимаются исследованием ислама. К их числу необходимо отнести Алсабекова М-Х. У. [28], Дербисали А. [29], Нысанбай улы Р. [30] (в Казахстане), в России Гайнутдина Р. [31]. Благодаря их исследованиям и публикациям мы имеем возможность более глубокого осмысления точек зрения современных мусульманских лидеров. Отдельно они занимаются освещением места и роли мусульманской религии в современном обществе. В своих работах исследователи особое внимание уделили оценки роли ислама. Особо рассматривается значимость ислама в культуре народов Центральной Азии и других регионов.

Обо всех политических нарушениях, лишении избирательных прав, репрессиях писали не только российские, но западноевропейские исследователи. Это Конквист Р. [32], Фицпатрик Ш. [33], Алексопулос Г. [34], Хагенлох П. [35].

В целом, следует отметить, что как в казахстанской, так и зарубежной историографии касаются всевозможных аспектов религии. При этом уделяется внимание положительным и негативным проявлениям религии, её идеологии. Однако, если российские исследователи имеют опыт в изучении репрессивной политики в отношении духовенства. То казахстанские историки мало касались данной проблематики. Фактически данный аспект в отечественной историографии до сих пор не стал объектом особого исследования.

Декрет об отделении церкви от государства и школы от церкви от 23.01.1918 года лишила все религиозные общины статуса юридических лиц. Все имущество духовных сооружений стало народным достоянием, начинается активная атеистическая пропаганда [36, с. 8].

Первоначально позиция советского правительства в отношении ислама носила несколько умеренный характер. Это проявилось в признании религии как определение некоторой самостоятельности восточных народов. Но постепенно с усилением тоталитарной власти начинается период преследования верующих. Данная политика носит характер непримиримой линии, носящей антиисламский характер.

Первоначально было заявлено о свободном вероисповедании. В ноябре 1917 г. СНК РСФСР обратился со знаменитым обращением «Ко всем трудящимся мусульманам России и Востока». В документе говорилось: «...отныне ваши верования и обычаи, ваши национальные и культурные учреждения объявляются свободными и неприкосновенными. Устраивайте свою национальную жизнь свободно и беспрепятственно».

В документе местным органам власти рекомендовалось проявлять «особую осторожность» и «особое внимание» к чувствам представителей национальных окраин. Однако, спустя всего несколько лет эта рекомендации стали грубо нарушаться [37, с. 113-114.].

Летом 1918 года началось создание мусульманских комиссариатов в тех губерниях, где преобладало мусульманское население. В ноябре 1918 года было создано их центральное бюро. На первых съездах мусульман многие революционеры-большевики вместе с муллами провозгласили лозунг «Вера, свобода и национальная независимость!». Высказывались даже идеи о совместимости шариата и коммунизма. Вот почему часть мусульманского духовенства выдвинула лозунг «За советскую власть, за шариат!». В 1919 г. было даже разрешено праздновать Курбан-айт как официальный мусульманский праздник [27, с. 55].

В этот период предпринимались усилия практического компромисса с мусульманством. Некоторые специалисты считали необходимым учитывать определенные особенности мусульманского Востока. К их числу они относили бытовую, психологическую и культурную специфику мусульманства. Так академик В.В. Бартольд отмечал, что «мусульманская культура достигла высокого процветания задолго до принятия русским народом христианства» [38, с. 171].

Активность мусульманства и религиозной жизни прослеживается в начале и середине 1920-х гг. На всей территории Казахстана создавались мусульманские учреждения. Они объединили представителей духовенства многообразных национальностей: казахов, уйгур, дунган, узбеков, татар. Только 90% верующих и служителей культа были казахи. Уже в 1924 г. в республике имелось несколько десятков медресе. В тоже время строились мечети. Функционировал шариатский суд. Активизация ислама была особенно заметна на юге Казахстана. На севере же почти отсутствовали мусульманские школы. Суд шариата также не получил распространения в указанном регионе [39, с. 113-114].

Но постепенно начинает складываться другая картина. В апреле 1918 года начинается подавление всероссийского мусульманского движения, разгром Кокадской автономии и другие события. Народ и духовенство было недовольно распространением атеизма. В 1925-1927 гг. начинается ограничение мусульманского просвещения, закрываются медресе, запрещаются религиозные праздники. В 1926 году запрещен был национальный праздник Наурыз.

В апреле 1922 года состоялся Мусульманский конгресс Туркестана, на котором в торжественной обстановке была провозглашена независимая Туркестанская республика. При этом восстановлены были законы шариата. В связи с тем, что позиции советской власти в регионе были не достаточно прочными, были восстановлены ликвидированные шариатские суды. Верующим мусульманам были возвращены мечети и медресе. Духовенство получило отобранное имущество. Разрешили празднование пятницы. Вновь стали выбирать имамов. В декабре 1923 года было проведено совещание мулл. Мероприятие прошло под лозунгом «Советская власть не противоречит исламу!». Эти действия большевиков в некоторой степени оправдали себя и произвели соответствующее впечатление на колеблющихся мусульман.

Однако, все эти планы оказались до конца не реализованными из-за убеждений Сталина. Догматизм и необразованность препятствовали многим большевикам придерживаться последовательной политики в решении этого вопроса. Знаменитый советский востоковед Л.П. Павлович считал, что из-за незнания восточных языков представители новой власти имеют смутное или не совсем правильное представление о народах Востока. Вот почему история восточных народов, экономическая и духовная жизнь не получили должного освещения [27, с. 129.].

После укрепления позиций советской власти в стране в целом и в Средней Азии в частности необходимость привлечения мусульман на свою сторону стала ослабевать. Тем более, что после смерти В.И. Ленина начинается борьба за политическое преобладание. Начинается острая борьба за власть и укрепление позиций в партии.

Потребность в мусульманах-коммунистах была необходима, когда требовалось достичь влияния у мусульманских народов. Одна из главных задач состояла в привлечении их на сторону советской власти. А также требовалось снизить уровень национализма и влияние басмачества среди населения. Однако среди местных коммунистов были те, кто стремился серьезно реализовывать политику почтения и сохранения национальных прав. Другая часть считали потребным признания ислама, национальных культур и обычаев. Позиция таких коммунистов явно не устраивала Сталина. Впоследствии многие из них были обвинены в антипартийной и антигосударственной деятельности. Национальная интеллигенция была обвинена в национал уклонизме. В итоге многих из них были подвергнуты репрессиям [39, с. 116].

Первые акты насилия по отношению к верующим начались в 1918 г. Причиной стала гражданская война. Многие священники были на стороне белой гвардии. С 1928 года начинается масштабное наступление на религию. 8 апреля 1929 года появилось постановление ВЦИК и СНК «О религиозных объединениях». Согласно этому документу советская власть отказывалась от невмешательства в дела церкви. В Казахстане искоренение ислама было тесно связано с советизацией аула, строительством колхозов.

17 сентября 1928 года издается постановление ВЦИК о передаче культовых зданий советским учреждениям. Начались массовые перегибы. Церкви, монастыри, мечети, синагоги закрывались. Для их ликвидации выдвигались различного рода обвинения, на основании которых отбирали эти объекты [25, с. 50]. В отобранных зданиях размещали клубы, склады, столовые, конюшни школы. В 1929-1933 годы в Казахстане было закрыто 198 церквей и мечетей [40, с. 246].

В 1922 году власть предприняла изъятие церковных ценностей. Предполагаемым предлогом стало оказание помощи голодающему населению страны. В.И. Ленин писал, что нужно решительно отбирать церковные ценности. Чем больше духовенства можно будет расстрелять, тем лучше. По его мнению, нужно было сломить сопротивление церковников [10-41, л. 25]. К изъятию церковных ценностей население отнеслось отрицательно. Некоторые крестьяне отказывались сдавать имевшиеся у них ценности в виде икон и других церковных предметов [42, л. 39].

Ответом стали начавшиеся массовые аресты. Муллам, ишанам, хаджам выдвигали обвинения по статье 58 УК РСФСР и начали их ссылать на Урал и в Сибирь. Так, в 1940 году в Карлаге отбывало наказание 355 служителей культа. Для начала массовых репрессий в отношении духовенства стало возобладавшая точка зрения властей, что вокруг мечетей в Казахстане объединились контрреволюционные силы, кулаки, баи [43, с. 33, 179].

Преследования и расстрелы представителей церкви и верующих привели к тому, что в 30-х годах в Казахстане почти не осталось функционировавших религиозных объектов. Такую же позицию новая советская власть предприняла и по отношению к исламу. В 1911 году в Уральской области работало 59 мечетей, в Семиреченской их было 288. В этих областях службу несли в первой области 50 и в другой 189 мулл. В конце 30-х годов местные органы власти ликвидировали как религиозные объекты, так и самих служителей. Кроме православных церквей и мусульманских мечетей были уничтожены религиозные культовые сооружения, представлявшие другие течения и религии. Многие служители впоследствии были оправданы. Другие осуждены на сроки от 1 до 5 лет. Советская власть еще не могла четко определить, за что привлекать верующих к суду. Они стремились придать некую законность своим действиям [44, с. 62-65].

Во второй половине 20-х годов стали преобладать косвенные гонения. К их числу относились ограничения в правах, усиление антирелигиозной пропаганды, увеличение налогов. Все духовенство и члены их семей были лишены избирательных прав. Они были поставлены вне закона.

Новые гонения начались в 1929 году. Причиной стала насильственная коллективизации. Коммунисты прекрасно понимали, что если в селе не закрыть церковь и не арестовать священника, то на проведение коллективизации можно не рассчитывать. Многие священники выступали против коллективизации. Всех священнослужителей относили к кулакам. А потом их подвергали репрессиям [45, с. 90-93]. Больше всего число арестованных священников приходится на 1930 год. В это же время власть приступила к повсеместному закрытию культовых объектов.

Оставшиеся священники были обязаны регистрироваться в соответствующих органах и находиться под их бдительным наблюдением. На каждого духовника заводилось персональное дело. Первым делом священники лишались избирательных прав. Эта же мера наказания распространялась и на совершеннолетних членов семей священнослужителей. Это было вопиющим нарушением прав человека. В 1923 году в Петропавловском уезде отстранили 514 человек от участия в избирательной компании как служителей религиозных культов.

Духовенство изолировали от участия в общественной жизни страны. Их не допускали на общие собрания. Они не имели права решающего голоса. Священнослужителей лишали собственных домов. Полученные и собранные от населения добровольные пожертвования органы власти изымали и передавали в пользу различных фондов. В то время как большое число церковников, по сути, не являлись баснословно богатыми и были скорее на положении бедных.

Особый интерес представляет секретное письмо секретаря ЦК ВКП(б) Л. М. Кагановича от 14 февраля 1929 г. «О мерах по усилению антирелигиозной работы». Он считал необходимым распространение антирелигиозной политики на все сферы общественно-политической жизни советского народа. По мнению Кагановича «…административные меры принимаются против антисоветской, а не религиозной деятельности религиозных обществ, не являются «гонениями» на веру, за самое отправление религиозного культа. Надо при этом различать деятельность верхушки религиозных организаций от религиозных настроений массы. Для верхушки религиозные верования сплошь и рядом служат лишь прикрытием их антисоветской деятельности. Религиозные настроения массы коренятся в большинстве

случаев в медленном темпе развития социалистического строительства. Надо научиться умелой агитацией ослаблять влияние вожаков и вовлекать массы в широчайшее участие в советском строительстве, будя и организуя их на этой почве около советов» [46, л. 1 об.]. Именно этот документ послужил толчком к началу широкомасштабных репрессий в отношении священнослужителей.

8 апреля 1929 г. Президиум ВЦИК принял постановление «О религиозных объединениях». Было принято решение о создании при ВЦИК Постоянной комиссии для рассмотрения всех вопросов, связанных с деятельностью религиозных обществ. Постановление определило основные права и обязанности религиозных обществ. Основные положения Постановления привели к регулированию взаимоотношений государства с верующими. Религиозным объединениям воспрещалось: «а) создавать кассы взаимопомощи, кооперативы, производственные объединения и вообще пользоваться своим имуществом для каких-либо иных целей, кроме удовлетворения религиозных потребностей; б) оказывать материальную поддержку своим членам». Помимо этого, нельзя было «организовывать как специально детские, юношеские, женские, молитвенные и другие собрания, так и общие библейские, литературные, рукодельнические, трудовые, по обучению религии. Устраивать экскурсии и детские площадки, открывать библиотеки и читальни, организовывать санатории и лечебную помощь». [47, с. 479].

После появления этих директив начались массовые закрытия церквей. В 1929-1935 годы перестали функционировать все церкви в Северном Казахстане. В Петропавловске сохранились только 3 православные церкви. В Приишимском районе осталось только два храма. Подобная картина наблюдалась по всей области. При этом не только закрывали церкви и мечети, но и уничтожали святыни. Сами служители культовых сооружений подвергались арестам. Либо их ссылали и заключали в лагеря. В отдельных случаях заканчивались расстрелами.

В 1937 году только в Петропавловске к расстрелу приговорили 6 священников. Вместе со священниками к высшей мере наказания были приговорены псаломщики, певчие, председатели церковных советов, церковные сторожа. Одновременно местные власти вели строгий учет закрываемых мечетей. В Павлодарской области в 1928-1929 годы были закрыты мечети в аулах № 1, 6, 7, 16. В г. Павлодаре сохранились две мечети, и по одному в аулах № 5, 8, 10, 17 [45, л. 51].

Подтверждение этим фактам служат наличие одного из архивных документов. Действительно, при лишении избирательных прав часто смешивали служителей религиозных культов с обслуживающим персоналом, не видя разницу в их функциях. К духовным лицам относились попы, муллы, мударисы. К обслуживающим – певчие, регенты, сторожа, уборщики. Поэтому, лишение политических прав обслуживающего персонала, а тем более их расстрел был полным нарушением принятых указаний [48, л. 21 об.].

Подобные факты отмечались в Акмолинске. Особый интерес представляет выписка из постановления общего собрания казахского и татарского населения г. Акмолинска, состоявшегося 9 марта 1930 года. В работе собрания участвовало 180 человек. Из присутствовавших на собрании было 140 женщин и 40 мужчин. В указанный период в городе имелось 2 пустующие мечети, которые посещали несколько стариков 1 раз в неделю. Общее собрание посчитало целесообразным немедленно передать одну мечеть под культурное учреждение. Данное решение собрание приняло под давлением местных органов власти.

На тот период времени в городе было 2 церкви, 2 мечети и 1 синагога. Синагога была передана горсоветом под школу. Для верующих же оставили 1 церковь и 1 мечеть [49, л. 252].

Судьба культового имущества после закрытия была разной. При закрытии мечетей указывались одни и те же формулировки. Как правило, большая часть зданий передавались на общественно-культурные цели, существовавшие лишь на бумаге. Большинство мечетей превращались в хозяйственные помещения или пустовали.

В связи со строительством железной дороги Акмолинск – Караганда резко возросло число рабочих. Началась разработка Карагандинских угольных копий, строительство медеплавильного завода. Для проведения просветительской работы принято было решение о передаче мечети под клуб.

20 марта 1930 года Председатель совета мусульман и мулла Измаилов Абдрахим подписал постановление о ликвидации мечети. Одной из причин стала задолженность по налогам. Но закрытие обеих мечетей совпало с праздником верующих Ураза айт. После того как верующие города собрали деньги, мулла заплатил требуемый налог. Однако, несмотря на это, мечеть была закрыта, что вызвало недовольство верующих. КазЦИК потребовал возвратить вторую мечеть и провести расследование работниками горсовета, которые допустили такую политическую ошибку [49, л. 260].

В начале XX века в Туркестане насчитывалось 6,03 миллиона мусульман. Представителями православной веры было 391 тысяча христиан. В регионе на 5 340 мечетей приходилось 306 церквей. Здесь, как и по всей стране, начались притеснения священнослужителей. Мечети и церкви подвергались осквернению. Многие культовые объекты были просто разрушены или переданы для проведения культурно-массовых мероприятий. Сами же служители обеих религий подвергалось гонениям. Часть отправлены в ссылку, посажены в тюрьмы, а некоторые расстреляны. Позиция советской власти к религии привела к сближению двух конфессий.

В 1919 году одна из мусульманских семей оказала помощь протоиерею Михаилу Амелюстому. Они укрыли священника от красноармейцев и тем самым спасли ему жизнь. При этом они, по сути, рисковали своей жизнью. Представители православной и мусульманской веры переносили и делили тяготы тюремного заключения вместе. Оказывали друг другу помощь и духовную поддержку. В 1931 году в одном из писем епископ Тутаевский Вениамин (Воскресенский) из Уральска написал, что в камере вместе с ним еще 4 православных священника и 5 мулл [50].

Казахстан стал также местом, куда ссылались арестованные священники со всей страны. И то, что они остались в живых, несмотря на все лишения, заслуга местного населения. Священника Николая, впоследствии митрополита Алма-Атинского и Казахстанского спас от смерти простой мусульманин-татарин. Он отбывал ссылку в Актюбинской области, на железнодорожной станции Челкар. Осенью 1942 года татарин подобрал его. Священник умирал, полуживой на дороге. Незнакомый человек доставил его в больницу. А когда он окреп, приютил в своем доме. Митрополит Алма-Атинский и Казахстанский Иосиф (Чернов) с 1954 по 1956 год отбывал ссылку в Кокчетаве. Его укрыла многодетная мусульманская казахская семья. Они приняли его как близкого человека и считали членом семьи.

До революции 1917 года в городе Троицк имелось достаточно мечетей. В 1928 году по распоряжению местных властей была закрыта 4 соборная мечеть. Имам мечети Мухаммед-Габдулах Яруллин был лишен избирательных прав. Его заставили оставить дом. Он со своей семьей был вынужден жить в бане. В 1938 году он подвергся аресту. В дальнейшем его судьба не известна, он пропал без вести [51, лл. 1-5].

Приведенные факты еще раз убеждают нас в том, что две мировые концессии и две великие культуры тесно переплелись между собой. Христианство и ислам длительное время параллельно уживались и развивались в Казахстане. В основе обеих религий лежат нравственные заповеди. Они направлены на духовное возрождение и утверждение миротворческих начал в обществе. Именно этот фактор взаимопомощи помог служителям обеих церквей пережить и преодолеть все лишения и тяготы. Ко всем представителям религиозных культов применялись и другие методы воздействия. Они в отличие от других категорий населения вынуждены были платить высокие налоги.

При этом налоги для служителей культа имели свои параметры нормы. Во многих документах отмечается грабительский характер налоговой политики. Кроме налогов, в отношении мулл употреблялись и другие формы воздействия. Как лишенные избирательных прав они автоматически выселялись с жилплощади. Их привлекали к различным трудовым повинностям. Они были обязаны заниматься поставкам мяса, молока, картофеля.

Ухудшение материального положения, политическое бесправие как граждан привели к тому, что часть духовенства отреклись от сана. Этот процесс особенно ярко проявился в 20 - 30-е годы прошлого века. Вместо традиционных мулл появились так называемые «лапотные» или «безмечетные» муллы. Их функции осуществляли простые верующие мусульмане. Они проводили традиционные культовые обряды. В этот период ислам носил больше бытовой характер.

Для регулирования вопросов ислама еще при Екатерине II было создано Центральное духовное управление мусульман России (ЦДУМ). В 1917 году муфтием и председателем ЦДУМ был избран Р.Фахретдин. 30 ноября 1923 года НКВД РСФСР утвердил Устав ЦДУМ. Полномочия этой организации были распространены на Европейскую часть РСФСР и Сибирь, Казахскую АССР. [52, с. 56]. В этот период основную массу обращений в ЦДУМ составляют заявления представителей мусульманских общин по поводу незаконного закрытия мечетей. Идеологическая борьба часто подменялась с внешними проявлениями религии, с ее атрибутами. У многих партийных и советских деятелей превалировало мнение, что важным показателем падения религиозности является закрытие культовых зданий. Отношения ЦДУМ в центральные органы за подписью Р. Фахретдина приводят сотни фактов грубого отношения к чувствам верующих и попрания свободы совести, когда мечеть закрывалась силовым путем без наличия какого-либо постановления [53, с. 92].

Масштабное развитие социалистического строительства, укрепление и усиление тоталитаризма в стране положило начало политике массовых политических репрессий. Не обошли они стороной священнослужителей и рядовых верующих.

Репрессии по отношению к духовенству и верующим занимали особое место в общей репрессивной политике Советского государства. Стратегической целью была полная ликвидация религиозных пережитков, а тактической задачей – создание условий для такой ликвидации. К концу 1932 года в СССР было закрыто 60 процентов церквей и мечетей. Из трех тысяч мулл осталось на свободе не более трехсот.

20 мая 1937 года Маленков Г.М. обратился к Сталину с предложением об отмене постановления от 8 апреля 1929 года. По его мнению, этот декрет привел к созданию «широко разветвленной, враждебной советской власти, легальную организацию в 600 тысяч человек по всему СССР» [54, л. 37]. По мнению Красикова П.А. нельзя всех верующих считать врагами народа. Необходимо проводить единую политику в отношении религии, совершенствовать законодательство о культах и строго соблюдать его по всей стране [55, с. 102].

Таким образом, после прихода к власти большевикам необходимо было укрепить свои позиции в регионах традиционного распространения ислама. В 1920-1930-е гг. ярко выделился антиисламский характер политики советского государства. В ее основу легли следующие направления: политическое, где духовенство преследовалось как представители господствующего класса и конфессиональных объединений. Правовое направление определило новый политико-правовой статус церкви, в результате чего духовенство было лишено гражданских прав, отсутствовали гарантии свободы совести и т.п. Экономическая сторона была направлена на уничтожение хозяйственных основ духовной деятельности. Идеологическое же направление закрепило атеизм в качестве государственной теории. В период тоталитаризма советская власть фактически насильственно объединила близких по языку и культуре этносов в более крупные народы. И тем не менее, несмотря ни на что, ислам в социалистическом государстве и постсоветских условиях не только не потерял свою самобытность. Но как религия доказал свою универсальность и способность воспринимать новое.

Список использованной литературы:

1. Настольная книга атеиста. М., 1971. – С. 59-63.
2. Абусеитова М.Х., Абылхожин Ж.Б., Кляцгорный С.Г., Масанов Н.Э., Султанов Т.И., Хазанов А.М. История Казахстана и Центральной Азии: учебное пособие. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2001. – 616 с.
3. Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. (история, историография, источники). – Алматы: «ТОО Print-S», 2003. – 178 с.
4. Муминов А.К. Казахские ходжи // SHYGYS. №1, 2004. – С. 229-235.
5. Нысанбаев А.Н. Евразийский межконфессиональный диалог как фактор обеспечения континентальной безопасности // Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. 2003. - №3(3) – С. 3-19.
6. Нургалиева А.М. Очерки по истории Ислама в Казахстане. Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. – 224 с.
7. Нуртазина Н.Д. Борьба с исламом. Религиозная политика Советской Власти в Казахстане в 20-40-е годы XX века. – Алматы: «Қазақ: Университеті, 2008. – 36 с.
8. Саидбаев Т.С. Ислам и общество. Опыт историко-социологического исследования. изд. 2-е доп. – М.: «Наука», 1984. – 302 с.
9. Тасмагамбетов А.С. Политика Советской власти в отношении ислама на Востоке страны в первые годы после Октября 1917 г.// Октябрь 1917-го: проблемы истории и историографии: матер. межд. науч. конф. Ч.2.- Москва: ИтиГ, 2008. – С.74-80.
10. Джалилов З.Г. Ислам и общество в современном Казахстане. – Алматы: «Дайк – Пресс», 2006. – 204 с.
11. Жандарбек З.З. «Насаб-нама» нұскалары және түркі тарихы. – Алматы: Дайк-Пресс», 2002. – 168 с.
12. Ибадуллаева З.О. Қазақ халқының құрамындағы құжаттар (тарихи-этнографиялық зерттеу): тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесің алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат - Алматы, 2001 - 31 с.
13. Мустафина Р.М. Ислам в Казахстане в советский период // Отан Тарихы (Отечественная История), 2003. - № 4. – С. 48-57.
14. Абуов А.П. Мировоззрение Ходжа Ахмета Ясави и его место в истории казахской философии. Автореф. дисс. докт. филос. наук. – Алматы, 1997. – 35 с.
15. Абашин С.Н. Потомки святых в современной Средней Азии / Этнографическое обозрение, 2001, - №4 - С. 62-83.
16. Бабаджанов Б.М., Муминов А.К., фон Кюгельген А. Диспуты мусульманских религиозных авторитетов в Центральной Азии в XX веке. Алматы: «Дайк - Пресс», 2007. – 269 с.
17. Кныш А.Д. Мусульманский мистицизм: краткая история /пер. с англ. Романов М.Г. – СПб.: «ДИЛЯ», 2004. – 464 с.
18. Мухаммедходжаев А. Идеология накшбандизма. Душанбе: Дониш, 1991. – 232 с.
19. Чвырь Л.А. обряды и верования уйгуров XIX-XX вв.: очерки народного ислама в Туркестане. – М.: Вост. лит., 2006. – 288 с.
20. Хисматулин А.А. Суфизм. – СПб.: «Азбука-классика», «Петербургское востоковедение», 2008. – 192с.
21. Игнатенко А.А. Ислам в XXI веке: Главные направления исследования // Полиция, 2007 - № 4(47). – С. 7-34.
22. Шулембаев К. Ш. Образ жизни, религия, атеизм: общее и особенное в образе жизни и религиозных верованиях казахов и вопросы атеистического воспитания. – Алма-Ата: «Казахстан», 1983. – 264 с.
23. Курганская В.Д., Косиченко А.Г. Ислам и исламские лидеры в Южном Казахстане. – Алматы: Центр гуманитарных исследований, 2005. – 60 с.
24. Мухтарова Г.А. Ислам в Советском Казахстане Автореф. дисс. . д. истор. наук. – Уральск, 2007. – 50 с.
25. Султангалиева А.К. Ислам в Казахстане: история, этничность и общество. – Алматы, 1998. – 173 с.
26. Малашенко А.В. Исламская альтернатива и исламистский проект. – М.: «Весь Мир», 2006. – 221 с.
27. Ланда Р.Г. Ислам в истории России. – М., 1995. – 189 с.
28. Алсабеков М-Х. У. Духовность и свобода человека в Исламе. – Алматы, 2005. – 148 с.
29. Дербисали А. Духовное Управление мусульман Казахстана Алматы, 2003118. Императорская Россия и мусульманский мир (конец XVIII- начало XX вв.): сборник материалов / сост. и авт. вступ. ст., предисл. и коммент. Арапов Д.Ю. – М.: «Наталис», 2006. – 480 с.
30. Нысанбайулы Р. Ислам истинная религия Аллаха /ред. Мышанов Б.К. - Алматы: «Рауан», 2000. – 144 с.
31. Гайнутдин Р. Ислам в современной России. – М.: ФАИР-Пресс, 2004. – 320 с.
32. Conquest R. The Great Terror: a Reassessment. London, 1990.
33. Фицпатрик Ш. Повседневный сталинизм. Социальная история Советской России в 30-е годы. – М., 2001. – 336 с.
34. Alexopoulos G. Stalin's Outcasts: Aliens, Citizens, and the Soviet State, 1926-1936. Ithaca, London, Cornell University press, 2003.
35. Hagenloh P. Socially Harmful Elements and the Great Terror // Stalinism: New Directions. London, New York, 2000.
36. Лившиц Г.М. Очерки по истории атеизма в СССР: 20-30 гг. – Минск: Наука и техника, 1985. – 215 с.
37. Декреты Советской власти / Ин-т марксизма-ленинизма при ЦК КПСС, Ин-т истории акад. наук СССР. – М.: Политиздат, 1957 - 1997. – Т.1. – 756 с.
38. Бартольд В.В. Сочинения. Т.II. Часть I. Общие работы по истории Средней Азии. Работы по истории Кавказа и Восточной Европы. – Монография. – М.: Наука, 1963. – 1024 с.

39. Кенжебаева К.К. О роли мусульманского фактора в политических процессах Казахстане в 20-30 гг. XX века / Сб. материалов конференции «СМИ в системе политических институтов: теория и практика» - Астана, 2010 - С.
40. Абдакимов А. История Казахстана. – Алматы: РИК, 2001. – 235 с.
41. Государственный архив города Нур-Султан (ГАГН-С). Ф. 32. Оп. 1. Д. 16
42. Государственный исторический архив Омской области. Ф. 1. Оп. 3. Д. 135.
43. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. [Текст]: Сб. док. / Архив Президента Республики Казахстан: отв. ред. Л.Д. Дегитаева. – Казакстан – Алматы: Казакстан, 1998. – 336 с.
44. Кашеваров А.Н. Государство и Церковь. Из истории взаимоотношений советской власти и Русской Православной Церкви. 1917-1945. – СПб, 1995. – 148 с.
45. Государственный архив Павлодарской области. Ф.844. Оп. 1. Д.50.
46. Государственный архив Российской Федерации (далее ГА РФ). Ф. 5263. Оп. 2. Д. 7.
47. Собрание узаконений и распоряжений Рабоче-крестьянского правительства РСФСР. М.: НКЮ. 1929. № 35. С. 474–483
48. ГАГН-С. Ф. 32, Оп. 1, Д.18
49. ГАГН-С. Ф. 32, Оп. 1, Д.116
50. Православие и ислам в Казахстане - вместе навсегда Митрополит Пермский и Соликамский Мефодий (Немцов), Казахстанская Правда, 30 ноября 2004 г.
51. Государственный архив Оренбургской области. Ф. 88. Оп.6. Д.233.
52. Ислам и советское государство (1917–1936): сб. документов. Вып. 2 / сост. Д.Ю. Арапов. – М.: изд. дом Марджани, 2010. – 208 с.
53. Хакимов Р.Ш. Лишение избирательного права мусульманских священнослужителей в 20-30-е годы XX века (на примере Урала) // Международный журнал экспериментального образования. – 2013. – № 11-1. – С. 90-93.
54. ГА РФ. Ф. 5263. Оп. 2. Д. 9.
55. Одинцов М.И. Государство и церковь в России, XX в. Рос. акад. управления, Политол. центр. – М.: Луч, 1994. – 171 с.

Дүйсембаева Назира Бәкірқызы[1]

[1]*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*
Тарих, археология және этнология факультетінің 3-курс докторанты
Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, bakirovna@bk.ru

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада XX ғасырдың басындағы оқу-ағарту ісі және ұлт зиялыларының осы саладағы атқарған қызметі жайлы сөз болады. XX ғасырдың басында Қазақстанда халыққа білім беру екі – діни және зайырлы бағытта жүрді. Ресей империясы қазақ жерінде оқу-ағарту саласында да өзінің орыстандыру саясатын жүзеге асырып отырды. Осы орыстандыру саясатына қарсы күресуде Алаш қайраткерлерінің сіңірген еңбегі зор болды.

Мақалада Алаш зиялыларының оқу-ағарту саласындағы қызметінің бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпағандығы дәлелденеді. Сонымен қатар қазақ зиялысы А.Байтұрсынов негізін қалаған латын әліпбиінің маңыздылығы да қарастырылады.

Түйін сөздер: тарих, Алаш, оқу-ағарту, білім, қазақ зиялылары, жәдидшілдік, мектеп, медресе, интеллигенция.

Nazira Duisembayeva[1]

[1]*Al-Farabi Kazakh National University, 3-year PhD student of the Faculty of History, Archeology and Ethnology*
71 Al-Farabi Avenue, Almaty, 050040, Kazakhstan, bakirovna@bk.ru

CONTRIBUTION OF THE NATIONAL INTELLIGENTSIA TO THE INTELLECTUAL DEVELOPMENT OF SOCIETY IN THE EARLY XX CENTURY

Abstract

This article examines the educational work and activities of the national intelligentsia of the early XX century. In Kazakhstan, public education developed in two directions: religious and secular. The Russian Empire considered school education as one of the most effective means of Russification in the Kazakh land. In the fight against this policy of Russification, Alash representatives contributed enormously.

The article substantiates that the activities of the Kazakh intelligentsia in the field of education resonate just as strongly today as when they appeared in the early XX century. In addition, the paper also demonstrates the importance of the Latin alphabet, founded by the Kazakh intellectual AkhmetBaitursynov.

Keywords:history, Alash, enlightenment, education, Kazakh intelligentsia, Jadidism, school, madrassa.

Дүйсембаева Назира Бакировна[1]

[1]*Казахский национальный университет имени аль-Фараби*
Докторант 3-курса факультета истории, археологии и этнологии
Республика Казахстан, 050040, г. Алматы, проспект аль-Фараби, 71, bakirovna@bk.ru

ВКЛАД НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ОБЩЕСТВА В НАЧАЛЕ XX ВЕКА

Аннотация

В данной статье рассматривается просветительская работа и деятельность национальной интеллигенции в этой области начала XX века. В Казахстане народное образование развивалось по двум направлениям: религиозному и светскому. Российская империя рассматривала школьное образование как одно из действенных средств русификации на казахской земле. В борьбе с этой политикой русификации представители Алаш проделали большую работу.

В статье обосновывается, что деятельность казахской интеллигенции в сфере образования не утратила актуальности и по сей день. Кроме того, рассматривается важность латинского алфавита, основанного казахским интеллектуалом А. Байтурсыновым.

Ключевые слова: история, Алаш, просвещение, образование, казахская интеллигенция, джадидизм, школа, медресе.

XX ғ. басындағы ұлт зиялыларының қоғамның интеллектуалдық дамуына сіңірген еңбектерін зерттеу бүгінгі қоғамның дамуы үшін өте өзекті мәселе. Өйткені, XX ғасырдың бас кезіндегі мемлекеттілік жолындағы күрес пен қазіргі таңдағы мемлекеттілікті, тәуелсіздігімізді нығайту жолындағы күрес тікелей сабақтас. Ағартушылық қызметі мәселесін шешуде ұлт зиялы қауымының алдыңғы қатарлы өкілдері өз ой-пікірлерін «Айқап» журналы, «Қазақ» газеті және т.б. газет, журналдар арқылы халыққа жеткізуге күш салды, олар қоғамның интеллектуалдық даму бағытына білім мен ғылым идеялары мен өркениеттілік арқылы жетуді өздеріне мақсат етті. Олардың бұл идеялары із-түссіз кетпеді, оны қазіргі уақыттың өзі көрсетіп отыр. Сол себепті де мақалаға арқау болып отырған ұлт зиялыларының қоғамның интеллектуалдық дамуына қосқан үлесі мәселесі өзекті тақырыптардың бірі екендігі нақты тұжырым айта аламыз.

Мақаланың мақсаты – қоғамдық сананы оятып, халықтың ғылым мен білімді иегеруіне орыстандыру саясатына қарсы күрескен ұлт зиялыларының қосқан үлесін зерттеу болып табылады.

XX ғасырдың басында білім мен ғылым бағытындағы қызмет бағдарламалық сипат алды. Біріншіден, ұлт зиялылары қоғам өмірін халық арасында білім тарату арқылы қайта құра алатындығына және дүниежүзілік өркениетке ғылым мен оқу-ағарту арқылы ғана жететініне кәміл сенді. Екіншіден, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары дәрігерлерден, саясатшылардан, заңгерлерден, ақын-жазушылардан құралды, ал мұның өзі сол кездегі ұлт зиялыларының ерекше ғалымдық кәсібінің пайда болуына негіз болды. Қазақ ғылымының алғаш қалыптасуына ерекше үлес қосқан А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, Ж.Аймауытов, С.Асфендияров және т.б. болды.

Мақаланы жазуға тарих ғылымында бұрыннан белгілі-тарихилық, жүйелілік, тарихи танымдық, тарихи психология және отан тарихын жаңаша көзқараспен жазу, қалыптасқан объективтік және сын талдау мен сараптау принципі алынды.Зерттеу барысында нақты-тарихи, салыстырмалы тарихи, талдау, жинақтау және қорыту әдістері, сонымен қатар логикалық әдістер қолданылды.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері қазақ тарихын, оны зерттеуге жаңаша көзқарастар мен ой-пікірлер қалыптасты. Соның ішінде кеңестік Қазақстан тарихын зерттеу мен зерделеуде көптеген тарих беттері ашыла бастады. Отандық тарихымызды бұрынғы кеңестік түсініктерден тазартып, оны қайта зерделеп, жаңаша талдау жүргізіліп келеді.

Жалпы елімізде болып жатқан өзгерістер бірден қалыптасқан жоқ. Оған алдыңғы қатардағы ойшылдар, яғни қазақ интеллигенциясы өз септігін тигізді. Ал қазақ қоғамының тарихында интеллектуалдық көзқарастардың маңызы мен ерекшелігі өте зор. Қазақ ағартушылығына XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы Ресейдегі болған қозғалыстарөз ықпалын тигізді.Ұлт зиялыларының халықтың көзін ашуға, халық ағарту ісіне, білім мен ғылымға үндеген еңбектері, жалпы қазақ халқының бостандығы мен теңдігі жолындағы күресі еді. Алайда қазақ интеллигенциясы патша өкіметі мен сталиндік қудалауды басынан өткере отырып, қиын да күрделі эволюциялық даму сатысынан өтті. Олар сонда да қазақ халқының мұң-мұқтажын жоқтап, әділет пен шындық жолында өз идеяларын жүргізуге тырысты.

Тарихнамалық тұрғыдан алғанда, XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының қоғамның интеллектуалдық дамуына қосқан үлесі жеке мәселе ретінде зерттелмеген. Зиялылардың қоғамның білім, ғылым арқылы рухани дамуына қосқан үлесін біз тек Алаш тақырыбы мен репрессия тарихы аясында жазылған еңбектер негізінде ғана талдай аламыз. Бұл бағыттағы іргелі зерттеулердің авторлары отандық ғалымдар М.Қойгелдиев[1], С.Аққұлұлы[2], Т.Омарбеков[3], М.Қозыбаев [4], К.Нұрпейісовтермен [5] қатар, ресейлік ғалым Д.А.Аманжолова [6-9]. Ғалымдар негізінен қазақ зиялы қауым өкілдері патша өкіметінің 1916 жылғы маусымдағы жарлығына дейін оқу-ағарту

саласымен, яғни интеллектуалдық жұмыспен айналысқандығы және олар патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы тұрғандығын айтады [5; 18].

Ресейлік ғалым Дина Аманжолова зерттеулерінде негізінен алаш тақырыбына қалам тартып жүргенін ескерсек, алаш қайраткерлері, яғни ұлт зиялылылары туралы, олардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметімен қатар, шығармашылығы хақында бірқатар құнды материалдар алуға болады. Сонымен қатар, 2018 жылы жарық көрген «Этнические элиты в национальной политике России» атты еңбекте, Д.Аманжолова жүйелеген Ресей құрамына енген жергілікті халықтар арасынан шыққан этникалық элиталардың тізімі бірқатар жан-жақты мәлімет береді.

Патшалық Ресей қазақ халқының жері мен оның қазба-байлығына иелік етіп қана қоймай, олар қазақтарды жайлап тілінен, дінінен, ділінен айырып рухани дүниесіне де қол сұғып отарлай бастады. Оны түсінген ұлт зиялылары ең бастысы халықтың сана-сезімі мен ұлттық мәдениетін көтере отырып, бостандыққа жетуге болатынын түсінді. Сондықтан да ұлт зиялыларыы ел ішінде білім кешендерін жолға қоюға, яғни оқу-ағарту саласына ерекше мән беріп, сол салада көптеген жұмыстар атқарды. Д.Қамзабекұлы қазақ ағартушылығын үшке бөліп қарастырады. Олар: 1. Бастапқы ағартушылық (1860-1890 жылдар). 2. Негізгі ағартушылық немесе Алаш ағартушылығы (1890-1920 жылдар). 3. Инерциялық ағартушылық (1920-1929 жылдар). Алғашқы ағартушылық кейінгі зиялы қауым өкілдеріне көп нәрсені меңзеп жол көрсетіп кетті, ал негізгі Алаш ағартушылығының мақсаты да, арман-тілегі де бір болды. Сол мақсатта еңбек етіп, халықты білім мен ғылымға қол жеткізуге жетелей білді деп көрсетеді [8].

Қазақ ағартушыларының көзқарастарында қоғамдық прогресс идеяларының қалыптасуы

Ұлт зиялылары қазақ халқының көзін ашып, көңілі мен санасын оятып, оларды ескіліктен арылтып, патшалық езгіденқұтқаруға тырысты. Қазақ ойшылдары француз бен орыс ағартушылары сияқты федолизм мен крепостнойлық тәртіптің ыдыраған кезінде емес, ертеден жалғасып келе жатқан қауымдық қатынас үстем болып тұрған жағдайда жүргізуге мәжбүр болды. Осыған орай қазақ ағартушыларының көзқарастарында қоғамдық прогресс идеялары ұлтаралық достық пен ынтымақтастық, орыс халқы мәдениетінің жетістіктері мен игі әсері жайлы жағымды ойлармен астасып жатты.

Жалпы, ағартушылық феномені Еуропада Жаңа заманда өнеркәсіптің қарыштап алға басып дамыған кезде пайда болды. Онда адамзат тарихында ғылымның дамуына еркіндік беріліп үстемдік етіп, білім мен ғылым алдыңғы қатарға қойылды. Ендігі кезекте Қазақстан да мұндай жағдайдан сырт қалмады. Оған басты себеп болған көзі ашық, көкірегі ояу ұлт зиялылары болды. Алайда, қазақ жерінде Европамен және Ресеймен салыстырғанда ағартушылық феноменінің шығу себептері мен қызметі басқаша болды. Сондай-ақ, Қазақстан жеріндегі XIX ғасырдағы қазақ мәдениеті, қоғамдық және саяси-экономиқалық өмірінде де көптеген өзгерістерге болды. Бұл процесс, әсіресе, халық ағарту саласында анық көрінді. Ал оның басында ұлы тұлғалар мен ойшылдардың тұрғаны белгілі.

Ал енді осы мақсатта жүргізілген жұмыстарға тоқталып өтейік. Негізінен Қазақстанда халыққа білім беру XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында екі – діни және зайырлы бағытта жүрді. Бұл кезде қазақ жеріне қоныс аударып келгендер саны артып, зайырлы мектептер көбейе бастады. Патшалық Ресей өз ықпалын жүргізе отырып, Қазақстанда оқу-ағарту ісінде 1870 жылы қабылданған «Ресейді мекендейтін бұратаналарға білім беру жөніндегі шаралар туралы» заңына сәйкес мектептерді үш санатқабөлді. Олар:

1) аз орыстанғандар үшін;
2) орыстар көп қоныстанған жерлер үшін;
3) жеткілікті дәрежеде орыстанғандар үшін.

Бірінші санат бойынша салынған мектептерде білім орыс әліпбиімен ана тілінде жүргізілді. Екінші санаттағы мектептер орыстар көп қоныстанған жерлерде болғандықтан оқу орыс тілінде жүргізілді, сондай-ақ онда «бұратаналардың» балалары да оқытылды. Бұл мектепте ана тілі тек сабақты түсіндіру барысында ғана қолданылатын еді. Үшінші санаттағы мектептерде оқыту барысы тек орыс тілінде жүргізілді. Сөйтіп патшалық Ресей қазақ жерінде орыстандыру саясатын оқу-ағарту саласында да іс-жүзіне асырып отырды.

Қазақтарды орыстандыруға бағытталған патшалық саясаттың зор қысымына қарамастан, еліміздегі халыққа білім беру ісінің жағымды жақтары да болды. Ол жүргізіліп отырған ресми саясатқа қарамастан, қазақтар еуропалық мәдениетпен, еуропалық өркениеттің жетістіктерімен танысты. Қазақ зиялылары орыс мәдениетінен көп нәрсені алды, олардың көбісі Ресейде, Еуропада, Түркияда еуропалық негізде білім алды. XIX ғасырдың 20-жылдарынан 1917 жылға дейінгі аралықта 30-ға жуық қазақ жастары Қазан университетінде, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басы аралығында Петербург университетінде 20-ға жуық қазақ студенттерінің білім алғандығын жайлы мәліметтерді атап өтеді. Олардың ішінде Б.Құлманов, Б.Қаратаев, Б.Сыртанов, А.Тұрлыбаев, М.Шоқаев, Ж.Досмұхамедов, Ж.Ақбаев және тағы басқалар оқыды. Мәскеу мен Петербордың басқа да жоғары оқу орындарын Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов, М.Тынышбаев және тағы басқа да қазақ жастары бітіріп шықты. Сонымен қатар қазақ жастары Ресейден басқа да шығыс елдерінде білім алған, Ғ.Ахмедовтың жинаған мәліметтері бойынша 1917 жылға дейін Стамбұл университетінде Ә.Ғайсин, С.Шанов, Д.Көлбаев, М.Тұрғынбаев, Ә.Машаев сынды жастар білім алған. Толық емес мәліметтерге қарағанда 1917 жылға дейінгі аралықта 120-ға жуық қазақ жастары жоғары оқу орындарында оқып диплом алса, 700-дей қазақ жастары арнайы орта білім беретін оқу орындарын бітіріпті [5;18].

Ресей үкіметінің қазақ жеріндегі мектептерді қазақтарға және орыс тұрғындары санаттарына бөліп оқытуы, қазақ балаларының шала сауатты не сауатсыз болуына алып келді. Сондықтан қазақ халқының орасан көп бөлігі қандай болса да білім алуға тырысып, балаларын медреселер мен мектептерге берді. Қазақ қоғамының сол тұстағы,жоғарыда атап өткеніміздей, көптеген интеллектуалдық топтары осы ортада қалыптасты. Бұл медреселерде оқытудың өзіндік сындарлы жүйесі болды. Мұнда діни біліммен қатар зайырлы пәндер оқытылды. Мектептер де

қазақ халқы арасындағы сауаттылық деңгейін белгілі бір дәрежеде көтерді, онда Құранды оқыту жүргізіліп қана қоймай, зайырлы әдебиет пен жаратылыс ғылымдары үйретілді. Қазақтар арасында мектептерде білім алу кең таралды.

Халыққа білім беру саласындағы империялық саясат шеңберінде 1906 жылы тамызда болып өткен III жалпымұсылмандық съезі халыққа білім беру ісі бойынша тұтас бағдарлама жасады. Съезд шешімі бойынша төмендегідей етіп белгіленді:

1) барлық қоныстарда балалар мен қыздарға міндетті бастауыш білім беретін мектептер ашу;
2) оқыту бір бағдарлама бойынша және араб әліпбиі негізінде ана тілінде жүргізілуге тиіс болды;
3) мектептерді ұстау земстволық, қала молдасының қарауында, ал басқару мен бақылау мұсылмандардың өз қолында болуға тиіс;
4) дін ілімі және әдеби ана тілі енгізілуге тиіс;
5) мұғалімдер мен оқушылар құқықтары жөнінен орыс мектептерінің мұғалімдерімен және оқушыларымен теңестірілуге тиіс болды. Съезд шешімдерінде мұсылмандарға білім беру жүйесін ұйымдастыруға қатысты басқа да талаптар қойылды. Сол арқылы империяның бүкіл мұсылман халқының, соның ішінде қазақ халқының да ой-ниеті білдірілді.

Мұсылман мектептерінде бірте-бірте еуропалық білім беру элементтерінің енгізіле бастауына жәдидтік қозғалыс себеп болды. Бұған қарама-қарсы, ресми насихат жаңа әдісті мектептердің қызметін және жалпы алғанда білім беру ісін шектеуге тырысты, ал революциялық оқиғалардан кейін оларды кең көлемде енгізуге бейімдік ерекше күшті байқала бастаған еді.

Сол тұстағы алдыңғы қатарлы ұлт зиялылары қазақ елін отарлық езгіден құтқарудағы басты принцип ретінде оқу, білім және ғылым мәселелін көтеруге тырысып, соның көш басындатұрды. Сондықтан қазақ интеллигенциясының қойған басты мақсаттарының бірі – халыққа білім беру, оқу-ағарту және ғылым мәселесі болды. XX ғасыр басында «Қазақ» газетімен қатарлас «Айқап» журналы да Алаш қайраткерлерінің ғылыми-ағартушылық бағытындағы еңбектерін жарыққа шығарып отырды. «Қазақ» газетінде А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың «Алаш азаматтарына» деген мақаласында «халықтың мәдениет жолында ілгері басып, ел қатарынан қалмасына себепші болатын нәрселердің бірі: баспа сөз, яғни газет-журнал, кітап екендігі шексіз» – деп көрсетуінің астарында үлкен мән жатыр [9].

Ұлт зиялыларының оқу ағарту саласындағы қызметі

Алаш зиялылары халық ағарту саласында алдымен бастауыш мектептер ашып, олар қандай болу керектігі жөнінде «Қазақ» газетінде өз мақалаларын жариялап отырды. А.Байтұрсынов бұл туралы: «Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз...» – деп сол кездегі оқу-ағарту ісінің жағдайына тоқталып, оқу құралы да, оны оқытатын мамандардың тапшылығын атап өтеді. Ал енді оқыту бағдарламасына келгенде Ахмет Байтұрсынов «...мектептің түрі біздің ойымызша мынау: бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін бес жылдық боларға тиіс. Әуелі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек. Соңғы екі жылда кілең орысша оқу керек... қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа кәсіп, жаратылыс жайлы... орысша оқитын екі жылында үйретілетін білім гимназияның яки реальный мектептердің төменгі кластарына кірерлік болуға тиіс» деп балалардың одан әрі қарай орта білім алуына бағыт-бағдар беріп отыр. Яғни, қазақ балаларын үш жыл бастауышта қазақша оқытып, ал қалған екі жылында орысша жүргізіліп, бала әрі қарай гимназияда оқи алатындай дәрежеде болу керектігін айтады. Сонымен А.Байтұрсынов халыққа білім берудің үш негізгі: оқыту бағдарламасы, оқу құралдары және білімді мұғалімнің қажеттілігін атап айтады. Енді осы бағытты дамыту жолында ұлт зиялыларын оқулықтар дайындауға шақырып, ғылыми-ағартушылық қызметін жүргізді [10].

Академик М.Қойгелдиев 2017 жылы 12 қарашадағы «Алаш қоғалысы. Жүз жылдан соң» атты мақаласында бұл туралы қазақ интеллигенциясының қозғалысы алдымен ағартушылық саласында басталғандығы жөнінде «Қазақ ағартушылығының толыққанды қоғамдық құбылыс ретінде көрінуі XX ғасырдың алғашқы ширегіне, яғни Алаш зиялыларының қызметіне тұс келген еді. Жалпыұлттық «Айқап» журналының (1911-1915), «Қазақ» газетінің (1913-1918), екі миллионға жуық тиражбен басылған (революциялық өзгерістерге дейін) қазақ кітаптарының жарық көруі және басқа атқарылған істер осы тұжырымға негіз бола алады» деп атап өтеді[11].

Мұхамеджан Сералин 1910 жылдың аяғында ұзақ уақыт еңбектенудің нәтижесінде «Айқап» журналын шығаруға рұқсат алды. «Айқап» журналы оқу-ағарту ісі мен мәдениеттің жаршысы болды.М.Сералин мен айқаптықтардың сіңірген еңбегі мынада: жәдидшілдіктен, ағартушылықтан алға кетті, өз идеяларында қазақ шаруаларының, еңбекші бұқараның бытырыңқы және стихиялы арман-тілектері мен ойларын көрсете білген революцияшыл демократтар деңгейіне дейін көтерілді. Қазақ ағартушылары жас буынының жарқын өкілі болған М.Сералин ағартушылықтан отаршылдық жүйені қирату, қазақ ұлттық мемлекеттігін, ұлттық білім беру жүйесін құру идеясына көшті.

1913-1918 жылдар аралығында «Қазақ» газеті апталық басылым болып шықты. Оның негізін салушылар А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов. «Қазақ» газеті өз беттерінде халық ағарту және кітап шығару мәселелеріне баса көңіл бөлді. Ұлт зиялылары «Қазақ» газеті беттерінде қазақ балаларын оқытудың әдістемелері жайлы өз ойларын жариялап отырды. А.Байтұрсынов қазақ балаларын мектептер мен медреселерде оқытуға ерекше мән береді. Ол өзінің қазақ және орыс мектептеріндегі оқыту мәселелерін айтқанда, балаларды міндетті түрде екі жыл қазақ тілінде оқытуды талап етеді. Сонымен қатар ол орысша сауатты білім алуды да үйрену қажет деп атап өтеді. А.Байтұрсынов «...бастауыш мектептер миссионерлік саясаттан тыс болуға тиіс, яғни әрбір халықтың өз тіліне, жазуына және дініне құқығы болуға тиіс» деп есептейді [12].

Ұлт зиялылары «Қазақ» газетінің беттерінде қоғамның саяси жүйесі мәселесімен қатар, қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуда XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннның, А.Құнанбаевтың ағартушылық қызметтерінің дәстүрлерін жалғастыра отырып, Алаш қайраткерлері баспасөз беттерінде рухани бағыттағы идеяларын ағартушылық қызметтерімен де байланыстырды. Мәселен, А.Байтұрсынов «...өз дербестігімізді сақтап қалу үшін біз оқу-ағартуға және жалпы мәдениетке барлық күш-жігеріміз бен амал-айламызды салып ұмтылумыз қажет», – деп өз пікірін білдірді [13]. А.Байтұрсынов XX ғасырдың басындағы қазақ ғылымының ғана емес, түркі ғылымында жаңашылдық негіздегі жазылған оқулықтар: «Жаңа әліпби», «Оқу құралы», «Тіл құралы» атты еңбектердің авторы.

XX ғасыр басындағы баспасөз органдары қазақ зиялылары қызметінің рухани бағытының дамуы мен таралуына көмектесті. Мәселен: «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуда орасан зор роль атқарды және олардың ағартушылық бағыттағы идеялары мен көзқарастары XX ғасыр басындағы қазақ елінің қоғамдық өмірінде елеулі орын алғандығы туралы тәуелсіз Қазақстанның отандық зерттеушілері де айқындап берді [14].

Ұлт зиялыларының, яғни қазақ интеллектуалдық ортасының оқу-ағарту саласындағы басты сіңірген еңбегі мынада:

- Халыққа оқу-білім мен ғылымды тарату арқылы патшалық езгіден азат болуға, елімізде тәуелсіздік алудың жолдарын көрсетуге ұмтылды;
- Ұлт зиялылары тілтану ғылымының іргетасын қалады (А.Байтұрсынұлының тіл саласындағы еңбектері, кейін алдымен оқуға, білім беруге арналған Х.Досмұхамедұлының, Т.Шонанұлының, Е.Омарұлының еңбектері);
- XIX ғасырдың ортасында алғашқы белгілері байқалған ұлттық жазба әдебиетімізді қалыптастырып, оны одан әрі байытты;
- Ұлт зиялыларының ғылыми және ғылыми-танымдық еңбектері, әрине Қазақстан ғылымы кеңес үкіметі тұсында дамыды, алайда оның негізін XX ғасыр басындағы ұлт зиялылары, яғни интеллектуалды Алаш қайраткерлерінің талантты өкілдері құрды. Оған А.Байтұрсыновтың 1912 жылдан бастап жазылған оқулықтары мен оқу құралдары, Ә.Бөкейханның тарих, фольклортану, әлеуметтану саласындағы ғылыми шығармалары, Х.Досмұхамедовтың жаратылыстану, биология, тілтану саласындағы еңбектері, М.Тынышбаевтың тарихи зерттеулері мен мақалалары, Ж.Аймауытовтың психология мен әдебиеттану салаларындағы оқулықтары мен ғылыми ізденістері, М.Дулатовтың тіл мен әдебиет және математика саласындағы ғылыми еңбектері, М.Жұмабаевтың педагогика мен әдебиет саласындағы еңбектері, Т.Шонанұлының тілтану, әдістемелік оқу құралдары мен зерттеулері, сонымен қатар Ә.Ермеков, С.Асфендияров, М.Тұрғанбаев, Е.Омарұлы, М.Бұралқиев, Қ.Кемеңгерұлы, С.Сәдуақасовтардың ғылыми еңбектері қазақ ғылымының терминологиясын қалыптастырды;
- Қазақ аудармасының негізі қаланды, аудармаларды қазақ қоғамына бейімдеп аударды, сол арқылы денсаулық сақтау мен шаруашылық жүргізудің тиімді шетелдік озық тәсілдерін қазақ ұлтына таныстыруды көздеді.

Ұлт зиялылары халықтың саяси көзін ашу үшін алдымен оның бойында білімге деген құштарлықты оятып, сауатсыздықты жою қажет екенін білді. Қазақ зиялы қауым өкілдерінің оқу-ағарту саласындағы барлық жүргізген қызметі осы мақсатқа арналды. Олар ұлттық «Қазақ», «Қазақстан» газеттерінің, «Айқап», «Сарыарқа», «Абай» журналдарының беттерінде қазақты ұлт ретінде сақтап қалуға, өркениетке жету үшін тек қана білім ғана жеткізеді деп, өз ұлтын білім үйренуге шақырды.

XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ елінде оқу-ағарту саласының қалыптасуына зор үлес қосқан зиялы қауым өкілдері ғылым мен білімнің іргетасын қалады. Олар қазақ халқының тарихи-мәдени, ғылыми өмірінде өзіндік із қалдырған, елімізде халық ағарту ісін қалыптастыруға атсалысқан, кейін кеңестік заңсыздықтың құрбаны болды. Көп жылдар бойы есімдері ескерілмей келген халқымыздың адал перзенттері: А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанұлы, Н.Төрекұлов т.б. ғылыми-ағартушылық мұрасының бүгінгі таңда ғылыми мәні орасан зор. Олардың ғылыми-шығармашылық мұралары тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана халқымызға қайтарылып, кітаптары қайта басылып, жарық көре бастады. Ұлт зиялылары туралы зерттеулер жүргізіле бастап, осы бағытта еңбектер жазылып, оған жаңаша көзқарас қалыптасты. Өйткені, олардың әрқайсысы өз таңдауын жасап, адамзаттың дамуына септігін тигізген, қазақ үшін аса қажетті болған тұлғалар. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің 1913 жылы «Қазақ» газетінде жариялаған Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халық та оқумен түзеледі... Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқу ісімен түзеледі», – деп жазып, оқудың қоғамды өзгертуші күш екендігін, әділетсіздіктің көбі білімсіздіктен туындап отырғандығын тап басып, дұрыс көрсетеді [15; 3].

XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап елімізде жаңа қазақ мектебінің негізін қалауда оқу-ағарту ісін дамытқан қазақтың ойшыл ағартушы ғалымдары Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Ғ.Қарашев, Х.Досмұхамедов, Мұстафа Шоқай сынды ұлт зиялыларының баға жетпес мұралары негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеуде қазақ халқының болашағын қалыптастырушы күш деп білеміз. Ұлт істері үшін бір бағытта – білім мен ғылым істеріне өздерін арнаған, мақсаттары бір арнада тоғыса алған Алаш азаматтары Алашорда үкімет таратылып, Кеңес үкіметі орнаған кезеңдерде де өз ұстанымдарынан ауытқымай, қазақ халқы үшін аянбай еңбек ете білді. Ал негізінен алғанда араб графикасы 1928 жылы латын графикасына аустырылса да, 30-жылдарға дейін қолданыста болып, кітаптар шығарылып тұрды. 1922-1923 жылдары қазақ мектептерін төл оқулықпен, бағдарламамен қамтамасыз етуде біраз шаралар іске асырылды, қазақ тілінде «Физика», «Грамматика», «Педагогика», «Алгебра», «Мектеп гигиенасы», т.б. бар. Бұл оқулықтарды жазуға А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Асфендияров, Қ.Сәтбаев, Ә.Ермеков, Т.Жолдыбаев, т.б. қатысты.

Алаш орда үкіметі мүшелерінің негізгі іс-әрекет бағыттарынан Ресей патшасының отаршылдық езгісіне қарсы күрес жолындағы қазақ бұқарасының заңдық тұрғыдан құқын қорғау мәселесі анық аңғарылды. Туған халқының саяси санасын сақайтып, құқықтық сауатын ашпай қатардан қалып қоятындықтарын жақсы түсінді. Бұған қоса қазақ халқының ұлттық санасын оятуда, білімі мен білігін жетілдіруде, мәдениеті мен руханиятын дамытуда олардың әрбірі жеке тұлға ретінде үлкен үлестерін қосты. Осы бағытта олар қазақ халқының бай тарихы мен озық мәденеиетін толыққанды зерттей отырып, оны кең насихаттау жұмыстарын қажетті істердің бірі ғана емес, бірегейі ретінде басымдық берді. Сондай-ақ, өзге тілдердегі үздік ғылыми және публицистикалық дүниелерді қазақ тіліне аударып, рухани кеңістіктің аясы тар шеңберде қалып қоймуына жете көңіл бөлді. Және Алаш қайраткерлерінің қай-қайсысын алып қарасақ та тек бір мамандықты игеріп қана қоймай, халыққа қажетті бірнеше салада жемісті еңбек етіп, сан қырлы талант иелері екендіктерін көрсетті [16; 87].

ХХ ғасырдың 20-30-жылдары ұлт зиялылары қазақ қоғамында ағарту жұмыстарын одан әрі жалғастырып, руханияттың жан-жақты дамуына айрықша үлес қосты. Ғылымның әр саласы бойынша алғашқы оқулықтар жазылды, ұлт театры қалыптасты, әдебиет пен мәдениет саласы құнды мұралармен толықты. Сонымен қатар, қазақ баспасөзі де ұлт мүддесіне қызмет етіп, жаңаша сипатта дамыды. «20-30-жылдары қазақтілінде газет-журналдаршығаруісікүшейді [17; 172].

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылы «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлыққа қол қойды. Елбасы өзінің 2012 жылғы 14-желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті. Бүгінгі қазақ қоғамы ХХ ғасыр басында қазақ халқының интеллектуалдық дамуына үлкен үлес қосқан ұлт зиялысы Ахмет Байтұрсыновтың латын әліпбиінің маңыздылығына ерекше назар аударып отыр.

Вынужденной мерой было снятие ряда объектов с очереди 1928-1929 гг.: Семипалатинская суконная фабрика, маслобойный и кожевенный заводы, Актюбинский овчинно-шубный завод, костеобрабатывающие заводы. В 1930 году в Казахстане функционировала единственная суконная фабрика в г.Алма-Ата, которая характеризовалась крайней маломощностью (1050 веретен и 20 станков). Только в этот период, в 1930 году был решен вопрос о ее реконструкции с установкой на удвоение производительной мощности. Предполагалось, что к 1931-32 гг. суконная фабрика в г.Алма-Ате будет реконструирована

Таким образом, вторая половина 20-х – первая половина 30-х гг. XX века характеризуются ухудшением продовольственной ситуации в республике. Степень удовлетворения потребностей населения Казахстана была катастрофически низка, и указывала на критическое положение в области обслуживания потребительских нужд населения. Казахстан, как и другие национальные республики, получал финансовую поддержку в виде государственного субсидирования и дотаций сначала из фондов РСФСР, затем из союзного бюджета, но в очень ограниченном количестве. Вследствие недостаточного оборота денежных средств легкая промышленность занимала самое ничтожное место несмотря на то, что естественные богатства давали Казахстану возможность стать одним из развитых промышленных районов Советского Союза.

Чрезвычайная централизация управления сферой услуг, равно как и концентрация производства (например, в форме территориальных объединений) не только не давала экономического эффекта, но и увеличивала накладные расходы, ориентировала деятельность организаций сферой услуг не на удовлетворение конкретных потребностей населения, а на достижение различных условий показателей, промежуточных результатов [21]. На вопрос, за счет каких средств идет столь успешное усиление темпа индустриализации, Голощекин скромно отвечал: «Средства мы берем за счет временного ограничения своих потребностей – рабочих и крестьян» [22]. На протяжении всех лет существования советской власти сельское хозяйство являлось отраслью, из которой государство черпало ресурсы для осуществления политики индустриализации. Все это в совокупности привело к обострению кризисной ситуации в сельском хозяйстве, и как следствие всего, к массовому голоду.

Список использованной литературы:

1 Итоги и перспективы заготовок в КССР // Народное хозяйство Казахстана. – 1928 - № 9-10. – С.105.

2 АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 483. Л. 141.

3 АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 1146. Л. 4.

4 ЦГА РК. Ф. 30. Оп. 6. Д. 20. Л. 90-91.

5 АП РК. Ф. 141. Оп.1. Д. 1295. Л. 387.

6 Прокопович Г.Ф. Проблемы железнодорожного строительства в Казахстане // Народное хозяйство Казахстана. -1926. -№ 2. – С.201.

7 ГАЖО. Ф.50. Оп.1. Д. 611. Л.34.

8 // Еңбекші қазақ. -1927. - 20 декабря.

9 АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 1037. Л. 15.

10 АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д.2409. Л. 15-16.

11 АП РК. Ф.141. Оп. 1. Д. 730. Л. 3.

12 АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 2091. Л. 179.

13 Осипов К. Кустарно- ремесленная промышленность в пятилетнем плане // Пути индустриализации. – 1928.- № 18, 1928.- С. 55.

14 ГАЖО. Ф. 50. Оп. 1. Д. 244. Л. 15.

15 АП РК. Ф. 719 Оп. 719. Д. 220. Л.60.

16 Роговин. В. Была ли альтернатива? Троцкизм: взгляд через годы. – М.: Терра-Terra, 1992. –С.302.

17 АП РК. Ф.141. Оп.1. Д.1044. Л.40.

18 За счет чего проводить индустриализацию? // Советская степь. – 1926. - № 237.

19 Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В., Алексеенко А.Н., Баратова Г.С. История Казахстана. Народы и культуры. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. С.288-289.

20 Павлов К., Сарымулдаев К. Новая пятилетка промышленности Казахстана // Пути индустриализации. – 1930. - № 7. - С.102-103.

21 Сабденов О., Муханова Е. Малые предприятия: опыт формирования и перспективы развития. – Алматы: Юнона, 1992. – С. 9.

22 АП РК.Ф 141. Оп. 1. Д. 1036 Л. 9-10.

УДК 94(574) (035.3)
ГРНТИ: 03.09.55

[1]С.С.Калдыбаева

[1]т.ғ.м., Тарих кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ ҚЫЗМЕТІ (XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

Аңдатпа

XIX ғасырдың соңында халық ағарту саласында айтарлықтай өзгерістердің болуы, мектептер мен медреселердің көптеп ашылуына алып келді. Қазақстанда оқу жүйесінің өзгеруі жаңа оқулықтар мен оқу құралдарын, сөздіктерін талап етті. Патша үкіметі қазақ жастарын оқу жүйелеріне тарту арқылы өзінің сөзінен шықпайтын, айтқанын орындайтын мамандар даярлауға тырысты. Осы ретте қазақ балаларын ірі орыс қалаларында оқыту, қазақ даласында орыс түріндегі мектептер ашуды жүзеге асыруды миссионерлер жіберу арқылы қолға алу көзделді. Діни бағытта медреселерде дәріс беріп жүрген татар молдаларын қудалау, олардың шығарып жатқан діни кітаптарына тыйым салып, керісінше христиан дінін насихаттайтын кітаптарды шығаруды басты міндеттеріне санады. Педагогикалық көзқарас бойынша бұл басылымдардың арасынан бұратана халықтарға арналған әліппе мен орыс тілі оқулығы ерекшеленді. Бұратана халықтар оқитын орыс мектептерінде діни-өнегелік тәрбие беру мақсатында осы мазмұндағы кітаптарды шығару мәселесі де жолға қойылды.

Түйін сөздер: оқу-ағарту, ұлттық элита, медресе, бұратана, тарих, дін

EDUCATIONAL ACTIVITIES IN THE KAZAKH SOCIETY (LATE XIX CENTURY AND EARLY XX CENTURY)

S.S.Kaldybayeva[1]

[1] magister of history, senior lecturer of the Department of History, Kazakh national women's pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Abstract

At the end of the NINETEENTH century, there were significant changes in the field of public education, which led to the opening of a large number of schools and madrassas. The change in the system of education in Kazakhstan required new textbooks and manuals, dictionaries. The tsarist government, attracting Kazakh youth to educational systems, sought to train specialists who would protect the interests of the tsarist government. Russian Russian schools will be opened in the Kazakh steppe by sending missionaries, and Kazakh children will be trained in major Russian cities. The persecution of Tatar mullahs who perform in madrassas in a religious direction, banned their published religious books and, on the contrary, set them the task of publishing books that promote Christianity. In order to provide religious and moral education in Russian schools where indigenous peoples study, the issue of publishing books of this content was raised.

Key words: education, national elite, madrassas, foreigners, history, religion.

С.С.Калдыбаева[1]

[1]м.и.н., ст.преподаватель кафедры История, Казахская национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан

УЧЕБНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ (КОНЕЦ XIX ВЕКА И НАЧАЛО XX ВЕКА)

Аннотация

В конце XIX века произошли значительные изменения в области народного просвещения, что привело к открытию большого количества школ и медресе. Изменение системы обучения в Казахстане потребовало новых

учебников и учебных пособий, словарей. Царское правительство, привлекая казахскую молодежь к учебным системам стремились подготовить специалистов, которые бы защищали интересы царского правительства. В этой связи предполагается осуществить обучение казахских детей в крупных русских городах, открытие школ русского типа в казахской степи путем направления миссионеров. Преследование татарских мулл, выступающих в медресе в религиозном направлении, запретило их изданные религиозные книги и, напротив, поставило перед ними задачу издавать книги, пропагандирующие христианство. В целях религиозно-нравственного воспитания в русских школах, где учатся коренные народы, был поставлен вопрос о выпуске книг данного содержания.

Ключевые слова: просвещение, нациоанальная элита, медресе, инородцы, история, религия.

XIX ғасырдың 70 жылдары бұратана атанған елдерді оқыту мәселесін Халық Ағарту министрлігі қолға алған болатын. Патша саясаты орыстандыру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында халық арасына танымал жергілікті ағартушыларды, ғалым, ақындарды пайдалануға тырысты. Олардың қызметке араласуына барлық жағдайды жасай отырып, қолдарынан шыққан еңбектерін еш кедергісіз жариялауына да мүмкіндік тудырды. Қазақ ішінен шен-шекпенді көздеген бірен-саран мансапқорлар болмаса, орысша оқыған қазақтар өз еліне қалтықсыз еңбек етуге тырысты.[1]

Қазан семинариясы Мәскеудегі миссионерлік қоғаммен бірлесе отырып, бұратана халықтарға арнап оқулықтар мен діни-тәрбиелік бағыттағы кітаптар шығарумен қатар, осы қоғаммен бірлесе 210 орыс тілінде және 12 өзге халықтардың басылымдарын көрмеге қойды. Педагогикалық көзқарас бойынша бұл басылымдардың арасынан бұратана халықтарға арналған әліппе мен орыс тілі оқулығы ерекшеленді. Бұратана халықтар оқитын орыс мектептерінде діни-өнегелік тәрбие беру мақсатында осы мазмұндағы кітаптарды шығару мәселесі де жөнге қойылды [2].

Патшалық Ресей үкіметі қазақ халқын отарлау мақсатында Н.Н. Ильминский, А.Е. Алекторов, В.В. Катаринский, Н.П. Остроумов және т.б. миссионерлерді қазақ жеріне жібере отырып жүзеге асыруға тырысты. М. Мырзахметов көрсеткендей, бұл миссионер ғалымдар алдымен қазақ елінің рухани болмысы мен өткендегі тарихи жолын, психологиясын, мінез-құлқын, салт-сана дәстүрінің ерекшелігін, билеу жүйесін, яғни өздеріне қажет буынның ұрымтал тұстарын терең барлап, зерттей, өздерінің миссионерлік саясатының стратегиялық негіздері мен тактикалық әдістерін, мақсаттарын анықтай жүргізді [3].

Оқу-ағарту ісінде дін жолына көбірек көңіл бөлінген «қадымдық» (ескілік) жолдан жаңаша бағытта оқытудың қажеттігін насихаттау өріс ала бастады. Бұны Түркістанда өткен мұғалімдер семинариясының жиырма бес жылдық мерекесінде жасаған баяндамасында Н.П. Остроумов айқын дәлелдеп берген еді. Ол: «Русско-государственные задачи - способствовать слиянию киргиз с русскими в один целый политическо-государственный организм»,- деп келтірді.

Миссионер Н.И. Ильминский орыс емес ұлттарды орыстандыру саясатын іске асырғандардың бірі болды. Ол орыс емес «бұратана» атанған ұлттарды патша саясатына, дініне тәрбиелеуге құлшыныс жасады. Шығыс халықтарын орыстандыру мақсатында ерекше педагогикалық жүйе жасап, солардың тілінде оқу құралдарын шығарды. Сол арқылы астарлап жеткізе отырып, саналарын улап алуға болатындығын «Станем ли смотреть на инородцев свысока и попирать их понятия как глупость? Чтобы преподаваемые истины глубоко укоренились в сознании простолюдина, надобно войдти в его миросозерцание, принять его понятия за данное и развивать их. Архоически простые и неногосложные понятия шаманствующих инородцев могут быть ассимилированы Христианством, наполниться и освятиться его божественным содержанием», - деп жазғаннан аңғаруға болады [4].

XX ғасыр басынан Қазақстанда оқытудың жәдитшілдік бағытта оқыту өріс алды. XIX ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген жәдитшілдік терминін «жаңарту» деп ұғыну керек. XX ғасырдың басында жәдитшілдік қозғалыс Қазақстанда – алаш, Әзірбайжанда – мусават, Қырымда – милли-фирк, Татарстанда – иттифак әл-муслимин деп аталып келсе, ал, Өзбекстанда – жәдидшілдік атауымен дами түскен. Жәдитшілдік қозғалысы Орта Азияны, Қырымды, Еділ бойын қамтыды. Жәдид ағымы мектеп, медреселерде біркелкі оқу жоспарын, бағдарламасын, арифметика, жағрафия, жаратылыстану, тарих және тағы басқа пәндерді енгізе отырып, оқытуды көтерді.

Жәдитшілдік оқыту әдісін қазақ ұлт зиялылары да қолдаған. Жәдид ағымының көшбасшысы ұлт зиялысы, белгілі түрколог-лингвист Ахмет Байтұрсынов болды.

Ұлт зиялыларының бірі Смағұл Сәдуақасов жәдитшілдіктің мәнін 1919 жылы Омбыдағы «Трудовая Сибирь» журналына жариялаған «Нужды аула» деп аталған очеркісінде «дауыстап оқытудың әдісі, діни іліммен қатар дүняуи ғылымдар (арифметика, жағрафия, жаратылыстану және т.б.) пәндері өтеді» деп түсіндіре келе, А. Байтұрсыновтың жазу грамматикасының жарық көруінен қазақтар арасындағы бастауыш білім ісі алға жылжыды деп қорытындылаған [5].

Патша үкіметі ағарту саласында аралас мектептер ашу арқылы бұрыннан қолданылып келе жатқан араб жазуын ығыстыра отырып, орыс әліпбиін қолдануды көздеді. Қазақ даласында қазақтар үшін оқытушылар семинариясын, орыс-түземдік мектептерін ашу арқылы ақырындап, төтелік әдіспен оқитын медреселерді жабу, араб графикасымен шығатын кітаптарды тоқтатуды мақсат етті. Бұдан бұрын, яғни 1876 ж. Патша ағзам қазақтар ғасырлар бойы қолданып келе жатқан араб жазуын орыс әліпбиіне алмастыру туралы, 1880 ж. 8 қарашада орыс-түзем мектептерін ашу туралы бұйрықтар қабылдаған болатын. Дегенмен сол кездегі қоғамдық-саяси жағдайларға байланысты істі сақтықпен жүргізудің қажеттігін сезінді. Оның үстіне 1905 ж. 10 мамыр-3 маусым аралығында өткен Шығыс халықтарын оқыту жөніндегі арнайы кеңес орыс емес халықтардың оқу жүйесін орыстандыру принципін күн

тәртібіне қойып, татарлардан басқа түркі халықтарының бәрі де мектепте алғашқы екі жылын өз тілінде, басқасы түгел орыс тілінде оқытылып, оқулықтар орыс әліпбиінде болу керек деген шешім қабылдаған [3].

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың бас кезінде Қазанда, Уфада, Орынбор сияқты қалалардағы Мұхамедия, Русмания сияқты оқу орындарында діни кітаптармен қатар, дүнияуи пәндер оқытылған. Дегенмен олардың қазақтың ана тілі, қазақ әдебиеті сияқты пәндер болмай, керісінше оқу жүйесі араб, түрік-татар, азын-аулағы орыс тілінде жүргізілді. Түрікшілдік қозғалысының басында тұрған И. Гаспринский «Социальная роль и эволюция ислама в Татарии» деп аталған еңбегінде: «Орыстарды татарлар сияқты бөтенсімейді керісінше орысша білімділікті іздеп мұнысымен ағарту міндетіне бағыттайды. Менің ойымша уақытты босқа жоғалтпай келесі оқу жылынан бастап орыс балаларын да, қырғыз балаларымен қоса оқытатын мүмкіндігінше мұсылмандық діни оқытуды азайтатын мектептер салу керек. Бұл үшін қолайлы орын қырғыздардың қонысында орналасқан орыс қаласы Троицк», - деп жазған болатын [6].

Медреселерде арабша, татарша аралас тілде оқытылуы қазақ жастарына үлкен қиындық туғызды. Мұсылман медреселерінің оқуында араб, парсы тілдерінің де араласып кетуі, көбіне оқулықтарында да осындай түсініксіз, ауыр сөздерге жол берілуі қазақ шәкірттерінің алға жылжуына үлкен тосқауыл болды. «Қазақ» газетінің 2 санында жарияланған «Оренбург, 10 февраль» деген мақалада: «Мұсылман медреселерінде оқығандардың естігені әдеби тілмен жазған кітап, жазғанда да сол кітаптардың тіліне салып еліктеу. Ол әдеби тіл деген қандай тіл? Араб, парсы сөздері көп кіріскен тіл. Неғұрлым араби, парсм сөздері көп қосылса, неғұрлым қара халық түсінуге ауыр, хатта тіпті түсінбейтін болса, соғұрлым әдебилірек болады деп тұтынған жолдан шыққан тіл. Бұл тіл халықтан тумаған, жаны жоқ тіл. Мұсылманша оқығандарымыз әдеби тілмен сөйлейміз, әдеби тілмен жазамыз. Қазақша жазсақ әдеби болмайды деп қазақ тілімен жазуға ұялады, қорынады. Орысша оқығандарымыз қазақ тілімен пікірімізді толық айта алмаймыз, жетпейді, орысша жазғанымыз оңай дейді. Қысқасы, орысша, мұсылманша оқығандарымыз қазақ тілімен жазуға қорынып, біреуі орысша жазады, біреуі әдеби тілмен жазады.

Бұлардың өз тілінен қорынып, жерінетін себебі не? Менің ойлауымша бұл әдеттенуден біреуі орысша оқып, бірі әдеби тілмен оқып қазақша жазу әдетінде болмағандық. Әдетте жоқ нәрсе қалыптан тысқары болып, басында ерсі көрінеді. Қазақ тілімен жазу әдетінде болмаған соң орысша һәм мұсылманша оқығандарымыз қорынады. Бір-біріне жазған хаттарында қазақша жазбайды. Бұлай істеулері ұнамды емес», - дей отырып, «бала сегіз-тоғыз жасынан оқуға түсіп, басқа тілде оқыса, оқитын кітабы да басқа тілде болса, жазғанда да сол кітаптардан үлгі алып жазса, олар қайдан қазақша жазуға әдеттенер» деген қорқыныштың барлығын да жасырмайды. Қазақ жастарын ана тілінде оқытпай, қарттарымыз оларға демеу көрсетпесе, онда қазақ тілінің тағдыры қандай боларлығына күмәнданады [7].

Сөйтіп газет ұлт тілін сақтаудың жолдарын қарастыруды, ол үшін жастарға тілді бағалауды, құрметтеуді түсіндіру қажеттігін, бұл істе «Қазақ» газетінің игілікті істер атқарып отырғандығын, олардың қазақтығымызды сақтауға шақырып, насихат жұмыстарын жүргізіп отырғандығын нақтылап береді.

Ұлт зиялылары және олармен ниеттес болған қазақ азаматтары Ы. Алтынсарин негізін салған қазақтың жазба әдебиетін ілгері бастыруға жаңа заманның талабына лайық жаңа туындылар жазуға білектерін сыбанып кіріссе, екінші жағынан, XX ғасырдың басында ана тілімізде туындыларды өркендетуге ат салысқан азаматтар татардың прогресшіл-демократияшыл бағыттағы ақын-жазушыларынан, оқымыстыларынан үлгі-өнеге алды. Бұған қазақ жастары мен татар, башқұрт жастарының әлгіде аталған медреселерде бірге оқып, бірге тұрғаны да үлкен әсер етті.

Түркістан өлкелік полиция басқармасының бастығы: «1906 жылы Нижний Новгородта өткен бүкілресейлік мұсылман съезі орыс мұсылмандарын ағартуда үлкен рөл атқарды... Сол съездің нәтижесінде ағартушылық бағыттағы мұсылмандық қоғамдық ұйымдар көптеп ашылуда, мұсылмандардың білімін көтеруге дөп қаржы жинау жаппай етек алуда және мұсылмандық баспасөздердің таралу қарқыны күшейді. Башқұрттар, ноғайлар, қырғыздар және т.б. бірлесе әрекет етудің нәтижелі екенін аңғартады», - деп мойындаған.

1907 жылдың мамыр айынан бастап Ресейдің түрлі қалаларында Қазанда, Петропавлда, Ташкентте, Тблисиде мұғалімдер съезі өткізіле бастады. Қазанда тамызда өткен жалпыресейлік мұсылман мұғалімдерінің мамыр съезінде шығарылған барлық бағдарламалар қарастырылып, мұсылман мектептеріне ортақ бағдарлама жасау және мұсылман мұғалімдері одағын құру жөнінде шешім қабылданған еді. Осы съездің нәтижесінде мұсылман ағартушылық қоғамдары құрылып, мектеп, медресенің оқыту бағдарламаларын, сонымен қатар оқу құралдары мәселесін шығару қажеттігіне қатысты іс-шараларды жүргізе бастады. XX ғасырдың басында қазақ және башқұрт балалары оқитын мектеп-медреселерге арналған оқулықтар шығару ісі қолға алынды. Татар ғалымы А.Ғ. Каримуллиннің көрсетуінше, Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген 509 қазақ тіліндегі кітаптардың 45-і мектеп, медреселерге арналған оқулық, оқу құралдары, хрестоматиялар болған [9].

Жәдидтік қозғалыстың басты алға қойған негізі діни іліммен қатар, заман талабына сай дүняуи ғалымдардың математика, жағрафия, тарих және т.б. пәндерді оқыту, өсіп келе жатқан жас буынға тәрбие бере отырып, ұлтжандылыққа баулу болғандықтан, осыған сай ұлттық оқу құралдарын шығару маңызды болды. Қазақ жерінде ескі қадымшылдықтан жәдидшілдік жолға түскен медреселерінде бастапқы кезде татар тілімен аралас жазылған оқулықтар оқылды. 1905 жылы Қазанның И.Н. Харитонов атындағы баспаханада екінші сынып шәкірттеріне арналып «Ғақаид» деген атпен оқулық басылып шықты. Бұл кітап медресенің екінші сынып шәкірттеріне арналып, діни мазмұнда болды. Оқулық бес мәселені қарастыруға тырысты. Бірінші ислам дініне тоқталса, екінші таһаратты (тазару) қалай алу, үшіншісінде намаз оқу барысы, ал, төртінші жамағат, соңы бесіншіде рузе закат ушун мәселесіне арналды. Көріп отырғанымыздай, бұл оқулық қадімшілдік бағытта болып, медресе оқушыларын дін мен діннің парыздарын үйретуге арналды. Оқулық 1905 жылы 6 маусымдағы цензура рұқсатымен басылды [10].

1906 жылы Орынбордағы оқу округі комиссиясының құрметті мүшесі Н.А. Бобровниковтың жәрдемдесуімен қазақ, башқұрт мектептеріне арналып оқулықтар жазу қолға алынды. Қазақ балаларына арналған оқулықтар Орынбор оқу округінің қазақ мектептерінің өлкелік инспекторы, Аударма бөлімінің мүшесі А.В. Васильевтің басшылығымен және тікелей бақылауымен дайындала бастады. В.В. Катаринскийдің «Қырғыз (қазақ) грамматикасының» 2 басылымы, Ы Алтынсарин хрестоманиясының 2 басылымы, қазақ-орыс сөздігінің 3-басылымы басылып шығарылса, ал мұғалім Жүрсіновтің орыстың етістік қосымшалары, қазақ әліппесі баспаға әзірленген [11].

ХХ ғасырдың басында ағартушылық бағытта елеулі өзгерістер болды. Мектеп оқушыларына арналған оқулықтар жасау мәселесі қолға алынып, алдыңғы кезекке қойылды. Ұлт мектептерінде ана тілін оқытуға байланысты қолтума әліппе, хрестоматия құралдарын жасауға үлкен мән берілді. Мұғалім, әліппе, төте оқу сияқты ұғымдар сөйлеу тілімізге еніп, оның мазмұны айқындала түсті. Осы ұғымдар төңірегінде пікірлер айтылып, педагогикалық ой-пікірлерге қозғау салды. Сөйтіп қазақ тілінде әліппе жасау ісі қолға алынып, алғаш қазақ авторлары шыға бастады. Бұл ретте А. Байтұрсыновтың оқу құралдарын, М. Дулатовтың есеп кітабын, М. Малдыбаевтың әліппесін және т.б. атауға болады. Негізінде алғашқы оқулықтар орыс оқу құралдарының үлгісіне сүйене жасалынды.

ХХғ. басында қазақ зиялылары топтасқан Омбы қаласының баспаханасында оқу құралдары мен А. Ғұмарұлының «Жатпа, қазақ» атты кітабы басылса, ал Уфа қаласындағы татарлардың «Шарк матбуғасы», «Каримов и К°», «Тұрмыш» сияқты баспаханаларынан оқу-ағарту саласына қажетті кітаптар шығарылған. Қазақ тілінде ағартушылық бағыттағы алғашқы оқулықтар жөнінде жазған Г. Смағұлова 1905-1907 жылғы революциядан кейін саяси өрлеу кезеңінен «әдеби тасқын» туындағандығын, педагогтық тақырыптарда жазатын жазушылар қатарының көбейгендігін айта келе, олардың қатарынан Мақаш Қалтаев, Тайыр Жомарбаев, Байбатыр Ержанұлы, Мәшhүр Жүсіп Көпеев, Байбатыр Ержанұлы, Закария Ерғалиұлы, Әкрам Ғалымов сияқты авторларды атайды.

Алғашқы сауат ашуға арналған әліппе оқу құралы дыбыстық жүйеге негізделмей, әр сөзді ежелеп, жазылу түріне байланыстыра оқыту негізінде жасалынды. Оқытудың аса тиімді жолын іздестіру барысында сөз арқылы емес, сурет пайдалана, балаларды көрген заттарымен байланыстыра сөйлем құрастыру негізінде жаттықтыру жүйесі қалыптасты. 1910 жылы Қазан қаласындағы «Өрнек» баспасынан басылып шыққан Закария Ерғалиұлының «Қазақ әліппесі» де оқу-ағартуды уағыздауға арналған. Ол қазақ балаларының білім алып, үлкен құрметтен көрінуін үндеген, ғылымға шақырған. «Ғылымсыз кісі – соқыр кісі» деп, сол кездегі оқу жүйесін сынға алып, жаңаша оқытуды насихаттаған. Қазақ балаларына арнап осындай алғашқы әліппелердің жасалуы елдегі педагогикалық ой-пікірлердің дами түсуіне, алда жасалатын қазақ оқулықтарына қойылатын талаптардың күшеюіне алып келді.

Әліппе оқулықтарының жарық көруі оқу-ағарту саласына жаңа серпіліс әкелді. Қазақ оқығандары арасынан білім-ғылым саласына қарай ұмтылушылардың қатары көбейе түсті. Әліппе оқулықтарына қосымша ретінде хрестоматия мазмұндас, педагогикалық мәні бар, оқу құралдары да жарық көре бастады. Бұл оқулықтардың да негізгі мақсаты – өскелең қазақ балаларын мағынасыз, мәнсіз өмір сүрмей, жаңа өмірге қарай жетелеу, олардың бойында болашаққа аса қажетті нышандарды ұялату еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Елеукенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітабының тарихынан (Ежелгі дәуірден 1917 жылға дейін). – Алматы: Санат, 1999. – 192 б.

2. ТР ҰМ. 93-қ. 1-т. 712-іс. 85, 154-пп.

3. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. – 128 б.

4. Ильминский Н.И. Избанные места из педагогических сочинений днях его жизни. – Казан, Типография Императорского Университета, 1892. –136 с.

5. Сәдуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы.– Алматы: Алаш, 2003. – 2- том - 360 б.

6. Гаспринский И. Социальная роль и эволюция ислама в Татарии. - Казань, Татарское книжное издательство, 1979. – 180 с.

7. «Қазақ» газеті. 1913 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.К. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 480 б.

8. Жораева Г. Садри Мақсуди және түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалысы // Отан тарихы. – 2005. – №3.

9. Кәримуллин Ә.Г. Безнең кардәшлек: Мәкаләләр. – Казан: Татар. кит. нәшр., 2005. – 335 б.

10. Ғақаид. Ибтидай мектептерінің екінші сынып шәкірттері үшін (ғибадат исламиенің) бірінші жазидтары. – Казанъ: Лито-типография И.Н. Харитонова, 1905. – 25 с.

11. Отчет Переводческой комиссии (Братства Св. Гурия) за 1906 год. –Казань, 1907.

ӘӨЖ 594: 18
МРНТИ 03.20.09

Исабек Б.Қ.[1], Қозғамбаева Г.Б.[2]

[1]Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,профессор м.а.
Шымкент қ., E-mail: barsha73@mail
[2]әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қаласы,
E-mail:gulnar.kozgambaeva@mail

ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҚТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада алыс және жақын шетелде яғни саяси – экономикалық құрлымы әртүрлі елдерде өмір сүретін қазақ диаспорасының тұрмыс тіршілігі және мәдениеті қамтылған.Ақ және қызыл империя тұсындажүргізілген әртүрлі саясаттың салдарынан атамекеннен ажырап қалған қандастарымыз, бүгінде әлемнің әр түпкірінде өмір сүруде.Олардың ішінде әлеуметтік қыспақтарға ұшырап, тағдыр тәлкегімен барып қоныстанған қандастарымызбен қатар саналы түрде оқу, жұмыс т.б. мәселелер бойынша таңдау жасап, көшіп барған отандастарымыз да баршылық.Қазақ диаспорасы өкілдерінің атамекенге көшіп келуі, оларды әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрсету, олардың Қазақстан Республикасының азаматтығын алуы және тағы басқа заңдар шешімін тапты.Бүгінде шетелдерде қазақ диаспорасының әртүрлі мәселелерге байланысты басын қосатын қазақ мәдени орталықтары бар. Қазақ мәдени орталықтары Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы және «Отандастар қоры»тікелей байланыста жұмыстар атқаруда.Қазақ мәдени қоғамдар мен Қауымдастық және «Отандастар қоры» бірлікте қазақ диаспорасының өзекті мәселелерін шешуде атқарып жатқан жұмыстарының кейбірімақалада қамтылған.

Түйін сөздер: қауымдастық, қазақ мәдени орталықтар, этникалық қауымдастық, диаспора.

Issabek B.K.,[1] Kozgambayeva G.B.[2]

[1]South Kazakhstan state pedagogical university, associate professor,
Shymkent, E-mail: barsha73@mail.
[2]al- Farabi Kazakh National Uneversity,
Almaty, E-mail:gulnar.kozgambaeva@mail.

KAZAKH DIASPORA AND KAZAKH CULTURAL CENTERS

Abstract

The article contains the culture and life of the Kazakh diaspora living in the countries of near and far abroad, that is, in various countries of the political and economic structure. Due to the different policies pursued under the white and red empires, our compatriots. who were forced to leave their homeland today live in different parts of the world. Among them there are those who have moved due to social crises, by the will of fate, and there are also people who have made a choice on the issues of conscious learning, work, etc. The laws of moving representatives of the Kazakh diaspora to their homeland, providing them with social support, and acquiring citizenship of the Republic have been resolved Kazakhstan and others. Today there are Kazakh cultural centers abroad that unite the Kazakh diaspora on various issues. Kazakh cultural centers work in close contact with the World Association of Kazakhs and the Otandastar Foundation. Some of the works carried out in the unity of the Kazakh cultural society and association and the "Otandastar Foundation" in solving urgent problems of the Kazakh diaspora are presented in the article.

Key words: association, Kazakh cultural center, ethnic community, diaspora

Исабек Б.Қ.,[1] Козгамбаева Г.Б.[2]

[1]Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, и.о. профессора
г. Шымкент, E-mail: barsha73@mail,
[2]КазНУ имени Аль –Фараби,
Казахстан, город Алматы, E-mail:gulnar.kozgambaeva@mail

КАЗАХСКАЯ ДИАСПОРА И КАЗАХСКИЕ КУЛЬТУРНЫЕ ЦЕНТРЫ

Аннотация

В статье рассматривается жизнь и культура казахской диаспоры, проживающей в дальнем и ближнем зарубежье, т.е. в странах с различным политическим и экономическим укладом. Наши соотечественники, потерявшие свою родину в результате различной политики, проводившейся во времена царской и красной империй, сегодня живут в разных частях света.

Среди них, наряду с нашими соотечественниками, подвергшимися социальному давлению и невзгодам, есть много наших соотечественников, которые сознательно сделали выбор по ряду вопросов, таких как учеба, работа и т.д. Нашли решение вопросы иммиграции казахской диаспоры, их социальной поддержки, приобретения гражданства Республики Казахстан и других законов. Сегодня за рубежом существуют казахские культурные центры, где казахская диаспора встречается для решения разных вопросов. Казахские культурные центры работают в прямом контакте с Всемирной ассоциацией казахов и Фондом «Отандастар» (соотечественников). В статье освещаются некоторые работы казахстанских культурных обществ, Ассоциации и «Фонда соотечественников» в решении актуальных проблем казахской диаспоры.

Ключевые слова: ассоциация, казахский культурный центр, этническое сообщество, диаспора.

Еуразия құрлығы үстінде көсіліп жатқан қазақ деген этникалық қауымдастықтың ел болып, халық болып құрылғанына да көптеген ғасыр болғаны мәлім. Тарихи дамуы барысында қазақ халқы түрлі соқпақтар мен дүрбелеңдерге толы жолдардың ауыр сынақтарынан өтті.

ХХ ғасырдағы тарихи оқиғалар қыспағының қазақ халқына ауыр болғанын еске ала отырып, сол кезеңнің үдерістері ұлт тарихында жаңа құбылыстарды туындатқанын атап өтуге болады. «Қазақ диаспорасы» деп аталатын этникалық қазақтардың шоғырлары әлемнің көптеген елдерінде қалыптасты. Олар шет елде, бөтен ортада өмір сүргенімен өздерінің әдет-ғұрыптарын сақтаған.Соның ішінде алыс шетелдердегі қандастарымызана тілінде мектеп болмағандықтан тұрмыста және тіршілік басқа тілде сөйлеп, бөгде тілде мектепке барғандықтан жастар ана тіліне шорқақ болуы заңдылық.Қазіргі тәуелсіздіктің нығая түскен заманында 1992 жылы құрылған Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы осы үлкен қауыммен терең байланыста.Шет елдегі қандастарымыз салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын сақтауға, ал жастар ана тілін үйренуге ниетті. Сондықтан осы мәселелерді шешу мен жүзеге асыруда Қауымдастық пен «Отандастар қоры» тарапынан көмек көрсетіліп, жұмыстар атқарылуда.

Саяси – экономикалық құрлымы әртүрлі елдерде өз қандастарынан бөлек ортада өмір сүріп отырған қазақтардың үлкен бір қауымын Орта Азиядағы қазақтар құрайды. 2000 жылдың қарсаңындағы мәліметтерде Өзбекстанда 990022, Түркіменстанда 98000, Қырғызстанда 42557, Тәжікстанда 2000 қазақ болғандығын көрсетеді [1,25б.]Қандастарымыздың шамамен 350 мыңы Қарақалпақстан автономиялы Республикасында орналасқан. Ташкент, Жызақ, Бұқара, Науаи облыстарын да тұтас ауыл, аудан болып қазақтар тұрады. Өзбекстандағы қазақтар – өзбек, орыс, тәжік этностарынан кейінгі төртінші орында. Қазақтардың үлес салмағы республиканың жалпы халқының 4 пайызын құрайды.Өзбекстан жеріндегі қазақтардың басым бөлігі Қазақстанмен шекарадағы аумақтарда тығыз қоныстанған. Сондықтан екі елмен арадағы байланыс қашанда үзілген емес. Бұл тарихи қалыптасқан этноаумақтық қоныстану. Өзбекстанның қай өңірінде болсын, қоныстанған қазақ диаспорасы этностық көпшілікті құрамайды[2,125б.].

2011 жылғы ресми мәлімет бойынша бұл елде 831 мыңнан астам қазақ бар.Яғни, Ташкент облысында - 340 мың, Қарақалпақстанда - 307 мың, Науаи облысында - 50 мың, Ташкент қаласында - 46 мың, Жызақ облысында - 31 мың, Бұқара облысында - 20 мың, Сырдария облысында - 15 мың, Хорезм облысында - 11 мың, Самарқандта - 5 мың, Сұрхандарияда - 2 мың, Қашқадарияда - 2 мың, Ферғана, Наманган, Андижан облыстарының әрқайыссында 1 мыңдай қазақ тұрады[3,108б.].

Өзбекстанда тұрып жатқан ағайындар бүгінде өзбек елінің билігіне, мәдениетіне, ғылымына, руханияты мен әдебиетіне араласып жүрген талай қазақ бар. Өзбекстандағы Қазақ мәдени ұйымы құрылғалы бері игі істерге бастама болып келеді. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы Өзбекстан республикалық қазақ мәдени орталығы арқылы газет-журналдар, кітаптар таратуды үзбей жүзеге асырып келеді [4,49б.].

Ташкент қаласында Өзбекстан республикалық қазақ мәдени орталығы орналасқан, оның бөлімшелері сол елдің 9 облысының 25 ауданында бар. Қарақалпақстандағы қазақ мәдени орталығын Шәудірбай Сәлиев басқарады. 2008 жылы Өзбекстан Республикасы қазақ мәдени орталық басшысы Марат Үкібаев басқарса, кейінгі уақытта Тұрсынат Қалбаев басқарды.Өзбекстандағы қазақ мәдени орталығы Қазақстан Республикасының Ташкенттегі елшілігінің қолдауына сүйене отырып, көптеген іс-шаралар жүргізуде.Өзбекстанның жалпы білім беретін мекемелері латын графикасына көшуі, білім алуға қосымша қиындықтар туғызды. «Нұрлы жол» атты қазақ тілінде республикалық газет шығады. Өзбек теледидарынан «Замандас» атты қазақша хабар соңғы уақытта тұрақты көрсетіле бастады. «Асыл мұра» атты қазақша кітаптар шығаратын арнайы редакция бар.Бұл жұмыстардың негізгі ұйтқыларының бірі – сол елдегі Қазақ мәдени орталығы. Қазір бұл орталықтың Өзбекстандағы қазақтар тұратын барлық облыстарында бөлімшелер бар. Мәдени орталық Өзбекстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеуінен өтіп, заңды ұйым құқығын иеленген[3, 108б.]

Қырғызстанда 1999 жылғы ұлттық халық санағы бойынша 42 657 қазақтың 7546-сы ана тілін қырғыз тілі деп, 2449 – орыс тілі, 95 - өзбек тілі деп көрсеткен. Мұның себептерінің бірі қазақ диаспорасы жинақы тұратын аудандарда қазақ орта мектептері мен балалар мекемелері жоқ деуге болады, ана тілінде телерадио бағдарламар таратылмайды [5,3б.]. Ал 2009 жылғы есеп бойынша Қырғызстанда 33 мыңдай қазақ бар. Олардың басым көпшілігі (21 мың адам) Шу аймағы мен Бішкек қаласында тұрады. Ыстықкөл облысында - 10 мың, Талас облысында - 8 мың қазақ бар. Баткен, Ош, Жалал-Абад аймағындағы қазақтар 4 мыңға жуықтайды [6,105].«Отан» және «Алаш» деген мәдени орталықтар 2010 жылы бірігіп Қырғызстан қазақтарының қауымдастығы деген атпен қайта құрылды. Қырғызстан қазақтарының қауымдастығы Қырғызстан халықтары Ассамблеясының құрамында тұрақты жұмыс істеп келеді. Қырғызстан қазақтарының арасында ғалымдар, жоғары білімді мамандар өте көп[3,4б.].

Түркменстанның 5 облысындағы қазақ диаспорасы өкілдері ҚР Елшілігімен тікелей байланыс орнатқан. XX ғасырдың 20-30-шы жылдарыәр түрлі қуғын-сүргіндерден Қызылорда, Маңғыстау, Атырау, Ақтөбеден бас сауғалап қандастарымыз Түркменстанғааауа көшкен. Кеңестік кезеңде олардың біразы атамекенге оралып, қалғандары сол елде тұрақтап қалды. Бүгінде Түркменстанда қазақ мектептері жабылған.Түркіменстанқазақтарының Қазақстанмен байланыс жасауында ешқандайкедергі жоқ деуге болады[7, 137б.].

Қытай Халық Республикасындағы тиісті мемлекеттік мекемелер мен диаспора мәселесін зерттеп жүрген қоғамдық ұйымдардың мәліметіне қарағанда, Қытайдағы қазақтар 1,200 миллионан - 2 млн адамға дейін [8,19-21].Олар негізінен, Қазақстанмен шекаралас жатқан Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы өлкесінің Қазақстанмен шекаралас Іле Қазақ автономиялы облысында, сондай-ақ, Тарбағатай, Алтай, Еренқабырға, Құмыл аймақтарында, Боратала Моңғол автономиялық облысында орналасқан Сондай-ақ, Ішкі Қытайға қарайтын Ганьсу өлкесінде де қазақтар бар. Қытайдағы қазақтар бұл елде жасайтын 57 ұлттың арасында 17-ші, ал мәдени ықпалдастық деңгейі бойынша 5-ші орынды иеленеді. Қазақстандық зерттеушілердің мәліметтері бойыншаҚытай аумағында тұратын қазақтардың 80 пайызы 1949 жылдан кейін туылғандар. Қазақ этносының мәдени және жалпы білім алу деңгейінде айырмашылық көп. Осыдан жиырма жыл бұрынғы мәлімет бойынша: алты жастан жоғары қазақтар саны – 725 130 адам болған. Әртүрлі жоғары оқу орындарында 2 547 студент оқыған. Бірінші сатыдағы орта мектепте – 41 599, екінші сатыдағы орта мектепте – 124 781, бастауыш мектепте – 351 272 оқушы білім алған. Сауатсыз және шала сауаттылар саны – 203 448 адамды құраған екен. Қазақ ұлтының 50 пайызын құрайтын әйелдер арасындағы сауатсыздық ерлерге қарағанда 1,5 есе артық [9,58б.]. Қытайда жергілікті билік органдарында қазақ тілінің қолданылу аясы тарылып, ұлттық мектептер жабылған.Қытайдағы қазақтар бұл елде жасайтын 57 ұлттың арасында 17-ші, ал мәдени ықпалдастық деңгейі бойынша 5-ші орынды иеленеді. Шыңжаңдағы кино саласының, Ұлттық істер, Тіл және жазу, Аударма комитеттерінде қазақ бөлімдері жұмыс істейді... Кино саласында белгілі өнер иелері Ержан Мақпышұлы, Пәтиха Мәлікқызы, Мүтәліп Әміреұлы, Мүтәліп Әбдірахманұлы, Мақсат Кәдірханұлы, Жанар Сағатқызы т.б. Е. Мақпышұлы Қытай елі түсірген 28 сериялы «Шыңғысхан» фильмінде Наяха ноянның рөлін, 30 сериялы «Зуо-Зуң Таң» фильмде және «Жаңа әлемді жасау» атты 40 сериялы фильмде басты рөлдерді сомдайды. Ержан Бейжіндегі Қытай мемлекеттік драма институтын актерлік мамандығы бойынша 1986 жылы бітіреді.

1991 жылы Қазақстандағы Т.Қ.Жүргенов атындағы Алматы өнер академиясының режиссура мамандығы бойынша оқуға түсіп, жақсы бітіреді. Е. Мақпышұлы Үрімжідегі Ұйғыр музыкалы театрының режиссері, әрі актері болып жұмыс істеуде[10,137б.].Жалпы, Қытайдағы қазақтардың ғылым-білім саласындағы деңгейі жоғары. Әсересе, қалалық жерде тұратын қазақтар оқуға, жоғары білім алуға айрықша мән береді. Қазақ, қытай тілдерінен басқа ағылшын, жапон сияқты шет тілдерді меңгерген қазақ жастары аз емес.Қытайдағы қазақтар төте(1965 жылдардан бастап 15 жылдай латын жазуын пайдаланған) жазуын (араб) пайдаланады [3, 109б.] Қытайда қазақ мәдени орталық жоқ. Кейбір елдерде орталық ашуға кедергілер бар. Мәселен, Қытай және Иран секілді елдер. Қытайда қазақ қауымының көптігі, олардың географиялық орналасуының тығыздығы және ұлттық тіл-жазуда білім беру жүйесі мен мәдениет жүйесінің жақсы жұмыс жасауының арқасында, ондағы қазақтарда ұлттық дәстүрлі эстетикалық және этикалық қағидаттар мен құндылық көзқарастары жақсы сақталып келген болатын. Бірақ Қытай қоғамында нарықтық экономикалық қатынастар қалыптасқаннан бері, әсіресе, XXI ғасырда қытай халқының да, ондағы қазақ халқының да өмір сүру философиясында үлкен өзгерістер орын алды. Сол өзгерістердің бірі-ондағы қандастарымыздың ұлттық этикалық қағидаттарының өзгерісінен анық байқалады. Қазіргі қытай қазақтарында халқымыздың дәстүрлі этикалық қағидаттары өзгеріске түсуде.Ол өзгерістердің ұлтымыздың сақталуы мен дамуына тиімді тұстары да, тиімсіз тұстары да бар. Бәлкім бұл өмірдің өз заңдылығының көрінісі шығар [11, 37б.].

Түркияда тұратын қазақтардың саны туралы мәліметтер әралуан. Түркиядағы қазақтар қауымдастығының берген мәліметі бойынша, бүгінде Стамбұлдың Зейтінбұрны ауданында 13400-дей қазақ тұрса, Гүлеш ауданын 6000 қазақ мекендейді екен. Сапагөй, Шекпенжер аудандарында - 1500-2000, Измирде 1000 қазақ тұрады екен. Жалпы, қауымдастықтың Түркияда 21500-22000 қазақ бар деп межелеп отырған жайы бар [12,12б].Түркия қазақтарының ата-бабалары XIX ғасырда Шығыс Қазақстан аумағы мен Қытайдың қол астындағы Шығыс Түркістан аймағында өмір сүрген. 1864 жылы Қытай мен Ресей патшалығы шекараны белгілегенде, олар Шығыс Түркістан жақта қалып қойған. Түркия қазақтарының ата-бабалары XIX ғасырда Шығыс Қазақстан аумағы мен Қытайдың қол астындағы Шығыс Түркістан аймағында өмір сүрген. 1864 жылы Қытай мен Ресей патшалығы шекараны белгілегенде, олар Шығыс Түркістан жақта қалып қойған. Түркия ауған қазақтың бірі Хасен Оралтай өзінің «Елімайлап өткен өмір...» еңбегінде: «1860 жылы Пекинде басталып, 1881 жылы Петербурда жалғасып,1884 жылы Шәуешек қаласында келісілген, тарихи әдебиеттерде «Шәуешек Келісімі деп аталатын, орыс-қытай бөлісуінен бері «Шыңжаң-Xinjiang» «жаңа өлке» деп аталып келе жатқан өңірдің тұрғынымыз» - дейді [13, 12б].Олардың кәсібі - тері өндірісі, каучук бұйымдарын шығару, саудамен айналысу. Бұл елде қазақтардың бірнеше ұйымы бар: олар – «Түркиядағы қазақтар мәдени қоры», «Яссауи атындағы діни орталық», «Қазақ жастарының мәдени-білім орталығы», «Ауғанстаннан көшіп келген ағайындардың қоғамы». Түркиядағы бауырларымыздың біздің елшілікпен қарым- қатынастары жақсы. Түркия қазақтары мен Қазақстан Республикасы арасында 1991 жылдан бастап жан-жақты байланыстар дамып келеді. Түркияда тұратын қазақтары үшін маңызды оқиғалардың бірі 1997 жылғы 28-29 нурызында өткен Кіші Құрылтай болды. Стамбулда құрылған Түрік қазақтарының қорына қала муниципалитеті үй-жай бөлген. Түрік қазақтарының қоры кабинеттеріне киіз үй, күнделікті қазақтың тұрмыстық заттары және Қазақ елі туралы әдебиеттер жинақталып қойылған. Қордың күшімен «Арман» журналы шығып тұрады[14,8б.].Диаспораға әлеуметтік және экономикалық көмек көрсету мәселелерімен «Түркия қазақтарының қоғамы» айналысады, оның

мәртебесі ұлттық-мәдени орталыққа тең. Түркияда басқа да қоғамдық ұйымдар жұмыс істейді: «Түрік қазақтарының әлеуметтік және мәдени дамуын қолдау қоры», «Қорқыт Ата қоры», «Шығыс Түркістан қоғамы» және «Ахмет Иассауи» қоры [15,101].

Түркияға қазақтардың көшіп баруы мен ол елде бейімделуіне байланысты көптеген түрік және қазақ тарихшыларының еңбектері жарыққа шықты. Түрік үкіметі қазақтарды құшақ жая қарсы алып, жер, жұмыс беріп күн көрісіне ықпал етті. Себебі түрік бауырларымыз қазақтарды түбі бір туысқан халық деп санайды. Төрткүл дүниені босқан қазақ босқындарын түсіністікпен қабылдап, оларға төлқұжат беріп, қаржылық көмек көрсетуінің арқасында қазақ диаспорасы Түркия республикасын екінші Отандары деп қабылдайды[16,32б].Бүгінде қазақ-түрік қатынастары бейбіт, достық пейілмен дамуда.

Қытайдың батыс бөлігін мекендеген қазақтардың бір бөлігі XIX ғ. II жартысында Моңғолия жеріне қоныстанды. Қоныстану себептерін анықтау үшін, Моңғолиядағы қазақтардың арасынан шыққан ғалымдар 1960 жылдардан бастап зерттеулер жүргізді. Ә. Міниc пен А. Сарай 1960 жылы жазған еңбектерінде керейлердің бір бөлігінің моңғол жеріне мекендеген уақыты жайлы көптеген құжаттарға сүйене отырып: «Қорыта келгенде, қазақтар Алтай тауының теріскей бетіне немесе Қобда өлкесіне 1868-1869 жылдары келгендігі және сонан бері тоқсан бір тоқсан екі жыл өткендігі даусыз» деген қорытынды жасайды[17,146.].Көрсетілген және басқадай мәліметтер И.Қабышұлы, З.Қинаятұлы, С.Рахметұлы, Х. Мухамадиұлы және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрсетілген. Моңғол еліне алғаш көшіп келгенде он мындай жаны бар, өсе келе 1990 жылдары 140-150 жеткен, төрт ұрпақ ауысқан, бір жарым ғасырға жуық уақыт тілі, діні, әдет-ғұрпы бөлек ұлттың ішінде өмір сүрген азғантай қазақтардың басқа ұлтқа сіңіп кетпей, өз тілін, әдет-ғұрпын сақтап қалуының сыры көп. Моңғолия үкіметінің тұрақты Парламенті Кіші Құрылтайдың 1940 жылғы 27 шілде күнгі № 37 - қаулысы бойынша қазақтардың Баян- Өлгей қазақ аймағы құрылды. Бұл тарихи оқиға Моңғолиядағы қандастарымыздың өміріндегі жаңа қадам болып,қазақтардың бір бөлігінің моңғол елінде тұрақтап қалуының негізі болып,бүгінгі Моңғолиядағы қазақ диаспорасының бір шоғырын қалыптастырды. ...Баян-Өлгей атты аймақ қазақтардың автономиялық құрылымы болмағанымен, аймақтағы халықтың көпшілігінің қазақтар болуы,қазақтардың бір жерде шоғырлануы, қазақтардың арасында басқа ұлт өкілдерінің аз болуы, аймақты көп жылдар бойы қазақ азаматтарының басқаруы, іс-жүрізу қағаздары, оқу қазақ тілінде жүруі, қазақ драма театрының болуы, тағы басқа жағдайлар қазақ диаспорасының өз тілін, әдет-ғұрпын таза күйінде сақтап қалуының негізгі себептерінің бірі болды[18,87б.].

Моңғолиядағы қазақ диаспорасы 1940 жылдан бастап 18 аймақтың бесеуінің әкімі, 6 аймақтың орынбасары сынды қызметтер атқарды. Қазақ халқы біліммен өнерде де, ғылыммен еңбекте де жалпы барлық қызмет пен өнер, мәдениет саласында моңғол еліне танылып, сол елдің өсіп өркендеуіне өзіндік үлес қоса білді. Моңғолиядағы қазақ диаспорасының басым көпшілігі өз ана тілінде оқиды. Моңғолия қазақтары тек тілге ғана емес, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, қазақтың ұлттық ерекшелігін, ата кәсібі өте жақсы сақталғандығын айтуға болады. Байөлке аймағында ресми іс қағаздары, кеңсе жұмыстарының көбі қазақ тілінде жүреді. Байөлке аймағындағы басшылардын көбі қазақтар[19,59б.]. Уланбатыр қаласында өткен Моңғолия қазақтарының III Кіші құрылтайында тарихшы, ғалым И. Қабышұлы: «... Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстан жеке бөлініп шыққан тұста бізге үлкен еркіндік берілді. Соның әсерінен Моңғолиядағы қазақтар Қазақстанға дүркіреп көшті. Бұл көшке Қазақстан Президенті арнайы ұшақтар бөлгені де баршаға мәлім. Бұл Қазақ елінің бізге жасаған тұңғыш қолдауы емес. Кеңес Одағының тұсындағы сонау 1924 жылдың өзінде бізге Қазақстаннан белгілі қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов келіп, жаңадан құрылған Моңғол мемлекетіне айқын жол көрсетіп, нақты көмек берген болатын. Яғни, біз Қазақстанды әрқашан да өзіміздің үлкен тірегіміз, дүниежүзіндегі қазақ ұлтының ұйытқысы, қарашаңырағы деп бағалаймыз. Ұлы Отан соғысы кезінде, Баян-Өлгей аймағы жаңа орнап жатқанда Қазақстанның мамандары мен мұғалімдері келіп бізге мектеп ашуға көмектескен, дәріс берген. Осының нәтижесінде Моңғолиядағы қазақ мектептері 1992 жылға дейін білім беруді Қазақстанның бағдарламасы бойынша жүргізіп келді. Бірақ қазір ол тоқталған» деп, атап өтті. Моңғолия қазақтарының мәдениеті де қазақ халқының біртұтас мәдениетінің құрамдас бір бөлігі. Соған орай, Моңғолиядағы қазақ мәдениетін, салт дәстүр әдеп ғұрпын зертеу терең зерттеу жүргізілуде[20,9б.].Моңғолияда қазақ тілінде «Шұғыла», «Жаңа өмір» деген журнал-газет шығады. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының ұйымдастыруымен телерадио хабарларын тыңдау үшін Кателко қондырғысы Баян-Өлгий аймағына орналастырылды.Соның нетижесінде Қазақстанның барлық теледидарының хабарын мұндағы ағайындар толық көреді. Қазақстанға Монғолияның түкпір-түкпірінде (Налайх, Эрдэнэт, Багануур) тұратын қазақтарды бірінші кезекте көшірген орынды. Себебі олар уақыт өте, ұлттық ерекшелігінен қол үзу, қазақы қалпынан айрылу қаупі бар. Уланбаторда 2008 жылы ашылған Қазақстанның мәдени орталығында Қазақстан мәдениет күндері өтті. Ал Моңғолиядағы қазақ мәдени орталығы Баян-Өлгий аймағында орналасқан[21,39б.].

Қазір Еуропа елдеріндегі қазақтардың оннан астам мәдени қоғамдары бар. Олар өзара бірлесіп Еуропа қазақ қоғамдарының федерациясын құрған.Қауымдастықтың 20 жылдығына орай «Этникалық қазақтардың репатриациясы Қазақстан мемлекеті көші-қон саясатының құрамдас бөлігі ретінде: жетістіктері, мәселелері, оларды шешу жолдары» деген конференцияға саясаттану ғылымдарының докторы Абдулқаюм Кесижи қатысты. Оның Еуропадағы қазақ диаспорасының тарихы, қазіргі хал жағдайы мен келешегі туралы жасаған баяндамасында бірқатар мәселелерді ортаға салды. Соның бірі – Еуропадағы жаңа буын жастарының ассимилияцияға ұшырау қаупі бар екенін атап өтті. Еуропада жастардың көпшілігі болашақта не ата-аналары келген Түркия және түрік мәдениеті салтымен өмірлерін жалғастыратын болады, немесе тұрған елдерінің мәдениетін және салт-дәстүрлерін қабылдап, оларға сіңісіп кетеді. Сондықтан, Еуропа елдеріндегі ата-аналарға жүктелетін міндет өте көп. Бірақ, өздері

шетелдерде туып өскен осы ата-аналарға Қазақстандағы тиісті орындардың рухани қолдаулары қажетекендігі қамтылды [22].

Әлемнің 40 шақты елінде 5,5 миллионнан астам (бүгінде 7 миллион) қазақтың бір бөлігі Еуропаның оннан астам елінде өмір сүреді.Еуропадағы қазақ қоғамы қауымдастығының мәліметі бойынша, бүгінде ондағы қазақтардың басым бөлігі Түркиядан қоныс аударған бес мыңдай қазақ Германия, Франция, Швеция, Австрия, Голландия, Ұлыбритания, Норвегия және Дания сынды оншақты елдерде өмір сүруде.

1991 жылдан кейін Еуропаға Қазақстан, Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иран және Түркиядан қоныс аударған және кәсіп іздеп, білім іздеп келген қазақтарды қоссақ, онда Еуропада жүрген бар қазақтың саны он мыңдай деп айтуымызға болады. 2011 жылы мамырда Еуропа қазақтардың бір бөлігі Германияның Кельн қаласында қазақтардың Еуропаға орналасуының 50 жылдығын атап өтті. Еуропадағы қазақ қоғамы қауымдастығының мәліметі бойынша, бүгінгі күні қазақ ең көп тұратын ел Франция. Бүгінде Францияда шамамен 2 мыңға жуық қазақ бар. Олар Париж қаласы және оның маңындағы кішірек аудандарда шоғырланған. Тек Париж қаласында 230- дай қазақ отбасы тұрады. Германияда жалпы 260 үй қазақ отбасы яғни 1500- ге жуық қазақ бар. Олардың ең көбі Кельн қаласында 160 үй қазақ отбасы, Мюнхенде 75 үй қазақ отбасы, Берлинде 30 үй қазақ отбасы, Гамбургте 10 үй қазақ отбасы және бірлі- жарымдап Дюссельдорф, Майнс секілді басқа қалаларда тұрады. Алайда Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары Германияға қоныс аударған қазақтардың дәл саны қанша екендігі белгісіз болғандықтан бұл санға кірмегенін айту жөн. Бұдан кейінгі қазағы көп ел, ол- Швеция. Жалпы Швецияда 100-ге тарта қазақ отбасы бар яғни 600-ге жуық қазақтар тұрады. Ең көбі Вестерос қаласында 60 отбасы, Стокгольмде 25-30 отбасы, Гетеборг қаласында 10 отбасы тұрады. Олардың көбі Весторос қаласындағы ток генераторын жасайтын зауытқа жұмыс істеуге келіп, сонда қалып қойған қазақтар[23,68б.].

Қазақтар 1970 жылдан бастап Лондонға қоныстана бастады. Бүгінде Түркиядан көшіп келген 45 қазақ отбасы, Қазақстанның өзінен келген 50-60- қа жуық қазақ үйі бар. Оның сыртында, Қытай, Моңғолиядан келген қазақтар да бар. Барлығы қазақы мейрамдарда, ұл- қыздарының той- томалағында бас қосып тұрады. Австрияда 30 шақты қазақ отбасы тұрады. Олардың көбі ел астанасы Вена қаласында тұрады.Жеке кәсіпкерлік, сауда- саттық, такси жүргізу секілді жұмыстармен айналысады.Австрия республикасының саяси, мәдени және экономикалық астанасы Вена қаласы. Австрияда 28 қазақ отбасы шамамен 150-дей адам тұрады. Олар Түркиядан, Қытай және Қазақстаннан қоныс аударған қандастар. Венада тұратын қазақтардың тұрмыс тіршілігі шығыс пен европа дәстүрінің араласып тоғысқан бейнесі сынды. Өйткені жастардың білім алуы мен киім кию үлгісі европалықтарша болғанымен, олардың үлкенге құрмет көрсетуі, әйел адамдарының орамал тағуы шығыстық үлгіде [24,18б.]. Онда тұратын ағайындарымыз дүкендерде, такси паркінде, байланыс бөлімінде, жұмыс істейді. Әр кім өзінің тұрмысына қарай Венаның әр ауданында тұрады және балалар ана тілін білмейді. Жалпы білім беретін мектептерді бітірген жеткіншек жастардың жоғарғы оқу орындарында білім алуға жағдайлары бола бермейді. Венада қазақтар аз болғанымен олардың ұйымшылықтары жақсы.

Франциядағы Қазақ мәдени қоғамы осы елде тұратын қазақтардың тізімін жасап, жарыққа шығарған. 1960-жылдардың ортасында қазақтар түрік еңбек көші-қонының құрамдас бөлігі ретінде Германияға көшіп келе бастады. Германиядағы қазақтар: Мюнхеньде - 60 отбасы, **Кёльн**де - 90, Гамбургте – 4 отбасы, Батыс Берлинде – 20 отбасы, Хайдельбергте – 1 отбасы, Майнцте - 2 отбасы тұрады.Германияда өскелең қазақ жастарының арасында мәдени-білім беру шараларын өткізу үшін Мюнхень мен Кельнде екі қазақ қоғамы бар. Ондағы қазақтар отбасында түрікше, балалары немісше сөйлеседі.2010 жылы Берлиндегі Гумбольд университеті жанында ашылған «Қазақстан және қазақ тілі» қызмет етіп жатқан Лекторат қазақ диаспорасының жастарына ана тілін үйренуге, Қазақстанның тарихын және қазіргі заманғы дамуымен танысуға мүмкіндік береді. Абдул Каюм Кесенжи өз сөзінде еуропалық отандастардың басқосуларын өткізу соңғы он жылда жақсы дәстүрге айналып отырғанын атап өтті. Оның басты мақсаты – өз елінің ұлттық мұрасы мен мәдениетін жастардың естеріне салу [25].

В годы перестройки Советское правительство внесло значительные изменения в свою религиозную политику. Государство стало считаться с религиозными общинами. Повсеместно стали открываться новые мечети и церкви. С 1988 года народ вновь стал отмечать праздник Наурыз. А в 1989 году было создано религиозное управление казахстанских мусульман. Для достижения этих целей были преодолены многие трудности. За соблюдение религиозных традиций многие коммунисты были исключены из партии, руководители были сняты с занимаемых должностей. Были нарушены взаимные уважения и согласие между поколениями. Например, воспитанные в атеистическом духе внуки выступали против дедов, которые держали ораза и читали намаз. Ограничивались поездки в Мекке для «Хадж», ограничивались поступления в продажу священной книги мусульман «Коран». Религиозные отправления граждан постоянно находились под бдительным оком партийных идеологических органов и спецслужб.

Истинное лицо субьективной русификации открыли Декабрьские события 1986 года. 17-18 декабря только по г. Алматы число водворенных в изоляторы временного содержания, спецприемники, следственные изоляторы составило 8,5 тыс. человек. Было ранено свыше 1,7 тыс. - это только официальные данные. Позже было доказано, что против демонстрантов были применены саперные лопаты, служебные собаки, пожарные машины, дружинников из числа русского населения вооружали металлическими предметами. Сотни студентов были отчислены из высших и средних специальных учебных заведений, 99 человек преданы суду. Двое из них были приговорены к смертной казни, 83 человек были осуждены от 1,5 до 15 лет тюремного срока [19, С.113]. Наиболее передовая часть сочувствующих профессоров вузов были уволены. В результате террора против собственного народа были сломаны десятки тысяч судеб казахов, особенно молодежи. Репрессией были охвачены не только городские жители, она распространилась и на аулы и села республики. К 1990 году были сняты с занимаемой должности свыше 1100

директоров совхозов и председателей колхозов по республике (это почти половина руководителей сельскохозяйственных производств), в Гурьевской области - две трети, в Алматинской, Жезказганской, Уральской областей - около 63%, в Талдыкорганской, Чимкентской областей – больше половины [20].

Итак жестокое подавление мирной демонстрации казахской молодежи еще больше осложнило национальной вопрос и межнациональные отношения в Казахстане. Как бы коммунисты не заявляли о решении национального вопроса, именно все участившиеся межнациональные конфликты были одним из главных факторов распада СССР.

Список использованной литературы:

1. *Народное хозяйство Казахстана. Стат. сб. – Алма – Ата, 1968. – с.7; Народное хозяйство Казахстана (Стат. сб.) ч.1 – Алма – Ата, 1989. – с.19.*
2. *Народное хозяйство Казахстана в 1985 году. Стат. ежегодник. – Алма-Ата, 1986. - с.5.*
3. *Куликов В.И. Исторический опыт освоения целинных земель. - Москва: Мысль, 1978.*
4. *Итоги Всесоюзной переписи населения 1959 года. Казахская ССР. – М.: Политиздат, 1962. – С.166.*
5. *Центральный государственный архив Республики Казахстан (далее ЦГА РК). ф.698; оп.8, д.831, л.65; Казахстан в цифрах. – Алма – Ата, 1990. с.62.*
6. *Народное образование, наука и культура в СССР. Стат.сб. – М.: Статистика, 1971. – с.362.*
7. *Президентский архив Республики Казахстан (далее ПА РК). ф.708; оп.13, д.64. – л.25.*
8. *Народное хозяйство Казахстана. Стат. сб. – Алма – Ата, 1968. – с.341.*
9. *ПА РК. ф.708; оп.31, д.126. – л.9; Государственный архив Южно – Казахстанской области. ф.1122; оп.2, д.2, - л.32.*
10. *ЦГА РК. ф.1481; оп. дополнительная. 13, д.19. -л.11; Государственный архив Кызылординской области. ф.585; оп.1, д.44. – л.39.*
11. *Культура Советского Казахстана. Сб. статей. - Алма-Ата, 1957. – С.39.*
12. *ПА РК. ф.708; оп.30, д.1510. – л.3.*
13. *ЦГА РК. ф.1692; оп.1, д.2321. – л.7; д.2915. – л.62.*
14. *Народное образование, наука и культура в СССР. Стат. сб. - М., 1971. – С.247, 270, 271.; Народное хозяйство Казахстана. Стат. сб. - Алма- Ата, 1968. – С.344.*
15. *Казахстан за 40 лет. Стат.сб. – Алма – Ата, 1960. с.304.*
16. *Народное хозяйство Казахстана в 1977 г. Стат.ежегодник. – Алма- Ата, 1978. - с.141.*
17. *Итоги Всесоюзной переписи населения 1979 года по Казахской ССР. – М., 1990. - С.192, 193, 230.; О некоторых показателях демографического и социального развития казахского населения республики по областям и г. Алма-Ате (по данным Всесоюзных переписей населения 1970 и 1979 гг.). - Алма-Ата, 1987. – С.63, 108, 109.; Итоги Всесоюзной переписи населения в СССР 1970 года. т. 1. - М., 1973. – С.234.; Итоги Всесоюзной переписи населения 1979 г. т. VII. – М., 1990. – С.36.*
18. *Тәтімов М. Ауылдағы демографиялық ахуал. – Алматы: Қайнар, 1990. - 235- 237 сс.; Ақиқат. – 1993. - №8. – 63-64 сс.*
19. *Алматы.1986. Желтоксан. -Алматы: Алтын Орда, 1991.113 с.*
20. *Егемен Қазақстан. – 1990. - 16 февраль.*

ӘӨЖ 794.11.
МРНТИ 03.20.07

Тулекова М.К.[1]

[1]*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры т.ғ.д.*
Қазақстан, Алматы қ., mereke_55@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада тәуелсіздігін алған Орталық Азия елдеріндегі демографиялық даму мен оның ерекшеліктері мен ұқсастықтарына сипаттама беріледі. Орталық Азия елдерінің КСРО ыдырағаннан кейінгі саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуының елдегі демографиялық ахуалға тікелей әсер еткендігі статистикалық деректер арқылы талдана отырып, тәуелсіз мемлекеттердің өз елдеріндегі демографиялық тұрақты саясатының нәтижесінде халық саны, туу мен отбасындағы бала санының өсуі және елдегі миграциялық үдерістердің тұрақтануына әсер еткен факторлар талданады. Қазіргі Орталық Азия елдерінің демографиялық дамуына әсер етуші факторларларға сипаттама бере отырып халық санының өсуіне әсер еткен әлеуметтік жағдайларға талдау жасалынады.

Кілт сөздер: демография, көші қон, қуғын сүргін, промиль

Tulekova M.K. [1]

[1] *Doctor of Historical Sciences, Professor of KazNPU named after Abai*
Kazakhstan, Almaty

DEMOGRAPHIC DEVELOPMENT OF THE INDEPENDENT COUNTRIES OF CENTRAL ASIA

Abstract

The article describes the demographic development of the new independent countries of Central Asia, its specificity and similarity. Analyzing the direct impact of the political, economic and social development of Central Asia on the demographic situation in the country after the collapse of the USSR, the factors influencing the stabilization of migration processes in the country as a result. . Analysis of social conditions affected by the growth of wages, with a description of the factors influencing the demographic development of modern Central Asia.

Keywords: demography, migration, exile, promil.

Тулекова М.К.[1]

доктор исторических наук, профессор КазНПУ имени Абая
Казахстан, Алматы к., mereke_55@mail.ru

ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМЫХ СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Аннотация

В статье описывается демографическое развитие новых независимых стран Центральной Азии, его особенности и сходства. Анализируя прямое влияние политического, экономического и социального развития Центральной Азии на демографическую ситуацию в стране после распада СССР, факторы, влияющие на стабилизацию миграционных процессов в стране в результате политики демографической стабильности независимых государств. Анализ социальных условий, повлиявших на рост заработной платы, с описанием факторов, влияющих на демографическое развитие современной Центральной Азии.

Ключевые слова: демография, миграция, репрессии, промиль

Егемендігін алған Орталық Азия елдері өзінің өткен тарихына баға бере отырып тарихтағы көп зерттелмеген, шындығы айтылмаған оқиғалар мен тарихи деректерді қайтадан ой елегінен өткізіп, қазіргі кезде өздерінің даму ерекшеліктері мен келешегі тура көптеген ғылыми зерттеулер жүргізіп отыр. Орталық Азия елдері тарихта көптеген қиыншылықтар мен тар жол тайғақ кешулерді басынан өткізді. Еркіндігінен айрылған түркі тілдес халықтар ғасырлар бойы сол еркіндіктерін қалпына келтіру жолында аянбай күресті және оның жемісін де қазір көріп отыр. Еркіндікпен қатар өз тарихын, өз тағдырлары туралы шындықтарды жазып, зерттей отырып өз келешектерінің бағдарламаларын өздері шешіп, өз шекарасын өздері қорғап, өздерінің сыртқы және ішкі саясаттарын еркін жүргізе алатындай тәуелсіздіктің тұғырына көтерілді. ХХ-ғасырдың соңында КСРО ыдырағаннан кейін Орталық Азия елдерінде ұлттық дамудың стратегиялық жоспарлары жасалынып, әр мемлекет өзінің саясатын белгіледі, өткен тарихына қайта оралып "ақтаңдақтарды" қайта зерделей бастады. Осындай шындық толық айтылмаған, бұрмаланған мәселенің бірі ол- халықтану саласы еді. КСРО кезінде Орталық Азия мемлекеттеріндегі халық саны, оның нақты есебін жариялау, халық санақтарының сұрақтары мен оны өткізу толығымен орталықтың қолында болды. 1898 жылдан басталып 1989 жылға дейінгі патша үкіметі мен кеңестік кезеңдегі халық санақтарының барлығында да халық саны, жынысы мен білім деңгейі және жұмыспен қамту дәрежесі, этникалық құрамы туралы деректерде алшақтықтар орын алып келді. Бір ғана мысал, 1937 жылғы санақта халықтың саны күрт азайып кету себептерін ашып көрсетпеу үшін оның қорытындылары жарияланбай жоққа шығарылып, санақ қорытындылары және ол туралы деректер құпияландырылып, санақты жүргізген адамдар "халық жаулары" ретінде атылды. Осы санақтағы Орталық Азия мемлекетері, оның ішінде Қазақстандағы халық санының 1926 жылғы халық санағымен салыстырғанда күрт азайып кетуінің себебі, қуғын - сүргін кесірінен болғандығы айтылмады, тек аздаған ғана статистикалық мәліметтер КСРО ыдырағаннан кейін ғана қолжетімді болды. Осы репрессия жылдарыдағы шындықтың беті ашылар күн енді туғандай, елімідің Президенті Қ.Тоқаевтың жарлығымен қуғын сүргінге ұшыраған дарды ақтау туралы комиссияның қайта құрылуы осының көрінісі және тәуелсіздігіміздің белгісі. Тек осы комиссиядан халық саны мен оның азайып кетуінің негізгі себептері туралы нақты ғылыми деректердің зерттеушілерге қол жетімді боларлық шешімдерін күтеміз.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдарда Казақстанда халық санағы екі рет болған, 1999 және 2009 жылы. 1999 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 14,953 миллион адам құрған. 2009 жылғы санақ бойынша Қазақстандағы халық саны 16 миллионды құраған. Үшінші халық санағы 2020 жылы болады деп жоспарланған. Жалпы азғана шолу жасай отырып қазіргі кезде Орталық Азия елдерінде, оның ішінде Қазақстанда демографиялық жағдайдың қандай дәрежеде дамып келе жатқандығы туралы айтар болсақ Орталық Азия елдері өздерінің егемендігіне қол жеткізгеннен бастап елдегі халық санына ерекше көңіл бөліп отыр. Адам капиталы ол ешнәрсемен өлшенбейтін елдің байлығы. Бүгінгі өмірге

келген бала ол елдің ертеңі. Сондықтан да ертеңін ойлаған ел өзінің бесігінен бастар дегендей, қазіргі кезде халықтану саласына мемлекет тарапынан көптеген шаралар жүзеге асырылуда. Орталық Азия елдерінің демографиялық дамуының өз ерекшеліктері мен ұқсастықтары бар. Демографиялық жағдай-бұл белгілі бір территорияда олардың қарқыны, белгілі бер кезең мен зардаптардың нәтижелерінен өтетін демографиялық процестердің (туу,өлім,миграция,неке, ажырасу)құрама сандық сипаты мен сапалы бағасы[1].

Орталық Азия елдері (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан) саяси аренадағы орны мен халқының саны жағынан ерекше орынды ала отырып халық саны 2006 жылғы есеп бойынша 58223,5 млн. адамға жетті. Адами капиталы жағынан бай аймаққа жатады. Тұрғындардың саны жағынан ең көбі Өзбекстан-26100,0 мың адам 1 шаршы метрге 56 адамнан келеді; Қазақстанда-15 219,3 мың адам, бір шаршы метрге 6 ғана адамнан келеді; Тәжікстанда -6920,3 мың адам,бір шаршы метрге 48 адамнан келеді. Ал Түрікменсанда -4845,3 мың адам,бір шаршы метрге 10 адамнан[2].

Қазақстанның қазіргі демографиялық бейнесіне толығырақ тоқталайық. Территориясының көлемі бойынша тоғызыншы орын алатын Қазақстанда бір шаршы шақырымға не бары 6,2 адамнан ғана келеді екен. Халық тығыздығы бойынша мемлекетіміз әлем елдері арасында 184-орында тұр. Тәуелсіздік алғаннан кейін Кеңес Одағының көптеген бұрынғы мемлекеттеріндегідей Қазақстанда да демографиялық дағдарыс басталды. Экономикалық жағдайдың нашарлауы бала туу көрсеткішінің күрт төмендеуіне алып келген болатын. Бірақ соңғы жылдары әлеуметтік жағдайдың жақсаруы бала туудың үздіксіз өсуіне септігін тигізді. Кесте 1

Кесте 1 Төмендегі кестеде бала туу көрсеткіші бойынша ақпараттар берілген[3]:

	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011
Қазақстан Республикасы	247946	273028	278977	301756	321963	356575	357552	367752	372544
1000 адамға шаққанда									
Қазақстан Республикасы	16,63	18,19	18,42	19,71	20,79	22,75	22,00	22,53	22,50

2050 жылы өзбекстандықтар Орталық Азия халқының 43,3%-ын құрайды

БҰҰ соңғы мәліметтеріне сүйенсек, көрші елдің халық саны 2050 жылы 40,9 миллионның шамасында болады екен. Осылайша өзбекстандықтар Орталық Азиядағы 5 мемлекетте өмір сүретін халықтың 43,3%-ын құрайды. Ал Қазақстанның бүгінгі демографиялық ахуалын сараптаған мамандар аталмыш кезеңде халықтың жалпы саны – 22,9 миллионның шамасында болатындығын болжап отыр. Кесте 2 Орталық Азия мемлекеттеі ішіндегі халық саны жағынан ең алдынғы қатарлы мемлекет Өзбекстанның халық санының өсу динамикасы берілген. Бұл мәлімет статистикалық деректерден алынған. Осы мәліметке қарай отырып Өзбекстандағы демографиялық ахуалдың бірқалыпты сақталғандығын және халық санының үнемі өсіп отырғандығын көре аламыз. Сонымен Өзбекстанда керісінше еуропалық ұлт өкілдерінің бала саны аз. оларда туу азайып отыр және бір жасқа дейінгі бала санының өлімі жоғары. Жалпы Өзбекстанда егемендік алған жылдары демографиялық ахуал соған дейінгі даму көрсеткіштеріне сай бірқалыпты дамып отырды.

Өзбекстандағы демографиялық ахуалдың өзіне тән ерекшелігі ондағы қала халқы мен ауылдық жерлердегі бала туу көрсеткіштері мен отбасындағы бала санының бірдей болуы және қала мен ауыл арасыдағы урбанизация процесінің тұрақтылығы, кейінгі кезде қаладан ауылдық жерге қоныс аудару процесінің орын алуы. Өзбекстанда қалалық жерлерде көп балалы отбасылар саны көп.

2 Кесте. Өзбекстан Республикасындағы халық санының өсім көрсеткіші[4]:



Орталық Азия мемлекеттері арасында Қырғызстан Республикасының демографиялық ахуалы бірқалыпты емес. Қырғыз халқының да КСРО ыдырағаннан кейінгі онжылдықтарда басынан өткізген экономикалық және әлеуметтік қиыншылықтары елдің демографиялық жағдайына тікелей әсер етті, сонымен бірге тәуелсіздік жылдары болған ел ішіндегі әлеуметтік шиеленістер мен жұмыспен қамту мәселесінің тұрақсыздығынан елдегі көші қон мәселесінің жоғары болуы елдегі халық санына, қала мен ауылдық жерлердегі бала туу жағынан алшақтыққа алып келді. Қырғызстан халқы ресми санақ бойынша 2018 жылы қаңтарда 6,256 миллион адамға жетті. Халқының жылдық табиғи өсімі әр жылы 150-160 мың адамға көбейіп отыр.

2017 жылғы статистика бойынша 6 млн 140 мың адамның ішінде 2 млн 64 мың адамды (халықтың жалпы санының 33,6%-і) балалар мен жасөспірімдер, 3 млн 628 мың адам (59,1%-і) – еңбекке жарамды, 448 мың адам (7,3%-і) – еңбекке жарамсыз.

Орталық Азия елдерінде егемендіктің алғашқы жылдарында демографиялық өсім бірқалыпты болмады. Бір мемлекетте туу саны өсіп отырса, екіншісінде төмендеу үрдісі орын алды.

Қазақстанда ғана 1999 жылдан 2005 жылдар арасында туу санының өсуі орын алды-217578 ден 278977-ке жетті. Ал сол жылдары біз Өзбекстандағы туудың азайғанын байқаймыз: 544788 ден 51300 (2001); Тәжікстанда-180900-ден 178000 ге кеміген(2001);

Қазақтардың тәуелсіздік жағдайында саны өсіп, үлесі көбеюі екі факторға байланысты болды: 1) табиғи өсім; 2) сыртқа кететіндерден келетіндердің көп болуы - оң айырым (сальдо), соның ішінде, әсіресе отандастарымыздың оралып, тыңғылықты орын табуы.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары экономикадағы дағдарысқа байланысты, әлеуметтік қиыншылықтар көбейген кезде тұрғындардың табиғи өсімі құлдырап түсіп кетті: 1987 жылы 18,1 промилле болса, 1998 жылы 4,6 промилле болды (бір мың адамға шаққанда, туу мен өлімнің айырмасы). Осыдан кейін біртіндеп табиғи өсім қайтадан көтеріліп, 2000 жылы - 4,9; 2005 жылы - 8,05; ал 2009 жылы 13,5 промиллеге жетті[5].

Қазақтардың қатарын өсіретін екінші бағыт - шетелдегі отандастардың қайта оралуына келсек, тәуелсіздік жылдары ресми есеп бойынша 753,4 мың, ал бұл есептен тыс өздігімен келгендерді қосқанда 1 млн. қазақ қайтып келді деген пікір бар. Қайта оралғандардың басым көпшілігі Ресей, Қытай, Моңғолия мен Өзбекстаннан, ал қалғандары Түркіменстан, Ауғанстан, Түркия, Иран және т.б. алыс-жақын шетелдерден келгендер[6].

Еліміз егемендік алған алғашқы күнінен бастап елдегі халық санына, демографиялық, миграциялық процестерге ерекше көңіл бөліп отыр. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанынан бастап өткен күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси процестер халықтың демографиялық ахуалына да да өзіндік ықпал жасады. Республикадағы және аймақтардағы әлеуметтік-демографиялық жағдайға әсер ететін факторлардың бірі халықтың көші-қоны болып табылады.

Түрікмен халқының жалпы саны қазір 20,0 млн артық деген дерек бар. Түрікмендер Ауғанстан, Иран, Түркия, Ирак, Сирия секілді елдерге де жайылған. Елдегі түрікменнен кейінгі көп халық өзбектер, одан кейін орыстар.

Қазақтардың саны бұрын 120,0 мыңнан асқан екен. Қазір соның жартысына жуығы атажұртқа көшіпті. Қазір 60,0 мыңға жетер-жетпес қазақ бар көрінеді. Бұлардан басқа армяндар, әзірбайжандар, түріктер, иран халықтары, т.б халықтардың өкілдері де тұрады.

Түрікменстанда тек 1999 жылы ғана туған балалар саны 88017 болды. Осыдан көріп отырғанымыздай Орталық Азия мемлекеттеріндегі демографиялық дамудың біркелкі болмауы байқалады.

Тәжікстан-бұл Орталық Азиядғы көшбасшысы мемлекет. Осы жуырда ғана Тәжікстанның 9 миллионыншы тұрғыны тіркелген. Бұл ел қарқынды демографиялық өсім көрсетіп отыр. Демографиялық өсу жағынан алғанда бұл ел екпінді дамуда. БҰҰ есептерінде Тәжікстандағы отбасылардың 55%-ы көпбалалы (6 және одан да көп бала) екендігі көрсетілген[6,182б.].

Қорыта келгенде, елдегі халық санының өсуі ол ел экономикасының дамуының көрінісі мен келешегі. Қазіргі таңда біздің шығыс көршіміз Қытай экономика көлемі бойынша АҚШ-тан кейінгі екінші орынға жайғасты. Көптеген мамандардың пайымдауынша, оның қарқынды дамуына әсер еткен факторлардың бірі – халық саны. Соңғы деректерге сүйенсек, ҚХР халқы 1,3 млрд. болып отыр. Батыстағы және Азиядағы дамыған елдердегі жұмыс күшінің қымбаттауы ондағы ірі компаниялардың арзан және сапалы еңбек ресурстарын іздеуге мәжбүрледі. Сондықтанда еліміздің саяси және экономикалық дамуының басты тетігі және оны жасай отырып дамытушы адами факторға ерекше көңіл бөле отырып елдегі демографиялық ахуалды жақсартуда Орталық Азия мемлекеттері демографиялық саясатын жақсартуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Демографический статежегодник Казахстана, 1999.Статический сборник.-Алма-Ата,2000.-С.7.

2. Аймагамбетова Г. Т. Демографическая ситуация в странах центральной азии на современном этапе//Вестник КарГУ, 2009 г.

3. Алтаев А.Ш. История этносов Казахстана (1991-2016гг). Алматы: Қазақ университеті, 2018.

4. Төлебаев Т.Ә. Қазақстан тарихы мен тарихнамасының өзекті мәселелері. - Алматы: Қазақ университеті, 2016.

5. Программа демографического развития Республики Казахстан на 2001-2005 годы // Официальная газета.№46 (47), 17 ноября 2001 г.-С.4.

6. Тулекова М.К. Тәуелсіз Қазақстандағы көші-қон үрдісі: нәтижесі мен салдары. Алматы, 2011.

ӘӨЖ 94 (574)
МРНТИ 03.20.00

Аманбекова Н.Д.[1]

[1]*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті PhD докторанты*
(Семей қ., Қазақстан)

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШАҒЫН ҚАЛАЛАРЫНЫҢ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Шығыс Қазақстанның Аягөз, Зайсан, Шар, Шемонаиха, Зыряновск, Курчатов, Риддер, Серебрянск шағын қалаларының тарихы мен аймақ өңіріндегі осы қалалардың әлеуметтік –экономикалық жағдайына әсері тарихи тұрғыда зерттелген. Сонымен қатар Кеңестік дәуірдегі Шығыс Қазақстандағы моноқалаларының әлеуметтік-экономикалық жай-күйіне талдау жасау арқылы, моноқалалардың өнеркәсіптік өндірісінің тиімділігін айқындалды. Мақала барысында аймақтағы шағын қалалар тарихының ақтандақ беттерінің толысуына, сондай-ақ ұзақ мерзімдегі тоталитарлық жүйе кезеңіндегі шағын қалалардың маңызын тарихи тұрғыдан жеткізуге талпыныс жасалды.

Риддер, Зырян, Серебрянск және Курчатов моноқалалары басым өнеркәсіп салалары бағытында қарастырылған. Шығыс Қазақстан облысы моноқалаларның кеңестік дәуірдегі экономикалық мүмкіндіктерін көрсететін деректерге мән берілді.

Шығыс Қазақстандағы шағын қалалардың қалыптасуы және дамуы өнеркәсіптің базалық салаларының ерекшелігін қалыптастырудың шешуші әсері арқылы жүргендігі басты назарда сипатталды.

Тірек сөздер: Шығыс Қазақстан, Аягөз, Зайсан, Шар, Шемонаиха, Зыряновск, Курчатов, Риддер, Серебрянск, шағын қалалар тарихы, әлеуметтік –экономикалық жағдай, өндіріс орындары.

Amanbekova N.D.

Kazakh Innovative University of Humanities and Law PhD student,
(Semey, Kazakhstan)

HISTORICAL ORIGINS AND PREREQUISITES FOR THE DEVELOPMENT OF SMALL TOWNS IN EAST KAZAKHSTAN DURING THE SOVIET PERIOD

Abstract

The article historically studied the history of small towns in East Kazakhstan Ayagoz, Zaysan, Shar, Shemonaikha, Zyryanovsk, Kurchatov, Ridder, Serebryansk and the impact of these cities on the socio-economic situation in the region. In addition, by analyzing the socio - economic state of single - industry towns in East Kazakhstan in Soviet times, their industrial production efficiency was determined. The article attempts to fill in the empty pages of the history of small towns in the region, as well as to historically convey the significance of small towns during the period of a long totalitarian system.

The priority industries are monotowns Ridder, Zyryanovsk, Serebryansk and Kurchatov. Significance was attached to the data reflecting the economic opportunities of single-industry towns of the East Kazakhstan region in Soviet times.

In the center of attention, it was noted that the formation and development of small towns in East Kazakhstan took place through the decisive influence of the formation of the specifics of the basic industries.

Key words: East Kazakhstan, Ayagoz, Zaisan, Shar, Shemonaikha, Zyryanovsk, Kurchatov, Ridder, Serebryansk, history of small towns, socio-economic situation, places of production.

Аманбекова Н.Д.[1]

Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, PhD докторант,
(г. Семей, Казахстан)

ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОКИ И ПРЕДПОСЫЛКИ РАЗВИТИЯ МАЛЫХ ГОРОДОВ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД

Аннотация

В статье исторически изучена история малых городов Восточного Казахстана Аягоз, Зайсан, Шар, Шемонаиха, Зыряновск, Курчатов, Риддер, Серебрянск и влияние этих городов на социально –экономическое положение региона. Кроме того, путем анализа социально - экономического состояния моногородов Восточного Казахстана в советское время была определена их эффективность промышленного производства. В статье были предприняты попытки заполнить пустые страницы истории малых городов региона, а также к исторической передаче значения малых городов в период длительного тоталитарного строя.

Приоритетными отраслями промышленности предусмотрены моногорода Риддер, Зыряновск, Серебрянск и Курчатов. Было придано значение данным отражающим экономические возможности моногородов Восточно-Казахстанской области в советское время.

В центре внимания было отмечено, что формирование и развитие малых городов в Восточном Казахстане происходило через решающее влияние формирования специфики базовых отраслей промышленности.

Ключевые слова: Восточный Казахстан, Аягоз, Зайсан, Шар, Шемонаиха, Зыряновск, Курчатов, Риддер, Серебрянск, история малых городов, социально –экономическое положение, места производства.

Шағын қалалардың тарихына жүгінсек Кеңес дәуірінде Қазақстанда сандық жағынан басқа қалалық қоныстардан едәуір басым болатын шағын қалаларды дамытуға басым орын берілді. Мұндай Қазақстандағы шағын қалалардың қалыптасуы мен дамуы республиканың социалистік жаңғыруы ерекшелігінің, өнеркәсіптің базалық салаларының қалыптасуының шешуші ықпалында болғандығымен байланысты.

Қазақстанда шағын қалалардың қарқынмен дамуы өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы бағытын игерумен тікелей байланысты. Бұл қалаларда Қазақстанның экономикасында өнеркәсіп саласының, әсіресе қара және түсті металлургияның, отын, химия және мұнай-химия өнеркәсібінің, электр энергетикасының үлес салмағы жоғары болды. Сонымен қатар, жекелеген қалалар немесе қалалардың жекелеген топтары Қазақстанда өндірілген белгілі бір өнімнің жартысынан көбін берді. Алайда, Одақтың ыдырауымен, нарықтық қатынастарға көшумен Қазақстанның шағын қалаларының экономикасы көп жағдайда өз маңызын жоғалтты, олардың көпшілігі құлдырауға кетті және іс жүзінде жойылу қаупінде тұрған еді.

Соған қарамастан, шағын қалалар мен олардың тұрғындары дағдарыс құбылыстарына қарамастан, елдегі әлеуметтік-экономикалық процестерде маңызды рөл атқаруды жалғастыруда және көп жағдайда бүкіл қазақстандық қоғамның даму үрдістері мен бағыттарын дәл солар айқындайды. Сондықтан Қазақстанның шығысында орналасқан шағын қалаларының әлеуметтік-экономикалық даму проблемаларын кеңестік кезең тұрғысынан зерттеу тұтастай алғанда қоғамның даму дәрежесін бағалауға, оның проблемалық мәселелерін анықтауға және одан әрі перспективаларды белгілеуге мүмкіндік береді[1].

Осы тақырыптың қоғадық сұраныс тұрғысынан туындағанын Қазақстан Республикасының 2004-2006 жылдарға арналған шағын қалаларды дамыту бағдарламасынан көре аламыз. Қазақстан Республикасының 2004-2006 жылдарға арналған шағын қалаларды дамыту бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылы 5 қыркүйектегі №903 «2004-2006 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің Бағдарламасын жүзеге асыру іс шараларының жоспары туралы» қаулысына сәйкес әзірленді. Шағын қалаларды дамытудың негізгі бағыттары: экономика құрылымын әртараптандыру жолымен жетілдіру және көлемі әртүрлі және салалық қажетті заттары бар кәсіпорындарды оңтайлы ұштастыру арқылы құру; қалалардың функционалдық мамандану құрамын кеңейту; жақын маңдағы шағын қалалардың минералдық шикізат ресурстарын игеру; халыққа көрсетілетін негізгі қызметтің қолжетімділігін арттыру үшін аумақтық ұйымдастырудың әлеуметтік инфрақұрылымын қолдану; кадрлық әлеует пен халықтың ұдайы өсуі; шағын кәсіпкерлік субъектілерді инфрақұрылымның аумақтық ұйымымен қолдау. Шағын қалаларды дамытудың негізгі бағыттары минералды шикізаттық, өндірістік және еңбек әлеуеті, қолайлы географиялық жағдайын ескере отырып анықталды. Республиканың шағын қалаларына жаңа өмір беру үшін және, ең бастысы, арнайы мемлекеттік оңалту және дамыту бағдарламасы. Мұндай бағдарламаны әзірлеу тек объективті және жан-жақты талдау негізінде мүмкін шағын қалалардың әлеуметтік-экономикалық тарихы, олардың экономикасы мен әлеуметтік-мәдени саласының инфрақұрылымын қалыптастыру.

Өткен онжылдықтардағы Шығыс Қазақстанның шағын қалаларының дамуын мұндай ретроспективті талдау шағын қалалардағы қазіргі күрделі әлеуметтік-экономикалық, мәдени және демографиялық жағдайдың тамыры мен бастауын көруге мүмкіндік береді. Тақырыпты зерттеудің өзектілігі сонымен қатар қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық, мәдени мәселелерді шешу үшін шағын қалалар тұрғындарының санындағы, әлеуметтік, ұлттық, білім беру құрылымдарындағы өткен өзгерістерді ғылыми негізделген бағалау қажеттілігі болып табылады.

Шығыс Қазақстанда шағын қалалардың қалыптасуы мен дамуы өнеркәсіптің базалық салаларының қалыптасу ерекшеліктерінің шешуші әсерінен болды. Қазақстан өңірлерінің өнеркәсіптік игерілуінің әсерінен қала қоныстарының құрылымы тарихи қалыптасқан, негізінен саны 20 мыңға дейінгі шағын қалалардан тұрады, мысалы, Қазақстанда 1959 жылғы Бүкілодақтық халық санағы бойынша 43 қаланың 25-інде халық саны 50 мың адамнан аспады, оларда қала халқының 15% - ы және бүкіл халықтың 7% - ы тұрды. 1989 жылғы Бүкілодақтық халық санағы бойынша мұндай қалалардың 51-і 84-і болды. Шығыс Қазақстан облысы бойынша шағын қалаларға негізінен зерттеліп отырған кезеңде Аякөз, Зайсан, Зыряновск, Курчатов, Серебрянск, Шар, Шемонаиха, Риддер қалалары. Енді қалалардың тарихи негізне тоқтала кетейік. 1928 жылы Бұқтырма уезі Зырян болысының біраз жері мен Бұқтырма, Өскемен уезінің біраздаған жерін қосып Зырян ауданы құрылды. Орталығы Зырян селосы болып бекіді. 1932 жылы Зырян ауданы Шығыс Қазақстан облысының құрамына енді. 1941 жылдан аудан орталығы Зырян селосына қалалық статус берілді.

1957 жылы Зырян ауданы бірінші рет таратылды. Ал 1963 жылы Зырян селолық аудан ретінде қайта қалпына келтіріліп, 1964 жылы «селолық» деген сөз алынып тасталды. 1965 жылы 10 желтоқсанда аудан екінші мәрте таратылып, 1977 жылы қайтадан қалпына келтірілді. Парыгино селосы аудан орталығы болып бекітілді. 2012 жылдың мамыр айында Елбасы шағын қалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасын қабылдады. Серебрянск, Зырян қалалары Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі шешімімен Шығыс Қазақстандағы шағын қалаларды дамыту тізіміне енді. Зырян ауданы тек қазба байлықтарымен ғана емес, сонымен қатар өз ісінің шебері тамаша еңбек адамдарымен де мақтана алады.

Социалистік Еңбек Ері, тау-кен ісінің маманы - Н.Қ. Жақсыбаев, республикаға танымал совхоз директорлары П.Т. Полянский, П.Ф. Дягилев, Кеңес Одағының батыры П. Кольцов (танымал есім), бұрынғы облыс әкімі В. Метте (танымал есім), Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын А. Тасқараұлы осы Зырян ауданының тумалары. Зырян-1941 жылдан бастап Шығыс Қазақстан облысындағы облыстық бағыныстағы қала, темір жол станциясы. Кенді Алтайдың орталық бөлігінде, Ертіс пен Бұқтырма өзендерінің аралығында орналасқан. 1987 жылға халық саны 54,5 мың адамды құрады, Ұлы Отан соғысы жылдарында Зырян қорғаныс кәсіпорындарын қорғасынмен және басқа түсті металдармен үздіксіз жабдықтады. 80-ші жылдары Зырян республиканың түсті металлургия орталықтарының біріне айналды. Қалада ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар орналасқан: Зырян полиметалл комбинаты, Зырян қорғасын комбинаты. КСРО-ның 60 жылдығы; сондай-ақ, ет комбинаты, тігін фабрикасы және сүт зауыты бар. Серебрянск - Зырян аймағындағы, Ертіс өзенінің оң жағалауымен созылып жатқан қала. Ол Бұқтырма су электр станциясының бас бөгетінен алыс емес жерде орналасқан. Серебрянск Өскеменге автомобиль, теміржол және су көлігімен байланысты, олардан қала 90 шақырым қашықтықта орналасқан. Облыс орталығы Зырян қаласы 120 шақырым жерде. Серебрянск - Бұқтырма су электр станциясына қызмет ететін қала. Қала орнындағы елді мекен Новоалександровка шағын ауылы болды. Су электр станциясының құрылысы басталған 1950 жылдардан бастап ол тез жұмысшы ауылға, одан кейін қалаға айналды (1962 жылдан). Қалада сонымен қатар қорғаныс мақсатында тыныс алудың жеке және ұжымдық қорғанысын шығаратын бейорганикалық өндіріс бойынша Серебрянск зауыты салынды. Бұл кәсіпорын КСРО-ның құлауымен тоқырауға ұшырады. Жергілікті әскери бөлім мен басты қасбеттің доғасы ғана қалған мәдени орталық сияқты кейбір нысандардың басына күн туды. Серебрянскінің шеттері әдемі көріністерге толы. Жағажайлар мен Ертіс жағалауы танымал демалыс орындары болып табылады[2].

Аягөз-Семей облысының Аягөз ауданындағы қала (1939 жылдан), әкімшілік орталығы (1928 жылдан), ірі темір жол станциясы. Қала Нарын өзенінің Аягөз өзеніне құятын жерінде орналасқан. 1931 жылы негізі қаланған Түрксіб құрылысы мен пайдалануға берілуі Аякөздің экономикалық дамуына үлкен өзгеріс әкелді. 1985 жылы қалада автожөндеу және темірбетон бұйымдары зауыттары, ет комбинаты, май зауыты, элеватор және т.б. кәсіпорындар жұмыс істеді. [3, б. 185].

Аягөз ауданы 1928 жылы құрылды. Әкімшілік орталығы Аягөз қала мәртебесін 1939 жылы алды. Ауданның жалпы жер көлемі 5 млн. гектар құрайды. Осылайша Аягөз жер көлемі жөнінен республика бойынша Қарағанды облысының Арал аудандарынан кейін үшінші орын алады.

1930 жылы қазіргі Аягөз қаласы орналасқан жерден Түркістан-Сібір теміржолы өтіп, Аягөз станциясының ірге тасы қаланды. Осылайша мұнда алғашқы паровоз депосы және басқа теміржолға қатысты кәсіпорындар бой көтерді. Сол тұста көптеген Аягөздіктер теміржол құрылысына белсене қатысыты. Сол жылы аудан орталығы Сергиопольден Аягөз станциясына көшірілді.

Аягөзге теміржолдың бір тармағының тартылуы ғасырлар бойы мүлгіген далаға тың лебі әкелді. Сондай сілікініс пен оянуда аяулы азаматтардың бас көтеруі заңды нәрсе. Олардың ішінде Т.Рысқұлов пен М.Тынышбаевтың есімін ерекше атап өткен жөн.

Түрксіб жобасын жасау үшін Үкімет тарапынан арнайы мемекеттік комиссия құрылды. Оның құрамында әр ұлттың өкілдері енгізілді. 1930 жылы 1 мамыр күні Аягөз паровоз депосы пайдалануға берілді.

Ауданның ауыл шаруашылығының тарихы 1920-1930 жылдардағы алғашқы мойынсеріктер мен ұжымдық шаруашылықтардан басталып, МТС-тар құрыла бастады.

Ауданның ауыл шарушылығы саласында көптеген кадрлар өсіп жетілді. Аудан мәдениеті мен өнерінде кезінде елді мекендерде құрылған қызыл отаулар мен автоклубтар аса маңызды орын алды. Олар жергілікті жерлердегі өнерпаздар өнерін ұштауға, жұртшылық арасында оларды кеңінен насихаттауға жол ашты.

Ауданда балалар және жасөспірімдер спорт мектебі, «Ринг» спорт қоғамы жұмыс істейді. Ауданның шығармашылық қауымының бірден-бір тоқайласар орыны жергілікті баспасөз екендігі белгілі. Ауданда 1930 жылы 4 қазанда «Жаңа ауыл» газетінің алғашқы саны жарық көрді.

1996 жылдың наурызынан бастап «Аягөз жаңалықтары» тәуелсіз қоғамдық – саяси газеті шығып келеді.

Аудан тарихында қоғамдық тәртіпті сақтау ешқашан назардан тыс қалған емес. Бұл әсіресе еліміз егемендігін алған күннен бастап ерекше назарда. Еліміздің шығыс шекарасын күзетуде Аягөз әскери гарнизонының рөлі мен маңызы өте ерекше. Гарнизон жауынгерлері өздерінің әскери-оқу жаттығуларын жүзеге асыра отырып, аудан ұжымдарымен, оқу орындарымен тығыз байланыс жасап келеді[4].

Кеңес заманында Курчатовты географиялық карталарда көру мүмкін болмады. Бұл құпия қала, оның атластарында Семейден Конечная станциясымен (қазіргі Дегелең деп аталады) шығатын тұйық теміржол желісі болған.

Қалаға кірудің қатаң бақылауы орнатылған, ал тікенекті сымдар елді мекеннің периметрі бойынша созылған. Бұл Курчатовтың Семей ядролық полигонының технологиялық орталығы болғандығына байланысты. Қала физик Игорь Курчатовтың атымен аталады, ол «ұлттық ядролық бомбаның атасы» саналды., ол арнайы сынақтар мен іс - сапарлары мен кезінде осында жиі болатын. Курчатов 1947 жылы алғашқы кеңестік ядролық бомбаның полигонынан 45 шақырым жерде - Семей полигонының солтүстік шекарасында құрылды. 1949 жылдан бастап қала мәртебесіне ие болды. КСРО ыдырағаннан кейін Курчатов қаласының тұрғындары әскери нысандардың жабылуына байланысты едәуір азайды. Жақсы өмір сүру үшін көптеген әскери және ғалымдар бұрынғы жабық қаладан кетіп қалды. Қазіргі кезде бес қабатты ғимараттардың барлық блоктары бос, ақырзаманнан кейінгі пейзажға ұқсайды. Кеңестік дәуірде үкімет Курчатовтың ғылыми-техникалық әлеуетін жандандыруға тырысуда. Қалада бірнеше ядролардан тұратын ұлттық ядролық орталық бар (геология, ядролық физика, атом энергиясы саласындағы зерттеулер). Ядролық орталық қазір Курчатовтың негізгі кәсіпорны болып табылады.

Қаланың келбеті 1950-1980 жылдардағы кеңестік қаланың әдеттегі типтік бір сарынды тұрпатта салынған. Орталық алаңда қаланың «өкіл әкесі» саналаған Игорь Курчатовтың ескерткіші орнатылған. Төбесінде жер астында ядролық сынақтар жүргізілгендігімен белгілі аласа таулы Дегелең (полигон аумағында таралған) бар. Полигон 1991 жылы жабылғанына қарамастан, Дегелең аумағы, полигонның басқа бөліктері сияқты, радиоактивті фонға байланысты қорғалған[5].

Шар қаласы Қазақстанның шығысында орналасқан, бұл республиканың маңызды көлік торабы және теміржолдағы шанышқы. Оның аумағы аттас өзеннің жағалауын бойлай созылып жатыр. Қала тарихының басталуына дейін Түрксіб станциясының құрылысы басталды, оның қасында кейін қалаға айналған шағын қала өсіп шықты. Ол өз атауын Ертіске дейін жеткізетін Шар өзенінің құрметіне алды. Ескі күндері өзен артериясында осындай күш болды, оның бағыты наймандарды жеңгеннен кейін өз арнасынан өткен моңғол әскерінің үштен бірін лезде алып кетті. Топонимнің шығу тегі бірнеше нұсқаға ие. Олардың біреуінің айтуынша, бұл атау «жылу» сөзімен байланысты, бұл қазақ тілінен аударғанда үзіліс дегенді білдіреді. Тағы бір нұсқа бойынша, Шыңғысхан мен оның әскері осы аймақтан өткенде, оған жердің түсі әсер етіп, оны Шар деп атаған, ол «сары» дегенді білдіреді. Енді қазіргі заманғы қала жылдың кез-келген уақытында ауданның ерекше түсімен ерекшеленеді. Бұған қала айналасында өсетін ши шөптері себеп болды деп есептеледі. Қала аумағына 4 аудан кіреді. Ежелгісі - Шанхай, Шар өзенінің жағасында қазақтың ауыл ретінде құрылған. «Шанхай» атауы ежелгі қазақша «Шаңқай» сөзіне қатысты, яғни «күндізгі он екіде» дегенді білдіреді деп есептеледі. Мұның түсіндірмесі бар. Шахай ауданы қаланың күн түске жақын өтетін жерінде орналасқан. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қала тұрғындарының саны шамамен екі есеге азайды. Олардың бір бөлігі Ресейге, екіншілері шет елдерге кетті. Келесі қысқарту Шар бұрынғы мәртебесін жоғалтқан сәтте болды. Жұмыссыздық деңгейінің жоғарылауы да осыған байланысты. Қаланы тірілту үшін билік ол арқылы су арналарын жүргізіп, цемент зауытын салып, мектепті жөндеді. Музыкалық продюсер Бари Алибасов, Қазақстанның халық ақыны Төлеу Көбдіков, генерал Бариан Тұрсынов, орыс сәулетшісі Трюго Бардт сияқты атақты

адамдар Шар қаласында дүниеге келген. Шар - 1963 жылдан бастап қала, 1972 жылдан бастап әкімшілік орталық. 1927 жылы Түрксіб құрылысына байланысты теміржол станциясы және жұмысшы кенті ретінде құрылды. Қалада 80-жылдардың ортасында локомотив депосы, галантерея фабрикасы, жөндеу шеберханалары, баспахана, автокөлік кәсіпорындары және астық қабылдау пункттері жұмыс істеді. [3, б. 479].

Зайсан жері дарындылардан ешқашан кенде болмаған. Бізде ел басқарған Халит, Бұтабай, Зейнолла, Ақбай тәрізді болыстар, Шұлғаубайдай шешен, Бұланбайдай палуан, Қоңыр, Ақыштай қажылар, елді аузына қаратқан билер шыққан. Жыр алыбы Жамбылдың өзі Шөжемен қатар қойған Ноғайбай ақындыМәскеу университетінің профессоры Ивановский бүкіл Ресейге әйгілеп, талантына тәнті еткен. Ал, бүгіндер Зайсан тумалары Есет, Әубәкір, Тоқтарбек, Ұлықбек, Асқар, Нұрлан, Марат, Кәдірбек, Гүлнәр, Советхандар қазақ әдебиетінің алғы легінде тұр[6].

Аудан өміріндегі ең ауыр және жауапты болған кезең – Ұлы Отан соғысы жылдары болды. Майданға – 6569 және еңбек армиясына – 1099 зайсандықтар аттанған. 2595 адам майданда қаза болды. Полковник В.Е.Головченко Кеңес Одағының Батыры атағын алса, сержант Манап Әубәкіров Даңқ орденінің толық иегері болды.

Зайсан – Ресей мен Қытай арасын жалғастыратын алтын көпір болған ұлы керуен жолы. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен елімізде кеден қызметі жолға қойылған. 1992 жылдың мамыр айынан бастап, Шығыс аймақтық кеденіне қарасты «Майқапшағай» кеден бекеті құрылды. Сондай-ақ, 2006 жылдың сәуір айынан бастап, «Майқапшағай-Жеменей» шекара сауда орталығы ашылған.

Шемонаиха қаласы - Шығыс Қазақстан облысының солтүстігіндегі аудан орталығы. Ол Алтайдың бөктеріндегі Убаның (Ертістің саласы) солтүстік (оң) жағасында жатыр. Қалада Қазақстан-Ресей шекарасына дейінгі соңғы теміржол вокзалы бар, сондықтан мұнда шекара бекеті орналасқан. Шемонаиха - қазақ Алтайының алғашқы қоныстарының бірі. Ол 18 ғасырдың ортасынан бастап Шемонаевское ауылы деп аталған. Ауыл Томск губерниясының Змиевск ауданына қарасты және оны осы Ресейден келген қашқын шаруалар мекендеді, олар крепостнойлық пен шіркеу езгісінен осы алыс және шалғай жерлерде жасырынды. Шемонаиханың негізін қалаушылар 17 ғасырдың соңында осында қоныстанған Польшадан келген иммигранттар болып саналады. Ауылда қашқын адамдар көп болғандықтан, мұнда жаңадан келгендерге көмектесу дәстүрі пайда болды. Түнде әр үйдің астында тамақ қалды.

Шемонаиха тарихында өсудің екі кезеңі атап өтілді. Біріншісі 19 ғасырдың аяғында, крепостнойлық құқық жойылғаннан кейін болды - бұл жерге елдің еуропалық провинцияларынан шаруалар күштеп қоныстандырылды. Екіншісі 1950 жылдардың аяғында, мыс кен орнын игеру және мыс химия зауытының құрылысы басталған кезде болды (1962 жылы іске қосылды). Содан кейін Шемонаиха қаласында Убу арқылы өтетін көпір және алғашқы көп қабатты үйлер пайда болды. 1961 жылы Шемонаиха қала болды. Қазіргі кезде елді мекен бірнеше карьерлермен қоршалған, бірақ сонымен бірге қала өзінің ірі сүт өндірісімен танымал.

Шемонайханың әйгілі тумасы - жазушы Анатолий Иванов, «Көлеңкелер түсте жоғалады» және «Мәңгілік шақыру» романдарының авторы. 2009 жылы өзеннің үстіндегі қияға оның шығармашылығына әйел бейнесіндегі ескерткіш орнатылды. Жергілікті жердегі тағы бір көрнекті орын - 2004 жылы киелі ағашқа айналған шіркеу.

Риддер кеніші ауылға, кейінірек елді мекенге айналады және 1932 жылдың 1 қаңтарынан бастап Риддер қаласына айналды.

Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін оның атауы Лениногорск болып өзгертілді. Кеңес кезеңінде қалада бірқатар өнеркәсіптік кәсіпорындар, тұрғын үйлер мен инфрақұрылым нысандары салынды. Алғашқы түсті металлургия кәсіпорыны қорғасын зауыты болды.

Қала аумағында 1935 жылы Ермаков негізін қалаған ботаникалық бақ бар. 1992 жылы Батыс Алтай табиғи қорығы құрылды. Риддер экономикасы әр түрлі меншік формасындағы өнеркәсіптік кәсіпорындарға, оның ішінде ірі және кіші компанияларға, дүкендерге, дәріханаларға, жанармай құю бекеттеріне, базарларға, кафелерге негізделген. Қалада дамыған инфрақұрылым бар. Жол жабыны жүйелі түрде қалпына келтірілуде, байланыс жүйелерінің алдын алу, көшелер мен алаңдар абаттандырылуда. Мәдени-ағарту ұйымдары, атап айтқанда Мәдениет сарайы мен кітапханалар белсенді жұмыс істейді. «Дауыстар», «Аребеск» сынды шығармашылық шеберлік топтарымен танымал. Тарихи-өлкетану мұражайында қала мен оның айналасы туралы көптеген экспонаттар жинақталған[7].

Шығыс Қазақстанда урбандалу деңгейі ең жоғары деңгейдің бірі болды, бұл ретте жаңа қалалардың пайда болуының неғұрлым жоғары қарқыны онда жаңғырту кезеңінде келді. Зерттеу кезеңінде қалалық типтегі елді мекендер желісінің одан әрі дамуы болды. 1959 жылы Шығыс Қазақстанда алты қала болды-Өскемен, Лениногор, Зырян, Зайсан, Семей және Аягөз. Біз көріп отырғанымыздай, Шығыс Қазақстанда жаңа қалалық қоныстардың құрылуы бұрынғысынша табиғи-минералды ресурстарды өнеркәсіптік игерумен байланысты болды [8].

Қалалық елді мекендер санының үштен бір бөлігі кен орындары мен пайдалы қазбалар кен орындарында пайда болған жұмысшы ауылдар болды. Олардың арасында темір кені өнеркәсібінің орталығы Шығыс Қазақстанда – Рудный кентін айтамыз.

ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдарында шағын қалалардың халқы күрт азайды[9]. Шығыс Қазақстанда да осы мәселе орын алды. 1989-1999 жылдар аралығында Курчатов қаласы - 43%-ын жоғалтты. Халық саны бойынша 13 шағын қала қала мәртебесіне сәйкес келмейді, соның ішінде Шығыс Қазақстан облысы бойынша - Курчатов, Шарск [9].

а) өндіру өнеркәсібі басым дамыған қалалар-15 қала:

* металл кендерін өндіру-Рудный, Зырян, шикізат ресурстарының басқа түрлерін өндіру - Жаңатас, Қаратау, Жітіқара.

в) Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін салалар басым дамыған қалалар - 19 қала: Шемонаиха, Зайсан, Электр энергиясын өндіру салалары басым дамыған қалалар - Серебрянск.

2. Өнеркәсіптік - көлік орталықтары-8 қала: Аягөз, Шар,

3. Ғылыми - тәжірибелік орталықтар-Курчатов,

4. Курорттық қалалар-Сарыағаш, Щучинск, Қарқаралы.

5. Бұрынғы өнеркәсіптік және өнеркәсіптік емес функцияларын біртіндеп Жоғалтатын қалалар-4 қала: Жем, Темір, Державинск, Текелі, Форт-Шевченко, Қазалы.

3. 19 шағын қала ауылдық аудандардың орталықтары болып табылмайды: Степногорск, Темір, Ембі, Жем, Қапшағай, Текелі, Шар, Серебрянск, Курчатов, Шу, Шахтинск, Саран, Приозерск, Қаражал, Лисаковск, Арқалық, Ақсу, Қазалы, Жаңаөзен. Олардың бір бөлігі облыстық маңызы бар қалалар болып табылады, бір бөлігі аудандардың қосылуы нәтижесінде аудан орталықтары мәртебесін жоғалтты.

Қазақстанның ерекшеліктерінің бірі шағын қалалардың ел аумағы бойынша біркелкі бөлінбеуі болып табылады [10].

Шығыс Қазақстанда XX ғасырдың 60-жылдары құрылыс және құрылыс индустриясында, ауыл шаруашылығы салаларында, қайта өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтіндердің үлесі айтарлықтай өсті, бұл осы қалаларды жеткілікті дамыған әлеуметтік инфрақұрылымы бар ауданаралық агроиндустриялық орталықтарға жылжытуға әкелді. Бұған мысал-Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха қаласы, оның қалалық қоныстары негізінен түсті металдарды өндіруге және өңдеуге маманданған. Олардың маңызды ерекшелігі жеткілікті түрде дамыған әлеуметтік құрылым болып табылады, ол іргелес аудандардың аса бай рекреациялық ресурстарымен (көлдер, өзендер) ұштастыра отырып, қалалардың қала құраушы дерекқорын рекреациялық орталықтар ретінде дамыту мүмкіндігін ашады, мысалы, Шар қаласы.

Шығыс Қазақстандағы шағын қалалардың әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымын дамытудың бұрын қол жеткізілген белгілі бір деңгейі қазіргі уақытта айтарлықтай бұзылған. Бұрынғы КСРО аймақтары арасындағы ондаған жылдар бойғы экономикалық байланыстардың үзілуімен, экономиканың күрт құлдырауымен, қала құрушы кәсіпорындардың консервациясы мен жабылуымен көптеген шағын қалалар елеске айналды, ал олардың халқы оларды жаппай тастап кетеді немесе өмір сүрудің төменгі деңгейде тұр.

Соған қарамастан, Шығыс Қазақстандағы шағын қалалар мен олардың тұрғындары дағдарыс құбылыстарына қарамастан, елдегі әлеуметтік-экономикалық процестерде маңызды рөл атқаруды жалғастыруда және көп жағдайда бүкіл қазақстандық қоғамның даму үрдістері мен бағыттарын солар айқындайды. Сондықтан Шығыс Қазақстанның шағын қалаларының әлеуметтік-экономикалық даму проблемаларын зерттеу тұтастай алғанда аймақтағы қоғамның даму дәрежесін бағалауға, оның проблемалық мәселелерін анықтауға және одан әрі болашағын белгілеуге мүмкіндік береді.

Республиканың шағын қалаларына жаңа өмір беру үшін ең бастысы шараның бірі арнайы мемлекет тарапынан оларды оңалту және дамыту бағдарламасын іске асыру. Тек объективті және жан-жақты талдау негізінде шағын қалалардың әлеуметтік-экономикалық тарихы, олардың экономикасы мен әлеуметтік-мәдени саласының инфрақұрылымын қалыптасу тарихын зерделей отырып қана келешегін айқындауға мүмкіндік туады. Өткен Кеңестік кезеңдегі Шығыс Қазақстандағы шағын қалалардың дамуын мұндай тарихи талдау шағын қалалардағы қазіргі күрделі әлеуметтік-экономикалық мәдени жағдайдың тамыры мен бастауын көруге мүмкіндік береді.

Шығыс Қазақстандағы шағын қалалар мен олардың тұрғындарының тарихын зерделеу аймақтың қазіргі заманғы барлық әлеуметтік-экономикалық, мәдени және басқа да проблемаларын шешумен тығыз байланысты. Бүгінгі таңда Шығыс Қазақстандағы шағын қалалар ел экономикасы мен әлеуметтік саласының ең ауыр нүктелерін білдіреді және олардың тарихын зерттемей, әлеуметтік-экономикалық даму проблемаларын талдаусыз бүкіл аймақтың болашақ дамуын болжау мүмкін емес деп айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Моногорода Казахстана: методические основы оценки состояния и направления развития/ Под. ред. Н.К.Нурлановой. – Алматы: Институт экономики КН МОН РК. -2014. С. 30.*
2. *Казахстан - самые маленькие города по площади территории //tochka-na-karte.ru – 1 с.*
3. *Казахская ССР. Краткая энциклопедия в 4-х т., Т.2. Алма-Ата: Гл. ред. Казах, сов. энциклопедии, 1988, 608 с.*
4. *Аягөз [Мәтін] : Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданының энциклопедиясы. Т. 1 / суретші: Б. Серікбай, И. Серікбаева. - Алматы: Көркем, 2010. - 676 б.*
5. *Казахстан - самые маленькие города по площади территории //tochka-na-karte.ru – 1 с.*
6. *Шығыс Қазақстан облысының мұрағаттық қызметі. Өлкетану - http://www.arhiv.vko.gov.kz/region_07.htm(14.02.2012). //https://adebiportal.kz/kz/ultbolmysy/view/65*
7. *Итоги Всесоюзной переписи населения 1959года. КазССР. -М.: Гостатиздат, 1962. - 200 с. - С. 17.1, с. 16*
8. *Кошанов А.К., Айдарханов МХ. Малые города при переходе к рынку (проблемы и приоритеты). -Алматы: Ғылым, - 115с.*
9. *Юрицын В. Большие проблемы малых городов. //Новости недели. - 2002. - №22. - 5-11 июня.*
10. *Чуланова З. Проблемы развития малых агропромышленных городов Казахстана. //Аль Пари. - 2002.- №2-3. - С. 27.*

ҒТАМР 03.09.55
ӘОЖ 94"19/"

[1]Г.Батырбекқызы, [2]Т.Қ.Мекебаев, [3]Ж.Ж.Құмғанбаев

[1]Phd, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент, Қазақстан, goha_batyr@mail.ru
[2]т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Әл - Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан
[3]Phd, Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН

Аңдатпа

Мақалада 1941-1945 жылдарда өткен Ұлы Отан соғысы тарихының бірғана бөлшегі – майдандағы қазақ тілінде жарық көрген газеттер туралы. Яғни, сол сұрапыл соғыстағы қазақ жауынгерлерінің, қазақстандық халықтардың ержүрек ұлдары мен қыздарының, КСРО мемлекеті азаматтарының отты шайқастардағы ерлігі мен тылдағы ерен еңбектерінің шежіресі. Сол кездегі қазақ журналистикасының ең кең тараған, әрі жан-жақты дамыған саласы - күнделікті басылымдар, газеттер, барша жаңалықтарды қоғамға, оқырмандарға үзбей жеткізіп тұрды. Егер шындығында, бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) ел алдындағы, Жаратушы алдындағы, қоғам үшін ең басты парызы мен міндеті - ақиқатты мүлтіксіз тарату арқылы барша азаматтардың сана сезімін оң бағытқа баулап, қоғамның дамуын қамтамасыз ету болса, соғыс жылдары БАҚ қызметкерлері өз борыштарын толығымен іске асырды, орындады, Отанды қорғаудың үлгілі жолдарын баяндады, тарихи мұра ретінде ұрпақтарға табыс етті. Бұл біздер үшін, біздердің болашақ ұрпақтарымыз үшін мәні мен құны мәңгілік тарихи деректер.

Түйін сөздер: Ұлы Отан соғысы, газет, журнал, баспасөз, редактор, 1941-145 жж., КСРО, БАҚ.

G. Batyrbekkyzy[1], Mekebaev T.K.[2] Kumganbaev Zh.Zh.[3]

[1]PhD, M.Auezov South Kazakhstan State University,
Kazakhstan, Shymkent, e-mail: goha_batyr@mail.ru
University, Kazakhstan, Almaty
[2]c.h.s., associate professor, Al Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty
[3]PhD, Al Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty

FROM THE HISTORY OF THE GREAT PATRIOTIC WAR

Abstract

The article is a part of the history of the Great Patriotic War of 1941-1945 - newspapers in the Kazakh language on the front. It is a chronicle of the bravery of the Kazakh warriors, the brave sons and daughters of the Kazakh people, the citizens of the Soviet Union in fiery battles, and the feat of home front. The most widespread and developed branch of the Kazakh journalism of that time - daily editions, newspapers, constantly transmitting the news to the public and readers. If in fact, the main duty and responsibility of the media (media) before the country, the Creator, for society was to guide the positive emotions of all citizens by the right distribution of truth and to ensure the development of society, then during the war years the media had fully fulfilled their duty, performed, described exemplary ways to defend the Motherland, passed on to the descendants as a historical heritage. This is an eternal historical value and value for us and for our future generations.

Key words: World War II, newspapers, magazines, press, editor, 1941-1945, USSR, media.

[1]Батырбеккызы Г.[2]Мекебаев Т.К.[3]Кумганбаев Ж.Ж.

[1]PhD, Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова,
Казахстан, Шымкент, e-mail: goha_batyr@mail.ru
[2] к.и.н., ассоциированный профессор, Казахский национальный университет им. Аль Фараби,
Казахстан, Алматы
[3]PhD, Казахский национальный университет им. Аль Фараби,
Казахстан, Алматы

ИЗ ИСТОРИИ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Аннотация

В статье рассматриваются периодические издания на казахском языке, которые выходили в период Великой Отечественной войны 1941-1945 годов. Это летопись храбрости казахских воинов, отважных сыновей и дочерей казахского народа, граждан Советского Союза в огненных сражениях и подвиги тылового фронта. Самая распространенная и развитая отрасль казахской журналистики того времени - ежедневные издания, газеты, которые постоянно передавали новости публике и читателям. Если на самом деле главная обязанность и ответственность СМИ перед страной и обществом состояла в том, чтобы направлять положительные эмоции всех граждан путем правильного распространения правды и обеспечения развития общества, то в то время в годы войны СМИ полностью выполняли свой долг, описывали образцовые способы защиты Родины, передавали потомкам историческое наследие. Это вечная историческая ценность для нас и для наших будущих поколений.

Ключевые слова: Великая Отечественная война, газеты, журналы, пресса, редактор, 1941-1945 гг., СССР, СМИ.

Кіріспе. Соғыс жылдарында қалыптасқан аса құнды дәстүрлердің бірі - тыл майдан арасындағы үзіліссіз байланыстар. Газет беттеріндегі материалдарда жауынгерлердің соғыстағы ерлігі туралы, тылдағы еңбеккерлердің майданға деген, жауды жоюға деген қажымас қайратты істері мен барша жасөспірімдердің ұмытылмас жәрдемдерін оқуға болады. Қазақ халқының ұл-қыздарының майдандағы қаһарманды ғы, тылдағы мыңдаған жұмысшылар мен қызметкерлердің ерен еңбегі ана тіліміздегі газеттерде том-томымен қоймаларда сақталуда, сол басылымдар бүгінгі және ертеңгі ұрпақтарымыз үшін үлгі-өнеге емес пе?

Мыңдаған совет азаматтарының өз еркімен майданға аттанғаны, әсіресе сол замандағы жастардың жауға қарсы шайқасқа ұмтылғаны туралы Шымкенттегі Тұрысов Еркінбек - ағаның шығармаларында жазылған. Облыстың Шаян ауданынан (бүгінгі Бәйдібек) бір топ жігіттер армияға алынғанда, жасы толмаған Бердібек Бекназаров өзін сол сарбаздар қатарына алуды өтінеді: «Толмаса, енді толам. Алдырасыз, алады», деп ағасынан өтінген, - мен сізден қалмаймын, көке! Берлинге дейін барып, Гитлердің қортышқанның тұмсығындай істеген мұрнын бұзып, герой болып қайтамын». 17-жастағы жеткіншек майданға аттанған [1]. Бердібектің бейнесі - соғыс жылдарындағы жастардың өзі.

Шаяндық жасөспірім Б.Бекназаров қан майданда Воронеж үшін соғыста қаза тапты. Оның есімі сол қаланың орталығындағы бауырлар мемориалында алтын әріппен жазылған.

Соғыс жылдарындағы адам шығындары туралы мәселеге де 80 жылдан астам уақыт өтті. Бұл тақырыпты зерттеуші Борис Соколов: «1941 жылдың 1-ші қаңтарында КСРО-да 196,6 млн адам болып, 1946 жылдың басында халық саны 167 млн-ға түскен. Яғни, 29,6 млн шығын болған». Соғыс басталғанда, 1-ші шілдеде Қызыл Армия қатарында 5,8 млн, жылдың соңында 7,2 млн. Сонымен, 1941 жылдың соңында армия саны 10,1 млн-ға жеткен [2].

Талқылау. Соғыс шығыны туралы көп тараған мәліметтер Кеңес әскімшілігінде (Берлиндегі) істеген полковник Калинов Кирилл Дмитриевичтен алынған. Ол 1949 жылы батысқа өтіп кеткен, сондықтан Германияда жарияланған оның кітабы «сатқындікі», дұрыс емес [3] деп тараған. К.Д.Даниловтың қолында құпия құжаттар болған - мыс, Қызыл Армияның бас военврачы генерал Е.И.Смирновтың, ГУК-тың, Н.А.Вознесенский, т.б. лауазымды адамдар 1946 жылы қаңтарда И.В.Сталинге берген анықтама болған (ол құжат бүгінге дейін табылмаған). Сол құжат арқылы Калинов кітап жазған, кітап итальян және француз тілдерінде де шыққан. Калиновтың жазғаны бойынша: 8,5 млн адам шығыны, 37 млн жау тұтқында өлгендер, 2,5 млн жарақат пен аурудан қаза тапқандар. Қызыл Армияның барша шығыны - 14,7 млн адам [3, 11 б.]. Бұл мәлімет 60-шы жылдарда айтылғаны рас.

Ұлы Жеңістің 75-жылдығы қарсаңында жарияланған мәліметтерде [4]:

- Жаудың оккупациялаған территориясында қырылған бейбіт адамдар саны 7 млн 420 мың 379 адам, олардың ішінде 216 мың 431 балалар;
- Германияға күштеп жетілгендер 5 млн 269 мың 513 адам, олардың 2 млн 654 мың 513-і соғыстан соң кері қайтқандар;
- Эммиграцияда (шет елдерде қалғандар) саны 451 мың адамды құрады;
- Санитарлық шығындар (жарақаттанған, контузия алған, суыққа және өртке ұшыраған, ауруға шалдыққандар) саны 18 млн 344 мың 148 адам;
- Хабар-ошарсыз кеткендер мен пленге түскендер саны 5 млн 59 адам;
- Штрафные рота мен батальондарда болғандар 427910 адам, олардың 170298 шайқастарда қаза тапты.

Бұл мәліметтерден өзгеше цифрлар туралы (Германиялық авторлар, ресейлік Б.Соколов, И.Курганов, А.Осокин сияқты зерттеушілер еңбектерінен алынған – Анвар Исмаиловтың деректерінен) көлемді мақалада [4]: КСРО-ның адам шығыны 43-44 млн болды, соғыс алдында халық саны 156 млн болып, халықтың үштен біріне жуығы қырылған – деген де тұжырымдама бар.

1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысына қатысқандар туралы, жаппай мобилизацияның қорытынды сандары мен майданда қайтыс болған, жарақаттанған және хабарсыз кеткендер туралы деректер аз емес. Көрсетілген адам шығыны туралы мәліметтер де молынан болғанымен, ондағы цифрлар да әртүрлі, кейде – қарама-қайшы [6].

Әдістер. Мақаланы жазуда салыстырмалы-талдау, сыни көзқарас таныту ғылыми тәсілдері басшылыққа алынды. Қазақстандық және шетелдік деректерге сыни көзқарас таныту және жүйелеу мәселелері жіті ұқыптылықты талап етті.

Нәтижесі. Кеңес дәуіріндегі кітапта: Екінші дүниежүзілік соғыста 56 млн адам өлтірілген, ал 90 млн адам жарақаттанған, 28 млн – сол соғыста мүгедек болды, аштық пен эпидемия кездерінде 12 млн қырылған [7]. Ал Ұлы Отан соғысы жылдарында 29 млн 574,9 мың адам армияға алынды [8]. Қазақстаннан Германия мен Японияға қарсы соғысқа 1 млн 366 мың 164 қазақстандықтар қатысты, яғни бұл республика тұрғындарының 21,1 пайызын құраған еді. Барша адам шығыны КСРО бойынша 27 млн шамасында, олардың 8 млн 668 мың 400-і әскери адамдар. Соғыс майданында 601 мың 11 қазақстандық қаза тапты, яғни әскерге алынғандардың 44-пайызы, олардың 350 мыңы қазақтар [9]. Қазақстандық «боздақтар» кітабында осы мәліметті келтірген, бірақ «бұл соңғы қорытынды емес», - «эта цифра не окончательная» - деген тұжырымға келген [10]. Бүкіл Совет Одағы бойынша 1941-1945 жж. адам шығыны 26 млн 600 мың деген хабар берілген [11].

Соңғы 50 жылдай уақытта 1941-1945 жж. соғыс туралы мәліметтер бірнеше рет зерттелу мен сараптамаға салынды. Ресми түрде жарияланған [12] мәліметтер жинағы мынадай көрсетілген.

Ұлы Отан соғысы алдында КСРО-да 196,7 млн адам болған. 1941 ж. 22-маусымы қарсаңында Армия мен Флот қатарында тізімі бойынша 4 млн 826 мың 907 адам. Бұлардан басқа Қорғаныс Халық комиссариатындағы қамтамада (бөлек мемлекеттік ведомстволар есебінде) 75 мыңға жақын әскери адамдар болған. Соғыс қарсаңында армиядағы дайындықта 850 мың әскери борышын өтіп жатқан. Соғыс жылдарында шақырылғандар саны – 34 млн 476 мың 700 адам. Бұлардың үлесі: Ресей үшін – 19,2 пайыз; Беларусь үшін – 11,7 пайыз; Украина үшін – 12,2 пайыз. Ал Закавказье, Орта Азия және Қазақстан үшін – әрқайсысына 18 пайыз деп берілген [13]. Россиядан барлығы 21 млн 187 мың 600 адам алынған. Қарулы күштер қатарында 490 мың 235 әйел заты болғаны анықталған.

1945 жылдың 1-ші шілдесінде КСРО Қарулы Күштерінде 12 млн 839 мың 800 адам еді. Соғыс жылдарындағы жалпы адам шығыны 8 млн 668 мың 400. Оның 6 млн 537 мыңы Ресейден, яғни жалпы адам шығынының 71,3 пайызы.

Инвалидтердің жалпы саны – 2 млн 576 мың. Сотталғандар – 994,3 мың, қашқындар саны – 212,4 мың.

Республикамыздың майданға қосқан үлесі туралы Қазақстан Республикасы Ардагерлер ұйымы төрағасы, белгілі тарихшы-ғалым профессор Өмірзақ Озғанбай: «Жауға атылған әрбір он оқтың тоғызы Қазақстан қорғасынынан құйылды. КСРО-да шоғырланған марганец пен молибденнің 60 пайызы біздің республикада өндірілді. Балқаш, Қарсақпай кен орындары соғыс жылдары өндірілген қара мыстың жартысынан астамын берді. Республика дихандары мемлекетке 360 млн пұт астық тапсырды. 4 жыл ішінде Қазақстан еңбекшілері майдан мұқтажына 94 млрд 500 млн сом жарна өткізді» [14].

Қызылордалықтардың соғыс майданындағы ерлік пен тылдағы ерен еңбектерін атап өту орынды. Облыс тұрғындары 1942-1944 жылдарда КСРО Қорғаныс Комитетінің (ГКО) алғыс айтылған жеделхатын 11 рет алғаны бар, ал майдан үшін сол жылдары 53600 центнер ет, 2800 центнер май, 3870 центнер жүк және 254800 дана мал терісін қорғаныс қорына тапсырып, 1944 жылы Одақтық ауыспалы Қызыл Туын иеленгені бар [15]. Бұл патриоттық табыстар тылдағы газеттердің көшбасшысы – қазақ тіліндегі «Социалистік Қазақстан», орыс тіліндегі «Казахстанская правда», мысалы, Донбасс көмір ошағы уақытша жау қолында қалғанда Қарағанды бассейіні соғыс жылдары аса жоғары орынға шықты. Бұл басты газеттер «Карагандауголь» бассейінінде өз тілшілерін орнықтырды. КСРО-ның бас газеті «Правда» Қарағандыда көшпелі редакция ұйымдастырды. Бұл редакция жеті айдан астам уақытта, 1942 жылдың 19-қарашасынан 1943 жылдың 17-шілдесіне дейін, көп тиражды «Барлығы майдан үшін» (Все для фронта) газетінің 120 мыңдық 230 номерін шығарды. Сол Мәскеулік «Правда» газетінде «Отанды қорғаудағы шахтерлердің үлесі» атты арнайы бас мақалада Қарағанды көміршілерінің Магнитогорск, Поволжье кәсіпорындарын, темір жол транспортын қамтамасыз етудегі теңсіз ролін көрсетті.

Сыр елінің мәңгі мақтанышы. Соғыс басталған жылы Облыс Отанға 178,8 мың центнер астық тапсырды, ал 1942 жылы астықтың мөлшері өткен жылға қарағанда 2 млн пұт асты. Шиелі ауданындағы «Авангард» колхозының күрішші диқаны Ким Ман Сан әр гектардан 160 центнер өнім алды. Оның әріптесі Ыбырай Жақаев өнімді 170 центнер жеткізді [15, 144 б.].

Қызыл-Орда облысының соғыс жылдарындағы тарихында есімдері алтын әріпті Қуаныш Баймағамбетов, Шоқатай Қоянов, Қашақбай Пірімов, Керейтбай Дүйсенбаев, Қорысбай Ділімбетов, игілі істерімен республикаға, бүкіл одаққа белгілі Ыбырай Жақаев пен Ким Ман Сам атты тұлғалар бар. Олар майданға көмектесу патриоттық бастамалардың алғы шебінде болды, әрқайсысы майдан қорына 100-мыңнан 325 мың сомға дейінгі өз қаржыларын өткізді [15, 145 б.].

Қазалы ауданындағы «Қызыл Ту» кеңшарының бригадирі Қашақбай Пірімов соғыс жылдары сол шаруашылық ұжымын басқарды, 1937 жылдан КСРО жоғарғы Кеңесінің депутаты болған [15, 137 б.]. Бұл ұлы оқиғалар Облыс

тарихында, халық жадында мәңгі орын алып, Қызыл-Орда тарихы туралы қызықты әрі өте тартымды жазылған кітапта орын алғанын тағы да атап өткенді жөн санадық.

Украинаның Біріккен университеті (Киев және Харьков университеттері) соғыс жылдарында Қызыл-Ордада орналысты [15, 135 б.]. Қалада Москваның агротехникалық және Қырымның медицина институты тұрақтанды.

Қазақстан Республикасының жеке облыстарының тарихы мен өмірін баяндайтын кітаптар ішінде Ақтөбе облысына арналған басылымның аса құнды орнын байқамай өткен дұрыс болмас. Ақтөбе әйелдерінің тарихында ұрпақтарға үлгі болар ерлік те қаншама айтсақ та орынды. Қызыл Армия қатарына алынған 47757 ақтөбеліктердің 3113-і қыздар мен әйелдер болған. Тек қана Ақтөбедегі ферросплав зауытында соғыс басталысымен 33 әйел металлург мамандығын игерген, майданға аттанған ерлердің орнына 80-і метал қорытушы болып, еңбек вахтасында еңбектенген [15, 143 б.]. Мұндай патриоттық ел тарихында болмаған.

Дарынды журналист, өмірдің бейнесін шеберлікпен өрнектеген Юрий Криниционов әдемді «айналып өткен» тарихы мен рухани қуатты шексіз сурет туралы жазғаны бар [16]. Қазақ баспасөзінің майдандағы атқарған ролі туралы кеңінен қамтылған Москваны қорғау үшін соғыста, Сталинград және Ленинград эпопеясы туралы, сол шайқастарда ерлік көрсеткен қазақ совет жауынгерлеріне арналған мақала мен очерктер бүгін де құнды тарихи деректер. Бұл тақырыптар Қ.Бекхожиннің кітабында 34-тей бетті қамтыған. Ал, «Қазақ тіліндегі майдандық газеттер» атты кітаптың үш беті шолу ретінде 1942 жылы қараша айынан шыға бастаған газеттерге арналған. Қазақ тіліндегі майдандық газеттер 15 болған. Олар толығымен қамтылмағанмен, автордың: «Барлық майдандық қазақ газеттерінде ерлік істердің шежіресі жазылды», дегені аса маңызды тұжырым. Сол газеттерде Нүркен Әбдіровтың, Ақәділ Суқанбаев пен Сұлтан Баймағанбетовтің майдандағы ерліктерін барша совет жауынгерлеріне, әсіресе қазақ солдаттары мен офицерлеріне, ана тілімізде жеткізді.

Белгілі жазушы Илья Эренбургтың қазақ жауынгері туралы мақаласы, мысалға алсақ, бүкілодақтық газеттерде, біздің республикалық басылымдарда, майдандағы газеттерде кеңінен таралды. Илья Григорьевич Эренбург - былай жазды: «Қазақтар кең далада атқа мініп шабуға дағдыланған адамдар, ал егер керек болса, ол еңбектейді де, жүгіріп те кетеді, тырбаланып тау-тасқа да шығады. Олар сазға батпайды, оларды еш нәрсе де тоқтата алмайды. Тұтқынға алынған бір фашист офицері былай деп мәлімдеген: «Бізге қарсы сондай бір қорқынышты, ғажайып солдаттар соғысты. Оларды ешқандай оқ тоқтата алмады. Олар бізге қарсы дүрсе қоя берді. Кейіннен маған бұлар қазақтар деседі. Мен бұрын мұндай халықтың бар екенін білмеуші едім».

Қ.Бекхожиннің кітабында Волхов, Прибалтика, Оңтүстік майдандарында қазақ тілінде шыққан «Майдан правдасы», «Жауға қарсы аттан», т.б. да газеттердегі мақалалардан үзінділер келтірілген. Автордың қорытындысы: «Майдан газеттері - совет жауынгерлері мен тылда еңбек еткен халқымыздың өшпес ерлігінің жарқын шежіресі. Қазақ тілінде шығарылған майдандық газеттер қазақ баспасөзінің тарихынан елеулі, орын алды. Бұл газеттерді шығару ісіне Ахмет Елшібеков, Үмітбай Балқашев, Қасым Шәріпов, Әбу Сәрсенбаев, Қалмахан Әбдіқадыров, Жұбан Молдағалиев, Әнуар Ипмағанбетов, Құрманбек Сағындықов, Мұса Дінішев, Төлеутай Ақшолақов, Сағынғали Сейітов, Жекен Жұмақанов, Зейнолла Тұрарбеков, Әбдірашит Бектемісов, Мұзафар Әлімбаев, Қалижан Бекхожин сияқты жауынгер журналистер мен жазушылар редактор, газет қызметкерлері, тілшілер болып қатысты. Міне, осылай үлкен жазушыларымызбен қатар қазақ баспасөзінің тарихында тұңғыш рет әскери очерк жанрын қалыпстастырды, орнықтырды. Олар жалынды сөздерімен жауынгерлердің жүрегіне жол тапты».

Яғни, сұрапыл соғыс жылдарында қазақ тіліндегі майдандық газеттер Совет Армиясының әлеуетін нығайтуға көлемді қызметін қосты, елімізді жаудан құтқаруға барша халықты жұмылдырды.

1941 жылдың 21 маусымының, яғни соғыс басталғаннан бір апта арасындағы оқиғалар туралы майдангер-офицердің естелігін жариялады. Ол 6-атқыштар дивизиясының 204-Гаубица артиллериясы полкында Брест қамалында жаудың бірінші күнгі шабуылына қарсы тұрған қазақстандық солдаттар туралы баяндаған Жұматов Ғаббас. Суреттегі бір аяғынан шайқаста айрылған майдангер Фурсов Владимир Иванович, бүгінгі Аль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, биология ғылымдарының докторы. 1941 ж. олар, - Ғаббас Жұматов пен В.И.Фурсов сол артполкта әскери қызметте еді. Ғаббас – аға да университетте бар өмірін оқытушы болып өткерді. Жауға қарсы жорығын Брест қамалынан бастап, Мәскеуге дейін Гомель қаласынан шегініп, 537-ші артиллериялық полкта (Бас командованиенің резервіндегі) Венгрия арқылы Австрия астанасы Вена қаласында Жеңіс күнін қарсы алған. 1941 ж. 7-қарашадағы Қызыл алаңда өткен тарихи шеруге (парадқа) қатысқан.

Әбдірашит Бектемісов өз кітабында Ленинград қаласының он жеті айға созылған жау қоршауын бұзуға Волхов майданының жауынгерлерінің ерлік пен батылдыққа толы шабуылдарын мақтанышпен, жүректен шыққан қуанышпен жеткізген. Сол айбында қызыләскерлер қатарында қандыбалық неміс-фашистерін аяусыз тал қандауға шақырған, үлгі болған қазақтың ақын-жазушыларын да бүгінгі ұрпаққа жеткізген. «Жас офицер жер бауырлап жылжып келеді. Қолында автомат, белінде граната. Кезінде – ышқындаған ыза жалыны, кеудесінде - қайнаған кек. Алдыңғы шептен жаңбырдай жауған оққа да қарайтын емес, аспаннан ұли түсіп, құлақ тұндыра жарылған снарядтарды да елең етпейді. Омырауымен жер сызып, алға қарай өршелене ұмтылады. Ол айналасын қоршаған, жасыл жапырақ жамылған орманға да назар салмайды. Автоматтан оқ, жаудырып, граната лақтырады. Жау өліспей беріспек емес. Оларда оқты жаңбырдай боратуда. Әне, тағы да бір майдандас досы оққа ұшты... Кенет сол қолы тыз ете қалғандай болды. Артынша қаруы икемге келмей, жерге сылқ етті. Қолынан қан сорғалап тұр екен. Ол бар күшін жинап, қаруын көтерді. Күллі салмақ оң қолына түсті. - Отан үшін алға! Даусы қатты шықты. Артынша бұл сөзді «ұралаған» жолдастарының даусы басып кетті. Ол әлі оқ боратып келеді. Бұл жас офицер - жиырма бір жасар жігіт, қазақтың белгілі ақыны Сырбай Мәуленов еді.

Синявино операциясы 1943 жылдың қысында аяқталды. Волхов және Ленинград майдандарының айбынды әскерлері жеті күндік қан төгіс ұрыстарының нәтижесінде, сол жылғы 18-ші қаңтарда бір-бірімен қосылып, жау қоршауын бұзып шықты. Сол 1943 жылы 8 қараша күні жауынгерлер үшін «Даңқ» ордені тағайындалды.

Командирлер, саяси жұмыс жетекшілері, газет қызметкерлері осы орден иегерлерін, олардың ерліктерін үлгі еткен. Волхов майданында «Даңқ» орденімен бірінші болып наградталғандар қатардағы жауынгер Красильников Григорий Алексеевич болғанын маршал Мерецков еске алған. 1,5 ай шамасында мерген (снайпер) Красильников 2) гитлершілердің қазасын берген. Батальон командирі аға лейтенант Ф.Рыбаков солдаттың еліне, Ақмола облысына Грийгорийдің ерлігін баяндап хат жіберген.

Қазақ Совет поэзиясы Совет Армиясының жауынгерлік сапында болып, Ұлы асулардан бірге өтті. Ұлы Армиямыздың құдіреттей қуатын, жауынгерлік жорықтарын шабытпен алғырлықпен жырлады. Талай кітап беттерінде өлмейтіндей өлең жолдары қалды. Ол жолдар сол бір күндерге соғылған ескерткіш, орнатылған мұнара сияқты жылдар сайын биіктен көріне береді. Әскери тақырып – көнермейтін әр уақыт көтере беретін жаңа тақырып. Біз соңғы жылдары әскери өмірге арнап шығармаларды аз жазып жүрміз. Бейбіт күннің солдаттары алдында зор борыштымыз. Жеңіс күніне жете алмай қаһармандықпен қаза тапқан ерлерді де еске алайық. Олардың ерлік өмірлерін бейнелейтін жаңадан жырлар жазайық. Әр уақыт өзімізді солдат сапындамыз деп ұғынайық.

Сыр елінің асылы Ілиясов Наги туралы мәліметтер мен арнайы шығармалар Қызыл-Орда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында жазылған [17]. Облыс Орталығы Шымкент қаласындағы Жеңістің 65 жылдығы қарсаңында орнатылған «Даңқ мемориалында» (Облыс әкімі А.И.Мырзахметовтің бастамасы арқылы салынған) оңтүстік өлкелік Кеңес Одағының Батырлары қатарында Наги Ілиясовтың есімі алтын әріптермен жазылған. Ал оның туған жері Тереңөзек ауданындағы «Қызыл коммуна» деген колхоз. Совет Армиясы қатарында жауға қарсы шайқастарда көрсеткен ерлігі арқылы 1945 жылы 24-наурыздағы Указбен Кеңес Одағының Батыры атағы берілген. Сол жылғы 24 маусымда Мәскеудің Қызыл алаңында өткен Жеңіс Парадына қатысқан.

Сержант Құрмантай Құлтасов бір ұрыста дұшпанның дзотын қиратып, бөлімшенің алға басуын қамтамасыз етті. Сол жолы, «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградталды. Аға сержант Сабыр Сәбитов те осы орденге қол жеткізгені - атака кезінде взвод командирі ауыр жараланып, қатардан шықты. Взводты басқаруды өз қолына алған Сабыр гитлершілердің ту желкесіне шығып оларға өлтіре соққы берді. Сержант Аман Ижанов мергендікпен бүкіл әскери құрамаға белгі еді, омырауында «Қызыл Жұлдыз» жарқыраған.

Ержүрек командирдің бірі лейтенант А.Қалиев сол орденмен наградталып, суреті «Отын үшін ұрысқа» газетінің 1944 ж. 12-сентябрьдегі номерінің 1-ші бетінде басылды. Қызыләскер Абілханов ұрыстардағы ерлігі үшін «Қызыл Ту» орденімен наградталған. Офицер Гавриленко басқарған госпитальда Қазақ қызы медицина қызметінің капитаны Гүлнұр Сейдалина Алматы медициналық институтының түлегі, әскери дәрігер капитан Бәсен Омаров жүздеген жауынгерлерді ажалдан алып қалды. Олардың суреті майдандық газеттің бетінде берілген еді. «Даңқ» орденді, ер жігіт аға сержант Аухади Қайырбаев Қиыр Солтүстікте шайқасты, жараланды да, емделіп өз бөліміне қайта оралып жүрді. Суреті қазақ тіліндегі газетіміздің 1944 ж. 7 ноябрьдегі ақырғы - 63-ші номерінде басылып шықты.

Пулеметші Жапар Исаевтың ерлігі де баршамызға үлгі. Атқыштар бөлімі бір ғана ұрыста жаудың жүзге жуық офицерлері мен солдаттарын жайратты, бірнеше фашистерді тұтқындады. Сол ұрыстағы ерлігі мен мергендігін бағалаған командирование Жапарды «Қызыл Ту» орденімен наградтады. Бұл награда қазақ солдатына медсанбатта (медико-санитарный батальон) командир табыс еттті.

Советтік Заполярьеде соғыс дабыла басылды. Ерлік көрсетіп, оны төсін төсеп қорғағандарға арналып «Советтік Заполярьені қорғағаны үшін» медалі шықты. Совет елінде мереке мерекеге ұласып жатты. Батыста соғыс өрті сөнді. Бірақ Шығыста милитаристік Жапонияны талқандау - 1945 ж. тамыз айында басталды.

«Біздер, дейді журналист Ә.Бектемісов, шабуындаулармен бірге, Манъчжурия жеріне кіріп, тау-тасты өрмелеп, үлкен айқастардың айғағы болып, көрген-білгендерімізді редакциямызға хабарлағанша асығамыз».

Бірінші Қиыр Шығыс майданында «Сталиндік жауынгер» газеті қазақ және татар тілдерінде шыға бастады. Қазақ тілді редакцияға капитан Рахым Айтжанов, Қабікен Қорабаев және Әбдібек Нұрмағамбетов жау жерінде тілші болып, Совет жауынгерлерінің ерліктер газет бетінде баяндап, Жапон басқыншыларын талқандауға шақырды. Мысалы, гвардия старшинасы Махмет Ахметов жауынгерлік жорығын Ұлы Отан соғысының алғашқы кезеңінен бастап, жау дүбірі басылғанға дейін жұлқысты. «Қызыл Ту», екі рет «Қызыл Жұлдыз» ордендері, ерлік күәсі медальдары Махметтің майдандағы батыл қимылдарының айғағы. Ол әуелі зеңбірекші, кейін зеңбірек командирі болды. Алғашқы айқасты Ленинград түбінде бастап, ақырғы жорығын Қиыр Шығыста аяқтады. Көп шайқасты, финнмен де, фашистпен де, жапонмен де айқасты. Соғыстың қаншама қыл көпірінен өтті, суға түсті, отқа күйді, ұрыстың боранын да, дауылын да көрді. Мұратына жетті, жеңіс туын көтерісті.

Масқара боп қираған жапон армиясы 1945 ж. 2-сентябрьде тізе бүккенін мойындап актіге қол қойды. Соғыс аяқталды.

Жұбан Молдағалиев туралы әдебиеттік Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданынан. Алғашқы өлеңдері 1939 жылдан, яғни Ұлы Отан соғысынан бұрын, баспадан шыға бастаған. Ақынның өз сөзімен айтқанда: «оқуым - жеті жылдық мектеп, техникум, әскери-саяси курстар. Ал жалпы алғанда ғұмыр бойы оқып-үйреніп келе жатырмын деуге болады, өмір мен кітаптан, аға мен іниден, ақылды мен ақымақтан үйреніп келем. 1942 жылдан бері коммунистердің ұлы армиясының қарапайым жауынгерімін. «Армия» деген сөзді ауызға алған соң өз өмірімнің өзім үшін ең бір жарқын жылдары - 1940 жылдан 1947 жылға дейін совет қарулы күштерінің қатарында болған уақытты айта кетуім керек. Бұл жылдар ішінде мен энциклопедияда қысқа ғана мәлімет берілген: «Жұбан Молдағалиев (1920-1988) -

1942-1952 жылдарда майдандарда қазақ тілінде шығып тұрған «Отан үшін», «Майдан үшін», «Майдан шындығы», «Жеңіс жалауы» газеттерінің редакциясында түрлі қызметтер атқарды. Оңтүстік облыстың оны «иемденуінің» де негізі жоқ емес. 1928-1936 жылдары жастық шағында Наги Арыс және Ташкент қалаларындағы жетім балалар үйлерінде тәрбиеленген. Кейіннен Орта Азиялық мемлекеттік университетте оқып, Өзбекстанның Жоғары Шыршық ауданында (орталығы Жаңабазар селосы) екі жылдай мұғалімдік жұмыста болған. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанған. Соғыстан соң Партия Комитетінің хатшысы, Облыстық Партия Комитетінде, Шымкентте, бөлім меңгерушісі болғаны да Облыстық сол Аллеяға есімін орнатуға себеп болғаны мүмкін. 1956 жылдан Наги өз елі Тереңөзекте қызметке өткен. 1987 жылы 6-мамыр күні Қызыл-Ордада өмірден өтті.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ тіліндегі басылымдар, ұлттық әдебиет пен өнер туралы шығармалар орыс тілді оқырмандарға да таныс. Соңғы жылдары баспадан шыққан орыс тіліндегі оқу құралдарындағы мәліметтерде қазақ ақын-жазушыларының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жауынгерлерді ерлікке шақырған жалынды өлең жолдары орын алғанын атап өткен жөн. Алып ақын Жамбылдың Ленинград тұрғындарына арнаған өлеңі (Ленинградцы, дети мои), Қасым Аманжоловтың аудармасы бастаушы және орта кәсіби оқу орындары оқушыларына арналған оқулық-хрестоматияда берілген [18].

Майдангер ақынның шығармаларының бір бөлігі 2-томдық көлемде орыс тілінде жарық көрді. Бұл Қазақстандық және басқа шет елдердегі оқырмандарға арналған орынды тарту деп санаймыз. Т.Асхановтың «Қақарлы күндер» романы «Грозные годы» деген аудармада 1-томда басылған [19].

Әскери баспасөз тақырыбына арналған көлемді кітаптар мен ғылыми ізденістер [20]. Бүкілодақтық деңгейде, республикалық ғалымдар еңбектерінде кандидаттық және докторлық диссертацияда да орын алды [21]. Ұлы Отан соғысы тарихына байланысты көптомды басылымдарда идеологиялық мәселелер шеңберінде советтік бұқара ақпараттық құралдарының ролі мен орнына арнайы мән берілді [22].

Ғылыми еңбектер ретінде баспасөз тарихына арналған ресейлік ғалым-педагог Широкорад Ирина Ивановнаның докторлық диссертациясын атап өткен орынды. Диссертацияда 1941-1945 жылдардағы орталықтық [23] газеттер мен журналдардың тарихнамасы берілген.

Олардың саяси насихат пен патриоттық тәрбие жұмыстары туралы, экономика мен өнеркәсіпті соғысты (майданды) қамтамасыз етудегі, халықты жаппай жауға қарсы мобилизациялаудағы ролі кеңінен анықталған. Майдан мен тыл өмірінің біріккен бағыттары зерттелген.

Қазақстандық авторлардан М.Серикбаеваның кандидаттық диссертациясы [24] соғыс жылдарынан бастап тәуелсіздік дәуірін қамтыған. Бұл ғылыми ізденісте 1941-1945 жж. қазақ тіліндегі майдандық газеттерге де шолу-сараптама берілген. Диссертанттың еңбегінде Ұлы Отан соғысы жылдарында жауынгерлерге, тыл еңбеккерлеріне күш-қуат берген Жамбылдың, Жұбанның жалынды өлеңдері мен М.Ғабдулиннің, Д.Снегиннің, П.Кузнецовтың, Б.Момышұлының публицистикасына мән берген.

Соғыс жылдарындағы баспасөз тарихы тақырыбы өткен 70 жылдық кезеңде толығымен зерттелмеген. 1942 жылдан бастап армия саяси басқармасы, корпус пен дивизия саяси бөлімдері өз газеттерін мыңдаған тираждармен шығарып отырған. 1943 жылдан бастап әуе қорғау күштері (ПВО), атап айтсақ, Баку и Ленинград, Забайкалье және Приморье армияларында, газеттер шыға бастаған. Артиллериялық және танк құрамаларының да газеттері өз зерттеуін күтуде екені де шындық. Дивизия мен бригада газеттерінің саны 1941 ж. – 400, 1942 ж. – 600, 1943 ж. – 635, 1944-1945 жж. – 600 болса, әскери теңіз флотында – 117 газет шыққан.

Әскери құрамалар мен барша майдан көлеміндегі орыс емес ұлт өкілдерінің (представители нерусских национальностей) санына байланысты, олардың тілдеріндегі газеттерде де өзгерістер болған. Бірақ солдаттар мен сержанттар үшін бір газет бірлесуіне «нормаланса», сол газеттер редакциясында қызметте алты адам болған: жауапты редактордың ұлттық газеттік орынбасары, екі аудармашы, корректор және екі наборщик. 1943 жылы КСРО халықтарының тілінде 55 газет болса, 1944 жылы олардың саны 110-ға жетті. Сонымен қатар, округтік газеттерде ұлт тілдерінде арнайы редакция құрамы жұмыс істеген. Орта Азия әскери округінің газеті «Фрунзевец» өзбек, қазақ, қырғыз, тәжік, түркмен тілдерінде материалдарды үздіксіз шығарып отырған. Онда осы аймақты мекендеген халықтардың жауынгерлік тарихынан мәліметтер, Ұлы Отан соғысындағы олардың ерліктері мен тылдағы майдан үшін істеліп жатқан қыруар жетістіктер баяндалған.

Соғыста кейбір ақындарымыз жаумен батырларша айқасып, қаһармандықпен қаза тапты. Жұмағалиев Абдолла мен Бұлқышев Баубектің балғын жас өмірі ұрыс даласында үзілді. Өлеңдері жеке кітап болып басылмағанымен, орталық, облыстық газеттерде шығып жүретін жас ақын, ұшқыш Нұртазин Асқар аспаннан алаулап түсті.

Сырбай Мәуленов: «Ол жылдары ұлы оқиғалардан қалыс қалған, майдан дабылына үн қоспаған бір де бір қазақ ақыны жоқ. Әркім өз қадірінше жауды жеңуге жалынды жырларымен үлес қосты». Тағы да Сырбай Мәуленов сөзімен: «Майданның ыстық-суығын өз басынан өткерген солдаттардың аты көпке танылып үлгермеген жас ақындардың ұрыс даласында туған талай-талай туындылары әлі жиналай келеді. Тарихи кезеңнің өшпес айғағы боларлық сол жырларды қалың жұртшылық қолына жеткізу - баспа орындарының әлі өтемеген парызы емес пе?»

Ұлы Отан соғысының бастапқы кезеңінде бірнеше ауыр шайқастардың ортасында өткен поэзия мен проза тарландарының белгісі өкілі - Сәуірбек Бақбергенов (1920-1997). Ол Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданынан Түркістан қаласындағы жетімдер үйінде тәрбиеленіп, соғыс басталғанда Қызыл Армия қатарында жауға қарсы атталған алғашқы әскери жасақтарда болған азамат. Баршамызға әйгілі Панфилов атындағы гвардиялық дивизияда взвод командирі Мәскеуді фашистерден қорғауда алдыңғы саптағы жаужүрек лейтенант еді. Ол Солтүстік-Батыс майданында Ресейдің Новгород, Псков, Калинин (қазіргі Тверь), Великие Луки, Холм қалаларын

жаудан азат етуге қатысқан. Әдеби шығармаларында Ұлы шайқастардың қаһармандары Бауыржан Момышұлы, Рамазан Елебаев, Талғат Бигелдинов, Бақтияр Меңдіғазин, Темірбек Көкебаев бейнелерін оқырманға таныткан. Роман - повестері орыс, белорус, татар, армян, башқұрт т.б. тілдерде жарық көрді.

Соғыс жылдарының тарихына байланысты әлі де қаншама сыры ашылмаған шындық, ақтандық беттердің бары да даусыз. Өмірдің бірден-бір қызықты жолы – тарихты қаншама жасанды жасағанмен, күндердің күнінде ақиқат-шындық ашылады. Сондықтан, өткен заманның болсын, бүгінгі күндердің болсын оқиғаларын дәлме-дәл жазып, қатесіз теріп толығымен баяндаған орынды. Келер ұрпаққа тек қана таза шындықты аманат ету тарих алдындағы басты мақсатымыз, азаматтық борышымыз. Дегенмен, мына бір абзацқа зер қойсақ «Рахымжан Қошқарбаев, по свидетельству некоторых очевидцев, был в числе тех, кто первым водрузил знамя Победы над куполом рейхстага. Однако по каким-то особым политическим соображениям Героями в истории остались грузин Кантария и славянин Егоров. Кошкарбаев не мог перенести этой обиды. Говорят, на параде Победы в Москве 9 мая 1985 года он взорвал символическое. Знамя Победы из рук также шагавшего в строю Кантарии и понес его сам. Кантария не стал оспаривать его право хотя бы в мирное время в парадном строю пронести Знамя Победы. В отличие от Момышулы Кошкарбаев даже посмертно не удостоился звания Героя» [25].

Рахымжан Қошқарбаевқа арналған «Ту тіккен» атты материалдар, тағы басқа да мәліметтер жарияланды. Дегенмен, менің өз пікірімше, редакция алқасының, жеке авторлардың кейбір мақалаларында, естелік жазбаларында немесе ой бөліскенде: 1941-1945 жылдарындағы Ұлы Отан соғысының 1939-1945 жылдарды қамтыған Екінші дүниежүзілік соғыспен алмасқаны байқалып тұрады. «Фашизмнің күлін көкке ұшырған» совет жауынгерлері, солардың қатарында фашизм әскерлерімен жанталаса алысқан мыңдаған қазақстандықтар. Ал «адамзатқа алапат қайғы алып келген» - Гитлер және оның фашистік Германиядағы, мүмкін, барша Европадағы жақтастары. Батыс майданында болсын, КСРО территориясында болсын халықты аямай таптаған фашистер. Орыс, белорус, қазақ, украин басқа да КСРО халықтары сол «алапат қайғыға» және қаза тапқан адамдар шығыны жағынан бірнеше есе көптен қырғынға ұшырады. Бұл соғыс статистикасынан да белгілі. Қазақстанның соғыс алдындағы жылдарда Ресей Советтік Федерациясы, КСРО мемлекеті құрамында болғаны анық. Соғыс жылдарындағы тарих - сол кезеңдегі одақтас республикалар үшін ортақ тарих. Советтік Отанға өкпелеп, немесе, наразы болып, сол жылдардың тарихынан безуге, болған жетістіктерді де, кемшіліктерді бұрмалауға болмас. Ащы болсын не тұщы болсын ол бәрібір өз тарихымыз. Оны бұрмалауға болмас, шындықтан алшақтасақ алдағы ғасырлар алдында Қазақстанның Ұлы Отан соғысы жылдарын терең зерттеген П.С.Белан соңғы бір сұхбатында «Синоним истории – правда» деген асыл пікірін білдірген еді. Яғни, «Тарихтың дәлме-дәлі - шындық». Осыны ұмытпағанымыз міндет пен адами парыз 1941-1945 жылдарда барлық баспасөз саны 1377-ге жетіп, олардың бір дүркін тиражы 8 млн 216 мың дана болды. Төрт журналистке – С.Борзенко, М.Джалил, Я.Чапичев, В.Омельнюк, - Кеңес Одағының Батыры атағы берілді [26].

Соңғы жылдардағы монографиялық көлемді еңбектерде 1941-1945 жылдардағы ұлттық журналистика мен әскери корреспонденттер туралы, шағын ғана мәліметтер жазылған, белгілі жазушылар мен журналистердің майдандық газеттердегі қыруар қызметтері қысқаша баяндалған [27, 286-225 бб.]. Бұл тақырыптарға бағытталған ғылыми-ізденіс жұмыстары Қазақстанда да жалғасуда. Соғыс жылдарында Армия мен Флот қатарында 943 жазушылар болған, олардың 225-і соғыс даласында қаза тапқан, 300-і орден және медальдармен марапатталған [27, 286 б.]. Бір ғана Илья Эренбургтың сол жылдарда 1,5 мың мақалалары мен памфлеттері газеттерде жарияланған, олардың көлемі төрт томға жеткен [27, 297 б.].

Қорытынды. Кеңес өкіметінің 75 жылдай тарихында халықтар достығы, совет халықтары арасындағы қарым-қатынастар және өзара жәрдемдесу тақырыптары ол көпұлтты мемлекет үшін аса зор маңызды саясат болғаны даусыз. Әрине, бұл мәселелерді кіршіксіз шешілген деп отырғанымыз жоқ. Бір мемлекет шеңберінде орналасқан сол 100-ден астам ұлт пен ұлыстардың арасындағы достастық, менің өз пікірімше, тарихта бұрын - соңды болған емес. Бұл фактордың Ұлы Отан соғысында неміс-фашистерін талқандауда, нацистік Германияны жермен жексен етуде ролі, қалай да сынағанмен, аса күрделі болғаны анық. Совет баспасөзінде барша халықтар үшін достық пен ағайындық рухында тәрбиелік – ең құнды тақырып болған.

Иә, 1945 жылдан бері көп оқиға болды. Бірнеше ұрпақ ауысты. Елімізде түрлі күрделі оқиғалар болды. Әлемнің саяси картасында Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті берік орын тепті. Кеңес жауынгерлерін өз туының астына топтастырған коммунистік идеология мұрағатқа кетті. Соғыстың қорытындысында қалыптасқан социалистік лагерь, әлем саяси дамуының бағытын анықтаған Ялта бейбітшілік шарты, Варшава шарты ыдырады. Кеңес халқының Ұлы Отан соғысындағы ерлігі әлемді таңқалдырып, мойындатты. Оған қазақстандықтар мен қазақтар қосқан қасиетті де қаһармандық ерлік үлес – ерлікті біз мақтан тұтамыз. Аға ұрпақтың ерлігі мен әскери даңқы жас ұрпақты Отанымыздың болашағы үшін азаматтық жауапкершілікке, елін қорғауға әзір болу рухын сіңіреді. Олардың ерлігі алдында тағзым етіп бас ию тірілерге қажет.

Ұлы Жеңіс әкелген құндылықтар туралы айтқанда ойға ең алдымен сол бір қантөгіс, жиһангерлік соғыстан аман қайтқан ағаларымыз бен апаларымыздың соғыстан кейінгі қоғамдық өмірдің әр саласында атқарған адамгершілік, тәрбиелік, отансүйгіштік, жас ұрпаққа қамқорлық, әділеттілік пен тазалықтық қорғаушысы болған ерекше миссиясы туралы айту парыз. Иә, майдангерлер қай салада да үлгі болды.

Ер есімі - ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді! Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз өйткені, олар біз үшін Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі, әрине, халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, қайтпас қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті. Екіншіден, ортақ жауға қарсы күрестегі көп ұлтты КСРО халықтарының ынтымағы мен достығы еді.

Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып отанын қорғады. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - дей келе Ұлы Отан соғысының 75 жылдығына орай ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтседе, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тұрысов Е. Аяқталмаған арман жол // Оңтүстік Қазақстан. 2013 жыл. 24-тамыз. 3-б.

2. Жуков Г. К. Воспоминания и размышления. В 2 т. Т. 1. - М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2002. - 415 с.

3. Итоги Второй мировой войны. Выводы побеждённых. - СПб.: Полигон; М.: АСТ, 1998, 600 с.

4. Исмаилов А.И. Война и победа: (из истории Казахстана в 1941—1945 годах). – Шымкент: Экспресс печать, 2010. – 180 с.

5. Жақсыбай Самрат. Айтылмаған ақиқат (Ұлы Отан соғысының кейбір құпиялары). Егемен Қазақстан. 2014 жыл. 29-қаңтар. 5-б.

6. Гареев М.А. Неоднозначные страницы войны: Очерки о проблемных вопросах истории Великой Отечественной войны. – М. 1995. – 320 с.

7. Бессонов Б.Н. Фашизм: идеология, политика. М.: Высшая школа. 1985. – 279 с.

8. Бездействовал ли Сталин в первые дни войны? / / Военно-исторический журнал. 1994. N 6. С.27-30.

9. Волкогонов Д.А. Триумф и трагедия / Политический портрет И.В. Сталина. В 2-х книгах. Кн. II. 4.1. М.: Изд-во АПН, 1989. 432 с.

10. Великая Отечественная война в оценке молодых: Сб. ст. студентов, аспирантов, молодых ученых / Отв. ред. Кирсанов Н.А. М.:РГГУ, 1997. 163 с.

11. Война Германии против Советского Союза 1941-1945. Документальная экспозиция. Каталог. Берлин: Argon Cop, 1992. 287 с.

12. Начальный период войны: развитие промышленной базы на востоке страны (Публ.подг. Рубин И.А.)// Советские архивы. 1991. № 5. С.43-49.

13. На роковом пороге (из архивных материалов 1939 го да). Вступительная статья и примечания Л.А. Безыменского // Вопросы истории. 1989. №11.

14. Өмірзақ Озғанбаев. Ерлік ескірмейді // Егемен Қазақстан. 2013. 8 мамыр. 4-б.

15. Сыр өңірі тарихы: Көне заманнан бүгінге дейін / Құраст. Қ. Маханбетов. - Алматы: Атамұра, 1998. - 288 б.

16. Мауленов С. Избранное. – М.: Художественная литература. – 1979. – 267 с.

17. Сыр елі. Қызылорда облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 2005. – 544 бб.

18. Назарова О., Литвиненко В.В. Казахская литература. Учебник-хрестоматия. Часть 1. 3-ое издание. Астана. 2010. – 400 с.

19. Ахтанов Т. Избранное, Алма-Ата: Жазушы, 1978. Т. 1. – 440 с.

20. Кузнецов И.В. История отечественной журналистики (1917–2000). - 4-е изд., стер. - М.: Флинта, 2012. - 640 с.

21. Рожков, А.В. Тенденции развития военной печати Республики Казахстан: диссертация ... кандидата филологических наук : 10.01.10.- Алматы, 1998.- 208 с.

22. Кульбаев Т.С. Деятельность Коммунистической партии Казахстана по руководству профсоюзами в годы Великой Отечественной войны (июнь 1941-1945 гг.): диссертация на соискание ученой степени канд. ист. наук. – М., 1984. – 199 с.

23. Россия и СССР в войнах XX века. Статистические исследования. – М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2001. – 608 с.

24. Серикбаева М.Р. Роль партийно-советской печати Казахстана в мобилизации трудящихся на помощь фронту: диссертация на соискание ученой степени канд. ист. наук. – М., 1971. – 204 с.

25. Абылай Ноян. Герои минувших дней// «Известия – Казахстан». 8 мая 2002 г. С.9.

26. Великая Отечественная война Советского Союза 1941-1945: Краткая история. - 3-е изд., испр. и доп. - М.: Воениздат, 1984. - 560 с.

27. Кузнецов И.В. На судьбу я не в обиде. – М.:Флинта, Наука. – 2010. – 240 с.

УДК 339.56
МРНТИ 06.43.09

A.I. Rustemova[1], I. A. Baymuratova[2], I. G. Orazbekova[3]

[1]Senior Lecturer,
[2]Candidate of Philological Sciences,
[3]Candidate of Philological Sciences of Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

HISTORY OF COMMERCE DEVELOPMENT ABROAD AND IN KAZAKHSTAN

Abstract

This article is devoted to the history of commerce development in foreign countries and in Kazakhstan. Studying the history of commerce development will help us successfully organize activities in the field of commodity circulation. The experience of the past allows us to find ways to apply it in the present, to avoid some mistakes. Understand why some countries get rich and what we need for successful trade. The study of the past allows us to identify some patterns of development and predict possible options for the future. Understand the main factors for promoting trade as geographical location, development of handicraft production.

Knowledge of the history of Commerce development makes it possible to better understand the market situation in our own country and in the world. Another advantage is that knowledge of the history of the origin and development of Commerce and entrepreneurship will make it possible to support or justify decisions in further commercial or entrepreneurial activities, based not only on economic knowledge, but also on historical background. It is necessary to know the history of cross-border and international trade, which has contributed to the development of both culture and the economy of Kazakhstan.

Key words: production of raw materials, lack of natural resources, profit from trade, carriers of goods, abundant crops, navigation, ship construction, enterprise, banking institutions, commercial success, research expedition, world economic process, industrial development.

А.И. Рустемова[1], И. А.Баймуратова[2], И.Г. Оразбекова[3]

[1] Әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің аға оқытушысы,
[2] ф. г. к.,
[3] ф. г. к.
Алматы қ., Казахстан

ШЕТЕЛДЕ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДА КӘСІПКЕРЛІК ПЕН МЕН САУДАНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада шетелдегі және Қазақстандағы сауданың даму тарихындағы маңызды кезеңдер қарастырылады. Сауданың даму тарихын зерттеу сауда саласындағы қызметті ойдағыдай ұйымдастыруға көмектеседі. Өткен тәжірибе оны қазіргі кезде қолдану мүмкіндігін табуға, кейбір қателіктерге жол бермеуге мүмкіндік береді. Неліктен кейбір елдер бай және басқалары табысты сауда жасау үшін не қажет екенін түсіну қажет.

Өткенді зерттеу бізге дамудың кейбір заңдылықтарын анықтауға және болашақтың ықтимал нұсқаларын болжауға мүмкіндік береді. Елдің географиялық орналасуы, қолөнердің дамуы және басқа факторлар сауданың дамуына қалай ықпал ететіндігін түсіне білген дұрыс.

Сауда-саттық тарихын білу сізге елдегі және әлемдегі нарықтық жағдайды жақсы білуге мүмкіндік береді. Мұның тағы бір тиімді жағы коммерция мен кәсіпкерліктің пайда болуы мен даму тарихын білу экономикалық білім берумен ге ғана шектелмейді, сонымен қатар тарихи алғышарттарға сүйене отырып, әрі қарай коммерциялық немесе кәсіпкерлік қызметте қабылданатын шешімдерді қолдауға немесе негіздеуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: тауар өндірісі, табиғи ресурстардың тапшылығы, саудадан түсетін пайда, тауар тасымалдаушылар, мол өнім, теңізбен тауар тасымалдау, кеме жасау, кәсіпкерлік, банктік мекемелер, коммерциялық жетістіктер, ғылыми-зерттеу экспедициясы, дүниежүзілік экономикалық процесс, өнеркәсіптік даму.

А.И. Рустемова[1], И. А.Баймуратова[2], И.Г. Оразбекова[3]

[1]старший преподаватель, [2] к. ф. н., [3] к. ф. н. Казахского национального университета им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ ТОРГОВЛИ И КОММЕРЦИИ ЗА РУБЕЖОМ И В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В этой статье рассмотрены важные этапы в истории развития торговли за рубежом и в Казахстане. Изучение истории развития торговли помогут успешно организовать деятельность в сфере товарного обращения. Опыт прошлого позволяет найти возможности его применения в настоящем, избежать некоторых ошибок. Понять почему некоторые страны богатеют, а другие нет, что нужно для успешной торговли.

Изучение прошлого позволяет выявить некоторые закономерности развития и спрогнозировать возможные варианты будущего. Понять как географическое положение, развитие ремесленного производства и другие факторы способствуют развитию торговли.

Знания истории коммерции дает возможность лучше понять рыночную ситуацию в своей стране и в мире. Плюсом еще является то, что знание истории возникновения и развития коммерции и предпринимательства даст возможность поддержать или обосновать решения при дальнейшей коммерческой или предпринимательской деятельности, опираясь не только на экономические знания, но и на исторические предпосылки.

Ключевые слова: производство сырьевых товаров, недостаток природных ресурс, прибыль от торговли, перевозчики товаров, обильный урожай, занятие мореплаванием, строительство судов, предприимчивость, банковские учреждения, коммерческий успех, исследовательская экспедиция, мировой экономический процесс, развитие промышленности.

The history of trade is the history of civilization. Man needed food, clothing and shelter for his existence, but as civilization develops, man's desires increase, and he requires not only comfort and convenience for life, but also luxury. A civilized man is never satisfied with what he has, because a new need is constantly arising. Trade is one of the means by which different peoples at different times have made efforts to meet their needs.

No civilized community can produce everything it consumes. Part of its needs must be met by exchanging products with other communities or countries, and this is the beginning of trade, both internal and external. In addition, a country may not be able to produce all that it needs to consume, due to the country's physical characteristics, lack of coal, wood or ore, its climate, etc. Thus, England cannot grow enough corn to feed its people, but it produces more cloth than is necessary to clothe them. A warm country cannot successfully grow wheat, but it can produce cotton or rice in abundance.

Trade also depends to some extent on people's national skills in commodity production. The Swiss have long been famous for producing watches and fine lace; the French for producing wine and silk. Another nation may lack natural resources, or lack the skills to make products, but it has special skills as a carrier of goods across the sea. Such were the Italian cities that in the middle ages grew rich from the profits of trade. At the same time, a country can combine all these functions and become producers and carriers of goods, profiting from each of them, as the main European States and the United States currently do.

Egyptians

Camel caravans loaded with goods and silver crossed the desert and brought wool, ivory, gold, spices, and slaves from Arabia and the Far East to Egypt. In exchange, Egypt provided large quantities of wheat, rice, cotton, and flax from the fertile Nile valley, and in addition to agricultural goods, Egypt sold cotton fabrics, tableware, and ceramics. The wide plain valley of the Nile annually brought a plentiful harvest. The Egyptians were engaged in art and science, and their kings were engaged in the construction of these remarkable monuments in the form of tombs, which are still largely preserved.

Phoenicians.

The first navigators and carriers of goods by water were the Phoenicians, who inhabited a coastal land along the Eastern Mediterranean Sea. Having access to the sea, these people were naturally attracted to navigation. Their coasts were known for their harbors, and their abundant forests supplied materials for building ships, while agriculture was difficult due to the hilly and rocky nature of the land. The enterprise and activity of the Phoenicians allowed them to build cities such as Tyr and Sidon and create a large and profitable system of trade. Intellectual activity and hard work in business led these people to many discoveries, such as glass making, the art of painting, and writing with letters. They were also distinguished for their skill in metal casting, weaving, architecture, and various other areas such as clothing, ivory, gold, and other metals.

Greeks

This enterprising people became not only the master of the Mediterranean sea, but also contributed to the spread of the germs of taste and intelligence, raising the level of civilization and creating a system of trade in a large part of the ancient civilized world. They no doubt learned to use gold and silver as money from the Babylonians, but they introduced and popularized the use of these metals as money throughout the Mediterranean by stamping and issuing coins in various sizes and denominations. The Greeks were not essentially a commercial people, being more devoted to art, architecture, and literature, yet they watched the Phoenicians trade and became their competitors to a large extent in trade, and finally defeated them and inherited their trade. The Greeks were even greater colonizers than the Phoenicians and established thriving cities in Asia Minor and along the Black sea, many of which not only became important Maritime but also manufacturing cities. These cities became centers of production the region's products, such as grains, fish, wood, salt, leather, wood, and hides.

Trade in Venice.

Thanks to its extensive trade and navigation, Venice has reached a level of prosperity and splendor. In addition to its huge trade, Venice was active in manufacturing and exporting its goods to all parts of Europe and Asia. Silk was one of the most valuable products of its artisans, and the art of weaving it into beautiful fabrics was learned from the Persians. Another product was glass, which they made from the sand of their Islands in such a high degree of skill that Venetian glass became famous everywhere for its purity and beauty. The Venetians constantly developed their navigation. They significantly improved the methods of naval construction, created arsenals, and eventually acquired naval superiority.

- социальная инфраструктура;
- здравоохранение;
- транспорт и связь;
- консалтинговые услуги;
- финансовый и банковский сектор.

Великобритания весьма заинтересована в энергетических ресурсах нашей страны. В связи с этим основной сферой деятельности британских компаний в Казахстане является нефтегазовая отрасль, в которой присутствуют такие компании-гиганты, как Бритиш Газ, Бритиш Петролеум и Шелл. В марте 1995 года между Республикой Казахстан и альянсом компаний «Аджип» /«Бритиш Газ» было подписано Соглашение о принципах раздела добычи (СПРД) [3]. Также на нефтегазовом рынке РК имеется множество менее крупных сервисных компаний и поставщиков.

Казахстанский экспорт представлен такими товарами, как

- минеральные продукты;
- феррохром;
- сталь;
- медью;
- шерсть;
- кожевенное сырье;
- удобрения;
- драгоценные и полудрагоценные металлы.

То есть экспорт представлен в подавляющем именно сырьевыми ресурсами. Тогда, как в импорте присутствуют товары с высокой добавленной стоимостью. Среди них преобладают оборудование и техническая аппаратура, транспортные средства, оптические приборы, химические, алкогольная и табачная продукция, товары пищевой промышленности и др.

В целях развития экономических отношений между двумя странами в 1993 году был создан Казахстанско-Британский Торгово-промышленный Совет. Его деятельность включает такие вопросы, как развитие казахстанского топливно-энергетического комплекса, транспортной отрасли, сельского хозяйства, инвестиционного, инновационного сотрудничества, малого бизнеса и сферы образования.

Становится традицией проведение совместных научно-практических конференций, на которых обсуждаются проблемы дальнейшего развития казахстанско-британского сотрудничества. Первая из них под названием «Kazakhstan Growth Forum» («Казахстан: новые горизонты роста») состоялась в июне 2007 г. в Лондоне. В ней приняли участие более 600 представителей частных и государственных структур, международных организаций и СМИ [3,с.3].

Тематика конференции включала разнообразные вопросы, касающиеся не только экономики, но, и, прежде всего, социально-политической ситуации в Казахстане, инвестиционного климата, нормативно-правовой и налоговой базой. Также участников встречи интересовали тенденции развития экономики РК, ее нефтегазового, топливно-энергетического и финансового секторов, строительной и металлургической отраслей, транспортного и агропромышленного комплексов, инновационных технологий и коммуникаций.

В 2008 году состоялся визит исполнительного Вице-президента компании «BG Group» Ч.Бланда и Генерального менеджера по связям с правительствами и общественностью компании «BG Group» Дж. Бака в Казахстан. В его ходе они провели ряд встреч с руководством Сената Парламента РК, министерств иностранных дел, финансов, охраны окружающей среды, энергетики и минеральных ресурсов, на которых обсуждалось дальнейшее укрепление межгосударственных связей и упрочения контактов между бизнес-структурами.

Великобритания разработала специальную стратегию по укреплению экономических связей с РК, в которой предусматривались конкретные мероприятия. Так, в ее рамках Британский Департамент по торговле и инвестициям (UK Trade and Investment) открыл Офис по торговле и инвестициям в Западном Казахстане.

Кроме того, UK Trade and Investment создал Группу, объединенную общим интересом к Казахстану (KOGIG UK), целью которой является широкая и активная поддержка британские торгово-инвестиционных интересов в нефтегазовом секторе нашей страны.

В 2005 г. Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев объявил о присоединении РК к инициативе прозрачности в добывающих отраслях (EITI), что позитивным образом отразилось на характере двусторонних отношений. Логическим продолжением активного политического диалога двух стран стало подписание межправительственного Меморандума об энергетическом сотрудничестве. Уже на следующий год он был подкреплен подписанием ряда специальных соглашений. В 2006 году в рамках визита Н.А. Назарбаева в г.Лондон состоялась презентация в Лондонском Сити казахстанских институтов развития «Самрук Казына» и Агентства по регулированию деятельности регионального финансового центра Алматы (РФЦА), а также подписание Соглашения о сотрудничестве между «London Stock Exchange Plc» и РФЦА [3,с.4]. При этом важное место в содержании подписанных документов явилось содействие Великобритании подготовке и повышению квалификации казахстанских специалистов.

Важным аспектом энергетической политики Великобритании является предотвращение негативных последствий изменения климата. Это серьезная экологическая проблема, которую предстоит решить человеку. Диверсификация экономики и развитие нефтегазовых отраслей становятся самыми актуальными вопросами на повестке дня. В последние несколько лет правительство Казахстана пытается обеспечить, чтобы прямые иностранные инвестиции и экономический рост были сопряжены с устойчивым развитием страны.

На сентябрь 2019 года в РК зарегистрировано 644 юридических лица, филиала и представительства с участием Великобритании. Свыше 60 % из них достаточно успешны в своей деятельности.

В нашей стране функционируют 30 крупных, 20 средних и 345 малых компаний с участием британского капитала. Около полутора тысяч британцев работают в РК в качестве трудовых мигрантов.

Великобритания является одним из самых крупных инвесторов в экономику Казахстана. Накопленная сумма инвестиций составила по данным на июнь 2019 года 22,8 млрд. долларов.

Наиболее привлекательной сферой для британских инвестиций стала профессиональная, научная и техническая деятельность. На втором месте - государственное управление, оборона и обязательнее социальное обеспечение. На третьей позиции – транспорт и услуги по проживанию и питанию.

В долларовом и процентном соотношении британские ПИИ составляют: 1 место – 7,8 млрд. долл. или 34,3 %; 2 место – 5,3 млрд. долл. и 3 место – 2,6 млрд. долл. [4].

Как мы видим структура инвестиций претерпела значительные изменения. Если в 2001 году основная их доля была направлена в нефтегазовый сектор, то теперь она переместилась в профессиональную, научную и техническую деятельность.

В сентябре 2011 года в Астане состоялось очередное 15-е заседание Казахстанско-британского торгово-промышленного совета (КБТПС), созданного еще в 1993 году. Дискуссия прошла весьма насыщенно и плодотворно. Открывали заседание сопредседатель с казахстанской стороны вице-премьер, министр индустрии и новых технологий РК Асет Исекешев, сопредседатель с британской стороны заместитель председателя Консультативного совета Price Waterhouse Coopers сэр Джон Статтард и посол Великобритании в Казахстане Дэвид Моран.

За время казахстанско-британского сотрудничества оно не только стало достаточно успешным, но и перешло на новый качественный уровень.

Сегодня Великобритания для нашей страны является одним из стратегических партнеров, расширяющим свои отношения на различные сферы. Так, высоким является уровень образовательного сотрудничества, поскольку множество казахстанских студентов и магистрантов обучаются в британских университетах. Налажены отношения между «Назарбаев Университет» и знаменитым Кембриджским университетом.

2 ноября 2019 года в Лондоне состоялся первый Форум британских и казахстанских университетов – KazakhstanUniversitiesForum, в котором приняли участие представители 35 казахстанских и 32 британских вузов. Были рассмотрены возможности подготовки казахстанских специалистов для реализации прорывных проектов в ведущих вузах Великобритании. Обсуждались новые направления реализации совместных научных исследовательских проектов, в том числе посредством подготовки молодых ученых по программе SplitPhD в рамках международной стипендии «Болашак». На полях форума прошло порядка 100 переговоров о дальнейшем сотрудничестве британских и казахстанских вузов, подписан ряд документов, направленных на активизацию сотрудничества между университетами двух стран [5].

Таким образом, сегодня отношения Казахстана и Великобритании находятся на совершенно новой стадии развития. Еще в 2012 году Великобритания включила Казахстан в число 14 приоритетных государств для развития торговых связей. РК в 2014 г. сделала ответный шаг, включив Великобританию в список шести приоритетных государств по привлечению инвестиций и открыв безвизовый въезд для ее граждан.

Между странами подписано соглашение об участии Великобритании в выставке «ЭКСПО-2017». Это масштабное событие прошло с большим успехом и позволило выделить новые приоритеты межгосударственном сотрудничестве. Речь идет о сохранении экологии и развитии зеленых технологий. Великобритания и РК активно сотрудничают в военно-технической сфере. На регулярной основе британские вооруженные силы проводят совместно с Казахстаном и США учения «Степной орел». Эти учения направлены на усиление совместимости в боевых операциях воинских подразделений трех стран в целях безопасности и стабильности. Также они предназначены для помощи казахстанским частям в подготовке к миротворческим операциям ООН.

Отдельного внимания заслуживает сотрудничество двух стран в финансовом секторе. К примеру, 10 ноября 2011 года был дан старт торгам на Лондонской фондовой бирже с участием Фонда национального благосостояния «Самрук-Казына». В них приняли участие Хавьер Роле и Т. Кулибаев с казахстанской стороны. Посол Великобритании в Казахстане Дэвид Моран констатировал плодотворное и долгосрочное сотрудничество с Казахстаном и выразил уверенность в успешном наращивании этого взаимодействия, в том числе в рамках реализации программы «Народное IPO» между биржами двух стран [3.с.4]. В свою очередь Казахстан и Великобритания обратили внимание на то, что это мероприятие, которое основано на концептуальном подходе business to business.

Между двумя странами была достигнута договоренность о создании международного финансового центра «Астана», в реализации этого проекта приняли участие британские компании. Работа финансового центра организована на принципах английского права. Сегодня МФЦА уже приступила к выполнению своих задач. Короновирус и закрытие границ серьезно повлияли на интенсивность казахстанско-британских контактов. Тем не менее, договоренности достигнутые в рамках визита Торгового посланника Премьер-Министра Великобритании по Казахстану Баронессы Эммы Николсон в Казахстан, состоявшегося 4 мая 2019 года, продолжают сохранять актуальность [6].

Хотя запланированный на октябрь 2019 года Второй казахстанско-британский инвестиционный форум не состоялся, однако, обе стороны подтвердили верность курсу стратегического партнерства.

Заключение

В сложнейших геополитических условиях Республике Казахстан удалось сохранить территориальную целостность страны, укрепить суверенитет, обеспечить мир и стабильность, решить значимые внешнеполитические задачи. Они заключались в разработке многовекторной внешней политике, направленной на поддержание паритетных отношений со всеми заинтересованными государствами. Были определены стратегические приоритеты, одной из которых являлась Великобритания и другие развитые страны Запада. При этом стране удалось добиться относительной невовлеченности в противоборствующие на геополитической арене блоки.

Учитывая то обстоятельство, что Центральная Азия стала местом пересечения интересов ряда великих держав и стремящихся к лидерству внешнеполитических акторов, Казахстан сумел извлечь максимум дивидендов из геополитического противостояния в регионе. Он смог обеспечить приток иностранных инвестиций, что позволило в определенной степени провести реформирование в политической и экономической системе. Немаловажную роль в этом сыграла Великобритания, которая продолжает углублять и расширять сотрудничество с Казахстаном. Сегодня в зоне ее внимания находятся такие перспективные направления двусторонних отношений как образование, здравоохранение, цифровые технологии, сельское хозяйство, логистика и транспортный транзит и др.\

Список использованной литературы:

1. *Чем закончится «брексит»? Четыре сценария будущих отношений Британии с ЕС. // Русская служба Би-би-си, 30 июля 2019.*
2. *Токаев Т.К. Стратегия Республики Казахстан в отношении Запада (национальные интересы, приоритеты, направления: дис. канд. полит, наук / Дипломат, акад. МИД РФ. 2009., 219 с.*
3. *Бекишева Ж. Экономические отношения Казахстана и Великобритании. //Электронный ресурс. Режим доступа: https://articlekz.com/article/18138https://articlekz.com/article/18138*
4. *На 17 % увеличились инвестиции Великобритании в экономику Казахстана – исследование. // Электронный ресурс. Обзорно-аналитический портал STRATEGY 2050*
5. *Магер Ю. Состоялся первый форум британских и казахстанских университетов. //Электронный ресурс. Режим доступа: https:/ /online.zakon.kz /Document/ ?doc_ id=35711152#pos=34;8*
6. *Казахстан и Великобритания обсуждают расширение торгово-экономического сотрудничества. //Электронный ресурс. Режим доступа:https://liter.kz/962-kazahstan-i-velikobritaniya-obsugdayut-rasshirenie-torgovo-ekonomicheskogo-sotrudnichestva/*

УДК 94(574)
ҒТАМР 03.20.00

Б.А.Жүрсінбаев[1] Б.Т.Жұбанышов[2]

[1]т.ғ.к., М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті,
Тараз қ., Қазақстан
[2]т.ғ.к., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан

АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙДІҢ САҚТАРҒА ЖАСАҒАН ЖОРЫҒЫ ЖӘНЕ ОҒАН ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАРСЫЛЫҚТАРЫ

Аңдатпа

Филип жүргізген әскери реформаның арқасында б.з.д. IV ғасырда Македон патшалығы үлкен күш-қуаты тасыған мемлекетке айналды. Кейін осындай мұраның арқасында Александр Македонский дүние жүзіне гегемондық жасау үшін сол кездегі әлемдегі ең күшті Парсы империясымен күрес жүргізіп қана қоймай, оны ашық майдан даласында тас-талқан етіп жеңуге мүмкіндік алады. Осы шайқастардың бәрінде де сақтар Александр Македонскийдің гегемондығына қарсы тұру үшін парсылар жағында одақтас ретінде қатысқан болатын. Алайда сақтардың жауынгерлік рухының жоғары болғанына қарамастан III Дарийдің жігерсіздігінен грек-македон әскері жеңіске жетеді. Өзінің әскери табысын одан әрі дамытқан Александр Македонский сақтардың иелігіне дейін басып кіреді. Осыған байланысты мақалада Александр Македонскийдің басқыншылық шапқыншылығына қарсы сақтардың азаттық жолындағы соғыстары деректердің негізінде баяндалады. Әсіресе Спитамен бастаған сақтардың Александр Македонскийдің әскерімен жүргізген шайқастары жан-жақты талданады.

Түйін сөздер: Александр Македонский, III Дарий, Спитамен, сақ-скифтер, парсылар, гректер, әскерлер, парфяндықтар, соғдылар, гиркандықтар, Яксарт, салт аттылар.

B.A.Jursunbaev[1] B.T.Zhubanyshov[2]

[1]Ph.D., Associate Professor of Taraz Regional University named after M.H. Dulati, Taraz, Kazakhstan
[2]Ph.D., Associate Professor of the Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

ALEXANDER MAKEDONSKY'S TRAVEL AGAINST SACKS AND CONFRONTATION OF THE INDIGENOUS POPULATION

Abstract

As a result of the military reforms of Philip in the IV century BC. The Macedonian kingdom has become a powerful strong state. Subsequently, these legacies, Alexander the Great, in order to achieve world hegemony, received the opportunity of a devastating victory over the strong Persian Empire. In all these battles against the hegemony of Alexander the Great, the Saks participated as allies of the Persians. However, despite the high fighting spirit of the Saks, due to the weakness of Darius III, the Greco-Macedonian army won. Developing military achievements and success, the army of Alexander the Great invaded the Saka possessions. This article tells on the basis of sources about the struggle for freedom of the Saks in opposition to Alexander the Great. The battle of the Saks led by Spitamen with the troops of Alexander the Great is especially thoroughly analyzed.

Key words: Alexander the Great, Darius III, Spitamen, Sak-Scythians, Persians, Greeks, troops, Parthians, Sogdians, Hyrcanes, Yaxartes, horsemen.

Б.А.Джурсунбаев[1] Б.Т.Жубанышов[2]

[1]к.и.н., доцент Таразского регионального университета им.М.Х.Дулати, г.Тараз, Казахстан
[2]к.и.н., старший преподаватель Казахского национального женского педагогического университета, г.Алматы, Казахстан

ПОХОД АЛЕКСАНДРА МАКЕДОНСКОГО ПРОТИВ САКОВ И ПРОТИВОСТОЯНИЕ КОРЕННОГО НАСЕЛЕНИЯ

Аннотация

В результате военныз реформ Филипа в IV веке д.н.э. Македонское царство превратилось в могущее сильное государство. Впоследствии этих наследий Александр Македонский в целях всемирной гегемонии, получил возможность разгромной победы над сильной Персидской империей. Во всех этих битвах против гегемонии Александра Македонского, саки участвовали как союзники персов. Однако, несмотря на высокий боевой дух саков, вследствие слабовольности Дария III, побеждала греко-македонская армия . Развивая военные достижения и успех армия Александра Македонского вторглась в сакские владения. Данная статья рассказывает на основе источников о борьбе за свободу саков в противостоянии Александру Македонскому. Особенно тщательно анализируется битьва саков во главе со Спитаменом с войсками Александра Македонского.

Ключевые слова: Александр Македонский, Дарий III, Спитамен, сак-скифы, персы, греки, войска, парфяне, согды, гиркане, Яксарт, всадники.

Б.з.д. IV ғасырда Македон патшасы Филиптің әскерді қайта құрып, сол дәуірдегі ең алдыңғы қатарлы әскерлердің қатарына қосуы оның мирасқоры Александрға гректер мен трибалдарды өзіне бағындыруға, одан соң Парсы мемлекетінің иеліктері үшін Ахемен әулетімен соғысуға мүмкіндіктер береді [1, с.39]. Александр Македонскийдің жақындап келгенін естіген Дарий болса мол әскермен оған қарсы шығады. Солардың арасында басқа да одақтастармен қатар Каспий теңізінің маңынан келген бөрілерден тараған көшпенді гиркандықтар 6 мың атты әскер, олардың көршілері баркандықтар 2 мың атты әскер мен 10 мың жаяу әскер, массагеттердің бір тармағына жататын дербиктердің 42 мың әскері болған [2, с.26]. Дербиктердің Орталық Азиядағы массагеттердің одағына кірген тайпалардың бірі екенін және олардың гиркандықтармен және тапуралармен шектескенін Страбон жазса, И.В.Пьянков пен М.Ольбрыхтте дербиктерді массагеттердің қатарына жатқызады [3, с.120]. Б.з.д. 333 жылы Иссы түбінде өткен шешуші шайқаста Дарийдің жағында одақтас ретінде соғысқа қатысқан массагеттер сол жақ қанатында тұрды және осы әскерге арқа сүйеген III Дарий де шешуші соққыны осы бағыттан беруді көздеді [2, с.37]. Александрдың басқыншыларына қарсы парсылармен бір қатарда тұрып соғысқан сақ-скифтер Македон патшасының түп мақсаты бүкіл әлемді жаулап алып, өзінің жалғыз ғана билігін орнатуда екенін түсінді. Сондықтан табиғатынан еркіндікте өмір сүрген сақ-скифтер бұл шайқаста нағыз батырлықтың үлгісін көрсетіп, македондықтарды зор шығынға ұшыратады. Сақ-скиф жауынгерлерін Мавак басқарады [4, с.48]. Алайда Александрдың әскери қолбасшылық шеберлігінің арқасында македондықтар парсыларды тас-талқан етіп жеңіп шықса, ал әскер басқаруға қабілеті төмен, жігерсіз III Дарий майдан даласын масқаралықпен тастай қашады. Осы жеңістен соң Александр

Македонский парсылардың саяси-экономикалық орталығына айналған Вавилон қаласын жаулауға бағыт алады [5, с.76-78].

Александр Македонскиймен бейбіт келісімге келмек болған әрекетінен еш нәтиже шығара алмаған III Дарий болса басқа амалы қалмағандықтан өзінің әскері мен одақтастарына үндеу жібереді. Оның үндеуін қабылдаған скифтер, бактриялықтар, үндістер және басқа халықтардың өкілдері Вавилонға жиналады. Одақтастардың көп жиналғаны соншалықты олардың бәріне бірдей қару жетіспейді [2, с.66]. Төрт күн бойы тоқтамастан жорық жасаған Александр Македонский Арбела елді-мекенінің қасынан Тигрден өткел арқылы өтіп, б.з.д. 331 жылы Гавгамелла түбінде Дариймен соңғы рет шешуші шайқасқа түседі. Бұл шайқасқа да сақ-скифтердің тайпалары тағы да Парсы империясының патшасы III Дарийдің одақтастары ретінде қатысады [6, с.109-110].

Сақ-скифтер III Дарий әскерінің сол қанатында орналасты. Атап айтсақ бактриялық және дай тайпаларының 2 мың жуық атты әскері, арахосийлер мен сузиандардың 4 мың әскері, олардың артында шалғы орнатылған 100 атты арбалар, олардан кейін 8 мың атты бактриялықтар тұрды. Бұл атты әскерлерді массагеттердің 2 мың атты әскері аяқтады. III Дарий әскерінің соңғы жағында Скифиядан шыққан парфяндықтардың иелігіндегі парфиен тайпалары жайғасты [2, с.73-74]. Аррианның жазбасында Дарийдің бұйрығы бойынша Гавгамелдің түбінде өткен шайқасқа соғдыларды шақыртқан. Бірақ қатарға тұрған әскерлерді сипаттаған кезде Арриан соғдыларды дайлар деп атайды. Бұдан шығатын қорытынды дайларды Соғдының тұрғындары деп атауымыз керек [7, с.79]. Шайқасты Дарийдің тапсырмасымен Александрдың сол қанатына шабуылдаған Бесстің басқаруындағы массагеттердің атты әскері бастайды. Оны Мазей бастаған атты әскерлер қолдап, македондықтардың сол қанатын басқарған Парменионның жүк көліктерне бас салады. Өзінің жүктерінен айрылғысы келмеген Александр скифтерге Арет бастаған найзагерлерді аттандырады. Скифтерге тосыннан шабуылдаған македондықтар оларды ығыстыра бастаған кезде бактриандықтардың уақытында берген көмегі құтқарып қалады. Бактриандықтармен біріккен массагеттер қарымта бір-ақ рет жасаған шабуылмен македондықтарды қырып тастайды. Дегенмен бактриандықтардың массагеттерге көмекке кеткендіктен оң қанаттағы әскердің азайып қалғанын байқаған Александр қарамағындағы әскери топпен соларға шабуыл жасап қырғынды ұйымдастырады. Осы кезден бастап майдан даласының қызғаны соншалықты қарама-қарсы күштердің бәрі бір-бірімен араласып кетеді. Алайда Дарийдің арбасын айдап жүрген арбакештің оққа ұшуы және оны Дарий патшамен шатастыруы парсы әскерлерінің көңіл-күйін түсіріп қана қоймай шегінуге, аяғы жаппай қашуға алып барады. Мұны көрген Дарийде майдан даласынан қашып шығады [2, с.81-83].

Дарийдің соңынан қуған Александр Мидияның астанасы Экбатанға келіп жетіп, ондағы III Дарийдің соңғы байлығын басып алады. Македондықтар парсы әскерлерін одан әрі қарай қуған кезде Бактрияның билеуші-сатрапы, әрі III Дарийдің туысқаны Бесс дай жауынгерлерінің қолбасшысы соғдылық сақ Спитаменнің қолдауымен Парсы патшалығының тағына отыруды көздейді. Нәтижесінде сақтармен бактриандықтардың қолдауына сүйенген Бесс III Дарийды тұтқынға алса, кейін Александр жақындап келген кезде оны өлтіріп кетеді [8, с.60]. Александр Македонскийдің Гирканияға басып кіруі Батыс Түркістанға қарай аттаған алғашқы қадамына айналды. Ол әскерін үш топқа бөліп, Кратер бастаған жаяу және атты әскерлердің бір бөлігінен құралған бірінші топқа тапырларды бағындыруға аттандырылса, атты әскердің қалған бөлігі мен жалдамаларды басқарған Эригия бастаған екінші топ Гирканияға жөнетіліп, жүк көліктерін қорғау жүктеледі. Ал қалған әскерлерді Александрдың өзі бастап төте жол арқылы Гирканияға ұмтылады. Арийлердің аймағына келген кезде оның билеушісі Сатибарзан да Александрдың алдынан шығып оның билігін мойындайды [9, с.36].

Александр Сатибарзаннан Бесстің Бактрияда екенін және онда ол скифтерден көмек күтіп отырғаны туралы мәлімтті де естиді. Скифтердің Бесске көмектесуі мүмкін деген хабар Александрдің мазасын алғаны соншалықты ол әскерлеріне демалысты тоқтатып дереу жорыққа жиналу туралы нұсқауын береді. Бесстың соңына түспек болған Александр әскерлеріне сөз сөйлеп, соның ішінде былай дейді: «Дәл қазіргі уақытта Набарзан Гирканияны басып алса, патшаларын өлтірген Бесс Бактрияны басқарып қана қоймай бізге қауіп төндіріп тұр. Соғдылар, дахтар, массагеттер, сақтар әлі де тәуелсіз. Олардың бәрі біздің соңымызға түсуі мүмкін. Өйткені олардың бәрі бір-бірімен туысқан тайпалар, ал біз бөтенжерлікпіз. Олардың бәрі қанша жерден қорқынышты бастарынан өткізсе де бәрібір билеушілеріне бағынады. Сондықтан бізге осы кезге дейін басып алған жерлерден бас тартып, кейін қайтуға тура келеді немесе біз әлі басып алмаған елдерді өзімізге бағындыруымыз қажет. Егерде ертең Бесс Греция мен Геллеспонт қалаларын отқа ораса өкініп жүрмеңдер» [2, с.118].

Б.з.д. 329 жылы Александр Македонский Гиндукуш арқылы Бактрияға басып кірген кезде Дарийдің орнына өзін патшамын деп жариялаған Бесс Аорн (Тасқорған) қаласында орналасып, онымен бірге Оксиарт, Спитамен және тағы басқа да Бактрия мен Соғдының жоғарғы топ өкілдері болды. Бесстың әскері 8 мыңнан астам бактриялық атты әскерлер мен дақтардың тайпаларынан тұрды [10, с.79]. Осылайша македондық басқыншыларға қарсы күресті Бесс жалғастырады. Александрдың Бактрияға келуін қиындату үшін Бесс жергілікті халыққа аймақтың Гиндукуштан солтүстікке қарайғы жерлерді өртеп жіберуге бұйрық береді. Алайда Бесстың бұл әрекеті Александрға тосқауыл бола алмады. Суық пен азық-түліктен әбден қиыншылық көргеніне қарамастан Александр Драпсак (Құндыз) қаласын басып алып, Бесстың ту сыртынан шығады [10, с.79]. Осы уақытта Бесс жергілікті тайпалардың салтына лайық құдайларға құрбандық шалып, дастархан басында серіктестері және әскери басшыларымен кеңес құрады. Кеңесте олар Александрды әбден титықтату үшін және хорасмилер, дахтар, сақтар және Танаистың арғы бетіндегі скифтер көмекке келгенше Окстың (Амудария) арғы бетіндегі соғдыларды барып паналауға шешім қабылдайды [2, с.148]. Бесстің Аорнды тастап, Окс арқылы Соғдыға қарай өту әрекетін қолдамаған бактриялықтар Бессты тастап, үйлеріне тарап кетеді [10, с.79]. Алайда Александр Македонскийге Окс өзені де тосқауыл бола алмайды. Ол Окстен

өтіп Соғдыға басып кіреді. Осыдан кейін Алайда Бесстің қарсылығы да ұзаққа созылмайды. Өйткені сақтарды бастап жүрген Спитамен мен Датаберн халық алдындағы беделінен толық айрылған Бессті Александр Македонскийге ұстап беруге шешім қабылдайды. Спитаменнің мұндай шешімге келуі біріншіден Бесс парсы нәсіліне жататын, екіншіден Бесс ешқандай қарсылықсыз Бактрияның көп бөлігін, соның ішінде Бактры, Аорн, Брапсаку сияқты ірі қалаларды беріп, Окс өзенінің арғы жағына қашып баруы еді. Үшіншіден, сақ-скифтердің Бессті жаппай қолдамауы және одан соғдылар мен дайлардың бөлініп кетуі олардың әлі де шынайы қауіпті түсінбесе керек. Бұл уақытта Александрдің басқыншылығы сақ-скифтердің иелігіне әлі жетпеген еді [6, с.118]. Дегенмен Спитаменнің бұл қадамға баруы оған жергілікті халықты Александр Македонскийге қарсы көтеру үшін уақыт қажет еді. Ал Александр Македонский болса Бессті өлім жазасына тартқан соң сақтықты ұмытады. Соның нәтижесінде көп кешікпей Александр Македонскийге қарсы Орта Азия халықтарының, соның ішінде сақтардың көтерілісі басталады. Олардың қарсылығын Спитамен, Датферн, Катан басқарады [11, с.248]. Бұл кезде Бессті жазалаған Александр Македонский жергілікті тұрғындардың жылқыларын әскердің мұқтажына тартып алады да Орта Азияға қарай жол тартады. Наутакиден шыққан ол төрт күннің ішінде Соғдылардың астанасы Маракандыға (Самарқантқа) келеді. Антикалық деректер Мараканды қалай басып алғаны туралы ешқандай мәлімет бермейді. Бірақ екі қалың қабырғасы бар бекіністің оңайлықпен жауға беріле салуы мүмкін емес еді. Маракандыны басып алған Александр қалаға әскери бөлімін орналастырады. Аррианның жазуынша азық-түлік әкелу үшін жіберілген македондықтардың шағын әскеріне жергілікті тайпалар шабуыл жасап, басым бөлігін қырып тастайды. Мұны естіген Александр Македонский ең басты әскери күштерін алып шабуыл жасағандардың соңына түсіп, олар бекінген тауды қоршап алады. Тіке шабуыл кезінде македондықтардың көбісі оққа ұшып, бір бөлігі жараланады. Соның ішінде Александрдың жамбасына оқ тиеді. Дегенмен македондықтар жеңіске жетіп, соғдылықтардың бәрін қырып тастайды. Осы жеңістен кейін Александр әскерін бастап Танаиске (Сырдария) келеді. Деректерде Александр Танаиске қалай жеткен кезде оған скифтерден елшіліктер келгені жөнінде айтылады. Маракандыны басып алуы және Танаистың бойында Александрия-Эсхат қаласын салуы туралы жазылған деректер қарама-қайшылыққа толы. Аррианның айтуынша Александр Танаистың бойына салған қаланы македондықтардың сақтардан қорғанатын бекінісі ретінде тұрғызуды ойластырған. Алайда соғдылықтар мен бактриялықтардың көтерілісі қаланы салу уақытын кейінге шегереді. Жергілікті тұрғындардың көтеріліске шығуына Александрдың барлық соғды және бактриандардың игі жақсыларын Бактрияға жинамақ болған әрекеті өз ықпалын тигізеді. Осы нұсқаудан секем алған жергілікті әскербасшылар жеті мың салт аттыларды бастап Александрға қарсы шығады. Оны соғдылар қолдайды. Аррианның келтірген мәліметі бойынша бірінші болып Спитамен мен Датаферн шыққан [11, с.249].

Олардың көтерілісі нағыз партизан соғысынан тұрып, македон әскерлерін бірнеше рет тас-талқан етіп жеңеді. Маракандыдан Александр бірнеше рет солтүстіктегі Яксартқа (Сырдарияға) жорық жасайды. Бұл өзенді гректер мен македондықтар Танаис деп атаған [10, с.80]. Александрға қарсы көтерілістің алғашқы ошағы Түркістандық қыраттағы Уструшан аймағында басталады. Бұл өңірдегі таулы аймақ көтерілісшілерге шағын ғана күштермен гректер мен македондықтарға қарсы табанды түрде күрес жүргізуге мүмкіндік берді. Аррианның жазуынша көтеріліс Уструшанның жеті қаласын қамтыған. Солардың ішіндегі ең ірі көтеріліс Кирополь да өтіп, онда «варварлар көп жиналды». Көтерілісшілер Уструшандағы қалаларда орналасқан әскери күштерді жоя бастаған кезде Александр Ферғана алқабында жүрді. Көтерілісті басу үшін Александр барлық күшін жұмылдырады. Кирапольға жіберген әскердің басшысы Кратерге қаланы қоршауға ала отырып бекіністі айналдыра шұңқыр қазуға және топырақтан үлкен төбе жасап, оған тас лақтырғыш машиналарын орналастыруға нұсқау береді. Өзі болса македондықтарға жақын жерде тұрған қабырғалары биік емес саздан соғылған Газа қаласына барады. Македондықтар қаланы басып алғаннан кейін Александр жауынгерлеріне қаладағы еркектердің бәрін өлтіруге, әйелдер мен балаларды және басқа да мүліктерді өзара бөліп алуға, сондай-ақ жергілікті тұрғындардың арасында қорқыныш тудыру үшін қаланы тегістеуге бұйрық береді. Македондықтар екінші қаланы да сол күні басып алып, ол да Газа сияқты тоналып, жермен-жексен етіліп қиратылады. Келесі күні Александр көтерілісшілердің үшінші қаласын басып алады. Екі күннен кейін Александр көтерілісшілердің бесінші қаласын алған соң Кирапольды шабуылдап жатқан Кратерге көмекке барады. Антикалық авторлардың айтуынша парсының патшасы Кир мемлекеттің иелігін солтүстік-шығысқа қарай кеңейту үшін осы Кирополь қаласын салған. Деректер бойынша Александр бастапқыда Кирдің құрметіне бұл қаланы талқандауға барғысы келмеген. Алайда қала тұрғындарының македондықтарға еш бағынғысы келмей жиі-жиі көтеріліс жасауы Александрдың қатал шараларға баруға мәжбүрленеді. Дегенмен бекініс қабырғаларының күшті болуы және қорғаушылардың «ержүрек жауынгерлерден» тұруы Александрға оны басып алуы қиынға түсті. Қорғаушылардың осындай ерліктеріне қарамастан Александр бекіністің ішіне кіретін жолды тауып алады. Македондықтар қорғаушылардың көңілін өздеріне аудартып қабырғаны бөрене орнатылған машинамен соққылап жатқан кезде ол аз жасақпен өзеннің кеуіп қалған сағасымен ішке кіріп қақпаны күзетіп тұрғандарды қырып тастап, негізгі күштерін бекініске кіргізеді. Алайда бекіністі қорғаушылар жаудың ішке басып кіргенін көрсе де өз қарсылықтарын тоқтатпастан жалғастыра береді. Тіпті олар Александрдың әскеріне шабуыл жасап, Александр мен Кратерді жаралайды. Көп кешікпей македондықтар қаланы басып алып, қорғаушылардың бәрін қырып тастайды да, бекіністі мүлдем жойып жібереді. Осыдан кейін Соғдының жетінші қаласы да ұзаққа созылмай басып алынады. Аристобулдың жазуынша Александр қаладағы көтерілісшілердің бәрін қырып тастаған. Александр Македонский Танаистың (Сырдария) сол жағалауындағы көтерілістерді басып-жаншып жатқан кезде, өзеннің оң жағалауындағы сақтардың көтеріліске шыққан соғдылықтарға көмекке келуге дайындалып жатқанын және Спитамен бастаған сақтардың Маракандыдағы македон әскерін қоршап алғаны туралы хабарлар

алады. Осы суыт хабарларды алған Александр Македонский қоршауда қалған әскерлеріне Маракандыға Андромен, Менедем және Каран бастаған ірі әскери күшті көмекке жібереді. Ал өзі болса Танаистың (Сырдария) арғы бетіндегі сақтардан қорғану үшін Александрия-Эсхат бекінісін салуға кіріседі [11, с.250-252]. Александр Македонскийдің Танаистың (Сырдария) бойына бекіністі салуын сақтар өздеріне төнген тікелей қауіп деп қабылдап, олардың патшасы інісі Картасиске өзеннен өтіп Александр-Эсхатты талқандап, македондықтар мен гректерді Танаистан әрі қарай қашыққа қуып жіберуді тапсырады. Скифтер әскерлерін жағалаудың бойына жинап арғы беттегі жауларына қарай оқ жаудырады. Оған жауап ретінде Александр садақшылар мен найза лақтырғыштар өзеннен теріден жасалған қаптар арқылы жүзіп өтіп, жаяу әскерлер өткенше сақтарға оқ жаудыруға бұйрық береді. Жаяу әскермен бірге сарисофорлар мен гректердің ауыр атты әскерлері қоса өтіп сақтарға лап қояды. Алайда олардың бұл шабуылы нәтиже бермейді. Өйткені сақтар бастыпқыда македондықтарға жаппай лап қойып, артынша әдейі кейін шегініп кетеді. Македондықтардың ауыр атты әскері негізгі әскерден бөлініп шығып, арттарынан қуған кезде әдейілеп қашып бара жатқан сақтар кері бұрылады да, оларды қоршай отырып садақтарынан оқ жаудырады. Өзінің ауыр атты әскері қиын жағдайда қалғанын көрген Александр Македонский оларды құтқару үшін жеңіл қаруланған садақшылары мен жаяу әскерін көмекке жібереді. Нәтижесінде көмекке дер кезінде жеткен қосымша күштердің арқасында грек-македондықтардың ауыр атты әскерлері қоршаудан шығуға мүмкіндік алады. Алайда ауыр атты әскерлердің қатары көп шығынға ұшырағандықтан Александр Македонский сақтарға тағы да шабуыл жасау ойынан бас тартып қайтадан Танаистың (Сырдария) арғы бетіне өтуіне бұйрық береді. Деректерге назар аударсақ сақтармен өткен бұл жолғы шайқастағы шығындар жөнінде нақты мәліметтер берілмегенімен екі жақта да зор шығынға ұшырағаны туралы айтылады. Мәселен грек-македон әскерлері парсы патшасы III Кирмен өткен Гавгамелдегі шайқасқа қарағанда өте көп өлген. Осы шайқастан кейін Аррианның жазуы бойынша Александр Македонскийге сақ—скифтердің елшілігі келіп, өзінің «тонаушылығы мен қарақшылығы» үшін кешірім сұраған делінсе, ал Курцияның жазбасында сақ-скифтердің елшілігі жабайы қарақшылар емес, ақылды жауынгерлер, мәдениеттен кенде емес данышпан халықтың өкілдері ретінде суреттеледі. Мысалы сақ-скиф ақсақалының сөйлеген сөзі халық даналығы мен үлкен философиялық ойдың үлгісі ретінде Александрға бағытталып айтылады. Скифтің елшісі Александрды «бүкіл адамзатты» бағындыруда шексіз тойымсыздығын бетін басып, егерде ол өз ойынан бас тартпай Танаистың арғы бетіне өтетін болса, онда оған шеті жоқ шөл дала мен қалың тоғайлар, қарлы борандар мен ағысы қатты өзендер, жабайы аңдар негізгі жауына айналатынын ескертеді. Сондай-ақ сөзін жалғастырған сақ-скифтердің елшісі еркін сүйгіш сақ-скифтердің бәрі атқа қонған кезде, оларды тоқтататын күштің болмайтынын Александрға баянды түрде жеткізеді. Осындай сөздерден соң Александр тұтқынға түскен барлық сақ-скиф жауынгерлерін ешқандай шартсыз босатып жібереді. Танаистың арғы бетіндегі сақ-скифтермен болған соғысты әрең тоқтатқан Александр Македонский барлық күшімен Маракандыдағы македондық әскерлерді қоршауға алған Спитаменді талқандау үшін Соғдыға қарай аттанады [11, с.253-254].

Александр Македонскийдің негізгі әскері келе жатыр деген хабарды алған Спитамен олармен бетпе-бет шайқасудан тайсақтап, Соғдының солтүстігіне қарай ығысады. Оның күші жеткілікті болғанына қарамастан мұндай әрекетке баруы әскери әккіліктен туындады. Ол тактикалық амалды қолдана отырып, жауларын елдің түкпіріне дейін апарып, шешуші соққы беру үшін ұзақ жолдар арқылы титықтатуды ойластырады. Александрдың әскерді басқаруға қойған македондық Менедема болса көтерілісшілерді толығымен талқандағанша Спитаменді Соғдының шекарасына дейін куу туралы асығыс шешім қабылдайды. Көтерілісшілердің соңына түсіп, қуғынның қызығына түскен македондықтар сақ-скифтер шөлінің шетінен бір-ақ шығып, жақында ғана бейбіт келісімге келген сақтарға бас салады. Бұл қателік македондық әскердің тағдырын шешеді. Спитаменге де керегі осы еді. Ол сақ-скифтердің әскерімен біріге отырып македондықтарды талқандауды бастайды. Сақ-скифтердің тың атқа мінген әскерлері жолдан әбден титықтаған македондықтарға тұтқиылдан шабуылдап, садақтарынан оқтарын жаудырады да аяқ астынан жоқ болып кететін. Менедеманың әскері бір сәтке де тыныштық таппайды. Сақ-скифтердың атты әскерлері шегініп бара жатқандарға да және македондықтардың негізгі күштерін қорғау үшін шептерге қалдырылғандарды да соққының астына алумен болады. Македондықтар көп шығынға ұшырағандықтан олардың басшылары орманы қалың Политимет (Зеравшан) өзеніне қарай шегінуге бекінеді. Сақ-скифтердің атты әскерлері орманда еркін қимыл жасауға мүмкіндік ала алмас еді. Алайда Каран бастаған македондықтардың атты әскерлері бірінші болып өзеннен өтіп кетуі қорғансыз қалған жаяу әскерлердің жаппай қырылуына алып келеді. Сақ-скифтердің атты әскерлері жебелерімен жаяу әскерлерді аяусыз жойғаннан соң македондықтардың ауыр атты әскерлеріне бас салып оларды да жойып жібереді. Осы шайқаста македондықтардың әскербасшылары Андромах, Каран, Менедем және аудармашы Фарнух та басқаларымен қоса өлтіріледі. Македондық әскерлер мұндай жеңілісті ешқашанда өткізбеген еді. Өз әскерінің жаппай жойылғанын естіген Александр Македонский Спитаменді жазалау үшін барлық әскери күшті өзі бастап жолға шығады. Оның әскери қимылдары қатігез жазалау іс-әрекеттерден тұрды. Ол көтерілске қатысы бар деген әрбір ауылды өртеуге және барлық ересек адамдарды өлтіруге бұйрық береді. Александр Македонскийдің Соғды мен Бактрияны жаулау тарихын жазған Диодор 120 мың көтерілісшіні өлтіргені туралы мәлімет береді [11, с.255-256].

Македондықтардың ауыр жеңіліске ұшырағанын естіген Соғды халқының наразылығы одан әрі күшейе түседі. Ал бұл жағдай Александр Македонскийге аймақты басқаруда үлкен қиыншылықтар мен қолайсыздықтар әкелетін. Оның үстіне македондықтардың ең ірі әскери бөлімін талқандап жіберген Спитамен де уақытын бос жібермей тағы да Маракандыны барып қоршайды. Мұны естіген Александр Македонский дереу Маракандыға қарай барады. Барлаушыларынан хабар алған Спитамен әскерін алып тағы да сақ-скифтердің даласына кетеді. Маракандыдан

Спитаменды таппай қалған Александр көтерілісшілерді шөл далаға дейін қуып барады. Бірақ Менедемның тағдырын қайталағысы келмеген Александр Македонский одан әрі баруға батылы жетпей кері қайтып, бүкіл Соғдыны отқа орап, талан-таражға салады [11, с.257]. Александр Танаистке жеткен кезде оған скифтердің абии деп аталатын тайпаларынан елшілік келеді. Олар Александрға бейбіт қатынас орнату туралы ұсыныс алып келеді. Скифтердің елшілігі кеткен соң Александрда оларға өз елшілігін жібереді. Бұл елшіліктің мақсатына ресми түрде достық байланыс орнату кірсе, негізінде скифтер туралы барлау мәліметін жинап әкелу кіреді. Скифтеге барған елшілік оларға Танаистің бергі жағалауына өтпеуге, соғдыларға көмек бермеу туралы Александрдың ұсынысын жеткізеді [9, с.49]. Б.з.д. 328 жылы көктемде Александр бастаған македондық әскерлер Соғдыға қарай жорыққа шығады. Өзінің әскерін бес бағытқа бөлген Александр Соғдыны көтерілісшілерден тазарта бастайды. Алайда негізгі күштер Бактриядан кетісімен Спитамен бастаған сақтар Бактрадағы гарнизонды қоршап алады. Гарнизонның басшысы Пейтон көтерілісшілердің шабуылын тойтарғанымен, өзі тосқауылға түсіп қалады. Сақтар македондықтардың бәрін қырып тастап Пейтонды тұтқынға алады. Осы шайқастан кейін Александр Спитаменге Кратер бастаған ірі күштерін жібереді. Македондықтармен шайқасуға күші жетпейтінін түсінген Спитамен кері қарай шегініп кетеді. Келесі жылы Спитамен бастаған сақтар Бактрияға тағы да басып кіреді. Өкінішке орай басқыншылармен өткен бірнеше қиян-кескі шайқастардан жеңіліс тапқан Спитамен далаға кетеді. Осы даланы мекен еткен сақтардың тайпа көсемдері Александрмен тіл табысу мақсатында Спитаменді өлтіріп оның басын македондықтарға апарып береді. Өз кезегінде Александр да сақтармен жақсы қатынас орнату үшін көтеріліс басшыларының бірі Оксиарттың қызы Роксанаға үйленеді. Үйлену тойы шығыстық дәстүрге сай өткізіледі [10, с.82].

Сонымен Арриан, Курций Квинт және басқа да авторлардың еңбектерінде Александр Македонский сақтармен екі жыл бойы соғыс жүргізіп, аса зор шығынға ұшырағанын, тіпті Александрдың өзі де бірнеше рет жараланғаны туралы баяндалады. Нәтижесінде Александр Македонский сақтарды тізе бүктіре алмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Шифман И.И. Александр Македонский. - Ленинград: Наука, 1988. - 207 с.

2 Квинт Курций Руф. История Александра Македонского. С приложением сочинений Диодора, Юстина, Плутарха об Александре / Отв. редактор А.А. Вигасин. - М.: Изд-во МГУ, 1993. – 464 с.

3 Пьянков И.В. К вопросу о маршруте похода Кира II на массагетов // ВДИ, 1964. - № 3. - С. 115-130.

4 Арриан. Поход Александра / Пер. с латинского М.Е. Сергеенко, предисловие О.О. Крюгера. - М.: МИФ, 1993. - 272 с.

5 Вайнберг В.И. Ставиский Б.Я. История и культура Средней Азии в древности. – М., 1992. – 220 с.

6 Гаибов В.А. Кошеленко Г.А. Кочевники Средней Азии в эпоху Александра Македонского // ВДИ, 2005. - №1. - С. 105-125.

7 Балахванцев А.С. Политическая история ранней Парфии. - Москва, 2018. Дисс. на соиск. уч. степ. докт. ис. Наук. - 467 с.

8 Арриан. Поход Александра / Пер. с латинского М.Е. Сергеенко, предисловие О.О. Крюгера. - М.: МИФ, 1993. - 272 с.

9 Григорьев В. Поход Александра Великого в Западный Туркестан // Журнал народного просвещения. - СПб., 1881. - С.24-67.

10 Ковалев С.И. Александр Македонский. - Ленинград: О Г И З, 1937. - 115 с.

11 Гафуров Б.Г., Цибукидис Д.И. Александр Македонский и Восток. - Москва: Наука, 1980. - 456 с.

САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL AND SOCIAL HISTORY

ӘӨЖ 794(11)
ГРНТИ 04.21.41

Г. К.Атабаева[1] Г.О. Абдикерова [2]

[1]әл - Фараби атындағы ҚазҰУнің 2 курс докторанты,
Алматы қ, Қазақстан, atabaeva.g@mail.ru
[2]соц.ғ.д.,әл - Фараби атындағы ҚазҰУнің профессоры,
Алматы қ,, Қазақстан, a.gulnapis@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ СЕНІМНІҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Сенім - өзін-өзі танудың және адамның қоғамдық қатынастардың күрделі жүйесінде өзін жүзеге асыруының негізі болып табылады. Сондықтан да адамдар бұл феноменнің мәнін дәл, нақты түсіне білулері керек. Зерттеудің мақсаты әлеуметтік құбылыс ретіндегі сенімнің потенциалын, Қазақстан қоғамында әлеуметтік қатынастардың сапасын жетілдірудегі оның рөлін негіздеп көрсету болып табылады.

Негізгі мәселе адамдар арасындағы қарым-қатынастың тұлға аралық және институционалдық аспектісінде сенімнің жоғары дәрежеде болмауынан туындайды. Сонымен бірге азаматтық құндылықтардың дамуындағы мәселелер, азаматтық қоғамның әлеуметтік нормаларына сай келмейтін мінез-құлық үлгілерінің қалыптасуына байланысты қиыншылықтар туындауда. Әлеуметтік субъектілер арасындағы сенімге негізделген қарым-қатынастар бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде, тиімді тұрғыдан әлеуметтенудің білім, денсаулық сақтау, мәдениет және әлеуметтік қамсыздандыру сияқты аспектілерін дамытумен байланысты.

Зерттелетін негізгі мәселелер әлеуметтік сенімнің тікелей мәнін ашып көрсетумен, қоғамдық және әлеуметтік қатынастарды дамытудағы оның ролін түсінумен, қазіргі Қазақстанның әлеуметтік капиталын жетілдірумен байланысты.

Шет елдік және отандық ғалымдардың зерттеулерін қарастыру арқылы сенімнің концептуалдық аспектілерін түсінуге, әлеуметтік топтардың өзара әрекеттесуінің стратегияларын, азаматтық қоғамның даму перспективаларын, сонымен қатар қазіргі қоғамдардың әлеуметтік капиталының ерекшелігін, халықтың азаматтық мінез-құлқының модельдерін білуге толық мүмкіндік болады.

Сенім азаматтық қоғамды құруда үлкен рольге ие, ол азаматтық қоғамның негізгі институты және әлеуметтік капиталдың және тиімді әлеуметтік қатынастардың компоненті.

Қазіргі уақытта сапалы ақпарат адамның санасына әсер етіп оның әлеуметтік мінез-құлқын қалыптастырады. Сондықтан берілетін ақпараттардың сапасына, олардың пайдалылық жағына ерекше мән берген жөн.

Сенімнің типтері әлеуметтік қатынастардың сапасымен де айқындалады. Қазіргі қоғамда сенімді зерттеу, бірінші кезекте, оның потенциалдық ресурстарын ашып көрсетумен; екіншіден, нақты қоғамдағы тұлға аралық және институционалдық әлеуметтік қатынастардың құрылымдық элементі ретінде оның маңызын түсінумен байланысты.

Қоғамдағы кедейліктің өсуін, сенімсіздік пен әлеуметтік қатерлерді азайту – бұл, қазіргі қоғамдардың алдында тұрған маңызды міндеттер болып табылады.

Түйін сөздер: әлеуметтік сенім, азаматтық қоғам, сенімділік, үміт, әлеуметтік қатынастар, сенім құндылығы.

G.K.Atabayeva[1] G.O.Abdikerova

PhD student, AlFarabi University,
Almaty, Kazakhstan, atabaeva.g@mail.ru
doctor of sociological sciences, professor, AlFarabi University
Alamty city, Kazakhstan, a.gulnapis@mail.ru

ROLE OF TRUST IN KAZAKHSTAN SOCIETY

Abstract

Trust is the basis of self-knowledge and the realization of a person in a complex system of social relations. Therefore, it is necessary that all people understand the essence of this phenomenon.

The purpose of the study is to reveal the potentials of trust as a social phenomenon, and to substantiate its role in improving the quality of social relations in Kazakhstani society.

The main problem is the insufficiently high level of trust among people in the interpersonal and institutional aspects. Problems arise due to the low level of development of civic values, and the emergence of behavioral patterns that do not comply with the social norms of civil society. Trusting relationships between social actors can develop by improving the basic aspects of successful socialization in the process of creating a competitive nation, such as education, healthcare, culture and social Security.

The main tasks of the problem under study are directly related to the disclosure of the essence of social trust, its role in harmonizing social and social relations, in improving the social capital of modern Kazakhstan.

Studies of foreign and domestic scientists allow us to understand the conceptual foundations of trust, the interaction strategy of social groups, the prospects for the development of civil society, as well as the features and specifics of the social capital of modern societies, models of civil behavior of the population.

Trust plays an important role in building a civil society, is its main institution, as well as the main component of social capital and effective social relations.

Today, quality information is reflected in the human mind and affects its social behavior. Therefore, great attention must be paid to the quality of the information provided, and their usefulness to citizens. Types of trust are also characterized by the quality of social relations. The study of trust in modern society is primarily due to the need to disclose its potential resources; secondly, the substantiation of its important role as a structural element of interpersonal and institutional social relations of a particular society.

The need to reduce poverty growth in society, distrust and social risks are important challenges facing *modern societies*

Keywords: social trust, civil society, trust, hope, social relations, state support, value of trust.

Г. К. Атабаева[1] Г.О. Абдикерова[2]

Докторант 2-го курса КазНУ им аль-Фараби,
Казахстан, atabaeva.g@mail.ru
д. соц.наук,профессор КазНУ им аль-Фараби,
Казахстан, a.gulnapis@mail.ru

РОЛЬ ДОВЕРИЯ В КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Аннотация

Доверие является основой самопознания и реализации человеком себя в сложной системе общественных отношений. Поэтому необходимо, чтобы все люди понимали сущность этого феномена.

Целью изучения является раскрыть потенциалы доверия как социального явления, и обосновать его роль в совершенствовании качества социальных отношений в казахстанском обществе.

Основой проблемой является недостаточно высокий уровень доверия среди людей в межличностном и институциональном аспекте. Проблемы возникают в связи с невысоким уровнем развития гражданских ценностей, и появлением моделей поведения, не соответствующих социальным нормам гражданского общества.Доверительные отношения между социальными субъектами могут развиваться путем улучшения основных аспектов успешной социализации в процессе формирования конкурентоспособной нации, таких как образование, здравоохранение, культура и социальное обеспечение.

Основные задачи исследуемой проблемы непосредственно связаны с раскрытием сущности социального доверия, его роль в гармонизации общественных и социальных отношений,в совершенствованиисоциального капитала современного Казахстана.

Исследования зарубежных и отечественных ученых позволяют понять концептуальные основы доверия, стратегию взаимодействия социальных групп, перспективы развития гражданского общества, а также особенности и специфику социального капитала современных обществ, модели гражданского поведения населения.

Доверие играет большую роль в построении гражданского общества, является его главным институтом, а также основным компонентом социального капитала и эффективных социальных отношений.

Сегодня качественная информация отражается в сознании человека и влияет на его социальное поведение. Поэтому необходимо уделить большое внимание на качеству предоставленных информации, и их полезности гражданам. Типы доверия характеризуются также качеством социальных отношений. Изучение доверия в современном обществе обусловлено, прежде всего, необходимостью раскрытия его потенциальных ресурсов; во-вторых, обоснованием его важной роли в качестве структурного элемента межличностных и институциональных социальных отношений конкретного общества.

Необходимость снизить рост бедности в обществе, недоверия и социальные риски – это важные задачи, стоящие перед современными обществами.

Ключевые слова:социальное доверие, гражданское общество, доверие, вера, социальные отношения, ценность доверия.

Кіріспе

Қазақстандағы азаматтық қоғамды нығайту, оны ең озық ұлттық проблемаларды шешу мақсатында талқылауға қатыстыру - Қазақстанның дамуының осы кезеңінде шешілуі қажет кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып тұр.Осы мақсатта ротация принципі бойынша жұмыс істейтін Қоғамдық сенім ұлттық кеңесі құрылды (2 сентября 2019 г.) Азаматтық қоғамның дамуы адам ресурстарының сапасын талап етеді, бұл өз кезегінде азаматтардың өмір сүру деңгейі мен әл-ауқатына байланысты. Адами ресурстарды оның әлеуетіне айналдыру және қоршаған табиғи әлемді жақсарту оны дамытуғаүздіксіз инвестицияны қажет етеді.

Негізгі бөлім Қазіргі білім беру саясаты білімді, іскер, бастамашыл, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауы қажет. Тәуелсіз 28 жыл ішінде Қазақстанда білім беру саясатында сапалық өзгерістер болды. Атап айтсақ; ҰБТ,мемлекеттік несие, гранттық қолдау жүйелері енгізілді. Білім беру саясатындағы бұл реформалардың барлығы кәсіби білімді, мәдени бейімделуді, жүзеге асыру мүмкіндіктері бар маман түріндегі интеллектуалды капиталды қалыптастыру талаптарын жасауға бағытталған. Бұл үдерісте тек білім емес, сонымен қатар рухани-адамгершілік құндылықтар, рационалдық дүниетаным маңызды рөл атқарады. Маңызды сұрақ қазақстандық қоғам модернизациясы, жаһандану талаптары жағдайында білім берудің, білім беру саясатының жаңа теориялық-методологиялық деңгейдегі маңызды мәселелердің бірі ұлттық мәдениет ерекшеліктерімен білім берудің батыс моделінің құндылықтық аспектілерін келістіру міндеті болып табылады. Бұл міндеттің өте маңызды бөлігі - білім беру бағдарламаларының қатысуымен толеранттық-ниеттестік принципін тасымалдау. Бұл міндетпен қатар жастар үшін және тұтас қоғам үшін өте мәнді болып табылатын этномәдени бірегейлікті сақтап қалу туралы сұрақ өткір тұр. Бұл міндет мәдени бейімдеуші рөлін атқаратын ғана емес, сонымен қатар жас адамның мәдени әлеуметтенуінде маңызды рөл атқаратын әлеуметтік-мәдени институт ретінде білім беру саясатымен тығыз байланысты. Мәдени құндылықтарды және әлеуметтік қатынастар мен мәдени коммуникация серіктестерін тасымалдауда мәдениеттану, этномәдениеттану, әлемдік көркем мәдениет, қазақ мәдениетінің тарихы, тарихи ғылымдар маңызды рөл атқарса, дүниетанымның және дүниеге қатынастардың қалыптасуында философия, дін тарихы маңызды рөл атқарады. Бұл

пәндердің танымдық және құндылықтық- тәрбиелік қызметі, бұл ғылымдардың білім қоры жастарға түрлі мәдени,этникалық қауымдастықтарды таныстырып, біздің ғаламшарымыздың халықтарының мәдениеттерінің көптүрлілігі туралы көрінісін көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар өз этникалық мәдениетінің ерекшелігі туралы білім шеңберін кеңейтіп, өз ұлттық қайнарына, дәстүрлері мен тіліне қызығушылығын қалыптастырады [НарбековаГ. Образовательная политика Республики Казахстан: проблемы и перспективы //Аль-Фараби: философско-политологический и духовно-познавательный журнал. - Алматы, № 2 (38) /2012, - с.104].

Қазақстанда бірқатар жылдар бойы жүргізілген жоғары білім беру реформасы жаһандану талаптарына жауап беретін жағдай жасайтын негіздерді қалыптастыруға бағытталды. Осыған байланысты білім берудің жаңа стандарттары енгізіліп, өзіндік білім алу үлесі кеңейді. Зерттеу міндеттерімен, міндеттерді жаңаша қоюмен, жобаларда студенттердің қатысуымен, практикада қойылған міндеттерді шешу тәсілдерін жүзеге асырудың жоғары үлесімен байланысты «learning» жаңа креативтік әдіснаманы іздеуге бағытталған міндет жүзеге асырылды. Жаңа білім беру міндетін бұлай қою бірқатар теориялық-методологиялық және оқу-методикалық мәселелерді өзекті етті. Олардың арасында методикалық және педагогикалық тұрғыдан жаңа білім беру алғышарттары, құндылықтық бағдарлар, дүниетанымдық талаптар, когнитивтік міндеттер алдындағы философиялық рефлексия. Жаһандану мен қоғам модернизациясы талаптарында білім берудің жаңа парадигмаларын қайта қарау міндеті пайда болады. Қазақстанда алғаш рет білім берудің 3 сатылы үздіксіз жүйесі (бакалавриат, магистратура, PhD) енгізілді. Жоғары білім беру жүйесіне студенттердің академиялық мобилділігі енгізілді. Алыс шетелдерге жазғы семестрге жіберілген алғашқы студенттер магистранттар болатын. Алғашқы магистранттар шет елдерге 15 күндік оқу мерзімімен, кейін 1 ай, одан кейін бір немесе одан да артық семестрлерге жіберілді. Жоғары оқу орындарында сонымен қатар жаңа жүйе – дистанциондық (алыстан) оқыту енгізілуде. Қазіргі адамның «Dasein» ұғымы, оның күнделікті тәжірибесі-едиа арқылы жаңалықтар алу, тәжірибе мен білім алмасу тәжірибесі, медиа арқасында мүмкін болатын демалыс, көңіл көтеру, шығармашылық тәжірибесі, қарым-қатынас тәжірибесі-барлығы бұқаралық медиа мен медиа техникамен: дербес компьютермен, теледидармен, мобилді телефонмен және т.б. байланысты. Ғалымдардың ортақ пікірі бойынша, білім берудің қазіргі және жақын болашақтағы шығаруға тиіс мәдениет пен өркениет түрі бүгінгі күні медиа саламен тығыз байланысты, сондықтан білім беру философиясы бастапқы мәдени құндылықтар мен білім беру мен тәрбиенің негізін қалаушы дүниетанымдық талаптарды шығарумен айналыса отырып, өзінің басым мүдделер саласында медиа мәдениетті енгізуге тиіс. [Возчиков В.А. Философия образования и медиакультура информационного общества.- Автореф. дисс. д.филос.н..- СПб., 2007.- С.4].

Медиа білім беру нәтижесі аудиторияның медиа біліктілік/ медиа сауаттылық деңгейін көтеру болып табылады. Медиа біліктілік көп қырлы және білімнің дамыған құрылымына негізделген кең дамуды талап етеді. Адамның медиа білімінің дамуының мәнді элементі оның өзінің жеке медиа өнімін жасауы, яғни жедел талқылауға түсетін жеке медиа мәтіндері, түрлі қалалар мен елдердегі интернет пайдаланушылармен виртуалды пікір алмасу, пікірталас жүргізу болып табылады. Медиа білім медиа әлеуметтену және жеке адамның даму факторы ретінде қазақстандық жастардың коммуникацияның виртуалды түрлерін, интернет-технологияларды таңдай отырып өз медиа таңдауын ауыстырды. Олар өздерінің жеке медиаларын жасай отырып, ақпараттық кеңістікте өз адамгершілік өлшемдерін, жауапкершіліктің жаңа өлшемін орнататын медиа кеңістік қалыптастыруда. Бұл жаһандану концепциясының кең спектрінің пайда болуына алып келді.Халықаралық қатынастар теориясы тұрғысынан жаһандану ең жалпы мағынасында бір, тұтас, әмбебап социумның қалыптасуына әкелетін мемлекеттік шекаралардың немесе бірқатар үдерістердің ашылу үдерісі ретінде анықталуы мүмкін. Оның негізінде қазіргі әлемдік жүйенің жаһандық кеңеюіне әкелетін географиялық және экономикалық факторлардың өзгерістері жатыр.Г.Киссинджер, халықаралық жүйенің қазіргі жағдайын суреттей келе балай дейді: «бұрын ешқашан әлемдік тәртіптің құрамдас бөлшектері, олардың өзара әрекет ету қабілеттері мен мақсаттары дәл осылай терең де, жаһандық тұрғыдан өзгерген емес» [ҚР Білім беру мен Ғылым Министрлігінің философия және саясаттану Институтының доктаранты Р.А.Нуртазинаның «Международный опыт интеграции образования: интеграция образования Казахстана в условиях глобализации» ғылыми еңбегі].

Қазіргі жаһандық мәселелерді әлемнің барлық мемлекеттерінің біріккен күштерімен ғана шешуге болады. Халықаралық қоғамдастық адамзатты құтқарудың өзегі болуға тиіс. Ол үшін әлеуметтік үрдістерді ұлттық, жаһандық деңгейде басқарудың өте жоғары деңгейі қажет. Басқаруды жетілдіру маңызды жаһандану мәселелерінің біріне айналды. Ол оның мемлекет, халықаралық ұйымдар, білім беру саясаты, заң шығару құқығы сияқты құралдарының рөлін жоғарылатты. Жаһандану мәселесіне қоғам мен мемлекетте болып жатырған өзгерістер бақылап отыратын экономистер, әлеуметтанушылар, философтар, заңгерлер, саясаттанушылар көп көңіл бөледі. Өкінішге орай, ғалымдар мемлекеттің білім беру саясатының жаһандану мәселесіне тиісті қызығушылық танытпады. Ал қазіргі халықаралық білім беру жүйесінің әр саласы белгілі бір дәрежеде жаһандық мәселелермен байланысты. Білім берудің мемлекеттік саясатына жаһанданудың ықпалын зерттеумен белгіленген жағдай алаңдатушылық туғызбай қоймайды, себебі бұл ықпал қарқынды өсіп, мемлекеттің сипаты мен қызметтеріне әсер етуде. Жаһандану талабында қоғам мен мемлекеттің дамуының басымдығы ретінде білімді түсіну білім беру дамуының келешегіне бағытталған ірі халықаралық конгрестердің өткізілуіне себепкер болды. 1997 ж., Торанто (Канада)- білім беру жүйесі мен ақпараттық қоғам өзара әрекетінің мәселелері бойынша дүниежүзілік конференция; 1998 ж., Париж (Франция)- жоғары білім беру бойынша алғашқы дүниежүзілік конференция; 1999 ж., Сеул (Корея)- кәсіби-техникалық білім беру бойынша екніші дүниежүзілік конференция; 2000 ж., Дакар (Сенегал)- мектептегі білім беру бойынша дүниежүзілік конференция. Бұл форумдардың күн тәртібінде жаһандану талабындағы адамзат қоғамдастығының

тұрақты дамуы білім беруге тең қол жетуі, оның сапасын жоғарылату, білім беру саласында белсенді халықаралық біріккен ынтымақтастық жағдайында қол жеткізу мүмкін деген идея болды.

XXI ғасыр-жаһандық жаналықтар ғасыры ғана емес, білімнің дәуірлеу ғасыры да, өйткені, ол қазіргі кезде мемлекеттің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, сондай-ақ әлемдік нарықтағы, әлемдік қоғамдастықтағы орнын айқындап, халықтың өмір сүру сапасымен деңгейін көтеруде айрықша маңызды рөл атқарады**.** Қазіргі таңда егеменді еліміз оқу-ағарту ісіне, білім беру мен білім сапасын көтеру жұмыстарына, мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсартуға ерекше мән беруде. Білім берудің жаңа моделі жасалынды,білім жүйесінде жаңа бағыттар қалыптаса бастады. Мемлекеттік стандарттар жаңартылып,оқу бағдарламалары жетілдіріліп,жаңа типтегі оқу орындары ашыла бастады. Сонымен қатар,білім сапасына қатаң талаптар қойылып, оқу үрдісін ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістері, оқытудың жаңа технологиялары кең көлемде практикалық қолданысқа ие болуда.Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысы емес, оның тұлғалық дамуын қойып отыр. Бұл ретте балалар мен оқушы жастарға жан-жақты тәлім-тәрбие берудің маңызы арта түседі. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл, ең алдымен, елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін тудырады», -деп атап көрсетілген. Сондай баға жетпес құндылықтардың бірі-халықтың рухани қазынасы, ұлттық асылдары: ана тілі, төл мәдениеті, тарихи жады, салт-дәстүрлері. Бұл құндылықтар негізінен рухани-адамгершілік тәрбие арқылы беріледі.Рухани-адамгершілік тәрбиенің негізгі мақсаты -ұлттық сана сезімі оянған, рухы биік, мәдениеті терең, парасатты, ар-ожданы мол, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Бұл-білім беру саласының да, отбасы институтының да, жалпы қазақстандық қоғамның да жауапты міндеті. Білім беру саласында қалыптаскан ахуал республиканы дамытудың қазіргі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларына және жоғары дамыған елдердің прогресшіл тәжірибесіне сәйкес келеңсіз құбылыстарды болдырмау, түбегейлі ұйымдық, құрылымдық қайта құрулар, білім берудің мазмұнын жаңарту және мамандар даярлаудың сапасын жетілдіру қажет екенін көрсетеді. Білім беру жүйесіндегі басты міндет халықтың барлық деңгейлер мен сатыларда сапалы білім алуына қол жетімдігін кеңейтумен айқындалды. Осыған байланысты білім саласындағы күш жігер оның сапасын қамтамасыз ету жүйесін құруға бағытталуы тиіс. Білім беру жүйесіндегі басты міндет пен іліспе мақсат үздіксіз білім беру принціпін еңгізу болып табылады. Сапа мынадай аспектіде қарастырылады:қазіргі кезде білім беру деңгейлерінің әрбірі өздері үшін тіршілік етіп жатқандай. Келесі онжылдықтың мақсаты, бір жағынан, адамның ілгершіл дамуын қамтамасыз ететін біріңғай ұлттық білім беру жүйесін құру, екінші жағынан, білім берудің ұлттық жүйесінің жалпыәлемдік жүйемен интеграциялануын қамтамасыз ету болып табылады. Жаңарудың әрбір кезеңіне жеткілікті ресурстық қамтамасыз етумен қолдау көрсетілуге тиіс. Ғаламдық білім беру үлгісінің қазіргі әлемде үлкен болашағы бар, ол көп ұлтты және түрлі мәдениетті болғандықтан, тез өзгеріп отырады және қайта өзгеруге дайын. Ғаламдық білім беру идеясы адамды еркін, шығармашыл тұлға ретінде ашуға, оның бойында өмір сүретін әлемнің қазірі мен болашағына жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.

Қазіргі таңда Қазақстан тәрбиелі және креативті жетекшілерге өте мұқтаж. Мұндай сапалы жетекшілерді қалыптастыру үшін біздің елге қажетті білім беру саласында білім беру бизнесін құру және дамытуды жалғастыру қажет. Бұл экономика секторын приоритетті кадрлармен қамтамасыз ету үшін, бәсекелестік жағдайына адамдарды үйретуге, шығармашыл және дербес болуға, өзінің бәсекеге қабілетті өнімін өткізуге және өндірістің перманентті жаңаруына дайын болуы қажет. Көптеген шетел тәжірибелері, оның ішінде Ресей де, шаруашылық ортадағы білім беру бизнесі шаруашылық ойлаудың жақсы типтерін қалыптастыруда экономика қажеттілігін объективті қанағаттандырады; Шаруашылық ойлаудың жаңа типі елімізде шаруашылықтың озық типтерін бекітуге қабілетті (әлемдік тәжірибе мен стандарттарды ескере отыра) топ-менеджер, маркетолог, жаңаша жетекшілерді дайындауға тікелей бағытталған. Қаржыландыру мәселелерінде шетел мемлекеттерінің тиімді тәжірибелерін есепке алу қажет. Бұл проблемалар дамыған елдерде әлдеқашан шешілген: ақылы білім алу- мемлекет компетенциясында, мемлекеттің өзі қоғам мүддесін ұсынушы және жүзеге асырушы. Қазақстанда білім беру жүйесі өкінішке орай толық қаржыландырылмаған. Бұл күрделі жағымсыз нәтижеге әкелді: білім берудің материалдық-техникалық базасының жағдайы күрт төмендеп кетті. Жоғары оқу орындарында ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемі азайды, ал кейбіреулерінде – мүлдем тоқтатылды, нәтижесінде жоғарғы оқу орны ғылымының дамуы түбегейлі бұзылды. Қазіргі заман адамзаттың алдына шешімін күткен әртүрлі күрделі проблемаларды тартып отыр. Соңғы кезде баспасөз бетінде жиі көтеріліп жүрген жаһанданудың да енді ғана ұлттық мемлекетін құрып, жоғалтып ала жаздаған ана тілі мен салт-дәстүрін қайта жаңғыртуға мүмкіндік алған қазақ сияқты шағын ұлттар үшін қатерлі құбылыс болмағанымен, рухани болмысымызды қайта қалыптауға кедергі болатындығы сөзсіз. Алайда жаһандану уақыт талабынан туған, объективті құбылыс. Сондықтан әлем елдері арасында тек экономикалық байланыстар ғана нығайып қоймай, өзара ақпараттар алмасу, мәдни байланыстар да бұрын-соңды болмаған жоғары деңгейде жүруде көтеруде. Ғаламдасу-жаңа жалпы әлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі.Ғаламдық өзара тәуелділік және бүкіләлемдік даму үрдісі ғаламдасуға алып келмей қоймайды. Өз кезегінде аймақтық қоғамдасу этникалық тұтастықтағы елдер арасында да болмақ. XXI ғасыр басында шетелдік білім беру жүйелерінің көпшілігі үлкен өзгерістерге ұшырады немесе қайта құру үдерісінде. Егер жетекші әлемдік мемлекеттердің білім беру жүйесін талдайтын болсақ, келесі жаһандық тенденцияларды анықтауға болады.

білім беру философиясын жаңарту;

жалпы орта және кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарттарын бекітіп, жетілдіру;

халықтың барлық қабаты үшін білім берудің қол жетімділігін кеңейту.

білім беруді басқарудың тиімдірек тәсілдерін іздеу.

оқу орындарының түрлерін, олардың меншік түрлерін әртараптандыру.

білім беруді ақпараттандыру және оқытудың баламалы жаңа технологияларын жасау.

XXI ғасыр өмірдің сапалы түрде басқа жағдайын өтумен белгіленді. Ғасырлар мен мыңжылдықтар тоғысында адамзат жаңа кезең ақпараттық кезеңге өтті. Аграрлық және индустриалдық кезең орнына «үшінші толқын» постиндустриалдық кезең келді, оның басты құраушылары нарықтық экономика, ашық демократиялық қоғам дамуы, байланыс құралдарының: Интернет, компьтерлік технологияның жаппай енуі бұрынғы Кеңес одағы кеңістігіндегі елдер үшін тіршіліктің барлық саласының түбегейлі өзгерісін білдірді. Егер батыс қоғамы өзгеріске дайын болса, ТМД елдері үшін өмірдің жаңа тәсілі жаңалық болатын.Бәсекелесуші және жаһанданған әлем жағдайында бекіп, пайдалы позицияларды жоғалтпау үшін жүздеген қайта құрулар жасалып, мыңдаған жаңа заңдар мен заң жобалары қабылданды. ТМД елдерінің арасында Қазақстан бірінші болып Болон үдерісіне қосылды, жоғары білім берудің несиелік жүйесіне. 12 жылдық білім беру және міндетті мектепке дейінгі оқыту жүйесіне өтті, үздіксіз білім беру немес өмір бойы білім алу бағдарламасын қабылдады. Білім беру саласы жай қозғалып қойған жоқ. XXI ғасырда нарық экономикасына көшіп, жаһанданып жатырған әлем талабында білім берудің басқа жүйесі талап етілді. Яғни, белгілі білімі, дағдысы, икемі бар мамандарды дайындаудың ескі түрінің орнына білікті модель келді. Енді білім түрлі өмірлік жағдайда әрекет етуге мүмкіндік беретін құралға айналды. Жаңа әдіс оқытудың жаңа әдістері мен жаңа білім беру технологияларын талап етеді. Бұл технологиялар фундаменталды және қолданбалы ғылымдар жетістіктерінің бірігуі негізінде пайда болады. Мұндай жетістіктердің басымдылығы ретінде информатика, жалғыз ақпараттық жүйе жасау, Интернеттің пайда болуы, бұлардың барлығы адамдардың араласуына әсер ететін болашақ мамандарды әлем мен адамды тұтас түсінуге, адамды адамзатпен, тұтас космоспен үйлесімділікте қабылдауға бағыттайтын оқытудағы жаңа әдістер мен әдістемелерді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұрын болмаған рухани және антропологиялық дағдарысты бастан өткізе отырып, білім берудің қазіргі жүйесі қайта жаңғыра бастады. Жалғыз білім беру жүйесінің қалыптасу үдерісі жүріп жатыр, білімді, интелегентті кәсіби адамның жаңа идеясы қалыптасуда. 1-ден, фундаменталды, шекті және арналған пәндерді оқу негізінде кең көлемді жоғары білікті маман, 2-ден, құралға емес, мақсат ретінде қоғамға (адамға) ұмтылатын түр. 3-ден, қалыптасқан экологиялық сана деңгейінде өзінің табиғатқа қатынасын сезетін жаңа білімді адам құратын осы үш негізгі бөліктер жаңа білім беру жүйесінің үш негізгі парадигмасын анықтауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында білім беруді реформалау қоғамның әлеуметтік өмірдің демократиялық принциптеріне өтуімен болжанады, жобаланады. Бұл, өз кезегінде білім беру парадигмасы мен советтік кезеңдегі дүниетаным негіздерімен салыстыра отыра, жаңа үлгіні талап етеді.Қазақстандық білім беру жүйесіндегі реформалар бұл - өмірдің жақсаруына, жаңа формация ұрпағының тәрбиесі мен демократиялық идеялардың алға басуына бағытталған.Қазақстандық білім беру жүйесі қазіргі кезде шиеленіскен жағдайда, одан шығудың жолы тек рухани-адамгершілікті адам цивилизациясына өту болып табылады. Бұл жасаушы адам дәстүрлі ғылыми қойылымдар шеңберінен шығып, жақсы шешімдер мен технологиялар құруға қабілетті. Адам-жасаушы қызметі тұрғысынан педагогикалық процестердің барлық компоненттерін қайта бағалауды талап ететін жаңа педагогикалық ойлардың негізгі білім беру гуманизациясы. Ол адамның рухани құндылықтарын қалыптастырудың міндеттері кешенін құрайды. Және бұл білім берудің мұнан былайғы перспективасы ретінде қарастырылады. Бұл бағытқа бағдарламамен қамтамасыз ету технологиясы, теория, методология, концептуалды негіздерін өңдеу, білім беру гуманизациясы (жаңа перспективті оқу бағдарламаларын, жоспарларын, оқулықтарын өңдеу) және білім беру жүйесінің проблемаларын талдауға қатысты жүйелеу.

Қазір ғылым мен білім беруді біріктіру қажет, өйткені бұл қазіргі цивилизацияны дамытудың жалғыз жолы. Және бұл жерде өткен жылдар тәжірибесін қамту қажет. Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалау жүйесінде қазақ тілі мен халықтың мәдени дәстүрлерін үйрену, сонымен қатар осы бағытта басқа да шаралар өткізіп, курстар ұйымдастыру үлкен маңызға ие. Жаһандық жағдайында мәдени бірігу жағдайы болмай қалмайды, сондықтан европалық білім беру мен дәстүрлілігін сақтау арасындағы байланысты сақтау өте маңызды. Оқытуда ақпараттық технологияны пайдалану, көптеген аналитиктер мен білім беру саласындағы мамандар пікірінше, алдыңғы қатарлы университеттер мен институттардың ғылыми және білім беру потенциалын белсенді қолдануға, дистанционды оқыту курстарын құруға мықты оқытушыларды шақыруға, оқушылар аудиториясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, ол тұрғылықты жеріне қарамастан, мамандарды кең көлемде дайындауға және қайта даярлауға мүмкіндік береді.

Әлемдік білім берудегі артықшылық- үздіксіз білім беру жүйесі [А.А. Гагаев, П.А. Гагаев. Русские философско-педагогические учения XVIII-XX веков: Культурно-исторический аспект. - М., 2002. – С. 73].

Білім беру адамның тартып алмайтын құқықтарының орындалуы, тұрмыс дәстүрінің бөлігі ретінде қарастырылады, сондай жағдайда ғана маман дайындалады. Бұл мақсатта оқытудың интенсивті әдістемелері қызмет етеді: компьютер құралдары, ақпараттың қажеттілігі және т.б. білім беру интернационализациясының тенденциялары анықталды. Білім беру ұлттық шекарада шектеліп қалмайтын, универсалды болуы тиіс деген түсінік өсіп келеді. Бірақ бұл үшін білім беру формаларының диверсификациясынан айырмайтын, білім беру саласында мықты мемлекеттік саясат, талапқа сай жоспар, бағдарламалар қажет.

Бұдан басқа, Қазақстанда кәсіпкерлер класының қалыптасуында білім беру бизнесі қызметтері маңызды роль атқарады, ол қазіргі білім беру жүйесінде отандық және шетел істер әлемімен қажетті байланыспен қамтамасыз ете

алады. Орта кластар санының өсуі мен қазақстандық кәсіпкерліктің әлеуметтік базасының кеңеюі кадрларды дайындауда білім беру бизнесі компонентінің маңызын, яғни экономиканыбасқаруды көтереді.Білім беру саласындағы перспективті инновациялық жобаларды жүзеге асыруда маңызды қиыншылықтар мен қарама-қайшылықтар кездеседі. Білім беру жүйесін реформалау негізгі сұраққа жауап берген жағдайда ғана мүмкін: біз кімді және неге тәрбиелеп, оқытқымыз келеді? Бұдан басқа білім беруді реформалаудың көптеген жобаларында тіпті оқыту және тәрбие процесінің мазмұнды жақтарына қатысты жобаларда білім беру процесінің құрамындағы негізгісі қайсы екендігі анықталмаған. Міне, сондықтан да инновациялық жобалар өз принциптерінің бір-біріне қайшы келетіндіктерінен зардап шегеді. Солай бола тұра олардың көпшілігінде адамгершілік, әдептілік, рухани өсу идеялары айтылмайды. Инновациялық бағдарламаларда қажеттілік пен пайдалылық үйлесімін тапқан жағдайда ғана мәселенің шешімін табады. Дүниетанымның қалыптасуына келетін болсақ, бұл мәселе әлі толық талқыланбаған, талқылаудың тек алғашқы сатысында тұр. Білім беруді реформалаудың бағдарламалары мен тәжірибелерінде әлі де білімді дамыту, кәсіби дағдыларды өңдеу, өтпелі өмірге тез бейімделудің азаматтық жауапкершілігі мен икемділіктері туралы айтылады. Әрине, мұндай міндеттер дәлелденіп отыр, дегенмен қазіргі білім беруде дүниетанымдық параметр жетіспейді, оның ішінде – қазақстандық білім беру жүйесі де. Білім берудің кез-келген реформасы - бұл ең алдымен білім беру мазмұнының реформасы.

Қорытынды: Қорыта келе, қазіргі заман талабында жоғары білім беру жүйесі адам жаңа өмір- медиамәдениетке өту процесіндегі жетекші мәдени институттардың бірі болып табылады. Қазақстан үшін қоғамның инновациялық жаңғыруы мен модернизациялану бағдарламаларының орындалуы кезеңінде ең маңыздысы білім беру саясатын, оның ішінде жоғары білім беруді жетілдіру міндеті тұр. XXI ғасырда нарық экономикасына көшіп, жаһанданып жатырған әлем талабында білім берудің басқа жүйесі талап етілді. Жаһандық тенденцияларды анықтауға болады.

- білім беру философиясын жаңарту;
- жалпы орта және кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарттарын бекітіп, жетілдіру;
- халықтың барлық қабаты үшін білім берудің қол жетімділігін кеңейту.
- білім беруді басқарудың тиімдірек тәсілдерін іздеу.
- оқу орындарының түрлерін, олардың меншік түрлерін әртараптандыру.

білім беруді ақпараттандыру және оқытудың баламалы жаңа технологияларын жасау, жаңа білім беру жүйесінің үш негізгі парадигмасын анықтауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Masterman L. Teaching the Media. London: Comedia Publishing Group, 1985, - 341 p.

2. Нарбекова Г. Образовательная политика Республики Казахстан: проблемы и перспективы //Аль-Фараби: философско-политологический и духовно-познавательный журнал. - Алматы, № 2 (38) /2012, - с.104

3. Возчиков В.А. Философия образования и медиакультура информационного общества.- Автореф. дисс. д.филос.н..- СПб., 2007.- С.4.

4. ҚР Білім беру мен Ғылым Министрлігінің философия және саясаттану Институтының доктаранты Р.А.Нуртазинаның «Международный опыт интеграции образования: интеграция образования Казахстана в условиях глобализации» ғылыми еңбегі

5. Новейший философский словарь / Сост. А.А. Грицанов. — Мн.: Изд. В.М.Скакун, 1998. —С. 1083.

6. А.А. Гагаев, П.А. Гагаев. Русские философско-педагогические учения XVIII-XX веков: Культурно-исторический аспект. - М., 2002. – С. 73.

ӘӨЖ964 (09)
ГРНТИ 09.20.03

Ермұқанов Е.Н.[1] Сүтеева Х.А. [2], Ақылбекова Н.Ә.[3]

[1] Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Тарих және құқық институттының Әлем тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к.
[2] Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Тарих және құқық институттының, Әлем тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д.
[3]Магистр оқытушы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ КОНТЕКСТІНДЕГІ ПРАГМАТИСТІК ӨМІР САЛТЫ

Аннотация

Мақалада заман талабына сай біртұтас ұлт болу үшін қандай прагматистік өмір салтын ұстануымыз керектігі талданады. Ол үшін әрбір адам, ұжым, тіпті мемлекеттің барынша үнемшіл, қанағатшыл, жинақы болуы керектігі, құр мақтанға, ысырапшылдық пен даңғойлыққа жол бермей бабаларымыздың игі дәстүрлеріне, жарқын үлгілеріне үңілу керектігіне назар аударылады. Халқымыздың ұрпағын ең алдымен еңбекпен тәрбиелеуге баса мән беруі де тегіннен-тегін емес. Өскелең ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды қалыптастыру үшін салауатты да ізгілікті өмір салтын орнықтыруға күш сала отырып, соған сай дағдыларға тәрбиелеудің аса маңыздылығы да барынша сараланады.

Кілт сөздер: рухани жаңғыру, прагматистік өмір салты, экологиялық мәдениет, бабалар дәстүрі.

Yermukanov Y.[1], Suteeva Kh.[2], Akylbekova N.[3]

[1] candidate of historical sciences, associate professor of the Department of World History, Kazakh National Pedagogical University Abay
[2] Doctor of Historical Sciences, Professor, Department of World History, Kazakh National Pedagogical University Abay
[3]Master teacher

A PRAGMATIC LIFESTYLE IN THE CONTEXT OF SPIRITUAL REVIVAL

Abstract

The article analyzes what kind of pragmatic way of life we should follow in order to become a modern nation. To do this, everyone, the team, and even the state must be as thrifty, content, compact as possible, to pay attention to the good traditions and bright examples of our ancestors, not to allow vain pride, waste and lavishness. It is not for nothing that our people pay special attention to the education of the next generation. The importance of educating the younger generation to the appropriate skills, while striving to establish a healthy and virtuous lifestyle for the formation of spiritual values in the younger generation, is also highlighted.

Keywords: spiritual revival, pragmatic lifestyle, ecological culture, ancestral traditions.

Ермуканов Е.Н.[1] Сутеева Х.А.[2], Акылбекова Н.А.[3]

[1]к.и.н., доцент кафедры Всемирной истории Института истории и права КазНПУ имени Абая
[2]д.и.н., профессор кафедры Всемирной истории Института истории и права КазНПУ имени Абая
[3]магистр преподаватель

ПРАГМАТИЧЕСКИЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ В КОНТЕКСТЕ ДУХОВНОГО ВОЗРОЖДЕНИЯ

Аннотация

В статье анализируется, какой прагматичный образ жизни мы должны вести, чтобы быть единой нацией, отвечающей современным требованиям. Для этого необходимо, чтобы каждый человек, коллектив, даже государство были максимально экономными, довольными, компактными, не допускали ни строптивости, ни расточительности, ни пра-вительства, заглядывали в добрые традиции, яркие образцы наших предков. Не случайно и акцент нашего народа, прежде всего, на трудовом воспитании своего поколения. Для формирования духовных ценностей у подрастающего поколения, прилагая усилия к установлению здорового и гуманного образа жизни, все более взвешивается и важность воспитания соответствующих навыков.

Ключевые слова: духовное возрождение, прагматичный образ жизни, экологическая культура, традиции предков.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері ірі-ірі рухани-мәдени жаңартуларды қолға алды. Қазіргі таңдағы ұлттық сананың жаңғыруының көтерілуі де уақыт талабынан туындаған қажеттілік. Қоғамның барлық салаларының дамуына тың серпін беретін елбасының 2017 жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының алар орны ерекше.

Елбасы «бүгінгі радикальды идеологиялар ғасыры келмеске кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеруге тиіс. Яғни, реализм мен прагматизм ғана таяу он жылдықтың ұраны болуға жарайды»[1] деген ой тастайды.

Сонымен, баса мән беріліп отырған «прагматизм» ұғымын қоғам қалай түсінуі керектігі жөніндегі пайымдаулары өте өзекті.

Прагматизм гректің «прагма» деген сөзінен шыққан, ол «іс», «әрекет» деген мағынаны білдіреді. Прагматизм терминін XIX ғасырдың 70 жылдары американдық философ Чарльз Сандерс Пирс енгізген[2].

Прагматизмнің басты идеясы адамдарға өмірлік мақсаттарының шешімдерін табуға көмектесу болып табылады. Ұғымның басты қағидалары: адамның белгілі бір мақсатты болуы, тәжірибенің маңыздылығы, жетістікке жетудегі сенімділігі, салыстырмалы білімінің болуы, ақиқаттың тиімділік тұрғысынан мойындалуы маңызды.

Қоғамның рухани жаңғыруы аталған қағидаларды ұлт санасына сіңірумен тығыз байланысты.

Елбасының заман талабына сай біртұтас ұлт болу үшін «қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес» деуінде бойымызда ұшырасатын ысырапшылдық, даңғойлық, астамшылық сияқты келеңсіздіктерден арылу керектігіне меңзейді.

Бүгінгі нарық заманы әрбір адам, ұжым, тіпті мемлекеттің барынша үнемшіл, қанағатшыл, жинақы болуын талап етсе де олар қоғамда әлі де орын алып отыр. Нарық қанша қыспаққа алса да біз үнемшіл болуға дағдылана алар емеспіз.

Тәуелсіздік жылдары кәсіпкерлікке кең жол ашылып, жеке кәсібінің арқасында байлық жинағандар елімізде арта түсті. Адал еңбек, маңдай термен байыған азаматтар еңбектің қадірін білері сөзсіз. Ал заңсыз жолмен

байығандардың байлықты бағалай қоюы неғайбыл, оның мысалы өмірде аз ұшыраспайды. Ұлы ойшыл Абай «өзіңе сен, өзіңді алып шығар, ақылың мен еңбегің екі жақтап» деп бекер айтпаған. Және бекер мал шашудан да сақтандыра келе «иттікпен тапқан малды, адамшылықпен жұмсауға» шақырады. Яғни, құр мақтанға, бақталастық пен бәсекелестікке салынбай жиған-тергеніңді орынды ұқсатуға үндейді. Алайда бүгінде кең етек алған мұндай жағымсыз қасиеттер қоғамда қалыпты үрдіске айналып бара жатқандай. Соңғы кездері жаппай белең алып бара жатқан тұтынушылық көзқарастың да жағымсыз әсері жоқ емес.

Бабаларымыздың өмір салтына үңілсек прагматизмнің талай жарқын үлгілеріне көз жеткіземіз. Қазақ халқы ұрпағын ең алдымен еңбекпен тәрбиелеуге баса мән берген. Бұл турасында «еңбегіне қарай өнбегі», «қолы қимылдағанның аузы қимылдайды», «маңдайы терлемегеннің, қазаны қайнамайды», «келген дәулет, кеткен бейнет», «кім еңбек етсе сол тоқ» деген халық даналықтары еңбекке құндылық ретінде қарауының көрінісі.

Бүгінгі нарықтық қатынастар кезінде де жастарды еңбек тәрбиесіне халық даналығы арқылы тәрбиелеудің маңызы зор. Біздің ерекшелігіміз де осында болса керек. Білімді де жаппай сауатты ұрпағымызға рухани негіз ретінде қанағатшылдық, сабырлылық, үнемшілдік пен қайырымдылық секілді құндылықтарды қалыптастыруымыз керек. Нарық бәсекесінде бұл құндылықтарсыз жеңіске жетудің мүмкін еместігі баршаға аян. Бәсекелестік заманда сауда-саттықты барынша меңгергенімізбен үнемшілдікке келгенде әлі де шорқақпыз. «Теңгенің тиыннан құраларын» мирас еткен ата-баба тәлімінің кейде қаперден шығып жататын кездері де аз емес. Десекте қарапайым халық қашанда үнемшіл.

Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Алайда, Кеңестік дәуірдегі тоталитарлық экономика халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық дәстүрлерінің одан әрі күйреуіне, экологиялық жағдайымыздың орны толмас зардаптарына әкелгеніне тарихымыз куә. Соның бір көрінісі- 1954 жылы Қазақстанда басталған тың және тыңайған жерлерді игеру науқанында айқын байқалды.

Ұланғайыр аумақтың жерін тиімділігін жан-жақты сараламастан, есепсіз, беталды жыртып тастаудың салдары сан ғасырлар бойы қалыптасқан құнарлы қыртысты аз ғана жылдың ішінде адам танымастай халге жеткізіп, орны толмас экологиялық апаттарға әкелді. Мал жайылымы қысқарып, топырақтың құнарлы қабаты бұзылып, 18 миллион гектардан астам жер эрозияға ұшырады.Ал оның қалпына келуі үшін бірнеше ғасыр уақыт керек еді. Жайылымның азаюы салдарынан ұсақ мал өсіру қарқыны 3 есе азайды. Тың игерудің республика табиғатына кері әсері жануарлар дүниесінен де байқалды. Қазақ жерін мекендеген аң-құстардың көптеген түрлері азайып кетті. Көп жерлерде өзен-көлдер тартылды. Профессор Т.Омарбеков қазіргі қостанайлықтар бір кездегі облыс аумағында тың игергенге дейін 5 мың көл болғанын, бүгінгі күні олардың 500 ғана сақталып қалғанын, бұрынғы 56 шағын өзеннің 20-сы жойылып кеткенін есептеп отырғанын айтады[3,456-457 бб.]. Мұндай жағдай басқа тың игеруші облыстардың аумақтарынан да көптеп кездеседі. Табиғатқа немкеттілік көзқарас, оны күшпен «бағындыруды» көздеген біржақтылық міне осыған әкелді.

Аста-төк ысырапшылдықтың ауыр салдарын Арал теңізінің қасіретінен де көреміз.

Сырдария мен Әмудария өзендерінің суларын мақта егісіне көптеп бөлуден Арал теңізі тартылып, оның суы азайды. Жер және су қорын есепсіз пайдалану, мақта мен күріш дақылдарын өсіруге басымдық беру салдарынан теңіз түбі жалаңаш қалды. Теңіз суының тұздылығы 3 еседен астам өсіп, Арал өзінің балық өнеркәсібінен тұтастай айрылды. Оның үстіне құрғап қалған теңіз түбінен тұз бен шаңның көтерілуі күшейе түсіп, Арал аймағының климаты күрт нашарлап кетті. Айналадағы табиғи орта тепе-теңдігінің бұзылуы халықтың тұрмыс жағдайы мен денсаулығына қатер төндірді. Адам өлімі, әсіресе балалардың шетінеуі көбейді. Аймақ тұрғындарының 80% әртүрлі сырқаттарға шалдықты. Бұл экологиялық апат іс-жүзінде ұлттың генетикалық өсіп-өнуі мүмкіндігін сақтап қалу туралы мәселе көтеруге мәжбүр етті, өйткені аймақты негізінен қазақтар мекендейтін[4,240-241 бб.].

Осындай ахуалдар ұлттың қауіпсіздігінің басты саласы экология мен денсаулығында маңызды орын алатын экологиялық санамыздың атадан балаға мирас болып келе жатқан қанымызға сіңген, ізгі қасиеттерін қайта түлетудің бүгінде аса өзектілігін арттыра түседі.

Бүгінгі күніміз үшін еліміздің асты-үстіндегі барлық шикізат қорларын сарқып, қоршаған ортаға немкеттілік тоғышарлыққа әкелді. Ертең баламалы жаңа энергия көздері табылып, пайдаланған кезде керексіз болып қалуы мүмкін, сондықтан «бар қорларды тез қарқынмен игеруіміз керек», - деп ұрандатудың салдарын сол өндіріс аймақтарында орналасқан халықтар тартып отырғаны да шындық. Уақытша пайдамыз үшін табиғатқа, халықтың денсаулығына келтіріп жатқан зиянымыздың алдын алу үшін қоғамдық сананы экологиялық мәдениетке тәрбиелеу аса маңызды. Өйткені, қазақ арасында кең таралған өлім-жітімдер, әсіресе жас нәрестелердің шетінеуі, рак, өкпе, туберкулез ауруларының өрши түсуі ұлт денсаулығына қатер төндіретін факторлар. Экологиялық мәселелер тек түрлі қозғалыстар мен ұйымдардың ғана алаңдайтын, дабыл қағатын ісі емес, бүкіл қоғамның, үкіметтің қолға алатын шаруасы. Тұтас ұлтты экологиялық құндылықтарға тәрбиелеу ұрандық, науқандық сипат алмай белсенді іс-әрекетке айналуы керек. Халықтың әлеуметтік жағдайы, жұмыссыздық, қоғамның түрлі топтарға жіктелуі экологиялық ахуалды кейінгі кезекке ығыстырып тастады. Дегенмен де экологиялық жағдайдың алдын алу қоғамның рухани жаңғыруына тікелей байланысты. Табиғаттың берген сыйын ысырапшылдықпен, астамшылдықпен пайдаланбай оны кейінгі ұрпаққа да сақтап жеткізу үшін ұлт байлығын үнемдеуді, болашаққа жоспарлауды үйрене білуіміз керек.

Күнделікті өмірімізде даңғойлық пен кердеңдіктің де орын алып келгені ақиқат. Соның айқын бір көрінісі - орынсыз салтанаттар. Әрбір отбасы өз мүмкіндігіне қарамай қарызданып, бәсекелестікпен сән-салтанат өткізіп,

шығынға батып жатқанымыз бойымыздағы жағымсыз қасиеттерден туындайтыны белгілі. Мұндай орынсыз салтанаттарға ұжым, қоғам, тіпті мемлекет деңгейінде де жол беріліп жатады. Сондықтан қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз салтанат емес. Керісінше ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдікпен оны орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді.

Қазір нарық заманында әрбір адамның нақты мақсатқа ұмтылысы, қажетті білімі мен мықты денсаулығы, кәсіби тұрғыдан жетілуді көздейтін, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдаланатын мінез-құлық прагматизмін қалыптастыру басты меже. Әлемдегі бірден-бір табысты болып табылатын мұндай заманауи үлгіге қол жеткізуіміз үшін не істеу қажеттігін ұлы ақынымыз Абай өзінің қара сөздерінде былайша сабақтайды.

«Жас бала анадан екі түрлі мінезбен туады: біреуі-ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар-тәннің құмары, біреуі-білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып,...көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген»-деп бала тәрбиесіне ас мән бере келе, баланы оқу-білімге жастайынан баулуға, жаман мен жақсы қасиеттерді ажырата білуге, талаптануға үндейді. Және «адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де-ақымақтық»[5,95-96,105 бб.]-деп адамгершілік қасиеттер мен ғылымды бәрінен жоғары қояды.

Қоғамдағы келеңсіздіктер мен жағымсыз құбылыстарды жоюда білім мен тәрбие маңызды орын алады. Әл-Фараби бабамыздың «адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек: тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» деген қанатты сөзі бүгінгі жастарға қаратып айтылғандай. Адамгершілік қасиеттердің бастаулары ұлттық тәрбие мен ұлттық дүниетанымызда жатқандығы, тек оны тез арада қолға алмайынша жас ұрпақтың бойына ізгілікті қалыптастырудың әсте мүмкін еместігі соңғы кездері батыл көтеріле бастады.

Рухани және моральдық құндылықтарымызды қалыптастыру үшін салауатты да ізгілікті өмір салтын орнықтыруға күш сала отырып, соған сай дағдыларға тәрбиелеу аса маңызды. Ғылым мен білімнің соңғы жетістіктерін басшылыққа алып, жастардың қабілетін жан-жақты аша отырып, оның бойында тұлғалық қасиетін дамытуды қолға алуымыз қажет. Ұлттың бойындағы асыл қасиеттеріміз бен рухани құндылықтарымызды сіңірген ұрпақ қана қандай заманаға да дес бермесі анық. Тек тамырынан терең нәр алған ұрпақ қана бүгінгі өзгерістерді, рухани жаңғыруды дұрыс қабылдай аламақ. Міне осындай адамның мақсаты да айқын, қандай ма жетістікке қол жеткізетін, өз тағдырын өзі жасайтын прагматик тұлғаға айналары хақ. Олар өз болашағын болжай алатын тұлға деңгейіне көтерілмек. Адам бойында қалыптасуға тиіс прагматикалық мінез –құлық та осы болса керек.

Болашақ ұрпақтың «бәрін үйренемін», жетістікке қалайда «қол жеткіземін» деп биікке құлаш сермей, үлкен мақсаттарға ұмтылуы бүгінгі уақыт талабы да.

Қазіргі нарықтық қатынастар заманында ұлттың ұстанар прагматизмі де осындай болса керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 12 сәуір 2017.

2. Бурбаев Т. Қазақы прагматизм // Егемен Қазақстан. 20 сәуір 2017.

3. Омарбеков Т. Қазастан тарихының ХХ ғасырдағы өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. –Алматы: «Өнер», 2003.-552 бет.

4. Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы: Оқулық //Ред.Басқ. Қ.С.Қаражан.-Алматы: Қазақ университеті, 2005.-302 бет.

5. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер.-Алматы: Жазушы.-2005.-336 бет

ӘОЖ 02.01
МРНТИ 11.25.91
МРНТИ 03.20.11

Ye.A. Izteleuova[1], A.N.Ospanova[3]

[1]PhD Student, Department of Regional Studies, Faculty of International Relations,
L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan city, Kazakhstan, elena4bob@gmail.com
[2]Professor, Department of Regional Studies, Faculty of International Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan city, Kazakhstan

FORMATION STAGES OF UZBEK-KAZAKH RELATIONS

Abstract

Bilateral cooperation between the Republics of Uzbekistan and Kazakhstan are discussed in the article. The Republic of Uzbekistan and the Republic of Kazakhstan are on the threshold of a new relationship, which will be aimed at creating a stable economic situation throughout Central Asia, which will make us an economically powerful region of the world. Also, in the article the economic and human potential of both states are analyzed, common historical roots and long-standing friendship are examined. The authors come to the conclusion that the main task of the Republic of Uzbekistan is to maximize the potential of Kazakh-Uzbek cooperation to achieve strategic benefits for the two countries.

Keywords: Republic of Uzbekistan, I. Karimov, Kazakhstan, foreign policy.

Е.А. Изтелеуова[1], А.Н. Оспанова[2]

[1]аймақтану кафедрасының докторанты, халықаралық қатынастар факультеті,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
[2]PhD, аймақтану кафедрасының профессоры, халықаралық қатынастар факультеті,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ӨЗБЕК-ҚАЗАҚСТАН ҚАТЫНАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

Аңдатпа

Мақала Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан арасындағы екіжақты ынтымақтастыққа арналған. Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасы бізді бүкіл әлем бойынша экономикалық қуатты аймаққа айналдыратын бүкіл Орталық Азияда тұрақты экономикалық ахуал құруға бағытталған жаңа қатынастардың табалдырығында тұр.Бұл Өзбекстанның сыртқы саясатындағы басым бағыттардың бірі. Екі мемлекет айтарлықтай экономикалық және адами әлеуетке ие, тарихи тамыры бір, ежелден достық қарым-қатынаста. Өзбекстан Республикасының негізгі міндеті - екі елдің стратегиялық пайдасына қол жеткізу үшін Қазақстан-Өзбек ынтымақтастығының әлеуетін барынша арттыру.

Түйінді сөздер: Өзбекстан Республикасы, И. Каримов, Қазақстан, сыртқы саясат.

Е.А. Изтелеуова[1], А.Н. Оспанова[2]

[1]докторант кафедры регионоведения, факультет международных отношений,
Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,
г. Нур-Султан, Казахстан
[2]PhD, профессор кафедры регионоведения, факультет международных отношений,
Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,
г. Нур-Султан, Казахстан

ЭТАПЫ СТАНОВЛЕНИЯ УЗБЕКСКО-КАЗАХСКИХ ОТНОШЕНИЙ

Аннотация

В статье рассматривается двустороннее сотрудничество Республик Узбекистан и Казахстан. Республика Узбекистан и Республика Казахстан находятся у порога новых взаимоотношений, которые будут направлены на создание стабильного экономического положения во всей Центральной Азии, что сделает нас экономически мощным регионом мира. Также в статье анализируются экономический и человеческий потенциал обоих государств, рассматриваются общие исторические корни и давние дружеские связи. Авторы приходят к выводу, что основной

задачей Республики Узбекистан является максимальное использование потенциала казахстанско-узбекского сотрудничества для достижения стратегической выгоды двух стран.

Ключевые слова: Республика Узбекистан, И.Каримов, Казахстан, внешняя политика.

An important aspect of international relations in the Central Asian region are relations between the Republic of Uzbekistan and Kazakhstan. These two states have common historical processes, language and religion, and both states support a secular form of government, adhere to common methods of communication and have huge reserves of hydrocarbons and other types of raw materials. The geopolitical position of Uzbekistan and Kazakhstan is a great strategic importance for Central Asia. These states are among the leading companies in the region in various positions [1].

On November 23, 1992, diplomatic relations between the Republic of Kazakhstan and the Republic of Uzbekistan were established. On June 24, 1992, the key principles of bilateral relations were established on the basis of the Treaty between Kazakhstan and Uzbekistan. Over the next years, the Heads of States determined for themselves equal and mutually beneficial directions and this cooperation continues to this day. Together with regional proximity, partnership relations between Kazakhstan and Uzbekistan since the early 1990s have developed on the basis of historical and cultural common between fraternal peoples. In addition, we should not forget that one of the important criteria for the importance of Kazakh-Uzbek relations is the need for joint work in ensuring stability and security in Central Asia.

From the first days, the economic relations of Kazakhstan and Uzbekistan were quite successful. This is confirmed by statistics. It was in 1992 that the largest volume of trade was recorded since the countries gained independence. But in the future, since 1993, the pace of integration of the economies of the two neighboring states has slowed. It should be noted that this situation does not stop to this day. Today, stagnation in the economy takes place, in particular in the field of trade, there is a decrease in the work of general enterprises, in the field of industrial cooperation and economic integration between countries. The rapid reduction in the annual volume of bilateral trade has led to the fact that in 1999, according to reliable statistics from the customs statistics of Uzbekistan, they decreased down to 249.1 million US dollars. So, in comparison with 1992, the size of bilateral trade fell more than 10 times [2].

In January 1994, the states signed an agreement on the creation of a common economic space between the two republics; later, the Kyrgyz Republic and then the Republic of Tajikistan joined this agreement. The agreement signed between neighboring states had a distinct integration focus. For example, it involved the independent movement of goods, services, cash from the workforce, and also provided conditions for an agreed banking settlement, budget, tax, pricing, customs, and monetary policy.

In 1996, fundamental progress in the supply of products from Kazakhstan to Uzbekistan was monitored, but at the same time, the supply of Uzbek products for the domestic market in Kazakhstan decreased by about half.

An important event in relations between Kazakhstan and Uzbekistan was the official visit of the First President of the Republic of Kazakhstan - Elbasy N. Nazarbayev to the Republic of Uzbekistan on October 30-31, 1998, during which issues of bilateral cooperation were discussed and 8 documents were signed: an agreement on eternal friendship, an agreement on deepening economic cooperation for 1998-2007; economic cooperation program for 1998-2007; agreement on cooperation in the field of prospecting, exploration and development of oil and gas fields; on trade and economic, scientific, technical and cultural cooperation between the capital akimat and the “hokimiyat” of the Uzbek capital.

Over the years, cooperation between Kazakhstan and Uzbekistan has received a new impetus for development. An important step in further deepening the economic unification of the region was the visit of the Heads of State to Tashkent in 1998 and 2000 and to Kazakhstan in 1997 and 2006. More than 170 interstate and intergovernmental documents have been signed over these years of cooperation. Turnover between Kazakhstan and Uzbekistan is increasing. At the same time, the leading place is occupied by the sectors of transport and communications, engineering and agricultural production. If in 2002 the commodity circulation of both countries amounted to 263.3 million dollars, then in 2006 it reached half a billion dollars. Of course, the ongoing dialogue and the expansion of trade and economic ties between neighboring countries are consistent with the strategic goals and national interests of both countries. In addition, the format of such relations contributes to the deepening of bilateral cooperation [3,56p.].

In the early 1990s, imports of Uzbek goods to Kazakhstan increased - these are agricultural products, natural gas, some types of industrial products and imported cars constructed in Uzbekistan. However, this republic is characterized by a decline in trade with CIS countries due to an increase in trade with other countries. In 2005, the number of enterprises created with the participation of Kazakh and Uzbek capital increased significantly. At the beginning of 2006, Kazakhstan had 87 enterprises with the participation of citizens of Uzbekistan and 73 enterprises with Kazakhstani investments in Uzbekistan. However, both sides recognize that there is great potential for the development of mutually beneficial trade and economic relations. The presidents of both countries instructed state bodies to take the necessary measures to remove trade barriers. Despite the fact that some work has been done during this time, there are still many open nuances in this matter. In particular, this concerns the simplification of procedures and the unification of the rules of customs clearance and customs control of goods and vehicles at internal borders, the organization of transit through the territory of Kazakhstan and the mutual supply of goods. Of particular note is the growing importance of cooperation in the transport sector, since intensive trade growth leads to an increase in freight traffic. Thus, the transit of Kazakhstani goods south through Uzbekistan over the past three years has increased by almost 20% [4, p. 35].

In January 2006, at a meeting of leaders of the two states, confidence was expressed that mutual cooperation between Uzbekistan and Kazakhstan in various fields would continue to develop, as well as a commitment to comprehensively deepen

Тарихи үдерістерге назар аударатын болсақ, 2015 жылға қарай ЕАЭО-қа мүше мемлекеттер экономикалық дамудың әртүрлі деңгейімен, әртүрлі экономикалық құрылымдармен, ұлттық дамудың басымдықтарымен, еңбек нарығының ерекшеліктерімен және әр елге тән әлеуметтік-саяси құрылымымен ерекшеленеді. Осыған қарамастан мемлекеттердің ортақ мақсаты бар, ол интеграциялық бірлестік және экономикалық одақ құру арқылы ұлттық экономикалардың дамуын қамтамасыз ету мен олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру болды. Бүгінгі таңда ЕАЭО-ғы мүше барлық мемлекеттерде энергетикалық саладағы өзара ынтымақтастық мәселелері мүмкіндіктер береді деп санайды. Барлық мүше мемлекеттерде интеграциялық тетіктер мен құралдарды қолдана отырып жүзеге асыруға ұмтылатын басымдықтар мен мүдделер тізімі жасалды. Дегенмен, энергетикалық ынтымақтастықты жүзеге асыруда белгілі бір қиындықтар мен оған әсер ететін сыртқы акторлардың бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Бұл қиындықтардың бір бөлігі мүше мемлекеттердің ішкі даму ерекшеліктеріне, олардың экономикалық мүдделерінің сәйкес келмеуіне, ішкі нарықты және отандық өндірушілерді қорғауға деген ұмтылыстарына байланысты. Бұл кез-келген интеграциялық үдеріс жағдайындағы табиғи процесс. ЕАЭО-ның 2015-2016 жылдары құрылу кезеңі мен қазіргі кездегі пандемияға байланысты мүше елдердің өзара энергетикалық ынтымақтастығы жаһандық экономикалық тұрақсыздық дәуірі мен әлемдік және аймақтық саясаттағы дағдарыстық құбылыстардың өсуіне тап келді.

Осыған қарамастан, қазіргі әлемдік энергетикалық сектор мемлекеттер мен олардың азаматтары үшін маңыздылығы бойынша жаңа деңгейге көтерілген. Географиялық орналасуына байланысты Қазақстан энергетикалық ресурстардың орасан зор қорына ие және мұнай экспорты бойынша жетекші елдердің қатарына жатады. Сонымен бірге, Қазақстан бір қатар мемлекеттермен энергетикалық және саяси салаларда ынтымақтастығын жалғастыруда. Бұл еліміздің көптеген халықаралық энергетикалық жобаларға қатысуымен дәлелденеді. Зерттеуге арқау болған мәселенің өзектілігі энергетикалық шикізат нарығы жаһанданған сайын, оған қатысушылардың саны артып келе жатқандығында, бұл экспорттаушы елдер арасындағы бәсекелестікті арттырады және көптеген елдерге қажетті ресурстарды импорттауға мүмкіндік береді. Біріншіден, энергетикалық саладағы техникалық дамуы бүкіл әлемде шикізаттың жаңа кен орындарын табуға мүмкіндік береді, өйткені елдер халықаралық энергетикалық қатынастардың жаңа қатысушыларына айналады. Осылайша, ЕАЭО-қа мүше елдердің арасындағы отын-энергетикалық ресурстар үшін күреске, кен орындарын дербес игеруге, ресурстарды өндіру және өткізуге деген ұмтылысын күшейте түседі. Сондықтан, әлемдік пандемияға байланысты бүгінгі таңда ЕАЭО-қы мүше елдердің өзара энергетикалық ынтымақтастық саласында жаңа қадамдар жасалғаны дұрыс, себебі мұнай нарығының күрт төмендеуі салдарынан елдің экономикалық тоқырауы қауіпі бар. Ал Қазақстанның экономикалық ахуалы осы шикізаттық энергетикаға тәуелді болғандықтан, өндірістік секторға қадам басқаны абзал және аймақтық ынтымақтастыққа назар аударғаны дұрыс.

Қазіргі кезде ғылымдағы энергетикалық саласындағы интеграциялық процестердің мәніне екі негізгі теориялық көзқарас қалыптасқан, олар институционалды және федералисттік болып табылады. Бұл көзқарастардың бірде-біреуін біркелкі деп санауға болмайды, өйткені олар өзара түрлі ғалымдардың көзқарастарымен ерекшеленеді, сонымен қатар зерттеушілердің еңбектерінде теориялық эволюция мен ғылыми ойдың түрлілігі негізделген. Бірінші кезекте, қазіргі кезде толық қалыптаспаған және дамып келе жатқан дискурс, желі, икемді интеграция деген түсініктер пайда болған (Waever, 2005). Энергетикалық саласындағы өзара ынтымақтастық жайлы А.Либман мен Б.Хайфицтің зерттеулерін ерекше атап өтуге болады. Бұл зерттеушілер функционалды емес деңгейге жақын интеграция тәсілін алға тартады және интеграцияның екі моделін қарастырады, яғни «жоғарыдан» және «төменнен» өзара ынтымақтастық (Либман..., 2011).

Энергетикалық ынтымақтастық ұғымы интернационализация, жаһандану және аймақтану тұжырымдамаларымен тығыз байланысты екенін атап өткен жөн. Бұл ұғымдар бірігіп, олардың барлығы қызметтің әртүрлі салаларындағы жекелеген мемлекеттер мен қоғамдар арасындағы қатынастарды нығайтуды білдіреді. Алайда, осы процестердің формалары, мәні мен уақыттық шеңбері туралы жалпы қабылданған көзқарас жоқ (Сопилко, 2015). Осы тұрғыда бұл мақалада ЕАЭО-қа мүше елдердің арасындағы энергетикалық ынтымақтастығының дамуына әсер ететін сыртқы акторлардың түрлерін анықтау, олардың энергетикалық салаға әсерін және елдер арасындағы интеграциялық даму болашағына болжау жасау мәселелері қарастырылады.

Мәселенің теориялық-әдіснамалық зерттелуі.

ЕАЭО-ның энергетикалық саласындағы ынтымақтастығына байланысты көпөлшемді сипаты бірнеше ғылымдардың, атап айтқанда, саяси-экономикалық, әлеуметтанулық, тарихи және құқықтық көзқарастардың тәсілдерін қолдану қажеттілігін білдіреді. Зерттеудің теориялық негізін мемлекетаралық интеграцияның негізгі теорияларына негізделген федерализм, неофункционализм, үкіметаралық көзқарас, неорегионализм сияқты отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері құрастырды. Зерттеуде келесідей ғылыми әдістер қолданылды: жүйелік талдау, яғни Еуразия құрлығындағы мемлекетаралық интеграцияның саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және өркениеттік салаларының жиынтығын зерттеу; құрылымдық және функционалдық талдау немесе интеграциялық процестердің әртүрлі элементтерінің функционалдық өзара тәуелділігін зерттеу, олардың ұатарына ұлттық органдар, мемлекеттік институттар, үкіметтік емес ұйымдар кіреді; институционалды әдіс немесе мемлекетаралық интеграция процестеріндегі әртүрлі институттардың рөлін зерттеу және бағалау; ресми-құқықтық әдіс, интеграциялық процестердің құқықтық негіздерін, ең алдымен ЕАЭО елдерінің негізгі интеграциялық келісімдерін талдау; салыстырмалы әдіс, ЕАЭО-ның әр түрлі аймақтарындағы интеграциялық процестерге салыстырмалы талдау жүргізу және осы процестердің жалпы және ерекше белгілерін айқындау; сценарий әдісі, энергетикалық сектордағы еуразиялық интеграцияның даму болашағын болжау.

Мәселенің болжамдық талқылануы

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің энергетикалық интеграциясын дамытудың теориялық және практикалық негіздерін зерттеу жаңа ұлттық институттарды құру арқылы интеграциялық процестерді тереңдетудің орындылығын негіздеуге ғана емес, сонымен қатар ЕАЭО мен оған мүше елдердің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі элементтерінің бірі сыртқы акторлардың әсерін ескеретін тиімді және келісілген стратегия құру болып табылатынын көрсетті.

Еуразиялық интеграцияның дамуына кедергі келтіретін және ЕАЭО-ның халықаралық бәсекеге қабілеттілігін төмендететін негізгі акторлар анықталды. Олардың қатарына: жоғары технологиялық энергетикалық секторларды үнемі ауыстырудың тетіктері, бұл өз кезегінде, негізінен, құны төмен тауарлар мен шикізаттарды сатуға бағытталған экспорттық модель құруға әкелді. Энергетикалық инфрақұрылымның жеткіліксіз дамығаны, оның ішінде қаржылық қатынастардың әлсіздігі және доллар бағамына тәуелді болуы салдарынан ЕАЭО елдері арасында энергетикалық шикізатты есептеудің макроэкономикалық көрсеткіштерінің әр түрлі тәсілдері пайда болды.

2020 жылдың бірінші тоқсанындағы статистикалық көрсеткіштер ЕАЭО-ға мүше елдердің экономикаларының, соның ішінде энергетикалық ынтымақтастығының нашарлауын көрсетеді. Сыртқы сұраныс пен тауар бағасының құлдырауы және пандемия ауруының таралуын тежеу бойынша бұрын-соңды болмаған шаралармен бірге аймақтың экономикалық белсенділігіне айтарлықтай әсер етті. Еуразиялық даму банкінің бағалауы бойынша, ағымдағы жылы Одаққа мүше елдерінің ЖІӨ-нің сыртқы факторлардан шығыны шамамен 2% құрайды. Сонымен қатар, әр ай сайын карантиндік шаралар ЕАЭО елдеріне ЖІӨ-нің шамамен 1,5-3% деңгейінде түсуін талап етеді. Тұтастай алғанда, ЕАЭО мемлекеттерінің жалпы ЖІӨ жыл соңына қарай 2,2% төмендейді (Энергетические рынки стран ЕАЭС: курс на интеграцию).

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2020 жылдың 14 сәуірдегі отырысы ЕАЭО елдерінің ынтымақтастыққа деген саяси ерік-жігерлерін сақтайтындығын көрсетті. Сонымен қатар, жаһандық экономикалық құлдырау мен COVID-2019 пандемиясының қиын жағдайында еуразиялық экономикалық интеграция негіздерін одан әрі нығайту аймақтық дамудың мүдделеріне сай келетіндігін айқындады (Страны-члены ЕАЭС сформируют единый энергетический рынок к 2025 году).

Зерттеу тұжырымдары

ЕАЭО аясындағы интеграцияның негізгі және мүмкін ең даулы бағыттарының бірі Одаққа мүше елдердің біркелкі энергетикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған электр, газ, мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыру болып тұр. Біртұтас еуразиялық экономикалық кеңістіктің болашағы сәтті энергетикалық интеграцияға байланысты деп тұжырым жасауға болады, өйткені ұлттық жүйелердің бір-біріне ұқсас және оңай бейімделетін энергетикалық жүйелердің жұмыс істеуінің жалпы қағидаттары мен ережелері болған кезде ғана тұтастай алғанда ұзақ мерзімді интеграция туралы айтуға болады. Ортақ энергетикалық нарықты қалыптастыру қажеттілігі ЕАЭО туралы шарттың 79-бабында айтылған, осыған сәйкес Қазақстан, Беларусь және Ресей басшылары 2014 жылдың 29 мамырда арнайы құжатқа қол қойған (Отчет по результатам международной конференции...). Құжат Одақ үшін 2019 жылдың 1 шілдесіне дейін электр энергиясының ортақ нарығын, ал мұнай, газ және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын 2025 жылдың 1 қаңтарына дейін құруды қарастырады. Еуразиялық экономикалық комиссияның Энергетика және инфрақұрылым министрі Т.Мансұровтың айтуынша, келісімдерде энергетикалық мәселелерге ерекше орын берілген және ортақ нарықтардың құрылуы «Одақтың қуатты энергетикалық әлеуетін тиімді пайдалануға, экономиканы энергиямен жабдықтау мәселелерін шешуге, экспорттық мүмкіндіктер мен транзиттік әлеуетті кеңейтуге, энергетикалық сектор мен оның инфрақұрылымының сыртқы және ішкі ықпалға тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді (Мясникович: коронавирус проверит на прочность ЕАЭС).

Ресейдің Экономика жоғары мектебінің Энергетика институтының жетекші маманы И.Ряпин электр энергиясының жалпы нарығының жылдам қалыптасуына негізгі кедергі ЕАЭО мүше елдеріндегі қазіргі нарық модельдерінің айырмашылығы болып табылады. Сарапшының пікірінше, бұл бірігуге кедергі келтіреді, өйткені желілер арқылы берілетін тарифтерді белгілеу тетігі, оның ішінде басқа елден келген қатысушылар үшін де түсініксіз болуда (Enikeeva, 2017: 106-125).

ЕАЭО-қа мүше елдердің энергетикалық интеграциясының халықаралық-құқықтық негіздерінің қайшылық акторлары

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт ЕАЭО-ны аймақтық экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы ретінде қалыптастырды. Бұл одақ халықаралық заңды кеңеске айналды, оның аясында тауарлар, қызметтер, капитал және жұмыс күшінің еркіндігі қамтамасыз етіліп, экономикалық салаларда келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізілетін болды. Еуразиялық экономикалық интеграцияны қамтамасыз ету, одақтық заңның негізінде жүзеге асырылады, оған сәйкес Келісімнің 6-на бабына мыналар кірді: Келісім, Одақ және Одақ шеңберіндегі үшінші тараппен жасалған халықаралық шарттар, сондай-ақ Одақ актілері (Договор о присоединении Республики Армения..., 2014). Қазіргі уақытта Одаққа бес мемлекет мүше болып табылады, олар Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей, ал 2018 жылдан бастап Молдоваға ЕАЭО-ның бақылаушы мемлекет мәртебесі берілді.

Келісімнің XX бөлімі энергетика мәселелеріне арналған және оның 79-бабына сәйкес, ЕАЭО мүшелері арасындағы энергетикалық ынтымақтастықтың міндеттері төмендегідей нақтыланған: мүше мемлекеттердің отын-энергетикалық кешендерінің әлеуетін тиімді пайдалану; Ұлттық экономикаларды энергия ресурстарының негізгі түрлерімен (электр, газ, мұнай және мұнай өнімдері) қамтамасыз ету. Осы мақсатқа сәйкес энергетика саласында ұзақ мерзімді өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту, келісілген энергетикалық саясат жүргізу және энергияның бірыңғай нарықтарын кезең-кезеңімен қалыптастыруды жүзеге асырады деп белгіленген (Договор о Евразийском экономическом союзе..., 2019). Келісімнің 79-бабы сонымен бірге энергетикалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттарын тұжырымдайды: энергетикалық ресурстарға нарықтық баға белгілеуді қамтамасыз ету; энергияның бірыңғай нарықтарындағы бәсекелестікті дамытуды қамтамасыз ету; энергетикалық ресурстармен, ілеспе жабдықтармен, технологиялармен және олармен байланысты қызметтермен сауда жасауда кедергілердің болмауы; энергетикалық ресурстардың ортақ нарықтарының көлік инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз ету; ортақ энергетикалық ресурстар нарығында мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері үшін кемсітпейтін жағдайларды қамтамасыз ету; мүше мемлекеттердің энергетикалық саласына инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау; энергетикалық ресурстардың ортақ нарықтарының технологиялық және коммерциялық инфрақұрылымын пайдалану жөніндегі ұлттық нормалар мен ережелерді үйлестіру.

Бұл міндеттемелерді «энергетикалық қауіпсіздік тұрғысынан» орындау керек делінген. Сонымен қатар, Келісімде «энергетикалық қауіпсіздік» өте маңызды тұжырымдама ашылмаған, ол кімнің энергетикалық қауіпсіздігіне қатысты екені көрсетілмеген: ЕАЭО немесе ЕАЭО мүшелері деген түсініктеме бар, ал бұл өзара бірдей тең мәртебе емес екендігін білдіреді. Егер ЕАЭО-ның энергетикалық қауіпсіздігі туралы айтатын болсақ, онда бұл тұжырымдама келісуді қажет етеді. Ал егер ЕАЭО мүшелерінің энергетикалық қауіпсіздігін білдіретін болсақ, онда әрбір мүше өзінің энергетикалық қауіпсіздігі тұжырымдамасын өз бетінше анықтау құқығын сақтайды және ЕАЭО мүшелерінің осы мәселе бойынша ұстанымдар айырмашылықтарының мүмкіндігін жоққа шығармайды (Vinokurov, 2014: 341-358). Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету энергетикалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттарына кірмейді. Салыстыру үшін: Ресейдің энергетика саласындағы екіжақты халықаралық шарттарында мемлекеттерді басшылыққа алатын негізгі қағидаттарға «барлық тәуелсіз тұтынушылар мен мұнай мен газ жеткізушілерінің энергетикалық қауіпсіздігі» кіреді. 2010 жылы мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық немесе «барлық тұтынушылар мен электр энергиясын жеткізушілер үшін энергетикалық қауіпсіздік» деген түсініктер де өзара мағыналық жағынан бір-біріне сәйкес келмейді (Hamilton, 2014).

Келісімнің 79-бабы тұтастай алғанда ЕАЭО энергетикалық нарығын қалыптастыру дегенді білдірмейді, бірақ энергия ресурстарының барлық түрлері емес, сонымен бірге Келісімде көрсетілген негізгі электр, газ, электр энергиясының үш «энергетикалық ресурстар нарығы», олар мұнай және мұнай өнімдері енгізілген. Дегенмен, Келісімнің үш қосымшасы үш энергетика саласындағы энергетикалық ынтымақтастыққа арналған. Оларды төмендегі кестеден аңғаруға болады (Dragneva, 2016):

Қосымша № 21.	Электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар қызметтеріне, оның ішінде баға және тарифтік саясат негіздеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету туралы хаттама
Қосымша № 22.	Газ тасымалдау жүйелері арқылы табиғи газды тасымалдау саласындағы табиғи монополиялар қызметтеріне қол жеткізу ережелері, оның ішінде баға және тарифтік саясат негіздері туралы хаттама
Қосымша № 23.	Мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын ұйымдастыру, басқару, жұмыс істеуі және дамуы туралы хаттама

Мұнай туралы Хаттаманың атауы «ортақ нарыққа» ғана әсер еткені анық, басқа хаттамалардың атаулары мағынасы жағынан әлдеқайда тар болып тұр. 2019 жылғы 29 мамырда қол қойылған Келісімге өзгертулер енгізу туралы хаттама (Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру туралы) жаңа атаулармен өзгертілді. Келісімнің № 81 бабында «Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру, жұмыс істеуі және дамуы» және электр энергиясы туралы хаттама «Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы туралы хаттама», сондай-ақ оны қалыптастыру қағидалары, жұмыс істеу ережелері, электр энергиясымен сауда жасау әдістері, тақырыптары атты 2019 жылғы хаттама әлі күшіне енген жоқ (Dragneva..., 2013).

Хаттамаларда энергетика саласындағы Кеден одағы мен ЕАЭО-тың құрылуы аясында жасалған халықаралық шарттармен қатынастар қарастырылады, олар іс жүзінде осы саладағы интеграцияның құқықтық негізін қалады, бірақ Келісімнің күшіне енуіне байланысты күшін жойды. Бұл да өзара қызық жәйт және ЕАЭО-ның энергетикалық саласының интеграциясына едәуір сыртқы әсерін тигізеді. ЕАЭО-қа мүше мемлекеттердің ортақ энергетикалық нарықты қалыптастыру тұжырымдамасына сәйкес (ЕАЭО Мемлекетаралық Кеңесінің 2008 жылғы 12 желтоқсандағы № 402 шешіміне қосымша) «ортақ энергетикалық нарық»: электр энергиясының, мұнайдың, газдың ортақ нарықтары мен жалпы көмір нарығы. Осылайша, бастапқы кездегі көзқарас әрқилы болды, әсіресе жалпы энергетикалық нарықты құру, соның ішінде көмір өнеркәсібін (Данилов).

ЕАЭО елдерінің интеграциясының дамуына әсер ететін негізгі сыртқы акторлардың талдануы

Бүгінгі таңда ЕАЭО келесі сатыға өтті, атап айтқанда, ортақ нарықты құру міндеттерін іске асыру үшін нақты іс-шаралар мен кіші бағдарламаларды қоса алғанда, жалпы газ нарығын және мұнай мен мұнай өнімдерінің бірыңғай нарықтарын қалыптастырудың тиісті бағдарламаларын әзірлеу (Minasyan, 2015). Бағдарламалар 2018 жылдың 1 қаңтарында жасалды және оларды орындау мерзімдері мен кезеңдерін көрсете отырып, егжей-тегжейлі іс-шаралардан тұрады. Атап айтқанда, осы бағдарламалар аясында келесі бағдарламалар әзірленді және келісілді (Delcour, 2016):

– Мүше мемлекеттердің газ, мұнай және мұнай өнімдеріне арналған бірыңғай техникалық стандарттар, сондай-ақ мұнай және мұнай өнімдерінің айналымына байланысты бірыңғай талаптар, газ тасымалдау жүйелерінің жұмысына арналған нормативтік-техникалық құжаттар, сондай-ақ мұнай мен мұнай өнімдерінің саны мен сапасының параметрлерін өлшеуге және өлшеу нәтижелеріне метрологиялық талаптар;

– Мүше мемлекеттердің аумағында орналасқан газ, мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау жүйесіне қол жеткізудің бірыңғай ережелері;

– Газ, мұнай және мұнай өнімдерін қолданыстағы энергия көздерін құбыр арқылы тасымалдаудың жүйесімен тасымалдаудың техникалық мүмкіндіктерін айқындаудың әдістемелері;

– Мүше мемлекеттердің ішкі тұтынуы немесе Одақ аумағынан тасымалдау үшін мүше мемлекеттердің аумақтары арқылы мұнай және мұнай өнімдерін транзиттеу немесе тасымалдау ережелерін қоса алғанда, Одақтың газ, мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыру туралы халықаралық келісім (ЕЭК).

ЕАЭО-ның энергетикалық секторында Комиссия мүше мемлекеттермен бірге энергетикалық ресурстардың өзара саудасын дамытудағы кедергілерді анықтады және оған сыртқы акторлардың әсерін сараптап өтті. Жалпы, Энергетикалық кедергілер тізілімінде шамамен 47 сыртқы акторлар анықталды (Matveev, 2019). Мұнай-газ саласындағы негізгі кедергілер келесі мәселелерге байланысты:

– Мүше мемлекеттер арасындағы мұнай, мұнай өнімдері мен газ жеткізіліміне қатысты екіжақты келісімдермен белгіленген шектеулер. Олар өзара тең емес негізде сараланып отыр;

– Электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар қызметтеріне, мүше мемлекеттердің аумағында орналасқан мұнай мен газды тасымалдау жүйесіне қол жетімділік ережелерінің жоқтығы;

– Электр энергиясын, мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау жүйелерінің техникалық мүмкіндіктерін, мүше мемлекеттердің аумағында орналасқан газ тарату жүйелерінің қуаттылықтарын айқындаудың бірыңғай және айқын тәсілдерінің жоқтығы;

– Газ беру жүйелерінің меншік иелері болып табылмайтын газ өндірушілерге газ беру жүйесіне тең қол жетімділікті қамтамасыз етудегі шектеулер;

– Басқа мүше мемлекеттердің сатып алушыларынан газ жеткізушілерін таңдауды шектейтін газды экспорттаудың айрықша құқығының болуы. Мысалы газ, мұнай және мұнай өнімдерін халықаралық нарыққа шығаруға байланысты Ресейдің Қазақстанның энергетикасына делдал қызметін атқаруы және транзиттік рөлін атқарып отқан Қазақстан пайының жасырын қалуы;

– Одақ шартын реттеу шеңберінен шығарылған экспорт, импорт және транзит қызметтерінің ашық жүргізілмеуі (Annual Report of Activities...).

Дегенмен, жоғарыда көрсетілген кедергілер Одақтың электр энергетикалық нарығын қалыптастырудың, Одақтың мұнай және мұнай өнімдері нарығын қалыптастырудың және Одақ шартында қарастырылған газ нарығын қалыптастырудың бірыңғай бағдарламаларын және аталған бағдарламалар аяқталғаннан кейін тиісті халықаралық шарттарды жасасу аясында жойылады деп болжануда (Natural Gas Exchange..., 2016).

Кедергілер тізіліміне енгізілген энергетика саласына қатысты басқа да кедергілер шетелдіктерге биржалық сауда-саттыққа қатысуға қойылатын шектеулерге, сондай-ақ Одақ заңнамасында және мүше мемлекеттердің заңнамасында резидент емес шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүмкіндігін қарастырмайтын нормативтік құқықтық актілердің болуына байланысты. Басқа мүше мемлекеттің аумағында газ, мұнай және мұнай өнімдерін өндіру, өңдеу және сату саласындағы кәсіпкерлік қызметке қатысушы бір мемлекеттің үлесінің үстем болуы немесе ЕАЭО-ның ішіндегі Ресей мүдделерінің басым болуы салдарынан нақты энергетикалық нарық орнатылмай түр. Бұл кедергілер Одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын үйлестіру аясында алынып тасталады деп күтілуде (World Energy Outlook, 2020).

Ортақ нарықты құрудағы кедергілердің бірі, ол жалпы ішкі өнім өндірудің және Белоруссия, Қазақстан және Ресейдегі өнімнің жекелеген түрлерінің энергия сыйымдылығы АҚШ, Қытай және ЕО елдеріне қарағанда 2,5-6,5 есе жоғары (EBRD, 2019). Сонымен қатар, ЕАЭО-да энергияның техникалық немесе еріксіз шығындары олардың жалпы

көлемінде көп, яғни электр энергиясын өндіру ауқымы айтарлықтай кең және ол тиімсіз пайдаланылады (Karliuk, 2019). ЕАЭО-да осы міндеттерді шешу энергетика саласындағы халықаралық шарттарға, атап айтқанда табиғи монополиялар қызметтеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету туралы келісімдерге, мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын басқару, жұмыс істеуі және дамуы тәртібі туралы келісімге, энергетикалық нарықтағы қызметті реттейтін басқа келісімдерге қол қоюға негізделуі керек (Tarr, 2016: 22).

Қорытынды

Біздің ойымызша, ЕАЭО ортақ энергетикалық нарығын қалыптастыруды жеделдету және еуразиялық интеграцияны экономикалық даму мақсаттарын шешуге бағыттау үшін ЕАЭО бірыңғай сауда-экономикалық саясат стратегиясын, бірыңғай өнеркәсіптік және аграрлық саясат тұжырымдамасын, сондай-ақ оларды іске асыру жоспарларын әзірлеу және қабылдау қажет. Бұл ұлттық және одақтық даму саясатын үйлестіруді білдіреді: өнеркәсіптік, ауылшаруашылық, ғылыми-техникалық, энергетикалық, көліктік және т.б. Осыған байланысты, ТМД-ның басқа елдерінің қатысуымен ЕАЭО елдерінің энергетикалық альянсын құру қажет сияқты (Vinokurov, 2020).

Өзара сауда статистикасын, оның ішінде энергетиканы және механизмін жетілдіру өзекті мәселе болып табылады. 2011 жылдың қаңтарында мақұлданған осы статистиканың әдіснамасында бірнеше кемшіліктер бар. Олардың ішінде: алғашқы ақпараттың сенімділігі мен толық еместігі, оны өңдеу әдістерінің жетілмегендігі, ұлттық статистикалық қызметтерден алынған мәліметтердің сәйкес келмеуі. Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістікке мүше елдердің өзара сауда статистикасының әзірленген және жарияланған мәліметтерінің толықтығы, сенімділігі мен сапасын арттыру үшін ұлттық және аймақтық ұлттықтан жоғары статистикалық органдардың функционалды өзара іс-қимылын ұйымдастыру қажет, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды, кадрлардың біліктілігін жоғарылатуды және қабылданған шешімдердің ғылыми негіздерін қолдана отырып, мәліметтер базасын тереңдете отырып, олардың әлемдік статистикалық ұйымдарға толыққанды қатысуы үшін жағдай жасау. Өзара сауда аясында жеткізілген тауарларды декларациялаудың статистикалық нысанын біріздендірудің маңызы зор (Tochitskaya, 2019).

Жалпы алғанда энергетикалық интеграцияны жалпы экономикалық интеграцияның локомотивіне айналуы үшін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен импорттың орнын басу негізінде Еуразиялық одаққа кіруді жоспарлап отырған елдердің тиісті өндірістік салаларға инвестициялардың ұлғаюын білдіретін отын-энергетикалық кешенін жеделдету қажет.

Негізгі ғылыми ұсыныстар

1. ЕАЭО-ның сауда-экономикалық саясатының бірыңғай стратегиясын, бірыңғай өнеркәсіптік және аграрлық саясат тұжырымдамасын, сондай-ақ оларды іске асыру жоспарларын әзірлеу және қабылдау, өйткені Қазақстан экономикасының әлемдік мұнай нарығындағы жағдайларға шамадан тыс тәуелділігі ЕАЭО мүше мемлекеттерінің экономикаларының репродуктивті құрылымын қалпына келтіру мүмкіндігін айтарлықтай төмендетеді.

2. ТМД елдерінің қатысуымен ЕАЭО елдерінің энергетикалық альянсын құруды қарастыратын ЕАЭО энергетикалық стратегиясын әзірлеу және қабылдаған жөн.

3. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерде импортты алмастыру саясатын үйлестіру және осы негізде отын-энергетикалық кешенді модернизациялауды тек осы мемлекеттердің ғана емес, сонымен бірге Еуразиялық одаққа кіруді жоспарлап отырған ТМД-ның басқа да елдерінің жұмысын жеделдету. Бұл өндірістің тиісті салаларына инвестициялардың ұлғаюын білдіреді.

4. Энергетика саласындағы ЕАЭО мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын үйлестіруді қамтамасыз ету, тиісті техникалық регламенттерді қабылдау арқылы мұнай, мұнай өнімдері мен газға қатысты нормалар мен стандарттарды біріздендіру жұмыстарын жеделдету қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Annual Report of Activities 2012–2013 ECOWAS Regional Electricity Regulatory Authority. Available at: https://ereraarrecorg/ en/ annual-report-of-activities-2012-2013/, accessed 12122019*
2. *Данилов И.А. Энергетический комплекс Евразийского экономического сообщества // www.ehorussia.com/new/node/5333*
3. *Delcour L., Wolczuk K. (2016), Perception of the EU in the South Caucasus, CASCADE working paper.*
4. *Договор о присоединении Республики Армения к Договору о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года (с изменениями на 14 апреля 2020 года).*
5. *Договор о Евразийском экономическом союзе (с изменениями на 1 октября 2019 года).*
6. *Enikeeva Z. (2017). EAEU and Silk Road Economic Belt: Is It Really a «Win-Win» Cooperation? The Case of Central Asia // Trade policy. № 4(12).*
7. *Dragneva R. (2016). The Eurasian Economic Union: Between Sovereignty and Integration, Birmingham IEL Working Papers 2016-10, http://www.birmingham.ac.uk/research/activity/iel/publications/working-papers.aspx.*
8. *Dragneva R., Wolczuk K. (2013). Eurasian economic integration: Law, policy and politics. Cheltenham, UK, and Northhampton, MA: Edward Elgar.*
9. *EBRD. (2019). Integration Across Borders, Transition Report.*
10. *ЕЭК «Энергия тұтынушы құрылғылардың энергетикалық тиімділігіне қойылатын талаптар туралы» ЕАЭО техрегламентінің жобасын Одақ елдеріне мемлекетішілік келісуге жолдады // http://www.eurasiancommission.org/kk/nae/news/Pages/20-06-2016-4.aspx*

11. Hamilton D.S. (2014). The geopolitics of TTIP: Repositioning the transatlantic relationship for a changing world. Washington, DC: Center for Transatlantic Relations.

12. Karliuk M. (2019). The Eurasian Economic Union: an EU-like Legal Order in the Post-Soviet Space?, HSE Working Paper BPR/LAW/2015.

13. Либман А.М., Хейфец Б.А. (2011). Модели региональной интеграции. М.: Экономика.

14. Matveev M.M. (2019). The analysis of complex use of raw material, as the factor of economic rationality // International Journal of Innovation Economics. № 2 (2).

15. Minasyan, S. (2015), Armenia Keeps on Balancing: Between the European Union and the Eurasian Economic Union, Ponars Eurasia Policy Memo, № 377, August.

16. Мясникович: коронавирус проверит на прочность ЕАЭС // https://sputnik.by/economy/20200515/1044688780/Myasnikovich-koronavirus-proverit-na-prochnost-EAES-.html

17. Natural Gas Exchange Trading in Russia: Goals, Dynamics, Key Development Problems (2016). Energy Bulletin, №37.

18. Отчет по результатам международной конференции «Закладывая основы для экономической интеграции и устойчивого развития в регионе ЕЭК ООН до 2030 года». Минск, 26-27 октября 2016 года // https://www.unece.org/fileadmin/DAM/vision2030/Report_Rus.pdf

19. Сопилко Н.Ю. (2015). Производственные связи и региональная интеграция: Теоретические аспекты. М.: РУДН.

20. Страны-члены ЕАЭС сформируют единый энергетический рынок к 2025 году // https://www.ictsd.org/bridges-news/мосты/news/страны-члены-еаэс-сформируют-единый-энергетический-рынок-к-2025-году

21. Tarr D. (2016). The Eurasian Economic Union among Russia, Belarus, Kazakhstan, Armenia and the Kyrgyz Republic: Can it Succeed where its Predecessor Failed?, Eastern European Economics.

22. Tochitskaya I. (2019). Kazakhstan's Accession to the WTO: Overview and Implications for the Eurasian Economic Union', GET Belarus / IPM Research Center Policy Paper Series.

23. Энергетические рынки стран ЕАЭС: курс на интеграцию // http://businessmir.kz/2017/08/21/energeticheskie-rynki-stran-eaes-kurs-na-integratsiyu/

24. Vinokurov E. (2020). Assessing the impact of non-tariff barriers in the EEU: Results of enterprise surveys, EDB Centre for Integration Studies Report

25. Vinokurov E., Libman A. (2014). Do economic crises impede or advance regional economic integration in the post-Soviet space? Post-Communist Economies, 26 (3).

26. Waever O. (2005). Discursive Approaches, European Integration Theory. Oxford: Oxford University Press.

27. World Energy Outlook (2020). IEA. Available at: https://www.iea.org/reports/ world-energy-outlook.

УДК 94(574): 327(5-191.2)
МРНТИ 03.01.17

Джолдыбаева У.М .[1] Абикенова Г.Е. [2]

[1]Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты
[2]Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ШЫҰ АЯСЫНДА ШЕШІЛУІ

Аңдатпа

Мақалада Орталық Азия мемлекеттерінің қауіпсіздігі мәселелерінің ШЫҰ аясында шешілуі қарастырылады. Сонымен қатар Азия аймағындағы іргелі құрылым – Шанхай ынтымақтастық ұйымының халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлі және Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттерінің ұйымға қатысуы мәселелері қарастырылады. Қазақстан үшін ШЫҰ-на қатысу оның геосаяси ұстанымын нығайтуда маңызы зор. Қазіргі кезде қауіп-қатерлерге жеке-дара қарсы тұру мүмкін емес болғандықтан, Орталық Азия мемлекеттері аймақта орнықтылық, тұрақтылық және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге талпыныс білдіруде және бұл мүдделі елдер біріктіріп күш жұмсауын қажет етеді.

Тірек сөздер: халықаралық қатынастар, Қытай, Шанхай, ұйым, мемлекеттер,Орталық Азия, қауіпсіздік.

Joldybaeva U.M. [1] *Abikenova G.E.* [2]

[1] *Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of History of Kazakhstan KazNU named after Al-Farabi*
[2]*Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of History of Kazakhstan KazNU named after Al-Farabi*

KAZAKHSTAN'S COOPERATION WITH THE SCO MEMBER STATES AND ITS IMPACT ON INTEGRATION PROCESSES IN THE REGION

Abstract

The article examines the role of international cooperation in the system one of the most basic structures in the Asian region – the Shanghai Cooperation Organization , as well as the participation in the organization of Kazakhstan and the Central Asian states. Kazakhstan participated in the SCO is important in terms of strengthening its geopolitical orientation. Since it is currently impossible to stand alone against the global challenges of time, the Central Asian states have expressed the desire for sustainability, stability and security in the region, which requires the joint efforts of the countries concerned.

Keywords: international relations, China, Shanghai, organization, states, Central Asia, safety.

Джолдыбаева У.М. [1] *Абикеноваа Г.Е.* [2]

[1] *кандидат исторических наук,доцент кафедры история Казахстана КазНУ им. Аль-Фараби*
[2] *кандидат исторических наук,доцент кафедры история Казахстана КазНУ им. Аль-Фараби*

РЕШЕНИЕ ПРОБЛЕМ БЕЗОПАСНОСТИ ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКОГО РЕГИОНА В РАМКАХ ШОС

Аннотация

В статье рассматриваются решение проблем безопасности центральноазиатского региона в рамках ШОС. Также роль в системе международного сотрудничества одной из самых основных в Азиатском регионе структур – Шанхайской организации сотрудничества, а также вопросы участия в данной организации Казахстана и государств Центральной Азии. Для Казахстана участие в ШОС важно с точки зрения укрепления своей геополитической направленности. Поскольку в настоящее время невозможно в одиночку противостоять глобальным вызовам времени, центральноазиатские государства выражают стремление к обеспечению устойчивости, стабильности и безопасности в регионе, что требует объединения усилий заинтересованных стран.

Ключевые слова: международные отношения, Китай, Шанхай, организация, государства, Центральная Азия, безопасность.

Орталық Азия мемлекеттері Кеңес Одағы ыдыраған соң әлемдік сахнада халықаралық қатынастар субъектісі ретінде сыртқы мемлекеттермен жоғары дәрежеде мемлекетаралық байланыс орнатқаны мәлім. Жаңа кезеңге қадам басқан кезден-ақ, геосаяси әрі геоэкономикалық сипатына сәйкес бұл аймақ әлемдік қауымдастықтағы мемлекеттер ішіндегі стратегиялық маңыздылығы артты. Өңірдегі елдердің тиімді географиялық орналасуы көршілес мемлекеттермен тығыз қарым-қатынастар орнатуға қолайлы болып табылады. Сондай-ақ, аймақ мемлекеттерінің (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан) геосаяси тұрғыдан Қытай Халық Республикасымен шекаралас болуы - қарым-қатынастың маңызды факторы бола алады. ШЫҰ аясында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Қытай мен Ресей мемлекеттерінің шекаралық аудандарында әскери күштерді қысқартудың негізін қалағаны белгілі. Орталық Азия мемлекеттері басшылары 1996-1997 жылдары «Шекаралық аудандарда әскери салада сенімді нығайту туралы» және «Шекаралық аудандарда әскери күштерді қысқарту туралы» келісімдерге қол қойды [1]. Орталық Азия елдеріне қатысты Қытай саясатындағы ортақ қағидаттар, ұстанымдар мен ерекшеліктерді де ескерген жөн. Дүние жүзіндегі озық Қытай экономикасы 1979 жылы басталған реформалар нәтижесінде зор табыстарға жетуде. Белгілі американдық саясаткер: «Қазірдің өзінде Қытай мемлекеті геосаяси жағынан құрлықтағы ықпалды мемлекеттер қатарында тұрғаны мәлім. Оның шекаралас елдермен салыстырғанда әскери және экономикалық қуаты әлдеқайда жоғары. Сондықтан да, Қытай өзінің тарихи, географиялық, экономикалық талаптарына байланысты аймақтағы ықпалын арттыра түсері анық», - деп елдің аймақтық әрі әлемдік тұрғыдан танылуына назар аударады [2]. Ынтымақтастық орнату мақсатында тараптар арасындағы байланыстардың ұзақ мерзімді тату көршілік және достық негізде құрылуының мәні зор. Қытай мен Орталық Азия саясатындағы ең өзекті мәселе - өңірдегі саяси қауіпсіздікті сақтау екені де баршаға аян. Аймақ мемлекеттері қауіпсіздігі мен тұрақтылықтылығын сақтауда 1996 жылы құрылған халықаралық «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының» құрылуы маңызды. Мемлекет басшыларының алғашқы кездесуі Қытай Халық Республикасының Шанхай қаласында өткендіктен, «Шанхай бестігі» деген атауға ие болды. ШЫҰ-ның алғашқы құрылтайшылары ретінде Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Ресей және Тәжікстан мемлекеттері енгені мәлім. ОА аймағы мемлекет басшылары Шанхай мен Мәскеу қалаларында 1996 жылы өткен кездесуде шекара аумағында әскери сенім шараларын күшейту, шекарадағы әскери іс-қимылды қысқарту және сенім шараларын күшейту келісімдеріне қол қойды. Мемлекеттердің кездесу ауқымы кеңейіп, тараптар саяси, қауіпсіздік, сыртқы байланыс, экономика және сауда салаларында екіжақты және көпжақты келісімдер негізінде тиімді өзара әріптестік дәрежесіне көтерілді. Шанхай ынтымақтастық ұйымы өткен жиырма жыл ішінде ауқымды іс-шаралаар

атқарып, бүгінде табысты халықаралық ұйымға айналды. Ұйым құқықтық жағынан халықтың 40%-ы шоғырланған ауқымды кеңістікте өзара сенім мен ынтымақтастық құралы бола білді.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың: «ШЫҰ көпқырлы сауда-экономикалық ынтымақтастық пен гуманитарлық байланыстарды дамытуда үлкен әлеуетке ие. Оның үстіне «алтылық» орналасқан аймақтағы геосаяси ахуал бірінші кезекте көлік әлеуетін пайдалануда тиімділігімен ерекшеленеді», - деген пікірі орынды [3]. 1998 жылғы Алматы кездесуі, 1999 жылғы Бішкек кездесуі, 2000 жылғы Душанбе кездесуі нәтижесінде қабылданған Декларациялар мемлекеттердің әр саладағы ынтымақтастығының тереңдей түскеніне көз жеткізуге болады. Қазіргі кезде ШЫҰ шеңберіндегі әріптестік қоғамдық өмірдің түрлі саласында (қауіпсіздік, көлік, мәдениет, төтенше жағдайлардың алдын алу, олардың салдарын жою; құқық қорғау қызметі және т.б.) мәселелерді қамтып отыр. Қазақстанның ШЫҰ-ға мүше мемлекеттермен тең дәрежедегі сұхбатқа мақсатты түрде қатысуы еліміздің аймақтағы ұстанымын молайтып, ұйымның қағидаттарына сәйкес мемлекетаралық өзара сенімділік пен түсіністікті нығайтуға зор үлес қосады. Өңірдегі ынтымақтастықтың болашақтағы бастамалары мен жобаларын аса белсенділікпен жүзеге асырудағы мемлекеттің қызметі зор. Қазақстан Республикасының 1996 жылдан ұйым аясында ұйымдастырылған өзара іс-қимылдары, соның ішінде лаңкестікке қарсы әскери жаттығулардың, ғылыми конференциялар мен форумдардың тұрақты әрі белсенді қатысушысы ретінде ШЫҰ құқықтық базасының нығаюына өз үлесін қосуда. Сондай-ақ, еліміз 2006 жылы Бейжін қаласындағы лаңкестікке қарсы құрылған ШЫҰ хатшылығының және Ташкент қаласындағы Өңірлік атқарушы комитеті жанындағы тұрақты өкілдікті құрған алғашқы мемлекет болғанын айта кеткен жөн. «Шанхай бестігінің» бес жылдығына орай, 2001 жылдың маусым айында ШЫҰ-на қатысушы мүше-мемлекеттерінің басшылары мен Өзбекстан Республикасының Президенті И.Кәрімов Шанхай қаласында кездесті. Бұл кездесуде Өзбекстан мемлекеті ұйымға мүше болып кірді. Атқарылған іс-шаралар нәтижесінде «Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымы» деген атауға ие болды [4]. Ал 2001 жылдың 14 қыркүйегінде Алматыда алты мемлекет басшыларының алғашқы кездесуі өткізіліп, онда аймақтық экономикалық ынтымақтастық мәселелері қозғалды. Кездесу нәтижесінде ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер үкіметтері аймақтық экономикалық ынтымақтастықтың негізгі міндеттері мен бағыттары айқындалған Меморандумға қол қойды. Құжатта аймақтағы ең іргелі құрылым – Шанхай ынтымақтастық ұйымының халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлі қатысушы мемлекеттердің саяси, экономикалық және әскери әлеуетімен айқындалады.

Бүгінде Ұйым аясында 2003 жылы қабылданған көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы және оны іске асыру жоспарында тауарлар мен капиталдың, қызмет көрсету мен технологиялардың еркін қозғалысына септігі тиетін 11 сала бойынша 127 жоба жүзеге асырылуда. Қауіпсіздік мәселелері негізінде құрылған Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы экономикалық бағытта ілгері жылжып, халықаралық қатынастарда зор беделге ие ұйымға айналып отыр. ШЫҰ кеңістігі азиялық та, еуропалық та құрлықты қамтиды. Ұйымға мүше мемлекеттердің халқы әлемнің жартысын құрап, аймақтың бай табиғи қоры мен ауқымды рыногы Ұйымның жедел дамуына игі ықпалын тигізері даусыз. Сондықтан, біз бұл ұйымның жұмысына барынша белсенді қатысуға мүдделіміз. Қазақстан Республикасы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше болу оның сыртқы саясатындағы басты міндеті деп біледі, себебі ұйым аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде мол үлес қосатын бірден-бір қабілетті құрылым болып табылады. Қазақстан өзге тараптардың қарауына энергетика, көлік, телекоммуникация және агроөнеркәсіп кешеніне қатысты 20-ға жуық жобаны ұсынлы. Бұл орайда қоршаған ортаны қорғау мен Орталық Азия өңірі үшін күрмеуі қиын болып тұрған су қорларын пайдалану мәселелеріне де баса көңіл бөлінгенін айта кеткен жөн [5].

ШЫҰ-на мүше елдер басшыларының 2005 жылғы шілде айында Астана қаласында өткен кездесуі маңызды. Онда Ауғанстандағы жағдайдың тұрақтануына сәйкес әскери инфрақұрылым объектілерін Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттерінен шығару қарастырылды, яғни Қытай Орталық Азия елдерімен ШЫҰ шеңберінде ықпалдастықты нығайта беретінін аңғарамыз [6].

Сонымен қатар ШЫҰ аясында мүше мемлекеттер аталған негізгі қағидаттарды ұстанатындығын жариялады. Олар қатарында: БҰҰ-ның мақсаттары мен принциптерін ұстану; тәуелсіздікті, егемендікті, аумақтық тұтастықты сақтау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, өзара күш қолданбау; Ұйымға мүше мемлекеттердің тең құқылы болуын қадағалау; барлық мәселелерді өзара кеңесу арқылы шешу; басқа мемлекеттерге немесе ұйымдарға қарсы бағытталған одақтарға бірікпеу; басқа мемлекеттермен және аймақтық ұйымдармен әртүрлі сұхбатқа, пікір алмасуға жүгіну, әріптестікте ашықтық көрсету көзделген. Сол себепті, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің көпқырлы сауда-экономикалық ынтымақтастығы бағдарламасына қол қойылып, келешек жылдарға арналған ұзақ мерзімді экономикалық қарым-қатынастар іргетасы қаланып, бағдарламаның негізгі міндеттері және оларды жүзеге асыру тетіктері қарастырылып, Ұйым Декларациясы жарияланды. Аталған құжатта: «Шанхай ынтымақтастық ұйымын» құру ұйымға мүше мемлекеттердің сыртқан төнетін не төнген қауіп-қатерлерге қарсы тұру, өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалану және өзара әріптестікті нығайту мақсатында айқындалды. «ШЫҰ хартиясы» мен «Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру жөніндегі Декларацияға» сәйкес ұйымның негізгі мақсаттары белгіленді. Ұйымға мүше-мемлекеттер арасында өзара сенім, достық, тату көршілік қарым-қатынастарды нығайту; саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, білім беру, энергетика, көлік, экология т.б. салаларда тиімді әріптестік шараларын дамыту; ортақ күш біріктіру арқылы аймақтағы бейбіт өмірді, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету, демократиялық, әділ әрі ұтымды саяси, экономикалық халықаралық тәртіп орнатуға жағдай жасау болып табылады. Бүгінде ШЫҰ бірқатар күрделі мәселелерді шешуге белсене қатыссып шекаралық мәселелер анықталып, мемлекетаралық қарым-қатынастарды тұрақты реттеуші Форум құрылды. Сонымен бірге әлемдік

тәжірибеде сенім шаралары жөніндегі уағдаластық және шекаралық мәселелерді шешуде қарулы күштерді қолдануды шектеу мемлекеттер тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Қытайдың Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстанмен шекаралас аймақтарында сенім шараларын бекемдеу мен қарулы күштер қолдануды шектеу жөніндегі келіссөздері Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау процестерімен, сондай-ақ талас туғызатын аудандарға қатысты проблемаларды шешумен тығыз байланысты болды. Бұл - Қазақстан мен Қытай арасындағы шекарааралық мәселелерін реттеуге мол мүмкіндіктер беруде. Қарым-қатынастарды нығайтудың көпқырлылығы казіргі қоғам дамуының ортақ тенденциясы болып табылады және халықаралық жағдайдың тұрақтылығына зор ықпалын тигізері сөзсіз [7]. Мемлекетер үкімет басшыларының Пекин қаласында 2003 жылдың 23 қыркүйекте өткен кездесуінде экономикалық ынтымақтастықты қарқынды жүргізу жөнінде стратегиялық шешім қабылданды. «Экономика саласында біз атқаруға тиісті шаралар мынадай: қазіргі қолданылып жүрген экономикалық аймақты нығайту; Ортаазиялық даму банкінің рөлі мен мәртебесін көтеру; көпсалалық кедендік одақ құру; ауылшаруашылығының ортақ нарқын құру; бірыңғай сыртқы экономикалық саясат жүргізу; бірыңғай транспорт жүйесін құру; үш жақты ұлтаралық компанияларды нығайту; бірыңғай валюта жүйесін құру» [8].

Бүгінде Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастықтың тамаша үлгісі болып саналады. ШЫҰ-ның 2004 жылы 15 қаңтардан Пекин қаласындағы Хатшылығы өз жұмысын бастаған болатын. Жыл өткен сайын ШЫҰ ынтымақтастықтың жаңа салаларын қамтуы нәтижесінде 2006 жылы Ұйымға мүше мемлекеттердің Парламенттері мен Жоғарғы сот басшыларының, білім министрлерінің алғашқы кездесуі өтті. Энергетика саласында да өзара әріптестік нығайып, экономика, сауда, көлік пен коммуникация салалары мен мәдениет министрлігі басшылары кездесулері - Шанхай ынтымақтастық ұйымының маңызды іргелі өңірлік құрылымға айналып отырғанының көрінісі. Сонымен қатар 2004 жылы - ШЫҰ БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы бақылаушы ұйымы мәртебесіне ие болды, ал 2005 жылы - ТМД мемлекеттері хатшылықтарында өзара түсіністік жөніндегі Меморандумы қабылданды. Ұйымға мүше мемлекет басшылары 2007 жылғы 16 тамызда Бішкек қаласында өткен Саммитте мемлекеттердің ұзақ мерзімді тату көршілік, достық және ынтымақтастық жөніндегі Шартқа қол қойды. Аталған жиында мемлекеттердің көшбасшылары «Бішкек декларациясын» қабылдап, ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің халықаралық ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі іс-қимыл жоспарларын бекітті. Астана қаласында 2005 жылы 5 шілдеде ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының кезекті Саммитінде «Астана мәлімдемесі» жасалды. Шанхай Саммитінде 2006 жылғы 15 маусымда Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер аумағында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру мен оны өткізу тәртібі жөнінде және 2007-2009 жылдарға арналған ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттердің терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күреске бағытталған бағдарлама қабылдаған болатын.

Соңғы жылдары ШЫҰ-ның ТМД және Еуроодақ құрамындағы мемлекеттер арасындағы халықаралық дәрежедегі қатынастары нығайып, оның қызметіне БҰҰ-ның Даму Бағдарламасы, Ұлттық Қауіпсіздік Шарты Ұйымына мүше мемлекеттер де зор ынта білдіруде. ШЫҰ аясында білім, мәдениет, туризм және спорт салаларында өзара ықпалдастық шаралары жүргізілуде. Бұл тұрғыда Қазақстанның Шанхай ынтымақтастық ұйымына қатысу мәртебесіне ие болғанын айтқан жөн. Бүгінде ШЫҰ - әлемдегі халықаралық ынтымақтастыққа бағытталған ашық ұйым ретінде танылып, Қазақстан Республикасы ұйымға мүше мемлекеттермен ынтымақтастығын аймақтық интеграцияның тиімді құралы ретінде бағалап, оны сыртқы саясаттағы басымдықтардың бірі ретінде қарастырады. Ұйым беделінің артуына ШЫҰ-на қосылуға ниет білдірген елдер қатарының толастамай отырғаны және Монғолияның 2004 жылғы маусымда өткен Ташкент Саммиті барысында бақылаушы ел мәртебесіне ие болғаны айғақ бола алады. Бүгінгі таңда Ұйымға мүшелікке Пәкістан мемлекеті енді және Ауғанстан, Үндістан, Түркия, Иран, ЕО мемлекеттері, АСЕАН және ТМД елдері қызығушылық танытуда.

Қазіргі кезде қауіп-қатерлерге жеке-дара қарсы тұру қиындығынан Орталық Азия мемлекеттері аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге талпыныс білдіруде оған мүдделі елдердің күш-жігерін біріктіріп жұмсауды қажет етеді. Қазақстан Республикасы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы тиімділігін арттыруда әскери ынтымақтастықтың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру жұмыстарын жүргізуде зор белсенділік таанытты. Еліміз үшін ШЫҰ-на қатысуы оның геосаяси ұстанымын нығайтуға септігін тигізері сөзсіз. Бұл орайда, Қазақстанның ШЫҰ-на қатысуы, АҚШ және НАТО-ның басқа да елдерімен әскери саладағы ынтымақтастықты кеңейтуі қауіпсіздікке катер төнетін тұста қосымша әскери-саяси ресурстарды тартуға мүмкіндік береді [8]. ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің ынтымақтастығы жөніндегі бағдарламаның белсенді жүзеге асырылуы төнуі мүмкін қауіп-қатерлерге жауабы міндетін атқара алады. Шанхай ынтымақтастық ұйымының терроризмге қарсы «Ақпараттық қауіпсіздік» орталығын құру қажеттілігі туындап отырғаны мәлім. Терроризм, экстремизм, сепаратизм және рухани құндылықтар құнсыздануына қарсы күресте халықтардың жасампаздық әлеуетін жұмылдыру мақсатында ШЫҰ-на мүше-мемлекеттердің бірегей мәдени мұрасын дамыту қажеттілігі айқындалды. ҚР Президенті Қ.Тоқаев 2021 жылды ШЫҰ аясында «Мәдениет жылы» болып жарияланғанын қолдағанын айтқан жөн. ШЫҰ аясында атқарылған іс-шаралардың қатарында экология мәселелері күн тәртібінен түспегенін сенімді түрде айта аламыз. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың: «Біз экологиялық проблемаларды және оның мемлекеттеріміздің әлеуметтік экономикалық дамуы барысындағы теріс салдарын назарда ұстауға міндеттіміз. Сондықтан да, Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше-мемлекеттердің тиісті ведомстволары бұл мәселеде өзара бірлескен іс-әрекетке күш жұмылдырылуы тиіс. Шанхай ынтымақтастық ұйымының экологиялық проблемалары реестрін жасау бұл бағыттағы жұмыстардың жай-күйін тұтас көруге мүмкіндік берер еді. Бұл – шұғыл ұжымдық шешімді талап ететін мәселе» – деген пікірі дәлел бола алады. 2021 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымының 20 жылдығы аталып өтетінін ескерсек, қазіргі тарихи кезеңде өңірлік және жаһандық проблемаларды шешу аса маңызды.

Бұл орайда, тараптардың сыртқы ашықтық пен ШЫҰ аясын кеңейтуге ұмтылысы ұйым жұмысының тиімділігін арттыруға кепіл бола алады. Қазақстан Республикасы ШЫҰ-ның халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық туралы Меморандумдарға қол қою шешімдерін құптайды. Болашақта ұйым қызметі механизмдерін жетілдіруге бағытталған ұсыныстарын есепке ала отырып, жан-жақты талдау ұсынылғанын айта кеткен жөн. Ұйым шеңберінде ымыраласу арқылы мүдделі ынтымақтастыққа қол жеткізу - сынақтар мен сын-қатерлерге қарсы тұруға серпін берері анық.

Әбу Насыр әл-Фараби «Бақытқа жол сілтеу» атты трактатында «Адам шексіз бақыт туралы оның өз түсінігі ең дұрыс және ең ұлы немесе ең жетілген игілік деп сенеді» - дей отыра, «адам бақытының шыңына жету өзі үшін соған жетуді қалайтын адамнан оны игерудің әдісі мен амалын табуды талап етеді» және «артынан не мадақтауға немесе жазғыруға болатын жағдайлардың жиынтығы қосыла келгенде ол адам бақытқа жетеді» [1.5-6] – деп тұжырымдайды.

Әл-Фарабидің ойынша, «әрі мақтауға, және әрі жазғыруға соқтыратын мұндай жағдайлар үшеу» екен: бірінші – жеке адамның іс-әрекеті, мысалы, орынан тұруы, жүру, отыруы, көруі, естуі, сөйлеу; екіншісі – жандүниесі сезімдері, мысалы, құштарлық, ұнату, рахаттану, қуанышы, қорқынышы, күйінуі, ашулану, қызғанышы; үшіншісі – ақыл-парасаты.

Адам баласына қуаныш әкелетін қызықты оқиғалар – қомақты табысқа қол жеткізу, еңбегіңнің мадақталуы, алдыңа қойылған мақсаттардың іске асуы, отбасының қызығы. Адамның қуанышты сезімі, кісінің жігеріне жігер қосады. Дегенмен бақыт пен қуаныш арасында аздап айырмашылық та бар. Қуаныш өткінші сияқты, жеке бір сәтке байланысты болатын болса, ал бақыт – адамның бүкіл өмірінің негізгі арқауы. Өмірде адамгершілікке жатпайтын, әдептілік қағидаларға симайтын, жалған қуаныштардың да өмірде болуы мүмкін. Қазіргі таңда бақытты өмір сүру негізі өркениеттілік құндылықтармен тікелей байланысты», - дейді Е.С.Омаров [2.13].

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Әл-Фарабидің «бақыт» ұғымы адам баласының рухани құндылықтарының бірі болғандықтан оныңәлеуметтік-мәдени рөлі ерекше. Қазақ даласынан шыққан әйгілі ғұлама философ Әбу Насыр әл-Фарабиден бізге жеткен еңбектерінде «бақыт» идеясын зерттеп, зерделеп, ғалымның танытқан ұғымын әлеуметтік-мәдени негіз тұрғысынан қарастыру қазіргі таңда *өзект*і мәселе деп білеміз. Мақаланың зерттеу нысаны ұлы ойшыл әл-Фарабидің бақыты идеясы болса, ал *зерттеу* пәні ретінде әл-Фарабидің әлеуметтік мәдени негізідері талданады. Зерттеуіміздің *мақсаты* болған, әл-Фарабидің еңбектері мен әл-Фарабиді зерттеген ғалымдардың еңбектерінде «бақытты» зерделеу үшін келесі *міндеттер* қойылды:

Әл-Фарабидің бізге жеткен еңбектерінің ішінде, әлеуметтік мәдени негіздері ретінде «бақыт» идеясын зерделеу. Компаративистикалық талдау негізінде шетелдік және қазақстандақ ғалымдардың зерттеулеріндегі тақырыпқа байланысты жазған ғылыми көзқарастарын көрсету;

«Бақыт» ойшылдың әлеуметтік мәдени философиясындағы және этикасындағы орталық түсінік екенін айқындау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Бұл мақалада әл-Фарабидің «бақыт» идеясының әлеуметтік мәдени негіздеріне ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдау жасалынады. Әл-Фарабидің «бақыт» ұғымының әлеуметтік мәдени негіздерін және оның теориялық маңыздылығын талдау барысында ғылыми бағыт негізінде салыстырмалы ғылыми-теориялық зерттеу әдістері қолданылады. Сонымен қатар зерттеу жұмыс барысында алыс жақын шетелдік және қазақстандық зерттеуші ғалымдардың еңбектеріндегі зерттеу жұмысына байланысты жазған ой пікірлерін негізгі дереккөз ретінде ұсынылады. Мәтіндерге герменевтикалық және компаративистік, стилистикалық зерттеу әдістері арқылы талдау жасалынады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Ақиқатын айтқанда әл-Фараби шығармалары адамзаттың адами санасын адамша өмір сүре алатын шыңының теориялық негіздерге сүйене отырып, оның практикасын жасай алатын мүмкіндігін көрсетіп берді. Сондықтан да әл-Фарабидың өмірі мен шығармашылығына заманауи тұрғыдан жаңаша қарап, оның өшпес ізі мен негізгі ойларын сараптап, адамға жүктелген міндет не екенін тереңірек ұғуға әрекет жасадық.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын қалыптастырып, дамуыту тарих сахнасындағы дара тұлғаларымызды дәріптеу біз үшін парыз. Осыны негізге ала отырып бабаларымыздың ғылыми шығармаларын тәуелсіздік тұрғысынан сараптау уақыт еншісінде болмақ. Адам баласы, адамгершілік, бақыт, адамның кейбір қиыншылықтарға шыдай білуі, тұлға, басшы қай кезеңде болмасын ұлт зиялыларының еңбектерінің ең өзекті мәселелерінің бірі болған. Әбу Насыр әл-Фараби өзінің «Бақытқа жол сілтеу» деген еңбегінде: «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол белгісіз бір жетілу болып табылады. Мұны түсіндіріп жатудың өзі артық сөзді керек етпейді, өйткені бұл мейлінше белгілі нәрсе»- дейді [3.89].

Жетілу кез-келген адамның талпынатын мақсат мүддесі, себебі жетілу дегеннің өзі ол игілік және оның өзі, адамның қалауы. Адам баласы ұмтылатын игілік ретіндегі мақсаттардың саны өте көп болғандықтан, бақыт осылардың ішіндегі ең негізгісі және пайдалысы болып табылатындығы анық. Адам негізінен алғанда - күрделі және қиын құбылыс. Оның күрделілігі сол оның қиындығында, оның жұмбағы өте көп, оның қалауы мен мақсаты шексіз. Сол қалаулы мен игіліктердің ішіндегі көп мақсаттардың бірегейі – ол бақыт. Бақыт - игіліктердің ішіндегі ең үлкен маңызды игілік болып табылады. Әл-Фарабидің «Бақыт» идеясы оның әлеуметтік мәдени негіздерінің этикалық орталығы болып табылады. Ол үшін бақыт ең жоғары жетілу, және шексіз игілік, әрбір адам баласының өмірінің мәні мақсаты. «Бақытқа жол сілтеу» еңбегінде Фараби «бақытқа жеткесін біз басқа мақсатқа жетуге, ұмтылуға қажет етпейтінімізді көреміз, яғни бұдан шығатын қорытынды, бақыт біз үшін және ешқашан біреу үшін болмайды. Бақыт ең тартымды, ең үлкен және ең жетілген игіліктердің бірі», деп жазды [4.6].

Игіліктер ішінде бақыты бағалай отырып, соған жетуге ұмтылатын адамнан оны игерудің әдісімен амалын табуын талап етуі керектігінеде мән береді. Ол: «Адам бақытқа жету мақсатында кез-келген амал ойлап, соған жету барысындасаналылықпен әрекет жасаса ғана, бүкіл өмірінде нені қалай жасау қажеттігін, және қалай ажырату керектігін біліп отыратын ақыл-парасатты болса ғана бақытқа жетеді»,- дейді. Ойшыл жас ұрпағымыздың санасында және бойында болуға тиісті саналылық, ақыл-парасаттылық қасиеттер бақытқа жетлейтін бір жолы деп көрсетеді. Фараби даналықты адамзат бойында туа бітетін қабілеттілік қасиет деп санайды.

Әл-Фараби ойы бойынша бақытқа жету жолында адамның іс әрекеттері мен қылықтарын рухани түсіну өте маңызды, себебі ол әлеуметтік маңызды әрекет болып табылады, ал бұл әрекет тек адам тілегіне орай қалай әрекет жасауында емес, ол қоғамда мақтауға немесе ұялтуға ие болатындығында тұр. Адам жанының күйзеліске ұшрауымен байланысты табиғи әрекет бақытқа жету үшін жеткіліксіз болады. Ада баласының жақсы да жарқын іс әрекет жасауға деген тілегіде жеткіліксіз болып табылады. Адам өзінің іс әрекетің анық болуына сенімді болуы үшін, адамның іс әрекетінің дұрыстығын қоғамда мойындауы керек. Сондықтан ойшыл «біз өз әрекеттеріміз дұрыс, жан толқынысы қандай болуы керек, біздің ізденістеріміз жақсы ақылға жету үшін қандай болу керектігін анықтап алуымыз керек», дейді [5.328].

Бақытқа жету проблемасы жеке тұлғаның дамуы тұрғысынан және әлеуметтік мәдени қатынастарды зерттеу тұрғысынан туындады. Әл-Фараби әлеуметтік мәдени қатынастардың индивидуалистік-эгоистикалық этикасына назар аударудан аулақ болатын тұжырымдама жасайды. Ол виртуалды қала тұрғындарының «үйлесімді өмір сүруіне», пессимизмге, әлеуметтік мәдени өмірден қашуға және кетуге бағытталған заманауи тұжырымдамаларға қарағанда, өмірді растайтын рухани дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған [6.89].

Адамзат бойында жақсықасиеттері мен жаман қасиеттері қатар жүреді. Оның бойындағы қабілеттілігін жаман әрекеттер мен жақсы әрекеттерге бірдей қолдануға болады дейотырып, адамсүйгіштік, адалдық әрекеттер мен әділдік, шыншылдық қасиеттерге жоғары құрметпен қарауарқылы оның бойындағы қалыптасқан қабілеттілігін керемет әрекеттер жасауға икемдеу болатындығын айтады.

Әл-Фараби: «Азаматтық саясат» деген трактатында, «адам бақытты ешбіржағдайда басқа күшарқылы емес, тек теориялық ақыл-парасат күшіарқылы ғана пайымдайды. Бұл адамға әрекетшілақыл-парасат беретін әуелгі бастамалар мен әуелгі білімдердіадам пайдаланып, пайымдағанда, сонан соң ол талпынушы күш арқылы бақыт жолдарын іздегенде, практикалық ақыл-парасат күшіарқылы бақытқа жету үшін ол не істеуі керек екенін ойластырғанда жасалады. Содан соң талпынушы күшарқылы ойластыру жолымен біліп алған әрекеттерді жасайды. Қиялдаушы және түйсінуші күштерақыл-парасат күшін әзірлейді және оған көмектеседі, адамды бақытқажету үшін жағдай жасайтын әрекеттерге бастайды, міне сондаадам игілікке ие болады. Сөйтіп, ерлік күшіне негізделген игілікке қолы жетеді» [7.130],- дейді.

Зұлымдықты айтар болсақ, бұл өзі жоғарыдаайтқандай, ақыл-парасат күшімен бақытты пайымдағанда, оның мақсатын теріс түсінген күйінде ғана пайымдайды. Адам баласы бақыттың неекенін түсінбестен, ол соған асығыс ұмтылады және бақытты өмірінің мақсаты етпестен, басқа бірдеңені: пайданы немесе абыройды мақсат тұтады. Ол талпынушы күштің жетегімен осыған жетуге тырысады. Осы мақсатқақалай жетудің жолын ойластырады. Талпынушы күштің көмегіарқылысоны жүзеге асырады. Сөйтіп абсолюттік зұлымдық орын алатындығына тоқталады.

Адам баласына ортақ қасиеттердің болатынын айта отырып, сонымен бірге әрадамның тек өзіне ғанатән қасиет-қабілеттерінің бар екендігін сөз етеді. Кез келген адам бойындағы өзіне ғана тән қасиетінің болатындығын көрсете отырып, «осы табиғи қасиеттердің бәрі ерік күшіне негізделетінін оны тәрбиелеуді қажет ететінін және оларды елеусіз қалдырып, арнаулы амалдармен дамытпаса, тиісті нәрселерге баулымаса, соның салдарынан уақытын өткізіп алса, онда ол қасиетті жойып алуға болатындығын дәлелдейді.

Адам бойындағы жаратылысынан болатын игі жақсы қасиеттерін белгілі бірамалдармен тәрбиелемесе, оны дамытпаса, оған дұрыс бағыт-бағдар берілмесе жойылып кететіндігін; ол тәрбиеленушінің бойындағы абзал қасиеттерін танып білу арқылы тәрбиелегенде ғана дұрыс нәтиже беретінін ғалым түсінікті етіп баяндаған. Адамдардың жаратылысынан неге лайықты екенін ажыратып білу арқылы тәрбиелеу керектігін, оның белгілібіріс-әрекетке бейімділігін, жетілген-жетілмегендігін ажырату арқылы өзі бейім тұратын іс-әрекетке ыңғайлап, тәрбиелеу аса қажеттіс-әрекет екендігінанықтаған. Өзін-өзітанып тәрбиеленген ұрпақ қанаізгілікке қадам басаалатын ұрпақ болаалады деп ой қорытады.

«Қайсы бір салада нәтижеге жетуге қабілеттіадамдар ондай қабілеті жоқ адамдардың басшысы болады. Бұл оң нәтиже бермейді. Нәтижеге жетуге көбірек қабілеті барадамдар нәтижеге жетуге қабілетіаз адамдарға басшы болса ғана қарамағындағыларға қуаныш, оң нәтиже береді» дейді[8.305б].

Басқағабасшылық ету әрадамның қолынан келе бермейтіндігін және (тиісті әрекетті жасауға) басқарушы қабілет те әрбірадамда бола бермейтін қасиет екендігін, басқалардыңайтқанын ғанаістеуге қабілетібарадам ешбір жағдайдабасшы болаалмайтындығын, ондай адамдар барлық жағдайда тек басқа біреудің басшылығында болатындығына тоқтала отырып, ел басқаруды үлкен өнер деп бағалайды. Ұлы ғұламаадам бойындағы тағы да бір өзіндік ерекшелік деп өзгеге өз айтқанын істете білетін адамдардың, яғни «басшылардың» басқару қабілетіне тоқталады.

Егерадам бойында өз ойлағанын немесе іс-әрекетін өзгеге істете білетін қасиеті, яғни «ілестіріп алып кететін» ерекшелігі, я болмаса «итермелеуші» қасиетіболмасаол басшы болаалмайды. Яғни, дұрыс басшылық жасау үшін әрбір басқарушыадамдарға басқарушылық қабілетін шеберұштастырабілуі керек деген құнды, қазіргі уақытта да өз мағынасын жоймаған пікірлерін айтады. Тек басшы боламын деп, кеуде соғып, өз пайдасын ғана ойлап жүрген кейбір басшылардың халыққа пайда әкелмейтінін дәлелдейді.

Әл-Фарабидің «Қайырымды қала» идеясында адамның бақытқа қол жеткізуі тек өзара көмек пен ынтымақтастыққа негізделген қоғамда ғана жүзеге асырылуы мүмкін, бірақ адамның одан оқшауланыуынан тыс жерде жүзеге асырылады. Бақытқа жету адамдар дұрыс тәрбиеге, дұрыс басқаруға және дұрыс көзқарастарға жетелейтін «үйлесімді өмір сүруге» бірлескен кезде пайда болады.

Әл-Фарабидің пайымдауынша, адам, сондай-ақ қоғам жақсылық пен жамандықты, және оның себептері не екенін біле отырып іс-қимыл жасайды, сондықтан ол өзара түсіністіктің негізін қалайтын принциптерді білуі керек. Адамдар мен олардың бірлескен «үйлесімді өмір сүру» үшін ұйымдастырылу тәсілі. Осылайша, ол мемлекеттегі мемлекеттік өмір мен билік туралы ұғымды адамдарды білімсіздік жағдайынан шығарып, ағарту идеологиясын білім мен мәдениеттің негізінде қалыптастырады.

Қайырымды мемлекет құрудың себептерін білу - бұл өз азаматтарының бақытты болуын қамтамасыз ететін мемлекет қандай болу керектігін түсінудің бастапқы нүктесі.

«Бақыт дегеніміз - адам өзімен, басқа адамдармен және табиғатпен үйлесімді болған кездегі «теңдестірілген өмір». Бұл материалдық заттардың көптігімен берілмейді, бірақ өмірдің толықтығы - жаһандық жүйе табиғаты - адам - қоғамның ілгерілеуі үшін жағымды адами қасиеттерді дамыту және пайдалану болып табылады[9.576].

Әл-Фараби басшылыққабағынатын адамдарды қайырымды, абзал және бақытты адамдар деп санайды. Бұл адамдар халық болып құрылса, ондайхалықты қайырымды халық деп, ал қоныстанып біріксе, қайырымды қала болып табылады деп көрсеткен. Бұл қайырымды қаланы билейтін басшылардың тілектері, мақсаттары және оны іске асыру әрекеттерінің шынайы, бірыңғай болуының арқасында нәтижеге ие болатындығын және олардың өз бетінше орынды деп тапқан іс-әрекеттері болса, басқару бағытын өзгерте алатындығын, ондай басшының заң бойыншанағыз билеуші болып табылатынын көрсетеді.

«Қала әкімінің ісі, яғни басшының ісі – қала бөлшектерінің өзара байланысын және өзара келісімін орнататындай етіп қала басқару, оның тұрғындарының игілікке ие болумен бірге зұлымдықтың тамырын жою ісінде де біріне-бірі көмек көрсететіндей тәртіп орнату және бақытқа жету үшін пайдасы тиетіннің бәрін сақтап, көбейтіп, зиян келтіретін нәрсені пайдалы етуге тырысып, пайдалы етуге болмайтын нәрсенің зиянын жоюға немесе азайтуға, сәл де болса бағытталуы керек»,-дейді [10.137].

Әл-Фараби қала басшысының істейтін игі істеріне тоқталады. Олардың басқару ісінде келісімге келіп, тіл табысып, зұлымдықты пайдалы іске айналдырып, болмаған жағдайдазиянсыздандырып, адамдардың бір-біріне көмек көрсететіндей, бір-біріне қуаныш сыйлап, бақытқа бөлейтіндей етіп басқаруына тоқталады. Әл-Фараби адам бойындағы өзі өмірсүрген ортаға жақсылық жасау қасиетін бағалай отырып, бұл қасиеттің басшының бізше

«тұлғаның» өн бойында болу керектігін дәлелдейді. Игіліктіістерді біліп қана қоймай, оны іс жүзіне асыруға әрекет жасау керектігін және оған бағыттап отырудың қажеттілігін басты мәселе етіп қозғайды. Басшы қала тұрғындарын бақытқа апаратын ең дұрыс жолға сілтеп, оған жеткізетін әрекетке талпындыруы тиіс [11.184-185].

Әрбір топ немесе әрбір халық бұл нәрселерді (діни ұғым, пайымдау, адам жанының сәулеленуі т.б.) өздеріне белгілі бағыт есебінде қабылдаған. Бақытқасенетін адамдардың көпшілігімұндай ұғымдарға, қиял елесіндегі бір нәрселер түрінде сенеді. Адамдар қабыл алатын, ереже тұтатын, сыйлайтын бастамалар туралы да осыны айтуға болады: адамдардың көпшілігі бұған ұғым түрінде емес, қиял елесіндегі нәрселер түрінде қабыл алады.

Әл-Фарабидің түсінігінше «Бақытқа ұғым түрінде сенетіндер және бастамаларды ұғым түріндегі бірдене деп қабыл алатындар–бұлар даналар» [12.147].

«Бақыт — әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат» екендігін атап көрсеткен әл-Фараби бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады, ал ондай мүмкіндік қайырымды қала тұрғындарында көбірек болатындығын дәлелдейді. Әл-Фараби басқаруды қайырымды және қайырымсыз деп екіге бөлді. Қайырымды, білімді, мәдениетті басқару халықты бақытқа бастайды, олардың іс-әрекетін, ерік-қасиетін осы жолға бағыттайды. Әл-Фараби, «адамдар шынайы бақытқа тек қайырымды қалада ғана қолы жетеді» деп тұжырымдай келіп, Қайырымды қаланың келбетін аша түсу мақсатында адамдар қоғамдастығы шоғырланған қалаларды классификациялап бөледі. Қайырымды қалада алдарына іс-әрекеттің өзара жәрдем көрсете білу мақсатын қойған қоғамдастығы бар қала халқы ғана бақытқа жете алады.

Әл-Фараби шынайы бақыт жолында **ынтымақтастық** жолы ерекше дейді[13.223-225]. Әл-Фараби осы қоғамның өзіндік ерекшеліктерін, ондағы өмірсүру формаларын, басшылар бойындағы қасиеттерді, адамдардың мінез-құлқын, өзі өмірсүріп отырған қоғамның өзіндік ерекшелігін талдайды.«Пасықтық қаласы немесе пасықтық қоғам» деп көңіл көтеру, әзіл-күлкі немесе осы екеуімен де айналысып, ішіп-жеу, ойнас жасау арқылы сезім рахатынабатуды мақсат тұтқанадамдардың қоғамын атайды, «надан қала» тұрғындарының бұл іс-әрекеттерін, арсыздық пен пасықтықтарына қарсылық білдіреді. Бұл қаланың тұрғындары рахат өмір сүру, бақытқа жету жолын тәннің немесе жанныңрахатына қатысты пайдалы нәрселермен емес, ойнап-күлу, ішіп-жеумен ғана бақытқа жетуді көздейтіндігін сынайды.

«Атақты адамдарға келетін болсақ, олардың пікірінше, атақтылықтың бұрынғы ұрпақтарынан мирас болып қалған, олардың әкесі мен ата-бабалары бай болса, немесе рахат өмірге кенелу үшін, оларда қымбат нәрселер, қаржы-қаражат мол болса, я болмаса, бәсеке-жарыстардан жеңіп шықса және осы нәрселерімен басқаларғапайдасын тигізген болса, бұл топ адамдарынанемесе қаланың барлық тұрғындарына, өздерінің сұлулығымен, төзімділігімен және ажалдан қаймықпайтын айбатымен, яғни жеңіске жету қаруларымен көзге түскен болса, атақты болады»,-дейді [14.156].

Адам бойындағы атақтылық қасиеттің осылайша қалыптасатынын ұлы ғалым бізге сол кездегіадамдардың ой-түсінігімен, топшылауымен түсіндіруге тырысқан. Атақ-абыройдың қалайша келетінін жіктей отырып, байлық-мансабымен қатар, басқаларға пайдасын тигізетін, өздерінің бойындағы жан сұлулығы мен төзімділігін, қаймықпайтын айбатын көрсете білетін адамдарды атақты адамдар қатарына жатқызады. Абыройқұмар басшы байлыққа, мансапқа қызықпай өздерінің істеген игіістері үшін тек құрметтен басқа ешнәрсе талап етпейтін, өзіістеген игіліктіістері үшін мадақтауды ғана талап ететін басшыларды айтқан. Әл Фарабидің пікірі бойынша, «Бақыттың игіліктер арасындағы орны сондай, адам бақытқа жетуі үшін оған жеткізетін әдістер мен заттар болғанын қалайды [15.114].

Әкімдердің осы қасиеттеріне орай «атаққұмар», «абыройқұмар» басшылар деп екіге бөліп қарастырған. Бақытты іздеу адамның өмірге жалпы бағасын ізденуде, оның тұлғалық және өзін-өзі іске асыратын, барлық шығармашылық сұраныстарын қанағаттандыруы және оларды жеке қоғамдық жүзеге асыруында жатыр.

Әл-Фараби өзінің «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» деген еңбегінде «Қалаларды қалай басқару керек?»- дей отырып, бұл сұраққа жауап та береді. Ол- басқарғанда ондағы тұрғындардың тұрмысының жақсаруына көмектесу, сөйтіп оларды бақыт жолына бағыттап отыру керектігін нақтылайды. Яғни, өз өмірінің бақытын көру үшін өзгеге қызмет ету, өзгені бақытты ету үшін өз бойыңдағы күш-қуатыңды, ақыл-ойыңды жұмсау қажет деген қағиданы ұстанады.

Әл-Фараби ұсынған бақыт табиғаты туралы мәселе әлеуметтік онтологияда әлі күнге дейін маңызды. Әль-Фарабидің еңбектері туралы А.Х. Қасымжанов: «Бақыт - әл-Фараби этикасының орталық категориясы – бұл жеке нәрсе емес. Оған өзін-өзі оқшаулау жолымен ғана қол жеткізу мүмкін емес. Жақсы қалада адамдардың бақыты, ізгілік, әділеттілік пен сұлулық іске асады» [16.147]. Адамның денесінің науқас және сау болатыны сияқты, оның жаны дасау немесе науқас болады. Жанның саулығы дегенде, әрдайым ізгі қасиеттер, игіліктіістерістеуі керек, тамаша әрекеттержасауы тиіс. «Денені емдеуші – дәрігер, ал жанды емдеуші - әмірші деп аталатын мемлекеттік қайраткер»,- дей отырып, осы әміршінің, яғни мемлекет қайраткерінің бізше «ұлттық тұлғаның» бойындағы қасиеттерді талдап, ғылыми тұрғыдасаралап көрсетеді.

Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты, қайырымдылық пен жаман қылықтаадамаға әуел бастан жаратылысынан дарымайды. Бірақ қайырымдылыққанемесе жаман қылыққа байланысты жаратылысынан бейім болуы мүмкін. Сонда оған қандай да болсын басқа әрекеттерден гөрі, әлгі күйден туатын әрекеттердіістеу оңайырақ болады. Дәл сол сияқты, ол жазумен немесе қандай да болсын басқа өнермен байланысты әрекеттерге бейім болуы мүмкін. Сонымен, оны қандай да болсын сырттан келген басқа бір ниет қарама-қарсыжаққа бағыттап жібермесе, ол әуелбастан-ақ жаратылысынан өзіне оңайырақ келетін әрекетке бет қояды,-дегендіайтады.

Әл-Фараби әр терминге ғылыми анықтама бере келіп, «Даналық дегеніміз – қалған басқа заттардың болмысын айқындап беретін, шалғайсебептердіжәне себептері бар заттардың таяу себептерін білуі,-деп көрсетеді[17. 221].

Әл-Фарабиөзінің дүниеге көзқарасын, этика және эстетикамәселелерітұрғысынан қарастыраотырып, жүйелендіре, нақтылай түседі. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету туралы» трактаттарында ол адам қоғамының шығуы, өмірсүру формалары, адамның мінез-құлқы, әділетті әкімнің бейнесі туралы ой толғайды. Ол ең әуелі өзі өмірсүріп отырған қоғамның құрылымын талдайды. Адамдар қауымының өмір сүру ортасыретінде қала халқын алады. Қалаларды жік-жікке бөле келіп, ол кемел де үлгілі құрылым ретінде ізгі қаланы таңдайды. Оған жақын келетін және тұрмыстық байланыстағы құрылым ретінде еңбекшілер тұратын «қажеттілік қаласы» деп атайды. Әл-Фараби әрі қарай «алыс-беріс» қаласы саудагерлер мен алыпсатарлар мекені, «бақытсыздық пен бұзылғандық қаласы» (ұры-қарылар, арам тамақтар мекені) деп бөліп ажыратады. Ізгі мемлекет (қала) туралы ілімін жасаудаәл-Фараби Платонға еліктеп, мемлекеттің әрбір мүшелерін белгілі бір қызметтіатқаратын адам тәніне ұқсас етіп қарастырады.

Осыған сәйкестігі мемлекеттегі феодалдық құрылысы суреттеледі. Идеалистік түрде жақауратып айтылғанмен, әл-Фараби адамдар арасындағы теңсіздік, артық-кемшілік анық сезілетіндігіне тоқталған. Мысалы, халық мемлекеттің жүрегісаналғанымен, олар да күн көріс қамын, харекетін жасауға, ойлауға мәжбүр,ішіп-жеу, үйлену-тойлану т.б. Ол мұндай теңсіздікті, әділетсіздікті жоюдың бірден-бір жолын ағартушылық, адамгершілік қасиетін тәрбиелеуді күшейту деп қорытады [7.21].

Қорытынды

Бақыт ұғымы әл-Фарабидің әлеуметтік мәдени негіздерінің өзегін құрап тұр. «Бұл феноменнің адам үшін құндылығы аса зор екендігі үнемі ескертіліп отырады» [18.177]. Бақыт мәселесін жан-жақты қарастырған ойшыл оның мынадай маңызды тұжырымдарын келтіреді: «ең үлкен игілік және ...оған адам ұмтылатын ең кемелді мақсат болып табылады», «бақыт адамға өз-өзімен және басқалармен үйлесімді өмір сүру үшін қажет», «бақыт бұл өзі үшін ғана ізделетін қайыр, жақсылық. Бақытқа жетуге көмектесетін ерікті әрекет – бұл әдемі әрекет. Оларды тудыратын адамгершіліктер мен әдеттер – бұл қайырымды нәрселер» [19.157].

«Бақыт – әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат» екендігін атап көрсеткен әл-Фараби бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады.

Әл-Фараби «адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала қайырымды қала болып табылады, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам, барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын болса, бүкіл жер жүзі осылайша қайырымды мекен болмақ» [20.305].

Бұл әл–Фарабидің адамзатты болашақ бақытқа жеткізу жөніндегі ең басты гуманистік принципі, халықтар достығы – ырыстың басы – ғұламаның түпкі ойы, имандай сыры міне осы қағидада жатыр. Басқаша айтқанда, адамдар бақыт жолында өзара көмек, достық, бейбітшілік қатынаста өмір сүруі керек [21.146].Осы бақыт тақырыбына орай, 2016 жылы **Біріккен Араб әмірлігінде БАӘ-нің премьер-министрі, Дубай қаласының әміршісі Мухаммед әл-Мактумнің бастамасымен лауазымды қызметтің жаңа түрі пайда болды. Ол қызмет «Бақыт» министрлігі деп аталады. Ол** министріліктің міндеті – мемлекеттік бағдарламалар мен саяси шаралар арқылы қоғамды бақыттырақ ете түсу. Сондай-ақ, «діни төзімділікті» әмірлік қоғамындағы басты құндылық ретінде дамыту, осы министрліктің құзыреттілігіне жатады. Бұл ерекше бастама да әл-Фарабибабамыздың «бақыт» концептісінің әлеуметтік-мәдени негіздерімен тікелей ұштасатын идеяның заманауи жемісі.

Әл-Фараби идеяларының әлеуметтік мәдени негіздері, айтылған ой пікірлері осы күнгі өмір талабымен үндесіп жатқаны даусыз. Адам бойындағы, оның ішінде басшы бойындағы бұл қасиеттердің қазіргі басшылардың да бойына қойылатын талаптар екені анық. Адал болып, айналасындағы адамдарға жылылықтың нұрын шашып, бақыт сыйлап бөліп жармай, қарамағындағыларды тең ұстайтын, өз жұмысын жақсы білетін білімді әрі адал басшыларға қоғам әлі де зәру.

Болашағымыздың жарқын, қоғамымыздың «ізгілікті болуы» үшін шындық пен шыншыл адамдарды сүйетін адал қайырымды басшылар көп болса, елде, қоғамда бақытты болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әл-Фараби,(1975). Әлеуметтік-этикалық трактаттар // Алматы,– 5-6 бб.

2. Омаров Е.С.,(2009). Бақыт онтологиясы: Әл-Фарабиден бізге дейін // Қазақ өркениеті. Казахская цивилизация. №3 (35).–13б.

3. Әл-Фараби,(1975).Бақыт жолын сілтеу – Алматы, RS, Халықаралық Абай клубы, 2005). –89б

4. Әл-Фараби,(1975).Бақыт жолын сілтеу – Алматы, RS, Халықаралық Абай клубы, 2005). –6б

5. Нысанбаев Ә.,(1998).Адам және ашық қоғам. – Алматы: Қаз. энцикл.,–328 б.

6.Әл-Фараби,(1975).Бақыт жолын сілтеу – Алматы, RS, Халықаралық Абай клубы, 2005). –89б

7. Әл-Фараби,(1975). Әлеуметтік этикалық трактаттар.Алматы.,–130б.

8. Аль-Фараби, (1970).Философские трактаты. - Алматы:Наука, – с. 305

9. Кузык Б.Н. Яковец Ю.В.,(2009). Цивилизации: теория, истоия, диалог, будущее/ Б.Н. Кузык, Ю.В.Яковец; авт. Предписл. А.Д. Некипелов.– М.: Институт экономических стратегий. Т. VI: Перспективы становления интегральной цивилизации. – М.: Институт экономических стратегий, – 576с.

10. Әл-Фараби,(1975). Әлеуметтік этикалық трактаттар. – Алматы., –137б.

11. Роллан Сейсенбаев, (2014). Абу Насыр Аль-Фараби Международный клуб Абая. Жидебай,– С.184-185.

12. Әл-Фараби,(1975).Әлеуметтік этикалық трактаттар. – Алматы., –147б.

13. Ханифи Өзжан, (2001). Фараби дүниетанымындағы бақыт мәселесі // Наследие аль-Фараби и мировая культура: материалы Международного конгресса «Наследие аль-Фараби и мировая культура». – Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК,– С.223-225.

14. Әл-Фараби,(1975). Әлеуметтік этикалық трактаттар. – Алматы., –156б.

15. Жарықбаев Қ., Алдамұратов Ә., Ғабитов Т.,(1997). Әдеп негіздері. Алматы., – 114 б.

16. Касымжанов А.Х. (1982). Абу Наср аль-Фараби. Москва: Мысль.147б

17. Әл-Фараби,(1975).Мемлекеттік қайраткерлерінің нақыл сөздері. Философиялық әлеуметтік трактаттарында. Алматы. Ғылым баспасы,–221б.

18. Нұрмұратов С.Е.,(2001).Әл-Фараби іліміндегі рухани құндылықтар// Наследие аль-Фараби и мировая культура: материалы Между-народного конгресса «Наследие аль-Фараби и мировая культура». – Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК,– сс. 175–181.

19. Әл-Фараби,(1975). Мемлекеттік қайраткерлерінің нақыл сөздері// Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирана VII-XII вв. М.: Прогресс, 2000. С.157.

20. Әл-Фараби,(1975). Мемлекеттік қайраткерлерінің нақыл сөздері. Философиялық әлеуметтік трактаттарында. – Алматы., –305б.

21. Көбесов А.,(2002)Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. Алматы.,–146б

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

УДК 94.001
МРНТИ 03.81.37

Болтенко Дмитрий Николаевич[1]

[1]*доцент кафедры Философии и социально-политических дисциплин,*
Пограничная Академия Комитета национальной безопасности Республики Казахстан,
г. Алматы, Казахстан

ИСТОРИОГРАФИЯ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ОХРАНЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ГРАНИЦЫ В ПЕРИОД С 1571 ДО 1940 гг

Аннотация

Границы существуют со времен возникновения государств, а в истории они упоминаются и описываются уже в первых письменных произведениях. К настоящему времени сформировалось и несколько жанров литературы, дающих трактовку их сути, истории возникновения и развития, изменяющейся роли в жизни страны и народов.

В данной статье рассмотрены исходные данные о границах, их начертаниях, режиме в приграничной полосе и правилах перемещения через нее людей, товаров и идей содержатся в советующих договорах и соглашениях, законах и юридических актах государств. Их расшифровке посвящены энциклопедические и справочные издания, а описания процессов возникновения и изменения содержатся в трудах по географии и страноведению, истории стран и народов, теории и истории Государства и права. Деятельность органов государственного управления и Пограничной службы, их выдающихся представителей освещается не только в служебных документах, но и произведениях художественной литературы и искусства.

Граница является важнейшим атрибутом государственности, первым рубежом обеспечения национальных интересов и безопасности страны.

Болтенко Дмитрий Николаевич[1]

[1]*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының философия және қоғамдық-саяси пәндер кафедрасының доценті,*
Алматы қ., Қазақстан

1571 ЖЫЛДАН 1940 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ АРАЛЫҚТА МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРА КҮЗЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУДЫҢ ТАРИХНАМАСЫ

Аңдатпа

Шекаралар мемлекеттер пайда болғаннан бері бар және тарихта олар алғашқы жазбаша жұмыстарда айтылған және сипатталған. Қазіргі уақытта әдебиеттің бірнеше жанры қалыптасты, бұл олардың мәнін, пайда болу және даму тарихын, ел мен халықтардың өміріндегі өзгеретін рөлін түсіндіреді.

Бұл мақалада шекаралар, олардың стильдері, шекара белдеуіндегі режим және ол арқылы адамдарды, тауарлар мен идеяларды өткізу ережелері туралы бастапқы мәліметтер кеңестік шарттар мен келісімдерде, мемлекеттердің заңдары мен құқықтық актілерінде қамтылған. Энциклопедиялық және анықтамалық басылымдар олардың шифрын шешуге арналған, ал пайда болу және өзгеру процестерінің сипаттамалары география және елтану, елдер мен халықтардың тарихы, мемлекет пен құқық теориясы мен тарихы туралы еңбектерде бар. Мемлекеттік басқару органдары мен Шекара қызметінің, олардың көрнекті өкілдерінің қызметі тек қызметтік құжаттарда ғана емес, сондай-ақ көркем әдебиет пен өнер туындыларында да қамтылады.

Шекара мемлекеттіліктің маңызды атрибуты, елдің ұлттық мүдделері мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін алғашқы шекара болып табылады.

Boltenko Dmitry Nikolaevich[1]

[1]*Associate Professor of the Department of Philosophy and Socio-Political Disciplines,*
Border Academy of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan,
Almaty, Kazakhstan

THE HISTORIOGRAPHY OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF STATE BORDER PROTECTION IN THE PERIOD FROM 1571 TO 1940

Abstract

Borders have existed since the emergence of States, and in history they are mentioned and described in the first written works. To date, several genres of literature have been formed that give an interpretation of their essence, the history of their origin and development, and their changing role in the life of the country and peoples.

This article examines the initial data on borders, their outlines, the regime in the border zone and the rules for the movement of people, goods and ideas through it contained in the Advisory treaties and agreements, laws and legal acts of States. Encyclopedic and reference publications are devoted to their interpretation, and descriptions of the processes of emergence and change are contained in works on geography and country studies, the history of countries and peoples, theory and history of State and law. The activities of state administration bodies and Border guards and their outstanding representatives are covered not only in official documents, but also in works of fiction and art.

The border is the most important attribute of statehood, the first border to ensure the national interests and security of the country.

Первым из дошедших до нас нормативных документов, регламентирующих действия пограничной стражи, стал «Приговор о сторожевой и станичной службе». Он составлен под руководством князя М.И.Воротынского и утвержден в Разрядном приказе 16 февраля 1571 г. В исторической литературе он подчас именуется «Общим уложением...», «Уставом...» …

Внимательное изучение Приговора позволяет сделать вывод о том, что данный документ был самым настоящим уставом службы по охране границ Московского государства в последней трети XVI в. Приговор определял виды, формы и способы действий порубежников (пограничников) при несении ими службы и обнаружении противника. Документ дает представление о содержании основных положений теории охраны границы того времени.

Охрана границы выступала как обеспечение защиты государства от внезапного нападения противника, составная и неотъемлемая часть его оборонительного потенциала. Задача пограничной стражи состояла в непрерывном слежении за противником на окраинах государства и оповещении о нем центральной власти и пограничных воевод. Служба по охране границы выступала в виде формы деятельности пограничной стражи. Основные способы службы по охране порубежья заключались в особом расположении сменяемых сторож по определенным рубежам и на избранных направлениях возможного движения противника, а также в высылке сменяемых станиц вглубь степи в определенные районы или же по определенным направлениям. В результате комплексное несение сторожевой и станичной службы обеспечивало решение задачи непрерывного слежения за противником и своевременного оповещения о нем государя и воевод на границах и рубежах в степи. Выделялось два вида службы по охране границы: сторожевая служба и станичная, имеющие свою специфику.

Были четко сформулированы требования, предъявляемые к сторожевой и станичной службе: непрерывность по времени и месту, скрытность действий, сосредоточение основных сил на главных направлениях, тесное взаимодействие с войсками в поле.

В марте 1623 г. был принят «Устав о сторожевой и станичной службе», который детализировал обязанности пограничных воевод, ввел круглосуточную систему охраны границы. Развитие коммуникаций, промышленности, торговли вели к увеличению числа задач по охране границы. В декабре 1753 г. был издан указ о перенесении внутренних таможен и места сбора пошлин на внешнюю границу. Охрана границы приобретает финансово-экономическое значение. Это предопределило тесное взаимодействие таможенной службы и пограничной стражи.

В сентябре 1782 г. издан указ «Об учреждении особой таможенной цепи и стражи для отвращения потаенного привоза товаров». Таможенные заставы были переданы в надзирательские дворы. Надзор на границе стал осуществляться одновременно в военном и таможенном отношениях. В сентябре 1802 г. принято «Положение о Донском казачьем войске». Положение наряду с другими обязанностями казаков определило их задачи в охране границы на кордонных линиях и при несении службы «вне войска».

В преддверии войны в 1811 г. утверждено «Положение об устройстве военной стражи». На первую линию охраны границы встали полки Донского и Бугского казачьих войск, которые осуществляли войсковое прикрытие границы. Более четко осознается основная задача пограничной стражи – оберегать экономику государства от конкуренции извне.

В августе 1827 г. утверждено «Положение об устройстве таможенной пограничной стражи», чем положено начало перехода таможенной пограничной стражи на положение ведомства, приравненного к военному. Это начало становления пограничной стражи как специальных войск. В 1832 г. Таможенная пограничная стража переименована в пограничную стражу Департамента внешней торговли Министерства финансов. В 1893 г. Пограничная стража

выделена из Департамента таможенных сборов министерства финансов. Образован Отдельный корпус пограничной стражи (ОКПС) России, как особый род войск, предназначенный для охраны границы.

Важной вехой в упорядочении службы на границе стало принятие Правил об Отдельном корпусе пограничной стражи (1910 г.) и Инструкции службы чинов Отдельного корпуса пограничной стражи (1912 г.). Большое значение имел тот факт, что в этих документах регламентировался порядок применения оружия, производства обысков и выемок. С их принятием было завершено создание нормативно-правовой базы деятельности пограничников на основе обобщения многовекового опыта службы.

На рубеже XIX и XX вв. основными нарушителями границы считались: контрабандисты, лица, тайно переходившие границу помимо таможенных учреждении и пропускных пунктов, даже если при них не было контрабанды; выходцы, то есть люди, решившие незаконным путем покинуть Россию и поселиться в других странах. Но были и другие категории нарушителей: дезертиры, уголовники и пр. Для удобства охраны граница разделялась между отрядами на участки, которые назывались дистанцией отряда. Дистанции, в свою очередь, делились на расходы, охраняемые постом (кордоном). Расход также делился на участки, порученные для охраны часовым. Дороги или тропинки, проложенные по черте границы или близ нее, назывались патрульными, посторонним лицам ходить и ездить по ним запрещалось. Все участки обозначались вехами или особыми столбами с номерами. Днем и ночью пешком и на лошадях наряды охраняли свои участки. Силы и средства, применяемые в том или другом месте, виды нарядов определял командир отряда, он же вырабатывал и приемы борьбы с нарушителями. Нарядами руководили начальники постов.

Пограничная служба в начале XX в. подразделялась на сторожевую и разведывательную. Первый вид службы предусматривал наблюдение и контроль на линии границы, второй - ведение агентурной и войсковой разведки. Охрана границы строилась в две линии. На второй линии задерживали нарушителей, прорвавшихся через первую, здесь проверяли товары, отправляющиеся транзитом из таможен, осматривали всех проезжавших через границу и их вещи, выявляли беглых, преступников и дезертиров.

Охрана границы в две линии, безусловно, оправдывала себя. В сторожевой службе, которую несли чины ОКПС, основными видами нарядов были: часовой на границе, секрет, конный разъезд и объезд (патруль), летучий отряд, часовой у таможенной рогатки, дежурный у поста (кордона); в казачьих войсках – преимущественно конный разъезд, засада, секрет, конвой; на морской границе – разъезды на лодках, крейсирование судов флотилий. На сухопутном участке наряды выставлялись не только вдоль границы, но и вглубь. Вид наряда «часовой на границе» считался основным, секрет применялся реже, преимущественно ночью. При встрече с нарушителями пограничники должны были действовать быстро и решительно, вплоть до применения оружия. Службу на сухопутном участке пограничникам облегчали наблюдательные вышки высотой 3-4 м, различные сигнальные и заградительные системы. В качестве сигнальных средств использовали валежник и сухой камыш, издававшие треск, когда по ним кто-либо шел. Сами пограничники нередко применяли различные хитрости. На пример, видимость присутствия стражи создавалась путем использования чучел сидящих людей.

Пограничная стража (ОКПС) совместно с другими ведомствами (карантинная стража, внешние военные караулы, морской надзор) осуществляли карантинный надзор. В конце XIX в. для пресечения провоза контрабанды железнодорожным транспортом, получавшим в России все более широкое распространение, был организован пограничный надзор на железных дорогах – железнодорожные отряды. В основе их службы лежал гласный и негласный надзор в пакгаузах, багажных отделениях, на вокзалах. В наиболее важные пункты железных дорог для расследования причин провоза больших партий контрабанды направлялись специальные команды. Они находились в этих местах до «окончательного искоренения» там контрабанды. Нижние чины ОКПС выставлялись также часовыми на таможнях, таможенных заставах, таможенных постах, переходных пунктах.

Государственная граница России к началу XX в. проходила в различных климатических зонах и природных условиях, в разных регионах имела свои особенности, что учитывалось при организации ее охраны.

Пограничная наука в дореволюционный период носила сугубо эмпирический характер, но, тем не менее, именно в конце XIX - начале XX веков закладываются ее основы на общетеоретическом, философском уровне. Социально-политические основы погранологии (взгляды на сущность государственных границ, их справедливое устройство, обеспечение их нерушимости и безопасности) были заложены в России в трудах знаменитого русского просветителя А.Н.Радищева, декабриста П.И.Пестеля, русских историков Н.М.Карамзина, С.М.Соловьева, В.О.Ключевского, революционеров-демократов А.И.Герцена и Н.Г.Чернышевского и ряда других просветителей. Их теоретические работы открыли путь к пониманию охраны и защиты государственной границы как важнейшей функции государства, обосновали необходимость ее реализации с помощью специальных структур.

После Октябрьской революции с началом формирования советской государственности, изменением внутренней и внешней политики наступил новый этап в истории строительства и деятельности пограничной службы. Перед пограничниками была поставлена задача обеспечить монополию внешней торговли государства, пресечь экономическую контрабанду, вести жесткую борьбу со всеми попытками реставрации капитализма. Военно-политическая обстановка в стране характеризовалась напряженной борьбой с контрреволюцией внутри страны и на государственной границе.

Первым актом, положившим начало формированию правовых основ охраны государственной границы, следует считать принятие неотложных мер по закрытию границ и восстановлению порядка пропуска через них, по формированию органов управления пограничной охраной. В Декрете СНК РСФСР от 28 мая 1918 г. указывалось,

что погранохрана учреждается при Наркомате по делам финансов. На нее была возложена задача защиты интересов государства, а в пределах пограничной полосы - защита личности и имущества граждан.

В Декрете давалось определение пограничной полосы и 12-мильной морской таможенной полосы, указывалась необходимость создания свободного проезда вдоль черты границы, отмечалось, что комплектование и вооружение пограничной охраны осуществляется на общеармейских основаниях. Положения декрета были целиком или в несколько измененном виде заимствованы из Правил об Отдельном корпусе пограничной стражи 1910 г. и Инструкции службы чинов ОКПС 1912 г. Это наглядно свидетельствует о том, что погранохрана государства стала преемницей дореволюционной пограничной стражи в использовании ее положительного опыта в охране границы Советского Союза. Вместе с тем в декрете Совнаркома содержалось несколько положений, отражавших советские реалии. В основе комплектования пограничной охраны лежали принципы классовости и добровольчества. Декрет возложил на военное ведомство снабжение пограничной охраны не только вооружением, но и снаряжением, инженерными и медико-санитарными средствами.

В связи с тем, что в начале 1920-х гг. обстановка на государственных границах Республики характеризовалась широким проведением контрреволюционерами тайных подрывных акций, основным видом борьбы с нарушением границ была правомерно признана оперативная работа органов государственной безопасности, подкрепленная войсками ВЧК, в состав которых входили и пограничные войска. Этим самым были заложены оперативные основы служебно-боевой деятельности пограничных войск. Одновременно было сформулировано требование о необходимости непрерывной охраны границы днем и ночью, которое впоследствии стало одним из основных принципов охраны границы. Учитывая различные негативные моменты применения оружия при выполнении задач охраны границы, были сформулированы первые правовые основы его применения.

Характер подрывных действий противника на границе, шпионаж, диверсии, вооруженные провокации, контрабандная деятельность, обусловили необходимость в уточнении взглядов на систему охраны государственной границы. В связи с этим по-новому были классифицированы размеры и назначение пограничных полос (в частности, введено и понятие «12-мильная морская полоса»), сформулированы положения о применении пограничниками оружия по летательным аппаратам-нарушителям границы, о взаимодействии пограничных войск с частями Красной Армии в интересах успешной борьбы с бандами и преступными группами противника на государственной границе. На этой основе стал шире обобщаться опыт охраны в различных регионах страны.

В 1924 г. был принят первый Временный устав службы пограничной охраны ОГПУ. «Цель издания устава, - указывалось в приказе ОГПУ от 12 июля 1924 г., - введение единообразных принципов и методов в понимание и несение сторожевой службы пограничной охраны».

Анализируя опыт охраны границы после выхода Временного устава, Всесоюзное совещание начальников частей погранохраны в апреле 1925 г. сделало вывод, что в соответствии с обстановкой единственно возможным видом охраны является сочетание секретной и наружной охраны, а в борьбе с контрабандой более предпочтительны тактика создания специальных групп, блокирование отдельных участков границы. В этот же период было принято использования служебных собак в интересах охраны границы.

Все эти факты свидетельствовали о необходимости дополнительного теоретического обобщения накопленного опыта и правовом его закреплении. Это и было сделано в новом Положении об охране государственных границ Союза ССР, утвержденном ЦИК и СНК СССР 15 июня 1927 г. В нем, в частности, закреплено понятие «политическая охрана границы», под которым подразумевалась борьба пограничной охраны с попытками незаконного ввоза в пределы СССР идеологически вредной литературы, оружия и т.д., либо перехода границы с целью учинения контрреволюционных акций. Введен в служебный оборот термин «санитарная охрана государственных границ СССР».

Важными событиями, олицетворявшими дальнейшее развитие теории и практики охраны границы, явились возложение в 1928 г. на пограничные войска в полном объеме функций погранпредставительской деятельности, разработка основ взаимодействия пограничных войск и частей РККА в борьбе с иностранными самолетами, нарушающими государственную границу СССР, применение в служебно-боевой деятельности пограничных войск в 1929 г. в ответ на провокации противника так называемых активных форм охраны границы, разработка в 1931 г. Инструкции о порядке привлечения населения пограничной полосы к охране государственной границы СССР.

В начале 30-х годов на ряде участков государственной границы обстановка осложнилась. Увеличилось число нарушений границы подготовленными нарушителями. Возросло количество диверсий, антисоветских и контрреволюционных проявлений, шпионских и бандитских акций, нарушений воздушного пространства. В это время общетеоретические посылки формирования пограничной политики и политической охраны границы государства нового типа, строительства пограничных войск Советского Союза были сформулированы в 1931-1934 гг. А.Х.Артузовым, впоследствии нашедшие свое развитие в трудах Г.Ф.Донченко, Ф.Ф.Помитяева, Д.И.Горшкова и других ученых и практиков.

На основе теоретических взглядов и накопленного опыта предлагалось переходить от линейной охраны к гибкому эшелонированию сил в глубину, совершенствовать подготовку и проведение отрядных учений, пересмотреть взгляды на организацию борьбы с воздушными нарушителями границы, наладить службу ВНОС (воздушное наблюдение, оповещение, связь) на границе. Впервые в теоретических поисках выдвигались положения в обоснование различий категорий «оперативно-служебные действия» и «оперативно-боевые действия».

Предвоенные годы (1936-1941 гг.) характеризовались дальнейшим осложнением международной обстановки вследствие начала Второй мировой войны; советско-финляндской войны. В связи с повышением напряженности обстановки на государственных границах СССР принимались дополнительные меры по усилению их охраны. Увеличивался численный состав пограничных войск, принимались меры к повышению их боевой готовности. Опыт боевых действий пограничных войск на озере Хасан (июль 1938 г.) был проанализирован и обобщен. В частности, вопросы управления, взаимодействия их с частями РККА, совершенствования разведки. Большое внимание было уделено изучению опыта боевых действий пограничных войск в период советско-финляндской войны. вые были разработаны положения о ГУПВ и морском отделе ГУПВ. Опыт работы с местным населением и его применения в охране границы был закреплен в новой инструкции, утвержденной в 1939 г.

Богатый опыт служебно-боевой деятельности войск был обобщен в проекте Устава пограничной службы (УПС-40). В нем нашли отражение новые аспекты в содержании таких категорий теории охраны государственной границы, как «силы и средства охраны границы». К силам и средствам охраны границ относились: сухопутные, морские и авиационные части пограничных войск, органы разведки (важнейшее средство), технические средства (заграждения, сигнализационные устройства, средства наблюдения, освещения и др.), местное пограничное население, подразделения частей Красной Армии и сил Военно-морского Флота, выделенные для поддержки пограничных частей.

В Уставе рассматривались основы действий пограничных войск: бдительная служба и активный розыск; искусный маневр и меткий огонь; преследование нарушителей. Сущность пограничной службы представлялась как активные действия по выявлению нарушителей, своевременное их обнаружение, захват или уничтожение.

Список использованной литературы:

1. *Беляев И.Д. О сторожевой, станичной и полевой службе на польской Украине Московского государства, до царя Алексея Михайловича. М., 1846*
2. *Боярский В.И. Наука о регулятивной функции государственной границы: Основные теоретические и практические выводы, вытекающие из анализа истории пограничной мысли. Электронное научное издание Альманах Пространство и Время. Т.3 Вып.1, 2013 Специальный выпуск ПРОСТРАНСТВО И ВРЕМЯ ГРАНИЦ*
3. *Летопись пограничных войск КГБ СССР. М.: Воениздат, 1981*
4. *Составители: полковник Дорошенко И.А., подполковник Незнанов Н.А., подполковник Тихомиров Б.П., подполковник Любимов С.Е. Из истории Советских пограничных войск (1921-1927 гг.) – документы и материалы. Москва, 1963*
5. *Составители: подполковник Дорошенко И.А., подполковник Незнанов Н.А., подполковник Тихомиров Б.П., подполковник Любимов С.Е. Из истории Советских пограничных войск (1921-1927 гг.) – документы и материалы. Москва, 1963*
6. *Составители: подполковник Дорошенко И.А., подполковник Картавцев И.И. Из истории Советских пограничных войск (1928-1934 гг.) – документы и материалы. Москва, 1971*

ӘӨЖ 94(470)
ҒТАХР 03.20.00
IRSTI 03.20.00

Жалмагамбетов Ерланбек Адилбекович[1]

[1]*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,*
Алматы қ., Қазақстан. E-mail: Yerlan_bek@mail.ru

СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНАН КЕЙІНГІ ОНЖЫЛДЫҚТАҒЫ ШАРУАЛАР: РЕСЕЙ ТАРИХНАМАСЫ

Аңдатпа

Хотя этот законодательный акт играет позитивную роль в сохранении исторического наследия страны, несовершенство правовой архивной среды на сегодняшний день очевиден. Многие действующие нормативы в области информации не учитывают интересы архивной сферы, что создаёт сложности во взаимоотношениях между архивами и учреждениями, создающими аудиовизуальную документацию. Так, в законах страны «Об авторском праве и смежных правах» от 10 июня 1996 года, «О средствах массовой информации» от 23 июля 1999 года не предусматриваются вопросы сохранности, отбора и передачи аудиовизуальных документов на постоянное хранение в государственные архивы.

Полноценное формирование национального аудиовизуального фонда на настоящий момент зависит от серьёзного законодательного регулирования, так как создаваемая аудиовизуальная продукция имеет не только материальную ценность, но и рыночную стоимость. Такая постановка вопроса требует межведомственных контактов и сотрудничества по проблемам аудиовизуальной документации с целью гарантии сохранности и использования документального наследия. Нежелание многих учреждений, создающих аудиовизуальную документацию, передавать ретроспективные комплексы, имеющие историческое значение в государственный архив и создание режимных условий их хранения и использования, являются сегодня очевидным фактом.

В целях полноценного комплектования ретроспективной аудиовизуальной информацией издан отраслевой распорядительный документ – приказ министра культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан от 13 ноября 2000 года № 212 «О мерах по сохранению уникальных аудиовизуальных документов», где были предприняты меры по отбору, приёму и обеспечению сохранности этих видов документов. Национальным аудиовизуальным архивом как методическим центром подготовлены ряд нормативно-методических пособий, регулирующие отдельные направления работы с аудиовизуальной документацией («Инструкция о порядке отбора и передачи на государственное хранение кинодокументов и видеофонограмм», «Методические рекомендации по работе с видеофонограммами в государственных архивах Республики Казахстан» (2001 г.), Правила комплектования, хранения, учета и использования документов Национального архивного фонда, других архивных

документов государственных и специализированных государственных архивов, утвержденного приказом Министра культуры и спорта от 22 декабря 2014 г.) [ЦГА КФДЗ РК, МЦ, № 724]. Хотя впервые на правительственном уровне намечаются реальные шаги по организации «хранения, использования и передачи в государственные архивы подлинников или заменяющих их копий аудиовизуальных документов, образующихся в деятельности подведомственных государственных учреждений, государственных казенных предприятий, историко-культурных заповедников», тем не менее, отсутствуют нормы и правила, которые бы гарантировали обязательную сохранность частных архивов.

Существующая нормативно–правовая база не позволяют решать проблему сохранности аудиовизуального наследия на должном уровне. Прежде всего, имеет место несогласованность и разночтение по данным вопросам в разных законах, отсюда – возникающие разногласия и противоречия и, как результат, нарушение системности формирования НАФ, и, что совсем недопустимо, угроза в обеспечении сохранности документального наследия.

К примеру, принят Закон Республики Казахстан от 3 января 2019 года № 212-VI ЗРК «О кинематорафии». Статья 16 в нем гласит, что государство осуществляет мероприятия, направленные на сохранение национальных фильмов, фильмов, произведенных в Республике Казахстан, фильмов совместного производства и кинолетописи, в том числе исходных материалов национальных фильмов и кинолетописи, как неотъемлемой части национального культурного достояния [adilet.zan.kz,2019]. Однако, исходные фильма и фильмокопии должны хранится в государственном фонде фильмов, положение о котором утверждается центральным органом исполнительной власти в области кинематографии. И ни слова - о Национальном архивном фонде. По нашему мнению, исходные материалы фильмов документального характера произведений кино- и видеолетописи должны хранится в ЦГА КФДЗ РК.

Следует отметить, что есть механизм реализации передачи аудиовизуальных документов в архивы. Правила приема, хранения, учета и использования документов Национального архивного фонда и других архивных документов ведомственными и частными архивами, утвержденные постановлением Правительства Республики Казахстан от 19 сентября 2018 года № 575, предусматривают передачу обязательного экземпляра документов на государственное хранение производителями аудиовизуальной продукции. Однако, фондообразователями не всегда соблюдаются этот нормативный акт. Причины здесь разные. Во-первых, это требует от фондообразователей дополнительных финансовых затрат. Во-вторых, немаловажное значение имеет и такой момент – в новых условиях информация превратилась в товар, который используется в коммерческих целях. При реализации архивного законодательства к числу наиболее сложных относится проблема понимания авторского права и смежных прав. По нашему мнению, подлежат разграничению права, обязанности и ответственность, связанные с полномочиями сторон. Архив пытается решать эти вопросы, но без соответствующего правового и организационного обоснования делать это не так просто.

Отказ от передачи в НАФ первичных документов создает реальную угрозу тому, что не все наследие будет собрано, так как нет никакой гарантии, что все что создано, будет сохранено вне НАФ РК. В конечном счете, все это может привести к невосполнимым утратам ценной документной информации. Как правило, статьи законов и постановлений об ответственности за сохранность документов трактуются не в пользу архивов.

Специалисты отмечают, что основы архивного законодательства должны совершенствоваться в направлении предоставления государственным архивам возможности контролировать состояние исторически значимых ретроспективных документальных фондов всех структур, независимо от организационно-правовых форм. Такие действия правительства смогли бы обеспечить достаточно высокий уровень интегрированности ведомственных архивов в национальный архив, где формируется адекватная источниковая база по истории нашей страны.

Заключение

В соответствии с государственной программой «Архивы - 2025» перед архивами стоят большие задачи по дальнейшему совершенствованию нормативной правовой базы. В число их входит правовое обеспечение вопросов комплектования государственных архивов аудиовизуальной и научно-технической документацией, а также совершенно нового направления – комплектования и хранения электронной документации. Возникает необходимость расширения правовых рамок, определяющие ответственность и процедуры, которые были бы применимы для новой цифровой среды.

Следует отметить, что у национального аудиовизуального архива на настоящий момент нет возможности аккумулировать всю систему аудиовизуальных источников, так как историко-документные собрания хранятся также в областных государственных архивах, библиотеках, музеях. Отсутствие системы централизованного учета аудиовизуальных источников не позволяет архиву осуществлять реальный контроль за состоянием и сохранностью аудиовизуальных документных собраний в общегосударственном масштабе. Отсюда вытекает, что должно быть продолжено совершенствование законодательства, которое касается архивного хранения аудиовизуального наследия. Крайне необходим закон об аудиовизуальном наследии, о праве использования архивной аудиовизуальной информации в коммерческих целях, об ответственности за неправомерное использование информационных ресурсов, составляющих национальное достояние и др.

Национальный аудиовизуальный архив является сегодня не только обязательным звеном информационно-архивной инфраструктуры государства, но и неотъемлемой частью общенациональной культуры. Как составляющая коллективной памяти общества, архив строится на таких основных позициях, выработанных в связи с новой концепцией в архивном деле, как: сохранность архивного наследия; демократизация правовой базы архивного дела; выработка новых законодательных актов; открытость и доступность архивов.

Опираясь на накопленный положительный опыт работы в новых условиях, архивисты стремятся найти оптимальные решения существующих проблем. Опыт деятельности национального архива показывает не только возможность формирования специальной аудиовизуальной источниковой базой, но и демонстрирует многогранность архивной сферы, способность его развития в соответствии с тенденциями времени через обогащение теоретических основ архивной науки новыми подходами, методами и средствами работы с нетрадиционными видами документальных материалов.

Список использованной литературы:

1. *Архивное строительство в Казахской ССР (1918-1980 гг.)/ Сб. законодательных и руководящих документов (1980), Алма-Ата, 234 с.*
2. *Бюллетень Центрархива РСФСР (1927). № 8/63, 25 с.*
3. *Закон Республики Казахстан от 3 января 2019 года № 212-VI ЗРК «О кинематорафии» //adilet.zan.kz, 2019*
4. *Инструкция о порядке учета и хранения фотодокументов в учреждениях, предприятиях и организациях Союза ССР (1944). Москва, ГАУ МВД СССР, 12 с.*
5. *Методические рекомендации по отбору фотодокументов на государственное хранение и комплектованию ими государственных архивов (1977). Москва, ЦГАКФФД СССР, 145 с.*
6. *Собрание узаконений и распоряжений Рабоче-крестьянского правительства РСФСР (1926). Москва, № 7.*
7. *Сборник узаконений и распоряжений по архивному делу (1927). Москва, 165 с.*
8. *ЦГА РК, ф. 5, оп.1,д.20, лл.130-131.*
9. *ЦГА РК, ф.1137, оп. 8, д.1, л.106.*
10. *ЦГА КФДЗ РК, МЦ, № 12, 52.*
11. *ЦГА КФДЗ РК, МЦ, № 27, 28а.*
12. *ЦГА КФДЗ РК, МЦ, № 724.*

УДК 39(574.42)
ГРНТИ

В.И.Султанова[1]

[1]*к.и.н., ассоциированный профессор университет Мирас,*
Шымкент, Казахстан

ОПИСАНИЕ ТРАДИЦИОННОГО УКЛАДА ЖИЗНИ, БЫТА И КУЛЬТУРЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА ПО НАБЛЮДЕНИЯМ ДОРЕВОЛЮЦИОННЫХ РОССИЙСКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ В НАЧАЛЕ И СЕРЕДИНЕ XX в.

Аннотация

Процессы активной суверенизации и становления независимого Казахстана сопровождались значительным подъемом общественного интереса к богатому историко-культурному прошлому казахского народа. В современную эпоху общество целенаправленно стремится заново переосмыслить главные вехи пройденного длительного исторического пути и определить свое принципиально новое место в современной социальной действительности.

Независимый Казахстан твердо идет по пути глубинного обновления и общественного прогресса. С обострением суверенитета особую актуальность приобрели процессы возрождения национального самосознания, изучение духовных и нравственных ценностей казахского народа, жестко подавляемых в условиях господства Советской тоталитарной системы.

В историографии проблем изучения этнографии казахов весьма существенной была научно-исследовательская деятельность дореволюционных российских исследователей начала и середины XX века.

На наш взгляд, собранный ими богатый эмпирический материал дает представителям научной общественности возможность представить реальную картину традиционного уклада жизни, быта и культуры, психологии и менталитета народов Центральной Азии.

Стремление получить полезную информацию из первых рук выступает исследовательским кредо многих дореволюционных российских исследователей рассматриваемого нами периода.

После завоевания Казахстана Российской империей началось массовое издание многочисленных отчетов, очерков, публикаций военных, гражданских чиновников, генерал-губернаторов и, в том числе, исследователей. Большинство авторов писали об увиденном Туркестанском крае и специально изученном ими материалов, куда входил и Южный Казахстан.

Ключевые слова: кочевой народ, кочевая культура, Южный Казахстан, российские исследователи, кочевой быт, культура, этнография.

В.И.Султанова[1]

[1]*т.ғ.к., ассоц.профессор Мирас университеті,*
Шымкент, Қазақстан

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ МЕН ОРТАСЫНДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ РЕСЕЙ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӨМІР САЛТЫН, ТҰРМЫСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІН СИПАТТАУ

Аңдатпа

Тәуелсіз Қазақстанның белсенді егемендігі мен қалыптасу процестері қазақ халқының бай тарихи-мәдени өткеніне қоғамдық қызығушылықтың айтарлықтай өсуімен қатар жүрді. Қазіргі таңда қоғам мақсатты түрде жүріп өткен ұзақ тарихи жолдың негізгі белестерін қайта қарауға және оның қазіргі әлеуметтік шынайы принциптерінің жаңа орнын анықтауға ұмтылуда.

Тәуелсіз Қазақстан терең жаңару мен әлеуметтік прогресс жолына нық қадам басып келеді. Егемендіктің шиеленісуімен ұлттық өзіндік сана-сезімнің қайта өркендеу процестері, кеңестік тоталитарлық жүйенің үстемдігі кезінде қатаң түрде басылған қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтарын зерттеу ерекше өзектілікке ие болды.

Қазақтардың этнографиясын зерттеу проблемаларының тарихнамасында XX ғасырдың басы мен ортасындағы революцияға дейінгі орыс зерттеушілерінің зерттеу қызметі өте маңызды болды.

Біздің ойымызша, олар жинақтаған бай эмпирикалық материалдар ғылыми қауымдастық өкілдеріне Орталық Азия халықтарының дәстүрлі өмір салты, тұрмысы мен мәдениеті, психологиясы мен менталитеті туралы нақты көрініс ұсынуға мүмкіндік береді.

Пайдалы ақпаратты бірінші кезекте алуға деген ұмтылыс біз қарастырып отырған кезеңдегі революцияға дейінгі көптеген ресейлік зерттеушілердің зерттеу сенімі болып табылады.

Қазақстанды Ресей империясы жаулап алғаннан кейін әскери, азаматтық шенеуніктердің, генерал-губернаторлардың, оның ішінде зерттеушілердің көптеген есептерін, очерктерін, жарияланымдарын жаппай шығару басталды. Көптеген авторлар Түркістан өлкесі мен олардың арнайы зерттеген материалдары туралы жазған, оған Оңтүстік Қазақстан да енді.

Түйінді сөздер: көшпелі халық, көшпелі мәдениет, Оңтүстік Қазақстан, Ресей зерттеушілері, көшпелі тұрмыс, мәдениет, этнография.

V. I .Sultanova[1]

[1]*Candidate of Historical Sciences. Associate Professor, Miras University,*
Shymkent, Kazakhstan

DESCRIPTION OF THE TRADITIONAL WAY OF LIFE, LIFE AND CULTURE OF THE KAZAKH PEOPLE ACCORDING TO THE OBSERVATIONS OF PRE-REVOLUTIONARY RUSSIAN RESEARCHERS IN THE EARLY AND MID-TWENTIETH CENTURY

Abstract

The processes of active sovereignty and the formation of an independent Kazakhstan were accompanied by a significant rise in public interest in the rich historical and cultural past of the Kazakh people. In the modern era, society purposefully seeks to rethink the main milestones of the long historical path traversed and to determine its fundamentally new place in modern social reality.

Independent Kazakhstan is firmly following the path of deep renewal and social progress. With the aggravation of sovereignty, the processes of the revival of national self-awareness, the study of the spiritual and moral values of the Kazakh people, which were severely suppressed under the dominance of the Soviet totalitarian system, acquired special relevance.

In the historiography of the problems of studying the ethnography of Kazakhs, the research activity of pre-revolutionary Russian researchers of the early and middle of the 20th century was very significant.

In our opinion, the rich empirical material they have collected gives representatives of the scientific community the opportunity to present a real picture of the traditional way of life, everyday life and culture, psychology and mentality of the peoples of Central Asia.

The desire to obtain useful information at first hand is the research credo of many pre-revolutionary Russian researchers of the period under consideration.

After the conquest of Kazakhstan by the Russian Empire, the mass publication of numerous reports, essays, publications of military, civilian officials, governor-generals and, including researchers, began. Most of the authors wrote about the Turkestan region they saw and the materials specially studied by them, which also included South Kazakhstan.

Key words: nomadic people, nomadic culture, South Kazakhstan, Russian researchers, nomadic life, culture, ethnography.

Подавляющая часть российских исследователей того времени в своих изысканиях в принципе исходили из потребностей освоения и колониального управления завоеванными территориями. С другой стороны, их мировоззренческие представления базировались на ценностях западной цивилизации существенно отличающейся от восточной. Особенно это касалось кочевых народов традиционный образ жизни которых воспринимался в качестве исторических отсталого и примитивного. Вместе с тем, ценность исследованиям российской историографии того периода придает то, что их авторы являлись современниками изучаемых этносов того времени и поэтому обладали возможностью непосредственного наблюдения за их традиционным бытом и образом жизни. Это обстоятельство позволило им собрать богатый этнографический материал, который при его критическом переосмыслении, можно рассматривать и в качестве первоисточника.

Немало интересных и ценных этнографических сведений о казахах содержатся в статье известного дореволюционного российского исследователя Э.С. Вульфсона «Киргизы», вышедшей в свет в 1901 году в Москве. В ней данный исследователь характеризуя питание кочевых казахов пишет, что «летом киргиз питается кумысом, молоком, куртом (сушенный сыр), мясом получаемым от своих стад, шерсть баранов и верблюдов доставляют им средства для изготовления войлоков и сукна для одежды [1, С.2].

Также в данной статье живописно описана картина перекочевки казахского кочевого аула. По свидетельству Э.С. Вульфсона «Перекочевка-самая веселая пора в жизни киргизов. Впереди идут стада, мужчины и женщины следуют за ними верхом, парни и девицы в самых праздничных нарядах вихрем несутся по привольной степи на своих быстрых конях, догоняя друг друга, их громкий смех далеко разносится по степи. Вся безмолвная дотоле степь огласилась теперь гулом и шумом, блеяние овец, ржание лошадей, протяжный крик верблюдов, все слилось вместе и наполняет воздух жизнью и радостью [2, С.3].

На наш взгляд, данная работа Э.С. Вульфсона позволяет наглядно увидеть реальные картины кочевого быта казахов.

В 1910 году в «Кауфманском сборнике» была помещена интересная и содержательная статья известного революционного российского исследователя Н.П. Калмакова под заглавием «Некоторые семейные обычаи киргизов северных уездов Сырдарьинской области», в котором автор ярко и колоритно описывает семейно-брачные обряды, ритуалы, обычаи казахов, связанные со сватовством. Так, например, он пишет: «Почти все без исключения киргизы любят общество, всякие новости разносятся по киргизской степи с быстротой телеграфа, они охотно болтают, большие любители вкусно поесть и повеселиться, на устраиваемых тоях. Тои обыкновенно устраиваются богатыми киргизами по случаю какого-либо и семейного торжества: свадьбы, обрезания, поминок и т.д. [3, С.221].

И далее описывая похоронно-поминальные обычаи и обряды казахов автор пишет, что «похороны у киргизов происходят или в день смерти, или утром на следующий день; если могила вблизи аула, то переносят покойника на носилках самого примитивного устройства, а если могила далеко, то труп обертывают в кошму и везут на верблюде. За похороны муллы получают или верблюда или люшадь, или барана, смотря по состоянию родственников умершего [4, С.228].

В 1913 вышла интересная книга Д.Н. Логофета «В горах и равнинах Бухары» (очерки Средней Азии), в которой также есть заслуживающие внимания сведения о казахах, проживавших на территории Бухарского эмирата. Автора, в частности, несколько удивило, что казахские женщины не закрывают лиц и посторонний мужчина может не только посмотреть, как они работают, но и даже заговорить с ними» [5, С.449-450]. В свою очередь, казахские женщины с которыми он общался, удивились, что у него только одна жена. В процессе общения с казахами-мужчинами и женщинами – автор сделал для себя целый ряд неожиданных открытий «Вообще во многом оказалось, что наше мнение о положении женщины совершенно не соответствует действительности что у женщин есть большие права, ограждающие по закону их супружескую жизнь» [6, С.451-452].

Таким образом, важным моментом в данных рассуждениях Д.Н.Логофета является то, что он наглядно увидел определенные различия между положением женщин у традиционно оседлых народов Центральной Азии и у кочевых. Сама жизнь в степи делала невозможным выполнение всех исламских предписаний в отношении женщины, и поэтому ситуация выглядела сравнительно либеральной.

В 1914 году вышла в свет работа М.В. Лаврова «Туркестан», в которой содержатся интересные этнографические сведения о казахах. Характеризуя традиционный уклад жизни кочевых казахов автор отмечает, что «Вся обстановка киргизской жизни основана на продуктах скотоводства, которые идут и на устройство жилища, как например, кошмы, на одежду и даже на поделку посуды, как турсуки, ведра и другие предметы хозяйства. Скот не только одевает и обувает киргиза, но и кормит его, доставляя ему молоко и мясо. [7, С.67]. Обращаясь к характеристике казахской национальной кухни исследователь замечает: «Главная весенняя пища киргизов-айран приготовляется из овечьего и коровьего молока, которое заквашивается, излишек молока идет на приготовление курта (сыра), который высушивается на солнце, а для употребления в пищу распускается в горячей воде и получается питательный напиток. Из кобыльего молока приготовляется любимейший напиток киргизов-кумыс, который часто только один служит пищей на местных джайляу (пастбищах) [8, С.69].

В 1916 году в журнале «Народы мира в нравах и обычаях» была опубликована статья А. Микина «Туркестан». В ней он отмечает: «Киргизы-отважные кочевники, живущие в степях между северными пределами Туркестана и Центральной Сибирью. Живут они в переносных палатках, располагаясь лагерем, который обносят земляным валом для защиты от диких животных. Главное достояние заключается почти всецело в верблюдах, лошадях и рогатом скоте. Главную их пищу составляют кумыс и конина» [9, С.481-482].

Кроме того, автор пишет, что «у киргиз сильно развито влечение к музыке и поэзии, он хорошо знает свою родословную и очень гордится количеством предков, которых он может упомянуть при случайном разговоре» [10, С.483].

Очень познавательно описывает традиционное жилище кочевых казахов А. Микин «Юрта-это летнее жилище киргиза, она вся раздвижная и складная, вполне приспособленная для кочевания. Такая кибитка состоит из деревянного решетчатого разборного остова, образующего стену в виде низкого цилиндра, этот последний обтягивается со всех сторон войлоками и покрывается сверху крышей конусообразной формы с круглым отверстием для выхода дыма наверху, которые по желанию может быть заткнуть куском войлока» [11, С.484].

В целом история изучения этнографии казахов российскими исследователями насчитывает не один век. За это время ими было собрано и проработано большое количество фактического материала, касающиеся основных моментов этнографии казахов: традиционного образа жизни, нравов, обычаев, обрядов, основных элементов материальной и духовной культуры. Несмотря на некоторые ошибки, недостатки, упущения, дореволюционные российские исследователи внесли существенный вклад в изучение этнографии казахского народа.

Список использованной литературы:

1. *Э.С. Вульфсон. Киргизы, Москва, 1901. С.2*
2. *Там же С.3*
3. *Н.П. Калмаков Некоторые семейные обычаи киргизов северных уездов Сырдарьинской области// Кауфманский сборник, Москва, 1910 г. С.221*
4. *Там же С,228*
5. *Д.Н. Логофей В горах и равнинах Бухары (очерки Средней Азии) СПб, 1913, С. 449-450*
6. *6 там же С. 451-452*
7. *М.В. Лавров Туркестан, Москва, 1914, С. 67*
8. *Там же С. 69*
9. *А. Микин Туркестан// Народы мира в нравах и обычаях СПб, 1916. С. 481-482*
10. *Там же С. 483*
11. *Там же С. 484*

ӘӨЖ 94.(470)
МРНТИ 03.23.07

Нарымбет Г.Б.[1]

[1]*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,*
Нұр-Сұлтан, Қазақстан, e-mail: enu@enu.kz

ҚАЗАҚ БАТЫРЛАР ЖЫРЫ – ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ

Аңдатпа

XIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ даласының Жошы ұлысының құрамына енуімен, жаңа мемлекеттік сипаттың басталғандығы белгілі. Еуразия тарихындағы алып мемлекеттердің қатарынан орын алатын Алтын Орда мемлекетін ортағасырлық деректерде Жошы ұлысы деп атағандығы жазылады. Алтын Орда әскери күш-қуаттың ғана емес, мәдениет пен өркениеттің жаршысына айналды. Аталған мәдени дамудың бір белесін батырлар жырының құрайтындығы сөзсіз. Батырлар жыры арқылы арқылы біз сол дәуірдің тұрмыс-салты мен шынайы өмірінің қатпарларын тани аламыз. Мақалада Жошы ұлысында туындаған батырлар жырының тарихи деректік маңызына баға беріліп, авторлық өзіндік көзқарас айқындалған.

Түйін сөздер: батырлар жыры, Жошы ұлысы, Алтын Орда, Ер Едіге, Кетбұға жырау, Дешті Қыпшақ.

Narymbet G.B.

PhD student of the L.N. Gumilyov Eurasian national University,
Nur-Sultan, Kazakhstan, e-mail: enu@enu.kz

KAZAKH HEROIC EPIC AS A SOURCE FOR THE HISTORY OF JOCHI ULUS

Abstract

It is known that in the first half of the XIII century, with the entry of the Kazakh steppe into the ulus of Jochi, a new state stage began. The Golden Horde state, which occupied a leading place in the history of Eurasia as one of the largest States, was called the ulus of Jochi in medieval sources. The Golden Horde became a harbinger not only of military power, but also of culture and civilization. Undoubtedly, one of the peaks of this cultural development is the heroic poem. Through the poem of

heroes, we can learn the undisclosed pages of everyday life and real life of that era. The article assesses the source value of the heroic poem that originated In the ulus of Jochi, and defines the author's approach.

Keywords: heroic poem, Jochi ulus, the Golden Horde, Er Edige, Ketbuga Zhyrau, Dasht-I Kipchak.

Нарымбет Г.Б.[1]

[1]*Докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан, e-mail: enu@enu.kz*

КАЗАХСКИЙ ГЕРОИЧЕСКИЙ ЭПОС КАК ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ УЛУСА ДЖУЧИ

Аннотация

Известно, что в первой половине XIII века с вхождением казахской степи в состав улуса Джучи начался новый государственный этап. Золотоордынское государство, занимавшее ведущее место в истории Евразии как одно из крупнейших государств, в средневековых источниках называлось улусом Джучи. Золотая Орда стала предвестником не только военной мощи, но и культуры и цивилизации. Несомненно, одну из вершин данного культурного развития составляет героическая поэма. Через поэму героев мы можем узнать нераскрытые страницы быта и реальной жизни той эпохи. В статье дана оценка источниковедческому значению героической поэмы, возникшей в Улусе Джучи, определен авторский подход.

Ключевые слова: героическая поэма, улус Джучи, Золотая Орда, Ер Едиге, Кетбуга жырау, Дешт-и Кыпчак.

Кіріспе. Еуразия даласында Алтын Орда мемлекетінің өмірге келуі жаңа рухани-мәдени дамулардың сатысына алып келді. Өйткені түркі халықтарының жартылай отырықшылыққа бейімделіп, қала мәдениеті мен дала мәдениеті қатар дамыған шақ осы кезең еді. Ғылым-білім кеңінен жайылып, әдебиет пен мәдениет көтеріле түскен, өркениетті қоғамның негізі осы дәуірде қалана бастады. Саңлақ жазушы Ілияс Есенберлиннің «Алтын Орда» тарихи роман--трилогиясын оқыған оқырман сол кездің келбеті мен сипатын, дәуір бағдарын түсініп, көңілге тоқитындығы анық. Көшпелі ғұмыр салтынан жартылай отырықшы қалыпқа бейімделудің шарттары қала мәдениетін қалыптастырып, дала өркениетін өсіре түсті. Сәні мен салтанаты келіскен Сарай-Берке, Сарай-Бату сынды астаналардың қалануы, Ұлытауда Жошы ханның кесенесінің салынуы, шығыстық шайырлардың қалдырған әдеби мұралары – бәрі де Алтын Орда дәуіріне тән құбылыс. Сауда-саттық байланыстармен мәдени өркендеу қатар жүргені белгілі. Бұл турасында Жошы ұлысында қалыптасқан жыр-дастандардың тарихымыздың танымын кеңейтудегі орнына тоқталып өтпеске болмайды. Мысалы, 1357 жылы Махмұт Әлиұлы Кердері Алтын Орданың астанасы Сарай қаласында өзінің прозалық көркем әдеби шығармасы «Haһжи ұл фарадис» кітабын жазды. Сол заман деректеріне сүйенер болсақ, әдебиетте Хорезмидің «Мұхаббатнамесі», Құтба ақынның «Хұсрау мен Шырын» поэмасы, Сайф Сарайидің «Гүлстан бит түркиі» («Түркіше Гүлстан»), Рабғузидің «Қисса сул әнбиясы» («Пайғамбарлар туралы қысқа әңгімелер»), көне қыпшақ тілінде «Кодекс Куманикус» («Құман тілінің сөздігі») сынды шығармалар Алтын Орда дәуірінде дүниеге келген [1]. Алтын Орда дәуірінің әдеби жәдігерлерінің қайталанбас туындыларының бірі «Хұсрау мен Шырын» поэмасында шынайы махаббаттан бөлек, арамдық пен зұлымдықты, қастандық пен сатқындықты, өсек пен өтірікті әділдік пен адалдық жеңіп шығатыны жазылған. Демек, адамгершілікті дәріптеу мен адалдыққа сүйіспеншілікті жырлау арқылы адамды ізгілікке жетелегендігін аңғарамыз.

Ал, Жошы ұлысында дүниеге келген батырлар жырының тарихымыздағы орны бөлек. Батырлар жырының Ер Едіге, Ер Тарғын, Ер Сайын секілді кейіпкерлері отанды қорғаудың асқан рухын паш етіп, халықтың мұңын жоқтаған көсемдер ретінде әспеттелді.

Талқылау. Алтын Орда дәуіріндегі әдеби ескерткіштердің қай-қайсысы да қыпшақ-оғыз немесе оғыз-қыпшақ аралас тілінде жазылған. Қазақ тілі қыпшақ тілдерінің бір тармағы болып есептелетінін ескерсек, Алтын Орда дәуіріндегі әдебиетті де қазақ әдебиетіне ортақ мұра деп қарастыру әбден орынды [1]. Яғни, сол әдеби жәдігерлер негізінде кейінгі қазақ әдебиетінің құлашы кеңіп, бұғанасы беки түскендігі айқын. Алтын Орда дәуірінің қол бастаған батырлары мен сөз бастаған көсемдерінің тағдырларынан сыр шертетін «Едіге батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын» жырларын зерттеу мәселесі ғылыми түрде XIX ғасырда қолға алына бастады. Бірінші кезекте көрнекті тарихи тұлға Едіге есіміне айрықша назар аударылды. «Едіге» эпосын зерттеу қадамдары алғаш баспасөз бетінде жариялаған түркі халықтарының фольклорын зерттеуде көп еңбек еткен Ресей Ғылым Академиясының шығыстану саласындағы тұңғыш корреспондент-мүшесі Г.И.Спаскиймен тығыщ байланысты. Г.И.Спаский 1818-1824 жылдары Санкт-Петербургте «Сибирский вестник» деп аталатын журнал шығаруды қолға алған. Журналда жалғыз Сібір ғана емес, Қазақстан мен Орта Азия халықтарының этнографиясы мен географиясы, фольклоры мен тарихы туралы материалдар жарияланып тұрды. Зерттеуші «Едіге батыр» жырының үзіндісін қара сөз түрінде жазып алып, өз журналында 1820 жылы жариялады [2, 321 б.]. «Ер Тарғын», «Ер Сайын» жырларын зерттеуде XX ғасырда өмір сүрген қазақ әдебиеті мен тарихының жарқын өкілдері саналатын М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә.Х. Марғұлан және т.б. тұлғалар еңбек сіңірді.

Әдістер. Мақаланы жазу барысында салыстырмалылқ-талдау, тарихи кезеңдеу, сыныптау ғылыми тәсілдері кеңінен қолданыс тапты. Отандық және шетелдік дереккөздерге деректанулық сыни көзқарас таныту арқылы мәселенің шынайылық деңгейін анықтауға ұмтылдық.

Нәтижесі. XIII-XV ғасырларда Дешті Қыпшақ даласында авторлық ауыз әдебиеті суырып салып өлең шығару, ауызша орындау және ауыздан-ауызға берілу түрінде дамып өркендегендігіне көз жеткіземіз. Оның басты ерекшеліктері ретінде автор нысанының болуын, мәтінінің біршама тұрақтылығы мен мазмұнының нақтылығын, шығарманың адресаты - арналған адамның болуын, сондай-ақ шығарма стилінде автордың даралығының болуын, оның өзінің «менін» көрсетіп отыруын атау керек.

Бізге жеткен авторлық поэзияның ең ертедегі үлгісі XIII-XV ғасырларға жатады. Бұл – «Ұлы жыршы» атанған Кетбұға (XIII ғ.) жырларының үзінділері. Олардың өмірбаяндары мен шығармашылықтары туралы деректер өте жұтаң және негізінен аңыз күйінде жеткен. Мазмұны мен жанры жағынан әр түрлі мәтіндер сол дәуірдегі Алтын Орда қоғамының рухани өмірінде ақындар мен жыраулар басым болғанын дәлелдейді [1].

Ең әуелде олар отбасындағы өлеңші болып дамыған, содан соң ру ішіндегі жыршы сарбаз ретінде танылып, отбасылық-тұрмыстық, қоғамдық маңыздағы тақырыптарда суырып салып өлең шығаратын бүкіл елге белгілі жыр жүйрігі дәрежесіне көтерілген. Олар ақын атағын бірнеше айтысқа қатысып барып, әйгілі ақындардың бірін жеңгеннен кейін ғана ақын атағына ие болған. Сонымен қатар ақындар әскери жорықтарға да, қоғамдық істерге де қатысумен бірге салт-дәстүрлердің тамаша білгірлері ретінде адам өмірінің маңызды кезеңдеріне байланысты әр түрлі ырымдар мен әдет-ғұрыптар атқарған, ел тарихындағы маңызды оқиғалар мен атақты адамдар және т.б. туралы жырлар шығарған. Мұндай туындылар арасында мадақ арнаулар да, әскери үндеулер де, жоқтаулар мен толғаулар да және т.б. суырып салма жыр үлгілері болған.

Осындай естірту жырының бірі - Шыңғыс хан заманында өмір сүрген Кетбұға ақынның жыры. Жыр мәтінінің үзінділерін XIII ғасырда араб тарихшысы Ибн әл-Асир жазып алған. Ол ұлық жыршы Кетбұға мен ұлы билеуші Шыңғыс хан арасындағы өлең диалогы түрінде берілген.

Бұл жолдардан үлкен көркемдік іздері аңғарылады. Қайғылы оқиға тура айтылмай, астарланып, айшықталып жеткізіледі. Қаза тапқан кейіпкер де бейнелі түрде суреттеліп, «терек», «құлын», «аққу» деп аталады [3, 125 б.]. Ал ұлынан айырылған адамның жай-күйі дәл беріліп, психологиялық параллелизм, метафоралар, эпитеттер мен теңеулер арқылы сипатталады. Мұнда автордың да, мезгілсіз қаза тапқан кейіпкердің де, қайғы жұтқан әкенің де көркем бейнелері бар. Лирикалық психологизм белгілері де айқын көрінеді. Осының бәрі келтірілген мәтінді жеке шығармашылық туындысы ретінде қарастырады.

Бір ғажабы, бұл жыр көп өзгермеген және неғұрлым толық күйінде Жезқазған облысы қазақтарының арасында қазіргі кезге дейін айтылып келеді, олар өздерінің ата-тегін нақ Кетбұғаға апарып тірейді және оны жоғарыда айтылған жырдың авторы деп санайды. Кетбұға есімі өз кезінің беделді биі ретінде XY-XYI ғасырларда өмір сүрген атақты жырау Доспамбет шығармаларында да кездеседі («Кетбұғадай билерден кеңес сұрар күн қайда?!») [4, 97 б.].

Дешті Қыпшақ даласының әйгілі ақындарының бірі болған Қотан шежірелік аңыздарға сәйкес арғын тайпасының негізін қалаушы болып табылады, ал екінші бір деректер бойынша Қотан (Қодан, Кодон, Кодян) - половец-қыпшақ хандарының бірі (Мадиярлардың Венгрияға қоныс аударуын басқарған жетекшілерінің бірі де Котян деп аталған).

Қотан шығармаларының бірнеше жолы ғана сақталған, ол оның ұлы Ақжолдың (бір нұсқада Дайырқожа) қарақыпшақ Қобыланды батырдың қолынан қаза табуына байланысты шығарылған жоқтау өлеңінің үзіндісі табылды.

Жырда қайғы үстіндегі қарт әкенің ұлын «құлыным» деп жоқтаған зарлы үні, бір сәтте өне бойын жайлаған қасірет пен өкініш, аяныш пен өзін кінәлаған жай-күйі терең сезіммен берілген.

Ақжолдың (Дайырқожа) Әбілқайыр хан тұсында барлық даулы мәселелерді әділ шешкені үшін Ақжол атанып, атақты би болғаны мәлім. Ол 1456 жылы өлген. Егер оның әкесі сол кезде тоқсанға таянғанын ескерсек, Қотан ақын 1370 жылдарда туған деп жорамалдауға болады [1].

XIII-XIV ғасырларда Дешті Қыпшақтың әйгілі жыршыларының бірі - Сыпыра жырау Сұрғантайұлы өмір сүрді. Ауыз әдебиеті дәстүрі біздің заманымызға Сыпыра жыраудың қиын кезеңде өзінен ақыл-кеңес сұраған Алтын Орданың сол кездегі билеушілеріне арнаған бірнеше толғау-монологын жеткізді. Бұл толғау-монологтарда жырау билеушінің өзін, оның ата-бабалары мен төңірегіндегілерді сипаттап, қалыптасқан жағдайға баға берген, болашақты болжап, содан кейін ақыл-кеңесін айтқан. Оның қиын жағдайда өзінен көмек сұрап, хандармен жауласқан батырларды бітістіру мақсатында жырлаған толғаулары белгілі. Бұл толғаулар Сыпыра жыраудың негізінен мәңгілік жыршы және бітістіруші болғандығын дәлелдейді. Сыпыраның Едіге туралы жырда бейнеленген Тоқтамыс ханға арнаған өлеңі оның толғауының классикалық үлгісі болып табылады. Арнау жырда Сыпыра жырау алдымен өзін таныстырған соң өзінің Тоқтамыстың сегіз атасын, соның ішінде Шыңғыс ханды да көріп-білгенін айтады, олардың әрқайсысына тиісінше мінездеме береді. Содан кейін Едігенің Тоқтамыстан қашуы кездейсоқ емес екендігін, оның Темірмен одақ құрып, қайта келіп соғыс ашуы мүмкін екендігін жырлайды. Сонымен бірге жырау Тоқтамыстың күйзеліске ұшыраған ұлысы мен тұтқынға түскен қыздары мен әйелдерінің тағдырын әдемі суреттейді. Бұған жол бермеу үшін Сыпыра жырау Тоқтамысқа Едігеге елші жіберіп, онымен татуласуға, ал сонан соң оны алдап өлтіруге кеңес береді [5, 118 б.].

Сыпыра жыраудың толғауы нақты ақындық сипаттамалар мен бейнелі сөздерге толы. Жырау Едіге жүріп өтуге тиісті жерлерді айшықты суреттеп, тарихи тұлғаларға бейнелі анықтамалар береді. Тоқтамыстың алдында айтылған бұл толғау Сыпыра жырау өміріндегі соңғы толғау болды және шамамен 1390 жылы айтылған. Егер аңызға сүйенсек, сол кезде жырау 180 жаста болған, яғни Сыпыра жырау шамамен 1210 жылы туған деп санауға негіз бар. Бұл оның өзі айтқандай Шыңғыс ханды шынында да көріп-білген деген сөз [1].

Алтын Орда дәуірі тек қана қиратып-күйретумен ғана емес, сонымен қатар қалалардың өсуімен, сыртқы саяси және сауда қызметінің жандануымен, жазу-сызу мен әдебиеттің дамуымен сипатталады. Бұрынғы мәдени дәстүрлер қайта түлеп, Солтүстік Кавказды қоса алғанда, Дешті Қыпшақтың, Орта Азия мен Еділ бойындағы барлық этникалық топтарға ортақ жаңа мәдениет қалыптасты. Бұл кезеңде ресми монғол-қыпшақ қос тілділігі орын алғанымен қыпшақ тілі анағұрлым кең тарады. Араб және парсы тілдері де кең қолданылды. Алтын Орда мен мәмлүктік Мысырда көркем әдебиеттің басым бөлігі қыпшақ тілінде жасалды.

Ең елеулі әдеби шығармаларды негізінен сарай төңірегіндегі талантты ақындар жазған, олар әдетте мемлекеттік қызметте немесе билеушілер жанында болып, өз туындыларын көбінесе билеушілерге арнаған не оларға сыйға тартып отырған.

Алтын Орда дәуірінде (XIII-XY ғғ.) Қыпшақ даласындағы түркі халықтарының әдебиеті мүлдем жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Сол кезеңде жасалған туындылар арасында «Кодекс Куманикус» сияқты авторы беймәлім ескерткіштерді, сондай-ақ Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Құтбтың «Хұсрау-Шырын», Сәйф Сарайдың «Гүлистан би-т-түрки», Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха», Рабғузидің «Қиссас-ул әнбия» атты шығармаларын және т.б. ерекше атап көрсетуге болады [1].

«Кодекс Куманикус» (XIV ғ.) - Жоңғар қақпасынан Дунайға дейінгі ұлан-байтақ жерді қамтыған қыпшақтар үстемдігі кезінде туған еңбек. Оған көркем әдебиеттің үлгілері де енгізілген. Мазмұны мен құрылымы жағынан бұл еңбек - Ордаға түрлі мақсаттармен келген және латынша білетін европалықтарға, сондай-ақ, латынша білгісі келген қыпшақтарға (парсыларға да) арналған арнайы сөздік және қыпшақ тілінің оқулығы іспетті. Сөздік екі бөлімнен тұрады. Түркітанушылардың пайымдауынша, оларды түрлі мақсаттар көздеген бірнеше автор жазған. Итальяндықтар жазған болуы мүмкін деген бірінші бөлім жақсы ойластырылған үш тілді латын-парсы-қыпшақ (құман) сөздігі болып табылады. Бұл бөлім қолжазбаның 110 бетін қамтиды [6, 215 б.].

Одан әрі бірнеше бетте «audio» («есіту») сөзінің бірнеше түрі берілген. Мұның өзі сөздікті лексикография принциптерін жақсы білген және Дешті Қыпшаққа келіп, тіл жөнінен қиналған адамдарға көмек көрсету мақсатын ғана көздеген адам құрастырғанын байқатады. Ғалымдардың пікірінше, бірінші бөлімді құрастырушы латыншаны өте жақсы білген, ал құман-қыпшақ тілі жөнінде бұлай деп айтуға болмайды.

«Кодекс Куманикустың» екінші бөлімін негізінен алғанда фольклорлық материалдар құрайды. Олар: жергілікті ертегілер, аңыздар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар және христиан уағыздары мен Мария ананың, Христос пен оның апостолдарының өмірі туралы аңыздар. Бөлім қолжазбаның 161 бетін қамтиды, оны тегінде миссионерлік мақсатпен немістер құрастырған болса керек. Бұл бөлімде көптеген сөздер құман-неміс тілінде, ал өзге лексикалық ұғымдар құман-латын тілінде берілген. Мысал ретінде келтірілген мәтіндер, сондай-ақ сөздер сол кездің тілін ғана емес, сонымен қатар Дешті Қыпшақтың көркемдік мәдениетін де сипаттайды. Сөздер мен сөз тіркестерін айтпағанның өзінде, көптеген жұмбақтар, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер мен қанатты сөздер қазіргі қазақ тілі мен фольклорында сақталған.

Алтын Орданың негізгі құрамының үлкен бөлігін жайлаған Ноғайлы дәуірінің тарихи оқиғаларын бейнелейтін жырдың негізгі идеясы – ерлік пен батырлықты дәріптеу, ел бірлігін сақтау, кіршіксіз махаббат. Жырдың негізгі кейіпкерлері – Тарғын мен Ақжүніс.

«Тарғын» – бес қаруды шебер меңгерген батыр, «Ақжүніс» – ару қыз. Тарғын хандармен араз болса да, халықпен бірге. Оның басына іс түскенде ханға деген өкпесін ұмытып, жау елін жайратып жібереді. Ақжүніс сұлу ғана емес, ақылды жан, батырдың жәрдемшісі. Ол әрдайым батырмен бірге жүреді.

«Ер Тарғын» жырының композициясы шымыр әрі шебер құрылған. Жырдың тілі өте көркем. Онда классик эпосқа тән белгілер толық сақталған. «Ер Тарғын» жыры башқұрт халқына да жақсы таныс. Қазақ – башқұрт нұсқаларының сюжетінде елеулі айырмашылық байқалмайды. Ерекшелік негізгі кейіпкерлер, оларға берілген бағасы тұсында ғана кездеседі. Жыр сюжеті қазаққа етене жақын. Бұл тақырыпқа композитор Е.Г.Брусиловский «Ер Тарғын» (1937) операсын жазған. «Ер Тарғын» жырының нұсқалары көп. Алғаш Н.И.Ильминский (1859), В.В.Радлов (1870), Н.Саркин (1904), Ә.Диваев (1922) жинақтарында жарияланған. Алматы қаласындағы Орт. ғыл. кітапхана мен Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорында жырдың 8 түрлі нұсқасы сақтаулы. Жинаушылары – Саркин, Диваев, І.Иманов, Ә.Ыспанұлы, Б.Адамбаев, З.Бекарыстанов, М.Құсниұлы, айтушылары – Марабай, О.Қисықов, Н.Нұрғалиұлы, М.Бекетұлы. Ел арасына кең тарағаны – Марабай нұсқасы. Ильминский оны 1862 ж. Қазанда жариялаған [3, 174 б.].

«Диваев жинағындағы нұсқа» да Марабай нұсқасына негізделген. Бұл нұсқада Тарғын Қаратаудан шыққан батыр болса, Нұрғалиұлы нұсқасында Тарғын Астрахан ханының қарамағындағы батыр, оған Ғайнижамал есімді қыз ғашық болып, тартыс Тарғын мен Шорман арасында өрбиді. Бекарыстанов нұсқасында Тарғынның әкесі – Қосы. Бекетұлы нұсқасында Тарғын Созақтан Қырым ханына кеткен батыр. Жырдағы Сыпыра жырау – Тоқтамыс хан тұсында өмір сүрген (15 ғ.), қыпшақ тайпасынан шыққан тарихи тұлға. «Бұлғыр, бұлғыр, бұлғыр тау, бұлдырап тұрған құрғыр тау» деген жолдар 15–17 ғ-лардағы жыраулық поэзияға тән өрнектер. Шаған – қалмақ жеріндегі су атауы, гидроним. Ол бірде ақ түске қатысты болса, бірде дінбасы атауын білдіреді. «Тарғын» сөзінің мағынасы анықталған жоқ. Жырда Тарғынның тегіне қатысты мынадай мәлімет сақталған: Тарғын – Ардаби – Әжікерей, Айқожа. Мұндағы Айқожа бес қалаға хан болған. Онысы тарихи Бесбалық болуы мүмкін. Батырдың генеалогиясы қазақ шежіресін толықтыратын мәліметтер қатарында арнайы зерттелуге тиіс. Жырдағы этнонимдік атауларды екіге бөлуге болады: бірі – қырғыз, ноғайлы, қара ноғай, екіншісі – он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт. Осы мәліметтер жырдың туған дәуіріне де анықтық енгізеді. Оймауыт, торғауыт, хойт, хошоут, дөрбет – ойраттардың іргелі одағына

кірген тайпалардың атауы. Олар Қыпшақ даласына 1452–55 ж. еніп, Сырдарияның бойымен Ташкентке дейін барған. «Ер Тарғын» жырын ноғайлы дәуірінен соң, 17–18 ғ-ларда туған деген пікір дәл емес. Тарғынның ноғайлы дәуірінің батыры екені шындыққа сай келеді. Ноғайлы ұлысы ыдыраганнан кейінгі Қазан, Астрахан, Қырым хандықтары құрылған тарихи-этн. оқиға ізі жырдан анық байқалады. Тарғынның өз елінен Қырым ханына кетуі, Ақшаханның қол астында да тұрақталмай, Еділдегі ноғайлы ханзадасына баруы соның дәлелі. «Ер Тарғын» жырының көркемдік ерекшеліктері, сюжеттік желісі, образдары хақында М.О.Әуезов, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Х.Марғұлан, С.Мұқанов, т.б. ғалымдар зерттеулер жазды [3, 175 б.].

Алтын Орда дәуіріне жататын елеулі шығармалардың бірі - «Хұсрау-Шырын» дастаны, оның авторы - шыққан тегі қыпшақ Құтб ақын. Ақын өмірі туралы толық мәліметтер жоқ. Оның 1330-1340 жылдарда Ақ Орданың астанасы - Сығанақ қаласында туып, өз дастанын сонда жазғаны, бұл туындысын билеуші Тыныбек пен оның әйелі Мәлике ханымға арнағаны мәлім. Автор дастанының түпнұсқасын билеушіге тарту еткен болуы мүмкін, өйткені ақын билеушіден өзін қызметке қабылдауды өтінгенде әмірші Құтбтың тілегін орындаған. Алайда Тыныбек елді ұзақ билеген жоқ, кейбір деректер бойынша - 1337 жылдардан 1340 жылға дейін, басқа деректерге қарағанда 1342 жылғы наурыздан 1343 жылдың басына дейін ғана билік еткен. Сарай төңкерісі нәтижесінде Тыныбекті өз інісі Жәнібек өлтірген, ал Құтбтың одан арғы тағдыры туралы деректер жоқ [1].

Негізінен Құтб өз дастанын 1341-1342 жылдарда жазып бітірген. Қолжазбаның бірнеше көшірмесі болса керек. Дастанның бір көшірмесін қыпшақ ақыны Берке Факих (Берке ибн Беракез ибн Едгу Қыпшақи) Мысырға алып кетіп, онда 1383 жылы өзінің туысы Құттықожаның өтінуімен дастанды қайта көшіріп жазған, бұл қолжазба қазір Париждің ұлттық кітапханасында 312-нөмірмен сақтаулы. Оның Парижге қалай жеткізілгені жұмбақ күйінде қалып отыр. Алеппода (Александрияда) болған қолжазбаның Наполеон экспедициясының Солтүстік Африкаға жорықтары кезінде әкетілген болуы әбден мүмкін. Ғалымдар ХХ ғасырда нақ осы қолжазбаны ғылыми айналымға енгізді және ол қазір де зерттелуде [1].

Құтбтың «Хұсрау-Шырын» дастаны Низамидің осы аттас дастанының сарыны бойынша назира үлгісінде жазылған. Құтб Низами поэмасының бүкіл желісін сақтап, негізгі эпизодтары мен басты кейіпкерлерін өзгеріссіз қалдырған. Низами сияқты ол да өз дастанында шексіз таза махаббат пен мінсіз билеуші тақырыптарын өрбітеді. Екі тақырып та шексіз берілген махаббат - адам мен қоғамның жетілуіне бастайтын негізгі кілт, махаббат - адамды тазартып, оған ізгілік беріп қана қоймай, оны өзгертетін де сезім деген идеяға сүйенеді.

Әділ билеуші және мінсіз (ізгі) қоғам идеясы халықтың утопиялық хикаяларында және Ибн Сина, әл-Фараби мен басқа да ойшылдардың ғылыми трактаттарында ежелден сөз болып келген болатын. Ол Фирдоусиде, Құл Ғалиде, Низамиде көркем көрініс тапты. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны Құтб үшін тікелей дерек көзі болды, сондықтан да екі ақында мінсіз билеуші мен әділетті қоғам тұжырымдамасы үндесіп жатады [2, 186 б.]. Құтб пен Баласағұнидың ойларынша, халықты дана әрі әділ адам басқаруға тиіс, ол ең алдымен халықтың игілігін ойлап, өз маңындағы адамдарға, ұлықтар мен шенеуніктерге қатаң бақылау жүргізуге және қиянат жасағаны үшін оларды аяусыз жазалауға міндетті. Егер әмірші мұндай болмаса, ол ел қарғысына ұшырайды.

Құтб «Хұсрау-Шырын» сюжетін көркемдік жағынан дамытуда Низамиді барлық жағынан қайталамайды. Құтб кейіпкерлердің диалогтарын қысқаша береді, сондай-ақ ирандық өмір шындығын түркілік тұрмыс сипатымен ауыстырады: сасанид билеушілерінің емес, Алтын Орда хандарының өмірі мен тұрмысын көрсетеді, Дешті Қыпшақ табиғатын суреттейді. Құтб өз кейіпкерлерінің, әсіресе әйел кейіпкерлердің бейнелерін әйелдердің өмірдегі ролін түркілік түсінікке, Алтын Орда дәуіріндегі әйелдердің нақты қоғамдық жағдайына сәйкес бейнелейді [8, 109 б.].

Хорезми Равандидің «Мұхаббат-наме» атты лирикалық поэмасы XIV ғасырдағы көркем әдебиеттің тамаша үлгісі болып табылады. Оның авторы мен поэманың жазылу тарихы туралы мәліметтер туындының өзінде бар. Онда Хорезмидің көп саяхат жасағаны, Рум (Византия) мен Шамда (Сирия) болғаны және «Мұхаббат-намені» Ақ Ордада тұрған кезінде Сырдария жағасында 754 жылы (хижра бойынша), яғни 1353-1354 жылдарда бітіргені айтылады. Автордың өзі жазғандай, поэма қоңырат бегі Мұхамедқожаның өтініші бойынша жазылған. Ол 1342 жылы ағасы Тыныбекті өлтіріп, төңкеріс жасау барысында таққа келген Жәнібек ханның туысы. Жәнібек елді 1342-1357 жылдары билеген [1].

Біздің заманымызға дейін жеткен Хорезми қолжазбалары көшірмелер болып табылады. Зерттеушілер кейінгі кезге дейін «Мұхаббат-наменің» екі көшірмесі сақталған деп санап келді: бірі - араб, екіншісі ұйғыр қарпімен жазылған, екеуі де Британ мұражайында сақтаулы. Алайда түрік ғалымдарының жинақтаушы еңбегінде «Мұхаббат-наменің» Стамбул кітапханасында тағы да екі көшірмесі бар екені айтылады [1].

«Мұхаббат-наме» - орта ғасырлардағы түркі әдебиетіндегі түрі мен мазмұны жағынан жаңа үлгідегі туынды. Ол ғашық жігіттің өз сүйіктісіне жолдаған хаттары түрінде жазылған. Поэма бірнеше бөліктен тұрады: құдіреті күшті жаратушыға жүгіну, поэмаға тапсырыс берген Мұхамедқожа бекті мадақтау, сүйіспеншілік өлең хаттары, рақым жасауды өтініп, құдайға қайта жалбарыну, өзін-өзі сипаттау және өзі туралы әңгімелеу. Сүйіспеншілік хаттар мен жекелеген бөліктер арасында автордың тыңдаушылар мен шарап құюшыларға арналған сөздері беріледі. Поэманың мазмұны таза махаббатқа құрылған. Лирикалық кейіпкер 11 өлең хат жолдайды, оларда өз сүйіктісін көркем суреттеп, оған өзінің ғашықтық сезімін білдіреді, оның сырт келбетін бейнелеп, мінез-құлқын сипаттайды [2, 148 б.].

Хорезмидің «Мұхаббат-наме» поэмасы Дешті Қыпшақтың рухани мәдениетінде қарапайым адамның жоғары сезімін жырлайтын жаңа әдебиеттің негізі қаланғандығын айшықтады.

Қорытынды. Жалпы алғанда, Жошы ұлысында өмірге келген батырлар жырының мәні мен мағынасына терең үңілер болсақ, онда тарихымыздың ерлікті жырлағандығының куәсі боламыз. Ал, ерлік дегеніміз ол бір іс-әрекетті

білдіретін болғандықтан ол әрекеттің елдік қалпымызды сақтауға бағытталғандығына көз жеткіземіз. Батырлар жырының құндылықтарын өскелең ұрпақ бойына дарыту арқылы, тәуелсіз еліміздің рухани жаңғыруы мен ынтымағының жаңғыруын бекіте алатындығымыз сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. (Жарияланған күні: 29 тамыз 2013) https://e-history.kz/kz/first-president/show/12318/.

2. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.

4. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. Алматы кітап баспасы, 2009.

5. Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы / Қ.С. Қаражан, Ж.Ә. Әбсеметова, Ф.А.Қозыбақова, Т.Қ. Мекебаев, С.С.Саржанова, С.Смағұлов, Ш.Б.Тілеубаев; Редакциясын басқарған: Қ.С. Қаражан. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 216 б.

6. Қазақтың көне тарихы. / (Дайындаған М. Қани. – Алматы: «Жалын», 1993. – 400 б.

7. Көптілеуова А.Б. Қазақ жүздері қашан пайда болды? // «Ғылыми қазына және отан тарихы: жас ғалымдар үлесі» атты жас тарихшы ғалымдардың IV Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдары. Алматы, 2013. – 173-178 бб.

8. Материалы по истории Казахских ханств XY-XYIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата: «Наука», 1969. – 347с.

ӘОЖ 974.11
ГРНТИ 03.20.11

А.К. Шорманова[1]

[1]Абай атындағы ҚазҰПУ,
қ. Алматы, Казахстан

«ТҮРКІСТАН УАЛАЯТЫНЫҢ ГАЗЕТІ» МЕН «ДАЛА УАЛАЯТЫНЫҢ ГАЗЕТІНДЕГІ» ОҚУ-АҒАРТУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Патша үкіметінің шешімімен және оның жергілікті әкімшілігі қаражатына және солардың тікелей бақылауымен 27 жыл бойы шығып тұрған ресми сипаттағы қазақ тіліндегі алғашқы мерзімді басылымдар “Түркістан уалаятының газеті” мен “Дала уалаятының газеттеріндегі” мақалалардың тақырыптарына және мазмұндарына қарай талдау жасау, олардың беттерінде қазақ балаларын оқыту мәселесіне қатысты біршама материалдардың басылғандығын көрсетті. Әрине, оларда да XIX ғасырдың соңындағы халқымызды оқу-ағарту тарихының дерек көздерін құрайды. Мәселе, тек сол мақалалардың кімдердің мүддесіне сай пайда болғандығында және дерек көздері ретінде қандай мәліметтер жеткізіп отырғандығында.

Мақалада деректану ғылымының талаптарынан шыға отырып аталған басылымдардағы мақалаларға талдау жасап, ең алдымен, олардың кездейсоқ пайда болмаған объективті дүниелер екендігі көрсетілген. Өйткені олар белгілі бір қоғамдық құбылыстардың салдарында пайда болған, сондықтан оларда қазақтарды оқыту ісіне қатысты мәліметтер салынған. Атап айтқанда, олардың дерек көздері ретіндегі объективтілігі, сол газеттердің XIX ғасырдың соңындағы жалпы Қазақстан тарихының дерек көздері ретіндегі объективтілігімен, яғни олардың жарыққа шығу себептерімен тікелей байланысты.

Түйін сөздер: білім беру, мақала, газет, тарихи дерек, деректану, дерек көз.

A.K. Shormanova[1]

KazNPU named after Abay,
г. Almaty, Kazakhstan

MATERIALS OF THE PERIODIC PRINT "TURKISTAN UALAYATYN NEWSPAPERS" AND "GAVE UALAYATYN NEWSPAPERS" AS A HISTORICAL SOURCE OF EDUCATION

Abstract

By the decision of the tsarist Empire and their direct control on the territory of Kazakhstan, the first periodicals in the Kazakh language were published, which had an official character for 27 years, «Түркістан уалаятының газеті» and «Дала уалаятының газеті» and (Appendix of the newspaper Turkestan Vedomosti) on their pages, a number of materials relating to

the training and education of Kazakh children were published. Of course, they are historical sources of the history of the enlightenment of our people at the end of the XIX century.

In this article, in accordance with the requirements of the science of source studies, the articles in the above-mentioned publications are analyzed, first of all, it shows that they are objective subjects of study, since they arose as a result of certain social phenomena, so they contain information concerning the education of Kazakhs. In particular, the objectivity of their sources is directly related to the objectivity of these Newspapers as sources of the history of Kazakhstan at the end of the XIX century.

Key words: education, publications, newspaper, historical source, source studies, source.

Шорманова А.К.[1]

[1]*КазНПУ имени Абая,*
г. Алматы, Казахстан

МАТЕРИАЛЫ ПЕРИОДИЧЕСКОЙ ПЕЧАТИ «ТҮРКІСТАН УАЛАЯТЫНЫҢ ГАЗЕТІ» И «ДАЛА УАЛАЯТЫНЫҢ ГАЗЕТІ» КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК ОБРАЗОВАНИЯ И ПРОСВЕЩЕНИЯ

Аннотация

По решению царской империи и их непосредственным контролем на территории Казахстана были изданы первые периодические издания на казахском языке, которые носили официальный характер в течение 27 лет, «Түркістан уалаятының газеті» и «Дала уалаятының газеті» (приложение газеты Туркестанские ведомости) на их страницах был опубликован ряд материалов, касающихся обучения и образования казахских детей. Безусловно они являются историческими источниками истории просвещения нашего народа в конце XIX века.

В данной статье в соответствии с требованиями науки источниковедения, анализируются статьи в вышеперечисленных изданиях, прежде всего, показывает, что они являются объективными предметами изучения, так как возникли в результате определенных общественных явлений, поэтому в них заложены сведения, касающиеся образования казахов. В частности, объективность их источников напрямую связана с объективностью этих газет как источников истории Казахстана на конец XIX века.

Ключевые слова: образование, публикации, газета, исторический источник, источниковедение, источник.

Қазақстан тарихындағы өзіндік ерекшеліктеріне толы кезеңдерінің бірі – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы болып табылады. Бұрын да, қазір де зерттеушілер ерекше көңіл бөліп отырған бұл кезең, бір жағынан, Ресей отаршыларының қазақ жеріне түгелдей өзінің саяси үстемділігін орнатып болып, енді оны одан әрі әлеуметтік - экономикалық және рухани өмір саласында тереңдету мақсатында түрлі іс шаралар жүргізе бастауымен ерекшеленсе, екінші жағынан, ол кезең ұлт бостандығы, ұлт тәуелсіздігі жолындағы күрестің жаңа кезеңінің басталуымен, тарих сахнасына ұлт-азаттығы жолындағы күрестің уақыт талабына сай жаңа формаларын ұсынған қазақ зиялыларының жаңа буын өкілдерінің шығуымен ерекшелінеді.

Патша үкіметінің арнайы шешімімен, жергілікті әкімшілік органдарыны қаржысына және солардың бақылауымен ұзақ жылдар бойы үздіксіз шығып тұрған алғашқы қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар “ТУГ” мен “ДУГ” оқу-ағарту және білім беру ісіне қатысты мақалаларға, осы сала тарихының дерек көздері ретінде талдау жасау, орыс отаршыларының оқу-ағарту саласындағы басты мақсаты қазақ балаларын орысша оқыту арқылы өздеріне қызметкерлер даярлау болғандығын көрсетеді. Мақалалардың мазмұнына талдау жасауда патша үкіметінің жергілікті әкімшілігің қазақ даласына орыс оқуын енгізу ісіне аса маңызды мемлекеттік саясат ретінде қарап, оны мақсатты да, саналы және жүйелі түрде жүргізгендігін көрсетеді. Мысалы, “ТУГ” 1875 жылғы 9 августағы 19 нөмірінде Ақмола қаласында ашылған мектепте орыс тілінде оқыту ісі жүзеге асқаны айтылса, 1876 жылғы 30 ноябрьдегі 31 нөмірінде Ташкент қаласындағы еркек балалар оқитын гимназия ашылғандығы, 10 декабрьдегі 32 нөмірінде Қапал қаласында, 27 декабрьдегі 33 нөмірінде Алматы қаласында қазақ балалары оқитын школ ашылғаны айтылған [1].

Газеттің бірнеше нөмірлерінде қатарынан Түркістан өңіріндегі қалаларда қазақ балаларын оқытатын орыс мектептерінің ашылу туралы айтылуы, әрине, кездейсоқтық емес. Оларды қазақтар арасында орыс оқыуы туралы мағлұматтарды кеңінен тарату мақсатында жарияланғандығы анық. Мысалы, газеттің 1878 жылғы 6 майдағы 7 нөмірінде “Ташкент қаласындағы мектептердің бастығы мәлім қылып қағаз шығарыпты” - деген атпен берілген мақалада: “Ташкент қаласында патшалықтан шығынын беріп, ашып қойған бір мектеп бар. Бұл мектепке әркім баласын оқуға берсе болады. Жасы жетіден кем болмаса керек. Кімде-кімнің баласы, құй сарт, құй қазақ болсын, кім болса да алады. Оқыған, оқымаған бала болса да ала береді...

Балаларға оқытатын сабағы орыс тілі. Сөйлеуге, жазуға үйретеді. Есеп оқытады, жаһаннама, тарих кітаптардан басқа кітаптарды да үйретеді. Мұнан басқа бұл мектепте кәсіп қылатұғын өнер де үйренсе болады.

Балалар әбден оқып болған соң, бұл оқыған мектептен оқып болды деген қағаз алып, қаласа патшалық қызметке кірсе болады”-делінген.

Демек, “патшалықтан шығын беріп”, яғни патшалықтан ақша бөлініп, “Ташкент қаласында ашып қойылған” мектептің мақсаты жергілікті ұлттардың “құй” сарт, құй қазақ болсын” балаларын “патшалық қызметке” даярлау болған.

Қазақ балаларын орысша оқыту қажеттігін дәлелдеу ісімен өз кезегінде “ДУГ” де айналысты. Газет Дала генерал - губернаторлығында орыс мектепрі, ондағы оқу ісі туралы мәліметтер беру арқылы, патша саясатын Далалық өлкеде одан әрі жалғастырды. Мысалы, газеттің 1896 жылы 10 марттағы 10 нөмірінде жарияланған “Ғылымның әуелгі жарығы” атты мақалада, 1895 жылы декабрь айынан бастап семей уезінің Аққөл-Қызылкөл ауылында медресе ашылғандығы туралы айта келе: “Семей” қазақтары да ғылым, білімнің пайдасын біліп келеді. Расын айту керек, бұлардың медресе ашуына уезной начальник Казанцев көп себеп болды. Сайлауда болыс басы медресе ашыңдар деп ақыл айтты. Медресе пайдалы. Балаларды оқыту жөн, ұлықтар қазақтың ғылым, білім біліп, қараңғыдан жарыққа шыққанын жақсы көреді. оларды шоқындыруға емес деп жай сөзбен оязной начальник ұқтырды”, - десе, 1897 жылғы 27 апрельдегі 16 нөмірінде басылған “Орысша қазақ балаларын оқытатын школ” атты “Тургайская газетадан” алынған мақалада: “Торғай облысының газеті айтады, 1896 жылдың аяғында Бестөбе болысында сол елдің болысы Измаил Досұғлы бір школ ашты деп. Ашқанда он қазақ баласы, бір орыс қызы оқушы еді, осы кезде 15 қазақ баласы, бір орыс қызы оқиды... Түскенде балалар орысшадан дәнеме білмейін еді, осы күні анық таза болмаса да, орысша сөйлеседі. Сұраған сөзді тез-ақ ұғып, түзу жауап қайтарады. Жазғанда да көп қате қыла қоймайды. Жазуға берген есептерді тез жылдам-ақ шешеді... Үйі таза, оқуға керекті нәрселердің бәрі бар. Балалар оқитын һәм учитель отыратын столдар, жазу жазатын тақта, шкаф сағат һәм өзге керектер бар” дейді [2].

Жазба деректер ретінде бұл келтірілген мысалдар қазақ балаларын орысша оқытуды насихаттау, орысша оқығандар туралы ел арасында мәліметтер тарату ісінің тұрақты да жүйелі жүргізілгендігін толығымен дәлелдейді. Сонымен қатар, мақалалардан бұл іспен, яғни қазақ балаларын орысша оқыту ісімен “Уезный начальниктің” өзі айналысқандығын көреміз. Мерзімді басылымдар мәліметтері қазақ балаларын орысша оқыту ісімен аса маңызды мемлекеттік іс ретінде, тек уезной начальниктер ғана емес, өлкенің бірінші басшылары - генерал - губернаторлардың өздері де айналысқандығын көрсетеді. Мысалы “ТУГ” өзінің 1879 жылғы II нөмірінде Түркістан генерал - губернаторының қазақ балаларының орысша оқуына қалай көңіл бөлгендігі туралы: “Түркістан генерал-губернаторы, генерал - адьютант фон Кауфман сейсенбі күні ертеменен, жиырма екінші майда Қазалы қаласына келіп түсті...

Мектепке барып, балаларды оқытып көрді. Мектепте оқитұғын балалардың ішінде он бес-он алты қазақ балалары оқып жатыр екен. Олардың бірін қалдырмай, бәрін өзінің көзінше оқытып, онан соң олардың жататұғын жерін көріп, күнде жейтұғын тамақтарын өзі жеп көріп, тамаққа разы болып мектепті қарап тұрған бастықтарына тәңірі жарылқасын айтты” - деп жазса, [1, 586-587 бб.]. “ДУГ” өзінің 1888 жылғы 3 январьдағы бірінші нөмірінде Омбы қаласында оқып жүрген қазақ балаларының Дала генерал - губернаторын қалай қарсы алғандары туралы: “Қазақ баласынан екі бала генерал - губернатор хазіретінің құрметі үшін қазақша өлең шығарып айтты-дүр:

Ассалаумағалейкум, алдиярым,
Степной губернатор-генералым.
Зауқыңыз сіздің түсіп, келдіңіз ғой,
Аз ғана өлең айтам, келсе халім,
О, тақсыр, училище интернатта
Әуелгі кім таласар берген баққа.
Благодария біз сізді, тақсыр ұлық.
Біз келдік оқығалы бұл тарапқа”- дейді [2, 19-20 бб.].

Демек, кең байтақ қазақ даласын бөліп алып билеп тұрған Түркістан өлкесінің де, дала өлкесінің де генерал-губернаторларының өздері қазақ балалары оқитын мектеперде болып, олардың жағдайымен танысқан. Шәкірттердің орыс тілін қаншалықты меңгергендіктерін өздері тексеріп көрген. Үлкен ұлықтардың өздеріне деген мұндай “әкелік қамқорлықтарына” риза болған қазақ шәкірттері оларға арнап өлең шығарған. Ал, “ТУГ” мен “ДУГ” бұқаралық ақпарат ретінде, генерал - губернаторлардың мұндай ізгі - істерін қазақтарға жасаған “жақсылықтарын” халыққа жеткізіп отырған.

Бүгінгі күні халқымыз тарихының дерек көзіне айналып, құнды мәліметтер жеткізіп отырған басылымдардан, қазақтарды орысша оқыту мәселесіне ақ патшаның өзі қолдау көрсеткендігін білеміз. Ол туралы “ДУГ” 1895 жылғы 15 нөміріндегі “Қазақтар, оқу, ғылым үйренуге ұмтылыңдар!” - деген мақалада: “Жақын арада Торғай облысының военный губернаторы барша табиғылықпен ақ патша ағзам хазретке өзінің қылған барша істерінің есеп-қисаптарын жазып көрсеткен қағаз бетінің ішіне, Торғай облысында школ, медреселер қазақ пен орыс халқын жақындастыруға көп себеп болады деп һәм бұл жұмыстарды мұнан арман тағы да ілгері бастыруға керек деп жазған екен. Патша ағзам хазіреті бұл сөздерді қабыл көріп, бек жарайды деп жазыпты. Патша ағзамның мұндай рахымды сөздері қазақтарды қуантып, школ, медресе орнатуға себеп болғай еді”- деп жазған [2, 434 б.].

Қазіргі оқырмандар үшін түсініксіздеу бұл жолдар “ДУГ” ерекшелігіне сай орыс тілінен аударылған. Сондықтан, сол тілдегі нұсқасын келтірейік. Онда: “Недавно, при прочтении Всеподданнейшего отчета Военного Губернатора Тургайской области, Государь Император против заявления о том, что организованные в названной области аульные школы приносят громадную пользу для сближения киргизов с русским народом, и о желательности дальнейшего открытия в степи русских школ, соизволил начертать: “Совершенно верно “Эти высокомилостивые слова должны побудить киргизов устраивать подобные школы” делінген. [2, 435-436 бб.].

Бұл жолдардың дерек ретіндегі маңызы өте жоғары. Біріншіден, Торғай облысының Әскери губернаторы өзінің патшаға жолдаған есебінде: “Ауыл мектептері қазақтарды орыс халқымен жақындастыруда өте үлкен пайда келтіріп отыр, сондықтан қазақ даласында орыс мектептерін одан әрі ашу қажет” - деген. Енді осы жолдардың астарына

үңіліп қарасақ, онда Әскери губернатордың ауыл мектептерінің қазақтарды орыстандыруда үлкен пайда келтіріп отырғандығын, сондықтан оны жалғастыру керектігін айтып отырғандығын байқау қиын емес. Екіншіден, жергілікті шенеуніктердің бұл ұсынысына патша "Өте дұрыс" деп, қолдау көрсеткен.

Орыс отаршыларының қазақтарды орыстандыру мақсатында мектептерді кеңінен пайдаланғандығын басқа да деректер дәлелдейді. Мысалы, ҚР ОММ қорларының біріндегі құжатта орысша оқыған қазақтар: "Орыс мемлекеті, орыс халқы туралы дұрыс мәлімет алады және алған білімін өз руластарының арасында таратады" - деп жазылған [3].

Патша әкімшілігінің қазақтарды орысша оқытуды өздерінің отарлаушылдық мүддесіне сай пайдалану мақсатында жүргізгендігі туралы М. Әуезов 1923 жылы: "... 1868 жылдан кейін Хүкмет қазақ даласын шын бағындыру жұмысына батыл кірісті. Көздеген мақсатқа жету қазақтың елін бастайтын басшыларының балаларын оқыту керек деп тапты. Басшылардың балаларын орысша оқытып, төре қылып, шен беріп, шекпен кигізіп, Хүкмет адамы қылып, ел арасына жіберіп, солар арқылы ел мен Хүкметті жақындастырып елді кіндігімен арқандамақшы болды" - деген, өзінің "Шолпан" жорналында жарияланған "Ы. Алтынсарин" деген мақаласында [4, 23 б.].

Жазушының бұл пікірінің шындықтан алыс емес екендігін, яғни қазақтарға орысша оқытудағы мақсат, өздеріне адал қызмет ететін басшылар даярлау екендігін, дерек көзі ретінде "ДУГ" материалдары да дәлелдеп отыр. Мысалы, газеттің 1894 жылғы 17 нөміріндегі "Ғылым, оқудың қажет екенінің баяны атты мақалада болыс пен билердің, яғни патша өкіметінің жергілікті халық арасындағы тірегінің, орысша білулерінің қажеттілігі туралы: "Болыс пен билер, сіздерге жаман атақтан құтылуға уақыт жетті ғой. Бұл атақтан сіздерді жамандаған адамдарды жаза-штраф салып құтыламыз дегендерің бекер болса керек. Өздеріңді жақсы көріндірейін десеңдер ... орысша тіл үйреніңдер, орысша оқу үйреніңдер. Орысша кітап оқысаңдар, ақыл табарсыңдар, білімдерің артар, қараңғылықтан көздеріңді ашар... Сіздерге бұл қажет болса керек", делінген [2, 349-350 бб.].

Ал, Ресей патшасының орыс шенеунігінің ұсынысын қолдауы, қазақтарды орысша оқыту арқылы орыстандыру саясатымен жергілікті жердегі шенеуніктен бастап, ең жоғарғы дәрежедегі билеушіге дейін аса маңызды мемлекеттің аса маңызды саясаты ретінде айналысқандығын көрсетеді.

Қорыта айтсақ, XIX ғасырдың соңында шығып тұрған қазақ тіліндегі ресми газеттер "ТУГ" мен "ДУГ" беттерінде жарық көрген оқу-ағарту және білім беру туралы мақалалар, бірінші кезекте, қазақтарды Ресейдің рухани отарлау тарихының дерек көзі болып табылады.

Дегенмен, ресми газеттердің беттерінде орыс тілін білуді насихаттау, оның қажеттілігін дәлелдеу, тек қазақтарды орыстандыру мақсатында ғана пайда болып қойған жоқ. Ондай мақалалар уақыт сұранысынан, өмір қажеттілігінен де туындаған. Сол кезде қалыптасқан тарихи жағдайда Ресей империясы құрамындағы бодан халықтар үшін, орыс тілі білімге, ғылымға қол жеткізуге, сол арқылы әлемдік даму процесіне қосылуға мүмкіндік беретін, соған алып баратын негізгі жолдардың бірі болатын. Осы объективті шындықты жақсы түсінген қазақ зиялылары да, өз мүмкіндіктерінше, екі газетке де мақалалар жариялап, халқын оқуға, білімге шақырды, ғылымның, өнердің қажеттігін дәлелдеп, газет арқылы орыс оқуының керектігін айтты.

Қазақтарға оқудың, ғылымның көп пайдасы барлығын түсіне бастағандығы, олардың оқуға ұмтылысы туралы "ДУГ" де бірнеше рет жазған. Мысалы, газеттің 1895 жылғы 46 нөмірінде белгілі қоғам қайраткері Отыншы Әлжанов "Қазақтардың медресе ашқандары" деп аталатын мақаласында Омбы уезінің бес би-болыстарының ұлықтардан әрбір елден бір-бір медресе ашуға рұқсат алғандарын, ол медреселерде балаларын қазақша және орысша оқытпақ үмітте екендерін, бұның қазақтардың оқуға ұмтыла бастағандарының көрінісі екендігін айта келе: "Кім-кімге болса да осы заманда өнер, ғылымнан артық нәрсе болмасы анық. Өнер ғылым білген ісі азбайды да тозбайды. Қай жерде қай уақытта болса да өнерпаз, ғылымы бар адамдар күнін көреді. Сол себепті қазақтар медресе салып, балаларын оқуға беруде. Қарындастар, ақыл тоқтатып қараңыздар, оқу білген жақсы ма, жоқ оқу білмей ақмақ болып жүрген жақсы ма"-дейді [2, 481 б.].

Оқудың берген алғашқы пайдасы мен оның қажеттігін қазақтарда білгендігі туралы айтылған тағы бір мақалаға тоқталайық. "ДУГ" 1895 жылғы 47 нөмірінде басылған "Қырдағы қазақтардың Россияның ғылымын, тілін үйренбектері үшін жәрдем болудың хисасында" атты мақалада қазақтар үшін орыс тілінде оқудың пайдасы туралы: "1877-ші жылы Атбасар қаласында мужской интернат болған һәм мұнан соң шаруа медресесі болғанда көп қазақтың балалары сонда оқып, бағзы дәулетті адамдардың балалары Омбы шаһарында әрқайсысы медреселерден оқып шығып еді. Бағзылары бүгінде фельдшер болып, бағзылары ғайри орындарда қызмет етіп тұрады. Бүгінде сол медреселер жабылып қалып, енді қай орыннан ғылым алудың орнын таба алмай қайран болып қалды",-делінген [2, 483-484 бб.].

Демек, алғашқы орыс тілінде медресе бітіргендердің біреулері фельдшер болып, біреулері басқа қызметке орналасқан. Бірақ, ол медресе жабылып қалып қазақтар балаларын қайда оқытарын білмей ұлықтардан көмек сұраған. Ол туралы "ТУГ" "Осы уақытта қазақ араларында балаларымыздың орысша оқытсақ екен дегіштер көп. Өздері әңгіме қылады бас ұлықтарымыз патшалықтан жалуна беріп, тым болмаса әр болысқа бір молдадан жіберсе... Болмаса бұл халдерімізде тұрғандарымызда ешқашан басқа өнерлі жұрттарды қуып жетуміздің мүмкіні жоқ қой деп қапаланысады" - дейді [1, 484 б.].

Демек, "Басқа өнерлі жұртты қуып жетудің" бірден бір жолы оқу екендігін аталарымыз жақсы түсінген. Дегенмен, осы мақаланың орыс тіліндегі мәтінінде айтылған қазақтардың орысша оқып, білім алуларының олар үшін қаншалықты өмірлік маңызының барлығын көрсететін: "Нам, киргизам, необходимы школы, и необходимо нам учиться. Только просвещение нас выведет из тьмы невежества, в которой мы прозябаем до сих пор. Даже

влиятельны и выдающиеся в степи киргизы, в сущности, темные люди. Свежий от природы ум киргиза, но праздный и лишенный кого - либо серьезного содержания, инстинктивно ищет себе деятельности и находит ее, к сожалению, лишь в крайне нежелательных проявлениях, как-то в бесконечных пересудах, интригах, кляузах, доносах. Все это расстраевает общественную жизнь. Пусть же хотя бы наши дети получат образование и молодое поколение освежит нашу расшатанную жизнь и внесет в нее и полезное познание, и лучшие понятия" - делінген жолдар қазақша мәтінге енбей қалған [2, 485 б.].

Бұл жолдардың қазақтардың оқудың қажеттілігін соншалықты терең сезінгендігін көрсететін дерек ретіндегі ғылыми маңыздылығын ескере отырып, қазақша мазмұнына тоқталсақ, онда, автордың айтуында: "Қазақтарға мектеп керек және оқу керек. Тек оқу ғана оларды надандық құрсауынан алып шығады. Тіптен даланың ықпалды да ұлы адамдарының өздері де шын мәнінде қараңғы адамдар. Табиғатынан таза қазақтардың ақыл-ойы іске асуға жол таба алмай түкке қажетсіз, көп жағдайда зиянды, бітпейтін бос дау-жанжалмен айналысып кетеді. Бұның бәрі қоғам өмірін бүлдіреді".

Оқудың, білімнің қазақтарға не үшін керектігі соншалықты дәл айта білген мақаланың қазақ тіліндегі мәтіннің соңында "жазған Х.Б." делінсе, орысша мәтіннің соңында "Х. Бекхожин" делінген.

Келтірілген деректер негізінде XIX ғасырдың соңында оқу, білім алу, ғылым туралы ой қазақ қоғамында орын алып, терең тарай бастаған деп айтуға болады. Оның тағы бір нақты дәлелі қазақ даласында мектеп-медреселердің кең тарай басталуы. Ресми газеттерде мектеп-медреселердің қажеттілігі, оларды салу және ашу жолдары туралы мақалалар да кезінде жарияланып тұрған. Соларға деректанулық талдау жасау XIX ғасырдың соңындағы оқу-ағарту ісінің басты мәселелерінің бірі туралы құнды мәліметтер алуға көмектеседі.

"ДУГ" 1895 жылғы 42 нөмірінде "Қазақ тіліндегі ғылым, білімнің жауабы турадан" деген мақала басылған. Мақала "өкінбеуге болмайды, біз орыстар өз қылатын ісімізге жаһут ете қоймаймыз. Бұл қазақ арасындағы ғылымның турасынан көріпіп тұр" - деген жолдармен басталған. Мақаланың авторы орыс ұлтының өкілі екендігі анық. Сондықтан мақаланың түпнұсқасы орыс тілінде жазылып қазақша аударылған. Ол орыс тілінде: "По вопросу об образовании киргизов" - деп аталады.

Қазақ арасындағы оқу ісі жағдайынан хабардар автордың мақаласында қазақ облыстарындағы мектеп-медреселерге қатысты нақты мәліметтер келтірілген. Бұл мәліметтердің шынайылылығын ресми деректер мен мұрағат құжаттары да дәлелдеп отыр.

XIX ғасырдың соңына қарай қазақтарды оқуға, білім алуға деген ұмтылыстың пайда болғандығы, бірақ мектеп-медреселердің жетіспеу салдарында көбі өз балаларын орысша оқыта алмай отырғандары туралы "Омбы қазағы" деп қол қойған автор: "қазақтардың өзі де өзгелерден кем ғылымдықты бағаламайды. Бұған дәлел қазақтардың жыл сайын оязный мекемелерге балаларын орыс медреселеріне алғызу үшін беретін бек көп арыздары болады. Қазақтар оқымысты кісіге аз -ақ, табынбайды... Өйткені, қазақты оқуға мойын қоймайды деп айтуға бола ма? Бұлар мойын қоймақ тұрсын қатты жаһұт етеді, балаларына орыс медресесінен тағылым алу үшін. Бірақ біздің жақта Қазан, Уфа, Астрахань, Орынбор губернияларындағыдай яки Торғай облысындағыдай бұқара халықтың балаларын оқытуға лайықты қылып ашып қойған школ жоқ" - дейді [2, 47 б.].

Мерзімді басылымдар мәліметтері XIX ғасырдың соңында өмір сүрген аталарымыздың тек қандай медреселер керек екендігін сөз жүзінде айтып қана қоймай, өздері қаржы жинап еліміздің әртүрлі аймақтарында мектеп-медреселер ашқандарын да жеткізіп отыр. Жоғарыда келтірілген мысалдар қазақ тілінде жарық көрген ресми сипаттағы алғашқы мерзімді басылымдар "ТУГ" мен "ДУГ" беттерінде кезінде жарияланған материалдар XIX ғасырдың соңындағы қазақ тарихының оқу-ағарту және білім беру саласы бойынша маңызды дерек көзі екендігін толығымен дәлелдейді деп ойлаймыз. Бір жағынан, патша әкімшілігінің ұзақ жылдар бойы қазақ тілінде ресми газеттер шығаруы, жергілікті майда шенеуініктен бастап, өлке генереал-губернаторына дейін қазақ балаларын орысша оқытуды насихаттау ісімен айналысулары, орыс оқуының пайдасы туралы ел арасына жүйелі түрде мәліметтер таратулары, отарлаушылардың бұл іске аса маңызды мемлекеттік іс ретінде, яғни қазақтарды орыстандыру саясатының басты бағыттарының бірі ретінде қарап, ерекше көңіл бөлгендігін көрсетсе, екінші жағынан, XIX ғасырдың соңындағы қазақ зиялыларының да дәл сол ресми газеттерде қазақ балаларының орысша білім алу керектігін дәлелдеп мақалар жазулары, олардың да қазақ балаларын орысша оқытуды қолдағандығын көрсетеді. Әрине, олар тіптен басқа мақсатта, ұлттық мүддеден шығы отырып, сол кезде қалыптасқан тарихи жағдайға сай, орыс оқуын меңгеруді қазақтар үшін білімге, ғылымға қол жеткізуге мүмкіндік беретін бірден-бір жол деп білген. Осылай, тағдырдың тәлкегімен, бір-біріне қарама-қарсы топтардың мүдделері, бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі мақсатта, бір мәселенің төңрегінде, дәлірек айтқанда, қазақ балаларын орысша оқыту мәселесі төңрегінде тоқайласқан. Сонымен қатар, газеттерде сақталынып бізге жеткен материалдар еліміздегі оқу-ағарту ісінің XIX ғасырдың соңындағы жағдайы, қазақ балаларын орысша оқыту мен оның мақсаттары, мектеп-медресе салу және ашу, тіл, термин, әріп т.б. туралы күні бүгінге дейін өз маңыздылығын жоймаған құнды мәліметтер жеткізіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Түркістан уалаятының газеті: әдебиет, тарих, мәдениет, саясат. 1870-1882. Жинақ. - Алматы: Ғылым, 2003. - 602 б.*
2. *Дала уалаятының газеті. Адам, қоғам, табиғат. 1888 ж.-1902ж. – Алматы: Ғылым, 1994. - 816 б.*
3. *Дала генерал-губернаторлығыныі кеңсесі // ҚР ОММ. 64 қ.; 1 т., 5835 іс. - 40 п.*
4. *Әуезов М. Ыбырай Алтынсарин // Шолпан. – 1923. - №6. - 193 б.*

ӘӨЖ 11.97
МРНТИ 03.01.09

Бекенова Фариза Муртхановна[1]

[1]*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 3 курс 8D-011400 мамандығының докторанты*

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБИЛКАСЫНДА ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ТҮРКІ МӘДЕНИ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ АЯСЫ

Аңдатпа

Мақалада Тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы Орта ғасырдағы Түркі мәдени мұрасының зерттелу аясы жан – жақты қарастырылады. Мақала барысында түркі әлемінің өткені мен бүгіні, тарихтың қай дәуірінде болмасын интеллектуалдық қарымы мен әрекетіне тиесілі екендігі тұрғысынан ой елегінен өткізіліп, зерделенді.

Түркі тектес халықтардан шыққан әйгілі тұлғалардың қызметі мен мұраларын, өмір жолдары мен әлемдік өркениетке қосқан үлесін бүгінгі қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар биігінен зерделеу негізге алынды. Жаңа заман тұсында түркі мемлекеттері дағдарысқа ұшырап, отарлау қыспағына түскеніне қарамастан озық ойлы тұлғаларды тарих сахнасына шығара алғаны зерттеу нысанына айналды. Бүгінде әлемнің саяси картасында тәуелсіз алты түркі мемлекеттері бар. Тәуелсіздік алған жылдардағы ізденіс арқасында көптеген мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар мен әскербасылар, ғалымдар мен қаламгерлер, өнер майталмандары жайлы ақпараттар жүйеленді.

Тірек сөздер: Тәуелсіз Қазақстан Республикасы, Орта ғасыр, түркі жазба ескерткіштері, мәдени мұрасы, зерттеу

Bekenova Fariza Murthanovna[1]

[1]*Abay Kazakh National Pedagogical University, 3rd year doctoral student, specialty 8D-011400*

THE DEGREE OF STUDY OF THE MEDIEVAL TURKIC CULTURAL HERITAGE IN THE INDEPENDENT REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article deals in detail with the study of the medieval Turkic cultural heritage in the Republic of Kazakhstan. In the course of the article, the past and present of the Turkic world, its intellectual approach and activities in whatever era of history they may be were considered and studied.

studying the cultural heritage of the turkic world in the middle ages in kazakhstan with a new perspective, the facts and documents concerning the leaders of the turkic world, whose history marked the beginning of the historical processes of the millennium, are studied, the contribution of outstanding personalities to human civilization is analyzed. They proved that in the Middle Ages they created a state, rising to the height of the empire, put forward serious initiatives to ensure the security and integrity of the country, and achieved better results.

Keywords: independent republic of kazakhstan, middle ages, monuments of turkic writing, cultural heritage, research

Бекенова Фариза Муртхановна[1]

[1] *Казахский национальный педагогический университет имени Абая, докторант 3 курса 8Д-011400*

СТЕПЕНЬ ИЗУЧЕННОСТИ СРЕДНЕВЕКОВОГО ТЮРКСКОГО КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ В НЕЗАВИСИМОЙ РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация

В статье подробно рассматривается изучения средневекового тюркского культурного наследия в Республике Казахстан. В ходе статьи были осмыслены и изучены прошлое и настоящее тюркского мира, его интеллектуальный подход и деятельность в какой бы эпохе истории они ни находились.

Изучение культурного наследия тюркского мира в эпоху Средневековья в независимом Казахстане с новой позиции изучены факты и документы, касающиеся лидеров тюркского мира, история которых положила начало историческим процессам тысячелетия, проанализирован вклад выдающихся личностей в человеческую цивилизацию. Они доказали, что в Средние века создавали государство, поднявшееся на высоту империи, выдвигали серьезные инициативы в обеспечении безопасности и целостности страны, добивались лучших результатов.

Ключевые слова: независимая Республика Казахстан, Средневековье, памятники тюркской письменности, культурное наследие, исследования

Ортағасырлық түркі мемлекеттерімен белсенді саяси-экономикалық байланыста болған іргелі мемлекеттер тарапынан үнемі төніп тұратын қауіп-қатерден сақтану, этносаяси және экономикалық-шаруашылық ерекшеліктерге

ие тайпалардан құралған мемлекеттің саяси тұрақтылығын сақтауға ұмтылысы түркілердің дәстүрлі түркілік дүниетанымнен мемлекеттің өсіп-өркендеуі немесе құлдырап жоғалуы мемлекеттегі идеологиялық дәстүрлердің тұрақтылығына тәуелді болды.

Кеңестік идеологиялық жүйе тұсында бұл маңызды мәселеге баса көңіл аударылмай, ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі дәстүрлі дүниетаным негізіндегі діни идеологияны кешенді түрде зерттеу аумағынан тысқары мәселе саналды. Сондықтан да әдетте ортағасырлық түркі мемлекеттерінің құрылу және құлдырау себептерін зерттегенде көбінесе осы мемлекеттердегі саяси-экономикалық аспектілер зерттеу нысанына айналып, ал рухани-мәдени, діни аспектілерге жете мән берілмеді. Осының әсерінен ортағасырлық түркі мемлекеттерінің өркендеуі мен құлдырау процестерінің себептері түсіндірілгенде шынайы нәтижелерге қол жеткізіле бермеді. Ал, Батыс зерттеушілері де не түркі көшпенділер дүниетанымымен таныстықтың әлсіздігінен, немесе өздерінің белгілі бір діни-саяси көзқарасының ықпалынан, не болмаса Батыс зерттеушілерінің көпшілігіне тән еуроцентристік көзқарас әсерінен мәселеге барынша байыпты қарай алмады.

Еліміздің тәуелсіздік алуымен мемлекеттілігімізді баянды ету жолында өткенді дұрыс саралап, отан тарихындағы көмескі тұстарды қайта зерттеу үшін ортағасырлық түркі мемлекеттерінің тарихын ұлттық дүниетаным тұрғысынан қайта қарастыру мәселесі басты назарда болып отыр. Әсіресе соңғы кездері қарқынды насихатталып, іске аса бастаған жаһандану процесі барысында мәселенің өзектілігі барынша айқын болып отыр. Дәстүрлі түркілік дүниетанымның өміршеңдігі мен қазіргі жаһандану проблемаларын шешу жолындағы негізгі артықшылық пен ерекшіліктері екендігін дәлелдеп, жаһандық мәселелерге тап болып отырған қазіргі жағдайда да түркі мемлекеттерінің тарихындағы рухани аспектілерді мемлекеттік-тәуелсіздік тұрғысынан жүйелі, кешенді түрде зерттеп, тарихи сабақтастық заңдылықтарын еске ала отырып, заманға лайықтыларын пайдалану өз өзектілігін жоғалтпай отыр.

Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі кезеңіндегі рухани дамуында қоғамның мәдени саласының маңызы ерекше күшейіп, салмағы арта түсті. «Өткенсіз болашақ жоқ» деген қағидаға сүйенсек, қоғам өміріндегі барлық құбылыстардың себеп-салдарын өткен әдебиеттен, мәдениеттен, тарихтан іздеуіміз қажет. Осы тұрғыдан алғанда, мәдениетіміздің тарихын жан-жақты саралап, өткенімізге көз жіберсек, рухани өміріміздегі оң өзгерістер мен шешуін таппаған мәселелерді дұрыс пайымдай аларымыз анық. Адамзат дамуының, адамзат прогресінің, жалпы адамзат мәдениетінің аса зор табыстары мен жетістіктерінің бір үлкен саласы – көркем әдебиет. Әдебиеті халық жасаған. Солай бала тұрса да, әдебиет көне түркі дәуірінен бері фольклор түрінеде де, жазба түрінде де, қазіргі бай әдебиетімізге жалғасты. Осы әдеби мұрамыздың бірқатары өз дәрежесінде зерттелді, енді бір қатары әлі де зерттеп-зерделеуді қажет етеді.

Көптеген жазба ескерткіштер, V—IX ғасырларда көк түріктер құрған Түркі қағанатының батыс бөлігіне тисілі. Ал бұл өлке біздің ата-бабаларымыздың мекені. Қазіргі біздің отанымыздың жері. Сондықтан да, олар сол дәуірдің мұралары қазақ халқының түп-тамыры болып саналады. Қазақ этногенезі мен мемлекеттілігінің, заттық-рухани мәдениетінің, дүниетанымының қалыптасуы мен дамуын зерттеуде көне түркі кезеңіне басымдылық берілуі де сондықтан. Өзінің бастамасымен 2001 жылы Күлтегін ескерткішінің ғылыми көшірмесінің Астанаға әкелінуіне орай өткізілген салтанатта сөйлеген сөзінде Н. Ә. Назарбаев былай деген еді: «Түркі өркениетінің тексті де терең тамырлы тарихы мен төлтума мәдениетін биік парасат үдесінен терең таразылаудың, оны кейінгі ұрпақтың сана-сезіміне сіңірудің, олардың бойына ешкімнен кем түспейтін тарихының барлығына, яғни кемел келешегінің барына деген сенімді дарытудың, сол арқылы отаншылдық сезімін тәрбиелеудің біз үшін маңызы да, мәні де ерекше» [1, 11]. Елбасымыз атап көрсеткендей, тамыры тереңге кеткен түркі өркениетінің ең маңызды құрамдас бөлігі — оның жазба ескерткіштері бұның өзі түп тарихымыз бен әдебиетіміздің, мәдениетіміздің қайнар көзі екеніне ешкім дау туғыза алмайды.

Кеңес дәуірінен бастап түркология деген ғылымның аясында қарастырылып келген жазба ескерткіштер тілін зерттеу тәуелсіздігімізді алып, еңсемізді көтергенен кейін тіпті жандана бастады. Сол мұраларымыз бүгінгі мұраларымызды зерттеп-зерделеуге қатысы бар. Өйткені, қазіргі мұраларымызды зерттеу және соларды танып-білу қажетті деректермен қамтамасыз етіліп болды деуге әлі ерте. Сондықтан да, осы дәуірге қатысы бар барлық тілдік деректерімізді тұтастай алып зерттеу қажет. Ал біздің ойымызша, ондай дерек көздерінің ең маңыздыларының бірі қытайша жазылға жазба ескерткіштер болып табылады. Сол себептен болар, кезінде. В.В. Бартольд көшпенділер мұрасын зерттеуге байланысты басқа дерек көздерімен салыстырғанда қытай деректерінің маңыздылығын айырықша атап өткен болатын [2, 50]. Ел басының бастамасымен жүзеге асырылап жатқан «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында біраз жәдігерлеріміз зерттелді, әлі де зерделеніп жатыр, сонымен қатар іргелі және қолданбалы, тәуекелдік жобалар аясында да бұл тақырып өз маңызын жойған жоқ. Сондай бір жоба аясында біз Пекин қаласына іс сапарға барып біраз материалдарға қолымыз жетті. Көне түркі ескерткіштеріне қатысты қытай жазбаларына келетін болсақ, олар VI-IX ғасырларда және одан кейінгі кезеңдерде орнатылған тас ескерткіштерге көне қытай тілінде, дәстүрлі қытай иероглифтерімен нақышталған жазбалар жатады. Көне түркі мемлекеті мен Қытай патшалықтары арасында болған түрлі саяси, экономикалық, мәдени, рухани қарым-қатынастарды айғақтайтын деректер жиынтығы.

Аталмыш жазбалардың бір ерекшелігі ескерткіштегі түрікше жазбаларды қайталамайды, олар көне руникалық жазбалардың аудармасы емес. Жазба мәтіндерінде баяндалатын сол кездегі тарихи-мәдени кейбір оқиғалар мен оған қатысқан тұлғалар, оқиғаның болған уақыты, орыны дәстүрлі қытай деректері мен түрікше руникалық мәтіндермен бірдей емес. Олар бір-бірінен өзгеше. Тіпті бірінде кездескен оқиға бірінде кездеспейді. Сондықтан да бұл жазбалар

бұрыннан қолда бар деректерді толықтайды және олар еш өзгеріске түспеген, қайталанбайтын түп деректер қатарына жатады.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында шетелдердегі бағалы мәдени мұраларымыздың қатарында көне түркі ескерткіштерін есепке алу, төлқұжаттандыру және елге оралту жұмысына бастан-аяқ жіті көңіл бөлініп келеді. Бұл іс шараның нәтижесінде біраз жәдігерлеріміздің көшірмелері қазақ еліне оралды. Бұл жөнінде осы бағдарлама негізінде үлкен жұмыс жасаған шығыстанушы ғалым М. Әбусейтова былай дейді: «Шығыстанулық зерттеулер негізінде Республиканың әлемдік тарихи процесстегі орны мен рөлін кең ауқымда зерделеуге деген нағыз қажеттілік туып отыр. Бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасының халықаралық мәдени имиджін көтеруге қызмет етеді» [3, 130 б.].

Осы хансулар тілінде жазылған жәдігерлер қай кезден бастап зерттелді деген заңды сұрақ туындайды. Біз қолда бар деректерге сүйене, отырып Ресей және Батыс ғалымдарының зерттеулеріне көз жіберсек, XIII ғасырда Қытай тарихшысы әрі саяхатшысы Иелу Чжу мен Иран тарихшысы А. Джувейни Орхон өзені бойына барып, ондағы көне түркі ескерткіштерін және қытай жазбаларын өз көздерімен көріп қайтқаннан соң олардың тапақ мәліметтері жер-жерге жете бастайды, одан кейін Орхон бойына алғаш жеткен зерттеуші орыс ғалымы Н.М. Ядринцев болған. ОлД.А.Клеменцпен бірге Монғолияға жасаған сапарында Орхон ескерткіштеріндегі қытай жазбаларына бірінші рет ғылыми тұрғыдан мән беген. Бұл мәлімет жөнде Н.М. Ядринцев 1890 жылы қаңтар айында Мәскеуде өткен археологтардың халықаралық VIII конгресінде ескерткіштердегі қытай жазбалары туралы тұңғыш рет баяндама жасаған. Сол жылы фин ғалымы О. Гейкель (1851—1924) бастаған экспедиция Монғолияға аттанып, ескерткіштердегі қытай, соғды, түрік тілдеріндегі жазбалардың эстампажын алды. Ол өзі жинақтаған экспедиция материалдарын 1892 жылы толық атлас етіп жарыққа шығарған. Онда қытай жазбалары тұңғыш рет жан-жақты ғылыми тұрғыдан талданған.

1891 жылы жазда Ресей ғылым акедемиясы ұйымдастырған, В.В. Радлов жетекшілік еткен арнайы ғылыми экспедиция да Монғолиядағы Орхон өзені бойына келді. Бұл жолғы экспедиция жұмысының қорытындысы ретінде Ресей ғалымдары дайындаған «Атлас древностей Монголии» атты үлкен жинақ 1892 жылы жарыққа шықты [4].

XX ғасыр басында Қытай мемлекеті ең әуелі, Цин патшалығының Ұланбаторда тұратын ұлығы Сан До сырт аймақтарға жасаған сапарының бірінде Күлтегін ескерткішіне жолығып, ондағы жазудың көшірмесін алады. Бұл кезде Қытайда түркітану ілімі қалыптаса қоймаса керек. Себебі түркітануға арналған алғашқы мақала 1929 жылы Қытайда жарияланған Хуан Чжунциннің «Күлтегін ескерткіші» атты мақаласы мақаласы болып саналады. Бұдан соң (1930 ж.) ол «Тағы да Күлтегін ескерткіші туралы» атты мақала жариялап, ескерткіштің қытайша бөлігіне қатысты біраз деректер береді [5]. 1934 жылы Юэ Цзя-цзао «Қарақорымдағы Таң дәуіріне тән үш ескерткіш» атты мақала жариялап, Күлтегін, Білге қаған, Орда-Балық ескерткіштерінің қашан, кімдердің атына қойылғандығы туралы зерттеу жүргізді. Кейін атақты түрколог Цын Чжунмянь 1937 жылы жазған «Түрікше Күлтегін ескерткіші» атты мақаласының соңғы бөлігінде ескерткіштегі қытайша жазбаны бұдан бұрынғы қытайша және фин нұсқасымен салыстыра отырып, көптеген қателер бар екндігін көрсетеді. Демек, Күлтегін ескерткіші байқалғаннан күні бүгінге дейінгі қытайша жазбалар жайлы шетелдік ғалымдардың зерттеулерін жан-жақты сараптаған кешенді ғылыми жұмыс әлі күнге жасалған жоқ. Бұндай зерттеу жүргізу кешенді түрде талдап сараптауды қажет етеді.

Қытай ғалымы Ма Чаншоу жазған «Түріктер және Түркі қағанаты» атты монографияда түріктердің алғаш мемлекет құрған кезінен бастап, біртіндеп күшейген, Шығыс және Батыс қағанатқа бөлінген тарихы, Таң әулетімен болған байланысы, Шығыс Түрік қағанатының Таңға бодан болуы мен Таң қосындарының Батыс Түрік қағанаты жеріне жасған жорықтары т.б. тарихи жағдайлар кең ауқымда баяндалады. Бұлардың қатарына Линь Ганьның, Цын Чжунмяннің, Э. Шаванның және Ван Чжилайдың осы тектес зерттеулерін жатқызуға болады.

Түркі мұрасын зерттеуге деген қызығушылық, оны қазақ этногенезімен байланыстыра зерттеу елімізде өткен ғасырдың 20-30 жылдарынан бастау алады. Ш. Құдайберді, М. Тынышпаев, М. Ақынжанов, Ә. Марғұлан сынды ғалымдар мен ұлт қайраткерлері қазақ этногенезін, тілдік мәдениетін түркі тарихымен байланысты түрде қарастырды. Олардың зеттеулерін кейіннен Ғ. Айдаров, М.Оразов, А. Аманжолов, Р. Бердібай, М. Жолдасбеков, Ә. Қайдаров, А. Сейдімбеков сынды ғалымдар жалғастырды. Бұл авторлардың бәрі – қазақ халқы мен көне түркілердің тарихи байланысына үлкен мән берді. Бұл қатарда жас ғалым А. Оразбаеваның көне түркілер мен қазақ халқының арасындағы этникалық сабақтастық туралы зерттеуі бүгінгі таңдағы нақты, өзекті мәселеге арналды. Белгілі ғалым, ҚР ҰҒА академигі Б. Көмеков араб деректеріне сүйеніп жасаған зерттеулерінде бүгінгі Қазақстан шегінде жасаған көне түркі тайпаларының бір-бірімен болған этномәдени байланысына, олардың көшіп-қонуы мен қоныстану аумағына, Қазақ мемлекеттілігінің даму мәселелеріне терең әрі жан-жақты назар аударылған. Қ. Салғараұлы – көне түркілер мен қазақ халқының этно-мәдени, рухани қарым-қатынастарын көптен зерттеп келе жатқан ғалым. Сондай-ақ, ол ҚР Президентінің тапсырмасымен көне ғұн, түркі тарихына қатысты қытай материалдарын еліміз атынан жинақтауға алғаш ат салысты.

Осы бағытта Н. Мұқаметханұлының зерттеулерін де айрықша атап өтуге тиіспіз. Оның «Қазақ мәдениетінің тарихын зерттеудегі қытай деректерінің маңызы», «Қытай жылнамаларындағы Қазақстан және қазақ халқының тарихына қатысты Хан және Цин патшалықтары кезіндегі деректер» деген зерттеулерін ерекше атауға болады.

Ю.А.Зуевтің еңбектері көне түркілердің ертедегі тарихы мен дүниетанымын тереңдей зерттеуге арналды. Ол көне түркілердің өз қолымен қалдырып кеткен мәңгітас бітіктеріне (жазбаларын) төл тарихымызды зерттеудің тікелей дерек көзі ретінде назар аударды. 2004 жылы жарық көрген С. Игібаевтің «Түркі қағанатының құрылуы мен жойылуы» атты зерттеуі Шығыс Түркі қағанатының Қытай қол астындағы “бодандық” тарихына жаңаша

көзқараспен қарауға жетелейді. Оның пікірінше, түріктердің Таң қол астында бодан болу кезеңі, жұрт айтып жүргендей, елу жыл емес, небары отыз жыл төңірегінде ғана болған. Профессор К. Аманжолов өзінің «Түркі халықтарының тарихы» атты еңбегінде Түркі қағанатын осы күнгі түркі халықтары тарихының, мемлекеттілігінің бастау көзі ретінде қарастырды. С.К. Игібаевтің 2005 жылы жарық көрген «Казахстан в источниках и материалах» атты еңбегінде көне түркі дәуірінен XIV ғасырға дейінгі Орта Азия мен Қазақстан тарихына қатысты түрлі дерек көздеріне жүйелі талдау жасалған. Ол осы еңбегінде оларды түрлерге және типтерге айырды.

Соңғы жылдардағы отандық түркологияның қомақты жетістігі ретінде Қ. Сартқожаұлының «Объединенный каганат тюрков (745-840)», «Байырғы түрік жазуының генезисі», «Орхон мұралары» [6] атты зерттеу еңбектері жарық көрді. Оның М. Жолдасбековпен бірігіп жазған «Орхон ескерткіштерінің толық атласы»,– «Атлас Орхонских памятников» атты еңбегін Күлтегін, Білге қаған ескерткіштерінің Т.З. Қайыркен жаңғыртқан және аударған нұсқалары да енгізілді. Бұл еңбектерінде авторлар Түркі қағанаты мен одан кейінгі Біріккен Түркі (Ұйғыр) қағанаты кезіндегі түркі ескерткіштеріне және олардағы көне түркі, соғды, қытай тілдерінде қашалған жазбаларға мәтінтану тұрғысынан жан-жақтылы зерттеу жасады.

Қазіргі қазақ тілі орта түркі дәуірінен кейін түркі тілдес халықтардың қалыптасу дәуірінде өз алдына жеке отау тігіп, жеке тіл ретінде тарих сахнасына шыққаны белгілі. Сол себептен, түркі халықтарына ортақ ауыз әдебиеті үлгілері мен тарихи жазба мұралар қазақ ұлтына да тиесілі болып саналады.

Түркілік мұраны зерттеудің маңызы туралы аз айтылып-жазылып жатқан жоқ. Өйткені, оны зерттеп-зерделеу арқылы халық тарихын, жады мен ой-санасын, таным-түсінігін, этникалық ұқсас қауымдастықтардың белгілі бір тарихи-мәдени кеңістіктегі тұрмыс-тіршілігі мен өркениетін анықтауға болады. Бұл бағыттағы ізденістер, әлі де болсын, ортақ арнасы мен шешімін күтуде. Түркі әлемінің құндылықтарын тұтастай алып, ғылыми-саралау алғашқы кезде дұрыс жолға түссе де, кеңестік дәуір идеологиясына байланысты бөлшектеніп кетті. Бұл туралы белгілі түркітанушы ғалым Ш.Ибраев: «Тек қана лингвистикалық зерттеулерде болмаса, әдебиет, тарих, этнография, археология ғылымдарындағы ізденістер түбі бір түркі дүниесінен алыстап кетті. Кейнгі тоқырау жылдарында көбінесе ежелгі түркі тайпаларының негізін құраған, кейіннен тағдыр талайынан бөлінген ұлыстар мен ұлттардың шеңберінде ғана зерттеле бастады» [7], – деп жазады.

Бүгінге дейінгі түркілік мұраларға қатысты зертеулерді зерделесек, еуразиялық кеңістіктегі көшіп-қонған түркілік ру-тайпалардың өмір-салты мен әдет-ғұрпының қалыптасуына, олардың өзара қарым-қатынасының ерекшелігіне деген түрлі ой-пікірлердің бар екенін пайымдаймыз. Бұрын батыс, орыс ғалымдарының еңбектері шешуші құжат, айқын дәйек ретінде қабылданып келсе, ендігі уақытта сол мұраларды қазіргі саяси-қоғамдық жағдай мен бүгінгі ғылыми таным-түсінік тұрғысынан қайтадан ой елегінен өткізіп, тереңдетіп зерттеп-зерделеуге әрі тың деректермен толықтыруға мүмкіндік туып отыр.

Осындай мүмкіндікке орай, қазіргі кезде посткеңестік мемлекеттер аумағындағы түркітану, оның ішінде Қазақстандағы түркітану өз дамуының жаңа кезеңі алдында тұрғанын байқауға болады. Себебі, бұл салада зерттелген дүниелерден зерттелмегені әлдеқайда көп. Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі рухани мәдениет көзі болып табылатын түркілік жазба ескерткіштерді зерттеуге мүмкіндік берген зор импульс болды.

Өз тегін тану, оның тамырына үңілу арқылы жаңғыруда мынадай екі міндет айқын аңғарылады. Оның бірі – өз тілі мен ділін, әдебиеті мен тарихын, мәдениеті мен өнерін тереңнен тану арқылы рухани жаңғыру болса, екіншісі – әлемдік жаһандану үдерісінің күшті ықпалына қарамастан, адамзаттың ілгерілеп дамуында көшбасшы болуға ұмтылу болып отыр.

Жалпы түркілік ауыз әдебиеті – ықылым заманнан бері атадан балаға ауысып келе жатқан көненің көзі болса, сол сияқты ежелгі және орта ғасыр жазба ескерткіштері де түркі халықтары тілі қалыптасу дәуіріне дейін жазылған әдеби-рухани ортақ мұралар. Оларға Орхон-Енисей, Талас жазбаларын, ұйғыр жазуының нұсқаларын, «Дивани лұғат ат-түрік», «Құдатқу білік», «Хұсрау мен Шырын», «Мұхаббат-наме», «Гүлстан бит-түрки», «Нахадж әл Фаради», «Қисса сул-Әнбиә» сияқты т.б. оғыз-қыпшақ тілінде жазылған мұраларды жатқызып жүрміз. Осы жазба ескерткіштер әрі әдеби-тілдік дерек, әрі тарихи-танымдық дерек, әрі рухани әдеби-мәдени құндылық ретінде XVIII ғасырдан бастап әр қырынан зерттеліп келеді. Әсіресе, тарихи-тілдік материал, көне әдебиет нұсқасы ретінде біршама кең ауқымда зерттеліп-зерделенді. Бұл бағытта түркітанушылар: В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, Н.М.Ильминский, Н.К.Дмитриев, Н.А.Баскаков, С.Е.Малов, А.Н.Кононов, Ф.Г.Исхаков, А.М.Щербак, Э.Р.Тенишев сияқты т.б. ғалымдардың еңбектерін ерекше атап өткен жөн.

Түркітанудың кең өріс алып дамуына қазақ ғалымдары да айтарлықтай ат салысты. М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Қ.Жұмалиев, С.Аманжолов, Ғ.Айдаров, Ш.Сәтпаева, Ә.Құрышжанов, М.Томанов, Ә.Ибатов, Ә.Қайдаров, А.Аманжолов, Н.Келімбетов, С.Қасқабасов, А.Қыраубаева, Ш.Ибыраев сияқты т.б. қазақ ғалымдары көне түркі жазба ескерткіштерінің жанры, әдеби-көркемдік ерекшеліктері, дүниетанымдық сыр-сипаты және қазақ әдебиетінің тарихы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы, қазақ әдеби тілінің тарихы, этнолингвистикаға мәселелеріне қатысы деген сияқты т.б. бағытта іргелі еңбектер жазып, түркітануға сүбелі үлес қосты.

Еліміз тәуелсіздік алып, өз алдына дербес мемлекет болғаннан бері қазақ тілін туысқан түркі тілдерімен салыстыра зерттеу, қазақ тілі тарихының тереңіне бойлау бұрынғыдан гөрі қарқын ала бастады. Қазақ тілінің даму тарихын нақтылау мақсатында ауыз әдебиеті үлгілерінің тіліне, түркілік ежелгі және орта ғасырдағы жазба мұралар тіліне зерттеулер жүргізіліп, ата-бабадан қалған мәдени-әдеби рухани мұраларды ұлттық құндылықтар ретінде зерделеуге ерекше мән беріле бастады. Осы мақсат-мүддеге орай, қазақтың тілші-лингвист ғалымдары «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ежелгі және орта ғасыр жазба ескерткіштер тілінің фонетикалық, лексикалық,

грамматикалық сыр-сипаты жайында зерттеулер жүргізіп, олардың қазіргі түркі тілдес халықтарға ортақтығын, тіл арқылы қалыптасатын рухани-мәдени құндылықтардың бүгінгі түркі тілдес халықтар мәдениетімен және жалпыадамзаттық өркениетпен сабақтастығын анықтауда.

Түркілік жазба ескерткіштердің әдеби-көркемдік сипаты, тілдік ерекшеліктері туралы біршама зерттеулер жүргізіліп, құнды-құнды еңбектер жарық көргенімен, филологиялық тұрғыдан толық шешімін тапты деуге әлі ерте. Бүгінгі таңда Y–XIY ғасырларда жазылған түркілік жазба ескерткіштер тілін қазіргі қазақ тілімен салыстыра отырып зерттеу – өзекті мәселе болып отыр. Өйткені, ұлт тарихын, яғни өзімізді танып-білу үшін бұл мұралардың берері көп. Әсіресе, осы мұралардың орта ғасырларға жататындары қазақ тілінің қыпшақтық негізін анықтауда негізгі тілдік материал болып саналады. Ондай ескерткіштердің қатарына Құтыптың «Хұсрау мен Шырыны», Хорезмидің «Мұхаббат-намесі», С.Сарайдың «Гүлстан бит-түркиі», Мұхаммед бин Алидің «Нахадж әл Фарадисі», Рабғузидің «Қисса сул-Әнбиәсі» сияқты т.б. шығармалар жатады.

Қазіргі қазақ тілі тарихи кезеңдерді бастан өткеріп, бүгінгі көркем қалпына жетті. Оның барша халыққа ортақ, жалпыхалыққа түсінікті, әдеби-стильдік нормалары қалыптасқан, қоғамдық қызметі жан-жақты әдеби тілі сан ғасырлар бойы қалыптасты. Сол себептен, түркілік дәуірдегі жазба мұралар тілін ғылыми-теориялық тұрғыдан терең талдап, зерттеудің маңызы зор.

Ескерткіштердің әдеби-тілдік деректері қазіргі түркі халықтары өркениетінің қалыптасып дамуынан, соның ішінде қазіргі қазақ өркениетінің өркендеуінен хабардар етеді. Қазіргі қазақ тілі мен әдебиетінің көркемдік-стильдік жаңа заңдылықтарын анықтап, еліміздің мәдени өміріндегі жаңашыл бағыттарды жүйелеп, оларға ғылыми-практикалық сипаттама беру үшін де түркілік жазба мұраларды зерттеу қажет. Сол себепті де бұл жазба ескерткіштерді тілдік жағынан болсын, әдеби көркемдік сипаты тұрғысынан болсын зерттеп-зерделеу бүгінгі күнде аса қажетті мәселелердің қатарында.

Бүгінгі таңда түркілік жазба мұра – әлемдік жаһандану үдерісінің күшті ықпалына ұшырап отырғанына қарамастан, адамзаттың ілгерілеп дамуындағы өзіндік бағасы мен тарихи рөлін жоғалта қойған жақ. Тамырын сан ғасырлық тарихтан алатын, гуманистік қағидалардың сабақтастығын анықтауға негіз болатын және сонымен қатар жалпы түркі өркениеті мен түркілік идентификацияны жаңартып, өзектендіруге септігін тигізетін әдеби-тілдік құнды материалдар осы мұраларда шектеусіз мол. Осы материалдарды ғылыми тұрғыдан игеріп, жан-жақты зерттеп-зерделеу – түркі өркениетінің өткені мен бүгінгісін, сондай-ақ болашақ даму жолын бағдарлауға үлкен мүмкіндік береді.

Түркі әлемі ықылым заманнан бері адамзат өркениетінің дамуына қалай ықпал етіп келсе, қазіргі кезде де оның даму парадигмасы мен типологиясының қалыптасуына рухани, идеологиялық, экономикалық әсерін тигізіп отыр. Осы тұрғыдан алғанның өзінде де түркітану түркі дүниетанымының бар қыры мен келбетін, этикасы мен эстетикасын, тілі мен әдебиетін, діні мен дінін, тарихы мен құқығын, этнографиясын, педагогикасы мен психологиясын, логикасын т.б. зерделуде маңызды рөл атқарады.

Тәңірлік дәуір ескерткіштері болып саналатын ежелгі түркілердің «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөкке» арналған тастағы жазуларының мазмұны кейіпкерлердің туылғанынан бастап, оның ерлікке толы өмірі мен өлімін көрсетумен аяқталады. Осы секілді батырлық жырлардың да мазмұндық-идеялық құрылымы – түркі халықтарының барлығына тән болып келеді. Бұл – ежелгі дәстүрдің жұрнағы, осы дәстүрдің тұрақтылығын аңғартады.

Көптеген халықтардың фольклорында айдаһар сыртқы сипаты жыланға ұқсас мақұлық ретінде бейнеленген. Мәселен, мифтер мен архаикалық жырларда, «Шахнама» дастанында айдаһар адамдарға апат әкелуші, ажал төндіруші ретінде беріледі. Жыландарды да өлімнің символы ретінде суреттейтін мифологиялық әңгімелер мен аңыздар ұшырасып отырады. Ол Қорқыттың ажалдан қашуы туралы айтылатын аңыздарда ұшырасады. Қорқыт өмір бойы ажалдан қашып, ең соңында Сырдарияның үстінде қобыз тартып отырғанда ажал қайрақ жылан боп келіп шағып өлтіреді.

Сонымен айдаһар бейнесі қайдан келіп шықты деген заңды сұрақ туындайды. Ең ежелгі жыр – шумерлердің «Гильгамеші» дастанында Гильгамеш қасына елу адам ертіп мәңгілік әлемді іздеп шығады. Оған жету жолында тосқауылға тап болып, Хувава атты айдаһармен соғысады. Осылайша адамзат тарихындағы ең алғашқы эпос «Гильгамеште» адам мен айдаһардың соғысы ретінде бейнеленген. Ол турасында шумеролог ғалым Сэмюэл Ной Крамер мынадай дерек айтады: «Поскольку тема борьбы с драконом возникла в шумере уже в III тысячелетии до н.э. мы имеем все основания предполагать что многие детали этих легенд, как греческих, так и раннехристианских, восходят к шумерским источникам. В настоящее время нам известны по крайней мере три варианта уничтожения дракона, существовавшие у шумеров более трех с половиной тысяч лет назад, в первых двух вариантах противниками дракона выступают боги – бог воды Энки, весьма похожий на греческого Посейдона, и бог южного ветра Нинурта. Но в третьем мифе это смертный, герой Гильгамеш, далекий прообразев. Георгия» [8, 256].

Көптеген мифтерде айдаһар құдайлар арасында болған соғыстарда жер асты құдайының сенімді нөкері ретінде басқа әлемнің құдайларына қауіп төндіріп отырады. Жыланның ажал символы екендігі туралы П.А. Гринцер де айтқан болатын: «По мнению П.А. Гринцера, древний хтонический миф претерпел эпическую трансформацию, в которой змея служит символом смерти, и истребление змей знаменует борьбу со смертью. Подтверждение этому он находит в древнеиндийском эпосе «Махабхарата», где борьба со змеями – это преодоление смерти, поиск бессмертия, как и в эпосе о Гильгамеше и в какой-то мере в «Иллиаде» [9,328].

Құдайлардың құбыжыққа қарсы соғысы эсхатологиялық мифтерде бастапқының соңғысын жеңуімен аяқталып отырады. Оған мәдени кейіпкерлер де араласады. Мысалы «Шахнама» дастанында балаларын жалмап қойған Захак патшаға қарсы көтеріліс ашқан темір ұстасы Кава соғысқа шығады, Захакты өлтірген ол тақ мұрагері Феридунды патша тағына отырғызады.

Қорытынды. Мақала мазмұнында келітірілген деректерді саралай келіп зороастризм діні қанат жайғанға дейін көптеген халықтардың жылан мен айдаһар культіне табынғандығы байқалады. Жылан, айдаһар бейнелері матриархат кезеңінің символы деуге де болады.

Бұдан мифологиялық таным мен сенім нәтижесінде фольклор кеңістігінде қалыптасқан кейіпкерлер жүйесінің сакральді, демонологиялық қыр-сырын, функциялық ерекшеліктерін аңғарамыз.

Сонау замандарда табиғат құбылыстарын түсіндіру үшін адамзат мифтерді пайдаланып, мифтік бейнелер арқылы жаратылыстың сырлары мен шығу тегін ұғуға тырысқан. Бұлар арқылы жер бетіндегі тіршіліктің пайда болуы жөніндегі мыңдаған жылдар бұрынғы түсінік, көзқарастар бізге жетіп отыр.

Бұл мақалада түркі фольклорындағы айдаһар мен жыланның сакралді және демонологиялық сипаты бойынша талдаулар жасалынды. Алдағы уақытта түркі фольклорындағы өзге де образдардың сакральді және демонологиялық сипаты әлемдік фольклортанудың озық әдіснамаларынегізінде жаңаша талдаулармен толықтырыла түседі және жалпы фольклордың мифологиялық сипатын жалпы гуманитарлық ғылымдар аясында қарастыруды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақ халық әдебиеті: көптомдық. IY том. – Алматы, 1989. – 349 б.*
2. *Салмин А.К. Народная обрядность чувашей. – Чебоксары, 1994. –165 с.*
3. *Тарих. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. 1 том. – Астана: Фолиант, 2005. – 472 б*
4. *Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких племен Средней Азии // Сочинения. Т.5. – Москва, 1968. – 256 с.*
5. *Пропп В.Я. Поэтика фольклора //Составление, предисловие и комментари А.Н.Мартыновой. – Москва, 1998. –166 с.*
6. *Қасқабасов С. Ойөріс (Фольклор туралы). – Астана, 2009. – 400 б.*
7. *Қазақ ертегілері. – Т. 1. – Алматы, 1957. – 400 б.*
8. *Савельева В. Художественный текст и художественный мир. –Алматы, 1996. – 234 с.*
9. *Светлакова О. Художественное время и пространство в романе Сервантеса «Дон Кихот». – Ленинград, 2005. – 290 с.*

ӘОЖ 74.19
ГРНТИ 03.61.91

Каражан Қ.С.[1] Хасанаева Л.М.[2] Уразбаева А.М.[3]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, E-mail: karazhankaznu@gmail.com
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, E-mail: leila.maralovna@gmail.com
[3]Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, E-mail: akzhamal.m@gmail.com

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚҰН МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Бүгінгі таңдағы қоғамдық ғылымдағы әдет-ғұрыптағы құн мәселесі тарихи құқықтық түрлерінің негізі ретінде өзінідік ерекше және мәдени өркениеттік құбылыс ретінде танылған. Дәстүрлі көшпелі қазақ қоғамындағы құқықтың нысаны ретінде әдет-ғұрып құқығы халықаралық құқықтық қатынастарда жария сипатта қолданылғандығын атап көрсетуге болады. Әдет - ғұрып құқығында құн мәселесін зерттеу тарихи танымдық маңызға ие болуда. Мәселенің зерттелу барысында дәстүрлі қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып құқықығындағы құнға қатысты теориялық бағыттарына қатысты түрлі көзқарастар қалыптасты.

Мақала жазу барысында, қазақ мемлекеттілігінің орнығуында ерекше орын алатын дәстүрлі құқық институттарының қоғамдағы негізгі құн мәселесін зерттеудің негізгі бағыттары талданды.

Кілт сөздер: көшпелі қоғам, құқық институты, құн, әдет-ғұрып.

Karazhan K.S.[1] Khassanayeva L.M.[2] Urazbayeva A.M.

[1]al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty, E-mail: karazhankaznu@gmail.com
[2]al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty, E-mail: leila.maralovna@gmail.com
Republic of Kazakhstan, Almaty, E-mail: akzhamal.m@gmail.com

HISTORICAL FOUNDATIONS OF THE KUN PROBLEMS IN THE TRADITIONAL LEGAL SYSTEM OF KAZAKH SOCIETY

Abstract

In modern social sciences, the kun problem is recognized as a unique and cultural phenomenon of civilization and is the basis of historical legal forms. It should be noted that the customary legal system, as a form of law in the traditional nomadic Kazakh society, was used in public relations in international law.

The study of the question of kun assumes historical and cognitive significance. While studying the problem, different views were formed on the theoretical directions of customary law of traditional Kazakh society. During the writing of the article, the main directions of studying the kun of traditional legal institutions in society, which play a special role in the formation of Kazakh statehood, were analyzed.

Key words: nomadic society, legal institution, customs, kun.

Каражан Қ.С.[1] Хасанаева Л.М.[2] Уразбаева А.М.[3]

[1]Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы, E-mail: karazhankaznu@gmail.com
[2]Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы,
E-mail: leila.maralovna@gmail.com
[3]Республика Казахстан, г. Алматы, E-mail: akzhamal.m@gmail.com

ИСТОРИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРОБЛЕМЫ КУНА В ТРАДИЦИОННОЙ ПРАВОВОЙ СИСТЕМЕ КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА

Аннотация

В современных общественных науках проблема куна в обычаях признана уникальным и культурным феноменом цивилизации как основы исторических правовых форм. Следует отметить, что обычное право, как форма права в традиционном кочевом казахском обществе использовалось в общественных отношениях в международном праве.

Исследование вопроса куна в обычном праве приобретает историческое и познавательное значение. В ходе изучения проблемы сформировались разные взгляды на теоретические направления стоимости в обычном праве традиционного казахского общества.

В ходе написания статьи были проанализированы основные направления изучения куна традиционных правовых институтов в обществе, которые играют особую роль в становлении казахской государственности.

Ключевые слова: кочевое общество, правовой институт, обычаи, кун.

Дәстүрлі қазақ құқығы қазақ халқының мемлекет және құқықтық тарихында ерекше орын алатын құбылыс. Оның бастауы қазақ халқының ертеден келе жатқан салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары. Бұлар бірнеше мыңдаған және жүздеген жылдар көшпелі ортада, Еуразияның ұлан-байтақ даласында сақталып, толықтырылып, XVI ғасырдан бастау алып, XVIII ғасырдың бірінші ширегінде жаңа жүйе негізінде, Тәуке ханның заңдары деген атпен белгілі болды.

Қазақ хандығы тарихының нығаюы мен ішкі тұтастығының тетіктерін қамтамасыз ету барысында Қасым ханның «Қасқа жол» атты заңдар жинағы үлкен рөл атқарды. Яғни, алдыңғы дәуірде жүзеге асқан құқықтық қатынастар қоғамның жаңа талаптарына негізделген ережелерде көрініс тапты. Осы ережелер, Есім хан тұсында өмірге келген «Ескі жол» заңнамасында да орнығып, толықтырыла түсті.

Әрине, күні бүгінге дейін осы заңдар жинағының түпнұсқасы мен дәлелдейтін жазба ескерткіштер табылмай отырғандығы белгілі. Кеңестер дәуірінде «Жеті жарғыға» феодалдық қатынастардың сарқыншағы деген сипаттама тағылып зерттелінбеді. Бізге «Жеті жарғы» негізінен орыс ғалымдары мен зерттеушілерінің жазбалары еңбектері арқылы белгілі. Алғаш рет орыс ғаллымы Г.Спасский жаппас руының старшыны Күсбек Шүкіралиевтің мәліметтерінің [1]негізінде «Жеті жарғының» 11 үзіндісін 1820 - шы жылы «Сибирский вестник» басылымының бетінде жариялады. «Жеті жарғының» екінші нұсқасы (34 үзінді) А.Левшиннің зерртеулерінде беріледі. Бұл нұсқалар халық ауыз әдебиеті негізінде толықтырылады. Сондықтан, жоғарыда көрсетілген заңдар жинақтары туралы деректердің болжам ретінде де болатындығын да айта кетуге болады. Дәстүрлі дала құқығының маңызы ерекше құқықтық ескерткіші «Жеті жарғы» ережелерінен, құқықтық салада құн мәселесінің маңызының жоғары болуынан, қазақ билерінің талқысындағы өзектілігімен ерекше қарастырылды. Дәстүрлі қазақ құқығының көне ескерткіштерінің, XVIII ғасырдың басында толықтырылып, қазақ әдет-ғұрып заңдарының жаңа бағытта қарастырылуы тарихи оқиғалармен тығыз байланыста болуы заңды құбылыс. Көшпелі ортаның әдеттік құқық саласындағы сан алуан кезеңдік үдерістің ең басты тұлғалары - қазақ билері болды. Олардың тәжірибесінен туындаған заңдар жинақтары құқықтық қағидаларының қолданысын ұрпаққа таралуын қамтамасыз етуде басты рөл атқарды. Бұл құқықтық ережелерде мемлекеттің ішкі және сыртқы мәселелері ескеріліп отырды.

Қазақ көшпелілерінің қоғамы Орталық Азияда қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдайда, сыртқы қауіптің күшеюіне байланысты оған, жауап беруі қажет болды. Осындай тарихи жағдай мемлекет іргесін, халықтың бірлігін күшейтуге бағытталған заңдардың, құқықтық дәстүрлердің қайта жаңғыруына тікелей әсер етті. Тарихшылар мен құқықтанушылар Қазақ хандығының құқықтық жүйесін көшпелі қоғамының ішкі қауымдық тіршілігін реттеу мәселелерімен ғана байланыстырады. Көптеген рулар мен тайпалар өздерінің үйреншікті қоныстарын өзгертіп басқа жақтарға қоныс аударды және ыдырау үрдісіне ұшырады. Бұл дағдарыс әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынасқа да тікелей әсер етіп қоғамдағы төре мен қараша, төре мен төленгіт, отырықшы мен көшпелі топтар мен жіктер арасындағы қатынастар да бұзылды. Бұл мәселе ғылыми әдебиетте дәстүрлі қазақ құқығын тек көшпелілердің өз ортасындағы қауымдық қарым-қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар ретінде қабылдау қалыптасып, оның мемлекеттік маңызына көңіл бөлінбеді. Шын мәнінде әдет-ғұрып құқығы ережелері тек қазақтың ру ішіндегі қауымдық қарым-қатынасын ғана емес, сонымен бірге жалпы мемлекеттік, соның ішінде қазақ сияқты негізгі мемлекет құрушы этнос пен мемлекет құрылымындағы қалалық өңірдегі тұрғындармен, көптеген әлеуметтік топтардың арасындағы дауларды,талас-тартысты, қарым-қатынастарды да реттейтін тетікке айналды.

Шоқанның көшпелі халықтың әдет-ғұрыптары мен құқықтық идеялары басым негіз тапқан еңбектерінің бірегейі «Қырғыздар туралы жазбалар» болып табылады. Аталмыш еңбегінде, патшалық Ресейдің қазақ жерін толық жаулап алуының аяқталуы мен отаршылдық езгінің күшейе түскен дәуірінде, Шоқан реформа жасауда асығыстыққа жол бермеуге, жергілікті халықтың әдет-ғұрып ерекшелігін, тіпті «оны қоршаған орта мен ауа-райын, жер жағдайын да» ескеруге шақырды. «Реформа оңтайлы жасалғанда, яғни, қоғамдық құрылым жан-жақты дами алатын мызғымас даму заңына негізделіп жасалғанда ғана ұтымды реформа болады. Мұндай реформаны ешқандай жағдайда да бөгемей, қайта оны қолдау керек». 1822 жылғы Сібір қырғыздарының жарғысын сынай отырып, Шоқан мұндай асығыс жасалған реформалар халықты опат етеді және даму жолына кедергі келтіреді деп есептеді. Отырықшы халыққа арналып жобаланған әкімшілік өзгеріс «Ресейдің Еуропалық, Азиялық бөлігінде көшіп-қонып жүрген халықты басқаруға бүтіндей қолданылса, мұндай өзгерістен ешқандай пайда келуі былай тұрсын, нағыз тұрпайылық болар еді», - деп жазды [2]. Шоқанның қазақ халқының бұрынғы құқықтық жүйесі мен кейінгі патшалық әкімшіліктің заң ережелеріне қатысты айтылған ойлары мен салыстырмалы пікірлері тиянақты зерттеу жүргізуді талап етеді.

XVIII ғасырдағы көшпелі қазақ қоғамының құқықтық қарым-қатынастарына ерекше назар аударғандардың бірі, Орынбор губерниялық кеңсесінде қызмет атқарған П. И. Рычков. Ол өзінің қызмет бабындағы міндеттеріне байланысты ғана емес, сонымен бірге бойына біткен ауқымды ғалымдық және саяхатшылық дарынымен өз еңбектерінде қазақ халқының тұрмысы мен тарихын көрсете алды. Оның «Орынбор тарихы» атты еңбегінде Кіші

жүз қазақтарының арасында кең жүзеге асқан құқықтық қатынастар зерттелінген. Оның ойынша, дала халқының құқықтық ережелері олардың өмір талаптарына сай және тиімді[3].

Келесі бір зерттеу еңбектерінің авторы А. Левшин болып табылады. Оның «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы» атты 1832 жылы жарық көрген еңбегінде көшпелі қоғамның ежелгі әдет-ғұрыптарымен қатар, заңдық негіздері де қарастырылған [4].

Есім ханның «Ескі жол» заңдар жинағына қатысты жекелеген зерттеулер бүгінгі таңдары қарқын алуда. Олардың негізгі бағыттары ғылыми журнал беттері мен газеттерде көрініс табуда. Осы қатарда, Жағыпарұлы Жылқыбайдың «Есім ханның ескі жолы» атты мақаласын айтуға болады [5].

Халық жадында сақталған «Қасым ханның қасқа жолы» заңының «Ұлы Жасақ» заңымен байланысы ерекше. Бұл заңға енген ережелер мынандай болды: 1. Мүлік заңы (мал, мүлік, жер дауын шешу ережелері); 2. Қылмыс заңы (кісі өлтіру, ел шабу, мал тонау, ұрлық қылмыстарына жаза); 3. Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат); 4. Елшілік жоралары (шешендік, халықаралық қатынастарда сыпайылық, әдептілік); 5. Жұртшылық заңы (шүлен тарату, ас, той, мереке үстіндегі ережелер міндеті). Қасым ханнан кейін «Жеті жарғыны» толықтыра түсетін жүйеленген «Есім ханның ескі жолы» заңы. Бұл заңның ерекшілігі құн төлеу мөлшері қарашасұлтан, бай-кедей деп бөлмей барлық топ өкілдері үшін бірдей болған. Сонымен қатар «Жеті жарғыда» кездесетін өнер құны және сүйек құны осы Есім хан тұсынан бастау алады. Қазақ хандығы мемлекеттік іргетасын қалағаннан кейін «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» әдеттік құқыққа негізделген хан заңдары мазмұны жағынан «Жеті жарғыда» жалғасын тапты. Мұны «Жеті жарғының» баптарын қағазға түсірген ғалым А.И.Левшиннің еңбегіндегі берілген мына үзінді нақтылай түседі: «Бұл билер ертеден келе жатқан Қасым хан мен Есім хан тұсындағы әдеттік-құқық жүйелерді «Жеті жарғы» заңына жинастырды» [4]. XIX ғасырдың өзінде бұл әдеттік-құқықтық жүйе өзінің реттеушілік мәнін жоғалтпады. Сонымен, «Жеті жарғы» - бұл әдет-ғұрып талаптарына негізделген көшпелі өркениеттің шығармашылыққа бейім тайпаларының көптеген ғасырға созылған іс-әрекетінің жемісі екеніндігін көрсетеді.

Тарихшылар мен құқықтанушылардың зерттеулер жүргізу нәтижесінде қазақ халқының әдет-ғұрып ережесі, заң нормалары туралы тұжырымдар мен мәліметтер жиналды. Солардың бірі XX ғасырдың басында өмір сүрген, бүкіл Орта жүзге аты әйгілі Сакқұлақ бидің колжазба жинағы. Есім хан қазақтарға 1598—1628 жылдары хан болған. Ол өзінен бұрынғы Орыс хан, Қасым хан жасаған әдет-ғұрып заң нормаларын қайта қарап, өз дәуіріне ылайықты етіп түзеген. Өзінің мазмұнына қарай құн дауы, жер дауы, жесір дауы, мал дауы секілді күрделі тараулардан құралады. Ежелден-ақ қазақ қоғамындағы күрделі даулардың бірі – кісі өлімі. Кісі өлімі үшін құн алынған. Есім хан шығарған арнайы заң бойынша өлген кісіге өлтіруші жақ құн төлеуге міндетті. Ер адамның құнына жүз жылқы, алты жақсы түйе кесілген.

Ол барлық еркек үшін бай, кедей, жас, кәрі демей бәріне бірдей сол дәуірде бұл алынған негізгі құн өлшеуінен артық құнның мынадай түрі болған: 1. Өнер құны. Оған жүлде алған атақты адамның құны жатады. Жүлде алған деп, жұртқа белгілі ақындар мен топқа түсіп бәйге алған балуандар есептеледі, олардың құны үшін екі кісінің құны 200 жылкы, 12 түйе берілуі керек. 2. Сүйек құны. Оған өлген кісінің сүйегі үшін төленетін құн жатады. Мысалы өлген адамның сүйегі туған-туысқанының қолына түспей, жоқ болып кетсе, ол үшін екі адамның құнын төлеулері керек. Бұл екі түрлі құнды, үстеме құн деп атаған. Кісі өліміне құн төлеу жайлы жоғарыда айтқан ойымызды бізге келіп жеткен "Есім ханның көкаласы бір-ақ бесті" деген қағида толық дәлел бола алады. Ұры ұрлап кеткен Есім ханның көкала дейтін аты қанша жақсы, жүйрік жылқы болғанымен ас пен тойға қосылып бәйге алған мал емес екен. Сондықтан да ұрыдан төлеу алғанда төлеуге бір-ақ бесті кесіпті.

Осы құқықтық нормалар негізінде, жұрт көзіне түсіп, белгілі болу, болмауына байланыстылығын көреміз. Әйел адамның құны «Есім ханның ескі заңы» бойынша қалың малдың шамасы бойынша өлшенген. Өлген әйелдің тұқымының қызына алатын қалын малы қандай болса, сондай мал төлеуге тиісті, болмаса қыз орнына өлтіруші жақ қалыңсыз қыз беруі керек. Бұдан бізге белгілі болғаны, еркек адамның құнынан айырма әйел адамнын құнының әртүрлі екендігі. Бұл қыз әкесінің әл-ауқатына қарай, қалың малдың мөлшеріне байланысты. Даудың тексерілуі кісі өлтірушінің ауылында өтеді. Қылмыс істеген адамды - қанды қол, құн сұрауға келген адамдарды даугер деп атайды. Дауға келген талапкерлерді ел болып күтіп алып, оларға шыққан шығынға руластары түгел ортақ болуы керек. Дауда сөйлеуге екі жақтың да белгіленген кісілері (шешендері) болады. Олар тәртіп бойынша кезекпен дауларын айтып, қағысады [6].Соңында екі жақтан бітімші (би) кісілер белгіленіп, олар келісімге келіп, шешімдерін айтады.

Ұрланған аяқты мал үшін ұрыдан ол малдың өзі қайтарылады, өзі жоқ болып кетсе оның орнына тұрарлық құн төлеуі алынады, оның үстіне: бір қара ұрлағанның айыбына «ауыздықсыз ат, астарсыз шапан», он қараға дейін-қосымша «ат-тон» кесілген. Он қарадан жоғары ұрлаған ұрыдан – «мойнына қосақ, артына тіркеу» дейтін екі қара айып алынады. Орта жүз Момын деген атанын жүз жылқысын Найманның Ебей, Себей деген ұрылары алады. Мал иелері артынан қуып барса Найманның Көкшолақ деген биі ешкімді аяғына отырғызбайды, малын қайырмайды. Сонда қуғыншыларға ілесіп барған 12 жасар Досбол: «Қысырында бермесең, Буазында берерсің. Арығында бермесең, Семізінде берерсің. Өз алдында бермесең, өнерімді көрерсің»- деп тепсініп тұрып кетеді. Сонда Көкшолақ: «мына бала түбі құтқармас, мойнына қосақ, құйрығына тіркеу қосып құтыла көріңдер» -депті. Осындағы билік шешім Есім хан заңымен айтылғаны айдан анық. Есім хан заманы-шетелдіктермен күресте көбіне жеңісті, сәтті болып отырғанмен де аса тынымсыз, елдің тынышын кетірген ауыр заман еді.

Осындай қилы да қиын заманда сәйгүлік тұлпар, қаса жүйрік жылқы ер жігіттің жан серігі, ең жақын досы болған. Оны барлық батырлар жырларынан мысалға алуға болады. «Есім ханның ескі жолында» жүлде мен бәйге

алып жүрген жұрт көзіне түскен жүйріктің кесімді құны алып жүрген бәйгесінің және жорықта келтірген пайдасының түріне қарай өлшеп-шешкен. Әрине жылқы малының жүйрігін мұнша қастерлеу Шыңғыс ханның «Ұлы Жасақ» заңында бар. Есім ханның заңында «Мал-дүние ұрлаған ұрылардың ұрлық үстінде қолға түскендеріне: киімін тонап, көлігін аударып алған, қорлықпен байлап, сабап берген акірет-азалары жоқталмайды. Егерде ұрының денесінің бір жеріне кемістік келтірілсе, көзі шықса, қолы сынса, құлағы кесілсе, сақалы жұлынса т.б. ол кезде зәбір беруші жағы ұрыға тиісті айыбын тартатын болады» - деп айтылған. Есім ханның шығарған заңында жер-су, жайлау-қыстау, көшу-қону қоныстары туралы болып тұратын күрделі дау-жанжалдарды шешуге белгіленген заңның жол-жобалары бар.

Жер-су, жайылым, ата-қоныс мекеніне иелік ету үшін талапкерге қойылатын салт-сана заңдарының түрлі шартты сұрақтары мен қажетті белгілері көрсетілген. Олар: талапкердің ата-анасының салынған қабірі, қойылған құлпы тасы, қазылған арық, егілген егіннің атыз жаптары, құрылған шығырдың орыны, орылған қырманның ізі, соғылған бөгеттің қалдығы, қазылған құдықтың орыны, малдың қысқы көңі, қойдың күзгі түнегі, тұрғызылған қарақшы, үйілген омақа белгі, тігілген ағаш, егілген бақша, салынған там, соғылған азбар қора, салынған шеген, қазылған ошақтын орыны т.б. Есім хан дәуірінен бұрын-ақ қазақтардың қыс қыстауы, қалалары болып, егіншілікпен айналысканын архив, қазба деректер толық дәлелдейді. Жиембет жыраудын Есім ханға: «...Калмақтың Бөріханы келгенде, Қаланың қасы бүлінгенде, Хандар қалаға қалған, Сұлтандар суға салған, Қаз мойынды ханша Қалада тұрып жылаған. Тал шарбаққа мал сақтап, Тас қалаға жан сақтап...» [7] деп толғағаны осы ойымызды дәлелдейді.

Жоғарыдағы аталған белгі-мұралардың қайсы бірі болса да талапкердің әкесінің, болмаса бабасының, яки туысқан-туғанының біреуінің еңбегімен істеліп, бір кездерде онын қоныстанып мекендегені анықталса, ол жерді даулап талап етуші кейінгі иеленушіден сөзсіз қайтарып алады. Ол жерден соңғы мекендеушінің алып кете алмайтын ғимарат, қора-жай, бау-бақша сатынған күрделі жайларының тұрарлық бағасы бейтарап үш кісінің кесімі бойынша істеуіліге төленген. Егер де жерді қайтарып алған иесінің даулаған кезінен кейінгі уақыттарда салынған жайлар, тігілген ағаштар, егілген бау-бақшалар болса, онда даулы жердің шатағы басылмай тұрғанын біле тұра әдейі істелген нәрсе деп табылып, жауапкердің ол еңбегіне ешнәрсе төленбейді. Есім хан занында мұрагерлік, мирасқорлық мал мөлшері анық айтылған. Мирасқорлыққа бөлінетін мал-мүліктердің бөліну мөлшері: туған ұлдарына - екі еседен, туған қыздарына, — баласыз әйелдеріне - бір еседен, өгей балаларына - жарты еседен, есігінде еншілес болып жүрген құлы яки күні болса — ширек еседен сыбаға тиісті. Тәуке хандық құрған XVII ғасырдың аяғы XVIII ғасырдың басы – қазақ халқының алтын ғасыр кезеңі болды. Қазақ қоғамында біртұтастық пен ынтымақ орнатуға дәнекер болған ежелгі ереже – қағидалардың үлгілі нұсқасы, халықтың тәртіп низамының, салт-дәстүрінің жүйелі жиынтығы – атақты «Жеті жарғы» болды. «Жеті жарғы» - дәстүрлі қазақ қоғамының сол уақыттағы тұрмыс-тірлігін, қоғамдық, әлеуметтік жағдайын ескере отырып, келешектің қамын ойлап, жан-жақты байыпталған заңгерлік ұлы мұрасын қалдырды. «Қасқа жол» мен «Ескі жол» заңдарын толықтырып, елеулі өзгерістер енгізіп, дамытқан Тәуке хан бұрынғы бес тарауға тағы да екі тарау қосып, «Жеті жарғы» деп атауға пәрмен берді. Бұл жаңадан қосылған екі тарау: жер дауы туралы заң мен құн дауы туралы заң еді. «Жеті жарғыны» қазақ халқы негізінде XIX ғасырдың ортасына дейін қолданылып келді. Ал кейбір нормалары Қазан төңкерісіне дейін толығынан қолданылып, қоғамдық қатынастарды реттеу қызметін тиімді атқарып келді. Қазақ хандығы дәуірі XVI-XVIII ғасырларда, яғни, қасқа жолды Қасым хан, ескі жолды Есім хан, Жеті жарғыны шығарған Тәуке хан тұсында басқару жүйесі хандық билікке негізделген, саяси жағынан орталықтанған, бірұтас, құқықтық мемлекет болды. Осы кезеңде қазақ хандығының көрші орналасқан мемлекеттермен байланыста болып, олармен сауда, саяси мәселелерін шешу заң жүйесі арқылы анықталды. Қазақ хандарының негізгі заңдары қазақ хандығын осы кезде мемлекет ретінде танытып қана қоймай, оның саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуына ықпал етті. «Жеті жарғы» орыс деректерінде «Тәуке хан заңдары» деген атпен белгілі.

Жеті жарғы – жеті әдеттік құқықтық жүйеден тұратын қоғамдық қатынастарды реттейтін салалардың жиынтығы. Олар – жер дауы, жесір дауы, құн дауы, бала тәрбиесі және неке, қылмыстық жауапкершілік, рулар арасындағы дау, ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Бұл салт-дәстүрлер, «Жеті жарғының» баптарында барынша көрініс тапқандығын атап өту керек. Қазақ құқығында өлім жазасы, денеге зақым келтіру түрлері, түрмелер мен зындандар, бас бостандығынан айыру қылмыстық жазалар кең тараған жоқ. Барлық даулар және қылмыстар азаматтық-құқықтық сипатқа ие болды. Олар үшін мүліктік, мүліктік емес, ұялатын, масқаралайтын, бітімгершілік жазалау нысандары қолданылды. «Жеті жарғыда» басты көтерілген мәселе, бұл кек алу және құн даулауға қатысты. «Жеті жарғының» баптарында «қылмыс» деген ұғым ешқандай мазмұнда түсіндіріліп, көрсетілмейді. Мұнда қылмыскерді «күнәһар» деп атаған. Қандай дамыған қоғам болсын, қылмысты мүлдем жою мүмкін емес. Бірақ ұтымды шешімдер арқылы оған тосқауыл қоюға болады. «Жеті жарғы» бойынша бірінші орында кек алу: «қанға – қан, жанға – жан» принципі сақталды. Кейбір жағдайларда кісі өлтіргендігі үшін кесілетін өлім жазасын билер кеңесінің шешімімен құн төлеуге ауыстыру құқы берілді. Бұл осы заңның тарихи прогрестік маңызын айқындайтын бап болды. Құн қылмыстының өз басына, болмаса ру мүшелеріне салынады.

Кек алу принципі мемлекеттің тұтастығын сақтауда кері әсер тигізгені белгілі. Оны Л.Ф.Баллюзектің еңбегіндегі мына үзінді айқындай түседі: «Қазақтардың алғашқы тарихи естеліктерінде кек алуға қатысты қанды соғыстардың ғасырларға созылғандығын, соңынан ұрпақтық кек алудың бүкіл ру қауымына келетін зиянын түсіне бастады» [8]. «Қанға – қан, жанға – жан» принципі көне грек қоғамында, түркілерде және арабтарда кең тарады. Бірақ көшпелілер қоғамында ислам дінінің таралуы және шариғаттың кеңінен қолданылуы кек алу принципінен құн төлеуге өту үдерісін жылдамдатты.

Сондықтан «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» заң жолдарында құн туралы айтылғанымен, Тәукенің тұсындағыдай кісі өлімі, кек алу жағдайлары бүкіл қоғамды күйзеліске ұшыратқан кек алудың нақты құнмен ауыстырылғаны анық көрсетілмеген еді. Қазақ халқының құқықтық институтының қалыптасуына толығырақ тоқталып өтелік. Қылмыстық әрекеттерді жазалау ретінде барлық халықтың құқық жүйесі кек алу және құн төлеу арқылы өтті. Ертедегі халықтың заң ескерткіштері құн төлеу арқылы жазалау, кек алу принципінің орнын басып, әр түрлі қылмыс түріне қарай бекіткенін көруге болады. Қазіргі зерттеушілерді қазақ қоғамындағы «құн» ұғымының қалыптасуы мен оның кек алу жүйесі қандай жағдайда өтті деген мәселе қызықтырады.

Құн төлеу – сатылы институт, ол әр түрлі халықтардың саяси, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық даму барысында пайда болып отырды. «Құнның» алғашқы пайда болуы мен кек алу принципін тежеу оның субъективті жағдайларына байланысты болды. Кек алудың қолайсыздығы «құнның» қалыптасуына итермеледі. А.И.Левшин «құнның» енуіне орай, енді кісі өлтірген адам жаза ретінде сол адамның руына мал-мүлік беру арқылы босатылатындығын негіздейді.

Қазақтардағы құнға байланысты мәліметтерді И.Г.Георг, Н.Рычковтың еңбектерінен кездестіруге болады. И.Г. Георг бойынша: «Кімде-кім ерді өлтірген болса ол өлім жазасына кесіледі немесе өз өмірін жасаған қылмысы үшін құн төлеу арқылы құтқара алады. Ол өлген адамның туыстарына 100 жылқы, екі түйе, бір еріксіз (құл) беруі тиіс. Бір жылқының орнына бес қой алынуы да мүмкін. Әйелді, баланы, құлды өлтіргені үшін ердің жарты құнын төлейді. Адам денесіне жарақат салғаны үшін де құн төлейді. Бас бармақ - 100 қой, кішкене саусақ - 20 қой. 1771 жылы Н.Рычков құн туралы мынандай мағлұматтар береді: «Адам өлтірген кісі қылмысы үшін құн төледі. Құн түрі жүз жылқы, бір тұтқын құлдан, екі түйеден, қара түлкінің терісі, шұғадан тігілген бешпет, бүркіт немесе қаршыға және әскер салт-саймандарынан тұрды [8].

Мұның барлығының өлген кісінің ең жақын мұрагеріне табыс етілуі, осы әдетке сай туыстары ешқандай қарсылық көрсетпеуі тиіс. Барлығы осы әдетке бағынады. Бұл тәртіп қазақтарда құн деп аталады». Кісінің денесіне жарақат салынуы нәтижесінде ол еңбекке жарамсыз болып қалса, ол да өлім жазасымен теңестіріледі. Ұрлыққа қарсы заң қазақтарда «айбана» деп аталады. Қой немесе жылқы ұрланған кезде ұсталса, ол шешім бойынша 27 қой немесе жылқы төлеуге міндетті.

Кейбір құқықтану және тарих ғылымының зерттеушілері құнның қалыптасуын ислам дінінің енуімен байланыстырады. Рас, қазақтың әдет-ғұрып нормаларына шариғаттың әсері болғаны сөзсіз. Бірақ «құн» ұғымын, оның принциптерінің қалыптасуын алғашында «құнның» пайда болуына өзіндік әсерін тигізген қазақ қоғамындағы рулар арасындағы үнемі болып отырған жауластық жағдайларды тоқтатуға жасалған әрекеттің нәтижесі деуге болады. Әйтсе де «Жеті жарғыда» көрсетілген «құнның» мөлшері, XIX ғасырдағы барлық орыс жазбаларында көрсетілген «құн» деген сөздің ұғымы парсы тілінде «Қан, қан төгу» деген мағынаны білдіреді. Ал түрік, татар тілінде бұл «қан құны» деген ұғымда қолданылған. Қазақтың өз тілінде «құн» негізінен белгілі бір нәрсенің жалпы мөлшері мағынасында қолданылды. «Құн» мөлшеріне байланысты А.И. Левшин: «Өлген ер адам үшін 1000 қой, әйел үшін 500 қой беруі керек. 100 түйе - 200 жылқыға немесе 1000 қойға тең» деп көрсетсе, Көбек Шүкірәлиев: өлтіргені үшін 200 жылқы төлеуі тиіс делінген [4].

Дәстүрлі қазақ құқығының көрнекті ескерткіші «Жеті жарғының» көрсетілген кезеңі, яғни XVIII ғасырдың басында толықтырылып, қазақ әдет-ғұрып заңдарының жаңадан өңделуі тарихи оқиғалармен тығыз байланысты, заңды құбылыс. Қазақ көшпелілерінің қоғамы Орталық Азияда қалыптасқан ауыр саяси-әлеуметтік жағдайда, сыртқы қауіптің күшеюіне қайткен күнде де жауап беруі қажет болды.

Осындай объективті тарихи жағдай мемлекет іргесін, халықтың бірлігін күшейтуге бағытталған заңдар,құқықтық дәстүрлердің қайта жаңғыруына тікелей әсер етті. Құқықтанушылар мен тарихшылар қазақтың әдет-ғұрып құқығы жүйесін тек қазақ қоғамының ішкі қауымдық тіршілігін реттеу мәселелерімен ғана байланыстырады. Мәселенің осындай деңгейде көтерілуі белгілі дәрежеде құқықтық институттарға ретроспекциялық тұрғыдан қараудың тікелей жемісі. Көптеген рулар мен тайпалар өздерінің үйреншікті қоныстарын өзгертіп басқа жақтарға қоныс аударды және ыдырау үрдісіне ұшырады.

Көп жағдайда олар ру арасындағы араздықтарды шешетін, татуластыратын істерді шешкен деп көрсетіледі. В.В. Бартольдтің анықтамасы бойынша, «ақсақалдар» дегеніміз - «іс жүзінде белгілі бір заңдық өкіметтілігі жоқ, жасына, байлығына және бұрын сіңірген еңбегіне қарай құрметке бөленген ақсақалдар» [9]. Ақсақал әлеуметтік категорияны жасына қарай белгіленген әлеуметтік топ болғандығына тоқталған жөн. Біз қазақ қоғамын әлеуметтік санаттарға бөлуде адамның өмірінің жас мөлшеріне қарай оларға нақты міндеттер мен құқықтар берілетіне баса назар аударғымыз келеді.

Егер мәселені тарихи-құқықтық қырынан терең зерделейтін болсақ дәстүрлі қазақ құқығының ескерткіші «Жеті жарғы» қазақ халқының дәстүрлі мемлекеттік және құқықтық мәдениетінің алтын қорынан сақталған ескерткіш. Бұл құқықтық құжатқа байланысты ауызша және жазба деректерді қарастырып, терең талдай отырып, оның мемлекет пен қоғамның тіршілігін үйлестіретін, нақты дауларды шешуге бағытталған негізгі заң қағидаларының жинағы екенін көреміз. Әрине, ол ең алдымен ұлттық танымның айшықты айнасы, халық рухының қамқоры, ұлттық мүдденің жаршысы, дегенмен оның басты мәні дәстүрлі қоғамдық-құқықтық саладағы дауларды реттеу қабілетінде. Әлемде мыңдаған этностар бар болса, солардың барлығының да арман мүддесі мемлекеттік және ұлттық тәуелсіздік. Мемлекеттік және ұлттық дербестік идеясы әдет-ғұрып құқығы жүйесінің ел құрметіне бөленіп, шежіреші ақсақалдарының жадына берік жазылуына себепкер болған жағдайлар осы.

Ең алдымен бұл мәселені шешпей мемлекеттік қызметте тазалық, әділеттілік, тек халық игілігіне еңбек ету сияқты талаптарды іс жүзіне асыру мүмкін емес екені тарихтың дамуымен нақты дәлелденген көрініс» деп жазады

белгілі заңгер-ғалым С.Өзбекұлы[10]. Қай тұрғыдан алып қарасақ та дәстүрлі қазақ құқығы жүйесі атымен танымал көшпелі қазақ өркениеті туғызған идеялар, асыл сөздер,дауларды шешудегі жалпы құқықтық өмір философиясы тәуелсіз Қазақстан үшін өзінің мән-мағынасын жойған жоқ.

Мұны Тәуке хан тұсындағы құн төлеу арқылы қарастырылатын дау-жанжалдың бітімі туралы халық арасында сақталған мағлұматтар арқылы білуге болады: 1. Ер құны – жүз жылқы, не оның баламасы, әйел құны мұның жарымы. 2. Ер құны жолаушы, жортушы деп екіге бөлінеді. 3. Құл құны бір ат, не оның баламасы, күң құны оның жарымы (ит құны да, құл-күң құнымен бірдей болады). 4. Мұнда қалың мал түрлері берілген: 47,37,27,17 ат; аттың ботадан басқа да баламасы болады, ал ат ботамен есептегенде 5 дөнежін, құнан- құнажын тұяғы 20 болады. «Құн» түрлері Ералы қолжазбасында да кездеседі. I. Ер құны – 100 жылқы, 6 жақсы түйеден тұрды; әйел құны қалың мал мөлшерімен теңестірілді. II. Өнер құны – бұл ауыл, жыраулар үшін төленген құн. III. Сүйек құны – өлген адамның сүйегі үшін төленетін құнның түрі. «Жеті жарғы» бойынша құн төлеу, егер адамның денесіне жарақат салынса, мысалы, А.И.Левшиннің мәліметінше, үлкен саусақ – 100 қой, шынашақ – 20 қой, сол сияқты белгіленген мал мөлшері төленіп отырды[4]. «Құн» институтының Тәуке хан тұсында кең қолданыста болуы қазақ даласындағы әр ру мүшесінің құқығын қорғау қажеттігінен туындады. Қазақтардың құқығында жауапкершілік пен жаза түрлері аса бай, әрі көп түрлі болды.

Қазақ хандығы дәуірінде жүзеге асқан заңдық жүйелер, кең мағынада алғанда заң да, билік те, қоғамдық болмыс пен өнегеліктің қайнар көзі де, рухани құндылық та болды. Аталмыш құқық ережелері өздерінің мазмұны бойынша қамтылған мәселелер аясынан кең қызметтерді атқарды: реттеушілік, басқарушылық, біріктірушілік, қорғаушылық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Е. Жолбағаев. Керейден Кенесарыға дейін, немесе Қазақ хандығының құрылуы, отарлануы және жойылуы хақында //Парасат. — 2007. — № 7. — 27–29-б.*
2. *Шоқан Уәлиханов. Сот реформасы туралы жазба. Көп томдық шығармалар жинағы. 4 т. – А., 2010. – 311б.*
3. *Казахско-русские отношения в XVIII-XIX вв. (1171-1867). – Алматы: Наука, 1964. – 573с.*
4. *Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы,1996. – 254 с.*
5. *Ж. Жылқыбай. Есім ханның ескі жолы // Егемен Қазақстан. 9.02.2015ж.*
6. *Зиманов С.З. «Қазақ даласында әділ соттың «Алтын ғасыры» // Қазақтың Ата заңдары. 10томдық. III том. – Алматы, 2004. – 616 б.*
7. *Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. Бірінші том. Алматы,1989. – 213 б.*
8. *Материалы по казахскому обычному праву. – Алматы, 1996.*
9. *Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии // Соч. Т.5. М., 1968.*
10. *Өзбекұлы С. Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікір тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: «Білім», 2004. – 128 б.*
11. *Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. 4 т. – А., 2010. – 311б.*

ӘОЖ 39;572
МРНТИ 03.61. 21

Қозғамбаева Г.Б.,[1] Исабек Б.Қ. [2]

[1]әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қаласы, E-mail:gulnar.kozgambaeva@mail.
[2]Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, профессор м.а.
Шымкент қ., E-mail: barsha73@mail.

ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ КІШІ ҚҰРЫЛТАЙЛАРЫ

Аңдатпа

Бүгінде республика аумағынан тыс 5 миллионнан (7 млн) астам қазақ диаспорасының өкілдерінің басым бөлігі (90%) республикамен шектесетін шекаралас мемлекеттерде тұрады. Дүниежүзінің отыз бес еліндегі қазақ мәдени орталықтары және бөлімшелерімен Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы бірлесе жұмыс жасайды. Жыл сайын шетелдегі қазақтардың кіші құрылтайларын өткізу дәстүрге айналған.

Мақалада дүниежүзі қазақтарының республика аумағында шақырылған бес құрылтайдан басқа алыс -жақын шетелдере өткен кіші құрылтайлар қарастырылған. Еуропада, Ресейде, Орталық Азия мемлекеттерінде өткен кіші құрылтайларда қазақтың ұлтық болмысын сақтау, тілі мен мәдениетін өркендету және қазақ халқының бүгіні мен болашағы туралы айтылған ой-пікірлер қамтылды. Дүниежүзінің әлеуметтік-экономикалық кеңістігінің біртұтас интеграцияға ұшырап, жаппай жаһандану процесі жүріп жатқанда дүниежүзіндегі қазақтар өзіндік этникалық келбетін және ұлттық бірлігін сақтау, рухани құндылықтарын дәріптеуде шетелдерде шақырылған кіші құрылтайлардың маңызы көрсетілген.

Түйін сөздер:Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, Отандастар, диаспора, құрылтай, қазақ мәдени орталықтары.

Kozgambayeva G.B.,[1] Issabek B.K. [2]

[1]al- Farabi Kazakh National Uneversity,
Almaty, E-mail:gulnar.kozgambaeva@mail.
[2] South Kazakhstan state pedagogical university, associate professor,
Shymkent , E-mail: barsha73@mail

THE YOUNGER CONGRESS(KURULTAY) OF THE KAZAKH DIASPORA

Abstract

Today, outside the republic, most of the representatives of the Kazakh diaspora (90%) live in the states adjacent to the republic. The World Association of Kazakhs operates with the Kazakh cultural center and subdivisions in thirty-five countries of the world. It has become a tradition to annually hold small Congress(Kurultay) of foreign Kazakhs. In addition to five kurultai of Kazakhs of the world, invited to the territory of the republic, the article provides for small cpngress (kurultay) held in the countries of near and far abroad. At small congresses (kurultay) held in Europe, Russia, Central Asian countries, the article highlights the issues of preserving the Kazakh national existence, the development of language and culture, as well as the present and future of the Kazakh people. At a time when the socio-economic space of the world is undergoing a single integration, there is a process of general globalization, Kazakhs all over the world are of particular importance for preserving their ethnic appearance and national unity, and for popularizing spiritual values.

Key words: World Association of Kazakhs, compatriots, diaspora, congress (kurultay), Kazakh cultural centers.

Козгамбаева Г. Б.,[1] Исабек Б.К. [2]

[1]КазНУ имени Аль –Фараби.Казахстан,
г. Алматы, E-mail:gulnar.kozgambaeva@mail.
[2]Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, и.о. профессора
г. Шымкент, E-mail: barsha73@mail

МЛАДШИЙ КУРЫЛТАЙ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРЫ

Аннотация

Сегодня за пределами республики большая часть представителей казахской диаспоры (90%) проживает в сопредельных с республикой государствах. С казахским культурным центром и подразделениями в тридцати пяти странах мира совместно работает Всемирная Ассоциация казахов. Стало традицией ежегодно проводить малый Курултай зарубежных казахов.

В статье помимо пяти Курултаев казахов мира, проведенных на территории республики, рассмотрены малые курултаи, прошедшие в странах ближнего и дальнего зарубежья. Малые Курултаи в Европе, России и Центральной Азии были посвящены сохранению казахской национальной идентичности, развитию языка и культуры, а также настоящему и будущему казахского народа.В то время, когда социально-экономическое пространство мира подвергается Единой интеграции, идет процесс всеобщей глобализации, казахи во всем мире имеют особое значение для сохранения своего этнического облика и национального единства, популяризации духовных ценностей.

Ключевые слова: Всемирная Ассоциация казахов, соотечественники, диаспора, курултай, казахские культурные центры.

Әлемнің әртүрлі мемлекеттерінде ғұмыр кешіп жатқан қазақ диаспорасының өкілдері өздерінің ұлттық құндылықтары мен негіздерін ешқашан ұмытқан емес. Дүние жүзінің әлеуметтік-экономикалық кеңістігінің біртұтас интеграцияға ұшырап, жаппай жаһандану процесі жүріп жатқанда Қазақстандағы қазақтар да, шетелдердегі қандастарымыз да өзіндік этникалық келбетін және ұлттық бірлігін жоғалтпаудың жолдарын іздеуде. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының басшылығымен әлем қазақтарының бес Құрылтайы өтті. Дүниежүзі қазақтарының басын қосқан тұңғыш құрылтайдың шақырылған кезінен бесінші құрылтайдың арасын уақыт өлшемімен санасақ жиырма сегізжыл болады екен. Төрткүл дүниеге тараған қандастарымыздың І-ші құрылтайға жиналған кезінде олардың атамекен, ата-баба жеріне оралу туралы қуаныш пен күдікке толы ойларымен, V-ші құрылтайдағы өзгерістерді салыстырып көрсек, өткен 25 жыл уақыт – бірнеше ғасырлық уақытқа тұратындай өзгерістерге ұйтқы болған мерзім екенін байқауға болады[1].

Дүниежүзі қазақтарының республика аумағында шақырылған бес Құрылтайдан басқа қазақ диаспорасының кіші құрылтайлары алыс – жақын шетелдере өтті. Шетелдерде өткен Кіші құрылтайларға тоқталмас бұрын, осы құрылтайларды алғаш ұйымдастыру жұмысын жүргізген Қауымдастық екеніне мән берсек.Дүниежүзі қазақтарының екінші Құрылтайының қарсаңында ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі М.А. Құл-Мұхаммедтің атына Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасы төрағасының бірінші орынбасары Қ.Найманбаев: «... Өзбекстан, Ресей, Еуропа және Түркия елдерінде кіші құрылтайлар өткізілуі қажет. Бұл жиындарды өткізудің ең үлкен мақсаты – алыстағы ағайындардың ұлттық рухын көтеру. Олардың іздейтін атажұрты – елі бар екенін еске

салу. Сондықтан мұны әдеттегі той-думан емес, маңызды оқиға деп санаған жөн деп білеміз. Көмектесулеріңізді сұраймыз» [2], - деп хат жазған. Яғни, Қазақстанда өткен құрылтайлардан басқа, шетелдерде кіші құрылтай өткізу алдында дайындық жұмыстары жасалғандығын байқаймыз7

Бүгінде республика аумағынан тыс 5 миллионнан (7 млн) астам қазақ диаспорасының өкілдерінің басым бөлігі (90%) республикамен шектесетін шекаралас мемлекеттерде тұрады. Өзбекстанда 2 млн., Қытайда 1,5 млн., Ресейде 1 млн, жуық, Моңғолияда 130 мыңға жуық, Қырғызстанда 45 мың, Түрікменстанда 80 мың қазақ бар. Ауғанстан, Иран, Түркия елдерінде қазақтар жинақы орналасқан. Еуропа елдерінің әрқайысында 200-500 отбасының аралығында қазақтар бар. Қазақстан қазақ диаспорасын қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатына байланысты екі бағытта, біріншісі – сырт жерлердегі қандастардың оралман ретінде атамекенге біржолата көшіп келуіне жағдай жасау, екіншісі – ұлттық ерекшілігін, ана тілін, мәдениеті мен салт-дәстүрін сақтап, дамыта беру үшін диаспора ретінде бұрынан тұрып жатқан жерлерінде қамқорлық көрсету[3,4б.].

Дүниежүзінің отыз бес еліндегі қазақ мәдени орталықтары және бөлімшелері мен Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы бірлесе жұмыс істейтейді. Жыл сайын шетел қазақтарының кіші құрылтайларын өткізу де дәстүрге айналған. Кіші құрылтайларды өткізу жұмыстары бойынша Қазақстан Республикасы елшіліктеріне, министрліктер, облыс әкімшіліктерінің көмектеріне сүйенеді. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы республикада өткен құрылтайдан басқа Еуропада, Ресейде, Орталық Азия мемлекеттерінде кіші құрылтайларды ұйымдастырып өткізуде ат салысып келеді [4,69б.].Кіші құрылтай Түркия және Моңғолия елдерінде де өтті. 1997 жылы Түркияның Стамбул қаласында өткен кіші құрылтайға он бір алыс және жақын шетелдегі елуге жуық қазақ диаспорасы өкілдері қатысты. Құрылтай барысында қазақ халқының мәдениеті мен әдет-ғұрпын насихаттайтын Қазақ мәдениеті орталығы ашылды. Ол бүгінде отандастар кездесетін орталыққа айналды[5,5б.].

Стамбулдағы Бас консулдықтың көмегімен «Топкапы» қалалық саябағында Қазақ мәдениет үйі мен Қазақ тілін үйрету орталығы 2007 жылы қараша айында ашылды. 2008 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан бөлінген квота бойынша қазақ диаспорасының жастары Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан қаласында Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ - түрік университетіне қазақ тілі бойынша дайындық курстарына оқуға жіберілді [6,2б.].Сандық есеп бойынша 2014 жылы 31 тамызда Түркияда үшінші кіші құрылтай өтті. Құрылтайға Қауымдастық төрағасының бірінші орынбасары бастаған делегеция қатысты. Құрылтайда қаралған мәселелердің маңыздысы, ол ҚР-сы Президенті Н.Назарбаевтың Халыққа арнаған Жолдауын Анадолыдағы қазақтарға насихаттау болды. Кіші құрылтайға жиналған Түркиядағы қандастарымыз Президент Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы бойынша жасалған баяндаманы ризашылығымен тыңдап, өз ойларын ортаға салды[7,21 б.].

Ал Моңғолия қазақтарының алғашқы құрылтайы 1997 жылы Баян-Өлгий аймағында өтті. Құрылтайда Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Моңғолиядағы бөлімшесі құрылып, төрағалығына сол кездегі аймақ әкімі Күнтуғанұлы Мизамхан сайланды, 2004 жылдан Омарұлы Хабсатар басқарды. 2005 жылы Ұланбатыр қаласында қазақ мәдени орталығы құрылды. Қауымдастықтын ұйымдастыруымен Абайдың 150 және М.Әуезовтың 100 жылдығы Баян-Өлгий аймағы мен оның бірнеше аймақтарында өткен. Бұл мерейтойларға Қазақстанның белгілі ақын-жазушылары, ғалымдары мен әртістері, қоғам қайраткерлері қатысты.Ал 2013 жылы 4 шілдеде Моңғолияның астанасы Ұланбатыр қаласында өткен Кіші құрылтайға Қазақстандық делегация қатысты. Кіші құрылтайға Ұланбатыр мен Дархан, Эрдэнэт, Налайх, Шарынгол қалалары мен Баян-Өлгий, Қобда сияқты алыс аймақтарда тұратын Моңғолиядағы барлық қазақ қауымының өкілдері қатысты. Моңғолияда Қауымдастық бөлімшесі мен «Арулар», «Жерлестер» атты Қазақ мәдени қоғамдары бар.Кіші құрылтайдың салтанатты ашылуы қарсаңында Қазақстаннан барған делегацияны Моңғолияның Мәдениет, спорт және туризм министрі Ц. Оюунгэрэл арнайы қабылдап, Қазақстанмен мәдени-рухани саладағы байланысты одан әрі жақсарту және осы мәселелерге қатысты жергілікті қазақтарға қажетті қолдау мен көмек көрсету жөнінде мазмұнды пікір алмасу өткізді[8, 121б.].

Құрылтайда өткізілген маңызды шаралардың біріҚР-ның Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауына арналған дөңгелек үстел болды. Елбасы Қазақстан халқына Жолдауын 1997 жылдан бері жүзеге асырып келеді. Бұл Жолдаулардың ең алғашқысы Қазақстанды дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасына арналған. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Елбасының Жолдауын шет елдегі тұратын қандастарымызға жеткізіп, насихаттау жұмысын жүргізді. Осы дәстүр Моңғолиядағы кіші құрылтайда да жалғасын тапты. Дөңгелек үстелді тарих ғылымдарының докторы, профессор Х. Әбжанов жүргізді. Үш бөлімнен тұратын «Қазақстан-2050» стратегиясының біріншісі Қалыптасқан Қазақстан – мемлекеттілігіміздің, ұлттық экономикамыздың, азаматтық қоғамымыздың, қоғамдық келісіміміздің, өңірлік көшбасшылығымыз бен халықаралық беделіміздің дағдарыста сыналуы деп аталды. Бұл бөлімде Елбасы соңғы 15 жылда, яғни 2030 жылға дейінгі бағдарламаны жүзеге асыру барысында Қазақстанның қол жеткізген табысын жан-жақты талдап көрсеткен. Ал Стратегияның XXI ғасырдың он жаһандық сын қатері атты екінші бөлімінде жалпы адамзаттың алдағы уақытта қандай сын-тегеуріндермен бетбе-бет келуі мүмкін екендігі қамтылған.Осы сын-тегеуріндерден қалай сүрінбей өте алады?. Бұған бағдарламаның «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – тым құбылмалы тарихи жағдайдағы жаңа Қазақстан үшін жаңа саяси бағыт атты үшінші бөлімі жауап бере алады. Бұл бөлімде Елбасы, басты мақсат – 2050 жылға қарай Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру деп көрсетеді [9, 107-109бб.].Құрылтай мәжілісі барысында аймақ әкім Д.Құзыкейұлы «Қазақстан – 2050» стратегиясында көтерілген мәселелермен өлке халқы етене таныс екендігіне тоқталып өтті. Моңғол елі нарықтық жүйеге 1990 жылдардың басында көшуіне байланысты қазақтардың мәдени өмірінде біршама қиындықтар болды. Атажұрттан келетін оқу құралдары, оқулықтар, әр түрлі бұқаралық ақпаратттық құралдардың барлығы дерлік тоқтады. Бүгінгі

күнде аймақ халқының Отанымызбен байланысымыз білім беру және көші-қон саласында ғана болып тұр. Бірақ, қазіргі кезде Моңғолияда экономикалық-әлеуметтік жағдай жылдан жылға жақсарып келе жатыр. Сондықтан болар, аймақ халқының да экономикалық жағдайы дұрысталуда екендігіне тоқталып өтті[10,13б.].

Әлемнің көптеген елдерінде өмір сүріп жатқан қазақ ұлтының өкілдерін бұл құндылықтық дағдарыстың ыстық лебі шарпып өтпеуі де мүмкін емес еді.Сондықтан олардың барлығы қазіргі дәуірде дүниетанымдық және құндылықтық қайта түлеу кезеңінде өмір сүріп жатқанын атап өту керек. Жалпы дүниежүзі халықтарының барлығы өзінің құндылықтар дүниесін сараптан өткізіп, оның кейбір тұстарына жаңаша баға беріп жатқан кезеңде, қазақ ұлтының алыс және жақын шетелдегі өкілдері, Атажұрттағы, яғни тәуелсіз Қазақстан жерінде топтасқан негізгі бөлігінде, құндылықтар саласының құрылымы мен болашағына асқан ұқыптылықпен қарайтын заман да жетті. Себебі, қазіргі заманның уақыт өлшемі мен өзгерістер екпіні бұрынғы тарихи кезеңдермен салыстырғанда басқа, әлдеқайда күрделенген деңгейге көтерілгені байқалады[11,20-21бб.]. Құрылтайда қазақ елінің бүгіні мен болашағы туралы ой-пікірлер, өтініш тілектер ортаға салынды. Қоғамдағы негізгі құндылық адам және оның мүдделері екендігі баршаға аян. Бүгінде Қазақстан өзінің болашағын анық болжай алатын, саяси және әлеуметтік бағдарларын нақты анықтай алатын елге айналуы тиіс. Моңғолия мен Қазақстан арасына ұшақ ұшыру, жол, көлік қатынасын жақсарту сияқты күрделі мәселелер екі ел үкіметінің арасындағы деңгейде шешілуге тиіс. Сонымен бірге біраз мәселені Моңғолиямен шекарасы жақын Шығыс Қазақстан облысы арқылы да жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Кіші құрылтайға қатысушылар тарапынан, екі ел арасының достық қарым-қатынасын нығайтуға және Моңғолиядағы қазақ ағайындардың халахуалын, әсіресе, рухани сұранысын орындауға үлкен үлес қосады деген ой пікірлер айтылды[10, 13б.]

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінде Өзбекстаннан кейінгі Ресей Ферерациясында этникалық қазақ қауымының көп шоғыры бар. Ал қазақ мәдени қоғамдары Эстониядағы «Абай», Балтық елінде «Нұрсәуле» қазақ қоғамы, Белрусьта халықаралық «Атамекен»,Украина елінде Харьков қаласы қазақтарының «Бірлік», Киевте «Достық» қоғамы, Донецк облыстық қоғамдық «Донбасс» қазақ мәдени бірлестігі, Қырым республикалық «Бірлік», Тәжікстандағы «Бәйтерек», Қырғызстандағы Қауымдастық және Ресейдің көп бөлігінде қазақ қоғамы жұмыс істейді..Ресей аумағын мекендеген қазақ қауымының ынта жігерліктерінің арқасында бірнеше құрылтайлар ұйымдастырылып, өткізілді. Қазақ мәдени орталығы Өзбекстанның Ташкент қаласында құрылған. Сол елдің тоғыз облысының жиырма бестен астам ауданында құрылған бөлімшелері жұмыс істейді. Ташкентте 2011 жылы қарашаның 11 күні өткен құрылтайға (VII) Науаи, Сырдария, Бұхара, Ташкент облыстарымен қатар Қарақалпақстаннан делегаттар қатысты. Құрылтайда қазақ ұлттық мәдени орталығы төрағасының орынбасары Шералы Садықов ашып, баяндама жасады. Ол баяндамасында: «Ел тәуелсіздігінің арқасында салт-дәстүрлеріміз қайта жандады. Бүгінде өзбек қазақ, халықтары арасындағы достық, әдеби-мәдени байланыстар жоғарыға көтерілді.«Шымкент қаласындағы Қазақстан-Достық университетін» бітірген түлектер өзбекстандық студенттердің дипломдарын нострификациялау, Өзбекстандағы қандастарымыз үшін Ұлттық театр ашу, қазақ тілінде жарық көретін Республикалық «Нұрлы жол» газетіне жазылымды жандандыру жайлы да әңгіме өрбітті [12, 22-23б.].

2014 жылы Бішкек қаласында өткен Қырғызстан қазақтарының V - ші Кіші Құрылтайына республикадан делегаттар қатысты. 2009 жылғы есеп бойынша Қырғызстанда 33 мыңдай қазақ бар. Олардың басым көпшілігі (21 мың адам) Шу аймағы мен Бішкек қаласында тұрады. Ыстықкөл облысында - 10 мың, Талас облысында - 8 мың қазақ бар. Баткен, Ош, Жалал-Абад аймағындағы қазақтар 4 мыңға жуықтайды. Қырғызстан қазақтарының арасында ғалымдар, жоғары білімді мамандар өте көп[13,104б.]. Қырғыз Республикасының Статистика комитетінің 2014 жылдың басындағы мәліметі бойынша елдегі халықтың саны 5 миллион 850 мың, оның ішінді қазақтар саны 33 мың 701. Қазақтың көбірек шоғырланған жері - Бішкек қаласы және Шу облысы. Қырғызстанда құрылған «Алаш» қоғамдық бірлестігі (2003-2010 жж.) мен «Отан» қазақ мәдени орталығы (1992-2010жж.) 2010 жылы желтоқсанда бірігіп Қырғызстан қазақтарының қауымдастығы болды. V- ші Кіші құрылтайда Қырғыз Республикасы Халық Ассамблеясының құрметті төрағасы Бектемір Мырзаибраймов екі елдің достық байланысының нығая беруінің аса маңызды екендігіне тоқтала келіп, Қазақстан жұртшылығына үлкен ризашылығын білдірді. Құрылтай барысында Қырғызстан қазақ қауымдастығының төрағалығына ұсынылған үш үміткердің ішінен Құрылтай делегаттарының көпшілігінің дауысына ие болған Е. Бөлекбаев төраға болып сайланды. Жаңа басшының нәтижелі жұмысы барысында бүгінде Қырғызстандағы қандастарымызбен мәдени-рухани жағдайы жақсарып, Қауымдастықпен байланысы артуда[14, 17-19бб.].

Шетелдегі қазақ диаспорасының біртұтастығы мақсатындаМоңғолия, Түркия, Иран, Тәжікстан, Орталық Азия, Ауғанстан, Мәскеу, Астрахань, Орынбор, Омбы, Самара, Түмен, Челябі, Қорған, Алтай Республикасы қазақтарының Кіші құрылтайлары өтті.Ресейдің Алтай өлкесі Қосағаш ауданында 2001 жылы шілденің 6-7 күндері қазақтардың ұйымдастыруымен өткен Кіші құрылтайы қазақ тіліндежүргізілді. Екі күнге созылған Ресейдегі Кіші құрылтайда еңбек жолын мұғалім мамандығынан бастап, аудан көлемінде бірнеше басшылық қызметін атқарған Қосағаш ауданы әкімі Ә. Жатқанбаев жасаған баяндамасында Ресей қазақтарының қазіргі жағдайы, болашағы туралы мәселені және ол жастардың білім алуы мен мектеп оқулықтары, тіл мәселесі төңірегінде пікірлерін айтты. Құрылтай мәжілісінде ҚР-сы тарапынан делегацияны бастап барған жазушы Қ. Найманбаевбаяндама жасады. Кіші құрылтайға Ресей, Қазақстан, Қытай, Моңғолия елдерінен келген қандастарымыз қатысты. Кіші құрылтайдың екінші күні қазақ халқының ұлттық ойындарынан қойылымдар көрсетіліп, ат жарысы, қыз қуу бәйге және спорттық ойындар мен қазақша күрестен палуандар арасында жарыс өтті. Ресей қазақтарының орындауында халық әндері мен күйлері орындалды.Қосағаш қазақтарының атамекенмен қайта табысуына, Алтай Республикасы мен Қазақстан

Республикасы арасындағы білім,ғылым және мәдениет салалары бойынша қатынастарды жақсарту мен дамытуда үлкен мән беріліп, келісімдер жасалды[15,10б.].

Әлемнің 40 шақты елінде тарыдай шашыраған бес миллионнан астам қазақтың бір бөлігі Еуропаның оннан астам елінде өмір сүреді.Еуропадағы қазақ қоғамы қауымдастығының мәліметі бойынша, бүгінде ондағы қазақтардың басым бөлігі Түркиядан қоныс аударған қазақтар, олар Германия, Франция, Швеция, Австрия, Голландия, Ұлыбритания, Норвегия және Дания т.б. елдерде өмір сүруде. 1991 жылдан кейін Еуропаға Қазақстан, Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иран және Түркиядан қоныс аударған және кәсіп іздеп, білім іздеп барған қазақтар өмір сүруде.Еуропа қазақтарының 1994 - 2000 жылдар аралығында кіші құрылтайлар, Мюнхеньде - 1994 ж., Париж - 1998 ж., 1999 ж. - Германияның Кельн қаласында, Амстердам қаласында – 2000 жылы өтті. Еуропа қазақтарының Кіші құрылтайы 2002 жылы Германияның Кельн қаласында болды. Ал, 2003 жылы Швецияның Вестерос қаласында, 2004- жылы Мюнхеньде, 2008 жылы – Норвегияның Осло қаласында, 2009 жылы –Лондонда, 2010 жылы -Венада, 2011 жылы -Вестероста, 2012 жылы – Данияның Аархус қаласында өтті. Аталмыш Кіші құрылтайлардың бірнешеуіне тоқталып өтсек. 2006 жылы 4-7 маусымда өткен кіші Құрылтайға Еуропа елінен 1500 делегаттар мен Қауымдастық төрағасының 1-ші орынбасары Т. Мамашев қатысты. Құрылтай мәжілісінде Т. Мамашев Елбасының құттықтау хатын оқып берді. Құрылтайға Франциядағы Қазақ, Түрік елшілігінің өкілдері құттықтап сөз сөйледі. Құрылтайда ашылған халық шығармашылық фестивалінің сурет және қолөнер көрмесіне 120-дан астам ұлттық қолөнер туындылары көрсетілді[16,16б.]. Франциядағы қазақ мәдени қоғамы Алматыдағы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығымен тығыз байланыста жұмыс істейді. Франциядағы қазақтар Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығының және Франциядағы Қазақ елшілігінің жан-жақты қолдауымен Еуропа қазақтарының кіші құрылтайын жақсы өткізді[17].

2006 жылы Германияның Кельн қаласында болған Кіші құрылтайы бүгінде Европада тұратын қандастарымыздың басын қосып, топтастыратын ауқымды іс-шараға айналды. Осындай Кіші құрылтай Ұлыбританияның Лондон қаласында 2016 жылы өтті. Бұл Кіші құрылтайдың ерекшелігі – Еуропа, Монғолия, Ресей, Пәкістан сынды алыс елдерден де делегаттар қатысты. Еуропадағы қазақ диаспорасы кейінгі ұрпағының ана тілі мен салт-дәстүрін сақтау мақсатында, өздерінің қазақ екендігін жастардың сана сезіміне сіңіру мақатында өткізеді. Лондонда 45 қазақ отбасы тұрғанына қарамастан төрткүл дүниеден барған делегация мүшелерінің басын қосып, кең көлемде Кіші құрылтай өткізді. Құрылтайда Қауымдастық ұйымдастырған көрмеге «Атажұрт» баспасынан жарық көрген кітаптар қойылды. «Туған тілім – тұғырым» деген тақырыппен дөңгелек үстел өтті. Ана тіліміздің көкейкесті мәселелерін талқылаған дөңгелек үстелге Европаның оннан астам елдерінен келген Қазақ мәдени орталық басшылары, Ресейден, Қазақстаннан, Монғолиядан келген қонақтар, Қазақстан Республикасының Ұлыбритания корольдігіндегі Төтенше және өкілетті елшісі Қ. Әбусейтов қатысты. Еуропа қазақтары федерациясының жетекшісі ғалым Абдулқаюм Кесижи жасаған баяндамасында еуропадағы қазақ жастары және тіл мәселесіне және қолға алынған іс-шараларға тоқталып өтті. Еуропада өткен осындай Кіші құрылтайлар ондағы қазақтар үшін маңызды, себебі олар бір-бірімен өз тілінде қауышады және ана тілі мен салт дәстүрді сақтау мәселелері қарастырылады, ұлтына деген сүйіспеншілігі артады [18,13 б.].2011 жылы – Вестероста (Швецияда)өткен Кіші құрылтайда алдағы он жылдық Кіші құрылтайлар өткізу жоспары бекітілді. Онда 2013 жылы Парижде, Голландияның Амстердам қаласында- 2014 жылы, Кельнде – 2015 жылы, Берлинде – 2016 жылы, Мюнхеньде- 2017 жылы, Норвегияның Осло қаласында – 2018 жылы, Лондонда – 2019 жылы, Венада – 2020 жылы, Вестероста - 2021 жылы Кіші құрылтайлар өтеді деп шешім қабылдады.Данияның Аархус қаласында 2012 жылдың мамыр айында өткен еуропа қазақтарының Кіші құрылтайына тоқталып өтейік. Еуропа қазақ мәдени орталықтары федерациясының басшысы және Ұлыбритания, Франция, Германия, Швеция, Голландия, Норвегия, Дания және Түркия мен Беларусиядағы қазақ мәдени қоғамының басшылары және еуропалық қандастар Құрылтай қонағы болды. Құрылтайға шет елдерден төрт жүзден астам делегат жиналды. Данияда 11 қазақ отбасы тұрады. Құрылтайда Елшіліктің ұйымдастыруымен алғаш рет «Қазақ тілін білесің бе?» деген жарысқа Еуропа елдерінен 40 - тан астам бала қатысты. Сонмен қатар «Қазақстан және шетелдегі қазақтар» деген кітап көрмесі өтті. Кіші құрылтайдың бағдарламасы аясында өткен «Қауымдастыққа 20 жыл: Ана тілім – парызым» атты дөңгелек үстелде тіл мәселесі талқыланды[19, 18 б.].

2013 жылдың мамыр айының 18-20 аралығында Парижде өткен Кіші құрылтайға әлемнің 14 елінен делегаттар қатысты. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы тарапынан осы Құрылтайға барудың алдында үлкен ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Құрылтайда алдымен Еуропа қазақтары мәдени орталықтарының жетекшілерімен болған бас қосу дөңгелек үстел форматында өтіп, ол іс-шарада Қазақстан Республикасы делегациясының жетекшісі Қауымдастық атынан «Қазақстан-2050» Стратегиясының маңызды мәселелерін шетелдегі отандастарымызға түсіндіріп, бір ел, бір тағдыры, бір халқы болатындығын айта келе, шетелдегі қазақ пен Атамекен – Қазақстанның біртұтас этникалық әлемді құрайтындығын түсіндіріп, баяндама жасалды. Кіші құрылтай кезінде еуропалық қазақтар Қазақстанның қазіргі табыстарына қуанып, қиындықтарына бірге қиналатындарын және шамалары келгенше атажұртпен өзара байланысты нығайта түсуге ынталы екендерін де білдірді. Еуропа елдерінде де қазақ ұлты өкілдерінің тұрақты тұрып, өркениетті елдердің озық үлгілерін бойына сіңіріп, оны атамекендегі отандастарына жеткізе білгені де ерекше маңызды[20, 17-21бб.].Әрине, олардың негізгі мұңы жастарының қазақ тілін жете білмей, ассимиляцияға ұшырап бара жатқандығы, тіл үйрену курстарының екі жаққа тиімді сипатта не Қазақтанда, не Еуропада ұйымдастырылғанын қалайды. Бұл да өз шешімін күтетін мәселенің қатарына жатады. Германияның Берлин қаласында 2014 жылы 6-8 маусымда «Еуропа қазақтарының» 25- ші Кіші құрылтайы өтті. Мюнхен қаласында Еуропа қазақтарының кіші құрылтайы 2019 жылдың 7-9 маусымда өтті. Құрылтайда Елбасының «Ұлы

даланың жеті қыры» мақаласы мен «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының ережелері контекстінде ынтымақтастықты дамыту мәселесі қаралды. Бұл әлемдік қауымдастыққа қазақ ұлтының бірлігін және Қазақстан Республикасының шетелдерде тұратын қазақ диаспораларына ерекше қолдауы мен қамқорлығын көрсетеді. Қаралған өзекті мәселелер қатарына - шетелде тұратын отандастарды қолдау үшін нормативтік базаны жетілдіру, білім беру, туристік бағдарламаларды іске асыру, қазақ тілін дамыту, байланыс орнату және бизнес-жобаларды іске қосу. Құрылтайдың алғашқы күні Швецияда, Ұлыбританияда, Германияда, Францияда, Данияда, Нидерландыда, Австрияда және Бельгияда жұмыс істейтін қазақ мәдени орталықтарымен «Отандастар» қорының ынтымақтастығы мен әріптестігін дамыту туралы екі жақты меморандумдарға қол қойылды. Осылайша, құрылтай шеңберінде «Қазақ үйі» - ортақ брендімен әлемнің түрлі елдерінде жұмыс істейтін барлық қазақ мәдени орталықтарының бірыңғай базасында біріктіруге бағытталған жоба басталды [21].Құрылтайда қаралған негізгі мәселелерге: шетелдегі отандастарды қолдау үшін нормативтік базаны жетілдіру, білім беру, туристік бағдарламаларды іске асыру, қазақ тілін дамыту және бизнес-жобаларды іске қосу талқыланып, «Қазақ үйі» – ортақ брендімен әлемнің түрлі елдерінде жұмыс істейтін барлық қазақ мәдени орталықтарының бірыңғай базасында біріктіруге бағытталған жоба бастау алды. Кіші құрылтай шеңберінде алғаш рет отандық және шетелдік кәсіпкерлердің қатысуымен бизнес-форум өтті[22]. Дүниежүзінде қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты Өзбекстандағы этникалық қазақтардың кіші құрылтайы ағымдағы жылдың 21 қазан күні тұңғыш рет онлайн режимінде өткізу жоспарлануда. Іс-шараны ұйымдастыруға ДҚҚ, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және «Отандастар қоры» мен Өзбекстандағы қазақ ұлттық мәдени орталығымен бірлесіп ұйымдастырғалы отыр. Кездесудің басты мақсаты – баурлас Қазақстан - Өзбекстан арасындағы достық қарым-қатынас, мәдени-рухани байланыстарын нығайту. Өзбекстандағы қазақ диаспорасына қолдау көрсету, мәдени - байланысты кеңейту, олардың түйткілді мәселелерін шешу жолдарын қарастыру», - дейді ДҚҚ Төрағаның бірінші орынбасары Зауытбек Тұрысбеков. Құрылтайға Өзбекстанның Ташкент, Сырдария, Науаи, Бұхара, Хорезм облысы және тағы басқа елдердегі қазақ ұлттық мәдени орталықтарының басшылары мен ҚР мемлекеттік мекемелердің өкілдері, қоғам, өнер қайраткерлері қатысады[22].

Бүгінгі таңда шетелдердегі қазақ диаспорасымен байланыс жасауды Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы мен «Отандастар» қоры бірлесе жүзеге асыруда. «Дәстүрге айналған кіші құрылтайды Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев басқаратын Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы өткізіп келеді. Соған орай, Қауымдастық алыстағы ағайындардың ұлттық-рухани және көші-қон жөніндегі мұң-мұқтаждары мен өтініш-тілектерін Қазақстан үкіметіне, басқа да тиісті орындарға жеткізіп, олардың шешілуіне ықпал жасайды.

Қортындылай келе, Еуразия құрлығы үстінде көсіліп жатқан қазақ деген этникалық қауымдастықтың ел болып, халық болып құрылғанына да көптеген ғасыр болғаны мәлім. Өзінің әртүрлі соқпақтарға, дүрбелеңдерге толы тарихи жолында небір сынақтардан өткен осы халықтың ен бойындағы барлық әлеуетінің кеңінен байқалатын, оның әлемге толықтай паш етілетін күні де келді.

ХХ ғасырда қазақ тарихында болған оқиғалар қаншама құрбандық әкелгенін және оның қыспағының да ауыр болғанын еске ала отырып, сол кезеңнің үдерістері ұлт тарихында жаңа құбылыстарды туындатқаны анық. Мәселен, бұрын тарихымызда болмаған «қазақ диаспорасы» деген этникалық қазақтардың шоғырлары дүниежүзінің көптеген елдерінде пайда бола бастады. Бүгінде тәуелсіз мемлекетіміз үшіншетелдегі үлкен қауыммен терең байланыс жасаудың маңызы зор. Бөтен ортада тұрғанымен өздерінің әдет-ғұрыптарын сақталған. Дегенмен, алыс шетелдерде өз тілінде мектеп болмағандықтан жастар ана тіліне шорқақ, көбі білмейді. Шет елдегі қандастарымызды елге оралту және қазақы салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты сақтауға, жастар арасында тілді үйренуге ынталылығы және т.б. қазақ диаспорасының көкейтесті мәселелерін шешу мен жүзеге асыруда республика аумағында бес құрылтай және алыс - жақын шетелдерде Кіші құрылтайлар өтті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қозғамбаева Г. Дүниежүзі қазақтарының басын қосқан тұңғыш құрылтайдың шақырылуының тарихи маңызы. // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» - № 3(11). - 2017.

2. Еңсенов Қ.АДүниежүзі қазақтары бес құрылтайының өткізілу тарихы (1992-2017 жж.).//Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № №2(14)2018

3. Мамашев Т.Қазақ диаспорасы қамқорлық күтеді.//Алтын бесік. – № 4. 2013. – 4 – 6 беттер.

4. Мамашев Т. Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының шежіресі. – Алматы, – 2007. – 150 б.

5. Қара Ә . Кеше, бүгін және ертең. // Қазақ елі. 2005. – №12. –5 бет.

6. Хамитұлы С. «Түркия қазақтарының тұрмыс тіршілігі» // Қазақ елі. –1998. –№42., – 2б.

7. Балғабай С. Түркия қазақтарының құрылтайы. // Туған тіл.– №4. 2014. –19–21 бб.

8. Уатқан Б.Ұлттың ұлы жиыны. Деректер жинағы. – Алматы Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы «Атажұрт» баспа орталығы. – 2012. – 408 б.

9. Қазақстан Республикасы Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Алматы. – 2012. – 110 б.

10. Базарбайұлы С. «Қазақстан – 2050» стратегиясы және Моңғолия қазақтары.Моңғолия қазақтарының үшінші Құрылтайы.//Алтын бесік. -2013. № 5.- 10-15бб.

11. Мамашев Т. Қазіргі замандағы қазақ диаспорасының өркениеттік мәселелері. //Қазақ диаспорасының заманауи эстетикалық және этикалық құндылықтары. Дөңгелек үстел материалдары. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 216 б. -17-23бб.

12. Үкібаев М. Өзбекстанда өткен кіші құрылтайдағы қаралған мәселелер.// Алтын бесік. № 1–2. 2012. – 22-25 бб
13. Балғабаев С., Қазақ диаспорасының қазіргі жағдайы және болашағы // Алтын бесік. - №4. 2014. – 104-111 бб.
14. Уатқан Б. Қырғыз жеріндегі қазақ Құрылтайы. // Алтын бесік. № 1–2. 2012. – 17–20 бб.
15. Балғабай С Ресей қазақтарының кіші құрылтайы //Туған тіл.– 2011.–№ 3, 9-11 беттер.
16. Тұрсынханқызы С. Еуропа қазақтары бас қосты//Туған тіл. № 1. 2006. 11–16 бб.
17. Еуропадағы қазақтар (тарихы мен бүгінгі жағдайы). Публицистикалық зерттеу/ Досан Баймолда.- Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының «Атажұрт» баспа орталығы, 2015.- 192 бет.
18. Кешубайұлы Т. Лондонда өткен Еуропа қазақтарының кіші құрылтайы /Алтын Бесік - №4. –2009. – 6 – 13бб.
19. Балғабаев С. Алматы – Стокгльм –Вестерос – Алматы бағыты. //Туған тіл. 2011.№4. – 18- 21 бб.
20. Базар Ж., Шетелде тұратын жас талапкерлердің білім сапарына жол //Egemen Qazaqstan. № 89(10079). - 2019. (02 .09 2019).
21. Мюнхенде қазақтардың Кіші құрылтайы өтті. https://www.inform.kz/kz/myunhende-kazaktardyn-kishi-kuryltayy-otti_a3536094 20.04.2020.
22. Іскендерұлы Ғ.Қазақтардың Кіші құрылтайы өтті. https://egemen.kz/article/202019-qazaqtardynh-kishi-quryltayy-otti 25.03.2020.
23. Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының сайды //www.inform.kz 15.10.2020

ӘОЖ 94 (574)
МРНТИ 03.61.20

Н. Қоңырбаев[1]

[1]*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, PhD докторант,*
Астана, Қазақстан, Email: nurjan12.kz@mail.ru

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЕҢБЕГІНДЕГІ КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ ЖОҚТАУЫ

(этнографиялық және тарихи талдау)

Аңдатпа

Мақалада Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлының 1926 жылы Мәскеудегі «Күншығыс» баспасынан жарыққа шығарған «23 жоқтау» еңбегіндегі «Кенесары-Наурызбай» жоқтауына этнографиялық және тарихи талдау жасалады. Жоқтауда Кенесары ханның саяси ел басқаруына қатысты деректері, қару-жарақ түрлері, сол кездегі қазақ қоғамы мен адами құндылықтар тарихи және этнографиялық мәліметтермен талданып сипатталады.

Түйін сөздер: жоқтау, жырау, фольклор, этнография, хан, қарашы, батыр, манап.

N. Konyrbaev[1]

[1]*Eurasian National University. L.N. Gumilyov, PhD doctoral student,*
Astana, Kazakhstan, Email: nurjan12.kz@mail.ru

ZHOTKAU KENESARY-NAURYZBAY IN THE LABOR OF ALIKHAN BUKEIKHAN

(historical and ethnographic analysis)

Abstract

The article analyzes the historical and ethnographic data of the «zhoktau» (mourning) "Kenesary-Nauryzbai" extracted from the "23 zhoktau" published in the printing house "Kunshygys" in Moscow in 1926 by Ahmed Baitursynov and Alikhan Bokeikhan. The zhoktau describes data concerning the political management of Kenesary Khan, types of weapons, Kazakh society and human values of that time, and analyzes specific historical and ethnographic facts.

Keywords: Joktau (mourning), bard, folklore, ethnography, khan, people, warrior, lord.

Н. Конырбаев[1]

[1]*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, PhD докторант,*
Астана, Казахстан, Email: nurjan12.kz@mail.ru

ЖОКТАУ КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ В ТРУДАХ АЛИХАНА БУКЕЙХАНА

(историко-этнографический анализ)

Аннотация

В статье анализируется по историческим и этнографическим сведениям жоктау (оплакивание) «Кенесары-Наурызбай» извлеченное из «23 жоктау» опубликовавшийся в типографии «Күншығыс» в г. Москва в 1926 году

Ахмедом Байтурсыновым и Алиханом Бокейханом. В жоктау описывается данные, а также анализируются историческими и этнографическими фактами касающиеся политического управления хана Кенесары, виды вооружения, казахское общество и человеческие ценности того времени.

Ключевые слова: Жоктау (оплакивание), жырау, фольклор, этнография, хан, народ, батыр, манап.

Әлихан Бөкейхан – мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі және өте талантты энциклопедиялық білімі бар зерттеуші-ғалым. Әлихан Бөкейханның артында қалдырған ғылыми мұрасы әр қырынан жан-жақты зерделеніп жатқанымен, этнографиялық, фольклорлық бағыттағы еңбектері әлі де зерттеуді қажет етеді. Мақалада Ә. Бөкейханның фольклорлық еңбектерінің бірі – «23 жоқтауы» тарихи-этнографиялық тұрғыдан қарастырылып, бірқатар тарихи-этнографиялық мәліметтерге талдау жасалады.

Фольклор көне заманның, бірнеше дәуірдің, әр түрлі қоғамның жемісі. Жалпы, қай фольклорды болмасын, бастапқыда бір адам шығарады. Уақыт өте келе, ол шығарма халыққа тарап, фольклорлық үдеріске түскенде, алғашқы автор ұмытылады да, айтушылар өз жанынан қосып, тілін көркемдеп, оқиғасын ширата түседі. Сөйтіп, фольклорлық шығарма бірнеше ұрпақтың санасынан өтеді. Қазақ арасында фольклорды шығарушылар аузы дуалы, сөзге ебі бар өлеңшілер, әңгімешілер мен ертекшілер, ақындар мен шешендер болды. Халықтың арасына тарап, дәстүрге айналып кеткен туындыларды орындайтын жыршылар болған. Олар өз туындыларымен бірге ескі эпосты да орындаған және өз жанынан жаңа дастандарда шығарған. Қазақ фольклорын тудырушы, орындаушылар және сақтаушылар әр дәуірде де болған. Фольклор жанрларын этнографияға сүйенбей зерттеу мүмкін емес. Сондай-ақ, олардың өмір сүруі мен өзгеруі, даму жолдары да тұрмыспен, болмыспен тікелей байланысты [1, 6]. Фольклор және фольклортану туралы ғылыми таным-түсінік қазақ арасында XIX ғасырдың ортасынан бастап қалыптаса бастады. XX ғасырдың бас кезіндегі зерттеу еңбектерде «ауыз шығарған сөз», «ауыз әдебиеті», «ел әдебиеті», «ауызша әдебиет», «ел ақындығы» түрінде қолданылған сөз тіркестері өзінің мән-мағыналық салмағы жөнінен «фольклор» терминінің орнына қолданылды [2, 124].

Ұлт қайраткерлері Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы шығарған 23 жоқтауға хандарды, билерді, белгілі ел тұлғаларын балаларының, анасының, қыздарының және келіндерінің жоқтаулары енгізілген. Біз осы жоқтаулардың ішінен XIX ғасырда сыр өңірінде дүниеге келген Нысанбай Жаманқұлұлының «Кенесары-Наурызбай» жоқтауын қарастырамыз. Жалпы жоқтау саны жиырма үш болғасын атын «23 жоқтау» деп атаған. Бұл «23 жоқтау» сол кезде баспадан шыққан ең көлемді жоқтау өлеңі болатын. Жоқтауды алаш қайраткерлері ел арасынан жинап, бірнеше нұсқасын салыстыра отырып әзірлеген. Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы «23 жоқтау» еңбегін 1926 жылы Мәскеудің «Күншығыс» баспасынан (ресми аты – «Кеңестер Одағындағы елдердің Кіндік баспасы») шығарған болатын. Баспаға Әлихан Бөкейхан «Кенесары-Наурызбай» жырының ең өзекті деген жерлерін ғана қалдырып дайындаған. Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы осы еңбектің беташар парағына бұл «Қазақ тарихының төрт жүз жылын алады» деп жазады [3, 2].

Жоқтау айту – қайтыс болған адамның қайтыс болғанға дейінгі отбасы, ел жұрты алдындағы орнын, адамгершілік қасиеттерін, елге сіңірген еңбегін, жақсылығын, өнегелі істерін, әулетке келген қайғы-қасіретті әнге сала, дауыс шығарып, күніренте айтатын зарлы өлең түрінде айтылады. Ол адамның *жетісі, қырқы, жүзі* және *жылында* да орындалады. Көне сенім бойынша, жоқтау - «Өліктің сәні» деп есептелген. Жоқтауды негізінен өмірден қайтқан адамның апасы, анасы, әйелі, жақын-жанашыры секілді әйел адамдар өз жадынан шығарып айтқан. Кейбір жағдайда қажетті өлеңді арнайы шығартып та айтатын болған. Ал, белгілі тұлғаларға арналған жоқтау жырлардың көбісі ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткен.

Жоқтау – аза тұту ғұрпының ең негізгі атрибуттарының бірі. Ол марқұмның орны толмас қазасын өлең жолдарымен әйгілейтін архайкалық ғұрыптар қатарына жатады. Өйткені, жоқтау айтудың астарында көптеген наным-сенімге қатысты дүниетанымдық көзқарастар бар. Дауыс салудың төркінін Л.Я Штренберг былай деп таратады: «Өлім – өмірдің жалғасы саналып, өлік бәрін естіп, көріп жатады, яғни физиологиялық тұрғыдан тыс жаны тірі деген ұғым бойынша, өлікпен сөйлесу үшін әдейі қатты дауыстап, оларға мұң-мұқтажын, қайғысын, өкініштерін сарынмен айырықшалап жеткізу түрі» [4, 410-412]. Яғни, жоқтау аруақтармен, марқұмның рухымен тілдесудің бірден бір жолы болып табылады. Қазақы түсінік бойынша, марқұмның аруағымен осындай жосымен тілдесу ғана тірілерді оның ризашылығына бөлейді.

Жоқтау – фольклор жанры. Сондықтан оның уақыт пен кеңістік аясы, деректік негіздері көп жағдайда шартты. Бірақ Қазақ хандығы дәуіріндегі оқиға, тұлға атауларында, олардың жалпы нобайында сәйкессіздік өте аз. Қарапайым өмірде жоқтауды «*Дауыс салу*» деп те атайды. Ежелгі әдет-ғұрпымызда адам қайтқан күннен бастап, оның жылы өтіп, асы берілгенше жоқтау айтылғаны белгілі. Жоқтаудың ерекше жеткізілетін тұсы жаназаның (ресми діни рәсім) алды-арты немесе кісіні жер қойнына беретін мезет. Жоқтау қазақ, қырғыз сынды ұлттарда аза ғұрпымен байланысты әрі қаралы, әрі артындағы ұрпағын рухтандыратын имани салттың бір түрі [3, 2]. Аза тұтудың бір белгісі болып табылатын бұл ғұрып дүние жүзіндегі елдердің көбінде кездеседі. Бұл ғұрып әсіресе түркі телдес қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен татар, алтай, қарашай халықтарының өмірінен де көнеден бері өшпей келе жатқан дәстүр [5, 76]. Ал, Махмұд Қашғаридың жазуы бойынша, жоқтау ежелгі түркі тайпаларының ерлік тұрмысынан туған жырдың бір түрі [6, 124]. Әлихан Бөкейхан 1925 жылы Ахмет Байтұрсынұлына «Бауырым Ахмет!» деп хат жазады. Әлихан Бөкейхан хатында былай деп жазады: «Әлімхан келіп, содан естідім, сен ауырып оңалыпсың. Енді ауырма. Жоқтауым 21 болды. Мен қазақ секциясына бердім. Өлеңі жақсы болғанымен, қайталамасы көп екен. Соны оңдап барып, сонан соң баспасаң, қайталама жақсы өлеңді бұзып кететін» [7, 445]. Бұл жерде байқағанымыздай, «23

жоқтауды» Әлихан Бөкейхан жинаған, оны баспаға дайындаған Ахмет Байтұрсынұлы. Сондықтан да, бұл жоқтау екі алаш арысының бірлесе жазған еңбегі. Зерттеу барысында біз, Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» жоқтауының толық нұсқасын емес, тек 1926 жылы баспадан шыққан бөлігін ғана талдайтын боламыз. Кенесары қазақ елінің соңғы ханы, бүкіл алаш жұртын бір тудың астына жинап, ел етуге бар өмірін арнады. Кенесары хан мен оның туған інісі Наурызбай батыр қайтқанда, Нысанбай жыраудың жоқтауы, күні бүгінге дейін ұлттың рухани санасында сақталып, жиі айтылып жүретін мұра. Нысанбайдың айтқан жыры жалғыз ғана қырғызға аттанған жорығын баяндайды. Осы жоқтауды Нысанбай жырау төмендегідей өрбітеді:

Қоғамы күшті ер еді
Киімді бала тудырған,
Алтынды қылыш будырған!
«Абылайлатып» ат қойып,
Дұшпанды көрсе қудырған!
Көп сарғайтып келместей,
Кене хан, саған не болды?

Жырда кездесетін қоғам жалпы мағынасында, мәдениеті ортақ, белгілі бір аумақта тұратын және өздерін біртұтас деп білетін адамдар. Жақсы бірлігі күшті ұлттық бірлестік. Өздеріне ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі. 1841 жылы Ұлытау өңірінде Ырғыз өзенінің жоғарғы ағысындағы Қаршатау деген жерде Орта және Кіші жүзбен, Ұлы жүздің дулат руының ру басы, батырларының қатысуымен өткен Кенесары Қасымұлының әкесі Қасым (т.ж.б. - 1836) сұлтанға ас беріп, осы аста қазақ хандығын қалпына келтіріп, Кенесарыны қазақтың ежелгі дәстүрі бойынша ақ киізге көтеріліп, хан сайлайды [8, 224- б.]. Жырда бұл оқиғалар туралы айтылмағанымен, жалпы құрылымында Кенесары билігін сипаттауы, тарихи мағлұматтардың растығын жанама түрде айғақтайтыны анық.

Қазақтың жоқтауы қайғы жұтып отырған адамды жұбату, әрі басына түскен ауырташылықты бөлісу қызметін атқарады. Бұл ауыртпашылыққа иманды жұрт түсіністікпен қараған. Кенесарының жеке тұлғалық бейнесімен қатар, оның қолбасшылық қарекетінің қырлары, батырлық, жауынгерлік мінезін айқындайтын заттай атрибуттары жырдың төмендегі жолдарында анық байқалады:

Тұлпардан сайлап ат мініп,
Дорбадан жемін жегізген.
Жем орнына бал беріп,
Қысырдың сүтін емізген.
Басын қалың жау жетсе,
Алып та шығар дегізген,
Кенекемді қалдырып,
Көкбуырыл, саған не болды?

Қазақы ортададағы әскери лауазымды – қолбасшылар, батырлар, сұлтандар, хандар әбден сұрыпталып сыннан өткен тұлпарға ғана мінген. Астындағы аттары асқан жүйрік, алыс жүріске мықты, төзімді, иесінің «тілін білетін» епті де, елгезек, шайқасқа төселген жануарлар болды. Қуса құтқармайтын, қашса жеткізбейтін. Әрбір ат төзімділігіне, күштілігіне, мықтылығына, жүйріктігіне, жүрісінің сипатына және дене тұрқына байланысты бағаланды. Жырда кездескен *Дорбадан жемін жегізген* – деген сөзге талдау жасайтын болсақ, далалық ұзақ сапарда, жылқыны күтіп-баптаудың ең оңтайлы тәсілі арнайы «ат дорба» арқылы азықтандыру. Бұл халық арасында жылқыны *жемдеу* деп аталып, күнделікті тұрмыстық сөз саптауда қолданысқа еніп кеткен. Қазақтың тұрмысында жылқыны жемдегенде көбіне сұлы немесе арпа береді. Бұл жұмыстың орындалу механизмі де өзіндік ерекшеліктерге сай атқарылады. Ат дорбаны аттың басына құлағынан өткізе іліп немесе байлап қояды. Ат дорба күдеріден, түгі алынбаған немесе түксіз теріден, былғарыдан, ширақы басылған киіз, сондай-ақ берік маталардан тігіледі. Ат дорбаның көлемі шағын, кәдімгі қаптан екі-үш есе кіші болады. Жырда кездесетін *Қысырдың қымызы* тіркесінің мәні – желідегі биелер ағытылып кеткеннен кейін, қыста жем-шөбі көп, ауқатты адамдар қысыр биелерді іріктеп алып қалып, қыстай қолда ұстап сауады. Сондықтан, бұл қымызды «қысырдың қымызы» дейді. Қысырды кей жағдайларда ауыру-сырқау адамдарды емдеу мақсатында да арнайы сауған [9, 198].

Жырдағы *Көкбурыл* – Кенесары ханның хан майданда мінген аты. Оны І. Есенберлин еңбегіндегі мына дерек растай түседі: «...Арқаға әйгілі «Ортеке» аталған сәйгүлігімен Төлебай батыр, жұрттан сытылып шығып жеке сала берді. Екі жүз қадамдай жерде жеке кетіп бара жатқан Төлебайды көргенде, Кенесарының өзі де шыдай алмады. *Көкбурылдың* үстіне тік түрегеліп тұра қалып: «Абылайлап» қамалға қарай құйындата жөнелді. Көкбурылдың үстінде ажалдан қорықпай түрегеліп шауып бара жатқан Кенесарыны көргенде өзгелері де орындарында тұра алмады. «Абылай!», «Ағыбай!», «Атығай!», «Қабанбай» деп ұрандап бекініске лап қойды [10, 737]. Көркем әдебиетте сипатталған жылқы атауының жырда көрініс табуы, мәліметтің шындыққа жақындығын растай түсетін секілді.

Қазақ хандығында биліктің бірден-бір белгісі болып саналатын *хан тағы* туралы мәліметтерді халық ауыз әдебиетінде жиі кездесетіні белгілі. Мұндай көрініс Нысанбай жырау да тілге тиек еткен. Кенесары ханның тағы туралы мәліметтер жырда былайша сипатталады:

Патшада бар алтын тақ,
Жасынан жаббар берген бақ.

Без белді қара бүркітті.
Шабытты туған сұғанақ.
Қанаты жоқ, құйрық жоқ,
Бір анадан жалғыз тақ.
Көп сарғайтып келместей,
Наурызбай саған не болды?

Дәстүрлі қазақ қоғамында ханды ұлықтаудың екі кезеңі болғандығы туралы көзқарастар бар. Олар бірінші хандық ақ киізге көтеріп ұлықтау, екінші арнайы тас-тақтаға шығару, яғни мұны хан орны немесе хан тағы деген ұғыммен алмастыруға болатын секілді. Жалпы мұндай атау бүгінге дейін сақталған. Жетісу жеріндегі Керейдің қыстауы болған Хантаудағы «Хан тағы» деген тас бар екендігі белгілі [11, 3]. Қазақ хандарының тағы туралы деректер жазба мәліметтерде де, қазақ фольклорында да кездеседі. Нысанбай жыраудың хан тағы туралы бірнеше рет қайталап айтуы да, Кенесары ханның тағы болғанын қуаттай түсетін секілді. Дегенмен, Кенесары ханның тағы болғанын дәлелдейтін нақты дәйекті мәліметтердің болмауына байланысты, біз бұл мәселені басы ашық күйі қалдырамыз.

Кенесары-Наурызбай жырында қазақтың әскери қару-жарақтарының бірнеше түрі көрініс табады. Мұның мысалын жырдың келесі жолдарын көре аламыз:

Кенекем менің кеткен соң,
Заманым қалды тарылып,
Қалық иесі қандардан
Жетім қалдық айырылып!
Екі бірдей қанатым
Топшыдан сынды қайрылып!
Балдағы алтын ақ берен,
Тасқа тиді майрылып!
Кемшілік түсті басыма,
Көрінгенен қаймығып!

Балдағы алтын ақ берен... Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Берен» деген сөзге бірнеше мағына береді. Біріншісі нағыз шын болат десе, екіншісі болаттан жасалған, батырлар киетін сауыт. Жалпы батырлар киетін сауытты, мылтықты, алмас қанжарды білдіреді. Орта ғасырларда Ұлы Жібек жолында саудаға түсетін өте құнды, сирек кездесетін мата болған екен. Сол матаны да «берен» деп атаған. Жалпы, «берен» – мықтылықты, өткірлікті, өжеттілікті білдіретін сөз. Сондықтан, батырлар жырында «Балдағы алтын ақберен» деген тіркестер көп кездеседі. Жырдағы *Топшыдан сынды қайырылып* – деген сөйлемдегі топшы деп отырғаны құстың саусақтарын құрамдап, біріктіріп тұратын буынын айтады. Бұл жерде жырау Кенесары-Наурызбайдыңқайтыс болғанын, «екі бірдей қанатым буыннан сынды қайрылып» деген ауыспалы сипатқа тән оймен жеткізіп отыр.

XIX ғасырдың 20-40 жылдарында болған қозғалыстар арқылы сол кездегі қазақ халқының тарихи бейнесін толық көруге болады. Кенесары ханның бұл ұстанымдарын көркем бейнелеуде Нысанбай жырау бірқатар этнографиялық мәліметтерді қоса жырлайды:

Жаңбыр жаумай, су болды
Бұлы қымбат манатым!
Тасқа тимей кетілді
Балдағы дандан болатым!
Топшысынан үзілді
Екі бірдей қанатым!
Кенесары, Наурызбай,
Асып туған санатым!
Қырғыздан біткенге ұсайды
Тағдырлы ажал сағатың!

Жырдағы *Жаңбыр жаумай су болды* – дегені айтарлықтай еш нәрсе болмаса да өзінен өзі абыржып, ашуланып, терлеп жүрген адамды айтады. (Бұлы қымбат манатым!) Манат деп - құнды матаны айтқан. Мәселен, «Алыстан қызыл көрінсе, манат емей немене» деген қанатты сөз халық жадында сақталған. Сонымен қатар, ертеде алтын теңгені «манат» дейтін болған. Жалпы, бір сөздің екі мағынасы да «құнды, бағалы» деген ұғымды береді. Қазақ арасында жаңа туған сәбиге өз ортасына қадірлі, сыйлы, құрметті болсын деген ниет пен атын «манат» деп қояды. Санат дегеніміз қатарға қосылу, ер жетіп, жауынгер қатарына ену. Хандық дәуірде қоғамдық-саяси, әскери термин ретінде айтылған. Санатқа кіру, санатта болу үшін жас ұланның ат тоны, жаужарағы, бес қаруы сай болуы тиіс. Болашақ сарбаздың мінген аты жабы емес, қазанат болуы керек. Ер балалар көбінесе 13-15 жас аралығында санатқа қосылған. Санатқа қосылған ұландар әскер қатарында жауынгер, сарбаз деп аталған [13, 104-106]. Жырдағы *Тағдырлы ажал сағатың* деген сөйлемдегі ажал – діни түсінікте жанның тәннен сая таппай тастап шығуы кезінде болатын құбылыс және адам баласының о дүниедегі өмірінің бастамасы деп есептелінеді. Құдайдың құдіретімен әуел баста ажал деген маңдайға жазылып қойған жазмыш. Яғни, белгіленген мезетте жетеді [14, 66]. Қазақы дәстүр көзбояушылық пен жасандылыққа бармай, егіле жылай отырып, орнымен бақиға озған жанның тірісіндегі өнеге ісін

ұрпаққа аманаттайды. Осы сипаттағы жыр жолдарында қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары, оның ішінде жаугершілік жағдайда қолданылатын түрлері, халықтың әлеуметтік құрамын анықтайтын атаулар да көрініс тапқан:

Жаның қайдан жай табар?
Жадыңда Жаббар болмаса:
Көңілің қайдан жай табар?
Көруге дәулет болмаса.
Қолдың көркі бола ма?
Барабан, керней болмаса.
Жұлдыздың көркі бола ма,
Ішінде бір ай болмаса?
Қарашыда не күй бар?
Айбынды ханы болмаса.
Кенесары – Наурызбай
Қол басында болмаса!

Жырда кездесетін *Керней* – ағаштан, жезден жасалатын үрмелі саз аспабы. Кернейдің ұзындығы шамамен 80-90 см, шеңбер аумағы 15-16 см болады. Ертеректе кернейді көбінесе жаугершілік жорықтарда хабар беру үшін, сондай-ақ ханды, әскербасыларын салтанатпен қарсы алғанда қолданған. Керней тартатын адамды «кернейші» деп атаған. Кернейдің үрлейтін жағы жіңішке, әрі ұзындау болып келеді. Ағаштан жасалатын кернейді ертеректе түйенің өңешімен қаптаған. Бұл көне тәсіл керней ағашының жарылып кетпеуін қамтамасыз еткен. Ол үшін өзегі алынған, іші қуыс ағашты өңешке өткізіп кептіреді. Өңеш пен қапталып кепкен сырнай күнге, т.б. сыртқы әсерлерге төзімді болған [15, 71]. Жырдағы *Қарашыда не күй бар?* – деген сөйлемдегі Қарашы – ханға қызмет ететін, саяси құқықтық, экономикалық жақтан басы азат әлеуметтік мәртебесі жоғары топ өкілі деген ұғымды білдіретін қоғамдық саяси термин. Алайда, ханға бағынышты болып қызмет ететіндердің бәрі бірдей қарашы аталмаған. Ордада ханның оң тізесін басып отыратын қарашысының да, сондай-ақ сол тізесін басып отыратын қарашасының да мәртебелері аса жоғары болған. Ханның оң тізесін басып отыратын қарашы ханға ақыл айтып, кеңес беріп отырған. Қарашының әлеуметтік мәртебесі төмен, экономикалық жақтан тәуелді қара кедей, жалшы. Дәстүрлі қоғамда, хан, сұлтандарға бағынышты қара халықты қарашы кейде қараша деп атаған. Қазақ қоғамында қарашы, ақсүйектер, сұлтандар, қожалар сынды топтардан қарапайым топты бөліп көрсету үшін қаракісі, шаруа, бұқара атаулары әлеуметтік мәртебесі төмен жіктерді білдірген.

Қазақ ұғымында «ханда қырық кісінің ақылы бар» - деген мәтел бар. Бірақ ханның бойындағы ақыл-парасат, мінез-құлық дағдылары бірден қалыптаспайтыны белгілі. Жырдың төмендегі үзіндісінде ханның айбынды қасиеттерін салыстырмалы түрде сипаттап қанай қоймай, бірқатар тарихи деректерді қайталауымен ерекшеленеді:

Халық иесі хандарды,
Қалай айтсам, мін бар ма?
Шегірткеге таланған
Қырғауылда жүн бар ма?
Жапалақтан сескенген
Жалғыз қазда үн бар ма?
Қандарынан айырылған
Қарашыда сын бар ма?
Қайран есіл қандарды
Енді бір көрер күн бар ма?
Кене қанның тұсында
Қарт бурадай жарадық!
Жауды жасқап жапырып,
Жауған қардай борадық!
«Абылайлап» ат қойып,
Дұшпанның алдын орадық!
Қанымыздан айырылып,
Шіл боғындай тарадық!

Ал, Әбілмансұрдың аты Абылай деп өзгеру сыры суреттелетін тұс І. Есенберлиннің тарихи триологиясында былайша көрініс тапқан: «…үлкен бір айқаста ауыл адамдары «Сабалақ» деп ат қойған, он сегіз жасар түйеші «Абылайлап!» ат қойып, жауын қашырып, бүкіл еліне «Абылай» деген атпен әйгілі болды. Сонда барып Әбілқайыр хан бұл Абылай баяғы Бұқар жырау екеуі барлауда жүргенде кездестірген Төле бидің түйешісі Әбілмансұр екенін білді» [10, 308]. Бұл жерде тарихи аңыз өзгеріссіз қаз-қалпында алынған.

Жырдағы *Шіл боғындай тарадық* – дегені топ болып жүріп, әр жаққа шашырап басымыз бірікпей кеттік деген ойымен үндеседі. Бұнда өз билігі өзінде болмай басқа жұрттың дегеніне көніп, үнжырғасы түскен халді көреміз. Әр бір жұртты паналап, өзгенің аузына қарадық деген ой-тұжырымдар көрініс тауып отыр.

Жырда Кенесары ханның әскери жорықтарының бағыты, бірқатар саяси-тактикалық іс-әрекеті көрініс тапқан. Ханның Созақ, Жаңақорған және тағы бірнеше бекіністерге шабуыл жасағаны тарихи деректерден белгілі. Соның

ішінде Созақ бекінісі шабуыл жасағаны, ондағы саяси жағдайлар аздап өкініш бейнесінде төмендегідей жолдарда көрініс тапқан:

Көрінгенге қорғалап,
Кісі аузына қарадық!
Өзіміз шапқан Созақта!
Сарттан ақыл сұрадық!
Өзіміз шапқан Созақта.

Кенесары бастаған қалың қол 1841 жылдың жазында Қоқан хандығын ойсырата жеңіп, оның иелігіндегі Созақ, Жаңақорған қамалдарын алады [16, 502]. Жырау осы кезеңді айтып отыр. Жырда кездесетін *сарт* - көшпелі түркі халықтарының отырықшы халықтарға қатысты XV ғасырдан қолданылып келген атау. Сонымен қатар, өзбектер мен тәжіктердің ежелгі отырықшы бөлігінің ескі атауы. Бабырнама еңбегінде «Исфара қаласының барлық тұрғындары сарттар, олар парсы тілінде сөйлейді» деген мәлімет кездеседі [12, 561]. Сонымен қатар, көшпелі түркі халықтарының тілінде сарт сөзі отырықшы адамдарды кемсіту мағынасына ие болған секілді. Себебі жырдағы *Сарттан ақыл сұрадық* – дегені өзінен «төмен» адамнан амалсыздан кеңес алдық деген оймен үндеседі. Нысанбай ақынның «Кенесары-Наурызбай» жырында Кенесары Қасымұлының патшалық Ресейдің отаршыл әскерімен он жыл бойы күрескен оқиғалары, Қоқан, Хиуа хандықтарымен болған соғыс суреттері көрініс таппайды. Нысанбай жырында Кенесарының қырғызға аттанған соңғы жорығы ғана арқау болады. Кенесары опат болған Кекілік тауындағы соңғы шайқаста көңілін қайғы-мұң, зар зар басқан ақын көңілін мына жолдардан айқын байқалады:

Кенесары кеткен соң,
Иесіз қалды тағымыз!
Наурызбай төре кеткен соң,
Бастан тайды бағымыз!

1847 жылы Кенесары қырғыздар жеріне басып кірді. Бұл күресте Кенесарының көздеген негізгі мақсаты – қазақтар мен Алатау қырғыздарының ортақ жауы Қоқан үстемдігіне және Қоқан бектерінің сенімді одақтастары қырғыз манаптарына қарсы күресу еді. Сондықтан ол қырғыздарға қарсы жорықты Қоқан жағына шығып кеткен манаптар сатқындығына жауап ретінде қарады [17, 333]. Кенесары ханның өлімінен кейінгі қазақ даласындағы жағдайларды Нысанбай жырау төмендегі жолдарда өкініш, қамығу сипатында жырлаған:

Бұлбұлдай сайрап жүр едік,
Байланды тіл мен жағымыз!
Азғанымыз емес пе,
Қойшыдан сынды-ау сағымыз?
Артында қалған жетім ел,
Келіспеді-ау сәніміз!
Ақырында, әлеумет,
Осындай болды қалымыз!

Адам бұл өмірден әртүрлі жағдайда өтеді. Осыған орай жоқтау түрі де әрқилы болады. Е.Бекмаханов «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты монографиясында мынадай жайды келтіреді «Кенесары өзін өлтірер алдында, иін тірескен халық жиналып тұрған сол бір шақта өлеңдетіп қоя берді. Өлеңінде өз елінің еркіндігі мен тәуелсіздігі жолында өзі жүргізген аса ауыр күрестің бүкіл өткен жолын баяндады, Сарыарқаның кең даласын, шайқаста қаза тапқан серіктерін еске алды. Ән ұзақ айтылып, жиналғандар ұйып тыңдады. Ол өзінің өлеңінде туып-өскен кең даласында, кіндік кескен ауылында өткен бар өмірін есіне алған еді» [17, 336-337]. М. Әуезов осы еңбек туралы «Кенесары жырындағы өлең тілі ерекше сұлу кестелі тіл, оқушыға ұнамды, артынан лепілдетіп ертіп, отыратын құрыш қайратты қызу бар. Ақынның жанын салған қызумен, шын сезімін білдірген міні жоқ. Өлеңдері ерекше отты келетін соғыс суреткері мен айтыс, талас сөздер. Соғыста еске алатын үлкен оқиғаның бірі қалмай, тізілген ақынның ірі суретшілдігін білдіретін өзгеше шеберліктері бір емес, әлденеше жерде келеді» деп жоғары баға береді [18, 160].

Қорытынды. Жалпы ұлт қайраткерлері Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы Мәскеуде орналасқан «Күншығыс» баспасынан неге ең бірінші осы жоқтауды шығарды? - деген сұрақ туады. Менімше бұл шын мәнінде алаш идеясының және қазақ ұлт-азаттық қозғалысын жоқтау болатын. Осы 23 жоқтаудың ең алғашқы беттерінде Әлихан Бөкейхан мынадай жолдарды келтіреді. «Қырдан асқан түлкідей, Бізден де ұзап барасың қу өмір». Бұл жерде Бөкейхан азаттықты, өзегін өртеп бара жатқан өкінішті айтып отыр. Бұл жоқтау кез-келген тарихшылар мен этнографтарға осы кезеңнің тарихи болмысын толық бағамдауға зор септігін тигізеді. Нысанбай жырау Кенесары хан бастаған қозғалыстың ұлт-азаттық сипатын терең түсініп, ақын ретінде ханның қоғамдық-саяси ұстанымын қабылдап, бұл күрестің ыстығы мен суығын, ащысы мен тұщысын оның бастаушысымен бірге күрестің соңғы сәтіне дейін бөліскен тарихи тұлға. Нысанбай ақынның «Кенесары-Наурызбай» дастаны халқымыздың қайғылы да дүбірілі беттерінен сыр аңдатып, ұрпақ жадында мәңгі қалары даусыз. Жалпы жырда Кенесары хан бастаған қозғалысқа байланысты жыраудың көңіл-күйі мен рухы басыңқы екендігі анық байқалады. Жыраудың көңіліндегі бұл жағдай (мезгіл) жалпы қоғамдағы жағдайдың көрінісі деуге болады.

Әлихан Бөкейхан еңбегіндегі Кенесары-Наурызбай жоқтауына этнографиялық және тарихи талдау жасау барысында, байқағанымыз, қазақтың сол кезеңдегі ішкі әлеуметтік толқулары, рухани құлазыған сәті түрлі адами қасиеттердің мысалында сипатталады. Кенесары ханның саяси ел басқаруына қатысты деректері нақты тарихи

мәліметтермен толық үйлесім тапқан. Жырда салыстырмалы түрде сипатталған қару-жарақ түрлері, аспаптар, рухани, адами құндылықтар, мінез-құлық пен бірқатар салттық жоралғылар этнографиялық тұрғыдан алғанда маңызды болып қана қоймай, ауыз әдебиетіндегі деректердің қазақ тарихының деректанулық қорын толықтыратынына сеніміміз мол. Әлихан Бөкейханның "23 жоқтауындағы" Нысанбай жырау жырлаған Кенесары-Наурызбай жыры қазақ этнографиясы үшін мол мәліметтер базасын құрай отырып, әлі де терең зерттелу қажет екендігін көрсетіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қасқабасов С. Ойөріс. Алматы: "Жібек Жолы", 2009. – 303 б.

2. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Монография. Астана: 2002. – 832 б.

3. Қамзабекұлы Д. Алаштың «23 жоқтауы», Ана тілі. 20 тамыз, 2015 ж. – 4 б.

4. Жоқтау – Жоқтау айту // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия, - Алматы: РПК «СЛОН», 2012. 2 том: Е-И. – 736 б.

5. Уақатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 160 б.

6. Маргұлан Ә. Х. Ежелгі жыр-аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.

7. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары – Толықт. үшінші бас. – Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2018. – Қазақша, орысша. – 576 б.

8. Смағұлов Е.М. Қазақтың ас беру дәстүрі: әлеуметтік-саяси реттеушілік қызметі (XVIII-XIX ғг. деректері бойынша). – Нұр-Сұлтан: «Алтын Кітап» баспасы, 2019 ж. – 248 б.

9. Қымыз // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия, - Алматы: РПК «СЛОН», 2013. 4 том: Қ-О - 736 б. (198 б).

10. Есенберлин І. Тарихи трилогия. – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, - 912 б.

11. Қожа М. Түркістандағы хантағы // Қазақ газеттері. 8 мамыр, 2019 ж. / kazgazeta.kz.

12. Сарт // «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005. 7 том. – 728 б.

13. Санат // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия, - Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. – (иллюстрацияланған) 5-том: П-Я – 816 б.

14. Ажал // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия, - Алматы: DPS, 2011. – (иллюстрацияланған) 1 том: А-Д - 736 б.

15. Керней // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия, - Алматы: РПК «СЛОН», 2012. – (иллюстрацияланған) 3 том: К-Қ – 736 б.

16. Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы (1837-1847) // «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2002. 4 том.– 720 б.

17. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында (Оқу құралы). – Алматы, «Санат», 1994. – 416 б.

18. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», 2014. 4 том. – 456 б.

ӘОЖ 902
ГРНТИ 03.41.91

Елеуов М.[1] Умыткан П.А.[2]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры, т.ғ.д.
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., E-mail: madiareleyov@mail.ru
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Археология, этнология және музеология кафедрасының 2 курс магистранты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., E-mail: u.a.perizat@mail.ru

СЫРДАРИЯНЫҢ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Мақалада Сырдарияның төменгі ағысының ортағасырлық қалаларның зерттелу тарихы қарастырылады. Әр кезеңде жүргізілген зерттеу жұмыстары кеңінен қаралады. Соның ішіндегі алғашқы өлкетанушылық, кеңестік және тәуелсіздік кезеңінде жүргізілген археологиялық қазба және барлау жұмыстарының нәтижелері қаралады.

Кейінгі кезеңдегі бұл аймақта ашық аспан астындағы музейге айналдыру мақсатында Шірік-рабат Жанкент, Сортобе, Қышқала және Сығанақ қалалары жайлы мәліметтері беріледі.

Кілт сөздер: Арал маңы, Сырдария, Жанкент,Жетіасар.

Eleuov M.[1] Umytkan P.A.[2]

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Professor of Archeology, Ethnology and Museology, Doctor of History Republic of Kazakhstan, Almaty, e-mail mail: madiareleyov@mail.ru
[2]Kazakh National University. Al-Farabi, 2nd year undergraduate student of the Department of Archeology, Ethnology and Museology,
Republic of Kazakhstan, Almaty, E-mail: u.a.perizat@mail.ru

HISTORY OF THE STUDY OF MEDIEVAL TOWNS IN THE LOWER REACHES OF THE SYR DARYA

Abstract

The article deals with the history of the study of medieval cities in the lower reaches of the Syr Darya. The research work carried out at each stage is widely considered. In particular, the results of archaeological excavations and research in the first local history, Soviet and independent periods will be considered.

In order to turn these settlements into an open-air museum in the future, information will be provided on the cities of Shirik-Rabat, Zhankent, Sortobe, Kyshkala and Syganak.

Key words: Priaralye, Syrdarya, Zhankent, Zhetasar.

Елеуов М.[1] Умыткан П.А.[2]

[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, профессор археологии, этнологии и музеологии, д.и.н. Республика Казахстан, г.Алматы, e-mail почта: madiareleyov@mail.ru
[2]Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, магистрант 2 курса кафедры археологии, этнологии и музеологии, Республика Казахстан, г.Алматы, E-mail: u.a.perizat@mail.ru

ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ГОРОДОВ НИЗОВЬЯ СЫРДАРЬИ

Аннотация

В статье рассматривается история изучения средневековых городов нижнего течения Сырдарьи. Широко рассматриваются исследовательские работы, проводимые на каждом этапе. В частности, будут рассмотрены результаты археологических раскопок и исследований в краеведческие, советские и независимые периоды.

Для того, чтобы в будущем превратить этих городища в музей под открытым небом, будет представлена информация о городах Ширик-Рабат, Жанкент, Сортобе, Кышкала и Сыганак.

Ключевые слова: Приаралья, Сырдарья,Жанкент,Жетасар.

Арал маңының тарихы археологиялық деректер бойынша бес мыңжылдықты қамтиды. Ежелгі заманнан бастап осы аймақта өмір сүрген халықтар Батыс және Шығысты байланыстыра отырып, өзіндік шаруашылық пен мәдени типті қалыптастырды.

Бұл өңірден ежелден мекен еткен сақ, скиф, массагет, ғұн, оғыз, қыпшақ және т.б. көшпелі отырықшы түркі тайпаларының мекені болған, археологиялық ескерткіштер өте көп кездесіп отыр. Олар тас ғасырының әр кезеңіне жататын ескерткіштер – Арал 1-6, Ақеспе,Жалғыз-ағым, Қосмола 4,5, Сексеуіл I,II тұрақтары, қола дәуірінің ескерткіштері – Солтүстік Түгіскен обалы қорымдары, антика дәуірінің ескерткіштері – Шірік-рабат қала қорымы, Баланды II кесенесі, Жанкент, Сортобе, Шіркейлі Қос-асар қалашығы ортағасырлық қалалары және т.б. археологиялық ескерткіштер анықталып отыр.

Сыр өңірінде мекен еткен сақ, қаңлы, оғыз және қыпшақ тайпалары Қазақстан халқының этногенезінде ғана емес Орта Азия, Орталық Азия және Еуропаның қазіргі халықтарының қалыптасуында маңызды рөл атқарған. С.П.Толстов Арал өңірінің этникалық тарихының маңыздылығын «Аралдық этногенез түйіні» деген анықтама беру арқылы көрсетеді.

Первое направление – «Нарынкольское» (по названию современного населенного пункта), начиналось в Алматы и Тальхире, затем шло через Иссык, Тургень, Чилик, Кегень к современному Нарынколу и далее на Кульджу.

Второе, «Чунджинское», (также по названию современного села), из Чилика направлялось на Чарын, Чунджу и далее на Кульджу.

Третье направление – «Иланбалыкское» через Чилик шло на Чарын, оттуда на переправу Борохудзир ипо правому берегу через село Коктал в современный город Жаркент, Хоргос и оттуда в Китай – Кульджу и Турфан. В районе Коктала находился средневековый город Иланбалык (Илибалык).

Следующее направление – «Каялыкское», начинаясь в Алматы и Тальхире, шло в сторону р. Или к Капчагайскому ущелью – к месту переправы через р. Или, затем к современному поселку Шенгельды и через перевал Архарлы к Сары-Озеку. Здесь главная трасса разделялась: одна дорога шла по правому берегу р. Или к Жаркенту и далее через Хоргос в Восточный Туркестан; вторая дорога шла через долину р. Биже, Мукры в долину Коксу к городищу Дунгене, далее через современный Талдыкорган дорога приводила в Кызыл-Агач – Сарканд – Достык [18], [5, с.41-42].

По мнению акад. Байпакова К.М., расцвет городской и земледельческой культуры в Жетысу приходится на X–XIII вв [5], [6]. Следует сразу пояснить, что это был период Средневекового климатического оптимума 950–1250 гг. – эпоха теплого климата в северном полушарии. Для этого периода зафиксирована теплая погода в Западной и Восточной Европе, а также периоды увлажнения климата в некоторых регионах планеты.

В настоящее время палеоклиматология в состоянии описывать общую канву климатических событий. Исследование климата за последние 5000 лет в Евразии установило закономерность, что период глобальных похолоданий часто сопровождается аридизацией степных и полупустынных регионов. В то же время в периоды потеплений в ряде регионов Средней Азии, включая Южный Казахстан, Приаралье и Прибалхашье, количество осадков значительно увеличилось. Причем такие значительные климатические изменения могли происходить в течение 25-30 лет на глазах одного поколения [29, с. 12].

В XI–XIIIвв. возникает целый ряд поселений и городов, как в предгорной зоне, так и в долинах рек Талгара, Иссыка, Каратала, Лепсы, Или. В низовьях реки Или в X–XIII вв. возник и развивался своеобразный оазис оседло-земледельческой жизни. О развитии ирригации свидетельствуют находки каналов, дамб, арыков [6, с. 124].

В XIIIв. здесь культивировались несколько сортов зерновых культур и плодовых деревьев. При раскопках найдены зерна пшеницы, ячменя, проса, семечки яблок и урюка. По свидетельству Чан-Чуня в долине Или выращивали хлопок. Дальнейшее развитие земледелия привело к росту численности оседлого населения.

В городах Илийской долины численность населения в XIи XIIвв. составляла 33000-39000 ч. В Алматы и Талгаре проживало 3800-4200 ч., в Каялыке – 10000-13000 ч., в Чилике – 4200-5000 ч., в Дунгене – 4760-5600 ч., в Коктуме – 5600-6400 ч., в Сумбе – 1870-2200 [17, с. 238]. Большого расцвета достигает ремесленное производство. Развиты гончарные и кузнечные ремесла.

Все эти значительные социально-экономические изменения не были бы возможны без включения региона Жетысу в состав Караханидского государства в 940 г. н.э. Несмотря на автономное существование Карлукского ханства в составе государства Караханидов, социально-экономические трансформации происходили на огромном пространстве Мавераннахра, Восточного Туркестана и Жетысу.

В XI–XIIвв. часть тюркских племен переходит к занятию земледелием, приобщается к городской культуре. Земледельческая культура Чу-Таласской долины приходит в Илийскую долину.

Развитие масштабной ирригации в дельте Или, требовавшее специальных знаний, навыков в строительстве и эксплуатации, явно было влиянием выходцев из Мавераннахра или оазисов Восточного Туркестана, с которыми карлуки были связаны.

В.В. Бартольд в труде, посвященном истории орошения в Туркестане, отмечает глубокие знания и достижения в строительстве ирригационных сооружений в Мавераннахре, начиная с глубокой древности. Основная терминология по водопользованию была персидская [7, с. 117].

Ирригация, которой пользовались полуоседлые кочевники, и которую мы знаем, как усуньскую, известную в Средней Азии и на Ближнем Востоке с более раннего времени, основана на использовании естественных уклонов конусов выноса предгорий. О такой ирригации писал Ч.Ч. Валиханов в своей работе "Об оросительных каналах в Семиреченском крае"[28, с. 120].

В караханидское время в областях от Испиджаба до Баласагуна резко усилился процесс тюркизации согдийцев, живших в городах. Согдийцы переходили на тюркский язык и перенимали тюркскую одежду [19, с.24]. Ситуация в Жетысу в системе государства Караханидов, видимо, была аналогичной. Росту тюркского населения в городах способствовало поощрение караханидами развития земледелия; они проводили политику, призванную повысить статус земледельца и ремесленника [23, с. 206]. Немалую роль здесь играло принятие и широкая пропаганда караханидами ислама. Города стали главными очагами ислама в караханидское время и продолжали оставаться ими на протяжении последующих столетий.

В I половине XII в. в Жетысу появились каракитаи. Они были приглашены правителем Баласагуна в 1128 г. против карлуков и канглов. Но затем каракитаи, заняв Баласагун, устранили караханидского владетеля и основали государство на всем пространстве Мавераннахра, Жетысу и Восточного Туркестана.

Первоначально в 30-40 гг. это была политика мягкой инфильтрации. Они не меняли политического устройства, не разрушали городов, не трогали посевы. Но с середины XIIв. изменив свою фискальную политику иперешли к набегам, грабежам и разорению населения [30, с.208].

Каракитаи были несторианами. Этому свидетельствуют археологические памятники [8, с.38]. В начале XIIIв. к гурхану Каракитаев Елюй Чжулху появился хан найманов Кучлук, который в 1213 г. стал гурханом. Будучи сам несторианином, он устроил религиозные гонения на мусульман, составлявших большинство населения. Войска, посланные Кучлуком на постой, терроризировали земледельческое население [14, гл. 41].

Археологические материалы свидетельствуют, что большинство городищ Илийской долины гибнет в XII– начале XIIIвв [6, с.125]. Этот факт можно интерпретировать только в связи с обстоятельствами краха государства Караханидов, вхождения Жетысу в состав государства Каракитаев и сменивших их найманов. Видимо, произошел отток населения из Илийской долины. В этот же период аналогичные процессы происходили на территории Чу-Таласской долины [19, с.38].

Жетысу подчинилось монголам добровольно. Путешественники описывают Жетысу, как страну с цветущей культурой. Баласагун, до этого разрушенный в 1210 г. каракитаями, был взят монголами без осады [9, с.40-41]. Захватив Жетысу, монголы, оценив природный потенциал региона – обилие пастбищ, прекрасные климатические условия и стратегически выгодное положение, сделали Жетысу местом пребывания своей элиты. Ставка старшего сына Джучи – Орды – в 1246 г. была у озера Алакуль. Западнее, в бывшей земле каракитаев, находилась ставка другого сына – Шайбана. Джагатай летом находился в Куяш, в долине Или, по соседству с Алмалыком. Зимой – в месте Мераурик-Ила, так же на Или [9, с. 44-45].

За несколько десятилетий XIIIв. городская жизнь Жетысу приходит в упадок. Об этом свидетельствуют исторические источники. Вильгельм Рубрук свидетельствует о множестве разрушенных городов, Чан Дэ, проехавший в 1259 г. между Или и Чу, пишет о многочисленном населении и разрушенных городах [9, с.51].

По мнению В.В. Бартольда, причиной упадка земледельческой культуры в Жетысу явилось вторжения сюда кочевых масс монголов, привлеченных замечательными пастбищами. Но главным фактором были династические войны, повергшие край в разорение [6, с.126]. Нельзя сказать, что монгольская элита не понимала сути происходящих процессов.

Курултай 1269 г., известный нам как событие, узаконившее распад монгольской империи, в большей степени был посвящен определению границ летних и зимних кочевий. Царевичи обязались жить в горах и степях, не выпускать своих стад на пашни, не брать с жителей ничего, кроме законных податей и доходов с принадлежащих им ремесленников [9, с.55].

Но одно дело понимать, а другое – совладать с происходящими процессами. Распад Монгольской империи ознаменовал свои новые тренды в каждом из монгольских государств. Но проявились и те, которые были связаны с глубинной матрицей традиционного хозяйственно-культурного типа. Расцвет монгольских городов пришелся на время Угэдэя, Гуюка, Мунке – 1228-1259 гг. После переноса столицы Хубилаем в Китай городская жизнь на территории Монголии уже не испытывает того подъема, как в начальный период [13, с.24-25].Административные ставки, не имевшие серьезной земледельческой и ремесленной основы, были не конкурентны с городами оседлоземледельческих цивилизаций. Возникает экономическое тяготение к этим городам [26, с.140-142].

После 1303 г. центр улуса Орды перемещается из Жетысу к низовьям Сырдарьи [9, с.58]. Монгольская элита начинает селиться в земледельческих оазисах и городах. Была ли эта тенденция для всего социума? Вряд ли. Кочевники-Карлуки, уже придя с Алтая в Жетысу, были в значительной части полукочевники. Дальнейшая их эволюция в составе государства Караханидов и вхождение в их социум уйгуров и согдийцев Жетысу сделали их в значительной мере земледельцами и полуоседлыми скотоводами [8].

Думается, что миграционные потоки карлуков в Мавераннахр начинаются еще в каракитайское время, тем более, что между ними существовали конфессиональные противоречия. Окончательный исход карлуков произошел в монгольское и могульское время. Значительная масса карлуков составила существенную часть формировавшейся узбекской народности [24, с.322]. Населявшие в XIV в. племена, известные как могулы, впоследствии основной массой вошли в Старший жуз, другая часть ушла в Восточный Туркестан и стала составной частью уйгуров, третья волна – в состав кыргызов [24, с.324].

Основная часть могулов была классическими кочевниками, кочевавшими между летними и зимними пастбищами. Известно, что весной они занимались земледелием [14, гл. 57]. Но они предпочитали жизнь вне городов и земледельческих оазисов. В этом ключе показательна история Йунус-хана (1415-1487 гг.). Он учился и воспитывался в Самарканде и Герате, был прекрасно образован. О нем с восторгом отзывался известный богослов своего времени ишан Мухаммад Кази. Йунус-хан был вынужден считаться с требованиями своих подданных:

"Когда Йунус хан вновь утвердился на троне, все моголы и его эмиры взяли у него обещание, что он отныне не будет предлагать им жить в городе или вилайате, потому как все смуты происходили по этой причине. Хан пробыл несколько лет и не помышлял о городе и его домах"[14, гл.48].

Исследователь городов Центральной Азии, Данилов С.В. считает, что ХКТ монголов-кочевников самодостаточен и не нуждается в каком-либо симбиозе с земледельческим ХКТ. Потребность в городах возникла как военно-административная [13, с.34-36]. Тем не менее, города Жетысу, хотя не имели уже какой-то земледельческой округи, оставались местом администрации, торговли, ремесла, центрами конфессий. Ситуация феодальных междоусобиц и постоянных набегов была характерна для большинства государств, образовавшихся на территории уже распавшихся монгольских улусов. Это, однако, не становилось основой каких-то катастрофических последствий, носящих структурные изменения в хозяйстве. Следовательно, возникли какие-то обстоятельства, которые обусловили исчезновение городов Жетысу в XIVв. и не дали им восстановиться в последующие столетия.

Фактор XIVвека

Решающим в жизни городов Жетысу стал XIVв. Что же стало главным событием? Думается, что необходимо ввести в оборот ряд фактов, которые раньше не рассматривались. Да и сейчас мы можем только строить предположения на их основе:

1. С XIIIв. по середину XIXв. произошли экстремальные климатические события, которые палеоклиматологи назвали Малым ледниковым периодом. Похолодание стало проявляться с конца XIIIв. и достигло своего апогея в 1550-1850 гг. Оно охватило всю планету, но особенно ярко проявилось в Северном полушарии. Похолодание в Восточной Азии было зафиксировано в Китае и Японии в исторических источниках [15, с.206].В это время климатические события являлись триггерами для возникновения голода, эпидемий и эпизоотий пик этих явлений пришелся на период 1600-1700 гг. н.э.[16, с.159-160].

2. В 1331-1353 гг. возникла мировая пандемия чумы, получившая название "Черная смерть". Начинается она в Китае в 1331 г., в провинции Хэбэй, и распространилась через Монголию по трассе ВШП монгольскими войсками. В 1338-1339 гг. она достигла озера Иссык-Куль, что подтверждается находками намогильных камней с надписями [9, с.63]. В 1340 г. вспышки в Баласагуне, в 1341 г. – в Таласе и Самарканде. В 1346 г. чума достигла Золотой Орды и далее Европы, где свирепствовала до 1353 г.

Специалисты оценивали уровень смертности в пределах 30-50%. В Европе демографические потери достигали 30% всего населения, в Китае, возможно, 50%. Для Средней Азии подсчеты отсутствуют. Но, согласно Аль-Макризи, – "триста племен сгинуло и 16 представителей ханского рода вместе с Великим ханом" [32].

3. Распад Улуса Чагатая, 1340 г. Падение династии Юань, 1368 г. Смута в Золотой Орде 1359-1380 гг.

Анализируя эти факты и сопоставляя их с археологическими данными, мы можем прийти к следующему пониманию ситуации.

Климатические изменения, будь то холодные зимы или засушливые лета, были фактором долгосрочного действия, к тому же оказывали негативное влияние не только на земледелие, но и на скотоводство. И, как фактор,

наряду с общей политической ситуацией, способствовали переселению. Разрушение земледельческой округи приводило к гибели самих городов, которые в середине XIII–XIVвыглядели еще вполне благополучно.

В XIII–XIV вв. Каялык занимал 800 га. В XIIIв. живет Тальхир. Причем, в это время Каялык, в отличие от Тальхира, перестраивался, и новое строительство мы наблюдаем в XIVв. [3, с.63-64]. Баласагун прекращает свое существование в начале XIVв. Во второй половине XIVв. уже нет известий о Каялыке и Эквиусе (Екиогизе). [6, с.126].

Фактором, убившим города так быстро, могла стать эпидемия чумы. Эпидемия XIVвека была глобальной, а регион Жетысу был одной из основных транспортных артерий Монгольского времени, о чем свидетельствуют В. Рубрук и П. Карпини. Эпидемия была губительна, в основном, для населения городов в силу кучности населения. К этой мысли приводит и то, что из Каялыка и Тальхара при археологических исследованиях происходит очень много ценных артефактов. Такие памятники археологи называют "городище-катастрофа". Это происходит при внезапном и быстром уходе населения. В то же время там нет масштабных пожарищ, сопутствующих военным действиям.

Другим долгосрочным фактором, повлиявшим на жизнь городов Жетысу, явились затухание и прекращение транзитной торговли на ВШП. Это торговля была очень важна в Монгольской империи. Постепенной затухание было связано еще с распадом империи в XIII в. Но торговые связи Ближнего Востока, Ирана и Китая продолжались, о чем свидетельствуют многочисленные археологические артефакты Каялыка и Тальхира, датируемые этим временем.

Особенно заинтересованной в международной торговле была монгольская династия Юань, с падением которой Китай в корне пересмотрел свои приоритеты в международной торговле. Изменилась ситуация на Ближнем Востоке, где началось турецкое завоевание, поставившее непреодолимый барьер между Европой и Азией. Это подвигло европейцев в XVв. искать новый морской путь на Восток [27, с.177]. Окончательно торговля с Китаем не исчезла, но она стала несопоставима со временем ее расцвета в X–XIIIвв. [30, с.24].

Городская жизнь исчезает в Жетысу в XIVв. Постепенное затухание происходит и в городах долин Чу и Таласа. Тараз угасает в XIV–XVвв. [3, с.64]. Городская жизнь сохраняется в городах Сырдарьи, и будет продолжаться до XVIII в. Эти города на протяжении двух столетий XV–XVIвв. были яблоком раздора между дешт-и-кыпчакскими и мавераннахрскими правителями.

Владение присырдарьинскими городами укрепляло экономическую и политическую мощь казахских ханов. Своеобразной чертой социально-экономических отношений у казахов в районе присырдарьинских городов является переход к оседлому и полуоседлому образу жизни.

Этот процесс состоялся в результате непосредственного общения казахов-кочевников с местным оседлым населением, и воздействия городов с высокоразвитой земледельческой культурой, с древнейших времен здесь существовавшей [25, с.100-106].

Статья подготовлена в рамках проекта «Разработка концепции и создание музейной экспозиции «Культура и религия на Великом Шелковом пути»», ИРН: BR0644948

Список использованной литературы:

1. *Акишев К.А., Кушаев Г.А.. Древняя культура саков и усуней долины р. Или. Алма-Ата: 1963 г., 320 с.;*
2. *Ал-Идриси "Китаб нузхат ал-Муштак" с 64-65. В кн. "Восточные источники об Алматы". Алматы, 2010, 180 с.;*
3. *Байпаков К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана. Книга III, часть I. Урбанизация Казахстана в XIII – начале XVв. Алматы, 2016, 596 с.;*
4. *Байпаков К.М., Григорьев Ф.П. О топографии городища Тараз // Проблемы древней и средневековой истории Казахстана. Материалы II Международных чтений по творчеству Мухаммеда Хайдара Дулати. – Алматы, 1999, 380 с.;*
5. *Байпаков К.М., Савельева Т.В. Великий Шелковый путь и урбанизация Казахстана, в кн. Центральная Азия на Великом Шелковом пути. Алматы, 2018 г., 544 с.;*
6. *Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг. К. Средневековые города и поселения Северо-Восточного Жетысу. Алматы, 2005 г., 187 с.;*
7. *Бартольд В.В. К истории орошения Туркестана // Бартольд В.В. Работы по исторической географии. М. 2002 г. 711 с.;*
8. *Бартольд В.В. Карлуки. Соч. Т. V, М. 1968 г.;*
9. *Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья. Фрунзе, Киргизгосиздат, 1943. - 104 с.;*
10. *Беленицкий А. М., Бентович И. Б., Большаков О. Г. Средневековый город Средней Азии. Л., 1973;*
11. *Бернштам А.Н. Согдийская колонизация Семиречья // КСИИМК. Вып. 6, 1940;*
12. *Горячев А.А., Мотов Ю.А. Археологический комплекс Бутакты I, Алматы, 2018 г.*
13. *Данилов С. В. Древние и средневековые города в кочевых обществах Центральной Азии. Автореферат на соискание к.и.н., Улан-Удэ, 2005. 120 с.;*
14. *Дулати, М.Х. Тарих-и Рашиди: Пер.с персидского языка / М.Х. Дулати.- 2-е изд., доп.- Алматы: Санат, 1999.- 656с.;*
15. *Жилина Т. Н. Малый ледниковый период как одно из колебаний климата в голоцене и его последствия в Западной Сибири // Вестн. Том. гос. ун-та. 2010. №340;*

16. Задонина Н. В., Аптикаева О. И. Периодичность возникновения эпидемий и эпизоотий в Сибири и Монголии на фоне солнечной активности // Пространство и Время. 2012. №4.;

17. Зиняков Н.М., Савельева Т.В. Развитие технологии земледелия, как фактор становления городов Южного Казахстана и Семиречья. В кн. Центральная Азия на Великом Шелковом пути. Алматы, 2018 г., 544 с.;

18. История Алматы. Т. 1. Алматы, 2006, 372 с.;

19. История Казахской ССР. Т.2 Алма-Ата, 1979 г. 422 с;

20. Казахская энциклопедия на казахском языке. Т. 3, Алматы, 2001 г.;

21. Кляшторный С.Т. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М. 1964, 125 с.

22. Кольченко В.А. К вопросу о согдийцах в Чуйской долине.// Диалог цивилизаций, Вып. 3. – Бишкек, 2003.;

23. Кумеков Б.И. Караханиды. В кн. Большой Атлас истории и культуры Казахстана. Алматы, 2008 г.;

24. Пищулина К.А. Этнические процессы на территории Казахстана. В кн. Большой Атлас истории и культуры Казахстана. Алматы, 2008 г.;

25. Пищулина К.А. Очерки истории Казахского ханства. Алматы, 2016 г., 350 с.;

26. Плетнева С.А. Кочевники Средневековья. М. 1982 г., 187 с.;

27. Самаркин В.В. Историческая география Западной Европы в средние века. М. 1976, 247 с.;

28. Сараев В.В. Принцип построения оросительных систем в предгорьях древнего Семиречья (К вопросу о земледелии на территории Семиречья в древности) // История и археология Семиречья. Алматы, 2007. №3., 158 с.;

29. Таиров А.Д. Изменения климата степей и лесостепей Центральной Евразии во II—I тыс. до н.э.: Материалы к историческим реконструкциям. - Челябинск: "Рифей", 2003. 68 с.;

30. Торланбаева К.У. Каракитаи. В кн. Большой Атлас истории и культуры Казахстана. Алматы, 2008 г.;

31. Хазанов А.М. Степные кочевники в евразийской торговле. В кн. Центральная Азия на Великом Шелковом пути. Алматы, 2018 г., 544 с.;

32. Benedictow O.S. The Black Death 1346-1353. The complete history. Woodbridge; Boydell & Brewer. 2004, 434 p.;

33. Buntgen, Ulf & Myglan, Vladimir. Cooling and societal change during the Late Antique Little Ice Age from 536 to around 660 AD. Nature Geoscience. 9. 10.1038/ngeo2652.

ӘӨЖ39.9.572
МРНТИ03.61.31

Б.К. Қалшабаева[1] А.К. Бейсегулова[2]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих, археология және этнология факультеті Археология, этнология және музеология кафедрасының, профессор м.а., т.ғ.д.
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих, археология және энология факультеті Археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ АСТРОНОМИЯЛЫҚ ІЛІМ БІЛІМДЕРІ МЕН НАНЫМ СЕНІМДЕРІ

Аңдатпа

Мақала Ұлы даланың ең алдымен қазақтардың астрономияға қатысты халықтық ілімдері мен наным сенімдеріне арналған. Мақала авторлары тақырыптың зерттелуін, дала қазақтарының астрономиясы мен күнтізбесі мәселелерін қарастырады. Мақалада қазақтардың күнделікті тұрмыс тіршілігіндегі астрономия мен күнтізбесінің ролі мен орны талданады. Мақала мазмұнында ғылыми зерттеулерден басқа аңыздар, далалық материалдарды да қолданыс тапқан. Авторлар түркі халықтарының аспан денелерін атауы мен халықтық ілімдері және наным сенімдерін айқындау үшін салыстырмалы талдау әдісін де қолданады. Қазақ халқы мәдениетіндегі халықтық ілімдер мен наным сенімдердің сабақтастығы негізделеді.

Түйін сөздер: халықтық ілімдер, наным сенімдер, астрономия, күнтізбе, қазақ халқы, түркі тілдес халықтар, Ұлы дала.

B.K. Kalshabayeva[1] A.K. Beisegulova[2]

[1] D.Sc., act. Professor department of archeology, ethnology and museology, college of History, archeology and ethnology al-Farabi Kazakh National University
[2] Senior lecturer department of archeology, ethnology and museology, college of History, archeology and ethnology al-Farabi Kazakh National University

ASTRONOMY IN FOLK KNOWLEDGE AND BELIEFS OF GREAT STEPPE

Abstract

The article is devoted to the folk knowledge of astronomy and beliefs of the Great steppe, particularly Kazakh people. The authors consider questions concerning the topic's degree of knowledge, folk studies on astronomy and calendar of the steppe

inhabitants. In this article were analyzed role and place of astronomy in everyday life of Kazakhs. Except scientific researches, in the article are used folk myths, legends, field materials and others. The authors also used method of comparative studies to reveal the titles of the heavenly bodies, folk knowledge and beliefs of the Turkic peoples. There is substantiated continuity of the folk knowledge and beliefs in Kazakh people culture.

Key words: folk knowledge, beliefs, astronomy, calendar. Kazakh people, Turkic peoples, Great steppe

Б.К. Қалшабаева[1] Бейсегулова А.К.[2]

[1] Д.и.н., и.о. профессор кафедры археологии, этнологии и музеологии, факультета Истории, археологии и этнологии Казахский национальный университет им. Аль-Фараби Б.К. Калшабаева
[2] Старший преподаватель кафедры археологии, этнологии и музеологии, факультета Истории, археологии и этнологии Казахский национальный университет им. Аль-Фараби

АСТРОНОМИЯ В НАРОДНЫХ ЗНАНИЯХ И ВЕРОВАНИЯ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

Аннотация

Статья посвящена народным знаниям астрономии и верованиям великой степи, прежде всего казахов. Авторы статьи рассматривают вопросы изученности темы, народные знания по астрономии и календарь степных народов. В статье проанализированы роль и место астрономии и календаря в повседневном быту казахов. В содержании статьи, кроме научных исследований, используются мифы, легенды, полевые материалы и др. Авторы также использовали метод сравнительного анализа, чтобы выявить названия небесных тел, народных знаний и верований тюркских народов. Обоснованы преемственность народных знаний и верований в культуре казахского народа.

Ключевые слова: народные знания, верования, астрономия, календарь, казахский народ, тюркоязычные народы, Великой степь.

Кіріспе. Бүгінгі таңда бізге мұра етіп қалдырған бабаларымыздың мол дүниетанымға толы ілім-білімі мен мәдени құндылықтарының сырын ашу этнология ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. Осыған орай Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Түркі өркениеті, оның мәңгі өшпестей болып, мың жарым жылға жуық уақыт бұрын Еуразия құрлығының төсінде бедерленген көне жазбалары жалпы адамзат өркениетінің үлкен қазынасы болып отырғаны бүгін баршаға мәлім. Түркі әлемі әлі толық зерттелмеген терең тұңғиық. Біздің ұлы бабаларымыз Алтайдан Ақ теңізге дейінгі Ұлы далада өз билігін жүргізді. Тұңғыш рет әлемге өнеге болған ортақ шаңырақ – киіз үйді, темірді, шалбарды, жебені, етікті және өкшені, үзеңгіні ойлап тапты. Осындай батырлық эпосты дүниеге танытудың кезі келді деп ойлаймын», -деп жазды [1]. Демек, түркі халықтарының мұрасы қазіргі таңда кімді болса да қызықтырмай қоймасы анық. Қазіргі жаһандану жағдайындағы қоғамда рухани дүниетанымымыз бен дәстүрлі мәдениетіміздің сақталуы мен трансформациясын, ерекшелігін көрсетіп, оны толықтай дәйектер негізінде жариялау бүгінгі күннің мәселелері екені де айқын.

Қазіргі кезеңде бір кездері ұмыт бола бастаған дәстүрлі ілім-білімдерімізді зерттеу, яғни ата-бабамыздың ілімдеріндегі маңызын алып, оны насихаттау, жарыққа шығару мәселесі этнология ғылымының өзекті тақырыптарының бірі. Соның ішінде халықтық астрономия мен күнтізбе мәселесі халықтың ертеден келе жатқан күнделікті тұрмыс-тіршілікпен байланысты қалыптастырған ілімдерінің бірі болып саналады.

Көшпелі елдің барша тіршілік болмысы қоршаған ортамен яғни табиғатпен тамырлас. Олай болса, көшпелі қазақ халқының барша тіршілік-болмысының табиғатпен тамырлас болуын тарихи даму барысындағы өмір сүрудің кепілі ретінде қарастыру керек.

Зерттелуі. Жалпы, Орталық Азияның түркі халықтарының этногенезі, этникалық тарихы, тұрмысы мен мәдениеті, дүние жүзілік тарихта алатын орны жеткілікті зерттелмеген десек артық айтпаймыз. Оған себеп өркениеттің дүниежүзілік тарихта атқарған рөлі тек отырықшы халықтардың өмір салтымен және шаруашылық жүргізілуімен байланыстырылды да, көшпелі халықтардың тарихи-мәдени дамуы назардан тыс қалып отырды. Осыған байланысты адамзат мәдениеті тек Европалық өркениетпен байланыстырылып, түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті дүниежүзілік тарихтан өз орнын таба қойған жоқ. Тек еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана тарихымызбен мәдениетіміздің ақтаңдақ беттері ашыла бастады.

Ұлы дала кеңістігінде өмір сүрген көшпелі ата-бабамыздың қоршаған ортасына қарай қалыптастырған дүниетанымы, ілім-білімдері болды. Солардың бірі астрономиялық ілімдері мен күнтізбе жөніндегі тұжырымдары, ұғымдары, наным-сенімдері болды. Қазақ халқының астрономиялық ілімдері, күнтізбесі жөнінде Құрбанғали Халидтың «Тауарих Хамса» атты кітабында көптеген мәліметтер берген. Айталық, түнде жұлдызға қарап бағдарлай білу, табиғат құбылысына байланысты ауа райын алдын ала болжау т.б. мәліметтер келтіреді [2]. Қазақ халқының қазан төңкерісіне дейінгі астрономиялық білімдерін сипаттайтын мағлұматтарды жинап, жүйеге келтіруде Х.Ә. Әбішев елеулі еңбек етті. Оның «Халық астрономиясы» [3], «Аспан әлемі» [4] атты монографиялық еңбектері қазақ халқының аспан әлемі жайлы пайымдаулары мен таным-түсініктері жайлы құнды мәліметтер береді. Сонымен қатар, халық күнтізбесі, жыл санау мәселелері жайлы М. Ысқақовтың «Қазақтың байырғы календары» атты кітапшасы жарық көрген. Бұл кітабында автор қазақ халқының бұрынғы күнтізбесіне, мүшел есебіне тоқталып өткен [5]. 2009 жылы «Халық календары» деген атпен басылып шыққан еңбегінде күнтізбенің шығуына, оның түрлеріне, қазақ

халқының астрономиялық түсініктеріне, күнтізбесіне, ескі санат пен жаңа санаттың енгізілуіне, сондай-ақ, Орта Азияның ұлы астрономдары мен тағы басқада мәселелерге тоқталған [6]. Сондай ақ, Г.С. Нұрғалымованың «Қазақ халқының күнтізбесі» [7] еңбектерінде де қазақ астрономиясымен байланысты күнтізбе мәселелері қарастырылған. Күн, Ай және аспан денелеріне қатысты мәліметтер, наным сенімдер белгілі ғалым, этноархеолог Ә.Т. Төлеубавтың еңбегінде де кеңінен талданған [8]. Онда ол Ұлы дала кеңістігіндегі тайпалардан бастап, түркі дәуірі және ертедегі қазақтардан қазірге дейінгі қазақ халқының Күн мен айға мінажаты, дүниетанымындағы жұлдыздарға деген наным сенімдері біршама талданады.

Көшпенділердің астрономия, аспан денелері және күнтізбе туралы пайымдаулары

Қай халықтың болмасын, олардың тұрмыс тіршілігіндегі күнделікті өмір тәжірибесінде қалыптастырған халықтық ілім-білімінің алатын орны мен маңызы ерекше. Сол ілім білімінің нәтижесінде өздерінің әлеуметтік ортасын реттеп отырды. Көшпелі халық табиғатпен етене жақын болғандықтан тіршілік болмысына орай жыл маусымдарының ерекшелігін есепке ала отырып, бойлық бойымен көшіп-қонуға бейімделіп, шаруашылықтың біртұтас құрылымын қалыптастырды. Көшпелілер табиғаттың әртүрлі құбылысын, қоршаған ортаның сырын терең түсініп, табиғатпен етене болған сайын өмір сүруге қолайлы мүмкіндіктер көбейе түсетінін жақсы білген. Сондықтан да олар табиғатты бағындыру арқылы емес, табиғатпен етене жақын болу арқылы үйлесімді өмір сүруге болатынын таным-тәжірибе деңгейінде ғана біліп қоймай, олар өздерінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуында да азаматтық ұстанымдарына айналдыра білген.

Ұлан байтақ кең далада ежелден мал шаруашылығымен айналысып, күндерін кең дала кеңістігіндегі мал өрісінде, түндерін ашық аспан астында ат үстінде мал күзетінде жүріп ақ, қазақ халқы табиғаттың әртүрлі құбылыстарын бақылап, бағдарлау негізінде және көпжылдық тәжірибелерінің арқасында аспан әлемі туралы астрономиялық түсініктерін қалыптастырған. Мәселен, айсыз түнде жол жүруі, кең далада мал бағып, аң аулауы, ұзақты-қысқалы сапарға шығуы және көшіп-қонуы, аспан денелеріне қарап бағыт-бағдарды белгілеп, жыл мезгілдерінің сипатын, ерекшелігін білуге үйретті. Жылқы бағып, қой күзетіп жүріп олар аспан денелерінің оның ішінде жылтыраған жұлдыздардың қай мезгілде шығып, қандай жұлдыздар бір-бірімен орын ауыстыратынын байқап, соған қарап әрекет етіп, және олардан адаспау мақсатында өздерінің мал шаруашылығына, тұрмысына байланысты атаулар беріп отырған.

Қазақстанның ежелгі көшпелі және жартылай көшпелі жұрттарында Күннің культі ертеден басталады. Ол жөнінде Ә.Т. Төлеубаев өзінің еңбегінде: «Қола дәуіріндегі жерлеу орындарының үстіне салынған дөңгелек қоршаулар, сақтардың «мұртты» обаларының, қабірхана есіктерінің шығысқа қаратылуы, түркі заманының шығысқа қаратылып қойылған мүсін тастары- осылардың барлығы да бұл мәдени нысандарды қалдырушылардың Күнге, күншығысқа мінажат, ғибадат еткендіктерінің куәлары», - деп көрсетеді [8,110 б.]. Ежелгі халықтардың қай-қайсысының болсын астрономиялық ілімдерінің бастауы күнге қатысты болды. Өйткені жердегі тіршіліктің қайнар көзі де көктегі Күнге байланысты. Ол туралы қазақ арасында: «Көктен береді, жерден иеді» деген мақалы да бар [6,12 б.]. Қазақтың наным сенімі бойынша күннің шығуы мен батуы мезгілдерін қолайсыз уақыт деп есептеп, кей жағдайларда күнмен таласпа, деп те жатады.

Ұлы дала кеңістігінде өмір сүрген түркі халықтарының аспан денелеріне сиынуының бірі – ай. Ай – ең алдымен, қазақтардың исламға дейінгі байырғы дүниетанымындағы киелі рух иесі ретінде мінәжат еткен аспан денесі. «Ай көрдім, аман көрдім», – деген тұрақты сөз тіркесінде көрініс тапқан айға тәу ету ғұрпы осы аспан денесіне деген ежелгі наным-сенімдермен байланысты. Халық дүниетанымында ай күнмен тең қатарда, кейде тіпті одан да жоғары орында болған. Осы сеніммен байланысты мәселен, соғыстарда айбалталар қолданылды, мешіттер мен зираттарға ай орақтары орнатылды. Халық әдебиетінде «ай мүйізді ақ қошқар» сияқты мәнерлер шықты [6, 14 б.]. Сол сияқты айға сәлем беру ғұрпы бойынша да ертеде қазақтар жаңа туған айға тізерлеп отырып, үш рет мінәжат етеді. Жаздыгүні болса, сол тізе бүккен жерінің шөбін жұлып, отқа тастаған. Бұл ғұрыптың мәні – әулетім оттай қаулап өсе берсін, пәле-қазадан аман болайық дегенді білдіретін [9, 74 б.]. Айға сәлем ету қазірге дейін жалғасқан десек, артық айтпаспыз, ауылды жерлерде үлкен кісілер көбіне айға үш рет еңкейіп сәлем салып, «Жаңа ай жарылқа, ескі ай есірке», деп жататынын бәріміз білеміз. Жаңа туған Айға қарап, қазақтар сол айдың ауа-райын болжап, шаруаға қолайлы не қолайсыздығын болжаған. Егер айдың орағы тік орналасса, не соған жақын жатса, бұл қалпы айдың өзіне жайсыз, ал шаруаға жайлы деген. Ал ай шалқасынан жатып туса, онда өзіне жайлы, шаруаға жайсыз деп есептегендігі, жөнінде Ә. Т. Төлеубаевтың еңбегінде, сондай ақ ел арасында да қазірге дейін айтылады [8,114 б.]..

Күн мен айдан басқа қазақтардың жұлдыздар жөніндегі түсінігі де мол болған. Мәселен, қазақ халқына «Жеті қарақшы» атауымен таныс жеті жұлдыз, түркі халықтарының бәріне таныс. Оларды татарларда – Джидған, қырғыздарда – Жетіген, туваларда – Жеті ұрған, т.б. атаулармен аталады. Жоғарыда айтылған Күн мен Айдан кейінгі аспан денелерінің маңыздысы осы жеті жұлдыз. Олар күнде көрінеді, түнде жарқырап тұрады. Түркі халықтарының түсінігінше, бұлар аспанды күзетіп, халықты жаудан, жыртқыш аңдардан, жын-шайтаннан қорғап, қорып тұрады. «Жеті қарақшы» сөзінің мағынасы да күзетші, қорып тұрушы деген мағынада болып, ескі түркі тілінде «қорықшы» деген ұғымды білдіреді. Сондықтан, қарақшы деген сөз қазіргі қараушы, қарауыл деген сөздердің тегі болуы мүмкін. Сондықтан қарақшыны ұры мағынасында емес, қарап тұрушы мағынасында түсіну керек, - деп жазады М. Ысқақов [6,18 б.].

Жеті қарақшыға тетелес, сонымен бір уақытта, қатар көрінетін, көмескілеу жеті жұлдыздан құралған тағы бір үйірін Кіші қарақшы деп атайды. Мұның бас жұлдызы негізінен алғанда қозғалмай, бір нүктеде тұрады (ол өте баяу жылжиды). Бұл жұлдыз – кәдімгі жырларда айтылатын Темірқазық жұлдызы. Оны дүние полюсіне жақын

болғандықтан, астрономдар полюстік жұлдыз деп те атайды [6,19 б.]. Темірқазық жұлдызы алтайлықтарда – алтын қазық, татарларда – тимер қазық, өзбектерде – қутб юлдузи, якуттарда – хотугу сулус (солтүстік жұлдыз) т.б. атаулармен аталады [4, 255-256 б.]. XIX ғасырдағы шығысты зерттеушілердің түсіндіруінше, Темірқазық қозғалмайтын болғандықтан осылай аталған. Басқа жұлдыздар аспанмен бірге айналып тұрғанда, ол бір орында ғана болады. Кіші қарақшының шеткі екі жұлдызы Ақбоз ат, Көкбоз ат деп аталады, олар Темірқазыққа арқандаулы деп есептеледі [10, 19 б.]. Темірқазықтың тұрақты орны аспанның дәл солтүстік жағында, ал басқа жұлдыздар, арқандаулы аттардай, оның төңірегінде айналып жүреді. Оны тапқан адам дүниенің төрт тарапын оңай табады: Темірқазық әрдайым солтүстікті көрсетеді, оның қарсысында оңтүстік, сағат тілінің бағыты бойынша солтүстіктен оңтүстікке қарай күннің шығысы, оның қарсысында – батысы болады [6, 212-213 б.]. Темір қазыққа қарап қазақ көбіне түнгі сапарларда бағыт бағдарын болжап отырған.

Қазақтың тұрмыс-тіршілігінде, күнтізбелік танымында Үркер жұлдызының орны ерекше. Ол бойынша жыл мезгілдерінің ауысуын анықтап, күнтізбе жасап отырған. Түн ішінде уақытты, бағыт-бағдарды айыруда да үркер жұлдызының орны ерекше. Өйткені, ол жылдың ең қысқа түндерінен (10 мамырдан – 20 шілдеге дейін) басқа уақыттың бәрінде жарқырап тұрған, екіншіден үркер шығыстан батысқа қарай қалыппен қозғалады. Сондай ақ, жыл мезгілінің өзгерісіне қарай үркер аспан әлемінде әр тұстан көрінеді [4, 92-96 б.]. Үркер жұлдызының атауы да түркі халықтарының көпшілігінде ұқсас келіп, былай аталады: өзбекше – хулкар, туваша – ұлғыр, башқұртша – өлкәр, якутша – уртәл, ұйғырша – үкәр, қырғызша – үлкер [4, 255-256 б.]. Ал, жаз күндері Күн Торпақ жұлдызына барғанда шамамен 40 күндей Үркер көрінбей қалады. Бұл кезді қазақ шілде дейді. Халық ұғымында шілдеде Үркер жерге түседі деген түсінік болған [6,20 б.]. Осы жөнінде Г.Н. Потанин: «...Үркер жұлдызы қазақ ұғымы бойынша, жерге түскен соң, қырық күн жерде жатады. Үркердің жерге түсуімен мамыр айының соңында, маусым айларында жерге көк шығып, жер беті көкке оранады. Жерге түскен Үркер көк шөптің жер бетіне тез шығуына септігін тигізеді. Үркер жерде неғұрлым ұзақ жатса, соғұрлым жер шөпті болады, мал тойынады», - деп жазады [11, С.284.]. Үркер жұлдыз жөнінде, ел арасында аңыздар да жеткілікті. Х. Әбішев өзінің еңбегінде олардың бірнеше түрін келтіреді. Онда былай делінеді: «... бір қыста жер жүзін мұз басып, мал қырылып, халықтың сіңірі шығып, әупірімдеп жазға зорға жетіпті. Сонда жануарлар ақылдаса келіп пәле Үркердің жерге жатпай, көкке шығып кетуінен болды. Ендеше Үркерді көкке шығармай кезек-кезек басып тұрайық деп уәделесіп, оны іздеп шығады. Жылқы, сиыр, түйе өзара бәстесіп жарысып келе жатса, алдарында шөптің арасында жылтырап жатқан Үркерді көреді. Бірінші болып жеткен жылқы Үркерді басайын десе, сиыр мен басамын, – деп мүйізін шайқап, оны жолатпайды. Халық аңызына қарағанда Үркер басында 12 жұлдыз екен. Сиыр Үркердің алтауын ғана басып қалып, қалған алтауы тұяғының арасынан шығып аспанға ұшып кетеді. Міне, қыстың алты ай, жаздың алты ай болып қалғаны сондықтан. Егер жылқы тұяғымен басса, онда Үркер түгел жерде жатар еді де, мәңгі-бақи жаз болар еді деседі», - деп жазады [4, 11-12 б.]. Ақиқатында үркер жұлдызының сыртқы сипаты бойынша шашырап бара жатқан топ жұлдыз, не қашып, үркіп бара жатқан үйір жылқы, не қой сияқты көрініс береді. Осыған байланысты қазақтар оны үркер деп те атауы мүмкін [12, 37 б.]. Үркерге байланысты қазақ арасында кездесетін әртүрлі ырымдар мен ауа райын болжауын Ә.Т. Төлеубаевта өз еңбегінде жан-жақты көрсетеді. Ол ел аузынан жазып алған материалдарын қолдана отырып, Үркер жұлдызына қатысты аңыздарды ел арасындағы деректермен дәйектейді. Онда: «Үркерлі айдың бәрі қыс», «Үркер жерге түспей жер қызбайды», «Үркер жерге түсерде қой қырқылады», «Үркер туса сорпа ас болады», «Үркер көтерілгенде шөп те көтеріледі, бидай бас тартады» [8, 118 б.]. Осы айтылған нақыл сөздер қазақтың күнделікті тұрмыс тіршілігінде бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқандығы белгілі. Мәселен, қазақтар Үркердің тууы мен батуын ұдайы бақылап, шаруашылық маусымдарын соған сәйкестендіріп отырады. Сол сияқты жұлдыздардың тууы мен батуы және аспан әлеміндегі көріну орнына қарай халық олардың ауа райына, сол арқылы шаруашылық барысына әсерін болжайтын. Егер, Үркер қараңғы түнде тым жоғары тұрса мұны қатты аяздың нышаны деп түсінген, немесе наурыз айының ортасына таман түнгі 11-12 сағаттар шамасында Үркердің жамбасқа таман көрінуін келе жатқан көктемнің белгісі дейтін, Мамыр айының екінші жартысына қарай көк толысып, жайлаудың сәні кіреді. Желтоқсанның басында көктен Үркер мен Үшарқар-Таразы туып, олар түн ортасына қарай тас төбеге көтерілген кезде Сүмбіленің тууына байланысты қазақ «Сүмбіле туа қошқар басын көтереді» немесе «Сүмбіле туа арқар тастан ұшады» дейтін. Мұндай сөз тіркесінің қалыптасуы осы мезгіл арқар, ақбөкен, тау теке сияқты жабайы аңдардың шағылысу кезеңі басталатындығын меңзейді [14,24 б.]. Сондай ақ, Үркердің тәуліктік қозғалысын астрономиялық меже етіп алып, түннің ұзақтығы, қысқалығы тәрізді құбылыстарды анықтаған. Үркер қас қарая көрініп, таң атқанша батпайтын болса, ең ұзақ түн (қыс ортасы), ал түн ортасы ауа батып кетсе, күннің ұзарып, түннің қысқара бастағаны. Сөйтіп, есепшілер Үркердің жылдық жолына ғана емес (мысалы, Үркер батқан кезден келесі жылғы батқан кезге дейінгі аралық), тәуліктік қозғалысына да назар аударып, мұнан тәуліктегі уақыттың басталуын межелеген. Үркер тоғысының тағы бір артықшылығы – ауа райын болжауға, жыл мезгілдерінің (солярлық уақыттың) қалай өтетінін жорамалдауға қолайлы болған. Үркер тоғысы мен Қамбар тоғысы да мәнді ойлаудың деңгейінде жасалған және аса бір сирек ұшырасатын, басқа халықтардан қайталамасы (аналогы) кездесе қоймайтын ай жүйелі күнқайыру болды [15,301 б.].

Ендігі бір шоқжұлдыз Орион, оны қазақтың көпшілігі – Таразы деп атаған. Таразы парсының «таразық» – өлшеуіш сөзінен шыққан. Бұл шоқжұлдыз ромбы сияқты көрініс беріп, оның кіші диагоналындағы үш жұлдыз қазақша –Үш арқар, алтайлықтарша – Үш арқа, қырғызша – Учар-кар, татарша – Үчерек, қатонша – Үш гүш, туваша – Үш миғақ [4, 255-256 б.] аталған. Үш арқардан түзу төмен жүрсе жарық, үлкен бір ақ жұлдыз Сүмбілеге кездесеміз. Сүмбіле, латынша – Сириус, азербайжанша – Сүмбүл делінеді. Ол Қазақстан жерінде тамыз айының басында туып,

қыстай көрініп тұрады, көктемде ғана батады. Аспанның оңтүстік жартысында көрінеді. Сүмбіле туатын айдың алғашқы жартысын қазақтар «лақ Сүмбіле», соңғы жартысын «теке Сүмбіле» деп атаған. Сүмбіле жайында мақалмәтелдер көп. Мысалы: «Сүмбіле туса су суыр, Таразы туса тан суыр», «Сүмбіле туар сүмпиіп, ат семірер құнтиып» т.б. Сүмбіледе егін піседі. Егіннің сабағы көне парсы тілінде – сүмбіл. Бұл атау бертін Орта Азия мен Қазақстанға жайылған [5, 23 б.]. Халық шаруашылығын жыл мезгілдеріне қарай болжауда Үркер, Үшарқар-Таразы және Сүмбіле жұлдыздарының орны бір бөлек болды. Бұл аспан шырақтарының тууы мен батуын және қозғалысын қадағалаған есепшілер олардың жылдың әр мезгілінде қалай көрініп, шаруашылық барысына қалай әсер ететіндіктерін болжап, бақылап, олардың кейбір қыр-сырын жақсы түсінді. Сондықтан халық арасында Үркер, Үшарқар-Таразы және Сүмбіле үш айда туып, бір айда тіпті бір түнде батады, яғни жерге түседі десетін. Шынында да жыл сайын 10-мамырда бір сағаттың ішінде алдымен Үркер, содан соң Үшарқар-Таразы және Сүмбіле бататын. Түнге қарай көпке дейін аспан әлемінен көрінбеуі күндіз туып-бататындығымен байланыстырады. Қырық тәулік өткен соң 20-маусымда Үркер, шілденің аяғында Үшарқар-Таразы, тамыздың аяғы мен қыркүйектің басында Сүмбіле туады, - деп көрсетеді Х. Ә. Әбішов [4, 165-166 бб].

Аспан шырақтары туралы қазақтың халықтық білімі мұнымен ғана шектелмейді, бұлардан басқа да көптеген аспан денелерін білген, олар туралы сан-алуан аңыз-әңгімелер құрастырған. С.Г. Кляшторный өз еңбегінде, түркілер түркі қағандықтары кезінен бері Күн мен Айдан басқа бес үлкен планета жұлдыздарын білгендігін, олар: Кіші Шолпан (латынша –Меркурий, арабша –Үтәрид (Ғытард), Шолпан (латынша -Венера, арабша- Зохра), Қоңырқай жұлдыз (латынша-Сатурн, арабша Зухаль), Қызыл жұлдыз (латынша-Марс, арабша-Миррих), аталғандығы жөнінде баяндайды [16, С.32]. Бұл қазақ этногенезінің қалыптасуындағы түркі дәуірі кезеңінде ақ көне қазақтар дүниетанымында аспан денелері жөнінде белгілі бір пайымдаулары мен сенім нанымы болғандығын көрсетеді.

Қазақтар өздерінің көшпенділік ынғайымен байланысты Шолпан планетасын бақылап-байқау арқылы оның күрделі қозғалысын түсіне білген. Шолпан – үлкен жарық жұлдыз. Өзінің қозғалу заңдылығына қарай ол жылдың әр мезгілінде әр қалай көрініп тұратындықтан сол жұлдызға қатысты халықта белгілі өлшем мен таным, түрлі белгілер қалыптасқан. Мәселен, Шолпан жұлдызының жазда шығыстан ерте көрінуі жұртты таңғы шұғыланың хабаршысындай қуантқан, сондықтан да оны «Таң шолпаны», «Таң жұлдызы» атандырған. Әдетте таң жұлдызының көрінуі көшпелі ауылды, жолаушыны жолға шығуға көтерсе, таң сәріден қойды өріске беттету уақыты болғандықтан оны «қойшының қоңыр жұлдызы» деп те атаған. Шолпан жұлдызының қыста батыстан кешкілікте көрініп, қараңғы түнде жарқырай жоғары көтерілуін қатты суық түсуінің белгісі деп түсініп, оны «Тұл қатын» деп те атаған [4, 41-49 б.]. Соңғы атауында еш байланыстылық жоқ, оның қозғалу жолы солай болғандықтан кейде күшті аязбен сәйкес келіп қалатыны да рас, бірақ бұл заңдылық емес. Шолпанның алдында туатын есекқырған жұлдызының атауына қатысты әртүрлі аңыз әңгімелер де бар. Мысалы, бұл туралы: «... керуенін тыныктыруға тоқтатқан көпес күзетшісіне Шолпан туа оятуын тапсырады. Ол туысымен алысқа сапар тартатын адам жолға шығады, ертеңгі салқынмен жүріп, жол қысқартады. Тан ата күзетші Шолпан туды деп керуенді оятып, керуен үдере көшеді. Жапан далада керуенге жолды торыған аш қасқырлар кезігіп есектерін қырып кетеді. Сонда күзетші жыламсырап «Шолпан» жұлдыз дегенім есекқырған болды ғой», - деген екен. Осылай Шолпаннан бұрын туатын жарық жұлдыз Есекқырған аталып кетеді [12, 37 б.].

Бұл жұлдыздардан басқа, бұлтсыз түндерде аспанда, солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған, ақшыл жолақ көрініп тұрады. Қазақтар, бұл жолақты – Құс жолы деп атайды. Құс жолы күз айларында айқын көрінеді. Ол миллиардтаған жұлдыздардың жарығынан құралады. Шексіз әлемдегі бізге жақын жұлдыздардың басым көпшілігі осы Құс жолының бойында орналасқан, әрине, олардың бірі алыс, бірі жақын болады. Астрономияда Құс жолын – Галактика дейді. Қазақстанның оңтүстіктегі кейбір аудандарында ол – Сабан жолы деп те аталады. Жыл құстары көктемде келгенде және күзде жылы өлкелерге қайтқанда осы жолақтың бағытымен ұшады екен. Жұлдыздардың орналасуындағы бұл ерекшелікті өзге түркі халықтарыда аңғарған, олардың түсініктері қазақтармен қабысып отырған. Құс жолын татарлар, башқұрттар және чуваштар «Дала қаздарының жолы» дейді [6,207 б.]. Құйрықты жұлдыздың пайда болуын қазақ келе жатқан бір апатқа, ауа-райының қолайсыздығынан малдың қырылуына жорыған [4,232 б.].

Түркі халықтары әртүрлі оқиғаларға байланысты аспан жұлдыздарына өз тұрмыс-тіршілігіне қатысты атаулар беріп, олардың орын ауыстырулары мен тууына байланысты өз шаруаларын ынғайлап, уақытты өлшеп, жыл мезгілдерін айқындай білген. Мәселен, егер жұлдыздар айқын жарық шашса – қатты жел, болмаса жаңбыр болады, Жұлдыз сирек өкрінсе, ертеңінде ауа-райы бұзылады. Ал, жұлдыздар жиі туса, жазда ыстық, қыс аязды болады, деп сенген.

Қорыта келгенде, қазақ халқының астрономиялық ілім білімдері халқымыздың күнделікті тұрмыс тіршілігін үйлестіру мақсатында пайда болған ілім-білімдерінің бірі. Жазы-қысы далалық өмірде тіршілік еткен қазақ халқы өздері тұрған өлкенің табиғи ерекшелігі мен құпиясын терең меңгере отырып, боранды кездерде жердің шөбіне қарап ел тауып, құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа тіршілігіне зер салып, жыл мезгілін ерте болжай отырып, соған қарай әрекетін жасаған. Жылдың әр айлары мен тоқсанында болатын ауа райындағы өзгерістер мен құбылыстарды дала халқы әр кез назарына ұстап, оған ат қойып, айдар тағып, мән берген. Мұндай жайларды үнемі қадағалап болжап және оны күн ілгері хабарлап отыратын жұлдызшылар да болған. Халық арасында тәжірибе метрологиясымен, уақыт есебімен шұғылданатын арнаулы есепшілер болды. Олардың тәжірибелері атадан балаға беріліп отырды. Есепші дегенімізді Х.Әбішев былай түсіндіреді: «Есепші деген бүкіл қазақ арасына түгел жайылған, күні бүгінге шейін қалмай келе жатқан өз алдына бір қызық әуестік профессия. Есепші бір тиын ақысыз-бұлсыз,

қарапайым болса да, бірқыдыру метеорологиялық және астрономиялық бақылаулар жүргізеді, күнді, айды, жылды есептейді. Қай күні шық қанша мөлшерде, қай жерлерге түсті, қыс бойы қар неше күн жатты, түнде жел қай жақтардан соқты, шілдедегі ыстық қандай болды, малдың, әсіресе, жылқының күйі қандай болды деген тәрізді көп құбылыстарды көкірегіне түйіп келіп, оларды бір-бірімен салыстыра отырып, ауа райы туралы болжау жасайды» [4, 171 б.]. Жылдар өте халқымыздың бұл тәжірибелері сарапталып қазақ халқының дүниетанымында, күнделікті тұрмыс тіршілігінде әлі күнге дейін сабақтастығын тауып отырғаны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Назарбаев Н. Тарих толқынында. –Алматы: Атамұра, 1999. –296 б.*
2. *Халид Құрбанғали. Тауарих хамса: (Бес тарих). – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.*
3. *Әбішев Х.Ә. Халық астрономиясы. – Алма-Ата, 1959.*
4. *Әбішев Х.Ә. Аспан сыры. – Алматы: Жазушы, 2009. – 264 б.*
5. *Исқақов М. Қазақтың байырғы календары. – Алма-Ата, 1960. – 100 б.*
6. *Ысқақов М. Халық календары. – Алматы: Жазушы, 2009. – 328 б.*
7. *Нұрғалымова Г.С. Қазақ халқының күнтізбесі. – Алматы, 2002. – 104 б.*
8. *Төлеубаев Ә.Т. Қазақ этнографиясының мәселелері /Таңдамалы еңбектер мен мақалалар. – Алматы:Service Press, 2013. – 496 б.*
9. *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы, 2011. 1-том. А-Д. – 736 б.*
10. *Абурейхан Бируни. Извранные произведения. – Ташкент: Ан Узбекской ССР, 1957. – I т. – 485 с.*
11. *Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. СПб., 1881. Вып.2- С.284*
12. *Абдуллаева А.Т. Қазақ халқының мал шаруашылығы негізінде қалыптасқан аспан әлемі туралы түсініктері // «Өзбекәлі Жәнібеков оқулары – 2010» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Түркістан, 2010. – 35-37 б.*
13. *Арғынбаев Х. Халық білімі хақында // ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы, 1994. – №1. – 21-30 б.*
14. *Хинаят Б. Қазақтың дәстүрлі календарі: түрлері және функциялық ерекшелігі (бес томдық этнографиялық энциклопедия материалдары бойынша). Б.196-200 // Қазақстан археологиясы мен этнологиясы: өткені, бүгіні және болашағы атты «VII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / жауапты ред. А.Б. Қалыш. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 472 б.*
15. *Кляшторный С.Г. Представление о времени и пространстве в древнетюркских памятниках // Древнетюркская цивилизация: памятники псиьменности. – Алма-Ата, 1984.-С.32*

МРНТИ13.51.11
ӘӨЖ 574 (19-11)

Қ.Баудиярова[1], Г.Мейрманова[2]

[1]Тарих ғылымдарының кандитаты, доцент. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.
Қазақстан, Алматы. E-mail:baudiyarovakb@gmail.com
[2]Тарих ғылымдарының кандитаты, доцент. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.
Қазақстан, Алматы. E-mail:meirmanovaga@gmail.com

ЭКСКУРСОВОД МАМАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ЗАМАНҒА САЙ ДАМУЫ

Аңдатпа

Бұл мақала музеймен таныстырушы адамның қоғамда алатын орнына туризм саласын дамытуға қосқан үлесі жайлы, музейдегі бағыт бағдар берушінің (экскурсовод) қызметі, экскурсиялық қызметте қабілеттер қалай өзгеретіндігі жайлы жазылған. Экскурсиялық қызметке жеке тұлғаның белгілі бір түріне, оның ерекше қызығушылықтарына, бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес келуі тиіс екендігі және қабілеттер белгілі бір қызмет түрін табысты жүзеге асырудың субъективті шарттары болып табылатын жеке тұлғаның жеке ерекшеліктері ретінде анықталатыны туралы жазылған. Экскурсия кезіндегі сөйлеу мәдениеті, экскурсоводтың лауазымдық міндеттері, экскурсовод білуі тиіс қызметтер мен жүктелетін міндеттер**,** экскурсоводтың мотивациялық-құндылық компоненті, экскурсоводтың жеке экскурсиялық әдістемесін меңгеруі жайлы, экскурсоводтың кәсіби шеберлігін жетілдіру, экскурсовод портфелі жайлы, жоғары біліктілік санатындағы экскурсовод-әдіскер, жоғары білімді, 1-ші, 2-ші, 3-ші санаттағы экскурсовод жайлы мәліметтер жазылған. Экскурсовод оқыту мен тәрбиелеудің орталық тұлғасы бола отырып, экскурсиялық таным процесін басқарады. Экскурсоводтың педагог ретіндегі тұлғасы оның сенімімен, тәрбиелеу мен білім беру жолсерігінің кәсіби шеберлігімен сипатталады. Экскурсоводтың жетекшілігімен топ тарих және табиғат ескерткіштерімен, көрнекті тұлғалармен, мұражайлармен, басқа да көрікті жерлермен танысады.

K. Baudiyarova[1], G. Meirmanova[2]

[1]Candidate of historical Sciences, associate Professor.Al-Farabi Kazakh national University. Kazakhstan, Almaty. E-mail: baudiyarovakb@gmail.com
[2]Candidate of historical Sciences, associate Professor.Al-Farabi Kazakh national University. Kazakhstan, Almaty. E-mail: meirmanovaga@gmail.com

CURRENT STATE AND MODERN DEVELOPMENT OF THE PROFESSION OF A GUIDE

Abstract

This article describes the contribution of the person who introduces the Museum to the development of tourism, as well as the activities of the guide (guide) in the Museum, how to change the ability in excursion activities. It is written that excursion activities must correspond to a certain type of person, their special interests, inclinations and abilities, and that abilities are defined as individual personality traits that are subjective conditions for the successful implementation of a particular type of activity. Information about the culture of speech during the tour, the official duties of the guide, the services and tasks that the guide should know, the motivational and value component of the guide, the development of the guide's individual excursion methodology, the improvement of the guide's professional skills, the guide's portfolio, the guide-Methodist of the Highest qualification category, with higher education, the guide of the 1st, 2nd, 3rd category. The guide, being the Central figure in training and education, directs the process of excursion knowledge. The guide's personality as a teacher is characterized by his trust, professional skill as a guide of upbringing and education. Under the guidance of a guide, the group gets acquainted with historical and natural monuments, outstanding personalities, museums, and other attractions.

К.Баудиярова[1], Г.Мейрманова[2]

[1]Кандидат исторических наук, доцент. КазНУ имени Аль-Фараби. Казахстан, Алматы. E-mail:baudiyarovakb@gmail.com
[2]Кандидат исторических наук, доцент. КазНУ имени Аль-Фараби, Казахстан, Алматы. E-mail: meirmanovaga@gmail.com

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И СОВРЕМЕННОЕ РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИИ ЭКСКУРСОВОДА

Аннотация

Данная статья посвящена вкладу человека, знакомящего с музеем, в развитие сферы туризма, а также о деятельности экскурсовода (экскурсовода) в музее, о том, как меняются способности в экскурсионной деятельности. Написано, что экскурсионная деятельность должна соответствовать определенному типу личности, ее особым интересам, склонностям и способностям, и что способности определяются как индивидуальные особенности личности, являющиеся субъективными условиями успешного осуществления того или иного вида деятельности. Изложены сведения о культуре речи во время экскурсии, должностных обязанностях экскурсовода, услугах и задачах, которые должен знать экскурсовод, мотивационно-ценностном компоненте экскурсовода, об освоении экскурсоводом индивидуальной экскурсионной методики, о совершенствовании профессионального мастерства экскурсовода, о портфеле экскурсовода, об экскурсоводе-методисте Высшей квалификационной категории, с высшим образованием, об экскурсоводе 1-й, 2-й, 3-й категории. Экскурсовод, являясь центральной фигурой в обучении и воспитании, руководит процессом экскурсионного познания. Личность экскурсовода как педагога характеризуется его доверием, профессиональным мастерством проводника воспитания и образования. Под руководством экскурсовода группа знакомится с памятниками истории и природы, выдающимися личностями, музеями, другими достопримечательностями.

Кіріспе

Қазіргі қоғамдағы музей қызметінің шарттарын өзгерту «музей әлеуметтік-мәдени институт ретінде» ұғымының мағыналық мазмұнын және оның әлеуметтік-мәдени шындықты түсінуді тереңдету үшін әдіснамалық әлеуетін зерттеуді жалғастыруды талап етеді. Қазіргі түсініктер көп мағыналы және терминологиялық белгісіздікке алып келеді. Сонымен қатар, музей әлеуметтік-мәдени институт ретінде, қазіргі уақытта мәдениеттану және музейтану санаты ретінде қарастырылуда.

Алайда, қазіргі әлемде мәдени-коммуникативтік кеңістікте өз орнын берік иеленген, барлық музейлердің бүгінгі күні және оның қызметі әртүрлі бағыттарға байланысты көптеген мәселелерге ие. Айта кету керек, музей тәжірибесінде ерекше назар аударуды қажет ететін басты мәселелердің бірі-музей ісіндегі инновациялық әдістерді зерттеу. Бұл мақала Отандық және шет елдік аймақтардағы музей қызметінің мәдени кеңістікте, музей экскурсиясында пайдаланатын инновациялық технологияларын зерттеуге бағытталған. Бүгінгі күні бұл мәселе өте өзекті болып табылады, өйткені дәл сол жерде адам мен қоғамның өткен тарихы көрсетілген және дамыған технологияларды пайдалана отырып тарихи-мәдени мұра құндылықтарын келер ұрпаққа жеткізе білу музей саласындағы инновация.

Тарихнамасына келсек ХХ ғ. басыД.Н.Кайгородов, В.В.Половцев, Е.А.Звягинцев мектеп экскурсиясы әдістемесін зерттей бастады. 1910ж. Б.Е.Райкова және П.Н.Боча «Школьные экскурсии, их значение и организация» монографиясында экскурсия жүйесін, экскурсия әдістемесі принциптерін жазды. Осы уақытта экскурсия ісінің теориясы мен практикасын зерттейтін мерзімді басылымдар: «Экскурсионный вестник», «Школьные экскурсии и школьный музей», «Русский экскурсант» шыға бастады. 1920 ж. В.А. Гердтың «Экскурсионное дело» еңбегінде экскурсияға анықтама беріп, классификациясын көрсетті. Келесі зерттеу жұмыстары Н.П.Анциферовтың «Теория и практика экскурсий по обществоведению», Н.А.Гейникенің «Методика и практика экскурсионного дела» жарық көрді. 2008 ж. П.В.Большаник, С.А.Носков, И.Ф.Самоловова экскурсия ісінің әдістемесіне арналған «Экскурсоведение» еңбегін жазды. 2013 ж. Д.С.Байгунаков «Экскурсиялық іс» еңбегінде экскурсиялық істің тарихы мен дамуына тоқталады.

Әдістемесі

Экскурсияның музейде жүргізу әдістемесіне салыстырмалы тарихи әдіс және сауалнама жүргізу әдісін қолдануға тырыстық. Оның негізгі белгілерінің бірі-оқыту және тәрбиелеу үдерісінде белсенді тарап болып табылатын білікті жетекшінің болуы, экскурсанттардың жұмысын дұрыс ұйымдастыру. Мақаланы жазу барысындатарихи жүйелі және кешенді әдістерді қолдандық.

Экскурсоводтың жетекшілігімен топ тарих және табиғат ескерткіштерімен, көрнекті тұлғалармен, музейлермен, басқа да көрікті жерлермен танысады. ХХ ғасырдың 60-шы жылдарына дейін экскурсовод жұмысы кәсіби түрде болған жоқ, энтузиасттар тобы үшін әуесқой ретінде болды. Экскурсоводтың міндеттерін әртүрлі білім саласының мамандары – педагогтар, ғылыми қызметкерлер, жаратылыстану мамандары туризм практикасынан қол үзбей орындады. Экскурсиялық саяхат және экскурсиялар фирмасы сияқты туризмнің құрылымдық бөлімшелері пайда болғаннан кейін «экскурсовод» атағы тиісті білімі бар, арнайы курстарда дайындықтан өткен немесе экскурсоводтарды даярлау курстарын бітірген адамдарға қойылатын барлық талаптарды өз бетінше орындаған аталған ұйымдардың қызметкерлеріне беріле бастады. Бүгінде «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңы «экскурсовод – уақытша келген елде туристік объектілермен танысу бойынша туристерге экскурсиялық-ақпараттық, ұйымдастырушылық қызмет көрсету үшін тиісті біліктілігі бар кәсіби дайындалған тұлға» деп анықталады.

Музейдегі бағыт бағдар берушінің қызметі. Экскурсовод мамандығы туристерге экскурсиялық материалды кең аудиторияға жеткізуге мүмкіндік береді. Экскурсиялық қызметке жеке тұлғаның белгілі бір түріне, оның ерекше қызығушылықтарына, бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес келуі тиіс. Қабілеттер белгілі бір қызмет түрін табысты жүзеге асырудың субъективті шарттары болып табылатын жеке тұлғаның жеке ерекшеліктері ретінде анықталады. Олар ең алдымен белгілі бір әрекеттің әдістері мен тәсілдерін игерудің жылдамдығында, тереңдігі мен беріктігінде. Қабілет болу жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін шарт болып табылады. Бұл мысалы: алған білімін қысқа және қызықты түрде беру қабілеті, аудиторияны түсіну қабілеті, өзіндік және шығармашылық ойлау, тапқырлық немесе жылдам және дәл бағдар, ұйымдастырушылық қабілеттер (Исмаилова, 2010: 102).

Экскурсиялық қызметте бұл қабілеттер келесідей өзгереді:

- экскурсияда оқыту мен тәрбие нәтижелерін жобалауға мүмкіндік беретін конструктивтік, өзінің жеке экскурсиялық мәтіні үшін қосымша қызықты материалдарды шығармашылықпен таңдап алуға, көрсету мен әңгіменің әдістемелік тәсілдерін дұрыс пайдалануға, қажет болған жағдайда экскурсияны өткізу жоспарын қайта құруға;
- экскурсиялық топты басқаруға, экскурсанттардың назарын объектілерге бағыттауға көмектесетін ұйымдастыру;
- коммуникативтік, топпен дұрыс қарым-қатынас орнату және өзгерген жағдайға сәйкес оларды қайта құру қабілетін білдіретін;
- кемшіліктерді түзету қабілетін беретін өз қызметін аналитикалық талдау;

Әрине, жеке тұлғаға тән қабілеттер оның даралығын қалыптастырады. Жеке тұлға ретінде біз жеке адамның қайталанбас ерекшелігін, тек оған ғана тән ерекшеліктердің жиынтығын түсінеміз. Ақыл-ойдың сан алуандығы, қызығушылығы, әдеттері, бейімділігі, ерекшеліктері, әдетте, индивидтің тұтас сипаттамасына айналады.

Іс жүзінде белгілі бір тақырып бойынша материал баяндала отырып, экскурсоводтар сол сандар мен фактілерге сүйенеді. Бірақ экскурсоводтың даралығы ақпарат беру және объектілерді тиісті әдістемелік тәсілдер жүйесі арқылы көрсетуді жүзеге асыру қабілеті арқылы көрінеді, олар, әрине, өткізілетін экскурсиялардың сапасын арттырады. Экскурсоводтың жеке ерекшеліктері оның материалды баяндау стилінде, қимылында, мимикасында, сөйлеу мәдениеті және техникасында салынған. Бай лексикалық қор - жақсы экскурсоводтың міндетті сөйлеу бөлігі.

Экскурсоводтарға, әсіресе, табиғаттану бағыттарындағы саяхат үшін дамыған физикалық қабілетте болу қажет. Температураның, қысымның өзгеруі, ұзақ ауысулардан өту физикалық жақсы дайындалған мамандарға ғана тән. Сонымен қатар, экскурсовод топ мүшелеріне тікелей физикалық қолдау көрсету қажет болатын жағдайлар жиі кездеседі, мысалы, тік беткейден өту немесе ағын арқылы өту кезінде (Долженко, 2006: 34).

Экскурсия кезіндегі сөйлеу мәдениеті. Өткізілетін экскурсия экскурсоводтың темпераменттеріне тәуелді болады. Темпераменттің экскурсияның дұрыс және қызықты өтуінде маңызы зор. Экскурсанттармен қатынаста да бұл өте маңызды мәселе. Сыртқы және ішкі қоздырғыштардың әсерімен пайда болған эмоциялар әр түрлі боуы мүмкін, топта өзін керек тонуспен ұстап, экскурсияны жүргізу экскурсиялық қызметтің маңызды құрама бөлігі болып табылады. Экскурсоводтардың кәсіби қызметінің әбден жетілуі бойынша, экскурсия кезінде темперамент

ерекшеліктерін есепке алу керек. Мысалы, экскурсовод-сангвиниктерге сөздің тез қарқыны, көңілдің жиі ауысуы, экскурсанттардың әсеріндегі жылдам реакциясы тән. Флегматик, жайбасар, керісінше жайбасар, қимылдары мен жесттері де бірқалыпты жай болады. Меланхолик қозғалыстардың тұйықтылығымен, жеткіліксіз белсенділікпен, босаңдығымен бейнеленеді. Әрбір экскурсоводқа тән темперамент түрлері, оның әсер ету факторлары болады. Ұйымдастырушы, драматург және режиссер сияқты, көрермен назарын аударатын жағдай жасаса, экскурсовод та экскурсанттарына дәл осындай эмоциялар тудыруы керек. Экскурсоводтың эмоция және сезімдері нақты сипаттасуы керек. Адамның психикалық күйінің бірнеше түрлері бар – ортақ психикалық күй (көңіл), қызу күй, зияткерлік творчестволық күй, ерікті күй. Қарым-қатынас жасау қабілеті әрқашан маңызды адами қасиеттерге ие болды. Экскурсовод, байланыстарға оңай кіретін және өзіне ие бола алатын, ең жақсы көңіл-күйге лайық. Экскурсия - бұл қарым-қатынастың шығармашылық үдерісі. Сондықтан экскурсия жетекшісінің идеяларды, бейнелерді, ойлар мен сезімдерді шебер беру өмірлік маңызды мақсат – адамдардың өзара байланысы мен ынтымақтастығын орнату болып табылады (Святославский, 2006:67).

Экскурсоводтың лауазымдық міндеттеріне жатады:

- өткізілетін экскурсиялар мен жолдық экскурсиялық ақпараттардың мазмұнын жақсы білу;
- экскурсияның бақылау мәтініне (жол ақпаратына) және әдістемелік әзірлемелерге сәйкес экскурсия жүргізу әдістемесін меңгеру;
- мәтіндерді дайындау, экскурсиялардың әдістемелік әзірлемелерін, басқа да әдістемелік материалдарды жасау;
- экскурсияларды (жол ақпаратын) өткізу кезінде пайдаланылатын деректерді уақтылы жаңарту, экскурсияның бақылау мәтініне өзгерістер мен толықтырулар енгізу (жол ақпараты);
- экскурсияның жаңа тақырыптары мен бағыттарын әзірлеуге қатысу;
- халықтың әртүрлі топтарына арналған экскурсиялардың жаңа тақырыптары мен нұсқаларын игеру;
- экскурсоводтардың әдістемелік секциялары мен шығармашылық топтарының жұмысына, конференцияларға, семинарларға қатысу;
- маршрутта экскурсоводтарды тыңдауға қатысу, экскурсиялар (жол ақпараттары) мәтіндерін рецензиялау);
- экскурсиялардың рөлі туралы хабарламалармен сөз сөйлеу, экскурсияларды насихаттау және жарнамалау;
- экскурсия (саяхат) маршрутын сақтау; экскурсанттарды (туристерді) экскурсия (саяхат) кезіндегі тәртіп ережелері туралы хабардар ету; экскурсиялар (саяхат) кезінде экскурсанттар мен туристердің қауіпсіздік шараларын қабылдау);
- экскурсиялық қызмет көрсетуге арналған құжаттарды белгіленген тәртіппен ресімдеу (Комлев, 2011: 55).

Экскурсовод білуіге тиіс мәселелер:

- экскурсиялық теорияның негізгі мәселелерін және өз аймағының экскурсиялық мүмкіндіктерін;
- экскурсияның мәнін, оның белгілері мен қызметтерін, оған қойылатын талаптарды; экскурсияның бағытын құру принциптерін;
- экскурсиялық объектілердің жіктелуін; экскурсияның жіктелуі мен тақырыбын;
- экскурсияны дайындау әдістемесін;
- экскурсиялық қызметте педагогика, логика, психология элементтерін практикалық қолдануды;
- экскурсияның эстетикалық мазмұнын, оның мәнін; экскурсиялық қызмет көрсетудің түрлері мен нысандарын, халықтың әр түрлі топтарына экскурсиялық қызмет көрсетуге дифференциалды;
- экскурсияның сапасын бағалау критерийлері, экскурсиялық үдерістер сапасының көрсеткіштері; экскурсовод жұмысын ұйымдастыру, экскурсиялық әдістеме, оның міндеттері мен талаптары, экскурсияны өткізу әдістемесі;
- әдістемелік тәсілдер мен олардың жіктелуі;
- тарихи, әскери-патриоттық,сәулет-қала құрылысы, әдеби, өнертанушылық, өндірістік, табиғаттану тақырыптарына экскурсиялар жүргізу әдістемесі;
- қалалық және қала сыртындағы мұражайлық, шолу (көп жоспарлы) экскурсияларын өткізу ерекшеліктері;
- экскурсияны өткізу әдістемесін жетілдіру жолдары;
- экскурсияны өткізу әдістерін жетілдіру жолдары;
- экскурсияны өткізу;
- кәсіби шеберлікті жетілдіру жолдары.

Экскурсоводтың қолынан келу керек:

- қажетті материалдарды таңдау және белгілі бір тақырыпқа экскурсия мәтінін құру;
- экскурсияның әдістемелік әзірлемесін құру;
- экскурсияны өткізу барысында әдістемелік тәсілдерді қолдану;
- экскурсовод портфеліне енгізілген көрнекі материалдарды пайдалану;
- туристер (экскурсанттар) тобын басқару);
- мекемелер мен ұйымдарда және т. б. экскурсияларды жарнамалау.

Экскурсовод оқыту мен тәрбиелеудің орталық тұлғасы бола отырып, экскурсиялық таным процесін басқарады. Экскурсоводтың педагог ретіндегі тұлғасы оның сенімімен, тәрбиелеу мен білім беру жолсерігінің кәсіби шеберлігімен сипатталады.

Экскурсоводтың мотивациялық-құндылық компоненті. Қазіргі заманғы туризм индустриясы мен ғылыми зерттеулер үшін кәсіби экскурсоводтың базалық сипаттамаларында ең бастысы мотивация болып табылады. Жалпы психологиялық контексте мотивация субъектке адамның қызметін тікелей жоятын, шиеленіс, ойын-сауық, мақсаттар, идеалдар түрінде ашылатын мінез-құлықтың қозғаушы күштерінің күрделі бірігуі болып табылады.

Мотивация, экскурсоводтың негізгі сипаттамасы ретінде оның жеке тұлғалық қасиеттерін, экскурсиялық қызметке қарым-қатынастың қалыптасуын көрсетеді. Ғылым, білім беру, өндіріс құндылықтарының жиынтығында мотивацияның ішкі және сыртқы факторларын бөліп көрсетуге болады.

Мотивацияның сыртқы факторларына біз болашақ экскурсоводтың экскурсиялық қызметпен айналысуға, кәсіби біліктілігін арттыруға, осы қызмет саласы туралы түсініктерді кеңейтуге деген ұмтылысын, ғылыми білім алуға ұмтылысын, танымдық қызметке үнемі әрекет ететін ұстанымдарды жатқызамыз.

Ішкі факторлар қызығушылықты қанағаттандыру қажеттіліктеріне, өзін-өзі сәйкестендіруге, құндылықтарды тұрақты қайта бағалауға, кәсіби және тұлғалық өсуге бағдарлауға, өзін-өзі жетілдіруге, экскурсиялық қызметке саналы қызығушылық, таным процесіне дамыған эмоциялық сезім, өз жұмысында оң нәтижеге қол жеткізуге ұмтылу, дербестікке ұмтылу, ізеттілік сезімі, шығармашылық мүмкіндігі, икемділік, бастамашылдық бейімділікке негізделеді.

Когнитивті компонет құбылыстардың өзара байланысы мен өзара шарттылығы туралы, таным субъектісі ретінде тұлғаның дамуы туралы философиялық ережелерді білуді қамтиды. Философия тұрғысынан, экскурсия – бұл қоршаған ортаны, объективті шындықты, адамның рухани және мәдени қызметін тану процесі. Экскурсия экскурсоводтың басшылығымен жүргізілетін белгілі бір аудиторияны оқытуды көздейді.

Экскурсоводтың жеке экскурсиялық әдістемесін меңгеруі:

- экскурсияның бақылау мәтініне, экскурсияға қатысушылардың сұраныстары мен мүдделерін ескере отырып, экскурсияның технологиялық картасына сәйкес терең идеялық және ғылыми мазмұны бар экскурсиялық ақпаратты білу;
- экскурсияда көрсетілу және әңгімелеу ерекшеліктерін және оларда қолданылатын әдістемелік тәсілдерді білу;
- экскурсоводтарды маршрутта тыңдауға, экскурсиялар мен жол ақпараттарының мәтіндерін рецензиялауға мүмкіндік беретін білім: жаңа экскурсоводтарды дайындауға қатысу; экскурсиялық жұмыс тәжірибесін жалпылау және тарату;

Яғни, экскурсиялық іс – туристік қызметтің бір бөлігі болып табылатынын ескере отырып, экскурсовод тек экскурсиялық терминологияны ғана емес, туристік терминологияны да, нақты материалдарды экскурсия тақырыбы бойынша ғана емес, сонымен қатар аралас тақырыптар бойынша да білуі қажет.

Экскурсия кезінде аудитория тарапынан әртүрлі халықтың саяси, экономикалық және мәдени өмірінің түрлі салаларынан сұрақтар қойылады. Сондықтан экскурсовод экскурсияны өткізу кезінде қолданылатын жаңа мәліметтерді, экскурсияның бақылау мәтініне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды уақтылы жаңарта білуі тиіс.

Экскурсоводқа экскурсиялық өнімді әзірлеу, жылжыту және іске асыруды қарастыратын экскурсиялық менеджментте білім қажет. Ол экскурсиялық өнімнің сапасын басқаруы керек. Ол экскурсиялық өнімнің сапасын басқаруы, жергілікті, өңірлік ұлттық туристік рыноктардың конъюнктурасын пайдалануы, Қазақстанда туризмді дамытудың өзекті мәселелерін білуі және олармен байланысты міндеттерді қалай шешуге болатынын, яғни: туристік-экскурсиялық өнімді стандарттау және сертификаттау негізінде экскурсанттарға қызмет көрсету сапасын арттыруы тиіс, қызмет көрсетудің инновациялық тәсілдерін енгізу, прогрессивті ақпараттық ресурстарды белсенді пайдалану.

Біздің көзқарасымызша, аудиториямен дұрыс байланыс орнатуға экскурсоводтың іскерлік этикеті көмектеседі. Іскерлік этикет ережелерін білу экскурсоводқа өзінің оң тартымды имиджін жасауға, сонымен қатар топ тәртібін сақтатуға мүмкіндік береді. Егер көңіл аударудың педагогикалық тәсілдері, тактикалық ескертулер көмектеспесе, онда экскурсовод кедергі келтірушіні жоюға құқылы. Кейде мұндай мәселелерді шешуде әзіл сезімі де көмектеседі, ол күлімсіреу іскерлігінде өз сөзін табады (Дьянова, 1985: 78).

Экскурсоводтың кәсіби шеберлігін жетілдіру:

а) орталықтандырылған: курстарда оқу, семинарларға, конференцияларға және оқытудың басқа да нысандарына қатысу арқылы біліктілікті арттыру; экскурсоводтарды белгілі бір тақырыптарға экскурсия өткізу қабілеті мен ниетін ескере отырып мамандандыру; экскурсиялық қызметтерді сертификаттау; өткізілетін экскурсияларды бақылау;

б) жеке: әдебиеттерді және басқа да ақпарат көздерін жүйелі түрде зерттеу; экскурсияны өткізу бойынша оқу жаттығуларының жүйесін меңгеру: көрсету және әңгіме тәсілдерін пысықтау, көрнекі құралдарды иллюстрациялау, техникалық құралдарды пайдалану; топтарды экскурсиялық объектіде орналастыру техникасын пысықтау; микрофонмен, күшейткіш қондырғылармен және басқа да техникалық құралдармен жұмыс істеу дағдысы; мәдени-танымдық іс-шараларға қатысу және қатысу; мерзімді баспасөзде жариялау және бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеу; әдістемелік және арнайы әдебиеттерді дайындау. Сонымен қатар, білікті даярланған экскурсоводтың міндетті түрде портфелі болуы керек.

Экскурсовод портфелі неден тұрады:

а) Суреттер, құжаттар: суреттер жоғары сапалы 18х24/ 24х30 см. көлемінде болу қажет;

б) Графика, диограмма, репродукция, сызбалар, маршрут сызбасы;

в) Портфелдің мазмұнын көрсету тәсілдері:

- көрсетілетін көрнекі құралдар суреттелген құбылыстың сипатына сәйкес болуы тиіс;
- демонстрация кезіндегі көрнекі құралдар бүкіл аудиторияға көрінуі керек және тасымалдауға ыңғайлы болуы керек (Гревс,1921: 78).
- көрнекілік құралды (сурет, схема, карта, құжаттың фото көшірмесі) экскурсияның соңында қатысушылардың қолына беруге болады;

- нұсқаулық демонстрациясының әдіснамалық әдісін қалай қолданады деп есептеледі: алдымен экскурсия нысанын көрсету, оның бұрынғы көрінісін визуалды түрде қайта құру, содан кейін қарастырылып отырған оқиғаны таныстыруға және көрнекі құралдарды көрсетуге көшу;

- көрнекі құралдардың бекітілген мөлшері болады (3-4 сағаттық экскурсияға он бестен аспауы керек).

Экскурсоводты тарифтеу ережелері. Экскурсоводтарды тарифтеу экскурсия жүргізушіге біліктілік санатын беруді білдіреді (Долженко, 2006 44).

Жоғары біліктілік санатындағы экскурсовод-әдіскер:

1. Жоғары білімді;
2. "Экскурсоведение", "Экскурсиялық менеджмент", "Өлкетану" пәнін жоғары оқу орындарында, колледждерде, мамандандырылған курстарда, аталған пәндер бойынша ғылыми жұмыстары мен жарияланымдары бар, сондай-ақ белгіленген үлгідегі экскурсовод куәлігі, еңбек кітапшасындағы жазбасы бар мамандарға берілед (Файзуллина, 2016: 124);
3. Жұмыс тәжірибесі 5 жылдан кем емес;
4. 10-нан кем емес экскурсиялық тақырыпты меңгерген;
5. Жаңа экскурсияның дайындалуына қатықан;
6. Жоғары сапалы экскурсия қамтамасыз ететін маман.

1-ші санаттағы экскурсовод:

1. Жоғары білімді;
2. Мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі 4 жылдан кем емес;
3. 8-ден кем емес эуккурсиялық тақырыпты меңгерген;
4. Маршруттарда жеке тақырыбы бар;
5. Жеке тақырыбына рецензиясы бар;
6. Маршрут бойынша тыңдалым карточкасы бар;
7. Жаңа және істе жүрген экскурсияларды дайындауға қатысқан;
8. Экскурсияның жоғары сапасын қамтамасыз ететін маман.

2-ші санаттағы экскурсовод:

1. Жоғары білімді;
2. Эксурсияны жүргізу әдісі және дайындығы туралы, өлкетану туралы экзаменнен өткен;
3. Маршруттарда жеке тақырыбы бар;
4. Жеке тақырыбына рецензиясы бар;
5. Маршрут бойынша тыңдалым карточкасы бар;
6. Мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі 2 жылдан кем емес.

3-ші санаттағы экскурсовод:

1. Аяқталмаған жоғары немесе арнайы орта білімі бар;
2. Экскурсияны жүргізу методикасы, өлкетану экскурсиясы бойынша экзаменнен өткен;
3. Эксурсиялық маршрутта жеке тақырыбы бар;
4. Маршрут бойынша тыңдалым карточкасы бар;
5. Экскурсиялық тақырыпты меңгерген.

Музей – ел тарихы, ұлттың мәдениетінен хабар беретін тарихтың қайнар көзі. Музейде сақталған әрбір құндылықтан сол жеке мұра тарихын ғана емес, сол мұраға байланысты кезеңді, оны жасаған халықтың мәдени деңгейін, тарихын көруге болады (Комлев, 2011: 67).

Қорытынды

Қорытынды жасай отырып, қазіргі әлемдегі музейлердің табысты даму перспективалары олардың имиджін өзгертумен тығыз байланысты екендігін атап өткен жөн.Музейлерді әлеуметтік институтқа айналдыра отырып, қажетті ақпарат пен зияткерлік, тарихи-мәдени және табиғи мұраға жаппай қол жетімділік жасайтын және ұсынатын, жеке талғамға, шығармашылық бейімділікке, мүдделерге, келушілердің әртүрлі санаттарының дайындық деңгейіне бағдарланған музейдің мәдени-білім беру қызметінің әртүрлі нысандары дамыса. Уақыт талаптарына сәйкес музей саласында инновациялық қозғалыс белсенді дамып келеді.Экскурсиялық қызмет көрсетудің осындай инновациялық бағдарламаларын ұсыну–музейге келушілерді тарту үшін инновацияларды қолданудың кең таралған түрлерінің бірі болып табылады.

Зерттеу барысында байқағанымыз, музей үнемі қоғам сұранысына сай заманауи өзгерістерге түсіп отырады. Бұл инновациялық технологиялардың қарыштап дамуымен байланысты. Бүгіннің тарихын зерттейтін өлкетанушы, тарихшы адиторияның жас ерекшелігі мен тұлғаның әлеуметтік бірегейлігіне бейімделе отырып жұмыс істейтін экскурсиялық материалының көркемдік ерекшеліктеріне жауап беретін драматург, сценарист, режиссер, психолог-педагог рөлдерін шебер үйлестіре білетін экскурсовод мамандығының қай заманда да құнын жоймаған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Долженко Г.П. (2006). Экскурсионное дело Москва, Ростов-на-Дону, - 232 с.*
2. *Дьянова Р.А., (1985). Емельянов Б.В. Основы экскурсоведения. – М., – 320 с.*
3. *Комлев, Ю.Э. (2008). Мультимедийные технологии в культурно-образовательной деятельности музея [Текст] // Вестн. Моск. гос. ун-та культуры и искусств. – № 5. – С. 254–258.*

4. Комлев, Ю.Э. (2011). Социальное партнерство в управлении музейными коммуникациями [Текст] // Интеллект. Инновации. Инвестиции: акад. журн. – № 1. – С. 167–173.

5. Исмаилова Д. (2010). Понятие туристического бизнеса и его значение в экономике страны// Экономика и право Казахстана. – №4. –с.51-53. 81 Научно – исследовательская школа Калифорнийского университета, [http: //www.ucla.edu/].

6. Файзуллина Г. Ш. Роль музеев в формировании идентичности / Плетникова Л. Н., Бейсек Л. Б. // Центрально-Азиатский искусствоведческий журнал: Материалы Междисциплинарного симпозиума «Алматы: между веком и тысячелетием». – Алматы: Казахская Национальная академия искусств им. Т. К. Жургенова, 2016. – С. 124–132.

7. Гревс И.М. (1921). Монументальный город и историческая экскурсия (Основная идея образовательных путешествий по крупным центрам культуры).

8. Святославский А.В. (2006). Образ местности в литературной экскурсии // Культурное и природное наследие и его освоение в учебно-воспитательской работе. Сборник научно-методических статаей. Вып. 1. Экскурсионное краеведение. / Под.ред. С.И. Козленко. М.: МИОО., С. 84-92.

9. Основы экскурсоведения. Дьякова Р.А., Емельянов Б.В., Пасечный П.С. //М.: Просвещение, (1985).

10. Экскурсионное дело. Долженко Г.П.//М. – Р-н-Д: Издательский центр «МарТ», (2006).

11. Экскурсоведение. Савина Н.В., Горбынева З.М. // Минск: БГЭУ, (2004).

12. Омельченко Б. Ф. (1991). Экскурсионное общение: познание, воспитание, отдых. М.: Наука 2015.

13. Юренева Т. Ю. (2003). Музей в мировой культуре. М.: Русское слово 2008.

14. Alexander, Edward P. and Alexander, Mary. (2008). Museums in Motion. New York: Alta Mira Press. Graham, B., & Cook, S. (2010). Rethinking Curating: Art after New Media. Cambridge (US), London (UK): The MIT Press.

15. Parry, R. (Ed.). (2010). Museums in a Digital Age (Leicester Readers in Museum Studies). UK, USA, Canada: Routledge.

16. Stewart E. P., Allen-Greil, D., &Tench B. (2012). Conversations with Visitors: Social Media and Museums. USA:MuseumsEtc.

17. Arxontidis, T., Zibidis, D., Parkosidis, I., Mikropoulos, T.,(2004). Ulysses's Museum. An interactive virtual museum for the teaching of mythology in third class of primary school / T. Arxontidis. - Proceedings of the 4th conference of ETPE. - P. 409-417.

УДК 902.03
МРНТИ 03.41.91

А.А. Молдахмет[1], А.М. Ерсариев[2]

[1]PhD докторанты. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.
Алматы қ., Қазақстан. e-mail: arhadkz@mail.ru
[2]ҚР Мемлекеттік Орталық музейі, археология бөлімі.
Алматы қ., Қазақстан. e-mail: altynbek_93_14@mail.ru

СЫРДЫҢ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚЫШҚАЛАНЫҢ БАЛАМАЛАНУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Сырдария өзенінің орта ағысындағы Отырар, Түркістан, Сауран, Сығанақ қалалары отандық және шетелдік ғалымдар тарапынан ғылыми бағасын алған және тарихи орындары нақтыланып, баламалануына қатысты ортақ пікірлерге келген. Ал Сырдарияның төменгі ағысындағы, отағасырлық саяхатшылардың еңбектерінде көрсетілген Асанас, Жент, Баршынкент сияқты әйгілі қалаларда толыққанды зерттеу жұмыстары жүргізілмей келуде. Аталған қалаларда археологиялық ғылыми-зерттеу жүргізу арқылы отан тарихының ақтаңдақ тұстарын анықтап, Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысындағы қалалық мәдениеттің ара жігін көрсетіп, кейінгі ортағасырлық өркенитке қатысты жаңа беттерерді ашуға толық мүмкіндік бар. Осы мәселелерді ескере отырып Асанас, Жент, Баршынкент қалаларына байланысты деректерді талдау, ауызша деректерді сарлау арқылы ой қорытып, баламалау өте өзекті болып отыр.

Кілт сөздер: Қышқала, Баршынкент, Орнас, Асанас, Жент.

A.A. Moldakhmet[1], A.M. Yersariyev[2]

[1]PhD student. Kazakh National University named after Al-Farabi,
Kazakhstan, Almaty., e-mail: arhadkz@mail.ru
[2]Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, Department of Archaeology.
Kazakhstan, Almaty., e-mail: altynbek_93_14@mail.ru

THE PROBLEM OF IDENTIFYING OF MEDIEVAL KYSHKALA IN THE LOWER REACHES OF THE SYRDARYA RIVER

Abstract

The cities of Otrar, Turkestan, Sauran, Syganak in the middle course of the Syr Darya River have received scientific values from domestic and foreign scientists and have come to a common opinion on the clarification and equivalence of historical sites. There is no full-fledged research work in such famous cities as Asanas, Zhent and Barshynkent in the lower reaches of the Syr Darya, which are mentioned in the works of medieval travelers. Through archaeological research it is possible to find out the facets of the history of the motherland and show the connection between the middle and lower reaches of the Syrdarya River, reveal new pages related to the urban culture of the late Middle Ages in these cities. Taking account of these issues, the analysis of data related to the cities of Asanas, Zhent and Barshynkent, as well as the analysis and equivalence of verbal data are becoming very relevant.

Key words: Kyshkala, Barshynkent, Ornas, Asanas, Zhent.

А.А. Молдахмет[1], А.М. Ерсариев[2]

[1]Докторант PhD. КазНУ им. Аль-Фараби.
Казахстан, г. Алматы. Казахстан. E-mail: arhadkz@mail.ru
[2]Центральный Государственный музей РК, отдел археологии.
г. Алматы, Казахстан. e-mail: altynbek_93_14@mail.ru

ПРОБЛЕМА ИДЕНТИФИКАЦИИ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДИЩА КЫШКАЛА В НИЗОВЬЯХ СЫРДАРЬИ

Аннотация

Города Отрар, Туркестан, Сауран, Сыганак в среднем течении реки Сырдарьи были исследованы отечественными и зарубежными учеными, которые пришли к единому мнению относительно выяснения идентичности их исторических мест. В низовьях Сырдарьи, в таких известных городищах, как Асанас, Жент, Баршинкент, описанных в трудах средневековых путешественников, в настоящее время полноценные исследования не проводятся. Археологические исследования в этих городах могли бы дать возможность выявить пробелы в истории страны, показать взаимосвязь в постсредневековой городской культуре между средним и нижним течениями реки Сырдарья и открыть новые страницы. Принимая во внимание эти вопросы, особенно актуальным становится анализ письменных и устных источников по изучению городов Асанас, Жент, Баршинкент.

Ключевые слова: Кышкала, Баршынкент, Орнас, Асанас, Жент.

Кіріспе. Қазақстанның ортағасырлық қалалары мен елді-мекендерінің пайда болуы, қалыптасу тарихы мен даму өте күрделі тақырып. Әсіресе жекеленген қалалардың даму тарихындағы өзіндік ерекшеліктерін анықтау және олардың дамуындағы басқа да қалаларға ортақ белгілерін ажырату қиын. Сырдарияның төменгі ағысының Алтын Орда кезіндегі урбанизация, коммуникация, сыртқы халықаралық байланыстарға ғылыми реконструкция жасау үшін, аймаққа келетін сауда және байланыс жолдарын, орталықтардың төңірегіндегі елді мекендер мен қоныстарды зерттеуден бұрын осы қалалардың баламалануына қатысты деректерді талдау арқылы қортынды жасау кезек күттірмейтін мәселелердің бірі.

1245 жылы Сырдария өзеннің жағалап жүрген Плано Карпини өзеннің жағасындағы Янкинт (Jancint), Бархин және, Орнас қалаларын орналасқан ретіне қарай көрсеткен, сонымен қатар, ол бұл өңірде аты белгісіз де қалалар көп екенін атап өткен [1, 64 б.]

П. Лерхтің «Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году» атты еңбегінде бұл аталған қалаларды Сырдарияның төменгі ағысындағы ескерткіштермен сәйкестендіруге тырысты. Оның пікірінше, Орнас - Асанас, Янкинт - Янгикент, Бархин - Баршынкент қалалары болуы мүмкін [2, 9 б.].

В.А Каллаур 1899 жылы ертедегі Асанас қаласының орнын тауып көрсетіп, ортағасырлық Қышқаланы «Қысқала (Гышкала)» деп атап, оны Жент қаласымен баламалаған [3, 211 б.], сонымен қатар, ол Жөлектен 80 верст жерде орналасқан Барчинлыгкент (Бархалыгкент) қаласы бар деп көрсеткен [4, 286 б.].

В.А. Каллаур Өзгент, Бархалыгкент, Ашнас және Жент қалаларының орналасу ретіне тоқтала келіп: «... Джучи – хан после разрушения Саганака отправился в Узгент, затем в Бархалыгкент, Ашнас и Джент: следовательно, Бархалыгкент должен быть ниже Узгентаи по пути в Ашнас» – деп жазған [5, 245 б.]. В.А. Каллаурдың бұл пікірімен

келісуге болмайды, себебі П. Крпинидің жазғаны бойынша Янкинт, Бархин және Орнас (Асанас) қалалары осы ретпен орналасқан [1, 64 б.].

В.М. Жирмунский болса В. Каллаур келтірген пікірмен келісуге болатынын жеткізеді: «Хотя слово «огуз» и означает, как имя нарицательное, «бык» (возможно, следовательно, местное название типа «Бычий овраг», «Бычий брод» и т. п.), а слово «барчин» в нарицательном употреблении значит «бархат», однако наличие в этой местности целого ряда огузских имен и огузских воспоминаний с необходимостью заставляет думать о народе огузов и его эпической героине, богатырской деве Барчин, легендарный «мавзолей которой, как уже было сказано, находится в ближайшем соседстве с Баршин-дарьей» [6, 93 б.]. Яғни, ортағасырдағы Баршынкент қаласы Баршындариядағы Баршын сұлудың кесенесі және оғыз есімдері мен тарихы туралы ойлануға түрткілейтінін айтады. Сонымен қатар, баршын сөзінің мата атауынан (барқыт) шыққандығын да келтіріп өтеді.

В.В. Бартольд ертедегі Жентті қазіргі Қышқаламен баламалаған В.А. Каллаурдың пікіріне қосыла отырып [7, 235 б.], Өзгенттен 7 верст жердегі аумағы 600 қадам келетін шағын бекіністің құландысын Барчынлыгендтің орны болса керек дейді [7, 228 б.].

Ә.Х. Марғұлан «Баршынкенттің (Баршынкент қаласы) қираған бөліктері Сырдарияның оңтүстік жағасында Қызылорда мен Шиелі арасында орналасқан және Қызқала атауымен белгілі» – деп жазған [8, 78; 9, 222 бб.].

«Баршынкент» атауы халық поэмасының кейіпкері «Алпамыспен» байланысты. Оғыз феодал ақсүйектерінің өкілі Баршын есімді сұлу, атақты әйел Сырдарияның төменгі бойындағы қаланы өз есімімен атады, осыдан Қызкала шыққан [9, 222 б.].

Ә.Х. Марғұланның айтуына қарағанда Сырдарияның оңтүстік жағасындағы Көк-Кесене кесенесі Баршын – сұлудың құрметіне салынған [9, 222 б.].

Қышқала мен Баршынкенттің баламалануы жөнінде Ә. Қоңырытбаевтың болжамдарына тоқталсақ: “В.А. Каллаурдың айтуынша Жент қаласының орны – Қышқала (Томарөткел).... Женткөлдің батысында Баршынғылкент, Рабат Туғани қаласы болған.

«... Қышқала демектің мағынасы – онда қыштан салынған кішігірім сарай (орда) болған. Сонда қыш көп табылған. Бұл сарайдың орны бар» [10, 336 б.; 11, 151 б.].

1960 жылы Қышқалада зерттеу жүргізген Ә. Қоңыратбаев Жентпен Баршынкенттің баламалануына тоқтала келіп, олар туралы былайша болжам жасаған; «Сонымен біз Жент екеу болған дейміз. Бірі Қуандарияның сағасындағы ескі хұн Женті, екіншісі Х ғасырдағы Сейілхандар салған Жент. В.А. Каллаур айтқан Жент – соңғысы болуы тиіс (Томарөткел). Сол сияқты Баршынкенттің орны кесене емес, Қызылқұмда тұрған, Баршындария жағасына салынған Сырлытам болуға тиіс» [10, 344 б.; 11, 158 б.].

«Археологическая карта Казахстана» атты жинақта Қышқаланы «Развалины отдельных сооружений Кызкала» – деп көрсеткен [12, 225 б., № 3318].

С. Жолдасбайұлы Баршынкент туралы Ә. Қоңыратбаевтың жүргізген зерттеулеріне сүйене оырып: «...сонымен осы Баршындария сағасындағы Сырлытам мазары мен оның жанындағы елді мекенді Баршынкент деген қортындыға келген. Қортындылай келгенде, Баршынкент атының біз жоғарыда келтірген XIII ғ. орта кезіндегі жазба деректерде кездесуі, ертедегі аңыздар мен батырлар жырындағы хабарлармен сәйкес келуі бұл аймақтағы соңғы кездегі ел аузындағы кенттің, атының сақталуы, дарияның Баршыналуы жай нәрсе еместігін байқатады. Олай болғанда оғыздармен қыпшақтар өмір сүрген Баршынкет мекенінің болғандығы сөсіз» деп жазған [13, 101 б.].

Қышқаланы Баршынкент қаласымен баламалаған тағы бір зерттеуші Қорқыт –Ата Мемлекеттік университетінің оқытушысы Тәңірберген Мәмиев, ол Қыщқаланы «Баршынкент» деп атап, онда археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген [14, 27 б.].

К.М. Байпақов Ортағасырлық Қызтөбені Барлыгенд (Баршынкент) деп атап, картада оны Қызылордадан батыста, дарияның оң жағасына орналастырған [15, 38 б.].

Бүгінгі таңда Сыр бойындағы қаларды зерттеумен тікелей айналысып жүрген, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ–нің профессоры М. Елеуов Қышқала қаласындағы жүргізген соңғы археологиялық зерттеу нәтижелері мен тарихи деректерді салыстыра отырып: «Біз қазіргі Қышқаланың орнын ортағасырлық Баршынкент қаласымен баламалаған Т. Мәмиевтің пікіріне қосыла отырып, өз тарапымыздан айтарымыз: біріншіден, П. Карпини Бархин қаласы Жанкентпен Асанас қалаларының аралығында орналасқан деп дұрыс көрсеткен; екіншіден, бұл қаланың орналасқан жері, тарихи құрылымы Ж. Карши болған мекен Барчкандке сай келеді. Барчкандпен Баршынкент екеуі бір қаланың аты» - деген тұжырым жасады [16, 14 б.].

Баршынкент қаласы туралы аса құнды деректер Ә. Дербісәлінің «Қазақ даласының жұлдыздары» атты тарихи-филологиялық зерттеуінде кездеседі. Ғалым бұл еңбегінде Баршынкент қаласында туып-өскен ортағасырлық ғұлама-ғалымдар туралы және Баршынкент қаласына келіп, Сырдарияның төменгі ағысындағы басқа да ортағасырлық қалаларда туып өскен ғұламалар мен кездескен жат жерден келгендердің еңбектеріне жан-жақты тоқталып шолу жасаған [17]. 1273-1274 жылдары Сыр бойындағы қалалар мен онда тұратын халықтардың тарихын хатқа түсіру ниетімен арнайы келген Жамал Карши болды. Жамал өз дүниесін әуелі Баршынкент жайлы мағлұматтар беруден бастаған. Оны ол қала емес мекен (дияр) деп атаған. Соған қарағанда Баршынкент шынында да бекіністік дәрежедегі қыстақ қана болған сияқты [17, 110 б]. Дияр (мекен) немесе қыстақ қана болғанымен Баршынкент белгілі мәдениет орталығы болған. Мұнда дуалы ауыз шешендер мен жезтаңдай әншілер, сөз өнерінің белгілі майталмандары ғұмыр кешкен [18, 111 б.]. Мұсылман деректерінде, Жентке жақын жерде, Сырдарияның төменгі ағысындағы Барчинлигент қаласын Барчканд, Барчкенд деп атаған [18, 155 б.]. Жамал Карши Барчкандке шейх Хусамал – миллава – д – дин Абу – л Махамид Хамд ибн Асим ал – Асим ал Барчинлгиден дәріс алу үшін келген [18, 155 б.].

«Баршын» сөзінің шығу тегіне көз жүгіртер болсақ, Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «жолағы бар жібек мата» [19, 109 б.] ретінде сипатталады. Яғни, баршын (парча) – парсы тілінен енген сөз. Метал тектес өте жұқа жіптермен тоқылып, ауыр болып келетін мата түрі бізге шығыстан келген.

Т. Жанұзақов «Қазақ есімдерінің тарихы» атты еңбегінде осы баршын мата атауы тек әйелдерге есім ретінде қойылғанын атайды. Әйел адамдарға қойылған есімдер құрамы орта ғасырда, әсіресе XV-XVIII ғасырларда ерекше дами түскенін келтіреді: «Бұл кездерде ертеден келе жатқан дара тұлғалы есімдерге жаңа сөздер қосу арқылы біріккен тұлғалы есімдер жасау дәстүрі күшейген-ді. Біріккен тұлғалы әйел есімдеріндегі ең көрнекті тәсіл «гүл» сөзін қосу арқылы есім жасау. Бұл тәсіл арқылы жасалған есімдер өте көп» [20, 5 б.]. Мұнда аталып өткендей, әйел адамдарға қойылатын Баршын және Гүлбаршын есімдерінің түпкі шығу тегі «гүл» және «баршын» (барчін – жібек) мата атауынан бірігіп жасалғанын айғақтай түседі.

Жалпы қазақ эпостық жырларындағы негізгі кейіпкерлердің есімдері осындай екі сөзден бірігіп жасалғанын, оның шығу тегіне тереңдегенде көбіне ер адам есімдерінің мансаптық, басқарушылық белгілерге бағытталған болса, ал әйел есімдерінде көбіне жоғарыда атап өткеніміздей гүлге теңеу, олардың нәзіктігін, сұлулығын бағалы маталардың атауымен одан әрі әрлендіре түсу мақсаты байқалады. Бұл ойымызды Ә.Қоңыратбаев да растайды. Ол «Алпамыс батыр» жырындағы Гүлбаршын есіміне тоқтала отырып, бұл есімнің этимологиясы түрлі негіздерге байланысты қарастырылатынын келтіреді: «Оны парчин (парча – мата атауы) деп ұғынатындар бар, қыздардың сұлулығын, нәзіктігін гүл, жібекке теңеу түркі тайпаларында кең етек алған үрдіс десек, бұл пайымдауының негізі болуға тиіс. Бірақ антропонимдік тұлғадағы көне атауды бір ғана эпитет деңгейінде ұғыну жеткіліксіз болар еді» [21], – дей келе, екінші жағынан, географиялық тұрғыдан алып қарастырғанда, Сыр бойындағы баршын элементі арқылы жасалған кентастар және гидронимиямен байланыстырған.

Баршынкент қаласының атауы «баршын және «кент» деген екі сөзден құралғанына назар аударсақ, мұндағы *кент* сөзіне Ә. Қоңыратбаев былайша сипаттама беріп өтеді: «Ортағасырлық топонимдердің компоненттерінде «кент» сөзі жиі қолданылған. Мысалы: Шымкент, Жаркент, Узкент т.б.» [20, 170 б.].

Қазақ совет энциклопедиясында: «Баршынкент оғыз тайпаларының сәулетті бір қаласы болған. Абұлғазының көрсетуінше, оның Баршын аталуы Оғыз еліне даңқы жайылған жеті қыздың бірі – Гүлбаршынның атымен байланысты» [22, 176 б.], – деп келтіріледі.

«Оңтүстік Қазақстанда қалалар мен елді-мекендер әсіресе X-XIII ғасырларда Қарлұқ дәуірінде, одан кейін X-XII ғасырларда Қараханидтер мемлекеті кезінде дамығаны тарихтан белгілі. Бұл кезде пайда болған қалалар: Отырар (Фараб), Исфиджаб (Сайрам), Барчыкен. Осындай қала атауларынан Сайрамбай, Баршын, Фараби тәрізді кісі аттарының жасалғаны мәлім. Жер-су аттарынан жасалған мұндай кісі аттары әсіресе орта ғасырда мол болған» [20, 169-170 бб.], – деп орта ғасырлық қала атауларының негізінде кісі аттарының туындағанына негіздейді.

Қорытынды.

Сонымен, деректерде, зерттеушілердің еңбектерінде Бархин (П. Карпини), Барчканд (Жамал Карши), Барчинлигкент, Барчканд, Барчкенд (Ә. Дербісалиев), Барчин (Жошы теңгелерінде), Ба – эр – чи – ли – Хань, Ба – эрчжень (қытай транскрипциясы бойынша), Барчынлыгенд (Барчкенд), Барчынлыген, Хышт – қала, Баршын, Баргент (В.В.Бартольд), Барлычгенд (К. М. Байпақов), Барчынлыгент (Жирмунский), Бархалигкенд (П. Лерх), Барчынлыгент, Бархалыгкент, Барчинлыкент (В.А.Каллаур), Баргенд, Барчынлыгенд (А. И Маленин), Баршынкент (Ә.Марғұлан) Ә. Қоңыратбаев, С. Жолдасбайұлы, Т. Мәмиев) аталған қалалардың барлығы бір қаланың әртүрлі аталуы (аты). Ал зерттеушілердің еңбектерінде Кыс – Қала, Гыш – Қала (В. А. Каллаур), Хышт – кала (В. В. Бартольд) Қыз кала (Археологическая картаКазахстана), Қыш төбе (С.П. Толстов), Қызтөбе (К. М. Байпаков), Қышқала (Ә. Қоңыратбаев), Баршынкент (Т. Мамиев) деп атаған қаланың орны қазіргі Қышқалаға сәйкес келеді.

Біз қазіргі Қышқаланың орнын ортағасырлық Баршынкент қаласымен баламалаған Т. Мәмиевтің пікіріне қосыла отырып, өз тарапымыздан айтарымыз: біріншіден, П. Карпини Бархин қаласы Жанкентпен Асанас қалаларының аралығында орналасқан деп дұрыс көрсеткен; екіншіден, бұл қаланың орналасқан жері, тарихи құрылымы Ж. Карши болған мекен Барчкандқа сай келеді. Барчкандпен Баршынкент екеуі бір қаланың аты.

Бұдан шығатын қорытынды, орта ғасырларда Сырдарияның төменгі ағысындағы атақты қалалардың бірі болған Баршынкент қаласы атауына талдау жасайтын болсақ, бағалы мата атауларын әйелдерге есім ретінде қою және сол есімдердің эпостық жырлардағы кейіпкерлерге, қала атауына берілуі немесе керісінше Ә. Қоңыратбаев атап өткендей, қала атаулары негізінде кісі есімдерінің пайда болуына әсер етуі әбден мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Путешествияв выстогные страны Плано Карпини и Гильомаде Рубрука. Серя: Путешествия. Прикулечения. - Алматы: Ғылым, 1993 – 248 с.

2. Лерх П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. – СПб., 1870 С. I – X, примечания и приложения 1 – 39 с.

3. Каллаур В. А. Дервние города Сыганак (Сунак), Ашнасили Эшнас (Асанас) и другие в Перовском уезде, разрушенные Чингис ханом в 1219 году // Прортоколы заседанийи сообшений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко – культурные памятники Казахстана / Авторы предисловия и составители Елеуов М., Бахтыбаев М. М. – Туркестан: «Туран», 2011. – 447 с.

4. Каллаур В. А. Древние города иселения (развалины) в Перовском уездев долинер.р Сыр – Дарьи и Яны – Дарьи // Прортоколы заседанийи сообшений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко – культурные

памятники Казахстана / Авторы предисловия и составители Елеуов М., Бахтыбаев М. М. – Туркестан: «Туран», 2011. – С. 283-290.

5. Каллаур В.А. Древние города, крепости и курганы на реке Сыр – Дарье, в восточной части Перовского уезда // Прортоколы заседанийи сообшений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко – культурные памятники Казахстана / Авторы предисловия и составители Елеуов М., Бахтыбаев М. М. – Туркестан: «Туран», 2011. – С. 239 – 246. 31 августа 1901.

6. Жирмунский В.М. Следы огузов в низовьях Сыр-дарьи// Тюркологический сборник, I. М.-Л.: 1951. – С.184-191.

7. Бартольд В. В.Кистории орошения Туркестана // соч - М.: Наука, 1965. –Том III. – С. 97 – 236.

8. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алма – Ата, 1950. – 122 с.

9. Марғұлан Ә. Х. Шығармалары. Құраст. Д. Ә. Марғұлан, Д. А.Марғұлан. – Алматы: Алматы – Болашақ баспасы, 2011. – Т. 9. – 472 б.

10. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және Туркология – Алматы, 1987. – 368 б.

11. Қоңыратбаев Ә.Қ. Жент және Баршынкент // Қоңыратбаев Ә. Көп томдықшығармалар жинағы. – Алматы: Мер Сал Баспа үиі, 2004. – Т. 2. Түріктану және шығыстану мәселелері. – 518 б.

12. Археологическая карта Казахстана. – Алма – Ата, 1960. – 449 с.

13. Жолдасбайұлы Сәйден Жетісу тарихы (XVI-XVIII гг).Тарихи және полеоэтнлогиялықзерттеу. – Алматы: Қазақ университеті, 1996. – 300 б.

14. Мәмиев Тәңірберген. Кейінгі ортағасырдағы Арал өңірі қалалары (XIII – XVIII ғ.ғ) 07. 00. 06. – Археология тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның автореферaты. Қазақстан Республикасы. – Алматы, 2004. – 34 б.

15. Байпаков К. М. Огузы, туркмены и селджуки в городах Жетысу и Южного Казахстана // Известия НАН РК. Серия обущественных наук. –(253). – Январь – февраль 2007 г. – С. 35-61.

16. «Қызылорда облысы Сырдария ауданындағы Қышқала қалашығына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу қызметі» тақырыбы бойынша 2018 жылы атқарылған ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы есеп (аралық). –Алматы, 2018. - 94 б.

17. Әбсаттар Дербісәлі. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи – филологиялық зертеу). – Алматы: Рауан, 1995. – 111 б.

18. История Казахстана в персидских источниках. Джамал ал – Карши ал – мулхакат би – с- сурах. Iтом. – Алматы: Дайк – Пресе, 2005.

19. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

20. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991. – 279 б.

21. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 279 б.

22. Қазақ совет энцкциклопедиясы. I том. – Алматы, 1972. – 640 б.

УДК 391.745/749

Егизбаева Меруерт Карпыковна[1] Айнур Кыдыргалиевна Бейсегулова[2]

[1] к.и.н., Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби
[2] магистр Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г.Алматы, пр. Аль-Фараби 71, 050040

КАЗАХСКАЯ ЮРТА И ТРАДИЦИОННОЕ МИРОВОЗЗРЕНИЕ КАЗАХОВ

Аннотация

Адамтектес және жануартектес түрде жасалған су тасуға арналған көзелердің ең бір қызық түріне Талғардан табылған екі бірдей бүтін көзені жатқызуға болады. Олар өзен құмы қосылған қоспадан қалыпта айналдыра отырып жасалған, сыртынан қызғылт бояумен көмкерілген. Бірінші көзенің биіктігі 65 см алмұрт пішінді болып келеді (бүйірі 40 см) және мойыны ұзартылған (биіктігі 25 см, диаметрі 10 см) түрі адамның басына ұқсастырылған; оның мұрыны тік, көздерінде-батпақ сақина (сақталмаған, қасының орны-қара түсті сызық, ауызы әйнек тәрізді шлактың бөлігімен жасалған. Мойын өрнегі ағындысымен қоса 3 түсті бас киім немесе тәжге ұқсастырылған, ол әйнек тектес шлакпен, көрсетіле отырып көзге қымбат бағалы тасты елестетеді. Иілген тұтқасы өрілген бұрымды елестетеді. Су тасығыш ыдыстардың денесінде үш рельефті қылқан жапырақ бумасы тәріздес симметриялы етіп орналасқан. Олар, негізінен мойынға тағатын әшекейді, ал екі тіс тәріздес әшекей – киім өрнегі тәріздес етіліп орналастырылған [5, 269-б.].

Екінші көзе ыдыстың мойыны бар, әрі ол тасбақаның басы тәріздес етіліп өрнектелген. Көзе ыдыстар өзіне ұқсастықты, ең алдымен «қарлұқ» заманының қыш ыдыстарынан табады, оларда қолдан жасалған үшбұрышты жолақтары бар.

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, зоо және антроморфтың бұл ыдыстар дінге табынушылық мақсатқа қызмет еткен. Ас үй көзелерінің төртінші түріне кең цилиндр пішінді мойыны бар, өрнектері әртүрлі – үшбұрышты, доғалы етіп таралған, сыртқы жағына қарай ойыстырыла жасалған су тасығыш ыдыстар жатады. Мойынынан сәл төменіректе көлденең тұтқа бекітілді. Оның төменгі бөлігі барып, сәйкесінше тарамдалған жіпше тәріздес етіліп орналастырылды, мойыны өрнектермен жалғасын тауып отырды.

Көзелердің бүйір қабырғасының табылған сынықтарына қарағанда, мұндай су тасығыш ыдыстардың денесі тік немесе ирек сызықтарды араластыра отырып,-«жүгірген толқын», «шыршаны» бейнелейді, үшбұрыштың түрлерін араластыра отырып жасалған мұндай қысқа сызықтар таңба немесе ою арқылы орналастырылған.

Ыдыстардың енді бір түрі – құмыра тәріздес су тасығыш ыдыстар (құмыралар). Олардың денесінің төменгі жағы үрленген тәріздес, тік ауызы қусырылып, кейде сыртына қарай майыстырыла орналасады. Мұндай су тасығыш ыдыстар қиыршық тасты құм мен сазды топырақтан жасалған қоспадан дайындалып, сырты сары түсті бояумен көмкерілген. Кейбіреулерінде кептірген екендігін айқындайтын іздер бар. Бір немесе екі жалпақ тік тұтқасының жалғасқан жерлерінде саусақпен жапсырылған іздер байқалады. Мұндай су тасығыш ыдыстар Шу атырабындағы Баба-атаның VIII-X ғғ. жататын қабатында бар.

Қақпақтар. Қақпақтардың табылуы сирек кездеседі. Талғар қалашығында сыртқы бетіне торлы өрнек салынып әсемделген қақпақтың сынығы табылды.

Қақпақтардың ең бір кең таралған түрі диаметрі 25 см болып келетін, ұсақ тастан әзірленген қоспадан жасалғаны. Ортасында конус тәріздес немесе соңырауқұлақ тәріздес жапсырылған тұтқасы болады. Беті зооморфтық өрнектермен бейнеленген қақпақтар да кездеседі. Қақпақтың сырты көбіне қызғылт бояумен көмкерілген болып келеді, кейде шет жағында қолмен басып салынған өрнектер немесе маркалар кездеседі. Әлі күнге дейін ыдыстардың сирек кездесетін түріне құтылар жатады.

Ыдыстардың ең бір кең тараған түріне кесе мен ақ жұқа қабатты етіп жасалған табақтар жатады. Оның астына түссіз етіп қорғасын құйған. Қыштардың осы түріне жататын бұдан ертедегі түрлерінде қара, қызыл және қоңыр түсті жылтыратылған, сыланған суреттер болған.

Өрнектердің композициясы негізінен былайша құралған: негізгі өрнек сызығы әдетте 3 см дейін болады да оның барлық бөлігінің 5-ші бөлігін алып жатады. Ол жоғары жағында құяр аузында орналасады. Онда араб әріптері мен жазылған жазулар болады. Олар куфи әдісімен және керамикалық курсивпен жазылады. Әдетте кесенің бүкіл беті бос, яғни өрнексіз болады. Тек дәл ортасында шырмауық, дөңгелек немесе үтір белгісі болады.

Қыш бұйымдары жеңіл белгілермен оларды үйлестіре отырып салынды. Ортасынан басталып өсімдік бұтағы тәрізді жасыл түсте боялған өрнегі бар қыш бұйымдары да кездеседі.

Көзелердің негізгі тобын түссіз етіп құйылған қызыл түстегі қыш бұйымдары құрайды. Оларға өрнектер ақ немесе қара бояумен салынды. Ою-өрнек элементі ретінде ақ нүктелер, жазу мен әріпті өрнектерге толтырылған медальдар қолданылды. Түссіз жылтыратылған қыш бұйымдарында қара түсті және ақ түсті сызықтармен өсімдік түрлерін, геометриялық әдіспен келтіре отырып өрнектелген бұйымдар да кездеседі. Араб жазулары бар кеселер де кездеседі. Жасыл және қоңыр түсті құйма етіп жасалған ыдыс түрлері де бар [6, 265-б.].

XII ғ. мен XIII ғ. басындағы құйылмалы қыш бұйымдарына бөлшек өрнектер тән. Ол кесенің, табақтың, тәрелкенің барлық бөлігінде болады. Бірақ крестик тәрізді етіп бөліктерге бөлінген. Үшбұрышты және төртбұрышты етіп жасалған композициялар да кездеседі. Бұрынғыға қарағанда жылтырата салынған өрнегі бар түрлері көптеп қолданылады. XII ғ. белофондық қыш өндірісінде негізгі әрекет ретінде қоңыр-қызыл бояумен, кейде қызыл және қоңыр бояу жағылған кішкене табақшалар қолданылды. Табашқа оның түбінің барлық бөлігін немесе оның ішкі бөлігін алып жатады. Жасыл немесе қоңыр-қызыл түсті жылтыратыла құйылған жылтыр қыш бұйымдар тарала бастады. XII ғ. ортасы – XIII басындағы уақыт жаңа тенденциялардың пайда болуымен ерекшеленеді. Шеберлер қыштың түрімен ерекшелік белгілерін жаңартуға тырысқан. Оның маңызды топтарына қоңыр түсті бояумен боялған қыштар жатады. Осы өрнектің әсерінен бұйым бетіне салынған ою сызықтары арқылы оның қалыңдығын жасырады. Осы әдіс «қор» техникасы арқылы (оюлары орнында, бояу өшірілген) Шығыс Жерорта теңізі, Кавказ аймағында, Қырымда соңғы Моңғол кезеңінде таралды. Ою өрнекті сызықпен ұқсастыра салған түрдегі суреттер металлды безендіруде еліктіре байланысты таралды. Сонымен қатар ойдан шығарылған өрнектерден бас тарту элементтері де кездеседі. Олар локальдық топтарға бөлініп, әртүрлі түстегі таңба ретінде орныға бастады [7, 158-б.].

Өрнектердің сызықтарының жіңішкелігі жылтырата нақышына келтіріп әсемдеудің аса белгілі техникасымен үндестік табады, ал өрнектердің әрекеті-жылтыратылмаған қоспадан жасалған ыдыс сыртындағы өрнектерде жатыр. Мұндай қыш бұйымдар XII ғ. ортасына дейін өмір сүрді. Осы уақыттағы керамика өткен уақыт керамика бұйымдарының дәстүрін жалғастырды. Бұрынғы бұйымдар әлі де қолданыс тауып отыр және олардың дайындалу тәсілінде, безендірілуінде айтарлықтай өзгерістер байқалмайды. Көк немесе аспан түсті, сонымен қатар қошқыл-жасыл, батпақ түстес және сары түсті құйма ыдыстар пайда бола бастады. Сондықтан, осы үш кезеңде де Іле атырабы мен оның маңындағы керамика бұйымдарының жасалуы ең алдымен Шу және Талас атырабымен, Ферғана және Оңтүстік Қазақстанмен тығыз байланыста екенін көруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нуржанов А.А. Исследования средневекового городища Кастека // Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук. – №6 (298). – Алматы, 2015. – С. 99-109.

2. Заднепровский Ю.А. Археологические работы Южной Киргизии в 1954 г. // Труды Киргизской археолого-этнографической экспедиции. – М.: изд. АН СССР, 1960. – Т. II. – С. 225-226

3. Нуржанов А.А., Тулегенов А.К. Средневековый Кастек на Великом шелковом пути // Средневековая археология волга-Уралья. Сборник научных трудов к 65-летнему юбилею Ф.Ш. Хузина. РФ. Казань: Институт археологии им. А.Х. Халикова АН РТ. 2016. – С. 45-54.

4. Байпаков К.М. Раннесредневековые города и поселения Северо-восточного Семиречья // Новое в археологии Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1968. – С. 76-81.

5. Нуржанов А.А. Средневековый Кастек // Материалы Международной науно-практической конференции «Маргулановские чтение 2014» посвященной 110 – летию со дня рождения Академика А.Х. Маргулана. Алматы – Павлодар 2014. – С. 268-291

6. Агеева Е.И. Общий обзор находок // Труды ИИАЭ АН КазССР / Археологические исследования на северных склонах Каратау. – Алма-Ата: АН КазССР, 1962. – Т. XIV. – С. 260-276.

7. Распопова В.И. Гончарные изделия согдейцев Чуйской долины // Труды Киргизской археолого-этнографической экспедиции. – М.: АН СССР, 1960. – Т. IV. – С. 158-167.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ
TEACHING HISTORY

Апашева Сабира Нурбаевна[1], Бухарбаев Мурат Сапарович[2]

[1]Сырдария университетінің кафедра меңгерушісі тарих ғылымдарының кандидаты,
sabira66_66@mail.ru
[2]Сырдария университетінің 2курс магистранты

ОРТА МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ САБАҒЫНДА ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Ғылым мен техника жетістерінің педагогика мен оқыту салаларына жылдамдықпен енгізілуіне байланысты «ескірген» дәстүрлі білім беру жүйесін жаңартылған, сыннан өтіп жатқан заманауи педагогикалық технологиялармен алмастырудың педагогикалық шарттары мен мүмкіндіктерін анықтаудың маңыздылығы заман талабы болып табылуда. Сол аталмыш педагогикалық технологиялардың қатарына диалогтік оқыту технологиясы да енері сөзсіз. Диалогтік оқытуды талдамас бұрын бұл оқыту технологиясының негізінде диалог жататындығын айта кетіп, диалогтің мәні мен мазмұнын анықтап алсақ. Түрлі түсіндірмелік-анықтамалық оқулықтарды «диалог» сөзін «екі адам немесе екі жақ арасындағы келіссөздер немесе келісімдер» деп келтірілген. Яғни, оқыту процесінде тек педагогтің сөзсімен ғана емес білім алушылар арасында, біздің тақырыбымыз бойынша оқушылар мен мұғалім арасында, кейіннен оқушы мен оқушы арасындағы пән тақырыбын талдау, пікір-таластар ұйымдастыру, дөңгелек үстел, т.с.с. тәсілдерді сабақта кеңінен араластырып қолдану-осы аталғандардың негізінде диалогтік оқыту технологиясы жүзеге асырылады.

Қоғамның дамуының қазіргі кезеңі, елімізде болып жатқан түрлі өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, оқытушы іс-әрекетін жаңаша ұйымдастыруды талап етеді.

Қазіргі заман диалогтар заманы. Қазірде бар адамның ой-тұжырымы тыңдалады. Барлық мәселелер диалогқа түсу арқылы шешіледі десек қателеспейміз. Сондықтан диалогты оқыту процесіне енгізудің тәжірибелерін сыннан өткізу біздің педагогикалық тәжірибелеудің негізгі нысаны. Қазақстан тарихы сабағында диалогтың бір бөлшектерін сабақ кезеңдерінде қолдануға оңтайлы.

Мақалада орта мектеп жағдайында Қазақстан тарихы сабағында диалогтік оқытуды қолданудың педагогикалық негіздері қарастырылған.

Кілт сөздер: инновация, педагогикалық технология, диалог, диалогтық оқыту, интерактивтілік, сократтық диалог

Apasheva Sabira Nurbaevna[1], Bukharbayev Murat Saparovich[2]

[1]The head of the Department of Syrdarya University is a candidate of historical Sciences.
sabira66_66@mail.ru
[2]Magistrant of the 2nd year of Syrdarya University

THE PEDAGOGICAL BASIS FOR THE USE OF DIALOGIC LEARNING THE LESSONS OF HISTORY OF KAZAKHSTAN IN TERMS OF HIGH SCHOOL

Abstract

Due to rapid introduction of scientific and technological developments in pedagogy and education, it is relevant to determine the pedagogical conditions and opportunities for replacing the “outdated” traditional education system with aprobated modern pedagogical technologies. Undoubtedly, the technology of interactive learning is one of such pedagogical technologies. Before proceeding with the analysis of dialogue learning, it is important to define the essence and content of a dialogue. In various explanatory textbooks, the word "dialogue" is referred to as "negotiations or agreements between two people or two parties." In this regard, it is clear that dialogue in the learning process does not consist only of the teacher’s explanations, but also includes discussions among students, between students and teachers for the purpose of analyzing the subject of the lesson. In our opinion, extensive use of the abovementioned interactive learning technologies leads to achievement of dialogue techniques in the lessons. The current stage of development of society, various changes taking place in the country require a new approach to the educational system.

The present time is the time of dialogues. Now everyone's opinion is welcomed and important. It is important to emphasize that there is no issue that could not be resolved through a dialogue. Therefore, testing the experience of introducing dialogue into the educational process is the main form of our teaching practice. In the lessons of the history of Kazakhstan, it is best to use specific parts of the dialogue.

The article discusses the pedagogical basises of use of dialogic teaching of the history of Kazakhstan in secondary school.

Key words: innovation, pedagogical technology, dialogue, dialogic teaching, interactivity, Socratic dialogue.

Апашева Сабира Нурбаевна[1], Бухарбаев Мурат Сапарович[2]

[1]Заведующий кафедрой университета Сырдария, кандидат исторических наук.
sabira66_66@mail.ru
[2]Магистрант 2 курса университета Сырдария

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРИМЕНЕНИЯ ДИАЛОГИЧЕСКОГО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ СРЕДНЕЙ ШКОЛЫ

Аннотация

В связи с быстрым внедрением научно-технических достижений в педагогику и образование актуальным является определение педагогических условий и возможностей для замены «устаревшей» традиционной системы образования, апробированными современными педагогическими технологиями. Несомненно, технология интерактивного обучения - одна из таких педагогических технологий. Прежде чем приступить к анализу диалогового обучения, скажем, что эта технология обучения основана на диалоге, и давайте определим сущность и содержание диалога. В различных пояснительных учебниках слово «диалог» упоминается как «переговоры или соглашения между двумя людьми или двумя сторонами». То есть в процессе обучения не только слова педагога, но и среди учащихся, между обучающимиеся и преподавателями, для анализа предмета, организации дискуссий, круглых столов и т.д., согласно нашей теме. Обширное использование методик на занятиях–достигается путём вышеизложенных технологий интерактивного обучения.

Современный этап развития общества, различные изменения, происходящие в стране, требуют нового подхода к образовательной системе обучения.

Нынешнее время - время диалогов. Сейчас приветствуется мнение каждого. Можно с уверенностью сказать, что все вопросы можно решить путем диалога. Поэтому проверка опыта внедрения диалога в учебный процесс - основная форма нашей педагогической практики. На уроках истории Казахстана лучше всего использовать отдельные части диалога.

В статье рассмотрены педагогические основы использования диалогического обучения истории Казахстана в средней школе.

Ключевые слова: инновация, педагогическая технология, диалог, диалогическое обучение, интерактивность, сократический диалог.

Кіріспе. Дәстүрлі білім беру монологтік сипатқа ие болып, адамды келесідей тұжырым астында қарастырады: оқушы-ол таза парақтай, ол парақты жазбаша мағлұматтарымен толтыру керек. Оқушы қаншалықты жазбаша мәліметтермен толтырылған болса, соншалықты ол білімді саналады.

Қазақстан тарихы курсы бойынша дайын мағлұматты берудегі тағы бір мәселе: мағлұматты берудегі оның өзгергіштігі: жыл сайын еліміздің тарихына қатысты жаңа оқиғалар мен белгісіз тұлғалардың, мән-жайлар туралы мәліметтер қосылуда. Ал, егер біз оқушыны «қатып қалған» белгілі бір шаблонда ғана оқытатын болсақ дайын мағлұматпен ғана шектелсек онда оқушының информация ағымы заманындағы жаңа дүниені меңгеру, ұғынуды кешеуілдейді. Өйткені шынайылылықтың құбылмалы заманында мағлұматты бізірізділіпен топтастыру арқылы оқушыларға дайындап жеткіземін дегенше мағлұмат өзгереді. Сондықтан да Қазақстан тарихы сабағын жаңа инновациялық технологиялар, оның ішінде диалогтың оқыту технологиясын ұсынылады.

Диалог-сабақтың өз деңгейінде өтілуіне әсер ететін оқу құралдарының бірі. Егер адам оңай диалогқа түсе алатын болса, адамда ғылымилық қабілеті бәсеңдейді, алдына міндеттер қою, іздену, ой-бөлісу іспеттес қабілеттері төмен болады. ең бастысы өзгенің ой-тұжырымдарын тыңдай және сол пікірлерді қабылдау іспеттес маңызды қасиеттер байқалмайды.

Диалог дегеніміз бұл оқушылар арасындағы өзара ой алмасу. Оқушы сабақтың тақырыбына сәйкес өз ойын білдіреді, пікір-талас немесе дебат ретінде сабақ жүргізіледі, соңынан оқушы басқаның ойын құрметтеуді үйренумен бірқатарда сабаққа деген, ізденуге деген ынта-ықыласы арта түседі. Сонымен қатар қазіргі заманауи педагогикалық технологиялардың басты мақсаты-оқу үрдісінде оқушылардың өз бетінше білім ізденуіне жол ашу болса, диалогтік оқыту технологиясының да мақсаты-оқушының ізденімпаздығын өз бетінше іс-әрекеттері арқылы дамыту.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде мұғалім мағлұматты беру қызметімен шектелсе, диалогтік оқыту жүйесінде мұғалімнің басты қызметі-оқушының өз бетінше білім алуына, ізденуіне оңтайлы жағдай жасау. Осы міндеткерліктердің барлығы сабақ барысында диалог негізінде жүргізіледі. Мұғалім оқушылардың топтасып пікір-таласқа немесе диалогтың басқа да тәсілдері арқылы өтілетін сабаққа деген оқушының ықыласын арттырып, оқушының өз қалауымен ізденімпаздыққа, жаңа нәрсені үйренуге итермелейтіндей сабақты ұйымдастыра білуі талап етіледі.

Диалогтік оқытудың тағы бір артықшылығы-психологиялық жағы. Адам топтасып өмір сүретін әлеуметтік тұлға екені белгілі. Адам психикасы топтасып өмір сүруге бейімделген, топтасып іс-әрекет етуге де үйренген. Сонымен бірге Маслоу қажеттіліктер пирамидасы бойынша да бір топтың мүшесі болуы адамның маңызды қажеттіліктерінің бірі екенін ескерсек, дәл осы диалогтік оқыту сол қажеттілікті қанағаттандыра алады деп айта аламыз. Өйткені, диалогтік оқыту барысында сынып оқушылары екіге немесе үшке, тіпті кейде төртке ажырап, өзара топтасып дебат,

пікір-таластар немесе диалогтар ұйымдастырады. Топтасып жұмыс жасау тәсілі оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, топішінде ортақтасуға, өзара тіл табысуға да әсер етеді.

Диалогтық оқыту технологиясы-білім алушылар мен оқытушының шешімді бірге іздеуін, оқыту процесінде өзара белсенді тілдік қатынаста болуын, бір-бірінің пікірін, ойын, көзқарасын сыйлауға, құрметтеуді қажет ететін жаңа инновациялық амал-тәсіл. Диалогтық оқыту технологиясы-білім алушылар мен оқытушының шешімді бірге іздеуін, оқыту процесінде өзара белсенді тілдік қатынаста болуын, бір-бірінің пікірін, ойын, көзқарасын сыйлауға, құрметтеуді қажет ететін жаңа инновациялық амал-тәсіл.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Ғылыми жариялымның мақсаты- Қазақстан тарихы сабағында диалогтік оқытуды қолданудың әдістерін теориялық және әдіснамалық тұрғыдан талдау, педагогикалық эксперимент жүргізу арқылы салыстырмалы түрде анализ жүргізу, өзіндік тұжырымдар мен ұсыныстар жасау.

Мақаланы жазу барысында келесідей ғылыми әдістер қолданылды:

1) зерттеудің жалпы-логикалық әдістері: анализ және синтез, жүйелілік, аналогия;

2) эмприкалық зерттеу әдістері: салыстыру, бақылау, сипаттама жасау. Зерттеудің мәселесі, мақсаты мен мәндеттері зерттеудің келесідей **әдістері**н таңдап алуға негіз болды, ол әдістер келесідей:

1.Теориялық әдістерге:

- Зерттеу тақырыбы бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық, әдіснамалық әдебиеттерді талдау;
- Қазақстан тарихы пәніне арнайылған (негізделген) оқу бағдарламалары мен стандарттарын, оқу-әдістемелік кешендеріне анализ жасау, озат педагогикалық тәжірибені байыту.
- Оқылым әдістерін саралау.
- Бақылау;
- Тестілеу;
- Диагностикалық-тестік байқау жүргізу;
- Тәжірибелік жұмыстар нәтижелерін статистикалық өңдеу;
- Қорытындылау.

Талқылау. Диалогтік оқытудың педагогикалық мүмкіндіктері мен жолдары, тәсілдері туралы зерттеушілер қатарына келесі авторларды атай аламыз: И. А. Зимняя, В. Болотов, Н. И. Волков, Р. Джонсон, Дж. Спиро, Д. Джонсон, Е. В. Коротаева, Н. А. Морева, В. В. Рубцов, А. Ю. Уваров, Р. Л. Хон, Г. А. Цукерман.

Диалогтік оқыту технологиясының оқыту процесіндегі кезеңделуіне тоқталған И. Зимняя оқытудың диалогтік түрін орта мектепте ұйымдастырудың келесідей бірізділікті сақтауды ұсынады:

-оқу материалымен оқушыларды немесе білім алушыларды таныстыру.

-оқу материалының өзекті мәселесін анықтау, оқушылардың немесе білімгердің алдына көкейтестілігі басым мәселені алға тарту.

-оқу материалының өзекті, бүгінгі күнде шешімін табуды талап ететін мәселені оқушыларды топтастыру арқылы шешу жолдарын қарастыру.

-оқытудың ақпараттық технологияларына негізделген сабақ.

-оқушының өзіндік ойлауына, эмоция-сезімі мен іс-әрекеттеріне өзіндік бақылау жасауы.

Диалогтың педагогика саласында қолданылу мүмкіндіктері мен шарттарын зерттеушілер қатарына: М. М. Бахтин, Л. А. Беляева, В. С. Библер, М. Бубер, Г. Буш, М. С. Каган, Е. И. Казакова, Т. Б. Казачкова, М. В. Кларин, И. А. Колесникова, Е. В. Коротаева, Ю. Н. Кулюткин, С. Ю. Курганов, Л. М. Лузина, М. Н. Певзнер, А. П. Тряпицына атап өтуімізге болады.

ТМД аумағындағы педагогтардың ішінде психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде диалогтік оқыту мәселесіне арналған зерттеулер саны жеткілікті. Оларға:

-қарым-қатынастың педагогика саласындағы алар орны мәселесін зерттеушілерге: Б. Г. Ананьев, А. А. Бодалев, Л. С. Выготский, Б. Ф. Ломов, А. В. Петровский;

-педагогикалық психология саласында өзара байланысқа негізделген педагог пен оқушының, оқушы мен оқушының қарым-қатынасының педагогикалық үрдістегі алатын ролін зерттеушілер қатарына: В. А. Кан-Калик, А. В. Мудрик, В. А. Сухомлинский;

-оқушы мен оқушы арасында, ең бастысы оқушы мен педагог арасындағы педагогикалық қарым-қатынастағы диалогтың маңыздылығын зерттегендер қатарына: А. К. Маркова, Т. К. Мухина, Г. А. Цукерман.

-диалогтік оқытудың мәні мен мазмұнына қатысты анықтамалық-терминдік тұстарын анықтағандар қатарына: М. М. Бахтин, М. А. Глушенко, Г. М. Кучинский.

-орта мектепте, жалпы білім беру мекемелерінде диалогтік оқытудың енгізудің педагогикалық шарттары мен мүмкіндіктерін зерттеген қатарына: Т. А. Ильина, М. В. Каминская, Е. В. Коротаева, С. Ю. Курганов, В. Ф. Литовский, Е. Л. Мельникова, С. Л. Рябцева.

Келесі бір зерттеуші Е.А. Зайцева оқу диалогының оқушының дамуы мен тәрбиеленуіндегі ролі мен маңыздылығын анықтауға тырысып, сабақ барысында сабақ пен оқу үрдісіне емес, баланың ішкі жан дүниесіне назар аударуды ұсынады. Бұл дегеніміз, диалог жасауда (сабақ үстінде) оқушының диалогқа деген ынтасы мен ықыласы, диалог тақырыбына, талқыланып жатқан мәселеге деген құштарлығын бақылау арқылы ғана диалогтік оқыту технологиясы зор жетістіктерге әкеледі деп сенеді.

Қазақстандық авторлардан Г.В. Мустакимова диологтік оқытудың келесі бір түрі веб-семинар сабағында ЖОО шеңберінде диалог арқылы оқытудың тиімділіктері мен ерекшеліктерін анықтаған. Дегенмен, автор диалогтік оқыту

арқылы шет тілі мамандығы білімгерлерінің қарым-қатынасқа түсу арқылы тіл біліктілігін арттырудың педагогикалық шарттарын қарастырған.

Отандық авторлардың тағы біреуі Мукаева А.Т. орта мектепте жаратылыстану пәндері бойынша оқушының танымдық және интеллектуалды дамуына сабақ барысында диалог элементтерін қосудың артықшылықтарын атап өтіп, автор әңгімелесу мен диалог арасындағы ұғымдарды біріктірді де, сабақ барысында оқушылар мен мұғалім арасында диалог жүргізу арқылы өтілетін сабақтың келесідей артықшылықтарын атап өтті:

-тақырып бойынша жеке ой-тұжырымдардың қалыптасуына түрткі болады.

-оқушы өз серікігінің ойын есту арқылы басқаның өзіндік ой-тұжырымдары барлығын түйсіне алады.

-оқушылардың өз ой-тұжырымдарын өзі түсініп, диалог арқылы басқаға дәлелдермен жеткізуге көмектеседі.

Енді, әдістемелік тұстарына келсек, сабақ барысында диалогтік оқытуды қолданудың педагогикалық шаралары жөнінде зерттеген авторлардың бірі А.Д. Король болатын. Автор сабақ барысындағы дәстүрлі оқытуда тек мұғалімнің өзі сөйлеп, сабақ монолог ретінде өтілгендігін, бұл оқушының бір бағытта ғана білімді меңгергендігін, яғни тек «білімді қабылдаушы» қызметін атқарғандығын атап өтіп, қазіргі заманауи педагогикалық технологияларға негізделген диалогқа негізделген сабақтың артықшылықтарын бізге жеткізе отырып, диалогтік оқытуда ең алдымен сабаққа мақсат пен міндеттерді қою және сол мақсаттарға қол жеткізуде диалогқа, яғни коммуникацияға негізделген сабақ механизмдерін жеке-жеке қарастыру керектін ескерткен.

Келесі зерттеуші Е.И. Санина диалогтік оқытудың түрлері, Сократтық диалогтың маңыздылығы, Танымдық диалогтың маңыздылығы, танымдық диалог пен сократтық диалогтың ерекшеліктері мен ұйымдастырудағы айырмашылықтары, диалогтік оқытудың формалары, диалогтік оқытуда табысқа жетудің педагогикалық шарттарын зерттеген.

Нәтижелер. Диалогты оқыту үрдісінде қолданудың өзіндік шарттары мен тәсілдері бар. Жоғарыда айтқанымыздай «диалог-бұл екі адамның немесе екі тұлғаның арасындағы қарым-қатынас стилі». Осы іспеттес қарым-қатынасты оқыту үрдісінде қолданудың өзіндік ережелері мен механизмдеріне тоқталсақ.

Е. В. Коротаева интерактивті оқыту негіздерін зерттеген әдіскер болғандықтан, осы аталмыш автордың диалогтік оқытуға қатысты тұжырымдарына және де интерактивті оқыту мен диалогтік оқытуды бір технология деп қарастыруын атап өткеніміз жөн болар. Автор диалогтік оқытудың сабақ барысында қолданылуына қарай екі түрге ажыратуды ұсынды, оларға:

-диалог-имитация.

-талқылаушы диалог (Коротаева, 2008: 22-26).

Диалог екі адамның арасындағы әңгімелесу. Дегенмен қарапайым диалог пен оқу диалогының арасында көптеген айырмашылықтар бар. Қарапайым екі тұлғаның арасындағы диалогтың мақсаты мен міндеті, белгілі бір тақырыпты ашу, белгілі бір мәселенің нәтижеленуі үшін талдау жасауға бағытталмайды, қарапайым диалог ешбір реттеусіз, басқарусыз, бақылаусыз-ақ жүріп жатады, ал, оқу диалогының жағдайы өзгешелеу. Қарапайым диалогпен салыстырғандағы оқу диалогының келесідей басты айырмашылықтары мен өзгешеліктері бар:

-оқу диалогында мұғалімнің ролі маңызды. Мұғалім сабақты диалогтық оқытуға негіздеп жобалайды, өзі басқарады.

-оқу диалогының алдына мақсаттар мен міндеттер қойылады. Жалпы сабақтың алдына мақсат пен міндеттер қойылғандықтан оқу диалогының алдына да мақсат та, міндеттер де қойылады. Диалогқа негізделген сабақта оқушыларға белгілі бір тақырыпты жеткізу, ұғындыру басты мақсат етіліп қойылғандықтан, сабақтың алдына арнайы (белгілі бір) міндеттер де қойылады.

-оқу диалогының белгілі бір тақырыпты егжей-тегжейлі диалог арқылы анықтау үшін талдау жұмыстары жүргізіледі. Ал, қарапайым диалог бей-берекет ешбір ретсіз тақырыпты талдау үшін емес, көп жағдайда ой бөлісу мақсатында жүріп өтеді.

-оқу диалогы бір сабақта бір тақырыпты ашуға бағытталғандықтан, уақыты шектеулі. Ал, қарапайым диалогта уақыт шектеулігі жоқ, кез-келген тақырыптан тақырыпқа (диалогқа түсушілердің еркі бойынша) ауысып отыруына мүмкіндіктер бар.

-оқу диалогы жоспарланады. Қарапайым диалогқа қарағанда оқу диалогы бір сабаққа жоспарланады, оқу диалогының басы бар, аяғы бар. Қалай жүріп өтетіндігін мұғалім егжей-тегжейлі жоспарлап, жобалайды (Чижов, 2015: 71).

Қазақстандық авторлардан Г.В. Мустакимова диологтік оқытудың келесі бір түрі веб-семинар сабағында ЖОО шеңберінде диалог арқылы оқытудың тиімділіктері мен ерекшеліктерін анықтаған. Дегенмен, автор диалогтік оқыту арқылы шет тілі мамандығы білімгерлерінің қарым-қатынасқа түсу арқылы тіл біліктілігін арттырудың педагогикалық шарттарын қарастырған (МУСТАКИМОВА, 2016: 68-71).

Дәстүрлі білім берудің басты мәселесі-оның монолог түрінде ұйымдастырылуында. Дәстүрлі білім берудің мазмұны алдыңғы білім тәжірибесін оқушыларға тек жеткізумен шектеледі. Білімді осы іспеттес жеткізу келесі оқу құрылымдарын ескермейді:

-мақсаттарды.

-мазмұн-мағынасын.

-оқушылардың жеке ерекшеліктерін.

Оқушыларға тәжірибе емес, тек мағлұмат жеткізеді, ал өз басынан өткізілмеген мағлұмат «бөгде» мағлұмат болып, оқушының қабылдауы екі талай жағдайға айналады. Оқушыларға тарихи заңдылықтар, тарихи оқиғалар,

заңнамалар мен жарлықтар дайын түрде ғана ұсынылады да, оқушылар ол тарихи оқиғалар туралы мағлұматтарды ғана жинақталады.

Дәстүрлі білім беру монологтік сипатқа ие болып, адамды келесідей тұжырым астында қарастырады: оқушы-ол таза парақтай, ол парақты жазбаша мағлұматтарымен толтыру керек. Оқушы қаншалықты жазбаша мәліметтермен толтырылған болса, соншалықты ол білімді саналады (Давыдова, 2008: 8-9).

Келесі бір зерттеуші Е.А. Зайцева оқу диалогының оқушының дамуы мен тәрбиеленуіндегі ролі мен маңыздылығын анықтауға тырысып, сабақ барысында сабақ пен оқу үрдісіне емес, баланың ішкі жан дүниесіне назар аударуды ұсынады. Бұл дегеніміз, диалог жасауда (сабақ үстінде) оқушының диалогқа деген ынтасы мен ықыласы, диалог тақырыбына, талқыланып жатқан мәселеге деген құштарлығын бақылау арқылы ғана диалогтік оқыту технологиясы зор жетістіктерге әкеледі деп сенеді (Зайцева, 2014: 167).

Қазақстан тарихы сабағын дәстүрлі білім беру жүйесінде де оқушыларды тарихи оқиғаларды меңгеруге деген қызығушылығын оятуға болады, дегенмен де дәстүрлі білім берудің келесідей кемшіліктері алға тартылады:

1. Қазақстан тарихы сабағын дәстүрлі білім беру жүйесінде оқытуда тарихи оқиғалар алдын ала дайындалған немесе теріп-жинақталған информация түрінде оқушыларға ұсынылады. Енді тарихи оқиғаларды арнайы жинақталған білім бойынша меңгеру нәтижесінде оқушылар шығармашылық тұрғысынан және сыни тұрғысынан ойлану қабілеттелігі қалыптаспайды (дамымайды).

2. Қазақстан тарихы курсы бойынша тақырыптар оқушыларға дайын түрде бере салынса (ұсына салынса) оқушылар өз бетінше ізденбесе, кішігірім ғылыми зерттеулер жүргізілбесе, мағлұматтарды өз бетінше меңгермесе оқушылардың ғылыми-ізденушілік қабілеттері қалыптаспайды, оқушы дайын информацияны «тұтынушы» қызметін атқарады.

3. Тез қарқынымен дамып жатқан ғылыми жарылыстар заманымен бір мезетте дамуға итермелейтін жеке тұлғалық қасиеттер мен қабілеттерді Қазақстан тарихы сабағынан дайын инфорамацияны алу арқылы дамытуға септігін тигізеді ме? Жоқ, әрине.

Сабақ үстінде дайын мәліметтерді ұсыну келесідей теріс әсерінің де бар екенін айта кетейік:

-сабаққа деген оқушылардың ынта-ықыласы мен қызығушылығы азаяды.

-оқушылар өз ой-пікірін бөлісу арқылы мәселені талқылау қабілеті бәсеңдейді.

-сабақты меңгеру дәрежесі төмендейді.

-оқушылардың ғылыми-ізденушілік қасиеттерін жояды.

-оқуға деген мотивациясын болдырмайды.

-сабақты тек мазмұнын жатттап алуға итермелеп, курстың мағыналық-құрылымдық жағын меңгеруге кері әсерін тигізеді.

-оқушының танымдық іс-әрекеттерінің дамуына түрткі болмайды (Белова, 2002: 148).

Қазақстан тарихы курсы бойынша дайын мағлұматты берудегі тағы бір мәселе: мағлұматты берудегі оның өзгергіштігі: жыл сайын еліміздің тарихына қатысты жаңа оқиғалар мен белгісіз тұлғалардың, мән-жайлар туралы мәліметтер қосылуда. Ал, егер біз оқушыны «қатып қалған» белгілі бір шаблонда ғана оқытатын болсақ дайын мағлұматпен ғана шектелсек онда оқушының информация ағымы заманындағы жаңа дүниені меңгеру, ұғынуды кешеуілдейді. Өйткені шынайылылықтың құбылмалы заманында мағлұматты бізірізділікпен топтастыру арқылы оқушыларға дайындап жеткіземін дегенше мағлұмат өзгереді. Сондықтан да Қазақстан тарихы сабағын жаңа инновациялық технологиялар, оның ішінде диалогтың оқыту технологиясын ұсынылады (Абакумова, 1997: 3-5).

Қазіргі заман диалогтар заманы. Қазірде бар адамның ой-тұжырымы тыңдалады. Барлық мәселелер диалогқа түсу арқылы шешіледі десек қателеспейміз. Сондықтан диалогты оқыту процесіне енгізудің тәжірибелерін сыннан өткізу біздің педагогикалық тәжірибелеудің негізгі нысаны. Қазақстан тарихы сабағында диалогтың бір бөлшектерін сабақ кезеңдерінде қолдануға оңтайлы (Писарева, 2008: 47).

Қазақстан тарихы сабағында диалогтық оқыту технологиясын пайдаланудың педагогикалық эксперимент бойынша біз оқушыларға талқылаушы және анық-қанығына көз жеткізуші сауал қою арқылы сабақты ұйымдастырудың тиімділігін байқадық.

Қазақстан тарихы сабағындағы диалог-оқушы мен мұғалім арасында немесе оқушы мен оқушы арасында жүргізіліп, диалог арқылы келесі қызметтер атқарылады:

-мағлұмат беру.

-интерактивтілік.

-перцептивтілік (Иванова, 1992: 102).

Сабақта қолданылатын диалог түрлерінің ішінде «оқушы-мұғалім» арасындағы диалогы кеңінен тараған. Оқушымен мұғалім арасындағы диалог арқылы оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына жол ашады. Ал, оқушы мен оқушы арасындағы диалог арқылы оқушының өз бетінше білім алып, өзі жинақтаған (алған) біліміне өзі баға беруіне, оқу іс-әрекеттерінің дамуына мүмкіндік туады. Мұғалім мен оқушы арасындағы диалогты «тікелей диалог» деп атаймыз. Тікелей диалогта жетекші ролді мұғалім алып, мұғалім диалогты бастайды, анықтаушы және талқылаушы сұрақтар қояды, диалогтың бағыт-бағдарын беріп отырады.

Тікелей диалогқа қарама-қайшы диалог түрін-кері диалог деп атап, мұнда басты роль оқушының өзіне беріледі. Оқушыға алдын ала сабақ тақырыбы беріледі де сабақ барысында анықтаушы, талқылаушы сұрақтар оқушы қояды. Қазақстан тарихы сабағы бойынша әрбір тақырыпты өткенде оқушының сұрақтар қойып, талқылауда сол оқушының өз бетінше ғылыми ізденімпаз тұлға болып қалыптасуына жол ашатын мүмкіндік береді (Коротаева, 2013: 146).

Сабақта жиі қолданылатын диалогтың келесі түрі-оқушы мен оқушы арасындағы диалог. Бұл диалогтың түрі оқушылардың ауызбіршілігінің қалыптасуына түрткі болады.

Тікелей диалогтың мүмкіндіктері:

-оқушының сабаққа деген мотивациясын арттырады.

-мұғалім сабақты қалағанша бағыт-бағдарын бағыттай алады.

-пән тақыраптарынан бөлек пәнаралық тақырыптардың меңгерілуіне жол ашады.

-оқушының ойлану, қиялдану, есте сақтау іспеттес танымдық іс-әрекеттерін дамытады.

Десек те, тікелей диалог дәстүрлі білім беру жүйесіне ұқсас келеді, өйткені оқу үрдісін мұғалім бақылап, басқаруы дәстүрлі жүйеге сәйкес келеді. Сонымен қатар тікелей диалогта мұғалім оқулық пен білім стандарттарына сүйенген күйде тақырып бойынша белгілі нәтижеге қол жеткізуді көздейтін мақсаттар қоюы да дәстүрлі білім беруге ұқсас (Иванова, 2017: 40).

Тікелей диалогтың басты кемшілігі-оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының азаюы, өйткені сабақ барысында дәл дәстүрлі білім беру жүйесіндегі оқу-танымдық іс-әрекеттер қайталанылады. Мұғалім тікелей диалогта арнаы басты жоспарға сүйене отырып, сабақты ұйымдастырапды. Тікелей диалогта оқушы тек тыңдаушы қызметін атқарғандай болып оқушы көп жағдайда өз тұжырымдарымен бөлісуді доғарады. Осылайша, тікелей диалог жағдайында, яғни оқушы-«бағынышты» немесе «жауап беріп «тыңдаушы» ролінде, ал мұғалім «басқарып-бағыттаушы» ролінде оқушының өз ойы бар жеке тұлға ретінде қалыптасуына, сабаққа қатысты ынта-ықыласының артуына, кері әсерін тигізеді.

Тікелей диалогқа қарама-қарсы әдіс бұл кері диалог. Кері диалог бойынша әрбір оқушыға жеке индивид ретінде қарап, өз бетінше іздену, өз бетінше ойлану арқылы оқушыны дамыту көзделеді. Егер тікелей диалогта оқушыны білім салатын (жинақтайтын) «құмыра» ретінде қаралса, кері диалогта оқушыны өзі білімділікке бейім (жинақталған) тек сол білімді тәжірибе жүзінде шығару керек деген ұстаным алға тартылады. Оқушыны өз бетінше ғылыми ізденімпаздыққа және білім алуға итермелеп, сәйкесінше жағдай жасау үшін оқушыға өз ілімімен, сәйкесінше жағдай жасау үшін оқушыға өз ілімімен бөлісе алатын, басқаның да көзқарасын ескеретін диалог ортасы қажет. Оқушы диалог арқылы өз дүниетанымындағы элементтермен бөліседі, басқаның пікірлерімен де санасуға үйренеді. Осы іспеттес кері байланысқа негізделген диалогтық оқытуды-кері диалог деп атаймыз (Бренифье, 2016: 128).

Қазіргі білім беру жүйесінде жаппай білім беруге емес әрбір оқушыға жеке-жеке қарап тұлға қалыптастыру басты мақсатқа айналып отыр. Қазақстан тарихы сабағында оқушының өз сыныптасының немесе өз мұғалімінің әрбір тақырып бойынша ой-толғауларын диалог арқылы түйсінуі мен содан өзіндік ойлау және өзіндік тұжырымдарға (көзқарастарды) иелену жолдары жасалуда. Сол үшін де диалогтық оқытудың басты әдіс-тәсіліне оқушыға сұрақ қоюдың маңызды екенін де атап өтейік. Оқушыларға Қазақстан тарихы сабағында бір-біріне немесе мұғалімдерге сұрақ қою жиі тәжірибеде қолданылса оқушы кері диалогта жақсы меңгеретін болады (Иванова, 2016: 134).

Кері диалогта «оқушы-оқушы» және «оқушы –мұғалім» бағытында диалог жүргізіліп, диалогты талқылаушы және анықтаушы сұрақтармен оқушы бастайды, сондай-ақ бүкіл педагогикалық процесс оқушының тұлға ретінде қалыптасуына негізделеді. Кері диалогтың педагогикалық мүмкіндіктері келесідей:

1. Оқушы сұрақ беру арқылы ойлау, ойлану жүйесі дамиды.
2. Оқушының өз құрдастарымен және де мұғалімімен оңтайлы қарым-қатынасқа түсуі арқылы оқушы бойынша білім алуға деген мотивациясы дасиды (Санина, 2011: 108-109).

Енді, 5-сынып Қазақстан тарихы жаңартылған оқыту бағдарламасы бойынша зерттеу және анықтаушы сұрақтарының бірнешеуіне тоқтала кетейік:

I. Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі.

1. Алғашқы адамдардың түр-әлпеттерін сипаттап берудің мүмкіндіктері ***бар ма?***
2. Алғашқы тас дәуірі адамдарының тұрғын үй ретінде үңгірлерді таңдау себебі ***қандай?***
3. Қазақстан аумағындағы археологиялық ескерткішдің сипаты ***қандай?*** (сипаттама).
4. Ежелгі адамдардың тұрмыс-тіршілігінде қолданған қару түрлері ***қандай?***
5. Мезолит дәуірінде басты шаруашылық өзгеріс ***неде?***
6. ***Қай*** кезеңде Қазақстанда жылқы қолға үйретілді?
7. Қола дәуірі мен тас дәуіріндегі ескерткіштердің басты айырмашылықтары және бұл айырмашылықтардың туындау себептері ***қандай?***

II. «Ежелгі көшпелілер өмірі» бөлімі бойынша:

1. Темір дәуірінің басты жаңалығы мен адамдар өміріндегі өзгерістер ***қандай?***
2. Көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің ұқсастықтары мен басты айырмашылықтарын атаңыздар.
3. Көшпелілердің баспанасыныг сипаттамасы ***қандай?***

III. «Сақтар» бөлімі бойынша.

1. Тиграхауда сақтары ***қайда*** өмір сүрді?
2. Сақтар туралы қазақстандық археологтардың басты жаңалықтары ***қандай?***
3. Есік қорғанынан табылған Алтын Адамның әлемдік өркениеттегі үлесі ***қандай?***
4. Сақ тайпаларының мәдениеті мен дүниетанымындағы еерекшеліктері ***қандай?***

Жоғарыдағы сұрақтарда «қандай?», «не?», «қайда?», барма?» сияқты сұрақтар қойылғанын байқай аламыз.

Кері диалогтағы оқушының сұрағында білім жатыр, оқушының әрбір сұрағы білігіне сүйенуіміз керек. Оқушының сұрағы оқушының өз-өзіне бақылауына сүйенеді, өйткені оқушы өзі мәселені сезініп, ішкі түйсіктеріне

негіздеп сұрақтар қояды. Оқушының сұрағы оқушының шығармашылық қабілеті мен оқушының ішкі жан дүниесіне сүйенеді (Суфиянов, 2006: 66).

Король А.Д. оқушының қоятын сұрағын педагогикалық тұрғыдан «қол жетілген білімділіктің жартысы» деп, шығармашылық қабілеттерінің белгісі деп тұжырымдайды. Автор бойынша кері диалогтағы қойылатын сұрақтың келесідей қызметі бар:

-шығармашылық қызметі.

-өз-өзіне бақылау жасау қызметі.

-адамгершілікті қалыптастырушы қызметі.

-дүниетаным мен құндылықты дамытушы қызметі.

-танымдық қызметі (Король, 2013: 83-88).

Кері диалог барысында Қазақстан тарихы сабағында сұрақтың бірізділігі де сақталғаны жөн. Оқушы мәселе бойынша сол мәселені растап немесе жоққа шығаруда бірізділікті, алдын ала дайындалған сұрақтарды топтастырады. Оқушы дайындайтын сұрақтардың келесі түрлерін де ажырата аламыз:

-ойлануға шақыратын сұрақтар. Сабақ тақырыбы мен мазмұнын кеңінен анық-қанығына жетуге итермелейтін сұрақтар.

-сыртқы немесе тысқары сұрақтар. Сабақ тақырыбынан тысқары немесе өткен тақырып бойынша мәселенің байланыстылығын анықтауға бағытталған сұрақтар.

-шығармашыл сұрақтар. Бір пән көлемінде емес бірнеше пәннің өзара байланысын анықтауға бағытталған шығармашыл сұрақтар.

Кері диалогтың көмегімен оқушылардың тек сабаққа қызығушылығы артуымен бір қатарда өзінің пәніне деген және коммуникативті құзыреттілігі қалыптаса түседу, соңында оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік туады. Кері диалог келесідей сұрақтардың қойылуына негізделеді:

-«қандай?».

-«қай?».

-«неліктен?».

Әрбір сұрақ оқушының белгілі бір танымдық күйіне байланысты. Мәселен, «қай» сұрағы тарих сабақтарында жиі қолданылатын сұрақтың бірі. Кері диалогта «оқушы мен мұғалім» бағытында сауалнама қою арқылы сабақ жүргізілетіндігін жоғарыда айтқан болатынбыз. Қазақстан тарихы сабағында мұғалім тақырыпты меңгеруге алдын ала жеке-жеке шешілуі тиім мәселе ретінде оқушыға алдын ала ұсынылады (Кудашов, 1999).

Оқушылар сабақ тақырыбы бойынша мәселелерді топтастырып сол мәселелер бойынша қойылатын сұрақтарды жинақтайды. Мұғалім сабақ тақырыбын ұсынып, мемлекеттік бағдарлама бойынша басты мәселелерді ажыратып алады. оқушы ***«қандай?», «қай?»*** және ***«неліктен?»*** сұрақтарына негіздей отырып, сабақ тақырыбы бойынша дайындалып оқушы мен мұғалім арасында диалог ретінде сауалнама жүріп өтеді.

Сұрақтардың келесі түрі-мұғалім мен оқушылардың арасында сабақ тақырыбы бойынша өзекті мәселенің дұрыстығын не бұрыстығын анықтауға түрткі болатын сұрақтар.

Сұрақтардың келесі түрі «неге» деген сұраққа жауап іздейтін тарихи оқиғаның себеп-салдарын анықтауға көмектесетін сұрақ.

Кері диалогта мұғалімнің де, оқушының да өз ролі бар. Мұғалімнің ролі диалог процесін ұйымдастыруда болса, оқушының ролі сұрақ қойып, мәселені егжей-тегжейлі анықтау және зерттеу жүргізілуінде.

Кері диалогты оқыту процесіне енгізуді зерттеушілер қатарындағы Хуторский А.В. бұл аталған процесті кезеңдерге ажыратты. Кері диалогтың бірінші процесінде оқушы тақырыппен танысады. Сабақ тақырыбына қатысты мәселемен танысу оқушының өз бетінше тұжырымдауы мен ізденуіне мүмкіндік береді, ал дәстүрлі білім беру жүйесінде болса оқушыға дайын, жүйеленген білімді ұсынылады. Кері диалогта дайын мағлұматтардың орнына шынайылылықты анықтау үрдісі жүріп жатады. Әрбір оқушы мәселен Қазақстан тарихы сабағында бірінші орында зерттеуші қызметін атқарады.

Хуторский бойынша кері диалогтың екінші кезеңінде оқушылар өзі таныған сабақ тақырыбына сәйкес қол жеткізген тұжырымдаманы қазіргі өмірлік шындыққа сәйкес келе ме, жоқ па соны салыстырады. Ғылым мен білім саласындағы жетістіктер ескерілген күйде оқушы өз ұсынысының шындыққа жанасатыны немесе жанаспайтынын сараптан өткізіп қана қоймай, өзгенің тұжырымдарына құлақ асуға да үйренеді (Абакумова, 1998: 3-5).

Хуторский бойынша кері диалогтың үшінші кезеңінде салыстырып сыннан өткізілген мәселені байыту жүзеге асырылады. Дәстүрлі білім беру жүйесімен салыстырғанда кері диалог арқылы жинақталған білім мен тұжырымдар кеңірек, әрі тереңірек сипатқа ие. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білім «дайын» түрде ұсынылып, оқушылар жаттап алуы мүмкін, бірақ информацияны ұғыну үрдісі болмайды.

Оқушы кері диалогтың ең соңғы сәтінде өзіндік тұжырымдары бар, өзіндік ұсыныс айта алатын «тұлға» болып қалыптасуы мақсатқа сай. Ал, оқушының өзіндік тұжырымдарының болуы мен өз бетінше ұсыныс айта алуы үшін оқушы бойында шығармашылылық, ізденімпаздық және ұйымдастырушылық қабілеттер болуы талап етіледі.

1. Шығармашылық оқушының өз ойының болуы, оқушының ойы мен эмоциясының сәйкес келуі, сезімталдығы, қиялшылдығы, эмоцияның ұшқырлығы және т.б.
2. Ойлау қабілеттері-кез-келген тарихи оқиғаның себеп-салдарына қатысты сұрақ қоя алуы, мәселе бойынша өз бетінше ойлана алуы, ойдың ұшқырлығы.
3. Ізденімпаздық қабілеттері-іздену, үйрену, жаңашылдықты тани білу, алдына мақсат қойып, сол мақсатқа жете білу, өз жұмысында, өз ойы мен тұжырымдарына кемшіліктерді аңғара білу.

Оқушылар Қазақстан тарихы сабағында жоғарыда аталған үш қабілеттерді диалогтық оқыту арқылы дамыту мүмкіндіктері зор. Диалогтың оқыту да, әсіресе кері диалогқа негізделген сабақта оқушы алдымен ой қозғаушы сұрақтардан, кейіннен талқылаушы сұрақтармен жалғастырылады. Оқушы өзін қызықтыратын сұраққа жауап ала отырып, өзі оқитын немесе зерттейтін мәселе жөнінде алғашқы түсінік алады. Келесі екінші кезекте оқөушының алған алғашқы түсініктеріне қосымша оқулықтар мен оқу құралдары бойынша сол мәселе төңірегіндегі зерттеулер мен мағлұматтар талданады, осы мақсатта оқушы мен мұғалім арасында диалог жүргізіледі. Кейіннен сәйкесінше оқушы өзі алған өзіндік алғашқы түсініктер мен оқулық-оқу құралдарындағы материалдардың сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі көз жотырып, оқушы басқаның тұжырымдарын қабылдауды үйренеді. Нәтижесінде оқушы өзі алған жинақтаған білімді қайта қарастырады немесе тереңінен талдап, қабылдайды. Осы жоғарыда көрсетілген Қазақстан тарихы сабағында кері диалогты оқытудың 3 кезеңі басты сұраққа оқушының жауап ізденуіне бағытталған, ол сұрақтар:

-«нені зерттеймін?».

-««қалай» мен зерттеймін?» немесе «мен «қалай» зерттеу жүргіземін», тарихи оқиға мен тарих саласындағы әдебиеттерде, оқу құралдарында қалай сипатталған?

«неліктен», «неліктен мен зерттейтін» тарихи оқиғаға байланысты, менің түсініктерім мен оқу құралдарындағы мәліметтер сәйкес келмеді (Дүйсенбаева, 2011: 55).

Осы аталған сұрақтар оқушының ойлануына, креативтілігі мен шығармашылық, ізденімпаздыққа итермелейді, ең бастысы тарихи оқиғаларды ғылыми таным негіщінде сұрыптай алуға үйретері сөзсіз. Ғылыми танымда белгілі бір мәселені ерекшелеп алып ол мәселе сипаттама жасалса, екінші кезеңде сол мәселенің қасиеттерінің арасындағы байланыстар ажыратылады, кейіннен ең соңынан сол мәселе жөніндегі ережелер талданады.

Кері диалогты тек Қазақстан тарихы сабағында емес бүкіл оқыту үрдісінде қолдану арқылы оқушының ғылыми тұрғыдан ойлана алдына қол жеткіземіз.

Диалогтық оқытуға негізделген Қазақстан тарихы сабағы.

Тақырыпты бекіту. Қазақстан тарихы сабағын оқытуда кері диалогты қолдану, әсіресе жаңа тарауды оқыту басталғанда өте тиімді. Өйткен, оқушылар жаңа мәселеге сұрақтар қойып, мән-жайын анықтау үшін алғашында белсенділік танытатындығы белгілі.

Дәстүрлі білім беру жүйесінде мұғалім жаңа материалды жеткізуші, баяндаушы ролін атқарса, кері диалогта жаңа материал ұсынылады, ал оқушылар жаңа тақырып бойынша өз сұрақтарын қойып, мәселені, яғни жаңа тақырыпты өзі зерттейді. Мәселен, 5-сынып Қазақстан тарихы сабағында «Сақтар» тарауына келгенде оқушылар Сактардың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы мен өмір салтына қатысты сұрақтарды топтастырып, алдын айтқандай «неге?», «қандай?», және «қай? Деген сұрақтарға жауапты мұғаліммен диалог арқылы іздейді. Егер пән есте ұстауға бағытталған мағлұматтарға толы болса, ол мағлұматтар ойлануды қажет етпесе онда диалогтық оқытуды қолданбауға болады. Қазақстан тарихы сабағында да диалогтық оқытуды араластырып сабақты ұйымдастыруға болады.

Кері диалогта әдісін қолдануда оң нәтижелерге қол жеткізу келесі жәйттерге байланысты:

-кері диалогты жүргізетін мұғалімнің тәжірибесіне.

-мұғалімнің сабаққа дайындығы мен өзіне деген сенімділік.

-сабақта диалогтық оқытуды қолданылуына, оқушылардың кері диалогпен жұмыс жасап үйренгендігіне.

-Қазақстан тарихы сабағында диалогтік оқытуды пайдалану оқушының белсенділік, емін-еркін қарым-қатынасқа түсе алуды талап етеді.

Кері диалогқа негізделген сабақта тиімділікке қол жеткізу үшін сабақтың алдына мақсаттар қойылады. Дәстүрлі білім беру жүйесінде мұғалім сабақтың алдына дамытушылық, білімділік және тәрбиелілік тұстарын ескереді. Мәселен, Қазақстан тарихы 5-сыныпта «Сақтар» бөлімінің бір тақырыбын оқытқанда «Сақтардың шаруашылғы мен тұрмысы туралы оқушыларға жеткізу, түсіндіру» деп білімділік мақсаты қойылады да мұғалім алдына жаппайлылыққа негізделген мақсат қояды. Өйткені, оқушылардың жеке бас ерекшеліктері ескерілмейді. Себебі, оқушылардың әрқайсысының сабақты қабылдау қарқыны әр-түрлі оқушының сабақ тақырыбына қызығушылығы да әр-түрлі.

Мұғалім сондай-ақ өзін оқушыларға мағлұмат «жеткізуші» қызметін алуда. Сабақ шығармашыл тұрғыда өткізілуі үшін сабақ мақсатын «жеткізу», «түсіндіру» ретінде емес, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашу, оқушының танымдық қабілеттерін арттыру деп қою арқылы диалог арқылы оқыту үрдіріс ұйымдастыру қажет болады.

Оқушының өзі зерттеуші болу үшін және де оқушы оқу үрдісінде өзінің жеке ғылыми өніміне қол жеткізу үшін дәстүрлі білім беру жүйесіндегідей сабаққа қойылатын мақсат нәтиже бермейді. Оқушыны зерттеуші тұлға ретінде қалыптастыру үшін сабаққа қойылатын мақсат өзгеше болуы тиіс. Мәселен, жоғарыдағы Сақтардың шаруашылығы тақырыбы бойынша сабақтың мақсаты ретінде: Сақтардың шаруашылығы мен өмір салтын әрбір оқушы ұғынуына жағдай жасау деп сабаққа мақсат қою құптарлық.

Кері диалогқа негізделген сабақта мұғалім ғана емес, оқушылар да өз алдына мақсат қояды. Бұл кері диалогта сабақты жоспарлаудың бір сатысы болып табылады. Кері диалогқа негізделген сабақ оқушының сұрақ қоюына бағытталғандғын жоғарыда айтқан болатынбыз. Сұрақ қою-оқушының диалогқа түсу арқылы білім алуына мүмкіндік беретін жол (Губайдуллина, 2011: 35).

Қорытынды. Осылайша келесідей қорытынды жасай аламыз:

Біріншіден, Диалог-сабақтың өз деңгейінде өтілуіне әсер ететін оқу құралдарының бірі.

Екіншіден, егер адам оңай диалогқа түсе алатын болса, адамда ғылымилық қабілеті бәсеңдейді, алдына міндеттер қою, іздену, ой-бөлісу іспеттес қабілеттері төмен болады. ең бастысы өзгенің ой-тұжырымдарын тыңдай және сол пікірлерді қабылдау іспеттес маңызды қасиеттер байқалмайды.

Қорыта айтар болсақ, Қазақстан тарихы сабағында диалогты қолданудың артықшылықтарын келесідей тізімге жіктедік:

1. Өзгені тыңдау өзгенің тұжырымдарын қабылдауға немесе өз ұстанымдарын қорғауға үйренеді, өз ұстанымдарын диалогқа түсуші жоқтың ұстанымдарымен салыстыруға, ұжымда жұмыс жасауға, төзімділікке, шыдамдылыққа үйретеді.
2. Диалогқа түсу арқылы оқушы өзінің құндылықтарын анықтай алады. оқушы айналадағы болып жатқан құбылыстарды салыстырып, ажырата алады, оқушы диалог арқылы алдын сабақ үстінде, кейін өмірде мақсат қоюды үйренеді, шешім қабылдайды.
3. Сабақ үстінде оқушылар өз бетінше жұмыс жасауға үйренеді, өз бетінше өз іс-әрекеттеріне баға беруді және алдына мақсат-міндеттер қойып, соларға жету әрекеттерін жобалауды үйренеді.
4. Диалог арқылы оқушы өз құрдастарымен және өз педагогтарымен оқу іс-әрекетіне түсуге үйренеді, оқушы қарым-қатынасқа оңай түсе алатын тұлғаға айналады.
5. Диалог арқылы оқушы алдына мақсаттық болжам қоюды үйренеді.
6. Диалог арқылы оқушы жоспарлауды, өзіне өзі бақылау жасауға үйренеді.
7. Диалог арқылы оқушыда өзі алған біліміне талдау жасауға үйренеді.
8. Диалог арқылы оқушылардың өз бетінше ойлану, қиялдану қабілеттері дамиды.
9. Оқушы сабақ үстінде ізденімпаздық қабілеті дамып, өзі алған мағлұматты сараптап, талдау, сыннан өткізуді, шындыққа жататындығын анықтауға үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Коротаева Е. В. Учебный диалог: технология или искусство? / / Русский язык в школе. 2008. № 4. С. 22-26.*
2. *Чижов С.А. ТЕХНОЛОГИЯ ПРОБЛЕМНО-ДИАЛОГОВОГО ОБУЧЕНИЯ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ// Территория науки. 2015. № 6., 71-73 стр*
3. *МУСТАКИМОВА Г.В. ВЕБ-СЕМИНАР КАК ОДНА ИЗ ФОРМ ДИАЛОГОВОГО ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ//Метеор-Сити.Наука развития. №1/2016.,68-71 стр*
4. *Давыдова Г.И. Рефлексивный диалог преподавателя и студента в процессе обучения//Вестник Московского университета МВД России № 6 • 2008., 8-9 стр*
5. *Белова С.В. Диалог – основа профессии педагога: учебно-метод. пособие. М.: АПКиПРО, 2002. 148 с.*
6. *Зайцева Е. А., Коротаева Е. В. ВОЗМОЖНОСТИ УЧЕБНОГО ДИАЛОГА В ОБУЧЕНИИ И РАЗВИТИИ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА//ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА. 2014., №2., 167-170 стр (Код ВАК 13.00.02)*
7. *Абакумова И.В. Личностные смыслы в образовательном процессе // Методы психологии: Ежегодник Российского психологического общества. Т. 3. Вып. 1. Ростов н/Д, 1997. С. 3–5.*
8. *Писарева Г. А. Диалоговые технологии обучения студентов. – М., 2008.,47 стр*
9. *Иванова С. Ф. Искусство диалога, или Беседы о риторике. Пермь: Западно-Уральский учебнонаучный центр, 1992.,102 стр.*
10. *Коротаева Е. В. Основы педагогики взаимодействий: теория и практика / Урал. гос. пед. ун-т. Екатеринбург, 2013., 146 стр*
11. *Иванова О.Э., Точилкина Т. Г. СОКРАТИЧЕСКИЙ ДИАЛОГ КАК ОБУЧЕНИЕ СОВМЕСТНОМУ РЕШЕНИЮ ПРОБЛЕМ//Azimuth of Scientific Research: Pedagogy and Psychology. 2017. Т. 6. № 3(20)*
12. *Бренифье О. Искусство обучать через дискуссию. Учебное пособие. – М.: Мозаика-Синтез, 2016. 128 с.*
13. *Иванова О.Э. Философская практика как обучение на протяжении всей жизни // Современное обществои власть. 2016. № 4 (10). С. 348-352.*
14. *Е.И. Санина. ДИАЛОГ КАК ОСНОВНОЙ ЭЛЕМЕНТ КОММУНИКАТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ОБУЧЕНИЯ//ISSN 1991-5497. МИР НАУКИ, КУЛЬТУРЫ, ОБРАЗОВАНИЯ. № 6 (31) 2011.108-109 стр*
15. *В.В. Суфиянов, Л.И. Белова,. ДИАЛОГ В ОБУЧЕНИИ КАК ТЕХНОЛОГИЯ РАЗВИТИЯ СМЫСЛООБРАЗОВАНИЯ УЧАЩИХСЯ// ИЗВЕСТИЯ ВУЗОВ. СЕВЕРО-КАВКАЗСКИЙ РЕГИОН. ОБЩЕСТВЕННЫЕ НАУКИ. СПЕЦВЫПУСК. 2006. ISSN 0321–3056.,66-67 стр*
16. *Король А.Д. Как подготовить и провести урок-диалог// ШКОЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ., 04.04.2013.83-99 стр*
17. *Кудашов В. И. Диалогичность сознания как фактор развития современного образования: сущность и специфика взаимосвязи : автореф. дис. . . . д-ра пед. наук / Иркут. гос. ун-т. Иркутск, 1999*
18. *Абакумова И.В. Личностный смысл как компонент личностной модели образовательного процесса // Психология и практика: Ежегодник Российского психологического общества. Т. 4. Вып. 2. Ярославль, 1998. С. 3–5.*
19. *Губайдуллина Г.Н., Педагогиканы оқыту әдістемесі.- Оқулық: Алматы,2011.-35- 37 б.*
20. *Дүйсенбаева А.О., Оқыту процесіндегі диалогтік оқыту технологиясының маңыздылығы//Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Педагогика» сериясы.- №4(27).- 2011.-55-57 б.*

УДК 930.37
МРНТИ 03.01.41

Әбдіғұлова Б. Қ.[1]

[1]*Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Әлем тарихы кафедрасы», п.ғ.д., профессор*
Алматы қ., Қазақстан

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ТАРИХИ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Аңдатпа

Мақалада тарихи пәндерді жаңартылған оқу бағдарламасымен оқытуда пайдаланылатын тиімді әдіс-тәсілдер қарастырылады. Тарихи пәндерді оқытудың басты мақсаты оқушылардың бойында «тарихи тұрғыдан ойлау» дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік беретін белсенді әдіс-тәсілдерді қолданудың қажеттілігі сипатталады.

Жаңартылған тарихи білім беру үдерісінде оқушыларды елжандылыққа баулу, тарихи тұлғалардың өнегелі өмірі мен қызметін дәріптеуге бағдарлау арқылы әлеуметтік белсенді, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға назар аударылған.

Түйін сөздер: білім беру реформасы, рухани жаңғыру, бәсекеге қабілеттілік, білім–құндылық, жүйе, үрдіс, нәтиже, жаңартылған білім мазмұнының моделі, тарих пәнінің оқу- әдістемелік кешені.

Abdugulova B.K, [1]

[1]*d.p.s., professor of the Institute of History and Law at Abai KazNPU,*
Almaty, Kazakhstan

EFFECTIVE METHODS AND TECHNIQUES OF TEACHING HISTORICAL SUBJECTS IN THE UPDATED EDUCATIONAL PROGRAM

Abstract

The article addresses relevant issues of teaching in schools of historical subjects on the updated program , its goals, objectives, requirements, methods and techniques. The application of interactive methods and methods of organizing the educational process are considered at the example of teaching "History of Kazakhstan" and "World History".

Key words: education reform, competitiveness, high-quality education, education is a value, system, process, result, model of the updated content of education, academic and methodological complex on history.

Абдугулова Б. К.[1]

[1] *д.п.н., профессор, Институт Истории и право при КазНПУ им. Абая,*
г. Алматы, Казахстан

ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ В ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКИХ ПРЕДМЕТОВ В ОБНОВЛЕННОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЕ

Аннотация

В статье рассматривается актуальные вопросы обучения в школах по обновленной программе исторических предметов, используемые эффективные методы и приемы. На примере обучения истории рассмотрены применение интерактивных методов и формы организации учебного процесса.

Ключевые слова: реформа в образовании, конкурентоспособность, качественное образование, образование – ценность, система, процесс, результат, модель обновленного содержания образования, учебно-методический комплекс по истории.

Білім беру жүйесіндегі реформалар мектептегі тарихи пәндердің мазмұны мен оқыту әдістері және бағалау тәсілдеріне елеулі өзгерістер әкелді.

Тәуелсіздік жағдайында тарих пәнінің стандартына сәйкес Дүние жүзі тарихы мен Қазақстан тарихының 5-11 сыныптарға арналған жаңа бағдарлама, жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері дайындалды.

Жаңартылған оқу бағдарламасында ««Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытудың басты мақсаты оқушылардың бойында «тарихи тұрғыдан ойлау» дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік беретін түрлі әдіс-тәсілдерді (белсенді және проблемалық оқыту әдістері, жоба әдісі, концептуалды оқыту) қолдану қажет. «Тарихи тұрғыдан ойлау» өткен заманның кез-келген құбылысын сол заманның контекстінде, бұрын болған және кейінгі тарихи оқиғалармен өзара байланысында көру, анықтау, бағалау, талдау қабілетін білдіреді. Бұл қабілетке ие болу

арқылы оқушы өткен тарихқа қатысты білім мен түсінікке негізделген өзіндік дәлелді ұстанымды қалыптастыра алады. Тарихи ойлау дағдылары әрбір сабақта олардың біртіндеп кеңеюі мен прогрессиясы негізінде дамытылуы тиіс»,- деп атап көрсетілген «Әдістемелік-нұсқаулық хат| 2016-2017 оқу жылы» бойынша [1; 2].

Тарихты оқыту процесінде білім алушыны ынталы, қызығушылығы жоғары, дербес, сенімді, жауапты, талдау жасай алуға бағыттайтын оқытудың түрлі формалары:

- мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы оқушыларды ынталандыра және дамыта оқыту;
- оқушылардың білім алуы «оқыту үшін бағалау» арқылы қолдау көрсету;
- оқушыларды зерттеу және зерттеушілік жұмыстарын жүргізуге негізделген белсенді оқытуды ұйымдастыру;
- оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту;
- оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар құрастыру;
- оқушылардың жеке, жұптық, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыруды қолдану ұсынылады [1; 2; 3; 4;5].

Тарих пәнін оқыту үдерісінде мұғалімдер тәжірибесінде жиі қолданылатын оқыту технологияларын қысқаша сипаттайық.

Бүгінгі таңда П.М. Эрдниев дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы, Л.В. Занков, Д.Б.Эльконин, В.В. Давыдов дамыта оқыту технологиясы, Ш.А. Амонашвили ізгілікті тұлғалық технологиясы, М.Чошанов, М.Жампейісова проблемалық-модульды оқыту технологиясы, В.М. Монахов. В.П. Беспалько оқыту технологиясы, Ж.Қараев пен Ж.Кобдикова саралап-деңгейлеп оқыту технологиясына қатысты және басқа да ғалымдар зерттеулер жүргізді.

Жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұнында оқиғалар, фактілерді толық зерделеуден гөрі, оларды пайымдауға ерекше назар аударылып, оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын дамыту көзделген.

Оқушыларға сапалы білім беру үдерісі олардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынып, түсінуі және оны күнделікті өмір тәжірибесінде қолдануға бағытталған. Бұның өзі оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы», яғни кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік жасайды.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) әзірлеген Құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасының аясында, құзырет «жай ғана білім мен дағдыдан анағұрлым күрделі. Ол белгілі бір жағдайларда психологиялық ресурстарды (оның ішінде дағдылар мен өмірлік ұстанымдарын) жұмылдыра және соған сүйене отырып, күрделі міндеттерді шеше білу қабілетін қамтиды. Мысалы, тиімді қарым-қатынас құру қабілеті жеке адамның тіл білуіне, ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына және оның өзгелермен қарым-қатынас құра алуына сүйенетін құзырет болып табылады» делінген.

Осыған сай, «Қазақстан тарихынан» жаңартылған оқу бағдарламаларында оқушыларда қалыптастыруға қажетті төмендегідей құндылықтар мен дағдылар анықталған (1-кесте):

1-кесте. Құндылықтар мен дағдылар

1	Құндылықтар	Дағдылар
2.	шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; - қарым-қатынас жасау қабілеті; -өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; - жауапкершілік; -денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету; - өмір бойы оқуға дайын болу.	сын тұрғысынан ойлау; - білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті; - проблемаларды шешу қабілеті; - ғылыми-зерттеу дағдылары; - қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда); - жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті; - АКТ саласындағы дағдылар береді [3].

2-кесте. Жаңартылған тарихты оқу бағдарламасының ерекшеліктері:

1	бірқатар тақырыптық бөлімдерді ірілендіру арқылы пәннің мазмұны оңтайландырылып, оқушылардың тарихи сана-сезім, ұлттық және жалпы адами құндылықтарды қалыптастыруға көмектесетін материалды оқып үйренуге арналады;	Жаңартылған тарихты оқу бағдарламасындағы тақырыптардың құрылымы мен оқыту біріздiлігі Қазақстан тарихын жалпы қабылданған дәуірлерге бөлу негізінде әзірленген және төмендегідей астарларды қарастырады: - әлеуметтік қатынастардың дамуы; - мәдениеттің дамуы; - мемлекеттің дамуы; - Қазақстанның экономикалық дамуы.

2.	Қазақстан тарихы әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі болғандықтан, пәнаралық байланысты күшейту арқылы, Қазақстан тарихын әлемдік тарихи үдерістер мәнмәтінінде қарастыруға және оқу материалын қосарлаудан аулақ болуға жағдай жасалған;	Жаңартылған тарихты оқу бағдарламасында оқушылардың сабақта зерттеу қызметін ұйымдастыруға баса назар аударылады. Зерттеу қызметін ұтымды ұйымдастыру мұғалім мен оқушының белгілі бір тарихи мәселенің шешімін бірлесіп іздестіру арқылы шығармашылықпен жұмыс істеуі көзделеді. Мұндағы күтілетін нәтиже тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталады, яғни болжам ұсыну, зерттеу үшін сұрақтар құрастыру, дереккөздерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, қорытындылар мен тұжырымдар қалыптастыру, өзіндік ұстанымын анықтау, т.б. Оқытудың мұндай зерттеулік тәсілі оқушыларға сырттай жеке-жеке құбылыстар мен фактілердің арасындағы өзара байланысты және тарихи үдерістің тұтас көрінісін көруге мүмкіндік береді [6].
3	Қазақстан тарихы әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі болғандықтан, пәнаралық байланысты күшейту арқылы, Қазақстан тарихын әлемдік тарихи үдерістер мәнмәтінінде қарастыруға және оқу материалын қосарлаудан аулақ болуға жағдай жасалған;	*Спиральді оқу бағдарламасы* Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «*Білім беру үдерісі*» (1962) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Ғалымның тұжырымдауынша, адамның танымдық қабілеті шартты түрде үш сатыдан тұрады: - белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу); - бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу); - таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу). Джером Брунердің жұмысына негізделген спиральді оқу бағдарламасының негізгі ерекшеліктері: - оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды; - әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі; - жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады [6].

Тарихи пәндерді оқытуда мынадай педагогикалық әдіс-тәсілдер пайдаланған тиімді:

- оқушылардың проблемаларды анықтауда өз ой-пікірлерін айту, гипотеза ұсыну, жоспарлау, зерттеу жүргізу, дәлелдеу қабілеттерін дамытатын ынталандырушы–проблемалық, ситуациялық жағдай туғызу;

- белгілі бір тақырып бойынша «миға шабуыл», «жобалау» т.б. әдістерін ұйымдастыру (проблемаларды табу, әр оқушының идеясын ұсынуы, бүкіл сыныппен талқылау, оны талдау және шешімнің дұрыс нұсқасын қабылдау);

- сабақта оқушылардың белсенділігін арттыратын қоғамдық және құқықтық проблемаларды талқылау;

- ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдануда оқушылардың білімдерін кеңейту үшін мультимедиялық ресурстарды тиімді пайдалану, презентациялардың түрлерін пайдалана отырып, таңдалған тақырыптар бойынша шығармашылық жұмыстар жасау, сандық білім беру ресурстары материалдарын қолдану ұсынылады [1; 2; 3; 4].

Қазіргі уақытта педагогика ғылымында технологиялық тәсілге қызығушылық арта түсті. Өскелең ұрпақтың білім сапасын арттыру мақсатында педагогикалық технологияларды пайдалану талпыныстары көптеген педагогтар мен тәжірибелі мұғалімдердің оқыту және тәрбиелеуді жүйелі, тиімді, ұйымдастыруға деген ұмтылыстарынан туындады [1].

Тарихты оқыту үдерісінде жаңа технологияны пайдалану барысында мұғалім алдымен өзі бір әдіс-тәсілді оқып-танысып, тиімдісін өзінің шеберлігіне қарай іріктеп, таңдайды. Заманауи технологияны ұтымды пайдалануда оқушыға деген көзқарас пен қарым-қатынаста, оны объект деп қарамай, бүгін оны субьект субьект қатынаста қарастыралады. Оқушы дамытушы тұлға ретінде қабылдап, олармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысы осыған лайық өзгерістерге ұшырады.Сөйтіп, қазіргі жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа технологияны енгізудің қажеттілігі туындады.

Тарихи білім беру үрдісінде пайдаланылатын педагогикалық технологияның түрлері:

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы – бұл кез-келген мазмұнды сынау емес, оны зерттеу, бақылау, талдау, әртүрлі стратегиялар арқылы өзінің ойлау негіздерін сыни тұрғыдан дамыту.

Тарихты оқытуда сыни ойлау - сенім («Не нәрсеге/кімге сенуім керек?») мен құндылықтарды таңдау, қандай да болмасын мәселе бойынша барлық сұрақтар қарастырылғанша «сыпайы» түрде күмәндану[5; 6; 7; 8; 9; 10; 11; 12; 13; 14; 15].

Проблема шешуде қолданатын ойлау - жүйелі талдауды қажет ететін ойлау процесі, мұнда бұрынғы білім білмейтінді анықтау үшін қолданылады (эвристика). Ойлаудың бұл түрі бақылау, қорытындылау, жалпыламалау, жорамалдау (гипотеза құру) мен оны тексеру секілді әрекеттер іске асырылады. Мәселелер арасында байланыстар анықталынады.

Шығармашылық ойлау проблеманың қиял мен фантазия, елестету арқылы вариациялары көп шешімдерін келтіруге бағытталған.

Кейс стади әдісі - оқытушының креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға, шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды. Ағылшын тілінен аударғанда, «кейс» сөзі «жағдай», «оқиға» дегенді білдіреді. «Кейс» деген сөз жағдаятты (ситуацияны) сипаттауды, суреттеуді білдіреді. Ғалымдардың тұжырымындауынша, ол қандай да бір субъектің (мәселен, ұжым, аймақ, т.б.) тарихын (пайда болуы мен дамуы) және даму нәтижелерін сипаттайды. Белгілі жағдайды талдау – нақты немесе ойдан шығарылған жағдайды терең және бөлшектеп талдауды көздейді.

Ғылыми-педагогикалық еңбектерде ғалымдар кейс стади әдісі туралы төмендегідей пікір білдіреді. Case-study - таңдау жасау мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс болып табылады. Ол нақты ситуацияларды (жағдаяттарды) практикалық тұрғыдан талдау мен оларды өмірде кездесетін түрінде қайталауға, «ойнап» шығуға негізделеді. Кейс-стадиді кейде «нақты оқу ситуациялар әдісі» деп те атайды[11; 12;13; 14;15; 16; 17; 18; 19; 20; 21; 22].

Кейс-стади дегеніміз – кейстерді қолдану арқылы жүзеге асырылатын сабақтың нысаны (формасы).

Кейс-стади әдісі көмегімен өмірде туындайтын проблемаларға жауап іздену арқылы студенттер ертеңгі өмірде кездесуі мүмкін жағдайлар мен мәселелердің дұрыс шешімін табуға жаттығады.

Кейс әдісінің ерекшелігі мен тиімділігі :

- Проблемалық ситуация бір тақырып немесе бір пәннің мазмұнымен шектелмейді, басқа пәндердің проблемалары мен мәселелерімен тығыз байланыста болады. Кейс-стадиде білім алушы пәнаралық байланыстарды табу дағдыларын көрсете білуге жаттығады.

- Оқушылар пән бағдарламасында сипатталған тұжырымдар, идеялар мен тәсілдерді түсінетіндігін, оларды нақты ситуацияны талдау мен ұсыныстар жасау үшін қолдана білетіндігін көрсете білуі қажет. Үйренушілер проблемалық ситуацияны интерпретациялаудың (өзіндік тұрғыдан түсінудің) бірнеше жолы болатындығына дайын болуы керек.

- Ситуацияда бірнеше шешілмеген мәселені, оқушылар бір проблеманың шешімін тапқан соң, басқа да проблемаларды іздестіріп, оларды талдаудың бағыттарын анықтайды.

- Оқушылар өз шешімдері мен ұсыныстарының дұрыстығын дәлелдеу үшін өздерінің жеке тәжірибесінен мысалдар келтіреді [19; 20; 21; 22].

Тарихты оқыту мен білім беру үдерісінде проблемалы оқыту технологиясын пайдаланудың маңызы зор.

Проблемалы оқыту технологиясының негізінде проблемалық баяндау әдісі. Бұл әдістің негізіне оқушыларға проблемалық ситуация жасау арқылы (яғни, проблема қою), проблемалық сұрақтар мен тапсырмалар қою, танымдық тапсырмалар беру және оған оқушының жауап беруге немесе проблеманың болжамын шешуге (әрекет жасауы, жолдарын ізденуі) тырысуы алынады. Бұл әдіс оқушының танымдық-шығармашылық қабілетінің дамуына ықпал жасайды. Оқушылардың шығармашылығы проблемалық ситуациядан басталады (3).

*К*есте-3. Проблеманың шешілу кезеңдері

Жаңартылған бағдарлама бойынша дайындалған мұғалімдерге арналған нұсқаулықта мынадай мәселелер атап көрсетілген.

Ұжымдық дәлелдеу – бірлескен тұлғааралық өзара әрекетті өрбітуге көмектесетін педагогикалық құрал. «Қазақстан тарихы» және «Құқық негіздері» пәндерін оқыту барысында оқушылардың дәлелдеуді қолдану дағдылары (ақпарат дереккөздерін талдау, өздерінің зерттеу нәтижелерін таныстыру және талқылау) сыныптан сыныпқа көшу шамасына қарай күрделеніп отырады. Дәлелдеумен қатар дағдылардың бірі – проблемаларды шешу. Поляның (Polya, 1945) тұжырымдауынша, проблемаларды шешу – бұл:

- шынайы проблемамен айналысу; мәселе туралы болжам жасау, зерттеу және мағынасын түсіну;
- рәсімдерді есте сақтау ғана емес, сонымен қатар, шешімдерді іздеу;
- формулаларды есте сақтау ғана емес, сондай-ақ үлгілерді зерттеу;
- жаттығуларды орындау ғана емес, сондай-ақ болжам жасау[1; 2 ;3].

Оқушыларға өз сөзімен түсіндіруге мүмкіндік бере отырып, мұғалім оларға тақырыпты білуі мен түсінуінің арасында байланыс орнатуға мүмкіндік алады, кез келген қате түсініктерін анықтай алады [14].

Ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, тарихты оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін пайдаланғанда оқушыны субъект тұрғысынан қарастырғанда оқытудың нәтижелі, білімнің сапалы болатындығы және ең басты, оқушылардың пәнге деген жауапкершілігі, қызығушылығы артып, оқушының өз бетінше жұмыс істеуге ынтасы оянып, оқушының ізденушілік-шығармашылық, зерттеушілік қабілеттері артады [4; 5; 6;7; 8; 9].

Деңгейлеп саралау–мұғалімнің де, оқушының да белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған. А.С.Выготский зерттеулерінде: “әр баланың өз деңгейі болатындай, әр балаға берілетін тапсырманың көлемі оның деңгейіне лайықтап беріледі. Әр баланы өзінің даму зонасында жетілдіру керек” деп атап көрсетеді. Деңгейлеп оқытудың тиімділігі мен мүмкіншілігі мол [11, 42].

Деңгейлік тапсырмалардың ауқымы өте кең. Оқулықтағы тапсырмалар мен жаттығулар-өткен ережелер бойынша қайталау, пысықтау, бекіту жұмыстарына арналған жұмыстар жүйесі. Деңгейлік оқыту барысында біліктілікке қол жетеді [11].

Ғалымдар еңбектерінде деңгейлеп оқыту технологиясын енгізудің себебін, оқу ақпараттары көлемінің ұлғауы, оқушыларға түсетін «салмақтың» артуымен байланыстырады[11;12;13;14].

Деңгейлеп оқыту- оқулықтағы ақпараттың азаюы арқылы емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әртүрлігі арқылы жүзеге асырылады. Деңгейлеп оқытудың мақсаты-әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгеруін қамтамасыз етуі болып табылады[6 ; 8].

Дамыта оқыту – жеке тұлғаны жетілдіреді, оның дамуына бағыт беріп, олардың белсенділік, адамгершілік сияқты қасиеттерін қалыптастыруға себін тигізеді. А.С.Выготскийдің “Білім беру тек дамудың алдында болғаны пайдалы болады” деген пікірін ескеріп, оларды дамыта оқытудың бағдарламалық, проблемалық, ақпараттық, т.б. түрлеріне негіздеп күнделікті сабақтың тиімді бөлімдеріне қарай бағдарлап оқыту көзделген[6; 8; 14]. Дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көздеген мақсатында; мәнінде, мазмұнында, дамытудың негізгі факторында, мұғалімнің рөлі мен атқаратын қызметінде; әдіс-тәсілдерінде, оқушының білім алу белсенділігінің түрінде; оқу үрдісінің мүшелерінің әрекеттестік ерекшеліктерінде; олардың қарым-қатынас сипатында, танып-білу үрдісін ұйымдастыру түрлерінде, т.б[6; 8;15].

Модульдік оқыту технологиясы–оқушы өздігінше мақсатты жеке бағдарламамен (толық немесе бөлімдермен) оқитындай етіп оқыту үрдісін өзгертеді, қайта құруға бағытталған.

Модульдік оқытудың мақсаты: оқушының өздігінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту, оқу материалын өңдеудің жекелеген тәсілдері арқылы жұмыс істей білуге үйрену [16;17].

М.Жанпейісованың еңбегі тікелей модульдік оқыту технологиясына арналған [13].

Модульдік оқыту ХХ ғасырдың 60-жылдарында қалыптасып, ағылшын тілді елдерде тез етек жайды.

Модульдік оқыту технологиясы оқушылар өздігінен мақсатты, жеке бағдарламамен (толық немесе бөлімдермен) білім алатындай етіп оқыту процесін өзгертуді және қайта құруды көздейді. Модульдік оқытудың «өзегі» –оқу модулі, яғни бөлім не бөлік. Модуль дегеніміз –қандайда бір жүйенің, ұйымның нықталатын, біршама дербес бөлігі.

Ол: ▪ақпараттардың жиынтығы;

▪оқушы іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан;

▪бағдарламаны табысты жүзеге асыру бойынша берілген мұғалімнің нұсқауларынан тұрады[13].

Топтық оқыту технологиясы – бірлесіп жұмыс істеуге, өз ойын дәлелдеуге, өз пікірін еркін айтуға үйретеді. Ұжымдық іс - әрекетте жұмыс істеуге негізделген..

Жобалау технологиясы. Бұл әдіс білім алушыларға ойша аудиториялардан шығып, талқыланатын мәселе бойынша өз әрекетінің жобасын жасауға мүмкіндік береді. Ең бастысы, топ немесе жекелеген бөлімшелердің өз жобасын қорғайтын, басқалардың алдындағы өзінің артықшылығын дәлелдейтін және достарының пікірін білуге мүмкіндігі болады.

Сонымен, қорыта келгенде, педагогикалық технологияны дұрыс құрастыру оқу-тәрбие процесінің тиімділігін, педагог пен оқушының шығармашылығын арттыруға, жеке тұлғаның өзіндік құндылықтарын, алған білімін жаңа жағдайда өмірлік тәжірибесінде қолдануға себін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.-Астана., 2017.

2 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат.- Астана, 2016. 5-б.

3 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат.- Астана, 2017. 5-б.

4 «Қазақстан тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. 10-б.

5.Чошанов М.М. Гибкая технология проблемно-модульного обучения. - М.: Просвещение, 1996. 158 с.

6.Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекции. Учебное пособие для студентов. –М.: Прометей, 1992. 528 с.

7.Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии.- М.: Педагогика, 1989. 192 с.

8. Кобдикова Ж.У. Орта мектепте білім алуды технологияландыру. –Алматы, 2002. 45 б.

9. Монахов В.М. Аксиоматический подход к проектированию педагогической технологии// Педагогика, 1990. №3. С. 67-69.

10.Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. Учебное пособие для педагогических вузов и ИПК. - М.: Народное образование, 1988. 255 с.

11.Кларин М.В. Педагогическая технология в учебном процессе: Анализ зарубежного опыта. – М.: Знание, 1989.- 80 с.

12. Исаев С.А, Ахметова О.С. Новая образовательная парадигма в системе образования Казахстана // Bulletind'EUROTALENT-FIDJIR,vol.3,2011, Paris, France. –P.75-80.

13. Жанпейсова М. Модульдік оқыту технологиясы. Алматы.,2000.

14. Нағымжанова Қ. М.. Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің психологиялық-педагогикалық негіздері.- Өскемен, 1999.

15. Хуторской А.В. Ключевые компетенции. Технология конструирования// Народное образование, 2003, № 5. С. 55-61.

16. Юсуфбекова Н.Р. Педагогикалық иноватиканың жалпы негіздері: білім берудегі инновациялық процестердің теориясын талдау тәжірибесі.-М.,1991

17. Әбдіғұлова Б.Қ. «Тарихты оқытудағы ақпараттық технология» курсын оқып үйрену жолдары.- Алматы., 2013.100 б.

18. Әбдіғұлова Б.Қ. Тарихты оқыту теориясы мен әдістемесі.-Алматы., 2012. 240 б.

19. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. -М.: Просвещение,1967. 216 с.

20. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. –М., 1977. -380 с.

21. Бұзаубақова К.Ж.. Жаңа педагогикалық технология. (Оқулық) Тараз. ТарМУ,2003.

22. Өстеміров Қ.,АйтбаеваА, Қазіргі білім беру технологиялары, Алматы, 2006.

ӘОЖ 930:(574):[15/20]
МРНТИ:03.20

Қабыл А.Ә[1]., Абдурахманов Н.А[2].

[1]Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының 3-курс докторанты
[2]Шымкент университеті, т.ғ.к.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ XVIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада XVIII-XIX ғасырлар кезеңінде болған ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын оқыту мәселелері туралы баяндалады. Тарихты оқытуда жан-жақты білім беріп ғана қоймай оқушылардың бойында патриоттық қасиеттерді дарытып тәрбиелеуде маңызды орын алатыны белгілі. Оның ішінде XVIII-XIX ғасырлар кезеңінде болған ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын баяндай отырып, жас буын өкілдеріне ұлт - азаттық көтерілістердің отаршылдыққа қарсы сипаты және тарихи мәнін түсіндіру, күреске басшылық еткен тарихи қайраткерлер мен қатысқан тұлғалардың ерлік істерін бағалау, зерттеулік ізденіс жүргізуге бағдар беру, қозғалыс басшылары, көтерілістің барысы жөнінде әдістемелік түрлерін қолдану, және т.б. жұмыс түрлерін жүзеге асырудың маңызы зор.

Кілт сөздер: Отан тарихы, ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы, XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстар, тарихты оқыту мәселелері, оқыту тәсілдері, оқыту формалары.

Kabyl A.A[1]., Abdurahmanov N.A[2].

[1] South Kazakhstan state pedagogical university, 3rd year doctoral of the department of history of Kazakhstan and social disciplines, [2]Shymkent university, Ph.D.

PROBLEMS OF TEACHING THE HISTORY OF THE NATIONAL LIBERATION MOVEMENT OF THE XVIII-XIX CENTURIES IN KAZAKHSTAN

Abstract

The article describes the problems of teaching the history of the national liberation movement in the XVIII-XIX centuries. The history of the national liberation movement is a holistic process. The role of the history of the national liberation movement is closely intertwined with the national, socio-economic, political and spiritual formation of the Kazakh people and its role is very great.

It is known that teaching history plays an important role not only in providing comprehensive knowledge, but also in fostering patriotic qualities in schoolchildren. In particular, to tell the history of national liberation movements in the 18th-19th centuries, to explain to the younger generation the anti-colonial nature and historical significance of national liberation uprisings, to assess the exploits of historical figures and participants, to orient research, the movement of leaders, the use of methodological techniques of the uprising, etc. types of jobs.

Keywords: Domestic history, the history of the national liberation movement, the national liberation movement in the XVIII-XIX centuries, the problems of teaching history, teaching methods, forms of teaching.

Кабыл А.А[1]., Абдурахманов Н.А[2].

[1]Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, докторант 3-курса кафедры История Казахстана и общественных дисциплин, [2]Шымкентский университет, к.и.н.

ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ XVIII-XIX ВЕКА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В статье описаны проблемы преподавания истории национально-освободительного движения в XVIII-XIX в.в. История национально-освободительного движения является целостным процессом. Роль истории национально-освободительного движения тесно переплетается с национальным, социально-экономическим, политическим и духовным становлением казахского народа и его роль очень велика.

Известно, что преподавание истории играет важную роль не только в предоставлении всесторонних знаний, но и в воспитании патриотических качеств у школьников. В частности, рассказывать историю национально-освободительных движений в XVIII-XIX веках, разъяснять подрастающему поколению антиколониальный характер и историческое значение национально-освободительных восстаний, оценивать подвиги исторических деятелей и участников, ориентировать исследования, движения вожди, использование методологических приемов восстания и др. важно выполнять виды работ.

Ключевые слова: Отечественная история, история национально-освободительного движения, национально-освободительного движения в XVIII-XIX в.в., проблемы преподавания истории, методы преподавания, формы преподавания.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Қазақстан тарихына тың деректер мен мағлұматтар қосылып, «ақтаңдақ» тұстар ашылуда. Отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық соғыстардың тарихына объективті баға беруге, қайтадан ой елегінен өткізуге мүмкіндік туды. Осы орайда білім алушыларға Отандық тарихтағы елеулі де күрделі кезеңдер, оның ішінде XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстардың ерекшеліктері және көрнекті тұлғалар жөнінде танымдық-зерттеулік сабақтар беру аса маңызды екені айқын. Мақсат – шәкірттердің жекелік бойларына төл тарихты құрметтей білуге тәрбиелей отырып патриоттық қасиетті қалыптастыруға негіздеу болып табылады. Оның бірнеше міндеттерін де атап өту керек, олар:

- ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы тұтас үдеріс ретінде үлкен рөл атқаратынын, мазмұны терең екенін білу.
- қазіргі тәуелсіздіктің тұғырын нығайту жолында өткен тарихымызға, оның ішінде ұлтымыздың ұлт-азаттық күресіне үлкен назар аударып жүгіну керектігі.
- бүгінгі таңда ұлтымыздың ұлт-азаттық күрестері отаршылдыққа қарсы өз елінің ұлттық мүддесін қорғап, мемлекеттілікті қайта қалпына келтіру мұратындағы азаттық қозғалысы екенін түсіндіру.
- дербес ел жағдайында бұл тұрғыда әртүрлі зерттеулік кітаптар, оқу материалдары жарық көргенімен бірқатар күрделі мәселелер әлі анықтауды қажет ететіндігі.

XVIII-XIX ғасырлар кезеңінде қазақ жерінде болған ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы тұтас үдеріс ретінде үлкен рөл атқарады. Халықтық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және рухани қайшылықтардың түйіні болып табылатын ұлт-азаттық қозғалыстардың мазмұны терең. Қазіргі тәуелсіздіктің тұғырын нығайту жолында өткен тарихымызға, оның ішінде ұлтымыздың ұлт-азаттық күресіне қайта-қайта назар аударып жүгінгеніміз жөн. Ал ол ұлт-азаттық күрес тарихымыз шынайы болуы тиіс, сондықтан халқымыздың басынан өткен ұлт-азаттық қозғалыстар мен тәуелсіздік жолындағы күрестер тарихы өзекті болып қала бермек.

Әбу Насыр әл-Фараби «Тарихты білмей өткенді, қазіргі жағдайды, келешекті болжау қиын» десе, Ахмет Байтұрсынұлы «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы - тарих» деп жоғары бағалаған екен. Бүгінгі таңда төл тарихты оқытуға ерекше назар аударылып келеді. Оның ішінде қазақ жерінде XVIII-XIX ғасырлар кезеңінде болған ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы туралы көлемді зерттеу еңбектері жазылды, жаңа көзқарастағы пікірлер мен деректі құжат материалдары ғылыми айналымға қосылуда. Тарихшы ғалымдардың теориялық-әдістемелік және әдіснамалық негіздегі толымды еңбектері көпшілікке ұсынылып жүргені белгілі. Дегемен, ұлт-азаттық көтерілісті зерттеу тарихы мен тарихнамасындағы осы күнге дейін өзінің толық, тіпті зерттелмей жатқан үлкен ғылыми және білім беру саласы үшін маңызы зор мәселе - ол осы тақырыпта жазылған еңбектердің, жалпы осы тақыраптың күнделікті оқу үдерісімен байланысы мен оқыту кезіндегі ерекшеліктері. Шын мәнінде, бұл салада арнайы зерттеулер жүргізілмеген, яғни ұлт-азаттық көтерілістің толық процесс ретінде бейнелейтін жағдай жасалмағанын

жоғарғы оқу орындарында, колледждер мен мектептерде беріліп жатқан дәрістер барысында байқауға толық мүмкіндік бар. Әрине бұл арнайы талдауды қажет ететін үлкен мәселе.

Қазіргі кезде білім беру мен оқытудың әдістемелік жүйесін қайта қарау мемлекеттің білім беру саясатының жүзеге асырылуымен заман талабы болып отыр. Жас буын өкілдеріне терең білім беру ісінде жаңа міндеттер қойылуда. Сондықтан әрбір сабаққа озық тәжірибе үлгілерін, әдістерді, жаңа технологияны пайдалана отырып оқушылардың, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы мен ынтасын арттыра түсу қажет. Тарих пәні олардың асыға күтетін, үлкен көңілмен қабылдайтын білім көзі болуы тиіс. XVIII-XIX ғасырларда Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы туралы дәріс берілгенде жастардың тек тыңдап ғана қоймай, ұлттық рухты сезінетіндей дәрежеде оқыту басты назарға алынуы керек.

Білім алушылардың өздігінше шығармашылық түрде ой қорыта алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқыту – олардың сыни негізде ойлауды қалыптастыруға бағытталған оқыту болып табылады. Оқытудағы сыни тұрғыдан ойлау әрекетін енгізу оқушылардың өз бетінше білім алуына, оқытушымен бірге ой бөлісуге, пікірлерін білдіруге, сонымен бірге топпен бірге жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Мәселені ашу барысында тың ойлар, келелі пікір білдіру маңызды орын алады, оқытудың тиімділігін арттырады.

Әдетте, ұлттық идея мен мемлекеттік билік талабына жауап берген ұлт-азаттық қозғалысының тізгінін дана Абай атамыз айтқан ел басқаратын мәртебесі бар тұлғалар ұстады. Тап осындай мәнді белгілерге ие ұлт-азаттық қозғалысы Отан тарихында терең із қалдырғаны және рас [1].

Академик Манаш Қозыбаев айтқандай: «Тарихты оқыту, тоқыту – үлкен проблема» [2]. Сол проблемалардың ішндегі ең өзектісі, яғни оқу процесінің өзіне ғана емес, жалпы оқушылардың санасына қатты әсер ететін басты мәселе – киелі тәуелсіздік жолындағы бостандық пен егемендік үшін күрес тарихы. Халқымыздың тәуелсіздік жолындағы азаттық күресінің тарихын зерттеуді тереңдету, оның методологиясы мен тарихнамасы мәселелеріне жоғары деңгейде көңіл аудару өзекті болып қала бермек. Бұл салада күн тәртібінен түспейтіндігін атап өтетініміз - пайдаланатын дәстүрлі зерттеу әдістері мен қатар жаңа пәнаралық әдістерді енгізу.

Жалпы мектептерде тарих пәнін оқыту тәжірибесінде, мерзімді педагогикалық басылымдарда жарияланған материалдардағы педагогикалық инновация, сабақтардың дәстүрлі емес типтері, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану, интерактивті әдістер сияқты оқытуды ұйымдастыру формалары мен әдістерінде жаңашылдық кездеседі. Тарихи білімді меңгерген адам өзі өмір сүрген қоғамдағы орынын, атқаратын қызметін, басқа да іс-әрекеттерін дәл анықтай алады.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңес бекітіп, 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасында тарихи білімнің іргелі принциптерінің айқындалып, оқу орындарында тарихты, әсіресе Қазақстан тарихын оқытуды алдын-ала межелеу жөніндe аса жауапты міндеттер қойылған болатын [3]. Тұжырымдама төл тарихтың негізінің қалауына басым бағыт болды.

Тарихты оқыту - күрделі үрдіс, оқытудың мақсатын анықтау, білім мазмұнын іріктеу, білімді оқытып-үйрету және оны меңгеруге басшылық жасау, оқушылардың білім алуы мен оқытудың нәтижесі сияқты өзара байланысты құрамдас бөлімдерден құралады. Оқыту үрдісі үнемі қозғалыста болады, яғни даму үстінде болып туындаған қайшылықтарды шешу арқылы жетіледі.

Тарихты оқыту теориясы мен әдістемесі тарих ғылымдарына жатпайды, ол педагогикалық ғылымдарға қосылады. Өйткені оның зерттейтін негізгі нысандары: оқытудың мақсаты, білім мазмұны, оқушылардың оқу қызметі қалай ұйымдастырылады, оның тиімді жолдары қайсы? Оқыту нәтижесі өте жақсы болу үшін оқулықтардың қандай түрі және олардың әдістемелік құрылымы қандай болуы керек? Мұғалім қалай оқытуы керек? Оқыту нәтижесі қалай тексеріледі және оның қорытындысы оқытуды одан әрі жетілдіру үшін қалай пайдаланылады? Тарихты оқыту барысында қандай курсаралық, пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға болады?-деген сияқты көптеген мәселелер. Тарихты оқытуға тікелей қатысты осы және басқа да мәселелерді шешудің өзіндік жолдары бар, оларды зерттейтін де, белгілейтін де педагогика ғылымы. Аталған мәселелерді шешумен тарих ғылымы емес, педагогика ғылымы айналысады, олар педагогикалық теорияларға сүйенгенде ғана дұрыс шешіледі. Олардың ішіндегі кейбір аса маңызды мәселелер: білім мазмұнын анықтау немесе жетілдіру, оқытудың ұйымдастыру формалары мен әдістерін жетілдіру, оқулықтарды жақсарту, оқытуды оңтайландыру т.б. тек ғылыми-педагогикалық эксперимент жүргізу арқылы ғана дұрыс шешіледі [4].

Тарих пәнінің оқытылу мәселелерін зерттеуде тәжірибені зерттеу, бақылау, әңгімелесу, түрлі сипатты сауалнамалар жүргізу, қорытындысын шығару сияқты басқа да зерттеу әдістері қолданылады.

Кез келген ғылымның мәні оның ақиқатты ізденуінде болып табылатынын және де тарихтан да тек қана ақиқат талап етіледі.

Тарихқа қоғамды тәрбиелеудің құралы ретінде қараған жөн. Бұрынғы қоғамдық өмірді зерттеу, оқушыға тәжірибелік мысалдың негізінде қоғамның не екенін түсінуге мүмкіндік береді; оқушыға казіргі уақытта көрсетуге ыңғайсыз болатын, әр түрлі дәстүрлерді және мекемелерді, ең басты әлеуметтік құбылыстарды игеруге мүмкіндік береді; ол оған әр түрлі дәстүрлерді салыстыру арқылы, сол дәстүрлердің қасиетін, көптүрлілігін және де ұқсастығын түсінуге мүмкіндік береді.

Окиғаларды және эволюцияларды зерттеу оларды адами әрекеттердің үздіксіз өзгеру идеясына үйретеді және қоғамдық төңкерістерден негізсіз қорқуынан кепілдік береді; бұл оларға прогресс ұғымын айқындайды. Осы алынған білімнің барлығы оқушыны қоғамдық өмірге араласуға мейлінше қабілетті етеді; сайып келгенде, тарих демократиялық қоғамда қажетті пәндердің бірі болып табылады.

Демек, тарихи педагогика қоғамдық құбылыстарды айқындауға мейлінше кабілетті және олардың эволюциясын түсінікті ететін пәндерді және сабақ беру тәсілдерін таңдауды ереже ретінде қабылдауы тиіс. Оқушыларға қандай да бір фактіні хабарлаудан бұрын, оның қандай тәрбиелік әсері болуы мүмкін екенін және содан кейін, оны оқушыларға түсіндірудің канағаттанарлық әдістері бар ма деп ойланған жөн. Түсінуге өте киын немесе нақтылығы жоқ, бірақ түсінуге жеңіл болатын, тағылымы аз әрбір факт окыту бағдарламасынан алынып тасталуы тиіс.

Тиімді оқытуды жүзеге асыру үшін, тарихи педагогиканың теориясын жазып шығару жеткіліксіз. Оқу құралдарын және әдіс-тәсілдерді жаңартып отыру қажет. Тарих міндетті түрде көп мөлшердегі фактілердің білімдік жүйесін талап етеді.

Тарихшылар нақты шындықты зерттеуді басты мақсат етіп зерттейді. Тарихи шындықтың шынайы көрінісі - ғылым. Тарих ғылымы түбегейлікті, нақтылықты қажет етеді, сонымен бірге тарихи фактілерді анықтауға қалыптасқан тәсілдерге ие, белгілі дәрежеде оларды пайымдау (интерпретация) бар. Тарихты, кезеңдік оқиғалар мен ұлт-азаттық қозғалыстар туралы баяндағанда негіз етіп дерек көздерін пайдаланамыз. Дереккөздері құжатты материалдарға негізделеді. Тарих құжаттар бойынша жазылады. Құжаттар - кезінде өмір сүрген адамдардың қалдырған ойлары мен іс-әрекеттерінің іздері.

Өткеннің кезеңі бойынша деректі мұқият зерттеген және техникалық терминологияны меңгерген тарихшының алдында тағы бір күрделі мәселе туындайды: ол құжаттың мазмұнына қатысты, оған толық сенуге бола ма? Бірде бір деректі өткенді қалпына келтіру үшін, ондағы тарихи мәліметтердің шынайылығына көз жеткізбестен қолдануға болмайды.

Тәжірибеде барлық құжаттарды сақтау мүмкіндігі жоқ болғандықтан, тарихи құндылығы жоқ деп саналған, қоймалардағы уақытша құжаттардан арылу процесі кезінде асыра сілтеушілік орын алуы мүмкін.

Құжатты көрсетуден және іздеп табудан бастап, фактілерді білуге дейін, ой-тұжырымға толық талдау жасау, тарихи әдіснаманың ең басты тарауларының бірін құрайды [5].

Мәселелердің әдістемелік тізімін тұжырымдау.

1) Жалпы ұйымдастыру. Тарихты оқыту қандай мақсатты алдына қоя алады? Оқушының біліміне ол қандай қызмет көрсетуі мүмкін? Ол оның мінез-құлқына қалай әсер етуі мүмкін? Қандай фактілерді ол оған түсінікті етуі тиіс? Ол оған қандай ақыл-ой дағдысын беруі тиіс және де, соған орай, материалды және тәсілді таңдауда қандай ұстанымдар басшылыққа алынуы қажет? Тарихтың оқытылуы орта мектептің бүкіл оқыту мерзіміне созылуы қажет пе немесе арнаулы сыныптарда шоғырлануы абзал ма? Мұғалім фактілерді ауызша баяндауы керек пе немесе курсты түсіндірумен алмастыратындай етіп, оқушыларды бірінші олармен кітап арқылы танысуы тиіс пе?

2) Материалды таңдау. Отандық тарих пен өзге елдердің тарихы қандай көлемде оқытылуы тиіс? Жеке оқиғаларды, ғұмырнамаларды, драмалық жағдайларды зерттеу немесе жалпы тұтасуды және эволюцияны зерттеуге ме? Жалқы есімдер мен сандарға қандай орын бөлінуі тиіс? Сыни рухты ояту үшін аңыздарды пайдаланған жөн бе немесе оларға жоламаған дұрыс па?

3) Оқыту тәртібі.

Әрбір кезеңді баяндауда қандай тәртіпті ұстанған дұрыс - хронологиялық, географиялық немесе логикалық? Жағдайдың сипаттамасынан бастаған немесе оқиғалар туралы әңгімелерден бастаған дұрыс па?

4) Оқыту тәсілдері. Оқушыға әуелі жалпы формулаларды немесе жеке суреттерді берген жөн бе? Тарихи фактілердің образдарымен қалай таныстыру керек? Баяндауларды және сипаттамаларды қалай пайдалану керек? Авторлардың мәтіндерімен? Тарихи романдармен? Фактілерді қалай шектеуге мәжбүрлеуге болады? Хронологиялық кестелермен, синхроникалық кестелермен, географиялық нобайлармен, статистикалық және графикалық кестелермен қалай пайдалану керек? Оқиғалардың және дәстүрлердің сипатын, әрекеттердің себептерін қалай түсіндіру кажет? Оқиға эпизодтарын және дәстүрді мысалға қалай таңдау керек? Эволюцияның және фактілердің ұласуын қалай түсіндіруге болады? Оқушының терминдерді ұғынғанын және фактілерді түсінгенін калай қадағалауға болады? Оқушыға фактілермен өзіндік жұмыс жасауға тәжірибелік жаттығуларды ұйымдастыруға бола ма? [6]

Тарихты оқытуда жан-жақты білім беріп ғана қоймай оқушыларды елжандылық қасиеттерді бойларына дарытып тәрбиелеуде маңызды орын алатыны белгілі. Оның ішінде XVIII-XIX ғасырлар кезеңінде болған ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын баяндай отырып, жас буын өкілдеріне ұлт - азаттық көтерілістердің отаршылдыққа қарсы сипаты және тарихи мәнін түсіндіру, күреске басшылық еткен тарихи қайраткерлер мен қатысқан тұлғаларға сараптама жасап, зерттеулік ізденіс жүргізуге бағдар беру, қозғалыс басшылары, көтерілістің барысы жөнінде кестелер мен тест әдісінің түрлерін қолдану, ұлт-азаттық қозғалыстың басшылары жөнінде кластер жасап көрсету, олардың ерлік істерін бағалау, бірге оқитындар арасында диалог жүргізу және т.б. жұмыс түрлерін жүзеге асырудың маңызы зор.

Сонымен бірге оқушының шығармашылық, зерттеушілік іскерлігін дамытып қалыптастыру арқылы тарих пәніне деген қызығушылығын арттыруда мұғалімнің нақты тапсырмаларды беруімен өзіндік жұмыстардың орындалуы үлкен орын алады. Өзіндік жұмыстарды оқиғаны еркін мазмұндау арқылы логикалық дамытушы ойындармен берілген құрастырмалы тапсырмалар: ребус, сөзжұмбақ, анаграмманы шешу арқылы, тапсырманы өзі ізденіп тапқан қосымша материалдармен түрлендіру, өз ойын еркін тақырыпқа құрастыруға берілген шығармашылық бағыттағы реферат жазу және тарихи сөздікті пайдалану сияқты тәсілдермен орындауға болады [7]. Мұндай тапсырма жұмыстардың XVIII-XIX ғасырлар кезеңінде болған ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы бойынша орындалуы тақырыпты қызығушылық ынтамен игеруге үлкен ықпал жасайды.

Нәтижеге бағытталған білім берумен бірге тұлғаны рухани негізде тәрбиелеу, сөйлеу мен ойлау мәдениеті мен елжандылық қасиетттерді бойға дарыту - тарихты оқытудағы мақсат-міндеттер болып табылады. Білім берудің негізгі бағыттары - оқу мазмұны мен дидактиканы дамыту, оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру, жалпыға бірдей орта білім берудің мазмұнын ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру, оқу еңбегінің сапалылық үрдісін дамыту, шығармашылық белсенділікті арттыру, пәнаралық және ішкі байланыстарды жүзеге асыру, оқытудың білім берудің әдістемесін жетілдіру.

Оқушыға сапалы да жаңаша білім беруде ақпараттық және коммуникациялық технологияның оқу үрдісіндегі орны, оның маңызы үлкен. XXI ғасырдағы қоғамда компьютерлік технология жүзеге асырылып, меңгерілу үстінде. Оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оның тәжірибелік жағынан тиімді түрде ұсынылуына мүмкіндік жасау жаңа коммуникативтік технологияларды пайдаланудың басты мақсаты. Тарих сабағында ақпараттық технологияны қолдану өзекті, тарихты оқытуда компьютерлік бағдарламаны пайдалану оқушылармен дифференциалды әдісті қолданып жеке жұмысты ұйымдастыруға, топпен және өзіндік түрде жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Талай ғасырдың сын елегінен өткен, әлемді меңгерудің мейлінше бай тәжірибе-тағылымы небір тарихи дәуірлердің рухын жинақтаған, арман-ойларын уақыт сүзгісінен өткізген таным теориясының қазіргі педагогикадағы маңызы зор. Оқыту үрдісі екі жақты үрдіс болғандықтан оқушының өзіндік жұмысы, дербес шығармашылық іс-әрекеті мұғалімнің басшылығымен қатар, олардың ізденімпаздығын, белсенділігін, өз ықыласымен жасайтын әрекетке қызығушылығын қажет етеді.

Жалпы тарихи білім жалпы адамзаттық құндылықтарға, дүниежүзілік мәдениет жетістіктеріне ынта қойған, адамгершілік пен демократия мұраттарын жан-тәнімен қабылдайтын, қоғамның, өзінің, егеменді Қазақстан Республикасының дамуына белсене қатысатын, өзін-өзі жетілдіріп отыруға ұмтылатын, тәуелсіз мемлекеттің қуаты мен бейбітшілікті нығайтуға деген жауапкершілік сезімі бар жас адамның жеке басын қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосуға міндетті.

Тарих - тұлғаның руханилығын бағыттауға негізделген білім көзі. Тарих дегеніміз оқиғалардың, есімдердің, құжаттар мен даталардың күнтізбесі ғана емес, тарих халықтардың қуанышы мен қайғысының, жарқын өмірге талпынысының, мәңгі жасампаздығының жарқын бейнесі. Тарихты оқытудағы мақсат - нәтижеге бағытталған білім берумен қатар, баланы адам етіп тәрбиелеу, тұлғаның руханилығын қалыптастыру, яғни сөйлеу мен ойлау мәдениеті, ұлттық және діни тәрбие, адамгершілік пен отбасын сыйлау, отансүйгіштік пен еңбек тәрбиесін іске асыру болса, жоғарыда баяндап өткеніміздей XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы туралы сабақты оқушылар мен білім алушылардың тек тыңдап, баяндап ғана қоймай, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен ұлттық рухты бойға дарытатындай дәрежеде оқыту басты назарға алынуы тиіс.

Жаңа педагогикалық технологияларға жататын ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, мәселелік оқыту, тірек белгілер арқылы оқыту, түсіндіре басқарып, озат оқыту, деңгейлеп-саралап оқыту, модульдік-жобалап оқыту технологияларын тиімді қолдану арқылы нақты нәтижеге қол жеткізуге болады [8]. Таным әрекетінің ерекше түрі және білім берудің негізгі жолы болып табылатын оқыту әдістерінде сөздікпен түсіндіру, әңгімелеу, дәріс, дискуссия, диспут, иллюстративті көру, оқу материалдарымен, кітаппен жұмыс жасау және бейнекөріністермен тарих тақырыптарын меңгеру терең дайындықты қажет ететіні айқын. Жалпы оқыту әдістері күрделі, көпөлшемді, көпсалалы білім болғандықтан мақсаты мен мазмұны, принциптері мен оқыту формалары арқылы көрініс табады.

Ключевые слова: Кенесары Касымов, Петр Горчаков, генерал-губернатор, национально-освободительное движение, сибирское казачество, царская администрация, повстанцы.

Аубакирова Х.А. [1]

[1] *т.ғ.к., доцент С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университеті, Жеңіс даңғылы 62 Нұр-Сұлтан қ., 010011, Қазақстан, e-mail: hadishaaubakirova@mail.ru*

КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ ЖӘНЕ БАТЫС СІБІР ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЫ ПЁТР ГОРЧАКОВ

Аңдатпа

Мақала соңғы қазақ ханы Кенесары Қасымұлы мен Батыс Сібір генерал-губернаторы Петр Горчаковтың қарым-қатынасы мәселесін зерттеуге арналған. Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысның негізгі орталығы Орта жүз территориясы болды. Сондықтан орыс отаршылдығына қарсы бағытталған Кенесары көтерілісін басуда патшалық сібір әкімшілігі үлкен рөл атқарды. Зерттеудің хронологиялық шеңбері Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының бастапқы кезеңі: 1837-1841 жылдармен белгіленген.

Түйін сөздер: Кенесары Қасымұлы, Петр Горчаков, генерал-губернатор, ұлт-азаттық қозғалыс, сібір азачествосы, патша әкімшілігі, көтерілісшілер

Aubakirova K.A. [1]

[1] *candidate of historical sciences, associate professor, S.Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Zhenis Avenue, 62, Nur-Sultan, 010011, Kazakhstan, e-mail: hadishaaubakirova@mail.ru*

KENESARY KASYMOV AND GENERAL-GOVERNOR OF WESTERN SIBERIA PETR GORCHAKOV

Abstract

The article is devoted to the problem of studying the relationship of the last Kazakh Khan Kenesary Kasymov with the Governor-General of Western Siberia P.D. Gorchakov. The epicenter of the national liberation movement of the Kazakh people under the leadership of Kenesary Kasymov was the territory of the Middle Zhuz, reckoned with the West Siberian General Government. Therefore, the tsarist Siberian administration played an important role in the fight against Kenesary's actions against the colonial policy of the Russian autocracy. The chronological framework is outlined by the period of the initial stage of the national liberation movement of the Kazakh people under the leadership of Kenesary Kasymov: 1837-1841.

Keywords: Kenesary Kasymov, Petr Gorchakov, Governor General, National Liberation Movement, Siberian Cossacks, Tsarist Administration, Insurgents

Причиной выступления Кенесары Касымова, как известно, явилось введение в 1822 году в Среднем жузе «Устава о сибирских киргизах», который официально оформил активизацию военно-захватнической политики царизма. Один из пунктов «Устава» (§ 316) определил основную задачу колонизации Казахстана царским правительством следующим образом: «Сибирские линии в значении стражи не составляют учреждения на всегдашние времена, но по мере распространения в занимаемых киргизами землях стража сия продвигается вперед, и, наконец, должна кончить постоянным учреждением себя на действительной государственной границе» [1, 109].

Кенесары сумел поднять антиколониальное выступление казахского народа в первой половине XIX века на должную высоту, придать ему особый размах.

Так как эпицетром восстания Кенесары Касымова была территория Среднего жуза, в борьбе с ним активное участие принимает царская администрация Западно-Сибирского генерал-губернаторства в лице его генерал-губернатора П.Горчакова. П. Горчаков на всех этапах восстания, от начала до подавления был активным организатором операции уничтожения казахского султана.

Хотя начало активных действий Кенесары относится к лету 1837 года, уже 2 января 1837 г. в Омский областной суд поступило известие о нападении повстанцев Кенесары на Канды-Карагачский пикет, в результате чего было ранено три казака и двое погибли [2, Л. 1], [3, Л. 2]. К концу 1837 г. восстание охватило всю территорию Среднего жуза. Командированный на поиск повстанцев сотник Кудрявцев, объехав 45 верст, вернулся ни с чем [4]. Безуспешными оказались и действия Симанова, который 6 июля 1838 г.выступил с отрядом из 384 казаков, 56 урядников и 5 офицеров для преследования Кенесары Касымова. Таким образом, меры сибирской администрации против Кенесары, предпринятые в первые годы восстания, оказались безрезультатными. Подтверждением этого может служить рапорт генерала-губернатора Западной Сибири П. Горчакова военному министру Л.Г. Чернову, в котором он с горькой досадой и отчаянием отмечает, что посредством самых решительных мер против Кенесары Касымова можно только «разбить его или временно удалить из Акмолинского округа», но «уничтожить или покорить нет никакой возможности» [5, Л.13].

С началом 1839 г. сибирская администрация переходит к применению жестких мер против восставших. Так, на предложение Пограничного начальника сибирских киргизов полковника М.В. Ладыженского простить откочевавшие из округов волости и попытаться их мирно склонить к покорности из Главного управления Сибири, был получен ответ: «…для окончательного восстановления спокойствия необходимо показать над виновными пример строгости, слишком долго отложенный, а потому следите за мятежниками и не теряйте из виду места их зимовки, дабы с ранней весной устранить и других колеблющихся в верноподданническом повиновении». Число таких «колеблющихся» было весьма значительным: в конце января 1839 г. приверженцев Кенесары Касымова насчитывалось 8 тысяч человек. Из данного факта видно, что П.Горчаков требовал применить «пример строгости», не признавая мирных методов урегулирования конфликта.

В начале марта 1839 г. для подавления восстания царское правительство начало организацию крупного отряда у крепости Святого Петра, командование которым возлагалось на полковника Генштаба Горского. Цель отряда была сформулирована предельно ясно: «истребление шайки известного мятежника Кенесары Касымова». Горскому предстояло занять с пехотой пункт на Ишиме, около Жаркаина-Агаша, учредить там временный склад, затем отправиться на поиски и разбить непокорных [6, Л.63, 77].

29 марта отряд казаков выступил с линии и 17 апреля прибыл в Жаркаин-Агаш. Спустя неделю, Горский активно приступает к достижению поставленной перед ним задачи. Итоги этой экспедиции для самих казаков были отрадными, так как они получили богатую добычу, но сибирскую администрацию они не устраивали. Описывая предпринятые против Кенесары акции, Горский в своем рапорте генерал-губернатору Западной Сибири писал, что «преследовал его, сколько мог и нанес ему столько вреда, сколько позволяла возможность» [7, Л.4]. В свое оправдание Горский писал, что Кенесары имеет при себе табуны лучших лошадей, что позволяет ему легко уйти. Но не это было главной причиной безуспешных итогов экспедиции. Казахского султана в большинстве случаев спасало отличное знание местности, умелое использование разнообразных тактических приемов.

Получив от генерал-губернатора Горчакова приказ действовать исключительно против аулов Кенесары, а возвращение ушедших из округов волостей предоставить местным властям, 6 июня 1839 г. Горский снова выступил против восставших. 13 числа он настиг в районе реки Сарыколь ушедшие волости и, несмотря на сильное сопротивление, сумел покорить их и захватить у них массу скота [8, Л.5-6]. В августе Горский направился к реке Сары-Кенгир, где якобы кочевал Кенесары, но и там не нашел его и вернулся назад, на Жаркаин-Агаш.

В этот период движение Кенесары приобретает широкий размах, подтверждением чему является массовое отложение волостей на Сары-су с целью присоединения к Кенесары. Для борьбы с восставшими высылается новый отряд из 200 казаков, на сей раз под командованием сотника Волкова. В ходе движения по степи недалеко от Тленчатского пикета на сибирских казаков напали джигиты Кенесары. Отразив их атаку, Волков все же не сумел захватить казахского султана.

Как показывают архивные документы, генерал-губернатор Западной Сибири П. Горчаков все еще не хотел признавать силу и мощь движения Кенесары, утверждая, что султан «в сущности не отважился напасть на малейший пикет». Действительно, Кенесары Касымов не предпринимает в это время нападений на казачьи пикеты, но угроза с его стороны была реальной. Так, 3 октября с 3-х тысячным отрядом он опять появился у Тленчатского пикета и атаковал в его окрестностях казаков, следовавших в Балыкты-Баятарский пикет. Затем повстанцы сожгли все сено и с наступлением ночи скрылись. Опасаясь возвращения Кенесары, Акмолинский приказ незамедлительно усилил

Тленчатский пост 50-ю казаками, прибывшими из Аккенгир-Кобинского и Нуринского пикетов, и распорядился об организации сотенного отряда, готового в любой момент противостоять восставшим [9, л.2].

Для того чтобы лишить Кенесары Касымова социальной опоры в казахской среде, в 1839 г. царские власти усилили репрессии против султанов, примкнувших к восстанию. Так, выступивший из Кокчетава 2-х сотенный казачий отряд капитана Генштаба Мачульского с намерением наказать султанов Байгары Даирова и Жаная Айшуакова, союзников Кенесары, обнаружил их вблизи Улытауских гор и ночью напал на их аулы. При этом нападении казаки захватили в плен 93 человека, среди которых находилась семья Байгары, отбили 3017 лошадей, 150 голов рогатого скота, 22 верблюдов, 400 баранов. Этой операцией действия казаков в 1839 г. на правом флаге линии завершились. Сам Горчаков с сожалением констатировал в сообщении Военному министру, что ему «…не удалось восстановить окончательного порядка в крае». «Однако, - писал далее Горчаков Военному министру, – не взирая на отдаленность театра действий, враждебное содействие оренбургских киргизов и тайное участие ташкентцев к поддержанию смут, спокойствие в Среднем округе сохранено, ясак собран в усиленном даже размере, торговые отношения ни сколько не потерпели и ни один пикет не был атакован» [10, Л. 3,4,11,28,30], [11, Л. 156]. В действительности дело, как мы видим из приведенного выше фактологического материала, обстояло совершенно иначе.

Таким образом, действия сибирских казаков, направленные на подавление движения Кенесары Касымова в 1839 г. нельзя назвать ни утешительными, т.к. им не удалось достичь главной цели - «разбития мятежника»; ни провальными, т.к. в ходе преследования казахских аулов ими было захвачено несколько тысяч кибиток и множество разного скота [12, Л.9-10]. Последнее обстоятельство и воодушевило их на дальнейшую борьбу с восставшими, ведь в большинстве случаев награбленное добро оставалось в руках казаков.

Позволительно предположить, что материальное довольствие, награбленное зачастую и у мирных аулов, порождая сытое довольство в казачьей среде, затмевало главную цель царских властей – ликвидацию вождя национально-освободительного движения казахов. Об этом отмечается в «Отрывках из писем к издателю», опубликованных в собрании сочинений Ч. Валиханова, очевидно, записанных по его материалам: «…русские отряды долго преследовали по степи этого агитатора (Кенесары Касымова – Х.А.). Они делали это нарочно, ибо начальству было выгодно несколько лет сряду кормить войско дорогим провиантом и фуражом» [13, с.381-382].

Не считал итоги боевых действий против султана Кенесары в 1839 г. безуспешными их главный организатор генерал-губернатор Западной Сибири П. Горчаков. В рапорте Военному министру Чернышеву он отмечал: «сделан немалый шаг в нашу пользу восстановлением против Кенесары, хотя некоторых султанов и приобретением немалой добычи, коей ценность не только покрывает нынешние издержки правительства, но доставляет и на 1840 г. экстренные способы для новых предприятий» [12, Л.6]. Действительно, в результате продажи отбитого у казахов скота, расходы государственной казны на экспедиции не только окупили себя, но и принесли некоторый доход.

Конкретный план борьбы с Кенесары Касымовым на 1840 год предложил Горчакову активный участник походов 1839 года против султана полковник Горский. Во-первых, считал он, нужно лишить султана «возможности составлять шайку» путем покорения всех его волостей российскому правительству. Во-вторых, с наступлением весны необходимо одновременно из разных крепостей выслать отряды, которые должны окружить волости со всех сторон и сжать их в кольцо. В-третьих, построить на Улытау крепость и разместить в ней казаков с тем, чтобы они находились «в постоянной готовности для наказания всякого неповиновения». Горский также не желал признавать силу восставших. Подтверждением этого служит его предложение о том, что в степи нужно построить укрепления с круглыми бастионами по примеру тех, что были водворены на Кавказской линии против черкесского народа, «более воинственного, нежели киргизы» [14, Л.1-6].

Все предложения и наставления полковника Горского были учтены сибирским начальством и реализованы в 1840 г. Принятое 5 февраля 1840 года начальником «сибирских киргизов» Положение о взимании «военной контрибуции» с казахских родов, восставших против российского правительства, послужило официальным разрешением для дальнейшего преследования повстанцев казачьими офицерами [15, Л.1], [16, Л.1-3].

В начале 1840 г. сибирской администрацией предпринимается ряд мер по укреплению окружных приказов и обеспечению их безопасности. С наступлением ранней весны центральным правительством начинается организация новой крупномасштабной кампании для подавления восстания. Прежде всего на важнейших урочищах выставляются отряды от приказов: на Жаркаин-Агаш командировано 300 казаков при 2-х орудиях конной артиллерии под начальством сотника Волкова, с целью учреждения там укрепления и пикетов между Жаркаином и Кокчетавом. 300 казаков командировано под начальством капитана Спиридонова на Атбасар для строительства там пикета на 100 казаков и охраны Кокчетавского, Акмолинского округов от вторжения Кенесары. Третий отряд также из 300 казаков при 1 орудии конной артиллерии под командованием заседателя Акмолинского приказа Сердюкова и сотника Лебедева был направлен в пределы Акмолинского округа для наказания непокорных волостей и воспрепятствования перехода в лагерь Кенесары. Из Каркаралинского округа выставлен отряд в числе 150 казаков с сотником Кудрявцевым, который должен был прикрывать приказ от нападения повстанцев и содействовать другим отрядам. И, наконец, в Аягузский округ командировался отряд сотника Алгазина из 100 человек при 1-м орудии конной артиллерии для наблюдения за аулами округа [17, Л.2], [18, Л.3-4].

Вышеуказанные Акмолинский, Жаркаинский, Каркаралинский отряды в борьбе против Кенесары стали основными. В 1840 году дополнительно против восставших высылаются отряды графа Толстого и майора Гаюса. 23 августа они достигли реки Кабырга, где жестоко обошлись с мирными хлебопашцами. Разбив их, казаки захватили в

плен 120 человек, множество ранили. Следующей жертвой отрядов стали кипчаки, у которых погибло и ранено более 200 человек, отбито скота: 107 лошадей, 375 верблюдов, 170 голов рогатого скота, 8886 баранов.Прекращением деятельности отрядов Гаюса и Толстого завершились поиски казаков Кенесары Касымова в 1840 году. Как показано в отчете о действиях сибирских отрядов против восставших за 1840 год, казаками в результате походов было приобретено 1636 верблюдов, 726 лошадей, 32706 баранов, 374 голов рогатого скота [17, Л.7-8], [18, Л.1-5, 12 об.].

Систематические военные погромы аулов Кенесары и его отца в течение 1840 г. отрядами, высланными по распоряжению сибирской администрации, вынудили их откочевать из Тургайских степей в западном направлении в Оренбургскую губернию, т.е. на территорию Младшего жуза.

Ж.К. Касымбаев объясняет неудачи Кенесары в разные периоды восстания не только систематическим давлением со стороны карателей, но и тем, что многие казахские султаны и правители, офицеры российской армии, не поддержали повстанцев [20, с.217-218].

Так, на протяжении 1840 г. мероприятия царских властей, предпринятые против Кенесары Касымова, активно поддерживал старший султан Акмолинского округа Конуркульджа Худаймендин. Подчеркивая, «что цель благодетельного Российского правительства есть та, дабы командируемыми ныне отрядами прикрыть волости от мятежника Кенесары Касымова», он оказывал казакам постоянное содействие в их походах.

В конце 1840-начале 1841 гг. Кенесары Касымов совершает важный дипломатический ход - ведет с царским правительством переговоры о перемирии. О причинах принятия султаном подобного решения в отечественной историографии нет однозначного вывода. Так, большинство дореволюционных историков считает, что заключение мира было для Кенесары не более чем восточная хитрость, и он в этот период все еще враждебно относился к России. Подобного мнения придерживались и ученые советского периода. По мнению Н. Тимофеева и Е. Федорова, этот шаг султана говорит «…не о стремлении пойти на сделку с царизмом, не о его капитуляции, а о том, что Кенесары скрывал истинные цели и все делал для того, чтобы накопить силы и попытаться расширить базу своего сопротивления, и дипломатические переговоры были ни чем иным, как маневр, рассчитанный главным образом на выигрывание времени, которое можно использовать для организации и накопления сил» [21, с.79].

М.П. Вяткин в своем очерке о национально-освободительном движении Кенесары Касымова дает следующее объяснение: «…неудачная попытка опереться на Среднеазиатские ханства, настроение значительной части старшин, не желавших обострять отношения с царской администрацией, недостаток пастбищ и массовая гибель скота - все это толкало Кенесары на примирение с царскими властями» [22, с.279].

По мнению Е. Бекмаханова, Кенесары был искренне готов прекратить борьбу, но при условии возвращения к тем отношениям, которые существовали между Россией и Казахским ханством при Аблай хане. В основе движения Кенесары стояла не слепая национальная борьба ко всему русскому, а борьба против колониальной экспансии [23].

В определенной степени можно согласиться с каждым из этих доводов. На наш взгляд, попытка Кенесары прийти к перемирию, пусть хотя бы временному, была закономерной. Он понимал необходимость позитивными средствами остановить усиленные походы карательных отрядов, которые сопровождались кровопролитием, разорением, гибелью не только участников восстания, но и в большинстве случаев мирных кочевников, что постепенно приводило их к массовому обнищанию и пауперизму.

Обращение Кенесары к сибирской администрации с просьбой о перемирии русские власти проигнорировали, заявив, «что лицемерное предложение его» вызвано не раскаянием, поэтому не заслуживает внимания, и призвали волости, участвовавшие в походах султана, «выдать главного виновника своих бедствий», что позволило бы им «ожидать пощады» [17, Л.9 об.].

Таким образом, генерал-губернатор Западной Сибири П. Горчаков был проводником бескомпромиссных мер против восставших под предводительством Кенесары Касымова с самого начала восстания. Генерал-губернатор Западной Сибири изначально был против мирного способа урегулирования конфликта с повстанцами и строго придерживался линии неустанного преследования не только участников движения, но и в большинстве случаев мирных волостей по одному только подозрению в их сочувствии Кенесары и его приверженцам.

Список использованной литературы:

1. *Материалы по истории политического строя Казахстана. Алма-Ата: Издательство АН Казахской ССР, 1960.*
2. *ЦГА РК, Фонд 338, Опись 1, Д. 305*
3. *ЦГА РК, Фонд 338, Опись 1, Д. 286*
4. *Абдиров М.Ж. Военно-казачья колонизация Казахстана (конец XVI-начало XX вв.): Опыт историко-эволюционного анализа. – Дисс…. докт. истор. наук. – Алматы, 1997. – с. 427.*
5. *Государственный Архив Омской области Российской Федерации (далее ГАОО РФ), Фонд 366, Опись 1, Д. 170*
6. *ЦГА РК, Фонд 774, Опись 1, Д. 162*
7. *ГАОО РФ, Фонд 366, Опись 1, Д. 183*
8. *ГАОО РФ, Фонд 366, Опись 1, Д. 193*
9. *ГАОО РФ, Фонд 366, Опись 1, Д. 190*
10. *ЦГА РК, Фонд 374, Опись 1, Д. 2883*
11. *ЦГА РК, Фонд 806, Опись 1, Д. 245*

12. ГАОО РФ, Фонд 366, Опись 1, Д. 195
13. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5-ти томах. – Т.4. – Алма-Ата: Гл. ред. Каз. сов. энцикл., 1985. – 461 с.
14. ГАОО РФ, Фонд 366, Д. 194
15. ЦГА РК, Фонд 374, Опись 1, Д. 609
16. ЦГА РК, Фонд 374, Опись 1, Д. 599
17. ГАОО, Фонд 366, Опись 1, Д. 202
18. ГАОО, Фонд 366, Опись 1, Д. 208
19. ГАОО РФ, Фонд 366, Опись 1, Д. 206
20. Касымбаев Ж.К. Котерілістін козден таса беттерінен // Хан Кене. – Алматы: Жалын, 1993. – 448 б.
21. Тимофеев Н., Федоров Е. Борьба казахского народа в 1837-1847 гг. за свою независимость// / Большевик Казахстана. 1940. №4. - С. 67-80.
22. Вяткин М.И. Очерки по истории Казахской ССР. – с. 279.
23. Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40гг. XIX в.: Қазақ университеті. – 1992. – 400 с.

УДК 9-35.
МРНТИ 14. 09. 35.

Ахмет Аққали[1] Өмірзақова – Ахмет Амангүл[2]

[1]тарих ғылымдарының докторы, профессор
[2]аға оқытушы, педагогика және психология магистрі,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау, Қазақстан, axmet_begis@mail.ru, amonya82@mail.ru

АТЫРАУЛЫҚ ТҰҢҒЫШ ӘЙЕЛ РЕКТОР

Аңдатпа

Бұл мақалада Гурьев педагогикалық институтының тұңғыш әйел ректоры Дүймағамбетова Санду Дүймағамбетқызының (1919-2002) өмірі, педагогикалық және әлеуметтік қызметі, ол Атырау өлкесінің жоғары біліміне өлшеусіз үлес қосқан. С.Д.Дүймағамбетова институт басшысы ретінде сол кезде құрылған білім беруді, аспирантураны, тағылымдаманы жетілдіру институттары мен факультеттерін табысты дамытты, ғылыми зерттеулер мен шығармашылық демалыс жүйесінде сауатты жұмыс жасады, ғылыми қызметпен айналысатын оқытушыларға іссапарларды тиімді жоспарлады. Профессор-оқытушылар құрамы ректор С.Д.Дүймағамбетованың басшылығымен болашақ педагогикалық кадрларды сапалы кәсіби-педагогикалық даярлауда, олардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруда, кәсібін жан-жақты және терең қаруландыруда, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық дайындықта үлкен жетістіктерге жетті.

Түйінді сөздер: Гурьев педагогикалық институты, Гурьев, ректор, профессор, оқытушы, профессор-оқытушылар құрамы, аспирантура, студенттер, қызметкерлер.

Ahmet Akkali[1] Umirzakova - Ahmet Amangul[2]

[1]Doctor of Historical Sciences, Professor
[2]Senior Lecturer, Master of Pedagogy and Psychology, Atyrau State University named after H.Dosmukhamedov
Atyrau, Kazakhstan

THE FIRST WOMAN RECTOR OF ATYRAU

Abstract

In this article about comprehensively analyzes the life, pedagogical and social activities of Dumagambetova Sandu Duimagambetovna of the first female rector the Guriev Pedagogical Institute (1919-2002), who made an invaluable contribution in the field of higher education of Atyrau region. S. D. Duimagambetova, as the head of the institute, successfully developed the institutes and faculties of education improvement established at the time, postgraduate studies, internships, worked competently on the system of scientific search and creative recreation, effectively planned to carry trips of teachers engaged in scientific activities.

The faculty and teaching staff under the leadership of Rector Duimagambetova S. D. has achieved great success in qualitative vocational and pedagogical training of future pedagogical personnel, formation of their scientific world view, comprehensive and deep arming of their profession, as well as in psycho-pedagogical training.

Keywords: Guryev pedagogical institute, Guryev, rector, professor, teacher, faculty, postgraduate studies, students, personnel.

Ахмет Аккали[1] Умирзакова-Ахмет Амангуль[2]

[1]доктор исторических наук, профессор
[2]старший преподаватель, магистр педагогики и психологии,
Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова
Атырау, Казахстан

ПЕРВАЯ ЖЕНЩИНА - РЕКТОР ИЗ АТЫРАУ

Аннотация

В данной статье всесторонне анализируется жизнь, педагогическая и общественная деятельность первой женщины-ректора Гурьевского педагогического института Дуймагамбетовой Санду Дуймагамбетовны (1919-2002), внесшая неоценимый вклад в сфере высшего образования Атырауского края. С. Д. Дуймагамбетова, как руководитель института, успешно развивала сложившиеся в то время институты и факультеты совершенствования образования, аспирантуру, стажировку, грамотно работала над системой научного поиска и творческого отдыха, эффективно планировала проведение деловых поездок преподавателей, занимающихся научной деятельностью. Профессорско-преподавательский коллектив под руководством ректора Дуймагамбетовой С. Д. добился больших успехов в качественной профессионально-педагогической подготовке будущих педагогических кадров, формировании у них научного мировоззрения, всестороннем и глубоком вооружении своей профессией, а также в психолого-педагогической подготовке.

Ключевые слова: Гурьевский педагогический институт, Гурьев, ректор, профессор, педагог, факультет, аспирантура, студенты, кадры.

Тарихи тұлғалар тағдырын зерттеу, оны бүгінгі көзқарас тұрғысынан пайымдау оңай емес. Өйткені олардың қоғамдық-саяси қызметін саралау алдымен тікелей мұрағат құжаттарының іздестіріліп табылуына және сол тарихи дерек арқылы олардың қоғамдағы орнының объективті бағалануына байланысты.

Тарихта жеке тұлғалардың тарихын зерттеу мен зерделеу қай қоғамның болмасын өзекті мәселесі болғаны анық. Әсіресе, қоғам дамуын тұлға дамуымен барынша тығыз байланыстырып отырған қазіргі Қазақстан Республикасы жағдайында бұл аса өткір мәселелердің біріне айналып отыр.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының нағыз азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген», - деген сөзінде қоғамның дамуында жеке тұлғалардың феномені ерекше орын алатындығы нақты көрсетілген [1].

Кешегі өткен XX ғасырдың басында және орта шегінде мемлекет, ел басқару ісіне белсене араласқан қазақтың біртуар қайраткер қыздары санаулы болса да, олар белсенді де, жемісті қызмет атқарды. Осындай ізбасар іспетті тұлғалардың бірі – Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының (қазіргі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті) тұңғыш әйел ректоры, химия ғылымдарының кандидаты, доцент, ұстаз Сәнду Дүймағамбетқызы Дүймағамбетова.

Өлкеміздегі ұзақ жылдар бойы жоғары білім беріп, туған еліміздің халық шаруашылығының әртүрлі саласына мыңдаған білікті де білімді мамандар дайындап келе жатқан бірден-бір білім ордасы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің өткен тарихына үңілсек, былайша өріледі. 1940 жылдың 1 қыркүйегі Гурьев 2-жылдық мұғалімдер институты, 1950 жыл 14 маусым Гурьев мұғалімдер институты, 1955 жылдың 16 маусымында Гурьев педагогикалық институты, 1960-1973 жылдары Гурьев мемлекеттік педагогикалық институты, 1973-1992 жылдары Гурьев педагогика институты, 1992 жылы 21 ақпан Атырау педагогикалық институты, 1994 жылы 23 мамырда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау педагогикалық институты, сол жылдың 2 маусымда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті болып қайта құрылды.

Елінің ертеңі жас ұрпақты тәрбиелеп, білім беріп, адал қызмет атқарған ұлағатты ұл-қыздарын ардақтау ұлтымыздың аса қастерлі дәстүрлерінің бірі. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, жақсы адами қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта тәлім-тәрбие беруде ұстаздың еңбегі өлшеусіз. Сондықтан да ұстаз әрдайым құрмет биігінде. Ұрпақ болашағы, халқымыздың келешегі жолында талай талантты ұл-қыздарды тәрбиелеп, білім берген ұстаз шәкірттерінің жадынан өшпейтіндігі де белгілі. Ендеше, аға буынның қажырлы еңбегі ұрпаққа мәңгі үлгі-өнеге болып қала бермек.

Өлкенің жоғары білім беру саласында өлшеусіз үлесі бар Гурьев педагогикалық институтының тұңғыш әйел ректоры С.Д.Дүймағамбетованың өмірі мен педагогтік, қоғамдық қызметін жан-жақты сараптап, бағалап, қорытынды жасалған арнаулы ғылыми еңбек кездеспейді. С.Дүймағамбетоваға қатысты еңбектер тіпті жоқ деуге болады. Кейбір басылымдардағы жарық көрген мардымсыз мақалаларда ғана бір-екі ауыз сөзбен 1969-1973 жылдары Гурьев мемлекеттік педагогика институтының ректоры болғандығы жөнінде аталып өтіледі. Атырау облыстық мемлекеттік архиві қорында С.Дүймағамбетованың өз қолымен толтырылған өмір жолы, атқарған қоғамдық және ғылыми жұмыстары жөніндегі ізденістері туралы құжаттар сақталған.

Гурьев мұғалімдер институтынан бастау алатын бүгінгі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруде және материалдық-техникалық базасын нығайтуда еңбек еткен ардагер ұстаздардың бірі, өлкеміздегі жоғары білімнің қара шаңырағының ректоры С.Д.Дүймағамбетова болып табылады. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің даму тарихында ғалымның өзіндік алатын орыны бар екендігі шүбәсіз.

Сәнду Дүймағамбетқызы 1919 жылдың 23 қарашасында Атырау облысы, Махамбет ауданы, Редут ауылында (қазіргі Талдыкөл ауылы) қарапайым балықшы Дүймағамбет Тоқтабаев отбасында дүниеге келді. Өкінішке орай, әкесі ұзаққа созылған ауыр науқастан ол дүниеге келген жылы қайтыс болды. Жанұядағы үш баланың барлық ауыртпалығы аналарының мойынына ілінді. Тумысынан қайсар да жігерлі анасы Балсекер Нұрманқұлова балаларын жетелеп жүріп, өсіріп-өндірді. [2, 1, 5 п.п.]. Сәнду 1928-29 оқу жылында Гурьев (Атырау) қаласындағы О.Исаев атындағы (кейін Жамбыл) қазақ орта мектебіне барып, оны 1938 жылы ойдағыдай аяқтады. Оқу жылы аяқталғанда Гурьев облыстық «Социалды құрылыс» газетінің №159 санында «Биыл Гурьев қазақ орта мектебін бірінші рет 23 оқушы бітірді» тақырыбында С.Дүймағамбетованың мақаласы жарияланды. Ол өз мақаласында: «Мен, 1930 жылдан бері Гурьев қалалық қазақ орта мектебінде үздіксіз оқып келемін. Биылғы жыл мен бұл мектептің он жылдық оқу программасын орындап, орта дәрежелі білім алды деген құрметті атақпен мектеп бітіріп шығып отырмын.

Алдағы күнде мектептен алған білімімді және күнбе-күнгі іс жүзінде көрген тәжірибемді бұдан әрі де көлемдендіре отырып, жоғарғы дәрежелі мектептерде оқимын», - деп жазды [3].

Ол 1938 жылы Қазақстан комсомолының I съезіне делегат болып сайланып, оның жұмысына қатынасты. Қиналған күндер аз болмады. Бірақ ертеңгі жақсы күнге деген үміт сәулесі көкірегіне сенім ұялатты. Осы сенім оны Алматыға алып келді. Оқу бітірген жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетінің I курсына оқуға түседі. Университетте оқыған жылдары жас Сәндудың жан-жақты ұйымдастырушылық қабілетін, іскерлігі мен талапшылдығын, жастармен жұмыс тәжірбиесінің молдығын ескерген оқу орнының басшылығы қоғамдық жұмыстардың белсендісі оны аса жауапты да маңызды қызметтерді сеніп тапсыруда қателескен жоқ.

Сол кезеңде елдің ертеңгі – жас ұрпақ деп, қиын істерге соларды жұмсап жатты. Сұрапыл соғыс басталған 1941 жылы 3 курс студенті, С.М.Киров атындағы шәкіртақы иегері Сәнду Дүймағамбетованы кеңес, партия органдары Гурьев облыстық білім беру басқармасы қарамағына жібереді. 1941 жылдың 9 қыркүйегінен аталған басқармада іс-шаралар курсының меңгерушілігі қызметіне кіріседі. Ал, 9 желтоқсан күні іскер де алғыр жас облыстық білім басқармасы кадр бөлімі секторының меңгерушілігіне ұсынылды. 1942 жылдың мамыр айында Гурьев облысы комсомол ұйымының шешімімен Гурьев қалалық комсомол комитетінің 1-ші хатшысы қызметіне тағайындады [2, 4 п.]. 1942 - 44 жылдары облыстық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің нұсқаушысы, лекторы қызметін абыроймен атқарды. Соғыс жылдарында жолдамамен Москвадағы БК(б)П мектебінің алты айлық курсында оқыды. Ел басына ауыртпалық түскен жылдары алыста шалғай ауылдардағы шопандар мен мұнай кәсіпшілігіндегі мұнайшылар арасында үкіметтің жүргізіп отырған саясатын, майдандағы жағдайларды халыққа жеткізе түсіндіріп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Кейінгі жылдары облыстық партия комитетінің лекторы қызметін атқарды. Қаланың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өміріне белсене араласты. 1946 жылға дейін Гурьев облыстық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарды. Соғыс жылдары аяқтай алмаған оқуын жалғастыру мақсатында өзі өтініші бойынша жұмыстан босатылды. Ол 3 курстан оқуын жалғастырып, 1949 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚҰМУ) ойдағыдай аяқтады. 1949 жылдың 27 маусым күні мемлекеттік емтихан комиссиясының шешімімен Б №522158 диплом бойынша жоғары оқу орнының оқытушысы, орта мектептегі жоғары сыныптардың мұғалімі және кіші ғылыми қызметкер квалификациясы берілді [2, 8 п.]. Университет бітірген оны басшылық Физикалық химия кафедрасына аспирантураға оқуға қалдырды. 1955-56 жылдары Қазақ мемлекеттік университеті Физикалық химия кафедрасында және Алматы медицина институтында ассистент қызметін атқарды. 1956-1963 жылдары Қазақ мемлекеттік университеті және республикамызда ғана емес, бұрынғы КСРО, қазіргі ТМД елдері арасында тек аруларға арналған баламасыз бірден-бір жалғыз жоғары білім ордасы, 1944 жылы құрылған Қазақ мемлекеттік қыздар институтында аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарды. Одан кейінгі жылдары Қазақ КСР Ғылым Академиясының Химия институтында аға инженер, «Табиғи сорбенттер мен катализаторлар» лабораториясының аға ғылыми қызметкері болды. Жоғары мектеп саласындағы күнделікті қызу еңбекпен бірге ғылыммен айналысуға да уақыт тапты. 1966 жылы академик Д.В.Сокольский және химия ғылымдарының кандидаты Ш.Б.Баталованың басшылығымен «Физико-химические свойства некоторых бентонитов Казахстана и их применение для обработки вин» тақырыбында кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты. КСРО Жоғары аттестациялық комиссиясы тарапынан 1966 жылдың 28 желтоқсан күні Қазақ КСР ҒА Химия институтының 30 маусым күнгі (№12 хаттама) кеңесі шешімі негізінде химия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді.

1969 жылдың қыркүйек айында Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтын ұзақ жылдар басқарған С.Т.Қожабаевтан кейін институт басшылығына х.ғ.к. Сәнду Дүймағамбетова келді. Ол ректор қызметіне тағайындалғаннан кейін Ғылыми кеңес мүшелерімен бірлесе отырып, институттың даму жоспарын жасақтап, жоспар бойынша атқарылатын жұмыстарға ерекше мән берді.

Жаңа сайланған ректор тарапынан институттың ғылыми әлеуетін көтеру ең негізгі мақсат ретінде күн тәртібіне қойылып, оның жүзеге асырылуы туралы іс-шаралар жасақталды. ХХ ғасырдың 60-жылдарының аяғында институттың бір топ жас оқытушылары еліміздің ғылыми орталықтарына өндірістен қол үзіп, мақсатты аспирантураға жіберілді.

С.Д.Дүймағамбетова институт басшысы ретінде осындай ғылымға ұмтылысқа сол кезде қалыптасқан білім жетілдіру институттары мен факультеттер, аспирантура, тағылымдама, ізденушілік жүйесін кеңінен пайдалану және ғылыми жұмыспен айналысып жүрген оқытушыларға шығармашылық демалыс, іс сапарын жоспарлы түрде беруді тиімді жүзеге асырып, жолға қойды. Оқу орнының әкімшілігі тарапынан атқарылған іс-шаралардың бірі ғылыми өсу жоспарын республикалық жоспарға енгізіп, қаржыландырды.

Сәнду Дүймағамбетқызы басқарған сол жылдары институттың бір топ мақсатты жолдамамен жіберген аспиранттары кандидаттық диссертацияларын сәтті қорғап, институтқа оралды. Ал кейбіреулері кейін ғылым жолында еңбектеніп ғылым докторы, профессор атанды. Олар З.Алдамжаров, Қ.Сейталиев, Ғ.Нығметов, М.Абдолов, С.Құсниденов, И.Тажимұратов, Қ.Әжіғалиев, Қ.Досқалиев, Б.Жанетов, Н.Алдабергенов, Б.Сүлейменов, Т.Жұманова, Е.Иманқұлов, А.Лұқпанов, Т.Жасмамбетов [4, 63 б.]. Ректордың қажырлы еңбегі мен қолдауының нәтижесінде институт профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуеті өсті. Бұл сол тұстағы ғылыми әлеуетті көтеру мақсатында жасалған ең игі шаралардың бастамасы болды. Ректордың тікелей басшылығымен ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға, олардың ғылыми өсуіне, кәсіби біліктілігін арттыруға ерекше мән берілді. Профессор-оқытушылар құрамы 1970 жылы 119 адамға дейін өсті, оның ішінде 17 адамның ғылыми дәрежесі мен атағы болса, ал 30-дан астам оқытушы аспиранттық даярлықтан өтті. Ал, студенттер контингенті 2693, оның ішінде 1198 күндізгі бөлімде оқыса, 1495 сырттай оқу бөлімінде оқыды. Демек, институт алғаш құрылған 1950 жылмен салыстырғанда студент саны 10 еседен артыққа өскен. Сонымен бірге, кітапхананың кітап қорын жабдықтауға да ерекше көңіл бөлінді. Институттың материалдық-техникалық базасын нығайтуда және қажетті оқулықтар мен құралдарын сатып алуға, пәндік кабинеттер мен зертханаларды жабдықтау үшін институт бойынша тиісті дәрежеде қаражат бөлініп, жоспарланған іс-шаралар жүзеге аса бастады. Өскен ортасы және еңбек жолының басталуында Сәнду Дүймағамбетова алуан түрлі адамдармен кездесіп, олармен тағдырын тығыз байланыстырды.

С.Дүймағамбетова қызмет атқарған 1960 жылдардың аяғы мен 70-жылдардың бас кезінде педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерін кәсіби-педагогикалық даярлауды жетілдіруде жаңа кезең басталды. Болашақ мұғалімдерді психологиялық-педагогикалық даярлаудың мазмұнын жетілдіру бірден-бір өзекті мәселе болып, күн тәртібіне қойылды.

Сол кезеңде белгілі кеңестік ғалым-педагог, профессор И.Т. Огородников «Жоғары педагогикалық білім берудің өзекті проблемалары» мақаласында: «Кезінде «Педагогикалық білім беру» журналы өз жұмысын тоқтатты. РФКСР Педагогикалық ғылым академиясы педагогикалық білім беру институты жабылды, бірте-бірте педагогикалық білім беру мәселелері Педагогика ғылым академиясы мен пединституттардың ғылыми-зерттеу жұмысы тақырыптарынан шығарыла бастады. Сондықтан да педагогикалық білім беру саласындағы жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысын тек қана қалпына келтіру емес, педагогика ғылымы дамуының қазіргі міндеттеріне жауап беретіндей жоғары деңгейге көтеру қажет», - деген пікір білдірген болатын [5, 36-37 б.б.]. Осыған орай жоғары педагогикалық білім беру саласында ғылыми-зерттеу 1970 жылы жасақталған жаңа оқу жоспары мен бағдарламасында болашақ ұстаздың психологиялық-педагогикалық даярлығын жетілдіруде педагогика-психология циклінде пәндерді оқытудың біріздiлігі басшылыққа алынды. Болашақ мамандар 1-курс I - ші семестерден бастап Педагогика пәндерін оқыту «Педагогикаға кіріспе» пәнінен оқытудан бастады. Ал II - ші семестерде жаңа курс «Жас физиологиясы және мектеп гигиенасы» енгізілді. Сонымен бірге «Педагогика тарихы» курсы «Мектеп педагогикасы» курсының алдында оқытылды. Бұл кезеңде республика жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде уақыт талабына сай орын алған кемшіліктермен қатар жоғары педагогикалық оқу орындары үлкен өзгеріске ұшырады. Оның айқын дәлелі ретінде Гурьев педагогикалық институты 70-жылдары оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәлім-тәрбие беру жұмыстарын тиімді ұйымдастыруда біршама тәжірибе жинақтады.

Ректор С.Д.Дүймағамбетованың басшылығымен профессор-оқытушылар ұжымы болашақ педагог кадрларды кәсіби-педагогикалық жағынан сапалы даярлауда, олардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыруда, өз мамандығын жан-жақты және терең біліммен қаруландыруда, сонымен бірге психологиялық-педагогикалық жағынан даярлауда зор табыстарға қол жеткізді. Институт басшылығы тарапынан 1969-73 жылдары мамандықтарды тұрақтандыру бағытында біршама жұмыстар атқарылды. Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының қалыптасып, өркендеу жылдарында ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудағы, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәлім-тәрбие жұмыстарын жетілдіруде атыраулық тұңғыш әйел ректор Сәнду Дүймағамбетқызының атқарған еңбегі өлшеусіз.

1973 жылдан кейін ол Қазақ мемлекеттік медицина институтында, 1974-80 жылдары Қазақ КСР Ғылым Академиясы Химия институтында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс жасады. Қызмет атқарған жылдары еңбектегі, ғылыми шығармашылық жұмыстары үшін «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін 1941-1945 жж.», «Ұлы Отан соғысы жеңісіне 50-жыл», «Ерен еңбегі үшін» «Еңбек ардагері» т.б. бірнеше медальдар мен Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Алматы қалалық және аудандық кеңесінің депутаты болды. Табиғатынан сыпайы, қарапайым, ұстаздық жолында барша ғұмырын адам тәрбиесіне арнаған ұстаз-ғалым, Атырау қаласының Құрметті азаматы Сәнду Дүймағамбетова 83 жасқа қараған шағында 2002 жылдың 13 тамыз күні Алматы қаласында дүниеден озды.

Сәнду Дүймағамбетқызының жұбайы көрнекті тарихшы-ғалым, зерттеуші, халық мұраларын жинаушы Мұстафа Ысмағұлов (1914-1987) елімізге белгілі ғалым. 1990 жылдардың басында Сәнду апай қызы Салтанатпен жолдасының өмір бойы Орынбор, Саратов, Москва, Санкт-Петербург, Астрахан, Омбы архивтерінен жинақтаған мол мұраны Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейіне тапсырды. Бұл баға жетпес мол мұраларды халық

игілігіне жарату үшін музей қорына тапсыруы ғалым Сәнду Дүймағамбетқызының туған халқының тарихына деген құрметі мен сүйіспеншілігі болатын. Қазіргі таңда М.Ысмағұлов жинаған құнды жәдігерлер мен деректердің арқасында 1911-1913 жылдары Ордада жарық көрген «Қазақстан» газетінен кейін 1917-1918 жылдары «Алаш» қозғалысының үні болған «Ұран» атты басылымның жекелеген сандары табылып отыр.

КСРО дәуірінің 1960-70 жылдарындағы педагогикалық негізгі ұстанымдарын айқындап және бұл қоғамдық құбылыстың С.Дүймағамбетованың ғылыми-педагогикалық көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен факторларды айқындау және сол кезеңдегі білім беру жүйесіне тарих тұрғысынан ғылыми талдау жасау, ретроспективті және тарихи-генетикалық талдау негізінде оқу үдерісіндегі оның озық педагогикалық идеяларын жүзеге асырудың жолдарын айқындау, сонымен қатар ғалым-ұстаздың тәлімдік идеяларын жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие жүйесіне ендіру жолдарын ғылыми-әдістемелік тұрғыда анықтау негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

С.Д.Дүймағамбетова туған елі мен қоғамға сіңірген адал еңбегімен, ғылыми шығармашылық ізденістерімен және адами асыл қасиеттерімен ел құрметіне бөленген қайраткер әйелдер қатарында болатындығы ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан, 16 желтоқсан, 1998 жыл.

2. Атырау облыстық мемлекеттік архиві (АОМА), 13-қор, 2-тізім, 4640-іс.

3. Дүймағамбетова С. Биыл Гурьев қазақ орта мектебін бірінші рет 23 оқушы бітірді // Социалды құрылыс, 14 шілде 1938 жыл.

4. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті – жарты ғасырдан аса уақыт бойы аймақтың білімі мен ғылымына қызмет көрсету – Атырау: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 2010. – 444 бет.

5. Атырау мемлекеттік университеті: өткені, бүгіні және болашағы. – Алматы, 2001. – 578 б.

УДК -94(574):1(091)
МРНТИ 03.01.09

Абикенова Г.Е.[1] Джолдыбаева У.М.[2]

[1]әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты
[2]әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тарих ғы

ӘЛ-ФАРАБИ ЕСІМІНІҢ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ОРТАСЫНА ОРАЛУЫНА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа

Мақалада әлемнің екінші ұстазы, ғұлама ғалым әл-Фараби есімінің қазақ ортасына оралуына қатысты мәселелер сөз болады. Яғни фарабитанушы, геолог-ғалым Ақжан Машанидің ғұлама ғалым әл-Фарабидің қазақ топырағынан шыққандығын дәлелдейтін деректер келтіріледі. А. Машанидың әл-Фараби есімін танытуда жасаған жұмыстары айтыла отырып, ғалымның өмір жолы мен шығармашылығына қатысты пікірлер қарастырылады. Сонымен қатар қазіргі қазақ ғалымдарының фарабитануға зор үлес қосқаны айқындалады. Үстіміздегі жылы Әл-Фарабидің мерейтойы халықаралық деңгейде ЮНЕСКО аясында аталып өтуіне орай ғұламаның есімін жас ұрпақтың санасына сіңіре отырып, нағыз қазақ топырағынан шыққан ғалым екендігіне қатысты пікірлер талданады.

Тірек сөздер: А. Машани**,** фарабитану, ғұлама ғалым, әлемнің екінші ұстазы.

Abikenova G.E. [1] Joldybaeva U.M. [2]

[1] Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of History of Kazakhstan KazNU named after Al-Farabi
[2] Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of History of Kazakhstan KazNU named after Al-Farabi

SOME ISSUES ABOUT THE RETURN OF AL-FARABI'S NAME TO THE KAZAKH SOCIETY

Abstract

There is discussed issues about return of the second teacher of mankind, famous scholar al-Farabi's name to the Kazakh society. And there are used Farabi researcher, geologist and scholar A.Mashani's works proving Al-Farabi's Kazakh origin.

Also, the article reveals the contribution of KaZakh scientists to Farabi studies. Concerning the wide celebration of al-Farabi's anniversary last year in an international level under the auspices of UNESCO, there were scaled and analyzed various opinions of scientists about the biography and work of the great philosopher. Today, we can say that there is no researcher who has not studied the world of Al-Farabi, who has not been interested in his scientific achievements and analysis on various grounds. In general, the works of the world-famous scientist contain not only a wide variety of Sciences necessary for the life of the human race, but also studied and commented on all the famous scientists of their time.

Keywords: A.Mashani,Farabi studies, famous scientist, second teacher of mankind

Абикеноваа Г.Е. [1] *Джолдыбаева У.М.* [2]

[1] *кандидат исторических наук,доцент кафедры история Казахстана КазНУ им. аль-Фараби*
[2]*кандидат исторических наук,доцент кафедры история Казахстана КазНУ им. аль-Фараби*

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ВОЗВРАЩЕНИЯ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ В КАЗАХСКУЮ СРЕДУ

Аннотация

Возвращение имени Второго учителя человечества аль-Фараби стало возможным благодаря трудам знаменитого ученого-геолога и фарабиеведа А.Машанова, известного в мире как аль-Машани. В статье приводятся сведения из трудов аль-Машани, доказывающие казахское происхождение аль-Фараби, а также раскрывается вклад казанстанских ученых в фарабиеведение. В связи с широким празднованием юбилея аль-Фараби на международном уровне под эгидой ЮНЕСКО анализируются различные мнения ученых о биографии и творчестве великого философа мирового масштаба. Можно сказать, что в настоящее время нет исследователя, который не исследовал мир Аль-Фараби, не привлек его достижений в области науки и анализа на различных основах. В основном труды всемирно признанной науки охватывали широкий спектр наук, необходимых для жизни человечества, но ученый изучал и комментировал все известные ученые своего времени. Из истории известно, что ученый родился в Отыраре.

Ключевые слова: А. Машани**,** фарабиеведение, известный ученый, Второй учитель человечества.

Жер беіндегі кез-келген адамзат қоғамын кемелдікке жеткізіп, өркениетке бастайтын бір ғана жол бар. Ол – білім мен ғылым жолы. Осы жолға өз өмірін арнап, артына өшпес мұра қалдырған данышпан ғалымдар санаты аз емес. Осы орайда, бүкіл әлемге «екінші ұстаз» деп танылған біздің ұлы бабамыз, түрлі ғылымдардың негізін қалаушы Әбу Насыр әл-Фараби екені даусыз.

Қазіргі тұста әл-Фараби әлемін зерттемеген, оның ғылым саласына қосқан жетістіктері мен түрлі негіздегі талдауларына қалам тартпаған зерттеуші жоқ деп айтуға болады. Негізінен әлем танған ғұламаның еңбектерінде адамзат баласының өміріне қажетті ғылымның сан алуан түрі қамтылып қана қоймай, ғалым өз заманындағы белгілі ғалымдардың бәрін де зерделеп, түсіндірмелер жасап отырған. Ғалымның Отырар қаласында дүниеге келгендігі тарихымыздан белгілі. Олай болса, заманында түркі ғылымы мен мәдениетінің жоғары болғандығын ескере отырып, кемеңгер ғұламаның осындай терең білімнің бастауын араб елдерінде емес, өз елімізде – Отырарда алғанын атап өткен жөн. Түсіне білген адамға ғұламаның өз туған топырағы жайлы, оған деген шексіз махаббаты туралы оның толысып піскен алманың «бітім-болмысындағы жақсы қасиеті неде?» деген сауалға: «Бәрінен де оның ұрығы тамаша. Өйткені осы алманың өзі сол ұрықтан өсіп шығып, одан бүкіл бақ пайда болды ғой», деп жауап беруінің өзінде үлкен астар жастыр. Бұл жердегі ғұламаның тамаша сипаттауындағы «ұрық» деп отырғаны ғалымның өскен ортасы мен түрік нәсілі, білім алған бағы - Отырар кітапханасы болғандығын осы ойы арқылы түсіндіреді. Осы бақтан, яғни Отырар кітапханасынан өсіп шыққан ғұламалардың өте көп болғандығын ескерсек, орта ғасырда Отырарда ғылымның өте жоғары деңгейде болғанын байқаймыз [1, 5б]. Болашақтың кемеңгер ғалымы алған білімін одан әрі дамытып, жетілдіру үшін сол кездегі араб мәдениетінің орталығы Бағдатқа аттанады. Мұнда ғылымның сан саласын қамтыған «Мамұн академиясы», «Даналық үйі», «Бағдат обсерваториясы» жұмыс істеп жатты. Ортағасырлық араб шежірешісі Ибн Халликанның жазуына қарағанда «Әбу Насыр Бағдатқа келгенде мұнда мәшhүр философ Әбу бишр Матта бин Йунус (870-940)тұратын. Ол Аристотель ілімінің, әсіресе логика саласының маманы еді. Ол өте сабырлы, сыпайы болып, өз ойларын нақты жеткізумен ерекшеленген. Сол себепті әл-Фараби шәкірт ретінде оның осындай қасиеттерін бойына сіңіріп, мол тәлім жинақтайды [Ибн Халликан Китаб уафайат әл-ағиан онба әбна аз- заман.Бейрут(жылы көрсетілмеген)153-157 беттер]. Сонымен бірге әл-Фараби логика, медицина, астрономия және басқа ғылым салалары бойынша сандаған еңбек жазды. Оның осы қажырлы еңбегі көптеген ғылыми жаңалықтар ашып, заманында білімпаздар арасынан озып шығуына негіз қалаған [2, 6 б].

Әл-Фарабидің қай жерде кіндік кесіп, қай халықтың өкілі екені туралы талас-тартыс күні кешеге дейін толастаған емес. Ұлы бабамыздың табаны тиген, ғылыми еңбектері жазылған Иран, Ирак, сондай-ақ бізбен көрші жатқан бірнеше мемлекет оның Отаны болуға тырысып бақты. Түрлі деректер келтіріп, дәлел-дәйектер ұсынып жатты [3,5б]. Десек те, әл-Фараби сынды ғұлама ғалымның қазақ топырағынан екендігін дәлелдеу, яғни оның есімінің қазақ халқының төрінен орын алуы үлкен жолдан өткен болатын.

ХХ ғасыр үшін өте ауыр да қайғылы Ұлы Отан соғысының сұрапыл соғыс тұсында, яғни 1944 жылы қазақ қауымы Абайдың 100 жылдығын өз дәрежесінде атап өтуге келісім жасалып, ұлы ақын шығармаларындағы табиғат пен ғылымның қай дәрежеде көрініс тапқандығын баяндау мәселесі көтеріледі. Осы тұста ғалым Қаныш Сәтбаевтың ұсынысы бойынша бұл жұмысты атқару, яғни баяндама жасау тау-кен институтының түлегі, осы сала бойынша 1942 жылы ғылым кандидаты дәрежесін қорғаған Ақжан |Машановқа жүктеледі. Мұхтар Әуезов бастаған абайтанушы ғалымдар, жазушылар және зиялы қауым алдында дана ақын Абай хақында, оның шығармаларын ғылыми танымдық тұрғыда техника ғылымы А.Машановқа жүктелуі қиынға соғады. Ол бұл істің аса терең мағыналы болуын іштей ұғынып, саласының өкілі үшін айтар ойының қаншама мағыналы да терең болуы маңызды еді. Баяндама сәтті шығып, Ақжан Машановқа артқан үміт ақталады. Ал бұл, абайтанудағы Ақжан Машановтың әл-Фарабиды тануына жол ашқан еді. Бұл туралы А.Машанов былай деп түйіндейді: «...Абайды оқып, тағылым-тәрбие алмаған болсақ, әл-Фарабиді сөз етер ме едік... Өзіме шындық жолды іздеуге бағыт берген Абай шығармалары деп

білемін» [4]. Бұдан көріп отырғанымыздай, А.Машанов сынды ізденімпаз ғалым тау-кен маманы болса да Абай есімі арқылы әл-Фараби есімін қазақ ортасына оралуына негіз қалады [5, 38б].

Осы тұста шығыстың ғылыми мұрасын зерттеуші, бұрынғы Чехия Ғылым академиясының президенті, білікті ғалым Э.Я.Кольман «Орта ғасыр ғылымы туралы» баяндамасында Европа ғылымының орта ғасырларда Шығыс, Араб елдерінен бастау алғанын айта келіп, Әл-Беруни, Әл-Хорезми, Ат-Туси, Ұлықбектерді атай келе, одан бұрын олар ұстаз тұтатын әл-Фараби есіміне ерекше ілтипат көрсетіп өтеді. Бұл жағдай А. Машановты елең еткізді және бұрын-соңды Орта Азия ғұламалары қатарында кезіктірмеген әл-Фараби есімін ол алғаш Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» поэмасынан оқыған еді. Ол кезде Ақжан Машанов Фараби атына немкеттілеу қараған болатын. Мағжан әспеттеген музыкант енді Шығыс ғұламасына, тіптен Тұран ғұламасына айналып отыр. Егер ол Орта Азиядан шығып, өзі орта ғасыр ғалымы болса, тәжік, әсіресе өзбек ағайындар әлдеқашан-ақ иемденіп алар еді. Қазақ болмаса Мағжан оны жырына тектен-текке кіргізбеген де шығар... Жаңылыс кетті дейін десе, Э.Кольманның атақ-абыройы, зерттеушілік ерендігі сенімсіздік тудырмайды. Сонда бұл кім, қай жерден шыққан, ғалымдағы неде? Ғылымды жасағанда мысқалдап жиналатын мәліметтер іздестіруге түрткі болатын осындай сұрақтар жас ғалым-геолог Ақжан Машановты күнделікті істен қолы қалт еткенде мазалай берді. Ол түрлі анықтамалық, әмбебаптық кітаптар бетін парақтап көрді, бірақ әл-Фараби есімі аталатын жолдарды кезіктіре алмады. Ал арнайы мақсатпен әл-Фарабиді іздестіруге Машановта қаражат болған жоқ. Ақжан Машанов 1946 жылы докторлық жұмысын қорғаған бетте жаңа шаңырақ көтерген Республика Ғылым академиясының Жер ғылымы бөлімшесінің тұңғыш корреспондент мүшесі болып сайланып, үш академиктің қатарында аталмыш бөлімше шаңырағын көтерісіп, қажет төрт қанат керегенің бірі іспетіндегі ғалым санатында Қаныш Сәтбаевты президент етіп сайлаған ғылым ордасының құрылтайшысы болған еді [5, 39б].

Осы кезден бастап А. Машанов ойында көптен жүрген әл-Фараби есімі мен оған қатысты мәліметтер жинақтау жиі оралады. Нәтижесінде, ғұлама туралы деректерді шетел кітапханаларынан іздестіру қажеттілігі туып, А.Машанов өзінің тілек хатын Берлин, Лиссабон, Париж, Каир, Мадрид қалаларына жолдайды. Соғыстан кейінгі ауыр кезеңде аталған елдерге бару мен ғылыми жұмыс жүргізу мүмкін емес болатын. Бұған дейін Мәскеу, Ленинград кітапханаларынан табылған аздаған деректердің ішінде: неміс тіліндегі екі, ағылшын және түрік тілдеріндегі бір-бірден табылған әл-Фараби еңбектерінің төрт библиографиялық тізімі шетел кітапханаларынан оның мұрасының көшірмесін сұратып алуға түрткі болады [5, 40б]. Ақжан Машанов шетелге жол тартқан кісілердің барлығынан «қарай кел» деп әл-Фараби мұрасын тапсырумен болады. Нәтижесінде, академик дәрігер Сайын Балмұханов Стамбулдан әл-Фараби кітаптарының тізімін әкеп берсе, академик Шахмардан Есенов Канадаға барған сапарында екінші ұстаздың Бейрутта араб тілінде шыққан еңбегін әкеліп, сыйға тартады. Ал өзі әл-Фарабидің үш кітабын «Ғалия» медресесінің кітапханасынан табады [6,1б]. Сөйтіп, А. Машанов 1958-1960 жылдары әл-Фарабидің он шақты шығармасы және оның еңбегін зерттеушілердің дүниелеріне қол жеткізеді. Бұл деректер тарих ғылымының жанашыры Қаныш Сәтбаевтың қолдауына ие болады. Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Қаныш Имантайұлының «орындалсын» деген бұрыштамасымен Ақжан Машановтың сұрау-хаттары қолдау тауып отырады.

Ізденісті жол қай ғалымның болсын, қаламын ұшқыр етері сөзсіз. А.Машанов та осы ізденісінің жемісін көріп, 1961 жылдың басында-ақ әл-Фарабидің Отырардан шыққан қазақ перзенті екендігінің бұлтартпас дәлелдерін ҚР ҰҒА Хабаршысында жариялады. Сөйтіп, әлемдегі Екінші ұстаздың қазақ перзенті екендігін дүние жүзіне ресми түрде мойындатқан құжат осылайша туындағанын қазақ ғалымдары жазды және білетіні сөзсіз [7]. Бұған қоса, 1962 жылы А. Машанов тұңғыш рет әл-Фарабидің философия үйренушілерге бағышталған 9 трактатын аударып және оның суретін жария етеді [8]. А. Машановтың осы еңбегі арқылы әл-Фараби еңбегінің алғаш қазақ тілінде жариялануы еді. А. Машанов бұл іспен ғана тоқтап қалмай, өз қаржысымен әл-Фараби ғұмыр кешкен Таяу Шығыс елдерін аралап, Дамаскідегі Баб-ас-Сағир зиратынан бабасының қабірін тауып, бір уыс топырағын әкеліп Отырар топырағына қосқаны да тарихымызға құндылығы шексіз. Оның бұл игілікті ісі Сирия үкіметінен әл-Фараби басына белгі қоюға өтініш жасауымен аяқталып, 1968 жылы әл-Фараби мазарына құлпытас орнатуға мұрындық болады.

Десек те, Ақжан Машанов ізденістері өзі нәтижесін берді, әл-Фараби есімінің қазақ топырағына қайта оралғаны өзге ағайындардың таласпауына да нақты дәлелдер келтірді. Бируни атындағы Шығыстану институтында әл-Фараби туралы ешқандай деректің жоқтығына көз жеткізді, әрі өзбек ағайындары әл-Фараби есімін мүлде естімеген болып шығады. Институт директорының орынбасары Мұзафар Хайруллаев Ақжан Машановтың жинаған әл-Фараби туралы азды-көпті мәліметтеріне таңырқауында шек болмады. Ғалым баба хақындағы қолда бар материалдарымен бөлісті және «әл-Фарабиге көз алартпаңдар» деп жоғарыда келтірілген «Академия хабаршысы» мен «Білім және еңбек» журналдарын сыйға тартады.

Сондай-ақ, Ақжан Машановтың әл-Фараби мұрасын Орта Азия елдерінен одан әрі іздеп, жинақтауына Азия және Қазақстан мұсылман қауымдастығын басқаратын муфти, араб тіліне жетік маман Зиалидин Бабаханмен танысуы басты себеп болады. Өзара пікір алмасудан соң ғұлама жөніндегі мәліметті Уфа, Қазан медресе-мешіттер мұрағатынан іздестіру туралы кеңес алады. Өз кезегінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында қазақ зиялыларының сауат ашып, қалыптасуына ықпал еткен «Ғалия» медресесінің кітапханасы Уфа мешітінің қарамағында сол қалпында сақталып қалады. Уфа мешітінен А.Машанов әл-Фарабидің үш кітабын бірден тауып, оны зерттеуге кіріседі. Оның бірі - неміс аудармасы болса, ал екінші және үшінші кітап 1907 жылы Каирде шыққаны белгілі. Аталған екінші және үшінші кітапта әл-Фарабидың он екі еңбегі мен өмірбаянына қатысты материалдар топтасады. Мешіттің имамы Камал Башари қази әл-Фарабидің қазақ-қыпшақ тумасы екендігін естіп қуанып, сол

кітаптың бірін Ақжан Машановқа сыйға тартып, Қазандағы Маржани медресесінде, кезінде әл-Фараби 44 логикасы (мантих) жеке дәріс ретінде оқытылғандығы туралы айтады [9].

Осындай құндылығы жоғары дүниелер, техника саласының маманы Ақжан Машановтың мол ізденістері арқылы қазақ ортасына оралды. Осындай ұлы мұралар мен құндылықты ардақтаудың басты шартының бірі - бүгін өркениеттің ұлы көшінде қалыптасқан. Қазақстан мемлекеті атын тағынған ұлттың болмыс- бітімін сақтап қалуда ары үшін жанын пида етуден де тайынбай, тар жол, тайғақ кешкен азаматтар есімін ұрпақ тәрбиесінің шамшырағына айналдырумен тікелей байланысты деп көрсете аламыз. Олардың қатарында ізденімпаз, техник-маман, фарабитанудың Кіндік Азия бойынша атасы саналатын ғұлама Ақжан Жақсыбекұлы Машанов еді. Ғылымда, ендігі тұста ғалым Ақжан Машани ретінде танылды. Осы тұста ғалым М.Шапиян зерттеуіне назар аударсақ, М. Хайруллаевтың әл-Фарабиді ташкенттік еткісі келген пиғылы 1971 жылы Мәскеуде өткен халықаралық конгрестің мәжілісінде, яғни ұлы бабаның ЮНЕСКО ауқымында 1100 жылдық мерейтойын өткізу мәселесі сөз болғанда тағы бір бой көрсеткен болатын. Осының кесірінен, ұлы бабаның мерейтойын өткізу мәселесі қыл үстінде қалып еді. Мәжілісте М. Хайруллаев сөз алып: «әл-Фарабидің мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция тек Ташкентте өткізілуге тиісті, әрі баба мұрасы марксизм тұрғысынан әділ бағаланады», - дегенде, мәжілісті басқарушы Египет ғалымы үстелді қойып-қойып қалып, орнынан атып тұрып: «Ислам ғылымының алыбы әл-Фарабиді марксизмге жүндетуге бере алмаймыз. Ғұламаның мерейтойы өзі ғұмыр кешкен араб елінде өтеді». Осындай қысылтаяңда Алланың құдыретін мойындатар бірер сөзді араб тілінде айтып, А.Машани төрағадан сөз сұрайды. Өз тілінде тілек еткендігінен бе, төраға сабасына түскендей болып, А.Машаниге басын изеп, «сөйлеңіз» деген ишарат білдіреді. Сөз тізгінін алған ғалым «әл-Фарабидің туған қаласы Фараб-Отырар, елі Қазақстан»,- дей келіп, қазақ ғалымдарының баба мұрасын игерудегі игі істерін атап шығады да, көне заманда әйгілі ғұлама Птоломей мұны нақты жазып, карта жасап, Отырарды «әл-Фарабидың туған жері» деп көрсеткен бұлтартпас дәлелдерін алға тартады. Сөйтіп, төраға ны және басқа ғалымдарды бүтін Араб, Шығыс елдерінің орта ғасырдағы ислами ғылымының жұлдызының кіндік қаны тамған Отаны - Қазақстанға шақырады. «Әл-Фараби ұлы ғалымдар қатарында халықаралық тізімге кіргізілсін, оның 1100 жылдық мерейтойы КСРО-да, Қазақстанда тойлансын» дейтін қаулы қабылданған мәслихаттың шешімі Ақжан Машанидың әл-Фарабиді зерттеудегі ең нәтижелі жеңісі еді [6.6-7б],- деп көрсетеді.

Бұл оқиға өзінің шешімін тауып, тарихымызда белгілі әл-Фарабиге арналған ғылыми форум 1975 жылы қыркүйектің 8-13-де Мәскеуде басталып, кейін мерейтой ғұламаның өз отаны Қазақстанда - Алматыда аяқталған болатын. Осы кезеңде А.Машани әл-Фараби мұраларын игеруге арналған 32 ғылыми еңбектерін жариялап, оның 5-еуі жеке кітап, монография болып басылса, оның ішінде (1970) тарихи романы да болды [5, 47б].

Бүгінгі таңда еліміз әл-Фараби бабамыздың мерейтойын ЮНЕСКО көлемінде атап өтіп, оның әлемдегі «екінші» ұстаз болғандығымен, мол ғибратты еңбектерімен ел мақтанышына айналдырып отыр. Ал, сол әл-Фарабидің қазақ бабасы екенін әлем ғалымдарына мойындатқан кім десек, ұлық тойда ұлы іс тындырған геолог ғалым Ақжан Машани екенідігімен әр қазақ мақтанып қана қоймай, марқая білуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бейсенбай Б. Ұлы ғұламаның шынайы өмірбаяны. //Егемен Қазақстан, 2020, 5- мамыр,5-бет

2.Дербісәлі Әбсаттар қажы. Әбу Насыр әл-Фараби мен әл-Мутанаби. //Егемен Қазақстан. 2020,28-сәуір, 6 –бет

3.Е. Бектұрғанов. Даналық феномені. «Егемен Қазақстан»2020,14-мамыр,5-бет

4. әл-Фараби және Абай. - Алматы. 1994. -248 б

5 Фараби ғибратты ғалым: Фарабитанушы ғалым А.Ж. әл- Машаниге арналады / Құраст. Ш. Абдраман. - Алматы, 2006. - 397 б., суретті. - "Ұлы тұлғалар" ғылыми-ғұмырнамалық сериясы. 38-43б, 47-б,

6. Шапиян М. Әл-Фарабиді қазаққа қайтарған Ақжан Машани. //Islam. 2003.kz.1-б

7. Боқаев Қ. Әл-Фараби және Ақжан Машани. //Ана тілі газеті.1998 жыл. 18-24 қазан.6-7б

8. Изв. АН КазССР. Общ. наук. 1961. № 5. С. 38; Қазақ ССР ҒА-ның хабаршысы. 1961. № 5. 105-106 б.

9. Білім және еңбек. (кейінгі «Зерде») 1962. № 1. 4 б.

ӘӘЖ:321:323.(574):94(574)(045)
МРНТИ 03.01.09

Ә.М. Қоскеева [1]

[1]PhD докторы, аға оқытушы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ-ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ҰЛТТЫҚ АХУАЛ ЖӘНЕ ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН (XX ҒАСЫРДЫҢ 50-60 жж.)

Аңдатпа

Мақалада XX ғасырдың 50-60 жылдарындағы Қазақстандағы саяси-идеологиялық ахуалмен қатар шығармашыл интеллигенцияның оның ішінде ғұлама ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұланның өнімді еңбегі қарастырылған. Сонымен қатар автор идеологияның үстемдік құрып тұрған кезеңде ұлттық бірегейлікті зерттеулерімен сақтап, насихаттай білген Ә. Марғұлан жан-жақты энциклопедиялық білімін қазақ халқы тарихының жоғалып кеткен тұстарының бөлшектерін құрастырып, қайта жасағандығы зерделеген. Мақалада қарастырылып отырған кезеңде билік басындағылар «көшпенді» деген ұғымды көпшіліктің санасына «дамуы жағынан артта қалған» деп ұғындыруға тырысқан заманда Әлкей Хақанұлы бар саналы ғұмырын осы тұжырымды теріске шығаруға бағытталғаны баяндалған. Және де Ә. Марғұланның тұлғатанудың жарқын үлгісі – Шоқантанудың негізін қалағандығы назардан тыс қалмаған. Мақала AP08956066 «Академик Әлкей Марғұланның ғылыми-эпистолярлық мұраларын жинақтау, жүйелеу және зерттеу (пікірлер (отзывы), рецензиялар, хаттар, ашық хаттар (открыткалар)» жобасы аясында дайындалған.

Тірек сөздер: саяси-идеологиялық жүйе, шығармашыл зиялылар, жылымық, тарих, эпостық шығармалар.

Koskeyeva A.M. [1]

[1]PhD, Senior Lecturer, S.Seifullin Kazakh Agro Technical University
Nur-Sultan, Kazakhstan

NATIONAL SITUATION IN THE POLITICAL AND IDEOLOGICAL SYSTEM IN KAZAKHSTAN AND ALKEY MARGULAN (50-60s of the XX century)

Abstract

The article examines, along with the political and ideological situation in Kazakhstan in the 50-60s of the XX century, the productive work of the creative intelligentsia, including the great scientist Alkei Khakanovich Margulan. The author also emphasizes that A. Margulan using his comprehensive encyclopedic knowledge, collecting and reconstructing the missing parts of the history of the Kazakh people, managed to preserve and promote national identity during the period of ideological domination. The article notes that during the period when the authorities tried to impose the concept of "nomad" as "backward in development" on society, Alkei Khakanovich tried to refute this idea with his research throughout his conscious life. And also Margulan's contribution to personalistics was not left unnoticed on the bright example of Chokanology. The article was prepared within the framework of the project AP08956066 "Collection, systematization and study of the scientific-epistolary heritage of Academician Alkey Margulan (comments,reviews, letters, postcards.

Keywords: political and ideological system, creative intelligentsia, thaw, history, epic works.

А.М. Коскеева [1]

[1]доктор PhD, старший преподаватель, Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина
г. Нур-Султан, Казахстан

НАЦИОНАЛЬНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ В ПОЛИТИЧЕСКО-ИДЕОЛОГИЧЕСКОЙ СИСТЕМЕ В КАЗАХСТАНЕ И АЛЬКЕЙ МАРГУЛАН (50-60-е годы XX века)

Аннотация

В статье рассматривается наряду с политической и идеологической ситуацией в Казахстане в 50-60-е годы XX века продуктивный труд творческой интеллигенции, в том числе великого ученого Алкея Хакановича Маргулана. Также автор особо отмечает, что А. Маргулан используя свои всеобъемлющие энциклопедические знания, собирая и реконструируя недостающие части истории казахского народа удалось сохранить и пропагандировать

национальную идентичность в период идеологического господства. В статье отмечается, что в тот период, когда власти пытались навязать обществу понятие «кочевник» как «отсталое в развитии», Алкей Хаканович всю свою сознательную жизнь своими исследованиями пытался опровергнуть это представление. А также не остались не замеченными вклад Маргулана в персоналистику на ярком примере Чокановедения. Статья подготовлена в рамках проекта AP08956066 «Сбор, систематизация и изучение научно-эпистолярного наследия академика Алькея Маргулана (отзывы, рецензии, письма, открытки)» .

Ключевые слова: политическо-идеологическая система, творческая интеллигенция, оттепель, история, эпические произведения.

Коммунистік партияның XX съезінен кейін елдегі қоғамдық саяси жағдай өзгере бастады. Бұл репрессияның райы қайтқанымен, коммунистік идеологияның өктемдігі әбден асқынып тұрған, қаламгерлер (интеллигенция) халықпен бірге социалистік догматизмнің тар шеңберінде шерменде болған тұсы еді.

Сол уақытта барлық жерлерде тек қана бесжылдықтар тынысы мен социалистік жарыс, өндірістік, шаруашылық пен саяси науқандар, жоспар мен міндеттемелердің орындалуы туралы ғана жазылып, ұлт тағдыры, халықтың рухани-әлеуметтік мұң-мұқтажы, мәдени-әдеби, тарихи көкейкесті мәселелері назардан тыс қалған болатын. Сталин тұсындағы социалистік модернизациялау қазақ даласын экономикалық, демографиялық, әлеуметтік-саяси, мәдени жаңа келбетке әкелумен қатар осылардың әрқайсысында орыс тілінің үстемдігін орнатуға жеткізді. Бұл объективтік мазмұндағы орыстандыру саясаты еді. Оның мәні орыстан басқа халықтардың, яғни қазақтардың да, орыс тілі мен мәдениетін игере отырып, өзінің ұлттық құндылықтарын сақтай, қастерлей алатын менталитетте қалуына саяды. Объективті орыстандыру алысты көздеген жымысқы саясат пен идеологияның басы ғана еді. Хрущевтік «жылымыққа» қарамастан тың игеру тұсындағы демографиялық қысым салмағына шыдамаған қазақ қоғамы субъективті мазмұндағы орыстану үрдісіне ұшырады. Басқаша айтқанда, төлқұжаттарында қазақ екендігі көрсетілген, бірақ өзін мінез-құлқы, мәдени-этникалық ұстанымы, сөйлейтін тілі жағынан орыстан ажырата алмайтын ұрпақ қалыптасты. Қазақ тілін қажетсінбейтін, ыстығына күйіп, суығына тоңбайтын, ана тілінде оқу-жазудан мақұрым қазақ қауымының қатары өсе түсті [1, 63-б.].

Ұлттық білім мен ғылым, тарих пен әдеби құндылықтарымыздың, әсіресе мәдениет пен оның негізгі өзегі болып табылатын қазақ тілінің өркендеуіне ішкі және сыртқы әлеуметтік-демографиялық процестердің кері ықпалы орасан болды. Олар мыналар:

1. Ұжымдастыру немесе қолдан жасалған ашаршылық зардаптары.
2. Кеңес Одағы бойынша, әсіресе Қазақстандағы жаппай индустрияландыру.
3. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Ресей мен Украинадан ірі өнеркәсіп орындарының Қазақстанға көшірілуі.
4. Кеңестер Одағын басқарған Н.С. Хрущевтың волюнтаристік саясаты немесе оның «тың игеру» науқаны.

1950-ші жылдардың ортасында кеңес үкіметі жүргізген демографиялық саясат елдегі мемлекет құрушы ұлт өкілдеріне бұрын болмаған нұқсан келтірді. Бұл әсіресе кеңес мемлекетін сол жылдары басқарған Н.С. Хрущевтың волюнтаристік саясаты мен оның тың және тыңайған жерлерді жаппай игеру туралы шараларына байланысты болды. Тың игеру үдерісі сайып келгенде, қазақ халқы, оның тілі, ділі мен діні үшін үлкен қасірет болды. Осы жылдары кадр мәселесі бойынша патша заманындағыдай отаршылдық саясат жүргізіліп, тұтас ұлттың еңсесін түсіретін әрекеттер жасалды. Мәскеудегі биліктің өктемдігі, әміршіл-әкімшіл жүйенің шиеленісуі, этнодемографиялық үдерістердің бұзылуы «тың эпопеясында» айқын көрініс тапты. Тың игеру жылдарында Қазақстан халқы сырттан келген келімсектердің есебінен 2,6 млн. адамға өсіп, соның салдарынан жергілікті ұлт өз жерінде мүлдем азайып кетті. Бұл туралы саясаттанушы, демограф-ғалым М. Тәтімов сөзімен айтсақ: «...қазақтардың проценттік тұрғыда одан әрі азаюына – сонымен қатар европалық келімсектердің көп мөлшерде тың жерлерді игеруге ағылып келуі тағы да әсер етті. Соның нәтижесінде 1959 жылы қазақтар өз жерінде 29,8 процентті ғана құраса, ал орыстардың үлес салмағы 42,7 процентке дейін тағы да артқаны белгілі» [2, 33-б.].

1954-1960 жылдары Кеңес Одағының Ресей, Украина, Белоруссия және басқа аймақтарынан жұмыс күші, механизатор кадрлар тапшы, жетпейді деген сылтаумен 2 миллионнан аса адамның Қазақстанның оңтүстік облыстарына, әсіресе шұрайлы жерлерге қоныс аударуы тың аймақтарындағы демографиялық жағдайдың күрделенуіне, қазақтардың ұлттық тілден, дәстүрден, ата-баба салтынан айрылуына жол ашты.

Н.С. Хрущев Қазақстанның ұлттық құрамы, қазақ халқының ұлттық мемлекеті туралы мәселелерге ұлыдержавалық гегемонизм тұрғысынан қарап, патшалық Ресей кезіндегідей экономикалық отарлық құрылым ретінде, бүкілодақтық шикізат базасына айналдыруды көздеді. Сайып келгенде кеңес үкіметі қазақ жерінде патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын жалғастырды. Тың игеру жылдарында солтүстік облыстардағы жүздеген қазақ ауылдары болашағы жоқ деген сылтаумен мүлдем жойылып кетті. Жаңадан тыңда ұйымдастырылған 800-ге тарта совхоз атауларының басым бөлігіне қазақ тілінде бір ауыз сөз де бұйырмады. Осы жылдарда 700-ден астам қазақ мектебі жабылып, орыс тіліне ауыстырылды.

Ұлттық баспасөзге де үлкен зобалаң келді. Тың игерілген облыстарда қазақ тілінде шығып келген газеттер жабылды. Ал оның есесіне орыс тілді басылымдардың үлес саны көпшілікті құрады. Қазақ оқырмандарының көп бөлігінің орыс тілді газеттерге ойысып кетуіне осы фактор себеп болды.

Кең байтақ қазақ жері Тың, Батыс, Оңтүстік өлкелерге бөлінді. Жергілікті халық – қазақтар ұлттық мәдениеттің өркендеу болашағынан айырыла бастады. Қазақ тілінің өрісі тарылып, жоғалуға бет алды. Алайда осындай жағдайда

Хрущевтік «жылымық» кезеңіндегі шындықтың шымылдығы сәл түрілгенін пайдаланған қазақтың шығармашылық интеллигенция өкілдері басылым беттерінде қазақ тілі, тарихы, мәдениеті, тарихи ескерткіштерді сақтау мәселесі мен қазақ халқының әдеби және ауызекі ақындық мұрасын зерттеудегі кемшіліктер туралы, ұлт мектептерінің аянышты халі жөнінде аса маңызды мақалалар басып, елдегі шынайы жағдайды батылдықпен жазған болатын [3-6]. Соған байланысты Қазақстан КП ОК-нің ғылым және мәдениет бөлімінің меңгерушісі С. Бейсембаев ОК-тің хатшысы И. Яковлевке жоғарыдағы авторлардың мақалаларындағы көтерілген мәселелердің ешбір негізсіз екендігіне қатысты хабарлама жіберілді [7, 20-24-пп.]. Бұл мақалалар партия басшылығының сынына ұшырады. Ол Қазақстан КП ОК-де талқыланып, 1956 жылдың 10 желтоқсанында «Республикада мәдениетті дамытудың кейбір мәселелерін жазудағы «Қазақ әдебиеті» газетінің қателері туралы» қаулысы қабылданды [8, 44-п.]. Орталық Комитет аталған мақалалардың мазмұнын сынай отырып, Қазақстан КП ОК-нің хатшысы И. Яковлев қол қойған, келешекте «идеялық тұрғыдан адасқан» интеллигенцияның басшылыққа алатын, бірқатар тұжырымдық нұсқауларына қатысты 12 бөлімнен тұратын төмендегідей шешім шығарды [9, 43-45-пп.].

Негізінен КОКП-ның XX съезінен кейін шығармашылық интеллигенцияның қызметіне қатысты мәселе бәсеңдегенімен де, қазақ ұлтының тілі мен мәдениеті мүшкіл жағдайда қала берді. Осындай саяси қиын жағдайда шығармашыл интеллигенцияның биігінде Мұхтар Әуезов пен Қаныш Сәтбаев сынды ғұламалардың қатарында көзі тірісінде халық ерекше құрметтеген, бірақ коммунистік партияның азабын кешкен ғұлама ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұлан тұрды.

Кеңес үкіметінің күшіне еніп, дүрілдеп тұрған шағында Ә.Х. Марғұлан көне жазба ескерткіштерді және қазақ халқының рухани мәдениетін, фольклорын жан-жақты зерттеумен бірге Қазақстан жеріндегі археологиялық ескерткіштер кешенін іздестіру, табу және зерттеу ісін алғашқылардың бірі болып бастады. Тікелей Әлкей Хақанұлының ынта-жігері арқасында Қазақстанның шөлді даласының түкпір-түкпіріне бірнеше археологиялық және этнографиялық экспедициялар ұйымдастырылды. Ә.Х. Марғұлан Қазақстан жеріндегі көне сауда жолдары мен көш соқпақтарын бойлай өтіп, кең-байтақ шөлді далалардан, құлазыған құмдардан ондаған жаңа археологиялық ескерткіштер тауып, оларды ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеп, ғылым әлеміне белгілі етті. Ә.Х. Марғұланның ғылыми ізденістерінің нәтижесінде Қазақстанда археологиялық және этнографиялық зерттеулердің берік іргетасы қаланып, Қазақстанда тегеурінді көне мәдениеттің ізі табылды. Бұрынғы көптеген зерттеушілер мен саяхатшылардың Қазақстан жерін ежелден бері көшпенділердің бірнеше көш жолдары ғана кесіп өтетін тіршіліксіз құба жон деген пікірлерінің теріс екендігі дәлелденді. Қазақстан жерінде тіршіліктің, көне мәдениеттің болғандығын, бірақ әр түрлі жағдайларға байланысты олар үзіліп, көне қоныстарды құм басқанын ғылыми тұрғыда анықтады. Оңтүстік Қазақстандағы Сыр, Талас және Шу өзендерінің бойынан көне қола мәдениеттің іздерін ашты. Отырар, Тараз, Сайрам және Сығанақ қалаларда археологиялық қазба жұмыстарын жүргізумен бірге сан алуан көне аңыз әңгімелер, ертегілер мен эпикалық жырлар нұсқаларын ел арасынан көптеп жинады, қазақтың материалдық және рухани мәдениетімен де жіті шұғылданды [10, 15-б.].

Оның жан-жақты жүргізген археологиялық және этнографиялық зерттеулерінің нәтижесі 1950 жылы басылып шыққан Қазақстандағы көне қалалар тарихы жайындағы көлемді монографиялық еңбегі болды [11]. Бұл кітапта бірінші рет көне Қазақстандағы барлық қала өркениетінің негізгі орталықтарына түгелдей жан-жақты ғылыми сипаттама, терең талдау жасалған. Қазақстанда бір-бірімен тығыз байланысты әр түрлі мәдени-шаруашылық типтердің болғандығын да Ә.Х. Марғұлан бірінші рет күн тәртібіне қойып, оны жан-жақты зерттеудің қажеттігін уағыздады. Ол кезде Қазақстанның археологиялық зерттеу тұрғысында ғылым үшін берері болымсыз деушілер пікірі басым болғандықтан да, оның бұл саладағы ғылыми зерттеулерінің маңызы аса зор болды.

Ә.Х. Марғұланның көп жылдар бойы қазақ халқының мәдениет тарихы жайында жүргізген сан қырлы зерттеулерінің нәтижесі есебінде ол 1946 жылы «Қазақ халқының эпикалық жырлары» [12] туралы докторлық диссертация қорғады, бірнеше ғылыми еңбектер жариялады. Әлкей Хақанұлының қазақ халқы мәдениеті мен тұрмысын, әдет-ғұрып, салт-санасын жан-жақты терең білгірлігі, көшпенділік өмірдің қыр-сырына қанықтығы оның эпикалық жанрдағы зерттеулерінің жан-жақтылығы мен ғылыми тереңдігінің басты шарты болды.

Отан соғысы аяқталысымен, қуғын-сүргіннің үшінші кезеңі басталғаны белгілі. Осынау қиын-қыстау 1953 жылдың 11-15 сәуір күндері Алматы қаласында «Қазақ қаһарманды эпосының халықтылығы» атты пікірталас өтті. Пікірталасты Қаз КСР Ғылым академиясының президенті Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев кіріспе сөз сөйлеп ашты. Баяндаманы филология ғылымының кандидаты Мәлік Ғабдуллин жасады. Баяндамашы өз сөзінде «қазақ эпосының тарихи мәселелерін марксизмге қарсы зерттеді» деп Мұхтар Әуезовті, профессор Әлкей Марғұланды, С. Мұқанов, Б. Кенжебаев және басқаларды буржуазияшыл ұлтшылдар деп сынады. Жоғарыда аты аталғандар мінбеге шығып, өздерін ақтау пікірлерін ортаға салған. Бұл жиында Әлкей Марғұлан да сөз алады: «Жолдастар! Мен шамалы сырқаттанып тұрмын, сондықтан сөзімнің кемшіліктері болып жатса, кешірім сұраймын. 1939 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесінің кезекті бір отырысында маған кейін халыққа қарсы шығарма ретінде әшкереленген, артта қалған феодалдық өткенді көксейтін, халықты тұншықтырушы Алтынордалық Едігені мақтайтын «Едіге» эпосы туралы мақала жазу тапсырылды. Бұл тақырып менің басты тақырыбым емес. Бұл жұмыспен мен аспирантураны аяқтау кезінде, соғыс жылдары айналыстым. Ол жылдары марксизм-ленинизм тұрғысында эпостық шығармалар туралы нақты тұжырым қалыптаспағандықтан, эпостық шығармалардың бәрі халықтікі деп саналатын. Дегенмен, мен қазақ эпосын саралауда В.И. Лениннің «фольклор - халықтың болашаққа деген үмітін терең зерделеп жазуға болатын тарихи-этнографиялық маңызды, бағалы материал» екені туралы айтқан пікірін ұмытқан жоқпын. В.И. Лениннің осы кемеңгерлік көрегендігі менің ғылыми жұмысымның өн бойына өзек

болмағаны өкінішті. Мен орта ғасырлар эпосы туралы көзқарасымды біржақты, тек шетел басқыншыларына қарсы күрес ретінде білдірдім. Алтын орда хандары мен қандықол Едігені мақтайтын феодалдық эпостарда бүгінгі кезімізге жат, зиянды нәрселер көп. Онда елді қанаушылар, олардың қарақшылығы мадақталады. Қарақшылық соғыстар, адамдарды құлдыққа әкету марксизм-ленинизм ғылымында басқыншылықтың көрінісі ретінде бағаланады. Мен төңкеріске дейінгі зерттеушілердің қазақ эпосы жайында түрлі тұжырымдар жасалған ғылыми-зерттеу еңбектері бар екенін есте сақтауым керек еді. И.В. Сталин «Белгілі ғалымдардың ескірген пікірлерін сынға алмай алға жылжуға болмайды» деп үйретеді. Көсеміміздің бұл даналық ойы біздің ізденістерімізге нақты бағдар беріп, болашаққа қате жіберуден сақтандырады. Эпостың халықтық желісін, біздің ескі көшпелі тұрмысқа, патриархалдық артта қалушылыққа жетелейтін, қазақ халқына жат «Шора», «Қарасай», «Ер Сайын», «Орақ пен Мамай» сынды эпостар мен Қорқыт туралы аңыздарды түпкілікті түрде тамырымен жоюымыз қажет. Мен жалшының жанұясынан шықтым. Жасөспірім кезімнен кісінің есігінде жүрдім, теміржолда жұмысшы болдым. Сегіз жыл бұрын жасаған қателіктерім қоғамымыз бен өзімнің тарапымнан сыналған болатын. Содан бері бірнеше үлкен ғылыми экспедициялар жүргізіп, 20-дан астам ғылыми еңбектер жаздым. Бірақ ең маңызды зерттеу жұмыстары алда», [13] - деп сөз сөйлеуге мәжбүр болады.

Соғыстан кейінгі жылдарда Ә.Х. Марғұланның негізгі ғылыми зерттеу жұмысы көне мәдени ескерткіштерге өте бай, бірақ шын мәнісінде әлі зерттелмей, ғылым үшін беймәлім болып келген Орталық Қазақстанмен тікелей байланысты болды. Бұл атырапта ежелден бері жаңа заманға дейін мекендеген халықтар туралы антикалық және орта ғасырлық тарихи жазба ескерткіштерде ешбір мағлұматтардың жоқтығы баршаға белгілі жай. Сондықтан да бұл кең атыраптың зерттелмегендігі және ол туралы тарихи көне жазба деректердің болмауы қазақ даласында көне цивилизация ошақтарының болуы мүмкін емес, тіпті тіршіліктің өзі мұнда эпизодтық сипатта болды деген сияқты теріс теорияның қалыптасуына себеп болды. Сырдария, Шу, Талас өзендері бойында және Отырар, Сауран, Сығанақ қалалары орнында қазба жұмыстарын жүргізіп, соның негізінде 1950 жылы «Көне қазақ жерінің қалалары мен құрылыс өнерінің тарихы» деп аталатын монографиясын жариялады. К. Ақышев, М. Қадырбаев, М. Оразбаевтармен бірге Орталық Қазақстанда жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының қорытындысы саналатын «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» атты ғылыми еңбегін жазып, кітаптың редакциясын басқарды. Сонымен қатар Әлкей Хақанұлы – қорқыттанушы. Ол оғыз-қыпшақ тайпасынан шыққан данагөй абыз, жырау, күй атасы, қазақ бақсыларының жебеушісі, батагөй-сәуегейі Қорқыт мұрасын зерттеді. Ә. Марғұлан 1959 жылы жазылған «Қазақ халқының көне замандағы ақындық өнерінің шеберлері» атты еңбегінде қазақ халқының эпикалық жыр дәстүрін дамытқан ақындарға, шебер орындаушыларға, сал-серілерге тоқталып, олардың сөз өнеріндегі орнын айқындады. Ә. Марғұланның «Тамғалы тас жазуы» атты зерттеуінде әдеби-тарихи hәм мәдени деректер молынан кездеседі [14].

Ә.Х. Марғұланның жүйелі түрде жүргізген ғылыми зерттеулері, көне мал шаруашылығы мен металлургияның маңызды орталықтарының бірі болған Орталық Қазақстанда тегеурінді қола мәдениетінің барлығы туралы жасаған қорытындылары дәстүрлі пікірлердің ғылыми негіздігін нанымды дәлелдеді.

Ә.Х. Марғұланның және оның бірқыдыру шәкірттерінің жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде бұрын, оның өз сөзімен айтқанда Алтай және Қара теңіз жағасындағы далада болған, екі көне цивилизациясының аралығында қыспақтың тұншыққан, тіршіліксіз Орталық теңіз сияқтанған Орталық Қазақстан ғылым үшін маңызды көне мәдениет және цивилизация ошағы ретінде қайта ашылды.

30 жылдан астам уақыт ішінде Ә.Х. Марғұланның басшылығымен Орталық Қазақстанда жүйелі түрде археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, қола дәуірінің және алғашқы көшпенді тайпалардың мәдениеті жан-жақты зерттелді. Мұндай түбегейлі зерттеулер номадизм генезисінің негізгі кезеңдері, бұл атраптағы көне тұрғындардың мәдениеті мен шаруашылығының даму үдерісі және этно-мәдени байланыстың маңызы туралы ғылымдағы бірқыдыру пікірлердің қайта қаралуына әсер етті. Қазіргі күнде Ә.Х. Марғұланның ғылыми еңбектерінің арқасында сақтар мәдениеті андрон мәдениетінің заңды жалғасы екендігі толық дәлелденсе, бұл екі мәдениеттің арасында Беғазы-Дәндібай мәдениетінің, дәнекерлік рөл атқаратындағы ғылыми тұрғыда анықталып отыр. Орталық Қазақстанда жүргізген археологиялық зерттеулердің алғашқы қорытындысы есебінде Ә.Х. Марғұланның басқаруымен және оның тікелей қатысуымен жазылған іргелі монографиялық еңбек Орталық Қазақстанның көне мәдениетін талдауға арналған [15]. Бұл зерттеу 1967 жылы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Қазақ ССР Ғылым академиясының сыйлығына ие болды. Орталық Қазақстанда археологиялық зерттеудің екінші кезеңі Әлкей Хақанұлының Беғазы-Дәндібай мәдениеті туралы арнайы монографиясы мен бес томдық Қазақ ССР тарихында қарастырылған. Қазақ ССР тарихының бес томдығының жетекші авторының бірі ретінде Әлкей Хақанұлына 1982 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Ә.Х. Марғұланның «Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дәндібай мәдениеті» [16] атты кітабының басылып шығуы республиканың ғылыми өміріндегі үлкен оқиға іспеттес, өйткені ол кітап автордың көп жылдық зерттеу жұмыстарының жемісті қорытындысы, онда Орталық Қазақстанда қола дәуірінде соңында мекендеген көне тайпалардың шаруашылық, этникалық және мәдени тарихы жайындағы қиын проблемалар шешімін тапқан. Бұл іргелі еңбекте қола дәуіріндегі этно-мәдени тұтастықтардың даму үдерістерінің әр түрлі жақтары, әсіресе сақтар мәдениетінің негізі болған андрон мәдениетінің соңғы дәуірі егжей-тегжейлі талдаған. Ә.Х. Марғұлан бұл кітабында бұрын ғылымға белгісіз болып келген қола дәуірінің соңғы кезеңіне жататын көптеген үлкенді-кішілі мәдени кешендерді, шаруашылық түрлеріне байланысты археологиялық деректерді жүйеге келтіре отырып, солардың негізінде құнды ғылыми қорытындылар жасайды. Бұл қорытындыларының қола дәуірімен қатар ертеде темір дәуірін зерттеу үшін маңызы өте зор, келешекте де солай болмақ. Сөйтіп, бұл еңбек Орталық Қазақстанның көне тұрғындарының мәдениетін ғылыми тұрғыда зерттеуде үлкен жетістік, бір қадам алға басқандық екені даусыз.

Ә.Х. Марғұланның жұмыс стиліне тән ерекшеліктердің бірі – оның бірнеше мәселені зерттеу ісін қатар жүргізе білуінде. Ол проблемалардың әрқайсысын орындау үшін ондаған ғалымдар көп жылдарын жұмсаған болар еді. Мәселен, 50-жылдардың ортасында оның басқаруымен аса көрнекті қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов жайында материалдар жинау ісі басталды.

Ш.Уәлихановтың ғылыми еңбектерін архив қоймаларынан іздеп тауып, оларды жан-жақты зерттеу ісі жіті жүргізілді. Соның нәтижесінде 1958 жылы Ш. Уәлихановтың таңдамалы шығармалар жинағы басылып шықты. 1957-1967 жылдарда Ә.Х. Марғұланның басшылығымен Ш. Уәлихановтың бес томдық академиялық жинағы дайындалды. Бұл жұмыс ғалымнан қыруар еңбекті, жан-жақты білімділікті, таным-талғамдылықты, ғылымның сан саласынан жүйрік-білгірлікті талап етті. Ә.Х. Марғұлан мен оның көмекшілерінің ерінбей іздеуінің нәтижесінде бұрын баспа жүзін көрмеген ондаған жаңа еңбектер, қолжазбалар, хаттар, жазбалар т.б. документтер табылды. Ш. Уәлихановтың көптеген жазба мұрасын зерттеуге, шолуларын жасауға, кейбір сюжеттерін анықтауға қыруар еңбек сіңірілді. Сайып келгенде мұншалықты мол еңбектің нәтижесі 1961-1972 жылдары Ш. Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағын дүниеге келтірді. Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметі жөніндегі таңдамалы шығармаларының 1-томындағы Ә.Х. Марғұлан жазған алғы сөз Шоқантану ғылымын дамытудағы ғылыми еңбектердің ішіндегі маңызды пікір болып табылады. Шоқан мұрасын көп жылдар бойы зерттеудің заңды жалғасы ретінде Ә.Х. Марғұлан «Шоқан және Манас» атты монографияны жазуға қыруар еңбек сіңірді. Бұл жұмыста Әлкей Хақанұлы қырғыз эпосы «Манастың» әр түрлі нұсқаларын салыстыра отырып зерттеудің нәтижесінде «Манас» эпосына тамаша ғылыми талдау жасады. Ш. Уәлихановтың «Манасты» зерттеуге қосқан үлесін де айқындай түсті [17].

Ә.Х.Марғұлан Қазақстанның мәдениет тарихын зерттеу мәселесін ешқашанда өз назарынан тыс қалдырған емес. Басқа авторлармен бірге Қазақстанның орта ғасырлық архитектурасының тарихы туралы түбегейлі ғылыми монографияны бастырып шығарды. Бұл үлкен еңбек көп жылдар бойы экспедиция кезінде ел арасынан, музейлер қорынан, архив қоймаларынан және мәдениет тарихына байланысты баспа жүзін көрген әдеби шығармалардан ерінбей жинаған қыруар нақты деректердің негізінде жазылған.

Бірнеше жыл этнография бөлімін басқара отырып Ә.Х. Марғұлан Қазақстанда этнография ғылымының дамуына да айтарлықтай ықпал етті. Оның басшылығымен және тікелей қатысуымен «Қазақ колхозды ауылының мәдениеті мен тұрмысы» атты үлкен монографиялық еңбек басылып шықты. Ол Қазақстанда этнограф, археолог және тарихшы ғалымдардың сан ұрпағын дайындады, шәкірттерінің ішінде белгілі археологтар мен этнографтар аз емес. Оның ішінде темір дәуірінің алғашқы кезеңін зерттеуші (М.Қ. Қадырбаев), көне түрік дәуірі (Ф. Арыстанов), қыпшақтардың этникалық тұтастығы (С.М. Ақынжанов), қазақтардың этникалық тарихы (С.М. Мұқанов), қазақтардың семья-некелік қатынастары (Х.А. Арғынбаев), исламға дейінгі діни сенімдері мәселесін зерттеуші (С. Ақатаев) т. б. айтуға болады.

Ә.Х. Марғұлан үлкен ғылыми, педагогикалық еңбекті ұйымдастыру ісімен де шебер ұштастыра біледі. Ол көп жылдар бойы этнография бөлімін басқарды, қазақ халқының шығу тегі туралы Координациялық кеңесті басқарды, онымен бірге Қазақ ССР тарихының барлық басылымдарында редколлегия мүшесі болды, Қазақ ССР ҒА Тарих, археология және этнография институтының Ғылыми кеңесінің, Маманданған докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғау кеңестерінің мүшесі болды.

Ә.Х. Марғұлан дүние жүзі ғалымдарының сан алуан жиындарында, конгрестер мен симпозиумдарда ғылыми баяндамалар жасады. Әсіресе шығыстанушылардың XXV конгресінде «Орталық Қазақстанның жаңа табылған қола дәуірінің ескерткіштері», VII-VIII антропология және этнография ғылымдарының дүниежүзілік конгрестерінде жасаған «Қазақ киіз үйі», «Қазақстанның исламға дейінгі архитектурасы» атты баяндамалары ғылымға қосқан үлкен үлес ретінде жоғары бағаланып, ғалымдар назарын бірден аударды. Ә.Х. Марғұлан шетелдік шығыстанушы, археолог және этнограф ғалымдармен тығыз байланыс жүргізеді. Оның ғылыми еңбектерінің бірқатары шет тілдерінде де аударылған.

Ә.Х. Марғұлан Отанымыздағы көптеген ғылыми мекемелермен тығыз байланыс жасауға көп көңіл бөледі. Оны Москва, Ленинград, Новосибирск, Ташкент, Фрунзе және Душанбе қалаларына сан рет диссертациялық жұмыстарға оппоненттілікке шақырған. Ол Қазақстандағы тарихи ескерткіштерді қорғау мәселесіне ат салысып, көптеген пайдалы кеңестер береді, ғылым табыстарын радио, теледидар хабарлары арқылы уағыздау ісіне де көп көңіл бөлді. Алматы қаласында, қаладан тыс аудандарда да, әр түрлі тыңдаушы қауым алдында, лекциялар оқып, баяндамалар жасады. Әдетте ғалымның мұндай кездесулері өте қызықты және өнегелі сипатта өткен.

1960-шы жылдардың басында жарияланған коммунизм құрудың жаңа саяси бағыты елдегі қоғамдық саяси жағдай мен ұлт мәселесін жаңаша қабылдауға алып келді. «Ұлттар арасындағы айырмашылықтарды жою» тезисін билік өкілдері тым қарабайыр түсінді. Олардың ойынша коммунизм кезінде ұлттық айырмашылықтар екінші орынға ығыстырылып, ұлттық ерекшеліктерін жоғалтқаннан кейін адамдардың жаңа қоғамы құрылуы тиіс еді. Бір сөзбен айтқанда ешқандай ұлттық құндылықтары жоқ, кеңестік принциптерге сүйенген совет халқы (тобыры) құрылуы тиіс болатын. Барлық ішкі саясат осы мақсатқа бағытталды. 1960-шы жылдары қазақ халқы Ә. Марғұлан сынды шығармашыл интеллигенцияның қажырлы еңбегінің арқасында коммунистік идеологияның қысымына қарамастан, дәстүрлі әлеуметтік өмірдің іргелі құндылықтары, яғни салт-дәстүрлер мен ұлттық болмысты сақтап қалды. Олар туған халқының болашағына алаңдаушылықты жеке басынан жоғары қойып, қазақтың ұлттық руханияты мен мәдениетін өздерінің шығармашылық әлеуеті мен зерттеулері арқылы сақтап қалған еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Әбжанов Х.М. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. - Астана: Ана тіл – Ата тарих, 2007. - 272 б.*
2. *Тәтімов М. Қазақ әлемі. - Алматы: Қазақстан – Атамұра, 1993. - 160 б.*
3. *Бердібаев Р. Ең үлкен мәдени байлық // Қазақ әдебиеті. – 1956, сәуір – 22.*
4. *Нарымбетов Ә. Ана тілін ардақтайық // Қазақ әдебиеті. – 1956, маусым – 1.*
5. *Қаратаев М. Қайта қаралуы тиіс мәселе // Қазақ әдебиеті. – 1956, тамыз – 10.*
6. *Кәкішев Т., Сәрсенбаев Р., Хасенов Х. және т.б. Тіл мәдениеті // Қазақ әдебиеті. – 1956, тамыз – 17.*
7. *ҚРПА. Қ. 708. Т. 29. Іс. 1395. П. 20-24.*
8. *ҚРПА. Қ. 708. Т. 29. Іс. 170. П. 44*
9. *ҚРПА. Қ. 708. Т. 30. Іс. 73. П. 43-45*
10. *Марғұлан А.Х. / Құраст. Ш.Н. Көлбаева, Д.Н. Қазбекова. – Алматы: Ғылым, 1984. – 70 б.*
11. *Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. - Алма-Ата: изд-во и тип. Изд-ва Акад. наук Каз. ССР, 1950. – 122 с.*
12. *Марғұлан Ә.Х. Шығармалары / Құраст.: Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан; бас ред. Т.С. Садыков. – Алматы: Алатау, 2007. – Т. 3. – 488 б.*
13. *Это не должно повториться. Стенограмма дискуссии по казахскому эпосу (11-15 апреля 1953 г.) = Беті аулақ, бұл қайталанбасын. Қазақ эпосы туралы пікірталастың стенограммалық жазбасы / Сост. Оразаев Файзолла. - Алматы, 2007. – 320 с.*
14. *Марғұлан Ә.Х. Шығармалары / Құраст.: Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан; арнаулы ред. Д. Марғұлан. – Алматы: Алатау, 2012. – Т. 13. – 448 б.*
15. *Маргулан А.Х. , Акишев К.А., Кадырбаева М.К. , Оразбаев.М.М , Древняя культура Центрального Казахстана. - Алма-Ата, 1966. – 436 с.*
16. *Маргулан А.Х. , Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. - Алма-Ата, 1979. – 360 с.*
17. *Марғұлан Ә.Х. Шығармалары / Құраст.: Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан – Алматы: Болашақ, 2011. – Т. 10. – 592 б.*

ӘОЖ 574.09
МРНТИ 03.01.09

Р.С.Чекетаева [1]., Ж.С.Курманова [2] Ж.С., Д.Л.Шакероваа[3]

[1]т.ғ.к., аға оқытушы.,
[2]ф.ғ.к., аға оқытушы.,
[3]аға оқытушы.,лаборатория меңгерушісі, «БАҰО «Өрлеу» АҚ филиалы Шығыс Қазақстан облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты,
Өскемен қ., Қазақстан

ФАРАБИ МЕН АБАЙ ІЛІМДЕРІНДЕГІ ТАРИХИ ҮНДЕСІМ

Аңдатпа

ХХ ғасырда әл-Фараби мен Абай мұрасын зерттеу, ең алдымен, марксистік парадигма мен әдістеме аясында жүргізілді. 2019 жылғы 30 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ.Тоқаев ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойын мерекелеу туралы Жарлыққа қол қойды. Оның туындылары ХХI ғасырда да заманауи әрі өзекті болып қала беретініні бәрімізге мәлім. Мақалада Фараби мен Абайдай қос алыпты бірлікте зерттеу мәселесі қарастырылған. Олардың ілімдеріндегі тарихи үндесім зерделеніп, еңбектеріндегі сабақтастыққа баға берілді. Ұлттық идея тұрғысынан шығармаларының құндылықтары, Әл-Фараби мен Абай өсиеттері бүгінгі күнмен байланыстырыла талданды. Бұл мақаланың мақсаты ұлы гуманист, демократ ғалым ретінде әл-Фараби мен Абайдың тарихи көзқарстарының қалыптасуын жүйелі және терең зерттеу болып табылады.

Түйін сөздер: ойшыл, философ, ұстаз, қарасөз, дін, табиғат, мемлекет.

R.S.Cheketayeva [1]., Zh.S.Kurmanova [2]., D.L.Chakerova[3]

1Candidate of Historical Sciences, Institute for Continuing Education of Teachers of the East Kazakhstan Region, a branch of JSC "National Center" Orleu ", Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan
2 Candidate of philology , Institute for Continuing Education of Teachers of the East Kazakhstan Region, a branch of JSC "NCPD" Orleu ", Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan
3 Senior teacher, Institute for Continuing Education of Teachers of the East Kazakhstan Region, a branch of JSC "NCPD" Orleu ", Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

HISTORICAL CONNECTION IN THE THOUGHTS OF FARABI AND ABAY

Abstract

Earlier in the twentieth century, the study of the heritage of al-Farabi and Abay was conducted primarily within the framework of the Marxist paradigm and methodology. On may 30, 2019, President of the Republic of Kazakhstan K. K. Tokayev signed a decree on the celebration of the 175 th anniversary of the birth of the great Abai, whose works continue to be modern and relevant in the XXI century. The article is devoted to the study of the heritage of the two giants Farabi and Abai. The historical harmony of their teachings was studied and the continuity of their work was evaluated. From the point of view of the national idea of the value of works, the Testaments of al-Farabi and Abai are analyzed from the present day. The main purpose of this article is to systematically and in-depth study of the sources of formation of historical views of al-Farabi and Abay as a great humanist, democratic scientist, as well as the features of historicism of creative thinkers.

Key words: thinker, philosopher, teacher, words of edification, religion, nature, state.

Р.С.Чекетаева [1]., Ж.С.Курманова [2], Д.Л.Шакероваа[3]

[1]Кандидат исторических наук, Институт повышения квалификации педагогических кадров Восточно-Казахстанской области, филиал АО «НЦПК «Өрлеу», Усть-Каменогорск, Казахстан
[2] кандидат филологических наук, Институт повышения квалификации педагогических кадров Восточно-Казахстанской области, филиал АО «НЦПК «Өрлеу», Усть-Каменогорск, Казахстан
[3] старший преподаватель, Институт повышения квалификации педагогических кадров Восточно-Казахстанской области, филиал АО «НЦПК «Өрлеу», Усть-Каменогорск, Казахстан

ИСТОРИЧЕСКАЯ СВЯЗЬ В МЫСЛЯХ ФАРАБИ И АБАЯ

Аннотация

Раньше на XX веке изучение наследия Аль-Фараби и Абая велось, прежде всего, в рамках марксистской парадигмы и методологии. 30 мая 2019 года Президент Республики Казахстан К.К. Токаев подписал указ о праздновании 175-летнего юбилея со дня рождения великого Абая, произведения которого продолжают оставаться современными и актуальными и в XXI веке. Статья посвящена изучению наследия двух гигантов Фараби и Абая. Была изучена историческая гармония их учений и оценена преемственность их работ. С точки зрения национальной идеи ценности произведений, заветы Аль-Фараби и Абая анализируются с сегодняшним днем. Основной целью настоящей статьии является систематическое и углубленное изучение источников формирования исторических взглядов Аль-Фараби и Абая как великого-гуманиста, ученого-демократа, а также особенностей историзма творчества мыслителей.

Ключевые слова: мыслитель, философ, учитель, слова назидания, религия, природа, государство.

Әлемдегі әйгілі ұлттар секілді қазақ ұлтының да қоғамдық ақыл-ойын, сана-сезімін, парасат-пайымын әлемдік деңгейге көтеріп, дүниежүзілік өркениетті қауымдастықты өзімен есептесуге мәжбүр ететін тарих сахнасына Фараби, Абайдай ұлы тұлғалар легін әкелді. Әл-Фараби мен Абай арасын байланыстыру, жақындастыру, оларды сабақтастыру, қазақ халқының мың жылдық мәдени-рухани дүниесін қайта жандандыру. Әл-Фараби мен Абайды жеке-жеке тануда едәуір істер істелді. Бірақ екеуінің мұрасын сабақтастықта қараудың кемшін қалған тұстары баршылық.

Философия ғылымдарының докторы, профессор Т.Бурбаев: «Қазақтың топырағы данышпан-ғұламаларға толы екені белгілі. Сонау Анахарсистен бастап әл-Фараби, Абайға дейінгі, одан қалды Ахмет Байтұрсыновтан күні бүгінге дейінгі заманды ой елегінен өткізер болсақ, біртұтас ұлылар мен данышпандардың галлереясын көз алдыңа елестетуге болар еді» [1]. Әрине, аталған есімдердің тарихи салмақтары, көзқарастары әр түрлі екені белгілі.Екі

ойшылдың шығармаларына назар аударсақ, даналық ой-толғамдары әр түрлі сөзбен жеткізілсе де, айтар ойлары, ұлттық идея тұрғысынан көздеген мақсаттары бір. Ғалым Ә.Марғұланның «Абай мен әл-Фарабидің көздегені адамдардың рухани байлығы, олардың бақытты болуы мен әсемдікке ұмтылуы болып табылады», - дегені соның дәлелі сияқты. Кеңес дәуірінің кертартпа саясатынан екеуінің мұрасы толыққанды зерттеліп бітпеді деседі болады. Әл-Фараби мұрасын келесі ұрпаққа мүмкіндігінеше жеткізе білген Ақжан Машанов болса, Абайдың ойлары мен мұраттарын барынша талдай алған Мұхтар Әуезов еді. Олардың өзіндік позициясының, өз үнінің, өз ойының барлығы екі дананың шығармашылық мұрасын бүгінгі күнге жеткізуі қадамдарының бірі деп бағалауымыз керек. Әрине М.Әуезов пен А.Машановтан да басқа қалам тартқан ғалымдар баршылық.

Әл-Фараби мен Абайдың өзара өзектестігі мен сабақтастығын іздейтін болсақ, әуелі Фарабидің дүниетанымының, шығармашылық мұрасының негіздеріне қайта оралуымыз қажет. Сол негіздерді Абайдың дүниетанымымен, шығармашылығымен салыстырып қарастырсақ қана екі ойшылдың мұраларының ұлттық құндылығын үндестігін, сабақтастығын табамыз.«Әл-Фараби мен Абай арасын жақындастыру, оларды үндестіру, біздің халқымыздың мың жылдық рухани, мәдени-рухани дүниесін тірілту деген сөз. Демек бұл зор мақсатты халықтық іс деп түсіну керек. Ал, осы екі алып тұлғаны жеке-жеке тануда едәуір істер істелгені рас. Бірақ бұлардың арасын жалғастырып тұратын ғажайып нәзік, тамаша берік рухани жіпті біз әлі таба алмай жүрміз. Бірақ оның барын анық сезсек те, оны көруден әлі шалғай жатырмыз» [3, 71 б] - дейді А.Машанов.

Әл-Фараби мен Абай мәселесімен айналысқан Ақжан Машанов екі ойшылдың арасын тарихи сабақтастықпен жалғастырушы Шахабутдин Маржани деген пікірін келтіреді. Ш.Маржани әл-Фарабидің философия, музыка, жаратылыстану ғылымдары туралы трактаттарымен таныс болған, Абай Маржаниді көп оқыған, ал Абайға Маржанидің шәкірттері Семей медресінде дәріс бергендігін жазып кеткен [3, 83 б.].

Ғалияны тамамдаған Мағжан Жұмабаевтың 1920 жылғы «Түркістан» поэмасындағы «Түріктің кім білмейді музыкасын, Фараби тоғыз шекті домбырасын» деген жолдар:

Түріктің кім кемітер музыкасын,
Фараби тоғыз ішекті домбырасын.
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып кім тимаған көздің жасын?!

Демек Қазан, Уфа оқуын бітірген молдалар Семей мен Қарқаралыдағы Құнанбай мешіттерінде балалар оқытты. Онда Абай да, Шәкәрім де оқыған. Сол жолы Қазан-Уфа сапарында ол Абай әл-Фараби есімін ғана естіп қоймай, еңбегімен танысқан деген ой толғап қайтқан. Кейін оған Шәкәрім қажының үлкен ұлы Ахат ақсақалдың «әл-Фарабиды оқыған, тәлім алған Абай мен Шәкәрім туралы үн қатпай жүрсің бұл қалай?» [4] - деген базыналық сауалына да тап болады. Бұл 1978 жылы 8 маусым куні Алматыда өткен мәдени мұраларды қорғау жиналысында қапталдас отырған Ахат ақсақалдың дәптердің бетінен жыртып алынған қиынды қағазға араб әрпімен жазған хаты еді. Оны Ақжан аға қастерлеп қойын дәптерінің арасында сақтаған.

Сабақтастықтың өзара үйлескен негіздері бар. Атап кетсек, әл-Фараби мен Абайдың рухани жетілуді адам дамуының негізгі мәні деп таныған. Руханилыққа апаратын жол – дінде, имандылық жолы деп қарастырған. Бұл дүниетанымдық негіз олардың бойында ертеден қалыптасқан. Әл-Фараби мен Абайды мұраларының ішінде етене жақыны – олардың діни-философиялық көзқарастары [5]. Фарабидің ойынша Аристотельден басталған рационал шындық және Құранның хадистерінде көрсетілген діни, нақыли шындық бар. Бұл екі шындық өзара үйлеседі, біріне бірі қайшы келмейді. Сондықтанда әмбебап ғалым әл-Фарабидің даналық негізі хакім Абайдың да бойында болғандығы, кейіннен басқада философиялық ойлар қосылып, жетілгені сөзсіз. «Өмірдің өзі шындық», - деген Абайдың тамаша қағидасы дәлел.

Әл-Фарабидің «Табиғат ғылымының жоғарғы асыл тегі» [6] деген еңбегінде мынадай бір сөз жазылған. Мұхаммад Расул Алланың қасында жүретін Жабр бин Ғабдолла атты бір сахабасы сұраса керек: «Иә расул Аллаh! Таңірің ең бірінші жаратқан не нәрсе?» - деп. Оған Мұхаммад расул Аллаh айтқан: «Иә Жабр! Алланың ең бірінші жаратқаны сенің пайғамбарыңның нұры». — деген. Осы бір ауыз хадис бүкіл ғаламның кілті болып табылады. Осыдан кейін расул Аллаhты ислам елі Нұрмұхамад атаған». Ғалымның алғашқы нұрына, оның дамуына арналған Әл–Фарабидің еңбегін әл-Машани «Космология» деп атады [7]. «Тәңірі жаратқан ғаламының ту басынан бастап, Құран аяттарына, хадистарға және өзінен бұрынғы ғалымдардың еңбектеріне, өзінің өлшеу, бақылауларына сүйене отырып жазылған бұл еңбек табиғаттану ғылымының негізі болып табылады», - деп баға берген. КСРО тұсында әл-Фараби еңбектерін аударуда, талдағанда атеистік ықпалмен бұрмаланған еді. Оның Құранға сүйеніп жазған діни еңбектерін, мысалы «Космологиясын» шығарттырмай қойған. Фараби да, Абай да Құранды ислам дінінің діни кітабы деп қана қарамай, кітаптан көптеген ғылымға жол ашатын қағидалардың ғылыми негіздерін көре білген.

Сонымен қатар Фарабидің дінге қатысында қызықтыратын мәселелердің бірі - дін бақытқа жету үшін қызмет ету керек. Әрқилы қайырымды қалалар мен халықтардың әр түрлі діні болуы мүмкін екенін және олар бәріде бір бақытқа сенеді және де бірі мақсатқа ұмтылады деді.

Әл-Фараби де, Абай да «жақсылық та - Құдайдан, жамандық та - Құдайдан» деген қағидамен келіспеген деп айтуға болады. Фараби өзінің «Жұлдыз бойынша болжаулардың анығы мен таныгы» атты трактатында дүниеде белгісіз кездейсоқ құбылыстар мен жәйттар бар екенін негіздейді. «Егер дүниеде беймәлім кездейсоқ құбылыстар болмаса, онда қорқыныш құрып, үміт үзілер еді, ал бұлар құрыса, онда не адамның әрекетінде, не заңдылқта, не саясатта береке болмас еді. Өйткені егер қорқыныш пен үміт болмаса, ешкім ертенін ойламас еді, бағынышты басшысына бағынбас еді, ал басшысы бағыныштыларына қамқорлық жасамас еді, біреу біреуге рақым қылмас еді,

Аллаға құлшылық құрар еді, тақуалық болмас еді» [3, 43 б], - деген.Осы сарындас Абайдың жиырма сегізінші сөзінен кездестіреміз: «Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса,ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң діннің өзі неде болады? Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады? Жақсылық, жамандықты жаратқан Құдай, бай қылған, кедей қылған Құдай емес деп, нанып ұқсақ болар, әйтпесе жоқ» [8]. Адамның бақытсыздығын біреуге артуға болмайтының, әркім өзінің өмірі үшін жауапты екенін түсіндірумен болған.

Әл-Фараби де, Абай да Алла тағаланың барлығына шүбә келтірмейді. Екеуі де Құдай – дүниені бар етуші, тірлік-тыныс беруші, бастапқы түпкі себеп деп қарастырады. Абай тек жер бетіндегі тіршіліктің Алланың әмірімен қазіргі қалыпқа түскенін тұжырымдаса, әл-Фараби бүкіл әлемді жалпы кеңістік-уақыт ауқымында қарастырып, Құдайдың құдыретімен қалай, неден пайда болғанын негіздеуге ұмтылады.Абай отыз сегізінші сөзінде бұл жөнінде былай деп жазады: «Құдай тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан, онан басқа бірінен бірі пайда алатұғын қылып жаратыпты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан ақылды адамзатты жаратыпты». Абай ойыда әл-Фарабидің жаратушы туралы түсінігімен сабақтасады.

Әл-Фараби, Абай және ұлттық идея деген тіркес жайлы әр түрлі пікірлер бар. Себебі Абай шығармаларында «ұлт», «ұлттық идея» деген сөздерді кезіктірмейміз [9]. Бұл сөз тіркестері қазырғы таңда жиі айтылады. Дегенмен екі дананың даналығы сонда олардың айтқандары әлі заманауи, құндылығын жойған жоқ. Мысалы, Қазақстан халқы ассамблеясында Мәңгілік Ел патриоттық актісі жарияланса [10], қазір жалпы білім беру стандартында да «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы кіріктірілген. «Мәңгілік Ел» идеясы үш тұғырдан, яғни үш негізден тұратыны бәрімізге белгілі. Біріншісі, көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгі Ел» манифесінің жариялануы. Екіншісі, әл-Фарабидің философиялық шығармаларында, әсіресе «Қайрымды қала» шығармасында [11] «Мәңгілік ел» идеясының теориялық-методологиялық тұрғыдан негізделуін қарастырады. Үшіншісі, Жүсіп Баласағұнидың осы идеяның іс жүзіне асуын қамтамасыз ететін «Құтты Білік» дастанын жазды. Бұл үшеуі бір-бірімен тығыз байланысты «Мәңгілік Ел» идеямен сабақтасады [12].

Абай 39-шы қара сөзінде ата-бабаларымыздың білімін өз заманымен салыстыра, сынға ала жазады. Дегенмен ары қарай бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екендігі «Рас», - деп жазды. Ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болған екен. Көш-қонды, дау-жанжалды ел басылардың шешімі, бітімі билік ететінін жазып кеткен. Екінші жағымды мінезі – намысқорлық екеніне ерекше мән берді. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады [13]. Қазақ халқының мифологиясында аруақтүсінігі бар екені бәрімізге белгілі. Қазақ халқы және көнедегі түркі тайпаларының басымы адамның жаны мәңгілік, тек тәні ғана өледі деп білген. Осы жерде хакім Абайдың «Мені мен менікінің айрылғанын, Өлді деп ат қойыпты өңшең білмес», - деп адам рухының мәңгі жасайтындығын айтады.

Абай хакімнің айтып отырған екі қасиеті қазақ ұлтына тән қасиет. Халық түгелімен ел басына бағынған, мемлекетті басқарған қайраткерге, ханға толық билікті берген. Халықты жақсылықта да, жамандықта да тығырықтан алып шығатын ел басын тыңдаған, бұйрығын орындаған. Ел басқарған адам мемлекеттің күшті болуына, халықты бірлікте ұстауға міндетті болған. Абай қарасөздерінің идеясында да «Мәңгілік Ел» жатыр. Абайдың ата-бабаларымыз жайлы айтқан екінші қасиеті – жеке мемлекет болғанда қазақтың ешкімге намысын жібермегендігін, елдің бірлігі күшті болғандығына негіздеген. Аруақ шақырғанда, мемлекетті қорғауға барлық қазақтың күш салатынын еді, - деген идея жатыр. 41-сөзінде қазаққа ақыл беремін, түзеймін деген кісі әуелі – өкімет, қолында жарлығы бар кісі болуы керек дейді [8, 107 б.]. Тарихқа көз жүгіртсек – Ресей басқыншылары мыңдаған жылдық тарихы бар іргелі қазақ елін бодан етіп, еркін билеп-төстеу үшін оның рухани тұтастығын ірітуде, өткеніне балта шабуды, тілін, әдет-ғұрпын, дінін, салт-дәстүрін, билігін жоюды мақсат етті. Азып-тозған, жадынан айырылған халықты айтқанына көндіріп, айдауына жүргізу оңай деп білді. Патшалық Ресей жұртшылықтың қанын теспей сорды. Наразылық білдірген жергілікті ұлт өкілдерін аяусыз жазалап отырды. Кенесарылардың жеңілгенін, қарсы шыққа қанша шығын болатынын түгел дерлік сезді. Ол патшалық Ресейге қарсы қолына қару алып, майдан ашып күрес демейді. Бейбіт жолды насихаттайды. Отарлықтан құтылудың жолы ретінде білім-ғылым, еңбекті көрді.

Абайдың көпшілік қарасөздері еңбек етуге шақырады. 4-ші сөзінде «Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуел құдайға сиынып, екінші өз қайратына сүйеніп еңбегінді сау, еңбек қылсан, қара жер де береді, құр тастамайды» [8, 14 б], - деген. Бұл жергілікті мәдениеттің тамыры тереңге кететін салттары ғана емес, «мал таптың, байыдың. Сол малды сарып қылып, ғылым табу керек. Өзіңе табылмаса балаң тапсын» [8, 25 б],- деп тағы білім-ғылымға шақырады. Абайдың еңбекті, білімді насихаттауы Мемлекетіміздің «Мәңгілік Ел» құндылықтарының ішінде «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығымен сабақтасады.ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» [14] мақаласында Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасын қайта зерделеу қажеттігін баса айтты. Бұл жерде Фарабидің адамның кемелдену тұжырымдамасынан бастаған дұрыс деп ойлаймын. Фараби адам гармониясының негізгі мәні - оның көпжақты тұтастығы, мәдениет гармониясының тұтастығы екендігін көрсеткен. «Адамның қайырымдылық жасауы бұл - бірінші кемелденуі» - деген. Ол осындай әрекет жасамай тұрып рақымды бола алмайды, өйткені кемелдену оның алған қасиеті салдарынан әрекет көрсетуінде емес, әрекетті орындауында [15]. Адамгершіліктің тепе теңдігі, қоғамдық өмірдегі үйлесімнің сақталуына тоқталған. Әл-Фараби адамның ашқарақтығы нағыз ғылымның жауы екендігін жақсы түсінді. Ол ғылымның игілікті мақсаты табиғаттың тамаша жомарт, әрі даналық құпиясын тану деп білді. Оның ойынша ғылым ақиқатына тек қана ұяты таза, ақ пейіл адам ғана жетеді деп ойлады. Тек осындай адам ғана шығармашылық ләззатын тауып, бақытқа жетпек деді.

Әл-Фарабидің айтуынша адам өзінің жетілу жолында «адамдықтың баспалдығынан» өтеді деген. Оның үш жолы бар: бірінші – потенциалды ақыл-ой, екінші –игерілген ақыл-ой, үшінші күшті ақыл-ой. Сонымен қатар әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатында «Қайрат. Ақыл. Жүрек» секілді ұғымдарға түсінік берген. «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұлда басты мүше, бірақ оның үстемдігі бірінші емес» [16], - дейді.Әл-Фараби жүрекке шешуші мән берген, оның идеялары Абайдың 17-ші қара сөзінде жалғасын тапқан сияқты. Абайдың «Толық адам» ілімінің негізі түркі әлемінің дүниетанымында жатыр. Абай «Қайрат. Ақыл. Жүрек» үшеуінің айтыс-тартысына шешім айтуды ғылымға жүгіндіреді. Ғылым «Үшеуің басынды қос, бәрін жүрекке билет... Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым» [8, 35 б], - депті.Абай адамның кемелденуінің ішкі және сыртқы себептерін көрсеткен. Туған беттегі қасиеті баланың анасының құрсағында жатқандағы жағдайы және оның ата-тегіне байланысты дейді. Ал туғаннан кейінгі келешек өмірі оны қоршаған ортасы, алған білімі адамның дамуына әсер ететін сыртқы себептер деген екен. Ал жетілудің ішкі себебі - жүректің әсері деген.

«Табиғат тәрбиеге қарсы» пікірі бүгінгі күндегі даулы мәселелердің бірі.Жүргізіліп жатқан соңғы зерттеулер бойынша ген адамның мінез-құлқына әсер етеді, мінез-құлқы генге әсерін тигізгені анықталған. Оның қорытындысы бойынша генетикалық әсерге қарағаанда, қоршаған ортаның ықпалын қайтару ауыр екенің дәлелдеген [17]. Сонда Абайдың осыдан бір жарым ғасыр бұрын айтып кеткені әлі өзектілігін жоймаған.

Фараби «Адамның қайырымдылық жасауы бұл - бірінші кемелденуі» деп, кемелденудің өзінің кезеңдерін көрсеткен. Абайда оның ойын жалғастырғандай «Толық адам» болып бірден қалыптаспайтынына назар аударған. Абайтанушы зерттеушілер оның мұрасын жүйелей келе адамның жетілу жолын үш сатыға бөлген. Жетілмеген төменгісін Абай «жарым адам» десе, материалдық жетілуді «адам» деп, ал ең жоғарғы рухани жетілу «Толық адам» деп атап, олардың өзін түрлі деңгейге бөлген [18]. Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы сол кездегі саяси көзқарастары оянып келе жатқан қазақ қоғамына өзекті мәселе болды. Саяси оқиғаларға толы XX ғасырдың басындағы ұлт зиялыларының Абай өлеңдері, қара сөздерінен алар тәлімі жоғары болды. Абай қара сөздерінде адамдықтың биік деңгейін иманмен бағалап, «Толық мұсылман болмай – толық адам болмайды» деп тұжырымдаған. Оның толық адам туралы ойын «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен басталады. «Адам болам десеңіз» жалғасын тауып, «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде күрделене түскен.

«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», – дейді данышпан Абай. Осы үш қасиет «толық адам» бойында болуы шарт. Онсыз ұрпақты биікке самғату, білімді, білікті, қайырымды етіп тәрбиелеу біржақты болып шығады. Қисық, қыңыр бала да тәрбиенің жетемсіздігінен. Қайрат әркімде-ақ бар. Бірақ ол бүлдіруге ме, әлде жасампаздыққа қызмет етуге бағытталған ба? Мәселе сонда. Абай ыстық қайрат, яғни, адамға жақсылық әкелетін қайратты таңдап, қалап отыр. Ақыл да әркімде-ақ бар. Оның да қолданысы әр түрлі. Абай соның нұрлысын, адамның өзіне немесе ұрпаққа, шәкіртке, төңірегіндегілерге күн сәулесіндей шапағат шашатынын, тәлім-тәрбие беретінін, даналыққа толы ақылды қалаған. Жүрек те әр түрлі болады. Халық жек көрген адамын тасжүрек, сужүрек, жүрегі мүйіз боп кеткен қатыгез, қанішер, мейірімсіз деп сөгеді. Ал адамға нұрлы болашақ силайтын, келешегіне дұрыс жол нұсқайтын, ғибратты ақыл-кеңес беретін, жастардың бойына адамгершілік, имандылық дәнін себетін, рухты көтеріп, мерейді тасытатын жүректі жылы, мейірбан жүректі, деп есепеттейді.

Абайдың «толық адам» бейнесінің өміршеңдігіне Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашақтағы Қазақстан азаматы» – бұл жоғары дәрежелі маман, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген, әлеуметтік тұрғыдан белсенді, ұтқыр, өзгерістерден қорықпайды. Оның ақылы ең күрделі міндеттерді шешу үшін ұшталуы қажет» деген сөзі дәлел. Осы мазмұндағы мемлекеттік талап-міндеттерден бүгінгі жас ұрпаққа патриоттық, азаматтық тәрбие беру ісі өз өзектілігін жоғалтпайтын мәселелердің бірі.Қазіргі кезде қолданылып жүрген, нақты белгіленген жалғыз ғана дұрыс үлгілерге бағдарланған «өмірге даярлауға» арналған тәрбие жұмысының жүйесіне өзгеріс енгізуді ұсынады. Осындай қарама-қайшылықтарға негізделген тәрбие жүйесінің жаңартылған мазмұны «қоғам адаммен бірге оның өмір сүру деңгейі үшін жауапты, сондықтан адам өз проблемаларын басқаға таңа алмайды, жауапкершілікті өзіне алуға міндетті» [19] - деп қарастырылуда. Өйткені, адамзатқа және қоғамға орасан зор проблема әкелетін жаһандану мен жаңғыртудың әсерінен айналадағы әлем түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаевтың «әлеуметтік жауапкершілік қайткенде орнына келеді?», -деп сұрақ қойып, оған жауап ретінде «бұл күрделі мәселенің шешімін Абайдың «Толық адам» формуласынан іздеген жөн болар» [14, 2 б], - деген тұщымды жауабы өте орынды.

Шығыстың «Абада» (Адабу) институтының алғашқы өкілдерінің бірі әл-Фараби Шығыс философтары арасынан алғашқылардың бірі болып сұрақ-жауап түрінде баяндалатын трактаттар жазған автор. Қойылған сұрақтарға өзі қысқа да тұжырымды жауап береді. Бұл тәсілді Абай Құнанбаевта қолданған.Әл-Фарабидің «Философтар сауалдарына жауаптар» атты шығармасында 42 сұраққа қайтарған жауабы келтірілген. «Денелердің түсі қалай пайда болды?», «Босаң, тығыз деген ұғымдар не? Болмысы қандай және қандай категорияға жатады?», «Есте ұстау мен ақылда ұстаудың қайсысы артық?» деген сияқты сұрақтарға тұщымды, дәлелді жауаптар қайтарған.

Абай Құнанбаевтың да сауалдардан тұратын қара сөздері бар. Мысалы, қырықыншы сөзіне тоқталсақ. Абай хакім сұрақты өзі қояды да, жауабын айтуды оқушыға қалдырады. Оның сұрақтарының көбі қазақи фәлсафа, психологи мен әдеп-ғұрып, мінез-құлық төңірегіндегі келенсіздіктерді, жөнсіздіктерді әшкерелеуге арналған «Жаттың бір тәуір кісісін көрсе «жарықтық» деп жалбырай қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да танымайтұғыны қалай?» деп өте орынды, қазақы ділге тән сұрақ қоя отырып, өз оқырманын ойландырып қояды.

Атап айтсақ, А.Машановта ұлы ұстаздың тәлім – тәрбие жайлы қалдырған бай мұраларын мұқият зерттеген. Әл-Фараби ұстаздық ету туралы «Мұғалімдік – ұстаздық еткен адамның әдісі тым қатаң болмасын және тым асыра

босаңсытқан да болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғармен болса, онда оқушылар мұғалімін жек көретін халге жетеді. Егер өте боса тып жіберген кішіпейілділік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімді елемеу, оның ғылымына селқос қарау қаупі туады. Ғылымды игеру үшін үнемі сол ғылымның жолында болу қажет және ғылымнан басқамен шұғылдануды азайту керек болады. Әр нәрседен шұғылдана беруден істе тәртіпсіздік пайда болады» деп жазған. Фараби оқытуда аса қатаңдықтан да, аса жұмсақтықтың да дұрыс болмайтынын сынап, ортаны шектей шықпауды ұсынған. Бұл күні бүгінге дейін күшін жоймаған педагогикалық қағида. Ол ойды әр нәрсеге бөліп, әр істің басын бір шалуды ғылым игерудің дұшпаны деп дұрыс көрсеткен. Мәселен, оқып үйрену жаттап алу дұрыс па, жоқ түсініп алу дұрыс бола деген сұраққа жауап бере отырып, ал оларды белгілі бір байланыстары арқылы ойда топтастырып түсініп, тоқып алған жөн дейді. Сонда Бенжамин Блумнан неше ғасыр бұрын білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалауды қарастырған әл-Фараби. Абайда осы мәселеге өз заманына байланыстыра тоқталған. «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмей, іздегенмен табылмас. Әуелі, білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесін керек болар деп іздемекке керек», - деп одан ары бұған қажетті шарттарды талдайды. «Егерде ондай білгендігің өзіңді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың?» деп сұрақ қояды.

«Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын! Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек» деп дұрыс жол сілтейді. Әл-Фараби мен Абай ойлары ұқсас. Екеуі екі заманда, екі тарихи уақытта өмір сүрседе қоғамдағы сол мәселелерді қараған. Абай «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде «Сізге ғылым кім берер, Жанбай жатып сөнсеңіз?» - деп сұрақ қою арқылы адманың өзін үнемі жетілдіріп отыруы керектігін негіздегендей. Бүгінгі күндеде өмір бойы оқу қажеттілігі туындады. Абайдың білім-ғылым жайлы өлеңдерінің, қарасөздерінің ұлттық идеясы қайтсем қазақты білім алуға, еңбекке үйір қыламын деген ой болды. Елбасы Н.Назарбаев «Рухани жаңғыру» мақаласында қоғамдық сананы жаңғыртудың нақты бағыттарының бірі ретінде - білімнің салтанат құруына ерекше назар аударған. Ал Қазақстан Республикасы білім беру мазмұнын жаңарту бойынша орта білім берудің құндылықтары ретінде - «өмір бойы білім алу» құндылығын оқушы бойына сіңіру міндеті қойылған. Әл-Фараби мен Абай өсиеттері, шығармаларының ұлттық идея тұрғысынан құндылықтары бүгінгі күндеде өз өзектілігін жойған жоқ. Тарихтан сабақ ала отырып қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім мен ғылымды реформалаудың негізгі бағыттары жарияланып, Отандық білім беру алға жылжуда.

Бүгінде қаншама азаматтарымыз арнаулы, жоғарғы білім оқу орындарын бітіріп, мамандықтар бойынша жұмыс жасамайды. Дегенмен мемлекет жол картасы, тағыда әртүрлі әлеуметтік бағдарламалар арқылы жұмыссыздарды жұмыспен қамтуға мүмкіндік жасап отыр. Абай «Орын таппай баптанба..» - дегендегі орын тап деп отырғаны алған білімді, үйренген ғылымды жұмсайтын орын. Әл-Фараби мен Абайдың ұстанымы, көзқарасы, құндылықтары бүгінгі күнде ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда тарихи қажеттілік. Фараби мен Абайдың шығармаларындағы ұлттық идея жас ұрпаққа сабақ болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Бурбаев Т. Қазақ философиясы және әл-Машани. Астана., 2006 жыл. 37 б. Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық университетінде 2006 жылы өткен «Ұлттық ғылыми құндылықтар және А. Әл-Машани мұрасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Алматы, 2006 жыл.*
2. *Сағынған Н.Б. Абай мен әл-Фарабидің үндестігі. // Adisteme.kz (қазақ тілі және әдебиеті). – 08 қаңтар. -2020. https://adisteme.kz/abai-men-al-farabidin-undestigi.html*
3. *Машанов А.Ж. Әл-Фараби және Абай. Алматы: «Қазақстан», 1994. - 192 б.*
4. *А.Шәкәрімұлының А.Машановқа жазған хаты. ҚРОММ 2285 қор, 1-т., 195- іс., 2-п.*
5. *Көбесов А. Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда. –Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 58 б.*
6. *Табиғат Матбуғат, Великая книга природы., Маяки истины. ҚРОММ 2285 қор, 1-т., 17- іс., 187-п.*
7. *Әл-Фарабидің Космологиясы. ҚРОММ 2285 қор, 1-т., 12- іс., 149-п.*
8. *Абай. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2006. – 124 б.*
9. *Әбдезұлы Қ. Қазақ прозасы және ұлттық идея: Оқу құралы / жауапты ред. З.Қабдолов. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 242 б.*
10. *«МәңгілікЕл». Патриоттық актісі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» атты XXIV сессиясында сөйлеген сөзі. – Астана қ., 2016.- 26 сәуір.*
11. *Аль-Фараби. Трактат о взглядах жителей добродеятельного города. // Философские трактаты. –Алма-Ата, 1970.*
12. *«Мәңгілік Ел». Учебник для вузов. М.Б.Касымбеков., С.Ж.Пралиев и др. –Алматы: Ұлағат, 2015. – 336 с.*
13. *Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-том. Алматы, 1995. 211 б.*
14. *Тоқаев Қ-Ж. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан. – 09 қаңтар. -2020. https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy*
15. *Ақжан әл-Машани. Әл-Фараби және бүгінгі ғылым. –Алматы: Алатау баспасы, 2007. – 224 б.*
16. *Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы : «Ғылым», 1975. – 419 б.*
17. *Мұғалімге арналған нұсқаулық. Тиімді оқыту. - Астана: НЗМ **ДББҰ** Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 200 б.*

18. Болатбеккызы А. Абай шығармаларындағы «толық адам» мәселесі / Айгерим Болатбеккызы. — Текст : непосредственный, электронный // Молодой ученый. — 2015. — № 8.1 (88.1). — С. 53-55. — URL: https://moluch.ru/archive/88/17589/ (дата обращения: 18.04.2020).

19. Мектеп басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына арналған нұсқаулық. – Астана: НЗМ ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 40 б.

ӘӨЖ 94(574)

Ә.А. Өскембай[1]

[1]*т.ғ.к., С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.*

С.АМАНЖОЛОВТЫҢ ҚАЗАҚ ТАЙПАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАҢБАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Андатпа

Мақалада С. Аманжоловтың қазақ тайпалары және олардың таңбаларын зерттеуге арналған еңбектеріне талдау жасалған. Ғалымның қазақ руларын зерттеудегі ғылыми жетістіктеріне баға берілген. Мақалада белгілі ғалым С.Аманжоловтың қазақ халқының этногенезіне байланысты еңбектері талданады. Сонымен қатар С.Аманжоловтың «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» атты еңбегі қазақ диалектологиясы мен қазақ халқының шығу тарихына және қазақ тілінің тарихына арналған мәселелер қаралды. Бұл саланы ғалым он бес жыл бойы зерттеп, үлкен еңбек қалдырды. Өзінің ғылым жолындағы еңбектеріндегі ең күрделі зерттеуі осы «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» атты еңбегі болды.

Мақалада С. Амажолоатың қазақ халқының үш жүзінің тарихын зерттеуге арналған еңбектеріне баға берілген.

Кілт сөздер. Ру, тайпа, таңба.

Oskembay A.A.[1]

[1]*Candidate of Historical Sciences, East Kazakhstan State University named after S. Amanzolov, Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan, Republic of Kazakhstan, Oskemensity*

S.AMANZOLOVS WORKS ON KAZAKH AND THEIR SUMBOLS

Abstract

The article analyzes the works of S. Amanzholov, dedicated to the study of Kazakh tribes and their symbols. The scientific achievements of the scientist in the study of Kazakh tribes were evaluated. The article analyzes the works of the famous Kazkh scientist S. Amanzholov on the ethnogenesis of the Kazakh people. The article assesses S. Amanzholov's work on the study of the history of three zhuzes of the Kazakh people. S. Amanzholov's work "Questions of dialectology and history of the Kazakh language", dedicated to the Kazakh dialectology and history of the Kazakh people and the history of the Kazakh language, was also considered. This area was studied by scientists for fifteen years and left a lot of work. The most difficult research in his works on the way to science was the work "Questions of dialectology and history of the Kazakh language".

Key words: tribes, symbols

Оскембай А.А.[1]

[1]*к.и.н., доцент кафедры Истории Казахстана ВКУ им.С.Аманжолова, Республика Казахстан, г.Усть-Каменогорск*

ТРУДЫ С.АМАНЖОЛОВА О КАЗАХСКИХ ПЛЕМЕНАХ И ИХ СИМВОЛАХ

Аннотация

В статье анализируется труды С. Аманжолова, посвящённые изучению казахских племен и их символов. Оценивались научные достижения учёного в изучении казахских племён. В статье анализируется труды известного казхского ученого С.Аманжолова о этногенезе казахского народа. Также был рассмотрен труд С. Аманжолова «Вопросы диалектологии и истории казахского языка», посвященный казахской диалектологии и истории казахского народа и истории казахского языка. Эта область изучалась ученым в течение пятнадцати лет и оставила большой труд. Самым сложным исследованием в своих трудах на пути к науке стал труд «Вопросы диалектологии и истории казахского языка».

В статье дано оценка трудам С.Аманжолова о исследовании историй трех жузов казахского народа.

Ключевые слова. племена, символы

Елбасының жаңа тарихи сананы және дүниетанымды қалыптастыруға арналған бағдарламалары тарихшыларға жаңа талпыныс беріп отырғаны белгілі. Қазақ тарихын қайта зерттеп, алдымен өзімізге танытуымыз қажет. Сонан кейін өзге тілдерге аударып, басқаларға танытуымыз қажет. Осы мақалада қазақ халқының тайпаларын және олардың таңбаларын жан-жақты зерттеген С.Аманжоловтың еңбектеріне тоқталғанды жөн көрдім. Ғалымның зерттеулері қазақ тарихының көптеген ақтаңдақтарын ашуға көмектеседі.

С.Аманжоловтың «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» атты еңбегі қазақ диалектологиясы мен қазақ халқының шығу тарихына және қазақ тілінің тарихына арналған. Бұл саланы ғалым он бес жыл бойы зерттеп, үлкен еңбек қалдырды. Өзінің ғылым жолындағы еңбектеріндегі ең күрделі зерттеуі осы «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» атты еңбегі болды. Мұнда ғалым қазақ тілінің тарихын, диалектологиясын ғана зерттеп қоймай, қазақ халқының шығу тегін, ру, тайпалардың құрылу тарихын, ертедегі таңбалардың тарихын, заттық мұралардың тіл тарихына байланысты заңдылықтарын ашып көрсетті. Сонымен қатар, ғалым қазақ тіліндегі әртүрлі диалектика ерекшеліктеріне тоқталып, олардың тарихи-қоғамдық себептерін ашып дәлелдеді. С.Аманжолов бұл еңбегін жазғанда, еңбегі тек қана Қазақстан көлемінде ғана емес, одақтық ғалымдардың арасында үлкен талқыға түсті [1].

Еңбекті қуаттаған адамдарға қарағанда қарсы шығушылардың саны көп болды. Сонда ғалым, олардың сұрақтарына дәлелді ойларымен ашық түрде жауап беріп, өз еңбегінің құндылығын сақтап қалуға тырысты. Төңкеріске дейін бұл мәселе жетік қарастырылмаған еді. Сол кезде осы саланы зерттеу мәселесі артта қалып келді. Өз еңбегіндегі диалектология мәселесін ғалым этногенезбен, яғыни ру-тайпа, халық тарихымен байланыстыра қарастырған. Оны жазбастан бұрын ғалым алдына бірнеше мәселе қойды. Олардың қатарында: қазақ этногенезі, қазақтың басты тайпа және тайпалық одақтары және ежелгі қазақтарда қолданылағн диалектілер туралы материалдар жинау болды. Осыны басшылыққа ала отырып, қазақтың алғашқы қолданған тілімен қатар олардың шығу тарихына талдау жасады. Бұл мәселені зерттеу үшін ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастырды. Сонымен қатар халықтың бай ауыз әдебиетіндегі деректерге сүйене отырып, көптеген дәлеледеулер келтірді. Негізінде қазақта кездесетін басты үш диалектіні табады. Олар: солтүстік-шығыс, оңтүстік және батыс болып бөлініп талданған. Осылардың ішіндегі қазіргі қазақ әдеби тілінің негізі болып солтүстік-шығыс диалектикасы болып табылады. Бұл зертеулерде қиындық туғызатын мәселелерді ғалым төмендегідей топтарға бөледі:

1. Қазақ этногенезіне байланысты сұрақтар жеткілікті зерттелмеген;.

2. Қазақ халқының және соның құрамына кіретін тайпаларға байланысты ежелгі жазба ескерткіштердің көптеп сақталмауы;

3. Бұл мәселені зерттеуге біржақты көзқараспен шектелген кейбір шығыстанушылардың қарсы шығуы және Н.Я.Маррдың палеонтологиялық әдісі.

Ғалым осы үш бағытты басшылыққа ала отырып, зерттеуді мына мәселелерге бөліп, толық қарастырып шығады:

1. Қазақ халқының этникалық және ру-тайпалық құрамына тоқталу;
2. Қазақ халқының ежелгі ең ірі тайпалық (үйсіндер, дулаттар, алшындар, керейлер, наймандар, арғындар, меркіттер, қоңыраттар, жалайырлар және қыпшақтар) этникалық құрамына тоқталу;
3. Кейбір ежелгі тайпалардың тілін зерттеу;
4. Қазақтың үш жүзінің құрылуы және тайпалық одақтардың пайда болуын зерттеу;
5. Қазақ тілі мен ұлт тарихының шығу тарихын тереңнен зерттеу [2].

Бұдан шығатын қорытынды, ғалымның қазақ халқының ежелгі тарихын зерттеудегі шебер үйлестірушілік, нағыз тарихи талдаулық, салыстырмалық әдістерді жетік меңгергенін байқаймыз. Белгілі бір қазақ халқының тайпалық одағын зерттегенде зерттеуші әр рудың және тайпаның этногенезін жеке-жеке қарастыруы қажет. Бұл мәселені қарастырмай тарихшы белгілі бір халықтың шыққан тегін зерттей алмайды. Кезінде ғалым бұл мәселеге ерекше көңіл бөліп, ұлт тарихын тереңнен жеке-жеке талдап қарастырған.

Тайпалардың этногенезін зерттегенде ғалым, оны біржақты қарастырмай, тілдік, этнографиялық, антропологиялық фактілеріне тоқталған.

Қазақтың эногенезін зерттеуде, С.Аманжолов ғалымдар А.Левшин, Н.Аристов, А.Харузин еңбектерінің ерекшелігін айтып өтеді. Негізінде бұл ғалымдардың қазақ халқының тарихын зерттеуге арналған еңбектері қазіргі кезде де өз құндылықтарын жойған жоқ. Қазақтардың этникалық қалыптасуын зерттеуде Рашид-ад-Диннің «Жами ат-тауарих», Шараф ад-Дин Иездидің «Зафар-наме», Ата Мәлік Джувайнидің «Тарих-и-джахангушай» еңбектерін ерекше атауға болады. Бұл деректер XIII-XY ғасырлардағы маңызы бар деректер болып табылады. Тарихты зерттеу, тарихшылардан асқан бір дәлділік пен шыншылдықты талап етеді. Сонымен қатар, тарихшылар шебер зерттеушілер ғана емес, өз елінің патриоты болуы қажет. С.Аманжоловтың өн бойынан осы қасиеттер табылып, бір-бірімен ұштасып жатты. Қазақ халқының тарихын зерттеуде ғалым, оны арыдан бастап, Шыңғысханның дәуірімен байланыстырады. Бұл дәуірде түркі тілдес тайпалардың құрамына Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары әскерлерінің қатарында Алтай, Шығыс Түркістаннан келген жалайыр, меркіт, барлас, керейт, найман тағы басқалар келіп қосылған. Этно-генетикалық процесте Алтын Орданың құрылыуы мен құлауының мәні зор екенін білеміз. Сондықтан, Алтын Ордадағы Жошы ұрпақтарының шежіресі үлкен назар аударуға тұратын дерек болып табылады. Бұл кездегі деректердегі басты орын алатын тақырыптар әскери-саяси оқиғалар болғанымен, мұнда элеуметтік-экономикалық деректерді де көптеп табуға болады. Деректерде, негізінен, отырықшы және көшпелі тұрғындардың, түрлі түркі тілдес тайпалардың арасындағы өзара байланысты көрсетеді және олар тарихи деректер ретінде жоғары бағаға лайық. Сонымен қатар қазақтардың ішінен халықтың этникалық құрамын зерттеген Шоқан Уалихановта болды.

Қазақ рулары мен тайпаларының қалыптасу тарихын зерттеуде өзіндік ерекшеліктер бар. Олар зерттеушілерден түріктанушы, тіл маманы, археолог, географ, сонымен қатар ең бастысы тарихшы болуды талап етеді. Рулық және тайпалық таңбаларды зерттемей, біз қазақ халқының этникалық құрамын зерттеп көрсете алмаймыз. Бұл салада өз зерттеулерімен ерекшеленген зерттеушілер, А.Левшин, Л.Мейер, А.Харузин, Ш.Уәлиханов, Н.Аристов, М.Тынышбаев, С.Аманжоловтар болды. Олардың сол кездегі талдаулары әр түрлі болды. В.Радловтың айтуынша, ең алғаш руларға таңбаны Оғыз ханның баласы Күнхан таратып берген. А.Левшиннің айтуы бойынша, қырғыздар (қазақтар) таңбалар мен белгілерді моңғолдардан алған. Бұл таңбаларды сол кезде Орта Азияға ғана емес Үндістанға дейін таратқан. И.Казанцевтің пікірі бойынша, таңбалармен ұрандарды қазақтарға Шыңғысхан таратып берген. М.Иванин мен А.Харузиннің пікірлері бойынша, таңбаларды Шыңғысхан тұқымынан тараған хандар әскерлеріндегі қазақ тайпаларынының пайдаланған қаруларының түрлері бейнеленген. Л.Мейердің түсіндіруі бойынша, таңбаларды малға белгі салу үшін Тәке хан таратып берген. Бұл пікірлердің әртектілігі халқымыздың тарихын зерттеудегі әр түрлі пікірлерге әкеледі. Н.Аристов, өз ұстанымдарын Күлтегін жазуларына сүйене отырып, таңбалардың ертеректе Орхон бойынан табылған тас плиталарда кездесетінін айтқан. Ол аталмыш Орхон-Енисей жазуларындағы 38 әріптің 29-ның қазақ рулары пайдаланатынын, бұлардың рулық-тайпалық таңбаларға ұқсас екенін айта келіп, қазақтарға таңбаларды белгілі бір адам берген жоқ керісінше бұл көшпелі халықтың өзінің өмірінің тарихи жемісі болып табылатынын айтқан. Оның ойынша рулық таңба-рудың меншік белгісі. Ғалымның пікірінше, рулық таңбалар, мал белгілі бір рудың меншігі болып тұрған кезде болған. Бұл ойдан қазақ халқының тарихы тереңде жатқанын көреміз. Сонымен қатар, Рашид ад-Диннің жылнамалар жинағында Оғыз хан өзінің алты баласынан тараған 24 ұлына таңбалар үлестірілгенін білеміз. Бұл мәселеден Оғыз хан таңбаларды алғаш таратты деген ой тумауы қажет. Ол тек қана халық арасында тараған әдетті жалғастырып, бұл салтты мемлекет басқару ісінде тиімді қолданып отырған.

Шыңғысханның ру таңбаларын таратып берді деген ойға талдау жасасақ, бұл пікір шағатай тілінде жазылған шығармалардан бастау алады. Өз кезінде Шыңғысхан қол астындағы тайпалардың билеріне таңбалар, ерекше құстар, ерекше ағаштар үлестіріп берген. Олардың қатарында қазақтан шыққан билер Майқы би, Қоңырат би, Тама би, Керейт билер болған. Бірақ, Шыңғысханның таратқан таңбалары кейінгі қазақ тайпаларының таңбаларына сәйкес келмейді. Бұл тұжырымнан да таңбалар Шыңғысханнан бастау алды деуге ешқандай негіз жоқ. Сондықтан бұл таңбалар ерте орта ғасырларда түріктерден тарады дегенге толық негіз бар. С.Аманжолов қазақтың арғы тарихын зерттеуді, ру-тайпа таңбаларын зерттеуден бастаған ғалым.

С. Аманжолов мұрасының айтарлықтай бөлігі тіл саласымен қатар қазақ халқының этногенезінің (шығу тегін) өзекті мәселелеріне арналған. Зерттеу кезінде ғалым тарихи деректерді, өзіне дейін зерттеген ғалымдар еңбегімен, халықтың ауызекі тарихнамасымен, шежіре мәліметтермен салыстыра, ыңғайластыра зерттеп жазған. Халықтың, оны құрайтын үш жүздің рулық-тайпалық құрылымын зерттеп, оларға тән ортақ белгілер мен жекеленген ерекшеліктеріне дұрыс баға бере білді.

С.Аманжоловтың бұл еңбектеріне ғылыми көзқараспен қарасақ, олар кеңінен қазақ халқының этникалық құрамын зерттеуге арналған. Құнды материалдармен жазылған А.И.Левшин мен Н.Аристовтың тізімдерін басшылыққа ала отырып, Ұлы, Орта, Кіші жүзге кірген 80 ру мен тайпа өкілдерінің атауына талдау жасайды. Ұлы жүзге-23, Орта жүзге-24, Кіші жүзге-33 ру мен тайпаларды жатқыза отырып, зерттеген ғалымның дәлелдеулері бірнеше тарихи факторлармен дәлелденеді. Олар өздерінің санына және тарихи орнына байланысты әр түрлі болып келген. Сонымен қатар әр жүздің қазіргі қазақ тілінің негізін қалауға қосқан үлестері де әр түрлі болған.

С.Аманжолов ру, тайпа атауларының дұрыс аталуына аса зор көңіл бөлген ғалымдардың бірі. Мысалы; А.И.Левшин кейбір ру, тайпаларды: «Үйсүн, конрат немесе кунрат, карокисяк, китя, дюрткара, чулакей, тилау, тазлар” – деп келтірсе Аманжолов еңбектерінде, үйсін, қоңырат, қаракесек, кете, төртқара, шөмекей, телеу, таздар болып келтіріледі. Ғалым қазақ тарихын зерттегенде көбіне таңбаларды басшылыққа алады. Оларды зерттей келе, олардың ұқсастықтарын салыстыра отырып, қазақ тайпалық одағы 9 болды деген. Ұлы жүзге басты орын алатын тайпалар қаңлылар, жалайырлар, дулаттар болды. Ал бұлардың құрамына – ошақты, бекболат, шапырашты, сырғалы, шанышқылы, сары-үйсін тайпаларын кіргізді. Орта жүзде басты тайпалар қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керейлер болса, олардың құрамына балталы, бағаналы, тарақты, саржомарт, қаракерей, уақ, матай, қаракесектерді жатқызады. Ал кіші жүздің басты тайпасы етіп Алшынды алып, оған: шөмекей, серкеш, адай тайпаларын топтап жатқызады. Көп тайпалар қолдарында таңбалары болмағаннан беймәлім болып келді. Мысалы: меркіттер, үйсіндер тағы басқалар. Аманжоловтың айтуынша кейіннен бұл меркіт, үйсін тайпалары үлкен тайпалық одаққа біріккен. Ғалым өз зерттеулерінде әр ру, тайпалар әр үш жүзде кездесіп отырды деген. Мысалы: Арғындар орта жүзде кезескенімен қатар кіші жүздеде бар. Ал тортуыл орта жүздегі наймандар ішінде және арғындар ішіндеде кездессе, қаракесек кіші және орта жүзде ішінде бар. Қоңырат Орта жүзге жатқаныменде Левшин мен Аристовтың айтуынша Қоқандықтардың басып алуына байланысты қоныс аударып, кейіннен Ұлы жүзге қараған. Аманжоловтың айтуынша жүздерге бөліну туыстық, тайпалық қатынаста емес, керісінше орналасу мекеніне, әр түрлі тайпалардың бірлігі мен экономикалық байланыстарына қатысты делінген [3].

Негізінде қазақ тарихындағы күрделі мәселелердің бірі-жүздердің пайда болуы. Нақты тарихи жазба деректердің жоқтығынан қазақ жүздерінің пайда болуы әлі күнге дейін даулы болып отыр. Жүздердің пайда болуы туралы болжамдар қазақ тарихының тарихнамасында біршама зерттелген. Олардың зерттелу деңгейін қарастырғанда С.Аманжоловтың еңбектерін ескермей кету қателік болар еді. Жүздерді зерттейтін ғалымдар бір пікірге келуде қиындықтар тудырады. Себебі, осы жайындағы жазба деректердің аздығында. Ғалым осындай қиын зерттеулерді

шешуге салыстырмалы-тарихи әдісті қолданды. Өйткені салыстырмалы-тарихи әдіс лингвистикада тіл топтарын анықтауда жақсы нәтижелерге жеткізген болатын. С.Аманжолов осыдан қорытынды жасай отырып, тарихшылар сол елдің тілінің тарихын білмей елдің тарихын білмейтінін, ал филологтар ел тарихын білмей сол елдің тіл тарихын білмейтінін басты назарға алып жазған. Әр ру -тайпаның туыстығы олардың тілдерінің ұқсастықтарына байланысты келеді деген.

Қазақ рулары мен тайпаларының арғы тарихын зерттеу дегеніміз, ең алдымен олардың таңбалық белгілерін зерттеу болып табылады. Мұны алғаш аңғарған Н.Аристов болды. Оның пікірлерін тереңдете зерттеген С.Аманжолов. Ғалым белгілі бір атадан рудың, одан тайпаның, одан тайпалық одақтың қалыптасу жолдарын рулық таңбаларды зерттеу арқылы көз жеткізуге болатынын айтқан. Сонымен қатар, С.Аманжолов қазақ халқының шығу тарихын зерттей келе, Н.Аристовтың еңбегіне сүйеніп: «Қазіргі қазақ, өзбек, қырғыз т.б. елдер түрік тайпаларынан шыққан» – деп дәлелді фактілермен өз еңбектерінде ұтымды көрсете білді. Ол өз еңбектерінде «Алшын» сөзіне де толық түсінік берген. Ол: Әлімұлы, Байұлы, Жетіру біріккен атаудан шыққан. Алшындардың мекені ғалымның айтуынша Алтай жері. Өйткені алтайлықтардың таңбасы наймандардың таңбасына ұқсайды делінген. Алшынға: қарасақал, сунақ, жаныс, москар, беріш, алшын, телеу жатқан. Ғалым таңбалардың өзгеруі көшірме кезінде жіберілген қателерге байланысты деген ой айтады. Мысалы; таздар мен жаппастың таңбасы Z (зет) болса да оны Алшынның ^ таңбасына жатқызады. Оған Әлім таңбасында (М) жатқызуға болады [4].

Ғалым қазақтың ең басты тайпаларының ішіне қаңлыларды да жатқызып зерттеп, олардың құрамына ысты, тлек, ойықты жатқызады. Бұл тайпалардың таңбалары қаңлылардікімен бірдей болғанымен тарихта дұрыс зерттелмеген.

Ал қыпшақ тайпасы, тайпалық одақтың атауына байланысты. Аристовтың айтуынша олар қаңлылардан шығып (||) таңбасымен бейнеленген. Өйткені қаңлыларда I бір сызық болып кейіннен екінші сызықша одан шыққан тайпаға берілуі мүмкін делінген. Ол кезде бір тайпаны басып алған тайпа өз тайпасының қасына сол елдің таңбасын қосып көрсеткен. Қыпшақтар өз алдарына жеке тайпа болып оған: тама, керей тайпалары кіргенін ғалым олардың таңбасының (||,^) ұқсастығымен көрсеткен. Қоңыраттың құрамына ноғайдан шыққан маңғыттарды және санғыларды кіргізеді. Қоңыраттың таңбасы ╥ болса маңғыттарды Санғылар мен маңғыттардікі де ╥ таңбасы түрінде қарастырылған.

Ғалым Наймандар таңбаларына зерттеуді анық фактілермен келтірген.

Наймандар –Қазақстан мен Орта Азия және Монғолия тарихында із қалдырған ежелгі тайпа. Олар туралы деректер Аристов, Ховорс еңбектерінде кездеседі. Наймандар – тайпа атауынан шыққан және олардан шыққан рулар бірдей таңба ұстанған. Тек содыр, матайлардың таңбасы ғана қоңыраттікіне ұқсайды. Бұл зерттеуде найман мен алшындар таңбаларын салыстырып, ұқсастықтарын көрсетеді. Мысалы бұрын: ^ немесе ˅, немесе ‹ және › болып бірнеше өзгереді. Бірақ бұл дәлелдеулер көп зерттеулерді қажет етеді. Ал Ошақтыға келсек ол ұлы Ордадан шыққан жеке тайпа. Таңбасы үшбұрыш Δ-бұны басқа таңбалардан шығаруға келмейді. Сонымен қатар ғалым Серкеш тайпасы кіші жүздің және орта жүздің есентемір, жүй, жағалбайлы, мансыр тайпаларымен туыс екенін және олардың алшын және найман тайпалық одағына қарағанын дәлелдеген.

Ал Бағаналының Орта жүзден тараған мүйізтектес (Ψ) таңбасын қарастыра отырып оның наймандардың ішінде болғанын айтады. Оларда болған (Ħ) сияқты тағы бір таңбалар оларды кіші Ордаға шекті руымен байланыстырады. Ғалымның ойынша бұл таңба олар найман одағына кірген кезде пайда болған. Бұдан шығатын қорытынды бұлармен байланысты шекті және алаштар найман тайпалық одағынан шыққан.

Бекболат Орта жүзден тараған жеке тайпа. Шапырашты сөзі де тайпа атауынан шыққан. Оған бестамғалы және шымыр кіреді. Олардың бәрі Ұлы Ордадан. Оның таңбасы (Ψ) тайпа атауына сай жасалған. Ал Сырғалыға келсек, оның таңбасы да тайпа атауына сай. Екінші бір таңбасы (+) олардың кезінде керейлер мен төртқаралар құрамына қатысты екенін көрсетеді.

Қазақ руларының кейбіреулерінде (+) қосынды таңбасының болуы қазақ руларының шығу тегін тәңірге табыну кезінен басталғанын көрсетеді. Мұндай таңбалар сонымен қатар, қазақтың төртқара, телеу, сіргелі, керей, адай, руларында да кездеседі. Алтай түркілерінің ежелгі тарихына белсенді талдау жасап жүрген Мұрат Әджи қосынды (+) белгісінің тәңірге табыну кезінен басталатынын айтқан. Негізінде б.з.д. IY-III ғасырлардан б.з.YII ғасырына дейін алтайлық түркілер арасында таралғанын, оны Еуропаға ғұндар апарғанын баяндайды. Мұны көк түріктердің руна жазуындағы белгілері де растай түседі. Ерте түркі дәуіріндегі тайпалар аттары кейініректе таралған қазақ ру-тайпаларының таңбаларынан өзгешелеу. XI ғасырдағы М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінде бешенек, қыпшақ, башғырт, басмыл, оғыз, имек, қай, иабақу, татар, шігіл, тохсы, иағма, ұғрақ, жаруқ, жомыл, ұйғыр, таңғұт, хытай, табғыш, тайпалары картада сызып көрсетілген. Бұлардың арасында қыпшақ, башқырт, татар, ұйғырлар кейінгі ғасырларда атауларын өзгертпей сақтап қалған. Қазақ халқын құраған негізгі тайпалар осы тайпалармен қатар жоғарыда аттары аталған тайпаларды да құраған. М.Қашқари өз еңбектерінде бұл тайпалардың барлығына тоқталмай, тек өзі білетін оғыз тайпаларының ішіндегі 22 руға ғана тоқталған. Оғыздармен кейінгі қазақ тайпалары атаулары бір-бірімен сәйкс келмейді. Негізінен оғыздар қазіргі Орта Азия республикаларының жерлерін мекендеген. Олардың Батыс және Оңтүстік Батыс Қазақстан аймағында ғана таралғанын ескерсек, олардың арасында қазіргі қазақ атаулары жиі кездеспеуінің себебін түсінеміз. М.Қашқаридің еңбектеріне сүйенсек, оғыз таңбалары мен қазақ руларының таңбалары арасында біршама ұқсастықтар бар екенін аңғарамыз. Оған дәлел, оғыздардың қынық- қыныктарының рулық таңбасынан қазақтың садыр, матай, руларының таңбасы шыққанын байқаймыз.

С.Аманжоловтың қазақ рулары мен тайпаларын зерттеген еңбектерінің құндылығы өте жоғары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка / С. Аманжолов. – Алма-Ата, 1959. - Ч. 1. - 452 с.

2. Аманжолов С. Научная и организационная деятельность (Из отчетов пятидесятых годов): 1954-1957 года / С.Аманжолов // Әл-Фараби атындағы ҚҰУ Хабаршысы. Филология. Сер;Вестн. КАЗНУ.

3. Аманжолов С. «Қазақ диалекталогиясының негізгі мәселелері. – Алма-Ата, 1959. – I, II т.

4. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка: Учеб. пособие / С. Аманжолов. - 2-е изд., доп. – Алматы: Санат, 1997. - 608 с.

5. С.Аманжоловтың жанұялық жеке мұрағатынан.

6. С. Аманжоловтың ғылыми мұрасы және XXI ғасырдағы гуманитарлық ғылымдар мәселесі. - Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2003.

ӘОЖ 930.01
МРНТИ03.01.09

Нұрымбетова Г. Р.[1]

[1]*саяси ғылымдарының докторы, профессор, «Ұлы дала тұлғалары» орталығының директоры,*
Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы, Қазақстан Республикасы. E-mail:gulshat_nurymbet@mail.ru

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ

Аңдатпа

Автор мақалада қазақ мәдениетінің өркендеуіне қомақты үлес қосқан Ілияс Омаровтың мемлекеттік қызметі мен өмір жолын қарастырады. Автор І.Омаровтың әдебиет-өнер саласындағы шығармалары ұлтын сүюдің, экономика саласындағы шығармалары көрегендіктің көрінісі деп есептейді. Оның өз халқына деген сүйіспеншілігі мен үлкенді кішілі істердегі батылдығы қазіргі кезеңде жастар үшін үлгі болары сөзсіз. І.Омаров қазақ қоғамының рухани әлемі үлкен трансформацияға ұшырап, орыстандырылып бара жатқанын сезбеді, көрмеді десек, қатты қателесер едік. Соны сезіп, түсінгеннен кейін рухсызданға, мәдени ерекшеліктерімізден ажырауымызға қарсы тосқауыл болудың жолдарын жанталаса іздеді. Бұл ізденісте І.Омаров жалғыз болған жоқ. Бірақ ұлттық мәдени мұраны сақтау үшін күрескен азаматтардың, зиялы қауымның көшбасшысы болғаны анық еді.

Тірек сөздер: мемлекет қайраткері, мәдениет, ұлттық мүдде, өнер, зиялылық, тоталитарлық жүйе.

Nurymbetova G.R.[1]

[1]*doctor of political sciences, professor KazNPU named after Abai, Director of the center "Uly Dala Tұlғalary",*
Almaty, Republic of Kazakhstan

OUTSTANDING REPRESENTATIVE OF THE KAZAKH CULTURE

Abstract

The author examines the state activities and the life path of Ilyas Omarov, who made a huge contribution to the development of the Kazakh culture in this article. The author claims that I. Omarov's works on culture and art reflect his boundless love for his native people, and publications on economics clearly reflect his view of the future. The creative heritage and courageous deeds of this wonderful person serve as a model and example for modern young people. The creative legacy and bold actions of this remarkable man serve as a model and example for today's youth.

In moments of risk of losing his position and threats, he did not abandon his ideas and plans. The article reveals the activities of Ilyas Omarov and his appeal to the entire intelligentsia to unite all forces to preserve the cultural heritage, and to stand United against the spiritual fall of the people.

Keywords: statesman, culture, national interest, art, intelligence, totalitarian system

Нурымбетова Гулшат Рамазановна[1]

[1]*Доктор политических наук, профессор, Директор центра «Ұлы дала тұлғалары» КазНПУ им.Абая,*
Алматы, Республика Казахстан. E-mail:gulshat_nurymbet@mail.ru

ВЫДАЮЩИЙСЯ ПРЕДСТАВИТЕЛЬ КАЗАХСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Аннотация

В статье автор рассматривает государственную деятельность и жизненный путь Ильяса Омарова, внесшего огромный вклад в развитие казахской культуры. Утверждается, что труды И. Омарова по культуре и искусству

отражают его безграничную любовь к родному народу, а публикации по экономике ярко отражают его взгляд в будущее. Творческое наследие и смелые поступки этого замечательного человека служат образцом и примером для современной молодежи.

В моменты риска потери должности и угроз он не отказался от своих идей и намеченных планов. В статье раскрывается деятельность Ильяса Омарова и его призыв ко всей интеллигенции объединить все силы для сохранения культурного наследия, и сплочённо противостоять духовному падению народа.

Ключевые слова: государственный деятель, культура, национальный интерес, искусство, интеллигентность, тоталитарная система

Кіріспе. Тәуелсіздікпен қайта түлеген тамаша табыстарымыздың бірі –ұлы тұлғаларымыздың есімін ардақтап, мұраларын ұлықтау, халқына жасаған қызметіне, қайраткерлігіне тағзым етіп, өмір жолы мен тағдырындағы «ақтаңдақтарды» еңсеру. Тұлғатану мәселесі дұрыс шешілмей ұлттық тарихымыздың ақиқатын ашу мүмкін емес.

Нағыз ерлер – қашан да елдің мақтанышы, өсу мен өркендеудің қайнар бұлағы. Өйткені, олар сын сағатында халқының қамал-қорғаны бола білді, әлеуметтік ілгерілеуіне бағыт-бағдар сілтеді, ұрпақтар сабақтастығы мен үн қатысуын үзбеді. Әрдайым солай болып қала да береді.

Олай болса, тұлғаларды тану, насихаттау, ұлықтау біздер үшін азаттықты ардақтауға жасалған қадам, тарихтағы тұлғаның орнын дұрыс бағалауға бастар жол, халықтың жасампаз рухын асқақтатар перзенттік борыш.

Кеңес үкіметінің озбырлық саясаты мен тоталитарлық қысым кезінде ұлттық мүдде тұрғысынан әрекет ету оңай болмағаны белгілі. Бұған қарамастан тіл, жер, ағартушылық мәселелерін шешудегі, ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрді сақтап, дамыту жолындағы ерен еңбектері бүгінгі күні үлгі тұтуға тұрарлық. Кеңес үкіметінің тұсында қызметтік сатының жоғарғы шыңына шығып, оны жеке мүддеге емес халық мүддесіне пайдалануға ұмтылған тұлғалардың бірі – Ілияс Омаров. Мақаланың басты идеясы Ілияс Омаровтың азаматтығы мен қайраткерлігін, адами-тұлғалық келбетін ашу.

Негізгі бөлім. І.Омаров мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы, жазушы, публицист. Қазақ елінің мәдениеті мен өнерінің өсіп-өркендеуіне қажыр-қайратын, білік-білімін жұмсаған жан. І.Омаров 1912 жылы қазанның 1 күні Қостанай облысы қазіргі Сарыкөл ауданындағы Жазы би ауылында дүниеге келген. Әкесінің ерте қайтыс болуына байланысты әкесінің ағасы Омардың қолында тәрбиеленген. Жеті жасында анасы қайтыс болып, І.Омаров балалар үйінде, интернатта тәрбие алған. 1923-1930 жылдары Қостанай қаласында В.Ленин атындағы жеті жылдық коммуна мектебінде білім алады. 1930 жылы осы оқу орнын «үздік» деген бағамен бітіреді. Коммуна мектебін бітірген жылдың күзінде І.Омаров комсомолдың Қостанай округтік комитетінің жолдамасы бойынша Ташкент қаласындағы Орта Азия жоспарлау-экономика және сауда-тауар ісін жүргізу институтына оқуға түсіп, 1933 жылы осы институттың теориялық курсын аяқтайды. Оны Қазақ тұтынушылар одағының төралқасы Қызылорда кооперативтік техникумының директоры қызметіне тағайындайды. Алайда, техникум кеңес сауда техникумы болып қайта құрылуына байланысты І.Омаров та кеңес сауда техникумының директорлығына ауыстырылады. Кеше ғана институт қабырғасынан шыққан, бар болғаны жиырма бір жастағы І.Омаров жастығы мен тәжірибесінің аздығына қарамастан техникум директоры қызметін өте жауапкершілікпен атқарған. Сол кездегі күрделі шаруа техникумды оқытушылармен қамтамасыз ету, олардың біліктілігін, студенттердің оқу үлгерімін арттырумәселелерін әркезде назарында ұстаған. І.Омаровқа қалалық комсомол комитетінің бюро мүшесі болғанда берілген мінездеме оның қызметін абыроймен атқарғанын дәлелдейді. Бірақ бұған қарамастан 1935 жылдың соңында бұрынғы саудагер-көпестің қызына үйленгені үшін комсомол қатарынан шығарылған. Осылайша, тоталитарлық қуғын-сүргіннің дәмін татты. Алматыға қоныс аударып, жұмысын ауыстыруға да осы себеп болған екен.

1936 жылдың 8 шілдесінен 1938 жылдың қазанына дейін І.Омаров Алматыда КСРО Сауда Халкомы Былғары–аяқ киім басқармасы республикалық кеңсесінің меңгерушісі, 1938 жылдың қазан айынан 1940 жылдың тамыз айына дейін – Қазақстандағы жергілікті сауда басқармасы бастығының орынбасары, 1940 жылдың қазан айынан -1941 жылдың шілдесіне дейін Қазақ КСР Мемлекеттік бақылау Халық комиссариатының бақылаушысы қызметтерін атқарады. 1941 жылдың шілде – 1942 жылдың сәуір аралығында Қазақ КСР сауда халық комиссарының орынбасары, 1942 жылдың сәуір – 1945 жылдың қаңтар аралығында Қазақ КСР сауда халық комиссары, 1945 жылдың қаңтар – шілде аралығында Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары, 1945 жылдың шілде – 1947 жылдың қараша аралығында Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1947 жылдың қараша – 1952 жылдың ақпан аралығында Қазақстан КП ОК үгіт және насихат жөніндегі хатшысы. Жиырма жасында Қызылорда қаласындағы сауда техникумы директоры, 30 жасында сауда министрі, 33 жасында облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, 35 жасында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы міндеттерін атқарған ол мансаптың бұралаң-бұрылыстарына ұрынбай, биікке қырандай самғап көтерілді. 1952 жылдың қыркүйек – 1955 жылдың тамыз аралығында КОКП ОК жанындағы Жоғары Партия мектебінің тыңдаушысы, 1955 жылдың қыркүйек – 1959 жылдың сәуір аралығында Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бюро мүшесі және хатшысы, 1959 жылдың сәуір – 1960 жылдың ақпан аралығында «Қазақфильм» киностудиясының директоры, 1960 жылдың ақпан-мамыр аралығында Қазақ Қазақ КСР Мемлекеттік Жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары, 1965 жылдың қазан – 1967 жылдың сәуір аралығында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының бірінші орынбасары, 1967 жылдың сәуір – 1970 жылдың шілде аралығында Қазақ КСР Мәдениет министрі қызметтерін атқарған.

Осындай қызмет сатыларын өткен Ілияс Омарұлы Омаров өз замандастарының сөзімен айтсақ «үлкендер қатарында кіші емес, кішілер қатарында үлкен емес бір ғажап жан», өз заманының өр тұлғасы, саяси қайраткер, әдебиет пен өнердің жанашыры, кісілік пен кішілікті, парасат пен мейірімді қатар сыйдырған ірі тұлғалардың біріне айналды.

І.Омаровтың өмірі мен мемлекеттік –қоғамдық қызметін зерттеуші А.Қайпбаеваның «І.Омаровтың қызмет сатысымен жедел өсуіне 1920-1930 жылдардағы жаппай қуғын-сүргіннен білімді, зиялы азаматтардың жазықсыз құрбан болуы мен Ұлы Отан соғысы кезінде басқару тұтқасындағы азаматтардың да майданға алынуы себепші болды» [1, 27] деген қорытындысымен келісу қиын. Себебі оған абырой-бедел атқарған жоғары дәрежелі шенімен емес, бойына біткен табиғи дарыны арқылы келген.

Тұлғалық, адамгершілік асыл қасиеттері соғыстың ауыр жылдарында жарқырай көрінді. Ешқашан жоғарыдан түсіп жататын нұсқаулардың, көзсіз шешімдердің жетегінде кетіп, сүйкімсіз орындаушысына айналған емес. Бір үзім нан көзден бұл-бұл ұшқан қиын заманда халықты азық –түлікпен қамтамасыз етудің қосымша мүмкіндіктерін тапты. Қазақ балықты азыққа санай бермейді. Осы ұғымды бұзып, жергілікті өзен-көлдерден балық аулап, сауда кәсіпорындарында қосалқы шауашылықтар ұйымдастырды.

Жау қолында қалған қалалардан, Мәскеу мен Ленинградтан эвакуациямен келген көрнекті ғылым, мәдениет қайраткерлері І.Омаровтың қамқорлығынан тыс қалмады. Демек, соғыс жылдары қазақ елінде дүниеге келген әдебиет пен өнер, ғылым мен мәдениет шығармаларында әйгілі азаматтың өзіндік үлесі бар.

Ол соғыс кезінде Сауда Халық комиссары қызметін атқара жүріп республиканың мәдениетін, өнерін, ғылымын, әдебиетін мүмкіндігінше алға бастыруға арналған шараларға ұйытқы бола білді. Мысалы, 1944 жылы желтоқсанда Алматы қаласында республикалық ақындар айтысын өткізді. Ақындар айтысын жандандырудың қажеттігі туралы «Шын мағынасындағы ауыз әдебиетінің өкілдері – ақындар саны бұл күнде көп те болмас, бірақ та, бұл ұрпақтан кейін де айтыстар болуы керек... Айтыс ақынын халық жоғары бағалайды, ынтамен тыңдайды. ...Айтыстар халықтың тілін байытуға, тапқыр теңеулер мен әдебиет тілін дамытуға себепкер болады. Сондықтанда бүгін бізге үзілді-кесілді айтыстар керек және оларды жандандыру шарт деген нақты пікірге тоқталуымыз керек» [2] деп негіздеген екен. Жеке басқа табынушылық үстемдік құрып, қоғамның барлық саласына бақылау орнатқан тоталитарлық жүйе жағдайында ұлттық мұраны сақтау туралы ашық айту ерлікке тең еді.

І.Омаров өз ойын жасырмай айтып, батыл талаптар қоя білген. Ол үшін бірінші орында жұмсақ лауазымдық кресло емес, ұлт мүддесі, қазақ халқының болашағы тұрды. Оған Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарып жүргенде, Қазақстан КП (б) Орталық комитетінің хатшысы Ж.Шаяхметовке және Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Н.Оңдасыновқа Батыс Қазақстан облысының жай-күйі туралы жазған қатынас-қағазы дәлел. «Батыс Қазақстан облысы халқының 60%-ы қазақтардан тұрады, ал, барлық облыстық ұйымдармен халық аралас тұратын аудандарда да іс қағаздар тек қана орыс тілінде жүргізіледі» [1, 34]- деп облыста орын алып отырған кемшіліктерді ашық көрсеткен. Сондай-ақ, білім беру саласында да қазақ халқының мүддесінің ескерілмей отырғанын, облыста қазақ мектебінің жоқтың қасы екенін ашық жеткізген. Бұл 1945 жыл. Кезінде бұл мәселені Алаш зиялыларының, одан кейін 20-30 жылдарда республика басшылығында болған С.Сейфуллин, Н.Нұрмақов, С.Қожанов, О.Жандосов сияқты қайраткерлердің де өткір көтергені белгілі. Бір өкініштісі, бүгінгі күні қазақ тілі ел Конституциясы бойынша мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болса да, әлі күнге дейін «шықпа жаным шықпа» халін кешуде.

Әрине, І.Омаровтың мұндай батылдығы, өзіндік позициясының болуы Орталыққа ұнауы мүмкін емес еді. Сондықтан да болар, оны көп ұзамай Шығыс Қазақстан облысының 1-хатшылығына, ал, кейін Солтүстік Қазақстан облысының партия басшылығына тағайындайды.

ХХ ғасырдың 50–шы жылдарында тұрғындармен байланыс орнатудың атқарушы комитеттердің, олардың бөлімдері мен кәсіпорындар басшыларының есептері түріндегі жаңа формасы қалыптаса бастайды. Мінеки, осы әдісті І.Омаров еңбекшілерді жергілікті істерді басқаруға тарту мақсатында кеңінен қолданды. Облыстың бірінші басшысы болған уақытта кеңседе отырып жұмыс істегеннен гөрі, бірінші орынға еңбекші халықпен тікелей байланысты қойған. Соның арқасында қажетті жағдайды көзімен көріп, біліп отырған. Қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігіне, хал-жағдайына, көңіл-күйіне баса назар аударған. Осылайша, халықпен ынтымақтастық пен кері байланыс орнату арқылы экономикалық және саяси міндеттерді тиімді шешуді мақсат етті. І.Омаровтың халықты өз мәселелерін дербес шешуге тарту талпынысы заманауи қазақстандық қоғамда жалғасын табуда.

І.Омаровтың Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы кезіндегі аса ірі оқиғаның бірі – 1947 жылы Өскемен мырыш зауытының іске қосылып, алғашқы өнімін беруі. Дәл осы 1947 жылы ол Ленин орденімен марапатталады.

Сталиндік қуғын-сүргін соғыстан кейін қайта күшіне енген кезде республикалық партиялық қызметке қайта оралады. Күрделі сәтте қылдан таю құрбандыққа шалынудың нағыз өзі еді. Бержағымен КОКП саясатын жүзеге асырғансып, ұлтының руханиятын сақтауға барын салды. Біріншіден, ұлт мүддесіне берілген азаматтарды қызмет сатысымен өсірді, қолдады. Екіншіден, тарихи-мәдени мұра мен ескерткіштерді қорғауды сөзден іске айналдыра білді. Бұл ерлігі тіпті жанкештілігі 1943 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихын» даярлау барысында айқын көрінді. Жас ғалым Е.Бекмахановқа үлкен құрметпен қарады, болашағына сенді. Бірақ тоталитарлық жүйеде қырағылық танытып, І.Омаровты «ұлтшыл» топқа қосты, қызметінен босатты.

Алайда қайраткер қазақты сындыра алмады. 1949 жылы жазылған «Қиял» атты өлеңінде:

«Терең ой, салқын қиял, сағым тілек,
Жігер мен жайнаған көз жанға тірек.

Ниет пен қуатымды бойымдағы,

Халқыма бере алсам деп соғад жүрек...» - деп өзінің қуатын халқына арнай беретінін паш етті.

Қысқасы, тоталитарлық қыспақта жүрсе де рухани өмірді әсіре саясаттандырудан, идеологияландырудан қорғаған еңбегін ұмытуға қақымыз жоқ. Жастайынан көпұлтты ортада өскен ол білігімен де, білімімен де Одаққа есімдері мәшһүр зиялы қауым өкілдерін Қазақстанға тарта алды, көбімен сырласқан, сыйласқан дос еді.

Осы жерде айта кеткен жөн, І.Омаров өз жұмысында лауазымды тұлғаларға да ресми хат жазуды жиі қолданған. Біз жоғарыда оның Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарып жүргенде, Қазақстан КП (б) Орталық комитетінің хатшысы Ж.Шаяхметовке және Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Н.Оңдасыновқа Батыс Қазақстан облысының жай-күйі туралы жазған қатынас-қағазын келтірген болатынбыз. Осындай көңіл аударарлық тағы бір хаты 1950 жылы Қазақстан КП (б) Орталық комитетінің хатшысы Ж.Шаяхметовке жазылған екен. Мұнда аудандардағы басшы кадрларды күшейту, кадр мамандарды даярлау мәселелері бойынша өз ұсыныстарын берген. Мінеки, осылайша, ұлттық мүддеге қатысты өзекті мәселелерге бірінші басшының назарын аудару үшін оны үнемі хабардар етіп отырған. Жалпы І.Омаровқа оның замандас достары, үзеңгілес серіктері айтқандай қандай істі болмасын жан-тәнімен атқару, аса бір жауапкершілікпен қарау тән болған.

Республика идеологиясына жауап беру І.Омаровтың тағы бір жаңа қырынан ашылуына мүмкіндік берді. Ол өзінің ой-пікірлерін, көзқарастары мен идеяларын баспасөз беттерінде жиі жариялап отырған. Мысалы, 1948-1952 жылдар аралығында «Өскен елдің өзіне лайық музыкасы болсын» (1948 ж.), «Өнер өріне қарай» (1949 ж.), «Сыншы кім, сын не?» «Өскен әдебиетке үлкен сын керек» (1950 ж.) және т.б. мақалалары жарық көрген.

Бүгінгі күнмен ұштасып жатқан кейбір ойларын бере кеткенді жөн көрдік: «Қазақтың ақылдылары мейлінше қарапайым, ал ақымақтары мейлінше тасыр. Егер ақылдыларға аздап тасырлық, ақымақтарға аздап қарапайымдылық берсе, кім біледі, олардан тәп-тәуір халық шығып қалар еді», «Өмір құрауды қажет ететін сан құрақтан тұрады. Сол құрақтар тігісі неғұрлым жатық болса, өмір де соғұрлым әсем және берік», «тарихтың заңды бұрылыстарында кездейсоқтық деген болмайды, ал кімде кім сол кездейсоқтыққа үміттеніп, әрекетсіз болса, тарих табанының астында езіледі», «Өмір ағысын тыңдай білу керек. Ол әрқашан буырқанып, толқып-тасып, шамырқанып жатады. Онда бос сандырақ болмайды, өйткені ол үнемі даму үстінде. Жаңа жеңіске жетеді. Ескі келмеске кетеді», «Өмірді біліктілікпен бағындыру керек. Оның қисынын ұғу қажет. Өмірді білмесең, ол сенен өшін алады. Ол сені икемсіз шабандозды асау ат қалай аударып кетсе, кез келген сәтте солай аяғыңды аспаннан келтіреді».

І.Омаров күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелерге ұлттық мүдде тұрғысынан қараған. Бұған мынадай мысал келтіруімізге болады. «Өскен елдің өзіне лайық музыкасы болсын» атты мақаласында көркем өнердің мәнін былай анықтайды: «Мәдени өмірдің көркі – көркемөнер. Шын көркемөнер шығармасы – адамның сана-сезіміне, ақыл-ой дүниесіне берері мол, күшті құрал. Осы тұрғыдан қазақ музыкасын сөз етсек, халқымыздың басқадан гөрі музыкалық мұрасы бұрыннан мол екенін айтпасқа болмайды. Бізде, сірә, тап халық музыкасындай, халықтың әні мен күйіндей өркендеп, өскен мәдениет саласы кемде-кем болар. Біздің музыкалық мұрамыздың өзіне тән ерекшелік қасиеті ғасырлар бойы таза сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа әдемі дәстүр болып ауысып отырған» [3].

Ол өзінің ұйымдастырушылық дарынын, кәсіби біліктілігін Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы қызметінде де көрсете білді. 1957 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы жарлығымен тың және тыңайған жерлерді игеруде және астық ору, оны даярлау науқанындағы көрсеткен еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталуы соның дәлелі.

І.Омаров қандай деңгейдегі қызметте болмасын, қай салада жұмыс жасамасын – халықпен, жергілікті тұрғын адамдармен етене жақын араласып, жұмыс жасайтын болған. Қарапайым халықтың тағдырына бей-жай қарай алмауы оны басқалардан ерекшелендіріп тұрғаны сөзсіз. Осыған байланысты мына бір жәйтті келтіре кетелік. Ол «Бермесең, бермей-ақ қой баспанаңды» деп жан-айқайын өлеңмен білдірген ақын Қасым Аманжоловтың баспаналы болуына көмектескен екен. Бұған ақын «Ілияс Омаровқа» деген арнау арнап, өз ризашылығын былай білдіріпті:

Танымаймын, қанықпын сыртыңыздан,
Мен ризамын еліме ұл туғызған.
Таныстықтың пердесін аштым жырмен,
Жат болмассыз ақындық ғұрпымыздан.
Күле кіріп бұл жерге әдеппенен,
Күңірене шықпаспын әдетпенен.
Аға көрдім өмірде, іні көрдім,
Қайсысынан көңілім дәме етпеген?
Талай жанға қойғанмен адам атын,
Ел таниды өзінің азаматын.
«Азамат!» деп ел Сізге ат қойыпты.
Сол себепті бұл жырды жазады ақын.

Ғ.Мүсірепов оның алыс-жақын демей, кімге болса да өз көмегін аямағаны туралы былай еске алады: «Сөзі мен ісінің, уәдесі мен орындауының арасында шалғайлығы жоқ, шалағайлығы да жоқ азамат екінің бірі емес, әрине. Ол адал жүректің белгісі, тұрақты қасиет. Ондай азамат айтқанын орындамай құтылар бойтаса іздемейді, уәдесін парыз-қарызсыз орындап тынады. Ешкімнен алғыс та күтпейді, ешкім оған қарыздар да емес. Қайта, алғыс айта бастасаң, қысылып қалады. Марқұм Ілияс Омаров осындай азамат еді» [4, 35]. Осы ойды бүгінде жасы 95-ке толып, аты

аңызға айналған жазушы Ә.Нұрпейісов былай «...мен білерде ол ешқашан халқым маған не берді деп сыбаға сый дәметуден гөрі, өмір бойы мен халқыма не бердім деп, үнемі халық алдында мойнында ақталмаған парызын өтей алмай жүргендей өзін қамшылаумен дүниеден өтті» деп жалғастырады.

І.Омаров мәдениет жанашыры әрі жаңашыл тұлғасы бола білді. Мәдениет министрі қызметіне тағайындалғанда І.Омаров ердің жасы елуден асқан кезі болатын. Бұған дейін де өнерге, әдебиетке жанаршылық танытып, қамқорлық жасап жүретін І.Омаров өзінің барлық күш-жігерін, қажыр-қайратын осы саланы гүлдендіріп, өркендетуге жұмсады десек артық болмас. О.Сүлейменов, А.Сүлейменов, Ә.Тарази, С. Жүнісов сынды дарынды жас ақындар мен жазушыларды театр репертуарын жаңартуға, оған жаңа мазмұн беруге жұмылдырады. Сондай-ақ, республика бойынша мәдени мекемелер салудың жоспарын жасап, оның Компартияның Орталық Комитетінің Бюросы мен Министрлер кеңесінде оң шешіммен қабылдануына қол жеткізген. Ол 1968 жылы 24-қаңтарда өткен Қазақстан кәсіподақтар съезінде «Алдағы үш жыл ішінде, яғни 1968-1970 жылдар аралығында барлық аудан орталықтарында типтік мәдениет сарайлары, республиканың облыс орталықтарында 4 жаңа театр, цирк, картиналар галереясы, концерттік зал, 5 млн. том кітапқа арналған көпшілік кітапханалар салынатын болды» [1, 77] деп атап көрсеткен. Атап айтсақ, қазақ өнерінің гүлдендірген Республикалық эстрада-цирк студиясы, «Гүлдер» ансамблі, Қазақ циркінің ашылуына, сондай-ақ «Қыз Жібек» фильмінің өмірге келуіне тікелей басшылық етті.

Дәл осы жылдарда қазақ өнерін шетелде таныту, насихаттау қарқынды жүргізілді. Ғ.Жұбанова өз естелігінде І.Омаров министр болған кезде қазақ өнерінің жұлдыздары шет елдерге шығармашылық іссапарға жиі шыға бастады деп еске алады.

І.Омаров сегіз қырлы, бір сырлы тұлға. Ол мемлекет және қоғам қайраткері ғана емес, сырын жырға айналдырған жан-дүниесі нәзік ақын. Өлең тақырыптары сан-алуан. Соның ішінде, көңіл аударатын тақырып – қандай да бір шығармамен танысқаннан кейінгі ой-толғамдарын өлең жолдарымен жеткізуі. Мысалы, «Абай» романын оқып отырып», «Қозы Көрпеш Баянды» оқығанда» деген өлеңдері бар.

Ол қазақ ақын-жазушыларының еңбектерімен етене танысып, әркезде өз пікірін білдіріп отырған әдебиет-сыншысы. Ондағы мақсаты талантқа қамқорлық көрсету, жанашыр болу еді. М.Әуезовтің «Абай жолын» - «дәуірлік эпопея», С. Мұқановтың «Өмір мектептерін» - «тұңғыш мемуарлық, биографиялық шығарманың беташары», Зейнолла Қабдоловтың «Өмір ұшқынын» - «мынау ұшқын емес, жалын ғой!», ұйғыр композиторы Құддыс Қожамияровты – «кез келген халықтың маңдайына біткен ырыс» деп бағалаған.

Білгір де бірегей ұлттық өнер мен мәдениетін зерттеуші. Оның «Әдебиет жайлы ойлар» (1962), «Серпін» (1970), «Шабыт шалқары» (1972) және орыс тілінде шыққан «Глазами читателя» (1967) атты кітаптарын оқығанда әлеуметтік-адамгершілік, қоғамдық-азаматтық бет-бейнесі, өмірлік мақсат-мүддесі айқын аңғарылады.

Академик М.Қозыбаев атап көрсеткендей «Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулат, Жүсіпбек Аймауыт дәстүрін жалғастырушы». І.Омаровтың өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер көбінесе оны зиялы қауым жетекшілерінің бірі ретінде көрсетеді. Алайда, ол саяси қайраткерліктің шыңына да жеткен тұлға. Қазақ КСР сауда халық комиссары, Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары, Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қазақстан КП ОК үгіт және насихат жөніндегі бірінші хатшысы, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы, Қазақ КСР Мәдениет министрі қызметтерін атқара жүріп, түйінді әрбір мәселені ұлттық мүдде тұрғысынан шешуге қызмет етті. Қарап отырсақ, қызмет бабында самғап биікке шыққан кездері де, құлдырап орға құлаған кездері де болды. Қай қызметте болмасын ол өзінің өмірлік кредосы «халқына қызмет етуден», азамат болудан тайған емес. Осыған орай, Ғ.Мүсіреповтің «...ол отырған орнына қарай үлкен-үлкен де, кіші де көрінген емес. Қайда да жауапкер, қайда да іскер, қайда да заманымыздың үлкен қайраткері, қадірлі азамат қалпынан өзгермей танылатын. Орын оны көркейтпейтін, орынды ол көркейтетін. Ілияс бір орыннан екінші орынға ауысқанда істес болған адамдары құшақтасып қоштасатын да, баратын жерінің адамдары құшағын жайып қарсы алатын. Еш уақытта, ешбір қызметте Ілиястың артынан өсек-аяң, жәбір-жапа, сықақ – келемеж ере жүрмейтін еді» деген сөздері дәл айтылған дер едік.

35 жыл отасқан жары Гүлшат ол туралы былай деген екен «...тұнып тұрған жақсылықтан жаралған адам еді, несін айтасың, тек өмірден ертерек кетті» [4, 101]. Иә, І.Омаров өмірден ерте кетті. Қазақ халқының басына зобалаң тудырған 1931-1932 жылдардағы ашаршылықтан, халқымыздың қаймағын сыпырған 1937-1938 жылдардағы нәубеттен, 1941-1945 жылдардағы соғыстан дін-аман І.Омаровты сұм ажал ерте алды. 1970 жылы шілденің он тоғызында ауыр науқастан қайтыс болды. Қайтыс боларынан үш күн бұрын мына бір жолдарды күйеу баласы Алтай Орманбековке жаздырған екен «...Анау толып жатқан эпос, тарихи дастандарда қаншалықты ірі, қаһарман образдар кездесіп отырады. Осының барлығы мол өнер мәнерлігімен, былайша айтқанда әндердің, күйлердің жан тебірентетін кейіпкерлері болмады дегенге ешкім сенбейді. Бір-екі жылдың ішінде осы тақырыпта ғылыми бола ма, басқадай бола ма ойларымды білдіріп, еңбек жазып кетсем бе деген мақсатым бар еді. «Жас келді, заман өзгерді» дегендей, бұл тақырып есте әр уақытта сақталса екен деймін..» [4, 100-б.]. Кім білген тағы бір 10-20 жыл өмір сүргенде өзі жанындай жақсы көрген туған халқының өнері мен мәдениеті туралы сүбелі еңбек қалдырар ма еді?! І.Омаровтың өмірден өткеніне жарты ғасырға жуық уақыт болды. Осы уақытта қазақ қоғамында түбегейлі өзгерістер жүзеге асты, ең бастысы егеменді ел болдық. Соның арқасында Ілияс ағаның соңғы хатында көтерген тарихымызды зерделеу, тұлғаларымызды тану бағытында іргелі зерттеулермен қатар ауқымды іс-шаралар да жүзеге асырылуда. Осы орайда, І.Омаров туралы да еңбектер дүниеге келгенін айта кеткеніміз жөн. Бірнеше кандидаттық диссертациялар қорғалды. Соның бірін І.Омаровтың немересі А.Самай 2008 жылы «Саяси үдерістердің институттануы аясындағы І.О. Омаровтың қоғамдық-саяси қызметінің динамикасы» тақырыбында саяси ғылым мамандығы бойынша қорғады.

А.Самай өз зерттеуінде «...Мемлекеттік басшы, қоғамдық қайраткер мен саясаткер І.Омаровтың қоғамдық-саяси қызметі Қазақстандағы кеңестік мемлекеттілік кезеңдегі азаматтық саяси көшбасшылықтың үлгісі» [5] деген қорытынды жасайды.

2012 жылы І.Омаровтың 100-жылдық мерейтойына орай белгілі журналист-жазушылар, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкерлері Ж. Ысмағұлов пен С. Ақтаевтың кітабы, «Өмір мен өнер» атты мақалалар, естеліктер мен өлеңдерден тұратын жинақ шықты. Сондай-ақ,тұлға замандастарының естеліктері тұлғаны тануға мол мүмкіндік беретін құнды дерек екені белгілі. 2003 жылы ол туралы «Ілияс Омаров» деген замандастарының естеліктері, ал 2012 жылы «Омаров Ілияс: хаттар арқалаған сырлар» атты жинақ жарық көрді.

І.Омаров туралы естеліктерді парақтасақ, ол туралы өз естеліктерін ХХ ғасырдың нар тұлғалары мен марқасқалары жазған екен. Ғабит Мүсірепов, Асқар Закарин, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, Манаш Қозыбаев бұл тізім жалғаса береді, жалғаса береді. Естеліктерден жақсы көру мен сөзбен жеткізе алмайтын қимастық сезіледі. Бұл І.Омаровтың адам ретінде кішіпейіл, көңілі дархан, ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған азаматтық қасиетінің белгісіндей. Иә, І.Омаров өз халқын, отбасын, жарын сүйген. Сүю, сүйе білу де үлкен өнер.

«Өлді деуге бола ма – ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» - деп ұлы Абай айтпақшы І.Омаров та өзінің артынан бай мұра қалдырған. Оның әдебиет-өнер саласындағы шығармалары ұлтын сүюдің, экономика саласындағы шығармалары көрегендіктің көрінісі іспеттес. Бүгінгі ұрпақ І.Омаровтың адалдығын, әділдігін, ұлтжандылығын үлгі тұтары сөзсіз. Оның бүкіл өмірі қазақ халқының өнері мен мәдениетінің жоқшысы, қамқоршысы болудың тамаша үлгісі.

Тағылымы мол, өнегелі ғұмыр кешкен І.Омаров атында Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларында көше аттары бар. Сондай-ақ, Қостанай облысы қазақ драма театры І.Омаров есімімен аталады. Қостанай облысында І.Омаров атындағы ауыл бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайпбаева А.Т. Ілияс Омаровтың өмірі мен мемлекеттік-қоғамдық қызметі. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2005.

2. Омаров Ілияс. Ескі мұра жаңа мазмұнда // Ұлт тағылымы, 1999, №1.

3. Омаров І. Өскен елдің өзіне сай музыкасы болсын // Социалистік Қазақстан, 1948, 31 желтоқсан.

4. Омаров Ілияс – Алматы, 2003.

5. Самай А. Динамика общественно-политической деятельности И.О. Омарова в контексте институционализации политических процессов: автореф. дис. . канд. полит. наук : 23.00.02 / Каз. нац. пед. ун-т им. Абая. - Алматы, 2007. - 30 с.

ҒТАМР 03.09.55
ӘОЖ 94"19/"

Шакиев М.Н.[1]

[1]*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,*
Нұр-Сұлтан, Қазақстан, e-mail: enu@enu.kz

КЕМЕЛ ТОҚАЕВ: ҚАЛАМГЕРЛІК ТҰЛҒАЛЫҚ ЖОЛЫНЫҢ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Мақалада кемеңгер жазушы Кемел Тоқаетың тұлғалық және жазушылық келбеті қарастырылған. Кемел Тоқаев қазақ әдебиетіндегі детективтік жанрдың тұңғыш шығармалардың авторы. Жалпы қазақ әдебиетінде бұл жанрда қалам тербеушілердің өте аз екендігін айта кеткен жөн. Соғыстың сұрапыл қиындықтарына шыныққан Кемел Тоқаевтың өмірлік тәжірбиесі мен жазушылық дарыны кейінгі жазушыларға үлгі қалыптастарды. Жазушылар ортасында жаңа бағыттың негізін қалаған Кемел Тоқаевтың шығармашылығын зерттеу мен оны өскелең ұрпаққа жеткізу зерттеуміздің басты мақсаты болып табылады.

Түйін сөздер: детектив, жазушы, проза, соғыс, майдан, роман.

Shakiev M.N.[1]

[1]*PhD student of the L.N. Gumilyov Eurasian national University,*
Nur-Sultan, Kazakhstan, e-mail: enu@enu.kz

KEMEL TOKAYEV: HISTORY OF THE CREATIVE PATH

Abstract

The article examines the personality and literary image of the brilliant writer Kemel Tokayev. Kemel Tokayev is the author of the first works of the detective genre in Kazakh literature. It is worth noting that in the Kazakh literature in this genre

very little is studied. The life experience and writing talent of Kemel Tokayev, hardened in the harsh hardships of the war, served as an example for subsequent writers. The main goal of our research is to study the work of Kemel Tokayev, who laid the Foundation for a new direction among writers, and pass it on to the younger generation.

Keywords: detective, writer, prose, war, front, novel.

Шакиев М.Н.[1]

[1]*Докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан, e-mail: enu@enu.kz*

КЕМЕЛЬ ТОКАЕВ: ИСТОРИЯ ТВОРЧЕСКОГО ПУТИ

Аннотация

В статье рассматривается личность и писательский образ гениального писателя Кемеля Токаева. Кемель Токаев является одним из первых авторов произведений детективного жанра в казахской литературе. Стоит отметить, что в казахской литературе мало отведено изучению данного жанра. Жизненный опыт и писательский талант Кемеля Токаева, закаленного в суровых трудностях войны, послужили ярким примером для последующих писателей. Главной целью нашего исследования является изучение творчества Кемеля Токаева, заложившего основу нового направления в среде писателей, и передача его подрастающему поколению.

Ключевые слова: детектив, писатель, проза, война, фронт, роман.

Кіріспе бөлім. Шытырман хикаялы проза жанрында қалам тартқан жазушылардың арасынан шоқтығы биік тұлғалардың бірі Кемел Тоқаев екендігі сөзсіз. Қаламгердің «Әке туралы толғаныс» кітабын оқи отырып, балалық шағының да ел басына күн туып, қилы заман кезеңдеріне тап болғанын, ағасы Қасым екеуінің бір күнде ата-анасынан, кейіннен соңынан ерген қарындасынан айырылған ауыр трагедияны бастан өткергендігіне көз жеткіземіз. Алапат аштықтан енді ғана ес жия бастаған кезде, сұрапыл соғыстың ызғары да келіп жеткен болатын. Жар сүйіп, балалы-шағалы бола алмай, дүниенің ешбір қызығын көріп үлгерместен қан майданға аттанып, қыршынынан қиылған мыңдаған боздақтардың бірі болған Қасым соғыстан қайтпады. Он сегізге енді толар-толмастан өзі де майданға аттанады да, ажал аузынан аман қалып, ауыр жарақатпен елге оралады. Соғыс жылдарында жас Кемел «жығылсаң нардан жығыл» дегендей ала-бөтен қырғын Сталинград окобынан бір-ақ шығады.

Негізгі бөлім. Кемел Тоқаев 1923 жылы 2 қазанда Алматы облысы Қаратал ауданында дүниеге келген. Зұлмат заманның тауқыметін жастайынан көріп өскенімен, оқу-білімге деген құштарлығы барлық кедергілерден мойымай өтуге жетелейді. Бозбала шағында майдан даласына аттанып, екінші дүниежүзілік соғыстың алдыңғы саптарында айқасады. Сталинград соғысында танк полкінде жанкештілігімен көзге түсіп, кейінірек Украина, Беларусь, Польша секілді мемлекеттерді азат ету операцияларына араласады. Соғыс кезінде бірнеше рет ауыр жараланады, тіпті, жарақатының ауырлығына байланысты елге оралуға мәжбүр болды. «Ерлігі үшін», «Сталинградты қорғау үшін» секілді төсбелгілермен марапатталған [1, 156 б.].

Екі тарапқа да өшпестей залал келтірген соғыс аяқталғаннан кейін Қазақ Ұлттық университетіне оқуға түседі. Осында бала күнгі армандарына жету жолында білім жолына түседі. Оқуды тәмәмдағаннан соң «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері», «Социалистік Қазақстан» секілді ірі басылымдарда еңбек жолын бастайды. Осындай «газет» деген үлкен мектептен өткеннен соң әдебиетке бет бұрады.

Қаламы қарымды жазушы ретінде елге танылып, қазақ әдебиетіне жаңа серпін алып келді. Кемел атаның детектив жанрында жазған дүниелері ой ұшқырлығымен, жағдаяттың керемет сипатталынуы, сөздердің өзара керемет үндестігімен де ерекшеленеді. Қазақ детектив жанрының негізін қалаған жазушы жайлы біраз естеліктерде, ауылдың қара домалақ баласы Кемел Тоқаевтың шығармасын оқи отырып ел тыныштығын торыған әскери адам болуға деген ынта-ықыласы артып, осы салаға ғашық болуға септігін тигізді делінген.

Шытырман хикаялы проза жанрында қалам тартқан жазушылардың арасынан шоқтығы биік тұлғалардың бірі Кемел Тоқаев еді. «Әке туралы толғаныс» кітабын оқи отырып, Кемел Тоқаевтың балалық шағының да ел басына күн туып, қилы замандар мен күрделі кезеңдерге тап болғанын, ағасы Қасым екеуінің бір күнде ата-анасынан, кейіннен соңынан ерген қарындасынан айырылған ауыр трагедияны бастан өткергендігін аңғарамыз [2]. Алапат аштықтан енді ғана ес жия бастаған кезде, сұрапыл соғыстың ызғары да келіп жеткен еді.

Жар сүйіп, балалы-шағалы бола алмай, дүниенің ешбір қызығын көріп үлгерместен қан майданға аттанып, қыршынынан қиылған мыңдаған боздақтардың бірі болған Қасым соғыстан қайтпады.

Он сегізге енді толар- толмастан өзі де майданға аттанады да, ажал аузынан аман қалып, ауыр жарақатпен елге оралады. Соғыс жылдарында жас Кемел «жығылсаң нардан жығыл» дегендей ала-бөтен қырғын Сталинград окобынан бір-ақ шығады. Сондықтан орыс жазушысы Виктор Некрасовтың «В окопах Сталинграда» деген романы сияқты Кемел Тоқаевтың да соғыс туралы жазған туындысы окопта жазған репортаждай оқылатыны жасырын емес.

Романда оның алаулаған Сталинградтың қызыл жиегін көрген алғашқы әсері де ерекше баяндалады. Бұл көрініс оның «Солдат күнделігінен» деген романында арнайы қосымша суреттеледі. Белгісіз солдаттың беймәлім күнделігінің соңында 18 октябрь 1942 жыл деген мерзімі көрсетілген. Соған қарағанда мұны Кемел Тоқаевтың алғаш майдан шебін көрген сәті деп топшылауға болады [3].

Сұрапыл соғыс жылдарын артқа тастаған Кемел енді оқу-білімге деген ерекше құштарлықпен өз туған жеріне оралады. Қайсар мінезі мен еңбекқорлық қасиетінің арқасында жоғары білім алған, ұлы Әуезовтің көзін көрген Кемел Тоқаев өзі жастайынан қалаған журналистика саласында ұзақ жылдар қызмет етті. Қалың оқырмандарын қызықтыра білетін тартымды романдар мен повестерін де жазды.

Кемел Тоқаев өз ағасын ешқашан да ұмытқан емес. Ол жөнінде белгілі академик Серік Қирабаев былайша еске алады: «... Осы отырыста ол аяғының жаралану жағдайларын, Сталинград, Белорусия, Украина, Польша жерлерінде соғысқан күндері жайлы әңгімеледі. Соғыстың қиындығы мен жас кезінде басынан өткен ауыр жылдарды жазушы сияқты әңгімелегеніне сүйсініп қалып едім. Бойында жазушылық дарын барын кейін байқадық қой. Ұзақ отырыстағы әңгіме біріне бірі жалғасып, өзінің жетімдік өміріне ұласты. Аштық кезінде бұл отбасы Фрунзеге (қазіргі Бішкекке) көшіп келіп, сол жерде ата-анасынан, қарындасынан айырылыпты. Қасым деген ағасымен екеуі балалар үйінде тәрбиеленгенін де осы тұста естідім. Ағасын аузынан тастамайтын. «Өзіме қамқор болған ағаның майданда қаза болуы мені шын жетім етті.

Оны ұмыта алатын емеспін. Жаңа туған тұңғыш ұлымның Жомарт деген атына Қасым ағамның атын қосып атап жүрмін» деп еді. Осы әңгімені көңілі босап, көзіне жас үйіріліп, егіліп айтты. Кейін үйінде болғанда кішкентай Қасымжомартты көрсетіп, «Менің ағамның атын қойған ұлым – мынау» деп көрсеткен» [2].

Бұл сөзді Қасымжомарт Кемелұлы да «Әке туралы толғаныс» кітабында жазған: «Әкей өмір бойы ағасын сағынып-іздеумен өтті, оның қайтып ораларына шексіз үміттенді, бірақ мұның орындалмайтын арман екенін білді. Алайда ғайыптан, бәлкім, мүлде басқаша боларына сенгісі келді, өйткені Қасым Тоқаевтың жерленген жерін нақты білген жоқ қой. «Қара қағазда» бұл туралы ештеңе айтылмаған, тек қана социалист отаны – КСРО-ны қорғау кезінде ерлікпен қаза тапты делінген» [2].

Шығармаларында соғыс жылдарының сұрапыл кезеңдерін көрсете білген Кемел Тоқаев баспасөзге тән даңғазалық пен бос шелектей қаңғырлаушылық, қызыл сөзділік, жағымпаз жылмақайлық әуенге қарсылық білдіргендей. Қазақстан Халық Қаһарманы, әйгілі партизан, жазушы Қасым Қайсенов баспасөзге берген бір сұхбатында: «Маған үйір боп, табандылық танытып, мен туралы қазақша, орысша кітап жазған Кемел Тоқаевтың еңбегін жоғары бағалаймын», – деген екен. Осы кітапты жазу үшін Кемел Тоқаев Қасым атамен бірге Украинаға дейін бірге барып, партизан достарымен де кездескен екен [3].

«Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетіне жұмыс бабымен ауысқан соң Кемел Тоқаев шығармаларының мазмұнын өзгертті. Ол құқық қорғау қызметкерлерінің қылмыскерлерге қарсы күрестегі ауыр еңбегін көрсететін кітап жазуға бет бұрды.

Біздің өміріміздің өзгеше, құпиясы мол, адамдардың психологиясы мен іс-әрекеті де күрделі саланы зерттей бастады. Қылмыскерлердің жасырынуы мен оны іздеушілердің табанды күресінің детективтік сырына қанықты. Милиция қызметкерлері мен чекистерден де адал достар тапты.

Солардың мәліметтерін алып, шығармаларына кейіпкер ете білді. Сөйтіп ол қазақ әдебиетінде бұрын соңды болмаған детективтік әдебиеттің бастаушысы, әрі негізін салушысы болды.

Детективтік салада жазушының «Тасқын», «Көмескі із», «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Сырғабанда болған оқиға», «Таңбалы алтын», «Соңғы соққы», «Ұясынан безген құс» сынды көптеген шығармалары жарық көрді.

Қалың оқырманның ыстық ықыласына бөленген, қазақ әдебиетіндегі алғашқы детективтік шығарма – «Соңғы соққы» романы [4].

Бұл роман жарық көргеннен кейін жазушы өзінің «Солдат соғысқа кетті» атты тарихи романын дүниеге әкелді. Романдағы көріністер еш боямасыз, шынайы, әдеби көркем тілмен суреттеледі.

Өзге ұлттың солдаттары ел басына түскен ауыртпалықты бірге көтерісіп, бірге қайғы-қасірет шегіп, тар жол, тайғақ кешіп жүрсе де оларды адам санатына қоспады. Соғыс құрбаны деп қарады.

Сөйтіп қайдағы қиын барлауға жұмсап, өлмесең – өмірем қал деп жат пиғыл ұстанды. Олардың жұмыр басын қатерге тігіп, жасаған көзсіз ерліктерін де елемеді. Бұның ақ-қарасын айырып, ашып жазуға ешкімнің батылы жетпеді.

Ал жазушы К.Тоқаев соғыстың осы бір шындығын шырқын бұзбай астарлап шебер суреттей білуімен ерекше көрінді. Өйткені ол түлкі құрсақ болып жұпыны тірлік кешсе де ділі шырайлы, тілі шұрайлы кезде әдебиетке келген еді. Соның әсері тимей қалмағаны анық [4].

Соның нәтижесінде талантын жылдар жаныған тарлан жазушы өзінің күш-қуатына сеніп, әдебиет әлеміне бұрын тосын көрінген детектив жанрына түрен салып, іргесін бекітіп, сапасын аса жоғары деңгейге көтере білді.

Рас, тұңғыштың жолы қашанда ауыр болған. Сонау аштық жылдары әке-шешеден ерте айырылып, тағдыр тауқыметін көп тартып, көз жасына суарылып жетілген ол қандай жағдайда да жасып, мойымады.

Ол, шын мәнінде, текті буынның бекзат болмысына көлеңке түсірмей тереңнен толғай білетін тегеурінді өкілі еді. Оның қалам тартқан қай туындысы да тартымды жазылып, қоғам назарын өзіне аударып, шығармашылық әлемі кемелденіп, шоқтықты көрініп тұратын болды. Сол кезде бүкіл баспа ісін басқарған Шерияздан Елеукенов Кемел Тоқаевтың 450 мың данамен тараған бір кітабын тілге тиек ете отырып: «Әуезов шығармалары да мұндай тиражбен шықпаған еді» деген еді [2].

К.Тоқаевтың суреткерлік биік деңгейге көтеріліп, шиыршық атқан аса шебер үлгіде жазған көлемді туындысының бірі – «Солдат соғысқа кетті» романы. Қанға бөккен майдан даласы жан-жақты суреттеліп, ара-арасында солдат күнделігімен тұздықталып отыратын бұл көлемді туындыны көкірегің ыза-кекке толып, қызынып, бұрқанбай оқу әсте мүмкін емес.

Өйткені романның алғашқы беттерінде: «Қызыл вагондар жол бойын тұтас алып самсап тұр. Бәрінің есігі айқара ашылған. Қанша кісі кірсе де апыр-топыр жұтып жіберетін түпсіз апан секілді» деген суреттеменің арғы тұңғиық астарында сұмдық бір сырдың ұшқындап жатқанын сезіп, шыбын жаның шырқырап қоя береді [4].

Енді, міне, соғыстың қаһарлы күндері кең қамтылып, жан-жақты суреттелген мына романы арқылы ол тың бағытқа тағы да түрен салып, өз мүддесін көздеп екі майданда да қатар соғысқан екіжүзді сатқындардың бет-пердесін сыпырып, сойдақтаған қанды іздерін қорықпай ашық жазған тұңғыш автор екенін және көрсетті.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы «Әке туралы толғаныста» еңбегінде әкесі құрмет тұтқан алаш азаматтары мен ірі тұлғалар, сыйласқан қазақ қаламгерлері мен достары, қоғам қайраткерлері туралы да ағынан жарыла баяндап, олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, аға-ұрпақтың бір-біріне деген ерекше мейірім шапағатына, қамқорлық қайырымына нақты дәлел дәйектер келтіреді. Төртінші тарауды әкесінің шығармашылығына арнайды [2]. Кез келген перзент ата-анасын кие тұтады. Ол үшін әке-шешесі тұтынға әрбір зат қастерлі. Мен үшін де әкем жазған кітаптар соншалық бағалы, қымбат. Ол кісіні сағынғанда сол кітаптарды қолыма аламын, бала кезімде оқыған, кейін қайталаған сол шығармалардың әр-әр тұсына көз жүгіртемін.

... Ешкім оқып жазушы болмайды. Жазушылық - жаратқанның берген сыйы. Сол сыйдың қадір-қасиетін біліп, соған лайық еңбек ете білген адам ғана дегеніне жетеді. Кейбіреу осы құдай берген қабілетін дұрыс пайдалана алмайды. Себебі - ол адамда өмірбаян болмайды, жазатын шығармасына арқау боларлық өмірлік материал өте аз, - деп ой түйеді [2].

Қ.К. Тоқаев әкесі туралы ойын былай өрбітеді «әкемнің шығармашылығы туралы ойлағанда оның не себепті детектив жанрын таңдағанына жауап іздеймін. Бала кезімде бұл мәселеге мән бермеуші едім, өйткені адамды бірден жетелеп алып кететін шым-шытырық оқиғалы шығарма шаршатпайтынын, еліктіріп, қызықтырып отыратын. Сол себепті де мен балалық талғамның таразысына салып бағалап, мұндай дүниелерді ең үздіктер санатына қосушы едім. Кейін ержеткен соң дүниеге ақылдың көзімен қарайтын болдық қой. Бірақ бәрібір сол баяғы бала кезімдегі көзқарасымнан айнып көрген жоқпын. Қайталап оқығанда ұғынғаным - әкемнің шығармалары үлкенге де, кішіге де түсінікті екен» [2].

Олар уақыт, заман өзгергенде із-түзсіз жоғалып кететін арзан кітаптардың санатына қосылмайды екен. Ол кісінің оқырманының көп болатыны, кітаптарының жүздеген мың данамен тарағаны осы жағдайларға байланысты-ау деп ойлаймын.

Әкем осы шындықты білген сияқты. Оның детектив жанрын таңдап алуында осындай бір сыр бар-ау шамасы. Сонымен бірге бұл қазақ әдебиетінде әлі түрен түсе қоймаған тың жатқан жанр еді. Әкемнің ерте танылғаны тыңға алғашқылардың бірі болып түрен салғанына байланысты. Демек, ол кісінің детектив жанрына өз отауын тігуі оның шығармашылық өмірінде елеулі роль ойнады, - деп жазады Қасымжомарт Тоқаев [3].

Сондай-ақ әкесінің «Соңғы соққы» романына ерекше тоқтала кетеді. Бұл шығарманы әдеби сын қазақ әдебиетіндегі ең алғашқы детектив роман деп бағалаған.

Замана тудырған ұлы тұлға Д.Қонаев ел басқарып тұрған кезінде атаман Дутовтың көзін құртуға қатысқан чекистердің ерлігі мен Орал қаласында ақ гвардияшыларға қарсы шайқасқан жергілікті халықтың күресін бейнелейтін фильмдер түсіріндер деп тілек білдірген. Сөйтіп бұл екі фильмнің де сюжетін өзі айтып берген.

Бірінші тапсырмасы бойынша картина жедел түсіріліп, «Атаманның ақыры» деген атпен экранға шықты. Екінші картинаға да қыруар қаржы, көп күш-қайрат жұмсалып, «Уральск в огне» деген атпен тез түсіріліп біткен еді, бірақ жолы болмады. Фильмнің бас кейіпкері – Орал казактары армиясының қолбасшысы, генерал Тольстовтың ағылшын тілшісіне берген сұхбатында: «Если мне пришлось бы возвращаться опять в Россию, я бы поставил в эрмитаж скилет последнего туземца (қазақтарды айтып отыр) как уникальный памятник для потомства» деген бір ауыз сөзі картинаның бағын байлады [5].

Генералдың бұл сандырағын әдепкіде фильмнен қиып тастамақ та болды. Сонда да картинаның өне бойына тілінген таспадай тартылып өрілген әлгіндей жат пиғыл, суық көзқарастың ызғарын бәрібір жұмсарта алмады. Бұның өзі, түптеп келгенде, фильмнің омақаса құлауына әкеп соқты. Ал Дінмұхамед Қонаев әйгілі актер, белгілі режиссер Шәкен Айманов қа идеясын айтып түсірткен бірінші фильм экранға шыққан бойда бағы жанып жүре берген.

Бұл жөнінде жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Көсемәлі Сәттібайұлы былай деп қалам тербейді: «Жазушы Кемел Тоқаев арада он бір жыл өткенде, яғни, 1981 жылы «Жазушы» баспасынан 49000 данамен шыққан «Соңғы соққы» романында атаман Дутовты атып өлтірген басқа адам екені туралы ақиқат Ресейдің федералдық қауіпсіздік қызметінің Орталық архивінен табылған және онда «При входе к Дутову я передал ему записку, тот стал ее читать, сидя на стуле за столом. Во время чтения я незаметно выхватил револьвер и выстрелил в грудь Дутову [3].

Сөйтіп жазушы Кемел Тоқаевтың туралып кетсе де турасын айтып жазған романында атаман Дутовты атып өлтірген Шадияров емес, Қожамияров болып бедерлі бейнеленіп, аласапыран уақыттың бір қалтарысында ұмытылып қалып қойған азамат ердің есімі қайта жаңғырып, шындық салтанат құрған еді.

Ол Қазақстан Ішкі істер министрлігі мен Жазушылар одағы бірігіп өткізген алғашқы байқауда (1956) бірінші бәйгені жеңіп алады. Кейіннен осы шығармашылық сайыста тағы да үш рет (1972, 1977, 1980) жеңіске жеткен [3]. Құқық қорғау қызметкерлерінің жанқиярлық еңбектерін бейнелеген көркем туындылар жазғаны үшін «Милиция қызметінің үздігі» белгісімен марапатталады [2].

Қорытынды. Қазақ халқының маңдайына біткен асыл ерлердің бірі ол біртуар жазушы Кемел Тоқаев екендігі айқын. Өзінің өмірге деген көзқарасын, қиын тағдырын шығармаларында дөп басып жаза салған тұлғаның

жазушылық шеберлігі кейінгі буынға өрнек бола алды. К. Тоқаев шығармалары арқылы КСРО дәуірінің қоғамында орын алған қылмыстық оқиғалардың шығу тектерінің мазмұнын біле аламыз. Жалпы айтқанда, Кемел Тоқаевтың қазақ жазушылары арасындағы детектив жанры бойынша шоқтығы биік, өзіндік жазу мәнері бар тұлға екендігі мойындалды. Ендеше алдағы уақытта тағы да зерттелетін, зерделентін тақырып екені сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан: Ұлттық энциклопедиясы – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006. – Т. 5. – Б. 214.

2. Кемел Тоқаев туралы бір ой. Алмабек Ибрайымов. https://abai.kz/post/76848 (жарияланған күні: 14 қыркүйек, 2018) ж.

3. Қазақ детективінің дарабозы. Азамат Есенжол. https://www.astana-akshamy.kz/qazaq-detektivining-darabozy/ (жарияланған күні: 5 Қазан, 2019 ж.)

4. Қазақ детективінің ізашары. https://egemen.kz/article/31671-qazaq-detektivininh-izashary (жарияланған күні: 26 сәуір, 2014 ж.)

5. Токаев Кемель. https://pamyat-naroda.ru/.

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS

УДК 94(574): "20/30":81'272
МРНТИ 02.20.01

Ахметжанов Қ.О.[1]

[1]*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 2 курс магистранты*

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САУАТСЫЗДЫҚПЕН КҮРЕС ЖӘНЕ ӘЛІПБИ АЙТЫСЫ

Аңдатпа

Аталған мақалада негізінен XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы өлкедегі сауатсыздықпен күрес пен осы тұста елдегі латын әліпбиіне көшу мәселесіне қатысты айтыстар қарастырылған. Ондағы Алаш зиялыларының қызметі сөз болады. Әсіресе қазақ зиялыларының елдегі орын алған мәдени қозғалыстарға ат салысып, қазақ елінің болашағы үшін күресі баяндалады. Оқу-ағартула саласына қатысты атқарған қызметтері баяндалады. Сонымен бірге мақалада өлкеде латын әліпбиін енгізу мен оған қатысты айтыстар мәселесі де көтерілген. Жаңа әліпбидің енуіне орай зиялылар тобының ескішілер мен жаңашылдар болып айтысуы, соңында бір мәмілеге келе отырып, жаңа әліпби ережесі мен оған қатысты оқу құралдарын шығаруы сөз болады.

Түйін сөздер: сауатсыздықпен күрес, латын әліпбиі, жаңашылдар, ескішілер

Akhmetzhanov K.O.[1]

[2]*2ad year master's student of al-Farabi Kazakh National University*

THE FIGHT AGAINST ILLITERACY AND ALPHABET AITYS IN THE 20-30S OF THE XX CENTURY

Abstract

This article deals mainly with the fight against illiteracy in the region in the 20-30s of the XX century and the transition to the Latin alphabet in the country. It will be about the activities of the Alash intelligentsia. In particular, it describes the struggle of the Kazakh intelligentsia for the future of the Kazakh people, taking part in the cultural movements that took place in the country. The purpose of the event is to inform students about the activities of the educational institution in the field of Education. At the same time, the article also raised the issue of introducing the Latin alphabet in the region and aitys related to it. In connection with the introduction of the new alphabet, a group of intellectuals will argue with the old ones and innovators, and eventually come to a compromise and publish the rules of the new alphabet and related manuals.

Key words: fight against illiteracy, Latin alphabet, innovators, old people

Ахметжанов Қ.О.[1]

[1]*магистрант 2 курса КазНУ им. аль-Фараби*

БОРЬБА С НЕГРАМОТНОСТЬЮ И СПОРЫ ПО ПОВОДУ АЛФАВИТА 20-30-Х ГОДОВ XX ВЕКА

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы борьбы с неграмотностью в регионах в 20-30-е годы XX века и перехода страны на латинский алфавит. Также описывается деятельность Алашской интеллигенции. В частности, рассказывается о борьбе казахской интеллигенции за будущее казахского народа, участвуя в культурных движениях страны. Рассказывается о проделанной работе в области учебно-просветительской деятельности. В статье также поднимался вопрос внедрения латинского алфавита в регионах и дискуссии по актуальным вопросам, связанным с латинизацией. В связи с введением нового алфавита будут дебаты интеллектуалов как консерваторов и новаторов, а в конце - выпуск правил нового алфавита и учебных пособий по нему.

Ключевые слова: борьба с неграмотностью, латинский алфавит, новаторы, консерваторы

XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ ғылымы мен білімінің қолға алының елде бірқатар ағарту жұмыстарының жүргізілгені рас. Әсіресе кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі тұста еліміздің елді-мекендерінде мәдени құрылысқа қатысты іс-шаралар қатары да назардан тыс қалған жоқ. Мәдени құрылыс атауына ие болған бұл құрылымның тағы бір саласы – елдегі сауатсыздықты жою мен одан кейінгі әліпби өзгерісіне қатысты айтыстар болды. 1920 жылы

РКФСР ХКК-нің шешіміне орай өлкелік Халық ағарту бөлімдерінің жанынан саутсыздардың есебін алуды ұйымдастырумен, педагог мамандарды даярлаумен, курстар мен мектептерді ашумен, оқу құралдарын басып шығарумен шұғылданатын сауатсыздық жөнінде комиссиялар құрылды. 1924 жылдың қаңтар айында Қазақстанда "Сауатсыздық жойылсын" ұйымын құру жөнінде жұмыстар атқарылды. 1924 жылдың 17 ақпанда өткен алғашқы ұйымдастырушылық жиналыста Қазақстандағы сауатсыздықты жою ұйымы (СЖҰ) рәсімделіп, тіркелді[1]. Ұйымның басты мақсаты сауатсыздықты жою болғанымен, олар жергілікті жерлерде жұмысшы, шаруа, малшылар қатарын социалистік құрылысқа тартумен және сауатсыз село халқының ынтасы мен жігерін қоғамдық іске жұмылдыруды үйрету, коммунистік идеологияның принциптерін насихаттаумен айналысты. Десек те, халық арасында сауаттылар санаты аз еді. Сол себепті де бұл шаралар халықтың оянуына, сауат ашуына мүмкіндік туғызды

Ендігі тұста жаппай бұқарасының санасын ояту үшін кітапханалар, мұражайлар, театрлар, жұмысшы үйлері, саяси сауат үйірмелері мәдени-ағарту жұмысының негізгі ошақтары болды, оларда көркемөнерпаздар үйірмелері жұмыс істеді. 1922 жылдың көктемінде республикада 7 орталық және 90 аудындық клуб, 33 аудандық халық үйі, 221 оқу үйі болды. Көшпелі аудандарда қызыл отау, қызыл шайхана, қызыл керуендер құрылды.Атқарылған іс-шаралар нәтижелі болып, 1920-1921 оқу жылында сауатсыздықты жою жөніндегі 2412 пункт жұмыс істеп, оларда 27,3 мың адам оқыған болса, 1924-1925 оқу жылында тиісінше - 6677 пункт және 1731 мың адам сауатын ашты. Ауылдағы сауатты қазақтардың ара салмағы 1920 жылғы 2,9 пайыздан 1926 жылы 10 пайызға жуықтады. Дегенмен, атқарылатын шаралар басым болды және халықтың басым бөлігі сауатсыз қалпында қалды [2].

Аталған тұса қазақ зиялылары да қарап қалмай, олар халық сауаттылығын ашу және оған қатысты түрлі істерге араласуды азаматтық борышы деп білді. Мұндай зиялылар тобының партия саясатына араласуы турасында академик Кеңес Нүрпейісұлы: «Қалыптасқан жаңа саяси жағдайда қазақ интеллигенциясы жаңа өмірге бейімделіп, қоғамның рухани өміріне араласып, ат салыса бастады. Олар жаңа жағдайда күрес тактикасын өзгертіп, сталиншіл мемлекеттік және саяси жүйеге қарсылықтың басқа жолдарын, басқа түрлерін таңдап алуды жөн деп тапты. Олардың пайымдауынша, енді күрес аренасы рухани салаға ауысуы қажет еді. Сондықтан да ұлттық-демократиялық интеллигенция көсемдері өз өкілдерін мемлекеттік басқару жүйесіне енгізу және сол арқылы халыққа идеялық ықпал жасау құралдары ретінде оқу-ағарту, мерзімді баспасөз, ғылыми орталықтар, әр түрлі салалардағы ауқымды шараларын ойластырып, оларды белгілі дәрежеде жүзеге асырды”, – деп көрсетеді[3].

Әсіресе бұл істе Ахмет Байтұрсынұлы үлкен жұмыстар атқарды. «Халқын, өз ұлтын сүйген Байтұрсынов қазақтың тұңғыш лингвист-ғалымы. Ол казақ тілі орфографиясынын реформаторы, грамматикасы мен қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы», — деп жазды оның замандастары [4]. Десек те кеңес өкіметінің үлкен күш салуына қарамастан біл беру саласы қаржы және материалдык ресурстарға аса зәру болды. Бұл жайында А. Байтұрсынов: «1923 жылы ашылатын мектептерге белінген ақша 2616 мұғалімдер мен кітапханашылардың жалақысына ғана жетеді. Балаларды оқытуды толық қамту үшін 20 мыңнан аса мұғалім керек» екенін айтты. Ол халыкт губаткомдарды, болыстык және ауылдык биліктерді мектептерді ашуға, аса кедей отбасыларындағы балаларды тегін оқытуды қарастыруға шақырды [5]. Шындығында, сауатсыздықпен күресу жолындағы тағы бір қиындық – мектептердің тиісті даярлығы бар педагогтармен қамтамасыз етілмеуі еді. Сондықтан 1920 жылы 1-10 тамыз аралығында Орынборда 4 апталық сауатсыздықты жою инструкторларының курсы ашылып, оған 18 жастан жоғары қыздар мен жігіттер алынады. Курстың мақсаты – тыңдаушыларды бітіргеннен кейін басқаларды оқытуға даярлау болды. Сондықтан курсқа түсушілерге мынадай талаптар қойылды: ең алдымен, олар өздері еркін оқып, оқығандарын аудара білуі және арифметикалық төрт амалды білуі қажет болды. 1919 және 1920 жылдыары Орынборда, Ордада және Семейде Халық ағарту институттары ашылды. Бұл оқу орындары арнайы орта білімді мұғалімдер кадрларын даярлады. Елде кәсіби оқу орындарында оқығысы келетіндер өте көп еді. 1919 жылы қазақ жастарының бір тобы Қырревкомға өздерін Орынбордағы мұғалімдер дайындайтын 3 жылдық мұсылман курстарына стипендианттар етіп жіберуге өтініш жасады. Оң шешім шығарған Қырревком өзінің мүшелерінің бірі С. Меңдешевке «мұғалімдер курсының жағдаймен танысуды» тапсырды [6].

Кәсіби оқу орындарының желісін кеңейту барысында жалпы білім деңгейі төмен жастардың ЖОО мен техникумдерге арналған бағдарламаларды игеруге шамалары жетпейтіндігі айқын аңғарылды. Сондықтан студент жастардың осы категориясы үшін жұмысшы факультеттері ұйымдастырылды. Қазақстанның бірінші жұмысшы факультеті Орынборда 1921 жылы ашылды.

Маман оқытушылармен толық қамтамасыз ету үшін, әсіресе қазақ тіліндегі сауат ашу орындарын қамтамасыз ету үшін 1928 жылы қазанда Орал педтехникумының жанынан қазақ бөлімдері ашылды. Сондай-ақ оқытушыларды даярлап және белгілі бір дәрежеде білімі барлардың білімін жетілдіру мақсатында 1930 жылы Халыққа білім беру институтын (ИНО) Орынбордан Орал қаласына көшіреді. Осылайша сауат ашу мектептерін кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі жолға қойылып, Қазақстанның көптеген аймақтары нұсқаушылармен, яғни, сауат ашу мұғалімдерімен қамтамасыз етіледі.

Қазақ халқының сауаттығы туралы 1927 жылы қарашада болған VI Бүкілодақтық партия конференциясында Ф.Голощекин қазақ халқының 97 пайызының сауатсыз екендігін, яғни оның 3 пайызы ғана арабша хат таниды деп кемсіткені көрсетілген. Десек те, Қазақстанда 1927-28-ші оқу жылында Орталық есептеу басқармасының мәліметі бойынша Қазақстанның ауыл-село халқындағы сауатсыздар 1928-29-шы жылы қазақтар арасында 89,5 (қарақалпақтарда - 97%, өзбектерде - 94%, тараншыларда - 87%, басқаларда 51%) екенін ескерер болсақ, мәліметтердің нақты еместігін байқаймыз. Қазақстанның сол жылдардағы басшысының қазақ халқы арасындағы онсыз да көп емес сауаттыларды одан одан сайын әдейі төмендетіп отырғанын немесе Голощекин көрсеткендей 3

пайыз еместігін айта кету керек [7]. Себебі, Байтұрсынов және онымен пікірлес қазақ зиялылары сауатсыздықты жою ісіне үлкен үлес қосып, үлкен жұмыстар атқарды. Тіптен қазақ әліпбиін латын әліпбиіне ауыстырар тұста елдің сауатсыздығын ескере отырып, халыққа тиімді, ұғынықты етіп әліпби даярлауға тырысты. Мәселен, 1926 жылы наурыз айында I Бүкілодақтың түркологтар съезі өтіп, түркі тілдес халықтар жазуын латын графикасына көшіру мәселесі қаралады. Латын қарпіне көшу ісіне сол кездегі Қазақ АКСР халық ағарту халкомы А.Байтұрсынұлы қарсы шығып, Ә.Бөкейхановпен бірге араб жазуының кейбір белгілерін жеңілдетуді ұсынды.

Араб әліпбиін қалдыруды жақтаушылар латын қарпін қолдануға көшу — ұлттық мәдениетке жасалған қастандық екендігін айтты. Олар Қазақстанда тек еуропалықтарға тән жаңа әліпбиге көшу қажет, бірақ оған әлі жағдай пісіп-жетілген жоқ деп есептеді. Алайда біртұтас мәдениет кеңістігін орнықтыру міндетін ұстанған Кеңес басшылығы республика өкілдерінің пікірімен санаспады. Жаңа әліпби жасау жөніндегі комиссия құрылып, ол 1928 жылдың күзінде латын қарпі негізіндегі қазақ әліпбиінің жобасын ұсынды. Осы тұста А. Байтұрсынов пен Т. Шонанұлы бастап латын әліпбиін қазақ еліне лайықтап, арнайы әліппе құрастырды. Полиграфиялық техника латын алфавитімен жабдықтала бастады. Бұл газет, оқулықтар, әдебиеттер шығаруды жеңілдетті.

Бастапқыда латын әліпбиіне көшу сауатсыздықпен күресуді біршама қиындатып, қосымша шаралар мен күш-жігерді талап етті. Бұрын араб графикасын қолданғандардың, ең алдымен, оқытушылар мен мәдени жауынгерлердің өздері жаңа жазуды меңгеріп кетуі үшін, уақыт қажет етілді, оқытудың жаңа оқулықтары мен әдістемесін жасау, кеше ғана сауатын ашқандарды жаңа жазуға қайта үйрету, типография жұмысын қайта құру және т.б. жұмыстар өз шешімін күтіп тұрды. Осы тұста жастар ұйымдары да тәжірибелік көмек көрсетіп, 1929 жылдың 4 қыркүйегінде өткен бюро шешімімен дайындықтан өткен жастар ұйымы белсенділерінен 60 адам уақытша жұмысқа жұмылдырылды [8].

А. Байтұрсынов ендігі тұста зиялылармен бірлесіп, сауатсыздықпен күресу жолында кітап басу ісіне де үлкен мін берді. Ол Халық Ағарту комитеті мен ҚАКСР Мемлекеттік баспасының Коллегиясында I және II басқыш біріккен еңбек мектебі үшін оқулықтарды қазақ тіліне аудару, құрастыру туралы мәселе көтеріп, қазақ зиялыларының басын біріктірген жиылыс өткізіледі. Бұл жиылысқа Б. Сәрсенов, Х. Болғанбаев, С. Сәдуақасов, Е. Омаров, Ж. Аймауытов, Ә. Бөкейханов сияқты зиялылар қатысты. Жиналыс Ә. Бөкейхановқа географиядан, Ф. Ғалымжановқа физикадан, Б. Сәрсеновқа геометриядан, М. Жұмабаевқа қазақ тарихынан және сөз өнері теориясынан, И. Тұрғанбаевқа арифметикадан, Е. Омаровқа алгебрадан, Х. Болғанбаевқа жалпы тарихтан, М. Жұмабаевқа педагогикадан, Ж. Аймауытовқа дидактикадан, А. Байтұрсыновқа қазақ тілінің синтаксисін, С. Сейфуллин мен Ж. Аймауытовқа хрестоматиядан, Ж. Тілеулинге мектеп гигенасынан оқулықтар жазуды тапсырылды. 1921 жылдың өзінде Білім Комиссиясы А. Байтұрсыновтың “Әліппе”, “Баяншы”, “Тіл-құралы” (1 және 2 бөлімдерін), Міржақып Дулатұлының “Оқу құралы”, “Есеп құралы”, Иса Тоқтыбайұлының “Жалпы жағырапия”, “Түркістан жағырапиясы”, Халел Досмұхамедұлының “Табиғат тану”, “Жануарлар” (1 бөлім) кітаптарын Орта Азия мемлекеттік баспасына тапсырады [9].

Қазақ зиялылары М. Дулатов, Т. Шонанов және М.Д. Жолдыбаевтар Халық ағарту Комиссариатының Ғылыми Кеңесінде жұмыс істей жүріп, бірнеше ғылыми еңбектерін жариялады. Мәселен, М. Дулатов қазақ тілінде үш бөлімнен тұратын есеп кітабын құрастырып, “Қырғыз (қазақ) тарихын” жазып шықса, М.Д. Жолдыбаев қазақ тіліне Коваленконың “Политграмотасын”, К. Маркстің “Коммунистік манифесін”, Л. Троцкийдің “Октябрь революциясы” және Бухариннің “Тарихи материализм теориясы” сияқты еңбектерін аударды. Ал Телжан Шонанов қырғыз (қазақ) тілінде “Қырғыздардағы (қазақ) жер мәселесінің тарихы очеркі” атты кітабын жазды [10]. .

Десек те, сауатсыздықты жою қарсаңында қаражаттың жетіспеушілігі, оқулықтардың, оқу құралдарының, мектеп үй-жайларының тапшылығы жағдайларында жүріп жатты. Аталған қиындықтарға қарамастан, өлке халқы өз сауаттылығын ашып, алға қадам басты. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, бұл тұста қазақ зиялылары аянып қалмады. Олар қарапайым сауат аштырудан бастап, кітап басып шығару, жаңа әліпбиге көндігу және оны жеңілдетіп елге ұсыну сынды істерде аянып қалған жоқ. Әліпби мәселесі де қазақ зиялыларын аз толғандырған жоқ. Олар ескішілер мен жаңашылдар немесе арабшылдар мен латыншылдар деп екі жікке бөлінгенімен, олардың басты ұстанымы қазақ елінің болашағын ойлады. Сол себепті де XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы елдегі мәдени-ағарту жұмыстары мен латын қарпіне көшу ісінде зиялылар қауымы үлкен жұмыстар атқарды және олардың бұл қызыметі тарих беттерінде жазыла берері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Культурное строительство в Казахстане. I-том, А., 1965. 90-бет.*
2. *Біткенбаева Ш.К. Қазақстанда сауатсыздықты жою туралы лениндік декреттің жүзеге асуы. А., 1982. 54-бет.*
3. *Нұрпейіс К. Қазақ интеллигенциясының әкімшілік-әміршіл жүйеге ғылым мен мәдениет саласындағы қарсылығы (20-30 жж.) // ҚазМҰУ хабашысы, 1998. – № 9. – 22 б.*
4. *Омарбеков Т. Саутсыздықты жою: науқаншылық және оның салдарлары.// Ақиқат, 1996. №2, 31-бет.*
5. *Сыздыққызы Р. Сауатсыздықпен күрескен әйел. // «Аружан» журналы, №5, 27 мамыр 2008.*
6. *Байтурсынов А. Ақ жол. А.-А., 1991, 322-6.*
7. *ҚР Президентінің мұрағаты, 143-қор, 1-тізбе, 1728-іс, 17-п.*
8. *Суюншалиев Х.Ж. Комсомол Казахстана - активный помощник коммунистической партии в культурном строительстве (1928-1940 гг.). кандидатская диссертация. А., 1968. 119-бет.*

9. Байтұрсынұлы А. Қалам қайраткерлерінің жайынан // Еңбекші қазақ. – 1922. – 8 шілде.
10. Абикенова Г.Е. XX ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақстанда тарих ғылымының қалыптасуы және дамуы. –Алматы «Қазақ университеті», 2016-158 б.

ӘӨЖ974
ГРНТИ 03.01.41

Оспанова Р.Р.[1], т.ғ.к. Бекбаева Т.А.[2]

[1]Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Академик Т.С. Садықов атындағы «Қазақстан тарихы» кафедрасы, т.ғ.к., доцент
[2]Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Академик Т.С. Садықов атындағы «Қазақстан тарихы» кафедрасы, т.ғ.к., доцент

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДӘРЕЖЕСІН КӨТЕРУ

Аңдатпа

Мақалада ғылым оқу арқылы зерттелетіні және әлемдегі барлық адамзат тиісті білім беру арқылы өркениетті ел болуға ұмтылатыны айтылған. Бұған Қазақстан да кіреді. Жастардың жаһандану жағдайында, оларға білім алуда еркіндік пен мүмкіндіктер бере отырып, өздерінің ұлттық бірегейлігін жоғалтпауы үшін мәдениет пен білім беру деңгейін арттыру, ұлттық өзіндік ерекшелігін, мәдени мұрасы мен дәстүрлерін сақтау арқылы «зияткерлік қоғам» құру қажеттігі айтылады.

Қазақстан жастарының зияткерлік деңгейін арттыру үшін мақалада жоғары оқу орындарының кітапханаларында кітаптарға тапсырыс беретін студенттерді цифрлық бақылау арқылы жоғары оқу орындарындағы жастардың зияткерлік деңгейін арттырудың маңыздылығы жан-жақты талданған.

Сонымен қатар, мақалада білімді мамандарды даярлау және зияткерлік ұлттың болашағы уақыт өте келе білімнің, қоршаған ортаның, университеттердің, БАҚ-тың, қоғамдық ұйымдардың әсерінен қалыптасатындығы қарастырылады. Жоғары білім алуда жастарға кітапты көп оқу керек, бұл жастардың білім деңгейін арттырады, сондықтан студенттердің жоғары оқу орындарындағы кітапханаларға қанша кітап оқитынын үнемі бақылау қажет. Кез-келген қоғамдағы әдебиет көптеген адамдардың, соның ішінде жастардың ақыл-ойына қызмет ететінін бәріміз жақсы білеміз.

100 жаңа оқулықты қазақ тіліне аудару арқылы қолжетімді «Рухани жаңғыру» идеясын жүзеге асыруда қазақстандық жастардың әлемдік білімді игеруіне ерекше көңіл бөлініп, қазақстандық жастардың әрбір дұрыс қадамы болашақта мемлекеттің дамуына арналады. XXI ғасырда әлемнің барлық дамушы елдері дамыған елдер қатарына көтеріле алмайтынын ескерсек, Қазақстан жастарының зияткерлік деңгейін арттыру болашақта жасалатын үлкен істердің кепілі болады.

Түйін сөздер: ғылым, өркениет, жаһандану, кітапхана, зияткерлік жастар, білім деңгейі, бұқаралық ақпарат құралдары, білімді маман, ерлік, кепіл.

Ospanova R. R. [1] Bekbaeva T. A. [2]

[1]K. I. N., associate professor of the Kazakh National Pedagogical University named after Abaya, Department of history of the Kazakh Academy named after T. S. Sadykova
[2]K. I. N., associate professor of the Kazakh National Pedagogical University named after Abaya, Department of history of the Kazakh Academy named after T. S. Sadykova

RAISING THE INTELLECTUAL LEVEL OF YOUTH IN KAZAKHSTAN

Abstract

The article says that science is learned through reading, and all humanity in the world strives to become a civilized country through proper education. This includes Kazakhstan. It is argued that we need to create an "intellectual society" by raising the level of culture and education, preserving national identity, cultural heritage and traditions so that young people do not lose their national identity in the face of globalization, giving them freedom and opportunities to get education.

To increase the intellectual level of young people in Kazakhstan, the article comprehensively analyzes the importance of increasing the intellectual level of youth in higher educational institutions through digital control of students ordering books from libraries of higher educational institutions.

In addition, the article considers that the training of educated specialists and the future of an intellectual nation will eventually be shaped under the influence of education, the environment, universities, the media, and public organizations. In higher education, young people need to read a lot, which increases the educational level of young people, so it is necessary to regularly monitor how many books students go to libraries in higher educational institutions to read. As we all know very well, literature in any society serves the intellect of many people, including young people.

In the implementation of the idea of "Spiritual Revival", which is available through the translation of 100 new textbooks into the Kazakh language, special attention is paid to the development of world knowledge by Kazakhstani youth, and every correct step of Kazakhstani youth in the future will be devoted to state development. Considering that in the 21st century, not all developing countries of the world will be able to rise to the ranks of developed countries, raising the intellectual level of Kazakhstan's youth will be a guarantee of great things to be done in the future.

Key words: science, civilization, globalization, library, intellectual youth, educational level, mass media, educated specialist, exploits, pledge.

Оспанова Р.Р.[1] Бекбаева Т.А.[2]

[1]к.и.н., доцент Казахского национального педагогического университета имени Абая, кафедра Истории Казахстана имени Академика Т.С.Садыкова
[2]к.и.н., доцент Казахского национального педагогического университета имени Абая, кафедра Истории Казахстана имени Академика Т.С.Садыкова

ПОВЫШЕНИЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО УРОВНЯ МОЛОДЕЖИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье говорится, что наука изучается через чтение, и все человечество в мире стремится стать цивилизованной страной через надлежащее образование. Это включает Казахстан. Утверждается, что нам необходимо создать "интеллектуальное общество" путем повышения уровня культуры и образования, сохранения национальной самобытности, культурного наследия и традиций, чтобы молодые люди не утратили свою национальную идентичность перед лицом глобализации, предоставляя им свободу и возможности в получении образования.

Для повышения интеллектуального уровня молодежи Казахстана в статье всесторонне проанализирована важность повышения интеллектуального уровня молодежи в высших учебных заведениях посредством цифрового контроля студентов, заказывающих книги в библиотеках высших учебных заведений.

Кроме того, в статье рассматривается, что подготовка образованных специалистов и будущее интеллектуальной нации со временем будут формироваться под влиянием образования, окружающей среды, университетов, СМИ, общественных организаций. В высшем образовании молодым людям нужно много читать, что повышает образовательный уровень молодежи, поэтому необходимо регулярно контролировать, сколько книг читать студенты ходят в библиотеки в высших учебных заведениях. Как нам всем хорошо известно, что литература в любом обществе служит интеллекту многих людей, в том числе молодежи.

В реализации идеи «Духовного возрождения», которая доступна через перевод 100 новых учебников на казахский язык, особое внимание уделяется освоению казахстанской молодежью мировых знаний, и каждый правильный шаг казахстанской молодежи в будущем будет посвящен государственному развитию. Если учесть, что в XXI веке не все развивающиеся страны мира смогут подняться в ряды развитых стран, повышение интеллектуального уровня молодежи Казахстана станет залогом больших дел, которые предстоит сделать в будущем.

Ключевые слова: наука, цивилизация, глобализация, библиотека, интеллектуальная молодежь, уровень образования, средства массовой информации, образованный специалист, подвиги, залог.

Ғылым – кітап оқу арқылы меңгеріледі. Әлемдегі күллі адамзат дұрыс білім алу арқылы өркениетті ел болуға жетуді көздейді. Оның ішінде Қазақстан да бар. Жастарға білім алуда еркіндік пен мүмкіндік беру арқылы, жаһандану жағдайында өзінің ұлттық болмысын жоғалтпауы үшін ұлттық болмысты, мәдени мұра мен дәстүрімізді сақтай отырып, мәдениет пен білімділік деңгейін арттырып «интеллектуалды қоғам» құруымыз қажет.

Қазақстан жастарының интеллектуалды дәрежесін көтеру мақсатында жоғарғы оқу орындарында ізденушінің кітапханаларда кітапқа тапсырыс беруін цифрлық қадағалау өте қажет. Болондық білім беру жүйесі бойынша студенттерге берілген тапсырмалардың орындалуы сапасы жоғарғы білім алушы жастардың интеллектуалды дәрежесін көтеруге бағытталуы тиіс. Берілген тапсырмаларды орындалуын талап етумен қатар, студенттердің кітапханаға баруын талап ету және ізденушінің кітапханада қанша кітапқа тапсырыс бергенін қадағалауды жоғарғы оқу орындарының жүйесіне дұрыс енгізу, жоғарғы оқу орындарында интеллектуалды білімді жетілдіру үшін кітапханада кітапқа тапсырыс беру ісін дұрыс ұйымдастырумен анықталуы тиіс. Жоғары оқу орындарындағы кітапханаларды толықтай цифрлық технологияға көшіруде, бәсекеге қабілетті зияткерлік қоғам құру үшін жүйелі түрде ізденушінің білімін жетілдіруде, әр диплом алушының интеллектуалдық деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін қадағалау шараларын ұйымдастыру.

Диплом алушыныныңн білім деңгейін тексеру әлем бойынша бір жүйеде сайт арқылы енгізу, әлемнің диплом алушы түлектеріне басқа мемлекетке барып жұмыс істеуін жеңілдетіп, қиындық туғызбайтын еді. Сонда белгілі бір маман иесіне өзге мемлекетте қосымша курстар оқып, өз білімін сол мемлекеттің дәрежесінде жетілдірудің қажеті болмайды. Сондықтан жоғары оқу орындарына цифрлық жүйелі тексеруді енгізу қажеттігі, алдағы уақытта әлемнің барлық жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың білім деңгейін ғаламтор желілері арқылы әлемдік деңгейде қадағалауға мүмкіндік береді.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғалы бері қолға алған және «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы атқарылған жұмыстардың негізінде ғылыми айналымға жаңа тарихи және археологиялық деректер қосылды [1]. Бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің интеллектуалды білім деңгейін арттыруға ықпалдық етеді.

XXI ғасырда еларалық бәсекелестіктің күшеюі салдарынан дамушы елдердің мүмкіншіліктерінің шектеулі болатындығын ескерсек, дамыған елдер тобына кіру үшін Қазақстан дамуда серпіліс жасауы тиіс. Әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруге өткен ғасырда Жапония, Финляндия, Сингапур және Оңтүстік Корея қол жеткізді. Бұл ретте Қазақстан табысы орташа деңгейден жоғары ел болып табылады және әлемнің бәсекеге қабілетті 50 экономикасының қатарына кіреді.

Астана қаласында өткізілген ЕХРО-2017 көрмесі ТМД елдері мен Орта Азия аумағында өткізілген ең алғашқы халықаралық деңгейдегі көрмеге айналды. «Болашақтың энергиясы» тақырыбы ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясы, күн, жел, теңіз, мұхит және термалды су тәрізді бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелер мен технологияны пайдалануға мүмкіндік береді. 1851 жылы Лондонда өткен бірінші Бүкіләлемдік өнеркәсіп көрмесінен бастау алған ЕХРО халықаралық көрмесі әр жыл сайын зор танымалдыққа ие болып, барлық қатысушыларға әлемнің экономикалық, технологиялық және мәдени жетістіктерімен танысуға мүмкіндік беріп келеді. Бұл Қазақстанның әлемдік дәрежедегі серпілісі болды.

Қазақстанда келесі серпіліс интеллектуалды жастар тәрбиелеу болып табылуы тиіс, ал оған жастар кітап оқу арқылы ғана, яғни патриотизмнің, ұлтаралық татулықты, салт-сана мен дәстүрді білуге қол жеткізеді. Оны жүзеге асыру барысында, жоғары оқу орындарында оқитын ізденушілердің интеллектін кітапханаға барып қанша кітап оқығанын, қанша кітапқа тапсырыс бергенін цифрализацияны пайдалану арқылы бір орталықтан қадағалап білуге болады. Егер мемлекет тарапынан бекітілген оқу-әдістемелік жұмыстары бойынша жоғары оқу орындарындағы бакалаврға 4 жылда оқитын білім жүктемесі негізінде орта есеппен ізденушіге қанша кітап оқу тапсырылатынын есепке алып, сол 4 жылда оқуға берілетін кітаптардың санын орта есеппен мөлшерінде анықтау қажет. Мысалы, ізденушіге әр пәннен 50 әдебиет оқуға берілсе, студенттерге 4 жылда 50 пәннен 2500 әдебиет берілетінін ескерсек, студент соның жартысын, яғни ізденуші жоғары оқу орнын аяқтаған кезде, оқу барысында студенттің кітапханада тапсырыс берген кітаптарының мөлшері 1250 кітап болуы шарт. Егер жоғары оқу орнын аяқтаған ізденуші диплом алар кезде диплом алушының кітапханаға берген кітап мөлшерінің тапсырысы бұл көрсеткішке жетпесе, ізденушіге диплом берілуі кезінде GPA (ұсыныс) жиынтығынан шегерілуі тиіс. Бұл әлемдік дәрежеде бір жүйеге енгізілсе, әлемнің диплом алушы түлектеріне шетелдерде, өз елінен бөлек мемлекеттерге барып жұмысқа тұрарында қосымша курстар оқып, алған білімін дәлелдеудің қажеті болмас еді. Қазақстан болондық білім беру жүйесін қабылдағалы бері, мектеп түлектері әлемнің көптеген мемлекеттері сияқты ұлттық бірыңғай тест тапсыруды да үйренді.

Әлем бойынша білім барлық жерде бірдей, тек ол білім алушының қызығушылығына байланысты меңгеріледі. Қазақстанның білімінің қалыптасу тарихы әртүрлі болғанымен, салыстырмалы түрде Кеңес үкіметі тұсында тарихи тағдырлас болған мемлекеттерден жоғары екендігі белгілі. Сондықтан Қазақстанның жоғары оқу орындарында жастардың интеллектуалды дәрежесін көтеру мақсатында осындай жүйелі цифрлық тексеруді енгізу әлемдік деңгейде өз қолдауын табатыны анық. Күллі адамзат кітап оқу адамның, ізденушінің қабілеттілігін арттыратынын мойындайды. Жас ізденуші интеллектуалды қабілетін дұрыс пайдалана білсе, ол өз өмірінде алдына қойған мақсатына жетіп, еңбегінің жемісін жейді және бастаған әр ісін табысты орындайды, соңында өз жетістігін елді дамытуға жұмсайды.

Қазақстан республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп тақырыпталған 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауындағы бірінші үш маңызды кешенін жүзеге асыру мақсатында, білім беру жүйесінің рөлін өзгертуге бағытталады. Сол себепті, жоғары оқу орындарындағы кітапханаларды толық цифрлық технологияға өткізу арқылы студенттердің кітапханаға барып қанша кітапқа тарсырыс бергенін қадағалау мүмкіндігіне ие болу мүмкіндігі туындайды.

Бүгінде интеллектуалды ұлт қалыптастырудың негізгі іргетасы ақпараттық құралдарды пайдалана отырып, жастардың ақыл-ой өрісін дамытуға көңіл бөлуіміз қажет, яғни күнделікті қолданылатын ғаламтор арқылы. Қазақстан жастарының интеллектуалды дәрежесін көтерумен бірге ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, жас ізденушілердің бойында ұлттық идеяны іске асыруға қызмет етуді қалыптастыру қажет.

Адамзат қоғамы еш уақытта біртекті, біркелкі болған емес, сол себепті жастардың көп кітап оқуы, жастардың бойында қайрат пен жігерді, тектілік пен парасаттылықты қалыптастыруда шешуші қызмет атқарады. Жоғарғы оқу орындарында студенттердің кітап оқу үрдісін цифрлық жолмен қадағалау Қазақстанда ғана емес, басқа да шетелдердің қызығушылығын тудырып, өз нәтижесін беретіні сөзсіз.

Жастар өз интеллектерін ұлттық мүддеге пайдалана білудің өзі, мемлекет үшін үлкен жетістік болмақ. Жоғары оқу орындарындағы әр студенттің диплом алу кезінде, студенттің 4 жыл бойы қанша кітап оқығандығын анықтау мүмкіндігіне қол жеткізу, мемлекет тарапынан үлкен ұйымдастырушылық жұмыстарды қажет етеді. Жоғары оқу орындарының орналасуына байланысты қаланың кітапханаларымен байланыса жұмыс жасау жұмыстары бір жүйеге келтірілуі тиіс. Цифлық жүйедегі кітапханалар желісі Білім және Ғылым министрлігінің тікелей қадағалауына өтіп, бір орталықтан басқарылса интеллектуалды ұлт қалыптастыру жұмыстары ұтымды жүзеге асырылатын еді.

Диплом алушылардың кітапханаларда кітапқа берген тапсырыстарын жүйелі түрде қадағалаудың түрін келешекте ғаламтор желілері арқылы әлемдік дәрежеде қолжетімді болуына ұмтылыс жасалуы қажет. Бұл әр адамның күнделікті ғаламтор пайдалануында қолжетімді сайт болуы тиіс. Диплом алушы жас маман оқуы аяқталған кезде, қойылған талапқа сай орта есеппен кітап мөлшеріне тапсырыс беру арқылы ғана диплом ала алатындығын

білуі тиіс. Бұл қазіргі жағдайда қазақ жастарының шетелге оқуға көптеп кетуіне тосқауыл болуы да әбден мүмкін. Өйткені қазіргі таңда қазақ жастары арасында жоғары жалақы алуды көздеген жастарымыз шетелдерге көптеп кетуде, бұл мемлекеттің келешегіне, яғни адам ресурсының шығынына әкелмек.

Қазақстанның білім беру жүйесінде тәлімді маман даярлау және интеллектуалды ұлт болу мақсатында шетелден ғалымдар шақыртылады, жастарымыз шет мемлекеттерге оқуға кетіп жатыр. Осының барлығы белгілі бір уақыт аралығында біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, жоғары оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар әсерімен қалыптасады. Келешекте БҰҰ сияқты әлемдік деңгейде бір орталық ашылып, әлемнің жоғары оқу орындары соған мүше болып, ортақ реформа, оны қорғайтын заңнама қабылдануы тиіс.

Жоғары оқу орындары жастарының интеллектуалды дәрежесін көтеру мемлекет тарапынан қабылданып жатқан түрлі бағдарламалардың мақсаты болып табылады. Сондықтан жастарды кітап оқуға баулу және оны қадағалау, бұл жастардың білім алу деңгейін жоғарлатады, сол себепті студенттердің жоғарғы оқу орындарында кітапханаларға баруын, кітапханаларда қанша кітапқа тапсырыс бергенін жүйелі түрде қадағалау арқылы ғана оған қолжеткізуге болады. Әдебиет қай қоғамда болмасын көпшіліктің, оның ішінде жастардың интеллектіне қызмет етеді, ал жастар сол елдің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, мәдени дамуын ілгерлетеді.

Ұлы Абай Құнанбайұлының өзі Семей қаласындағы кітапханаға барып өз білімін жетілдірген /2/. Абай Құнанбайұлы надандыққа қарсы ғылымды, алауыздыққа қарсы білімді, жауыздыққа қарсы әділдікті ұстануды нұқсады. Бұл бүгінгі жастар арасында көп айтылмайтын мәселелердің бірі. Әсіресе, Ыбырай, Абай және Ш.Уәлихановтың шығармаларындағы рухани көзқарастарын салыстыра келіп ондағы негізі бір болған философиялық-идеологиялық, рухани-мәдени тарихи тұтастықты көтерген факторларының қазақ қоғамына ерекше ықпал еткендігі бәрімізге мәлім.

Қазақ ағартушылары мен қазақ интеллигенциясы көтерген мәдени мұра бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру» идеясын жүзеге асыруда 100 жаңа оқулықты қазақшаға аудару арқылы әлемдік білімді меңгерудің қолжетімді болуындағы мақсатпен сабақтасты. Қазақстандағы 100 жаңа есімді анықтау мақсаты, көп ұлтты болып табылатын еліміздің қайраткерлері мен тұлғаларын анықтап, бір жүйеге келтіру арқылы тәуелсіз Қазақстанның тарихын нақтылау /3/ болып табылады. Ал жастарымыздың бұл кітаптарды оқығандығын қалай анықтаймыз, оны анықтап алмайынша бұл жұмыс орындалды деп, есеп берудің өзі мүмкін емес.

Мемлекеттік істегі адамның парасат ісі оның мемлекет мәселелерін шеше алуында. Ол өз ісінде достарына жақсылық жасайды, жауларына зияншылық жасаудың басқалардан өзіне нұқсан келмеуін көздейді. Әр адамның өзіндік атқаратын қызметтері бар. Оның жақсысы мен жаманын халық бағалайды. Ондағы нағыз жақсылық дұрыс пікір мен білімді ұштастыра білу. Осындай адам ғана әлемдік өркениет тұрғысынан дұрыс көзқараста болады. Елдің әлеуметтік-экономикасын дамыту мақсатына жеткізетін жол шын пікір мен білім. Осы орайда, Платон мемлекет ісімен айналысатын адамға әділдік, білім мен қоса әдіскерлік пен айлакерліктің де қажет екендігін ескертеді. Мемлекеттік адамдарды кейде құдіретті күш қолдайды. Олар тіптен бүгінгі өз істерінің маңызын терең біле алмауы да мүмкін. Бірақта олардың әрбір дұрыс қадамы келешекте жасалатын ұлы істердің кепілі болады /4/,-деген пікір айтады. Оның негізі жалпыұлттық идея – бірлік, оны ұрпағымыздың бойына сіңіруде жатыр. Бұл өз кезегінде биліктен ұлт келешегі үшін тиімді шешім қабылдауы мен дамудың келешегі үшін жасалатын игі істерді құптауын қажет етеді.

Әлемде озық дамыған 30 елдің қатарына енуге ұмтылған халқымыздың алдында бүгінгі таңда білімді де, тәрбиелі ұрпақ өсіру міндеті тұр. Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, отансүйгіштікті негіздеу. «Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – ел бірлігі болу керек. Осынау жалпы ұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре беруге тиіспіз» деген Елбасының сөзі, татулығы мен ынтымағы жарасқан елдің болашағы да табысты, ертеңі берекелі болатынын меңзейді. Бұл – тәуелсіз елдің басты бағыты, бекем байламы. Оны жүзеге асыру бәсекеге қабілетті білімді талап етеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2017 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасын жария етті. Бұл бағдарлама қазақ халқының ұзақ жылдар бойы күткен, ұлтымыздың ұлттылығын ұлықтауға арналған. Бұл бағдарлама Қазақстанға өзінің жаңа идеяларымен түбегейлі жаңғыруға шақырған өзгеріс әкелді /5/. Қазақ халқының рухани мұрасы негізінде қалыптасқан ұлттық құндылықтарды қазақ жастарының бойында сақтай отырып, жастарымыздың интеллектуалды дәрежесін көтеру мақсатында оны әлемдік деңгейге көтеру маңызды. Рухани жаңғыру негізінде жастарға тәрбие беру – келер ұрпақ үшін күрес құралы болса, ондағы міндет жастарды Отансүйгіштікке тәрбиелеу арқылы өз халқына деген сүйіспеншілігін оятумен қатар, сапалы білім беру қазақ елінің дамыған елдер қатарына көтерілуіне мүмкіндік береді.

Интеллекті жоғары жастардың бойында Отаншылдық сезімі жоғары болады және бұл сезім адамға туа біткен қасиет емес, ол негізінен адам өміріндегі жоғары білім мен психологиялық, саяси-әлеуметтік құбылыс негізінде туындайтыны белгілі. Жоғары сапалы білім жалпы адам баласының еліне, жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарын пайымдайтын, дүниеге шынайы көзқарасын қалыптастыруда, бостандыққа, еркіндікке, тәуелсіздікке, өз дербестігін сақтауда адамға үлкен күш береді. Интеллектуалды ұлт қалыптастыру үшін төл тарихымызды жақсы білуіміз қажет, сонда ғана интеллектуалды ұлт тарихи санамен қалыптасады.

Еліміздің тәуелсіздігінің нығаюы мен оның әлемдік бәсекеге барынша қабілетті болуы, әрине, осы мәселелерді қатар алып жүрумен тығыз байланысты екені белгілі. Осы мақсатқа орай, кеңестік кезеңдегі қазақ халқына насихатталған кеңестік идеологияның сипаты мен салдары ұлттық мүдденің жаңғыруына кері әсерін тигізді. Бұл мәселе қазақ қоғамы дамуының жаңа арқаға түсуіне, оның барлық бағыт-бағдарын, қажеттіліктері мен себеп-

салдарларының түбегейлі өзгеруіне, мұның өзінің қазақ халқының ой-санасына, өмірлік ұстанымдарына әсер-ықпалы болмай қалған жоқ. Еліміздің экономикасы мен демографиялық жағдайының тұрақтануы, қалыпты дамуы, қоғамда жүргізілген идеологиялық саясат ескеріліп, бағалануына тәуелді. Осыны ескере отырып, Қазақстан жастарының интеллектуалды дәрежесін көтеру мақсатында жоғарғы оқу орындарында ізденушінің кітапханаларда кітапқа тапсырыс беруін цифрлық қадағалау идеясының маңызы жоғары екенін естен шығармаған жөн. Өйткені жастарымыздың кітап оқығанын немесе оқымағандығын, тек қана кітапханада кітапқа тапсырыс бергендігін анықтау арқылы білуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы: ҚР Президентінің 2004 жылғы 13 қантардағы № 1277 Жарлығымен бекітілген; «Мәдени мұра» ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы: 2008 ж. қарашанын 4 жұлдызында Үкімет отырысында қаралды//Егемен Қазақстан. - 2008. - 5 қараша (№336-337).

2 А. Құнанбаев. Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла... А.: Алматыкітапбаспасы, 2011 ж. – Б. 4, 180

3 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы. – Астана, 2013.

4 Платон. Апология Сократа, Критон, Ион, Протагор/ Общ. ред. А.Ф. Лосева и др. М.: Мысль, 1999.- С.864. (222)

5 «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. //Ақиқат. №1, 2013. 5-27 бб.

ӘОЖ 674.08
МРНТИ 03.20.01

Асылбеков Е. А.[1]

[1]*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Философия және политология факультетінің докторанты*

АҚПАРАТТЫҚ САЛАНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Аннотация

XX ғасырдың аяғы мен XX1 ғасырдың басы қоғамдағы құқықтық және саяси реттеудің әр түрлі салаларында көптеген құқық және саясат салалары мен институттарының дамуымен ерекшеленеді.

Ақпараттық құқық саласындағы зерттеушілер бұл мемлекет қорғайтын ақпараттық саладағы әлеуметтік нормалар мен қатынастар жүйесі ұсынатын құқықтың кешенді саласы деп санайды. Саясат және құқық саласында реттелетін қоғамдық қатынастар түрлі және әртүрлі институттарға, құқықтың басқа салаларына жататын салаларға жатады, оның ішінде негізгі, конституциялық құқық (ақпараттық қатынастар субъектілерінің құқықтық мәртебесінің конституциялық негіздері, олардың өкілеттіктерінің негіздері, құпия ақпаратқа қол сұғылмаушылықтың негізгі негіздері), әкімшілік құқық (ақпараттық саладағы мемлекеттік басқару, ақпараттандыру саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік)., және т.б., қылмыстық құқық (қорғалатын ақпаратпен байланысты қылмыстар мен қылмыстар үшін жауапкершілік және т. б.).

Кілт сөздер: саясат, ақпараттық қауіпсіздік, құқық нормалары, заңнама.

Assylbekov Ye.A.[1]

[1]*Philosophy and Political Science faculty PhD student al-Farabi Kazakh National University*

LEGAL REGULATION OF THE INFORMATION SPHERE AS THE BASIS FOR ENSURING INFORMATION SECURITY

Abstract

The end of the XX th century and the beginning of the XXI st century were marked by the development of many branches and institutions of law and politics in various spheres of legal and political regulation in society.

Researchers in the field of information law believe that this is a complex area of law, represented by a system of social norms and relations in the field of information protected by the state. Public relations regulated in the field of politics and law belong to different and different institutions related to other areas of law, including fundamental, constitutional law (constitutional foundations of the legal status of subjects of information relations, the foundations of their powers, basic grounds for the inviolability of confidential information), administrative law (information) public administration in the field, administrative responsibility for violation of legislation in the field of informatization), etc., criminal law (responsibility for crimes and offenses related to protected information, etc.).

Key words: policy, information security, legal norms, legislation.

Асылбеков Ерасыл Айдарулы[1]

[1]*Докторант факультета философии политологии Казахского национального университета имени аль-Фараби.*

ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННОЙ СФЕРЫ КАК ОСНОВА ОБЕСПЕЧЕНИЯ ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Аннотация

Конец XX века и начало XXI века ознаменованы развитием многих отраслей и институтов права и политики в различных сферах правового и политического регулирования в обществе.

Исследователи в области информационного права считают, что это сложная область права, представленная системой социальных норм и отношений в сфере информации, охраняемых государством. Общественные отношения, регулируемые в области политики и права, принадлежат разным и разным институтам, относящимся к другим областям права, включая основное, конституционное право (конституционные основы правового статуса субъектов информационных отношений, основы их полномочий, основные основания неприкосновенности конфиденциальной информации), административное право (информационное) государственное управление в сфере, административная ответственность за нарушение законодательства в сфере информатизации) и др., уголовное право (ответственность за преступления и правонарушения, связанные с защищаемой информацией и др.).

Ключевые слова: политика, информационная безопасность, правовые нормы, законодательство.

Қазіргі саясаттану ғылымында ақпараттық қауіпсіздік қамтамасыз етуде құқық ұғымдары өте көп. Біздің ойымызша, жеткілікті толық және дәл тұжырымдаманы А.Б. Венгеров: «ресми бекітілген немесе бекітілген нормалардың (жүріс-тұрыс ережелерінің) көмегімен, нормативтік актілерде, сот жүйесінде, басқа нысандарда көрсетілген және мемлекеттік мәжбүрлеу мүмкіндігімен қамтамасыз етілген әлеуметтік қатынастарға оларды оңтайландыру, тұрақтандыру немесе әлеуметтік қажетті даму» деп көрсетеді [1].

Ақпараттық құқықты бағалау бойынша әртүрлі ұстанымдар бар. Кейбір көзқарастар жұмыс басында ұсынылған болатын. Бірақ бұл мәселе байыпты қарауды және талдауды қажет етеді. Ю.А. Тихомиров ақпараттық заңнаманы құқықтық реттеудің пәні - ақпараттық қатынастарды қамтитын қоғамдық құқық салаларына жатқызады [2].

Бірқатар авторлар ақпараттық құқықты зерттеу мен реттеудің пәні ақпараттық қатынастар екендігіне сүйене отырып, ақпараттық құқықты дербес құқық саласы ретінде бөлуге қатысты өз ұстанымдарын білдірді. Сонымен, М.М. Рассолов ақпараттық қатынастар дегеніміз - қоғамдағы құқықтық және басқа ақпараттарды жинау, өңдеу және пайдалану жөніндегі қатынастар. Сонымен қатар, ол олардың сипаттамаларын береді:

Біріншіден, ақпараттық құқықтық қатынастар дегеніміз - азаматтардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, мемлекеттік органдардың және т.б. арасындағы ақпараттық-құқықтық ортада бостандық пен демократия идеяларын білдіретін, ақпараттық құқықтың нормаларында көзделген және реттелетін қатынастар;

Екіншіден, ақпараттық құқықтық қатынастар - бұл елдің бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру, журналистердің құқықтарын қорғау, ақпарат алмасу, ақпараттық қауіпсіздікті нығайту және басқа көптеген мәселелерді шешу құралы[3].

Ақпараттық қауіпсіздік заңнамасын жүйелеу тәсілдерінің айырмашылығы құқықтық реттеу пәнін анықтау мәселесімен байланысты. Ақпараттық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету субъектісі - бұл ақпараттық саладағы ұлттық мүдделер объектілеріне төнетін қауіп-қатерлердің алдын-алу, анықтау және жолын кесу, сондай-ақ осы қауіп-қатерлердің көрінуінің жағымсыз салдарын барынша азайту мақсатында құқықтық ықпалға ұшырайтын қоғамдық қатынастардың жиынтығы болып табылады.

Ақпараттық құқық - бұл ақпарат айналымы процесінде, яғни ақпаратты құру, алу, тұтыну, өңдеу және тарату процесінде дамитын қоғамдық қатынастарды зерттеуге және реттеуге арналған құқықтық нормалар жүйесі, құқықтың күрделі саласы.

Ақпараттық құқық теоретиктері В.А. Копылов, И.Л. Бачило, М.М. Рассолов және басқалар, ақпараттық саладағы заңнама жүйесіне: Конституцияның ақпараттық-құқықтық нормалары; зияткерлік меншік заңнамасы; медиа заңнамасы; байланыс және телекоммуникация туралы заңнама; ақпараттық ресурстарды қалыптастыру туралы заңнама; ақпаратты іздеу, алу және беру құқықтарын жүзеге асыру туралы заңнама; ақпараттық жүйелерді құру және пайдалану туралы заңнама; ақпараттық технологиялар және оларды қолдау құралдары; ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнама.

Нәтижесінде, ақпараттық қауіпсіздік ақпараттық құқық институттарының бірі болып табылады және ақпараттық мүдделерді қамтамасыз ету, ақпараттық және ақпараттық жүйелерді қорғау процесінде қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жүйесі болып табылады.

Ақпарат, қоғамдық қатынастардың ажырамас атрибуты ретінде, жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мен қолдану, ақпарат алмасу аясын кеңейту, осының бәрі алаңдаушылықтың жаңа және жаңа негіздерін, яғни қауіп-қатерлерді тудырады. «Ақпаратты өңдеудің принципиалды жаңа құралдары мен әдістерін қолдану арқылы барлық жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізе отырып, қоғам құқықтық, этикалық және технологиялық сипаттағы жаңа мәселелерді алады» [4].

Ақпараттық қауіпсіздік заңнамасын жүйелеу тәсілдерінің айырмашылығы көбіне құқықтық реттеу пәнін анықтау проблемасымен байланысты. Ақпараттық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету субъектісі - бұл ақпараттық саладағы ұлттық мүдделер объектілеріне төнетін қауіп-қатерлердің алдын-алу, анықтау және жолын кесу, сондай-ақ осы қауіп-қатерлердің көрінуінің жағымсыз салдарын барынша азайту мақсатында құқықтық ықпалға ұшырайтын қоғамдық қатынастардың жиынтығынан басқа ештеңе емес. Осы қатынастарды реттейтін нормалар мен құқық институттарының жиынтығы ақпараттық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз етудің мазмұны болып табылады.

Ақпараттық инфрақұрылымның қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз ету байланыс құралдары мен жүйелерін, ақпаратты өңдеу мен сақтаудың автоматтандырылған жүйелерін, ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерді, медиа жүйелерді және т.б. қорғау мен қорғау мақсатында қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығымен қалыптасады. Қоғамның заманауи даму ерекшелігі ақпараттандыру процестерінің және сәйкесінше ақпараттық қауіпсіздіктің одан әрі дамуы көбінесе арнайы нормативтік құқықтық актілердің қаншалықты тез қабылданып, түзетілетіндігіне, олардың өмірдің үнемі өзгеріп отыратын шындықтарына қаншалықты сәйкес келетіндігіне байланысты екендігінде айта кету керек.

Ақпарат түріндегі ақпаратты құқықтық қамтамасыз ету құқық субъектілері иеленетін ақпаратты қорғау жөніндегі қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығынан, сондай-ақ ой еркіндігінен; ұлттық мәдени құндылықтардың субъективті маңыздылығынан тұрады.

Ақпараттық инфрақұрылымның қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз ету байланыс құралдары мен жүйелерін, ақпаратты өңдеу мен сақтаудың автоматтандырылған жүйелерін, ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерді, бұқаралық ақпарат жүйелерін және т. б. қорғау мақсатында қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығымен қалыптасады.

Ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі болып табылатын ақпараттық қауіпсіздік бірқатар нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Ақпараттық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз етуді құрайтын құқықтық нормалар мен институттар осы саладағы құқық көздері болып табылатын нормативтік құқықтық актілерде бекітіледі. Құқықтық нормалар ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізін құрайды және көбінесе мемлекеттің, қоғамның және жекелеген азаматтардың ақпараттық саладағы ұлттық мүдделерін қорғау жөніндегі қызметінің тиімділігін айқындайды.

Ақпараттық қауіпсіздік туралы заңнамалар қазіргі кездегі ең өзекті және проблемалық мәселелердің бірі болып табылады, оны әзірлеу экологиялық және экономикалық қауіпсіздікпен қатар ұлттық құқықтық жүйелердің проблемасы болып табылмайды, өйткені ақпараттық қауіпсіздік халықаралық сипатқа ие. Қазіргі уақытта халықаралық, мемлекеттік және ведомстволық нормативтік құқықтық актілер жасалды және әзірленуде. Олар ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі тұжырымдамалары мен тұжырымдамаларын халықаралық және ұлттық деңгейде реттейді, бұл ақпараттық қауіпсіздік саласында бірыңғай стандарттар мен критерийлерді енгізуге мүмкіндік береді

Қорытындылай келе, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер мен жалпы алғанда Қазақстанның ұлттық мүдделеріне төнетін қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимылдың құқықтық тетіктері аталған мүдделердің қорғалу жағдайына оң әсер ететіндігін атап өткен жөн. Сонымен бірге, жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық базаны одан әрі дамыту процесінде тұруы керек келесі міндеттерді атап өту қажет:

- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін шешуге қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың және азаматтардың қатысу механизмдерін жетілдіру;
- мемлекеттік ақпараттық ресурстарды басқару жүйесін құру;
- халықаралық ақпарат алмасу саласындағы қатынастарды реттейтін заңнаманы жетілдіру;

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Венгеров А. Б. Теория государства и права. –М., 2000. с.*
2. *Тихомиров Ю. А. Публичное право. М., 1995. с.339.*
3. *Рассолов М.М. Информационное право. Учебное пособие. М., Юрист, 1999 г. 399.*
4. *Бачило И.Л. Информация и информационные отношения в праве. // НТИ Сер.1 № 8, 1999 г.*

ӘОЖ 930.08
МРНТИ 03.09.31

Смагулова Б.М.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 2-курс магистранты

XIX-XX ғг. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ-МӘДЕНИ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ТҮРКІЛІК ИДЕОЛОГИЯ

Аңдатпа

XIX ғасырдың соңғы ширегінде әлемдік империализмнің шарықтау шегіне жетуі оның көп ұзамай дағдарысқа ұрынатынын анық көрсетті. Бұған сол уақытта әлем елдерінде орын алған мәдени, әлеуметтік процестердің даму жолы дәлел бола алады. Адам мен қоғам санасының өсуі, гуманистік ой-пікірлер мен мәдениеттің және осыған негізделген идеялардың пайда болуы мен дамуы көптеген халықтар мен ұлттардың саяси тағдырына ықпал етті. Мәдениеті мен діні, тілі мен ділі, руханияты мен болмысы ұқсас болған халықтардың көзқарасы мен идеяларының бір арнаға үндесуі олардың арасындағы саяси және әлеуметтік интеграция мен өзара бірліктің дамуының басты кепіліне айналды. Солардың бірі – руханияты мен мәдениеті бір саналған түркі халықтарының бірлігі идеясы болды. Мақалада, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында түркі халықтарының әлеуметтік-мәдени бірлігі мен соның негізінде пайда болған түркілік идеясының қалыптасу тарихы зерттеледі. Мақалада, дүниежүзілік тарихнамада «Пантүркизм», деген атқа ие болған идеологиялық ағымның бастамасы болып табылатын мәдени және әлеуметтік процестердің тарихы қарастырылады.

Кілт сөздер: Пантүркизм, Осман империясы, Түркілік мәдениет, Түркістан, Түркі бірлігі.

Smagulova B.M.

2nd year master student Kazakh National University named after al-Farabi

SPIRITUAL AND CULTURAL UNITY OF TURKIC PEOPLES AND TURKIC IDEOLOGY IN XIX-XX cc.

Abstract

The culmination of the era of world imperialism in the last quarter of the 19th century clearly showed that it would soon find itself in crisis. This is evidenced by the development of cultural and social processes taking place at that time in the world. The growth of human and social consciousness, the emergence and development of humanistic thought and culture, as well as ideas based on it, influenced the political fate of many peoples and nations. The convergence of the views and ideas of peoples with a single culture and religion, languages and mentality, spirituality and nature has become the main guarantee of political and social integration and the development of mutual unity between them. One of them was the idea of the unity of the Turkic peoples, spirituality and culture that were one. The article examines the history of the socio-cultural unity of the Turkic peoples in the late XIX - early XX centuries and the formation of the Turkic ideology. The article examines the history of cultural and social processes that laid the foundation for the ideology called "Pan-Turkism" in world historiography.

Key words: Pan-Turkism, Ottoman Empire, Turkic culture, Turkestan, Turkic unity.

Смагулова Б.М.

Магистрант 2 курса КазНУ имени аль-Фараби

ДУХОВНОЕ И КУЛЬТУРНОЕ ЕДИНСТВО ТЮРКСКИХ НАРОДОВ И ТЮРКСКАЯ ИДЕОЛОГИЯ В XIX-XX вв.

Аннотация

Кульминация эпохи мирового империализма в последней четверти XIX века ясно показала, что он скоро окажется в кризисе. Об этом свидетельствует развитие культурных и социальных процессов, происходивших в то время в мире. Рост человеческого и общественного сознания, появление и развитие гуманистической мысли и культуры, а также идей, основанных на ней, повлияли на политическую судьбу многих народов и наций. Сближение взглядов и идей народов с единой культурой и религией, языками и менталитетом, духовностью и природой стало главной гарантией политической и социальной интеграции и развития взаимного единства между ними. Одной из них была идея единства тюркских народов, духовность и культура которые были едиными. В статье исследуется история социально-культурного единства тюркских народов в конце XIX - начале XX веков и становления тюркской идеологии. В статье рассматривается история культурных и социальных процессов, положившая начало идеологии под названием «Пантюркизм» в мировой историографии.

Ключевые слова: Пантюркизм, Османская империя, Тюркская культура, Туркестан, Тюркское единство.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, әлем халықтары арасында бұрын отар саналған халықтар арасында өзіндік мәдени-әлеуметтік, саяси ынтымақтастық пен өзара бірігу процестері жүрді. Олардың ең негізгілері славян халықтары, түркі халықтары, арабтар тағы басқа да халықтар болды. Басты факторлар: сананың ояуы, өзара ықпалдастық, діни және рухани байланыстар және т.б. болды. Атап айтқанда, XIX ғасырдың соңғы ширегінде Осман империясының құрамында болған славян халықтары тәуелсіздікке ұмтылып, олар Панславизм идеологиясының аясында бірікті және оның басты ұйымдастырушысы Ресей империясы болды. Дәл сол сияқты, Ресей империясының құрамында және Шығыс Түркістанда өмір сүрген түркі-мұсылман халықтары арасында да түркілік идеялар пайда болды, ол исламдық және түркілік бірлікке негізделіп, бұған Осман империясы дем берді. Осман империясы Орта Азия, Кавказ, Шығыс Түркістандағы түркі халықтарымен түркі-мұсылмандық негізде байланыс жасап, соның арқасында осы аймақтағы түркі халықтары арасында өзара ынтымақтастық орын алды. Түркі халықтарының ата-қонысы саналған Түркістандағы түркі-мұсылман халықтарының арасында Түркияға деген ерекше сезім пайда бола бастады. Керісінше Түркияда да осындай жағдайлар орын алды.

Түбі бір түркілікті сезініп, сол бойынша рухани-мәдени байланыстарды өрбіткен түркі халықтарының арасында аса тығыз қарым-қатынастар орнады. Бұл факторлар халықаралық қатынастарда Пантүркизм, Панисламизм деген атауларды иеленді. Мұның барлығы руханияты мен мәдениеті бір саналған түркі халықтарының өзара ынтымақтастықты сипаттап, сол сияқты олардың саяси бірлігін де суреттеді. Мұндай процестерді қазіргі уақытта ғылымда түркілік, Пантүркизм немесе түрікшілдік деген ұғымдармен де сипаттап жүр. Мақалада бұл терминдер осы сипатта қолданылады. Аталған терминдер түркі халықтарының мәдени бірлігін сипаттап, сонымен бірге Осман империясының халқының түрік атануына қатысты ең негізгі идеологиялық құрал болды.

XIX-XX ғасырларда түркі халықтары арасында түрікшілдік қозғалысы кең тарады. Түрікшілдік – бұл түркі тілдес халықтардың барлығын ұлты мен мемлекетіне қарамастан бір тудың астына біріктіру идеясына негізделген идеология болып, оның түпкі мақсаты – түркі халықтарының басын қосып, үлкен саяси-идеологиялық күшке айналдыру болды. Әу баста рухани-мәдени және әлеуметтік-саяси тамырластығы жақын болған түркі халықтарының ұлттық ояну процесінің тереңдеуі осындай біріктіруші идеяның пайда болуына алып келді. Түркі халықтарының санасының сергуі сан түрлі пікірлер мен идеялардың пайда болуына әсер етіп, оның ең негізгілерінің бірі осы түркілік идеясы болды. Басқа бір қырынан алғанда бұл факторлар әрине ғасырлар тоғысында халықтар арасында пайда болған өзара саяси жақындасудың бір құралы болғанмен, ол ұмыт болған мәдениет пен рухани жақындықты қайта тірілтуші фактор болып саналды. Бұл туралы ғалымдар әр түрлі пікірлер білдіріп, ол түркілік идеологиясына қатысты көптеген пікірлер айтылды. Бұл туралы Чарльз У. Хостлер бұл қозғалысты «барлық түркітілдес халықтардың саяси және мәдени бірлігіне ұмтылатын қозғалыс» деп атаған болатын [1, 36 p.].

Түркілік идеологияның пайда болуы мен оның даму жолы – ол түркі халықтарының этникалық шығу тегі мен тілінің бірлігін, туыстығы мен бауырластығын, мәдениетінің жақындығын танудан туындайтын және болашақта осы халықтардың бірлігі мен ынтымақтастығын насихаттайтын және олардың дамуы жолында алға жылжуына ықпал ететін идеялар жүйесін сипаттайды. XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап түркі бірлігінің идеологиясы философиялық тұрғыдан да өзінің идеологиялық-тұжырымдамалық орнын көрсетті. Мұның өзі халықтың санасына сіңдіріліп, ол түрікшілдіктің дамуын жүзеге асырудың басқа да бағыттарының бар екенін көрсетті.

Осы тұста ғылымда мәдени-қоғамдық байланыстардан туындаған «Пантүркизм» мен «түрікшілдік» идеяларының қызметі, уақыты мен тарихы туралы біраз концептуалды тартыстардың да орын алып жататынын ескерген жөн. Ресейлік және кеңестік ғалымдар Пантүркизм идеясын: «Осман империясының Пантүркизм мен Панисламизм идеяларының арқасында түркі-мұсылман халықтарын Түркияның айналасына біріктіруге бағытталған халықтар арасындағы ұлтшыл-буржуазиялық идеология» деп санайды. Оның басты бағыттарын Осман империясында әуелі, яғни XIX ғ. екінші жартысынан бастап пайда болған Панисламизм идеясының, кейіннен Пантүркизм идеясының пайда болуымен және оны бүкіл түркі халықтарына таратумен түсіндіреді. Демек, біріншісінде Исламға негізделген рухани мәдениет басшылыққа алынса, екіншіден тілдік бағыт негізге алынады. Осы тұста, Пантүркизм идеясының тілдік, мәдени негізінің жоғары болғанын атап өткен орынды [2, 52-53 с.].

Ал Түрікшілдік идеясы – Қазақстан мен Орта Азия және Түркиядан шыққан түркі халықтарының саяси және қоғам қайраткерлерінің XIX-XX ғасырлардың тоғысында орын алған саяси-мәдени дағдарыстардың алдын-алу мақсатында күш біріктіруге бағытталған идеясы ретінде жазылып жүр. Мұнда түркі халықтарының ортақ мәдениеті мен руханияты, салт-дәстүрі мен тарихи тамырластығы басшылыққа алынып, ол түркі халықтарын біріктіруге бағытталған идеологияның дамуына үлес қосатыны анықталған. Түрікшілдік идеясы туралы көбінесе түркі халықтарынан шыққан тарихшылар мен қоғамтанушы ғалымдардың зерттеулерінде айтылады. Тарихшы Я. Ландау болса «негізгі мақсаты түркі халықтарының мәдени бірлігінің негізінде одақ құруға бағытталған қозғалыс» [3, 43 p.] деп сипаттады.

Бұған қарай отырып, Пантүркизм мен Түрікшілдік идеологиясының екеуінің де бағыты бір арнаға тоғысатынын көруге болады. Екеуі де мәдениет және тілдік, сондай-ақ дін Исламға негізделген рухани бірліктен туындаған. Тек өзіндік саяси айырмашылықтары болып, олар: Пантүркизм – Түркияда толықтай түрік ұлтшылдығының басты идеологиясы болып, ол сонымен бірге түркі халықтарының басын қосуға бағытталса, Түрікшілдік – түркі халықтарын мәдени-тарихи тұрғыдан біріктіріп, олардың өзара ортақ интеграциясын нығайтуға бағытталды. Ғасырлар бойы алшақтанып кеткен мәдениет пен тарихты қайта жаңғыртып, соның негізінде жан-жақты байланыстарды дамыту болды.

Жоғарыда аталғандай, бұл уақытта түркі халықтарының ішінде тек Осман империясы ғана жеке-дара, тәуелсіз мемлекет болып, ол басқа түркі халықтарына түркі бірлігін нығайтуға көмектесті. Осы кезеңде Осман империясы экономикалық, саяси және мәдени жағынан артта қалып, империяда өте жай қарқынмен болса да құлдырау процесі жүріп жатты. Дегенмен, ол түркі халықтарын мәдени-рухани біріктіруші мемлекет болды.. Қоғамдық өмірді реформалау қажеттілігі оның ұранымен трансформацияның барлық спектрін біріктіруге қабілетті қуатты идеологияны қалыптастыруды қажет етті. Сайып келгенде, түркі халықтарының басын біріктіріп, үлкен күшке айналдыру басшылыққа алынды. Осылайша, Осман империясында түркілік идеялардың пайда болуы негізінде түркі мемлекетін нығайту идеясы жатты [4, 44-48 с.]. Осман империясының идеологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, түркілік сипаттағы істеріне назар аударған жөн.

Түркілік идеялардың пайда болуы османдық жүйеге және мемлекеттегі династиялық-абсолюттік билікке қарсы пікірлер мен әрекеттердің пайда болуына алып келді. Осман империясының бастамасымен басталған Пантүркизмнің саяси алғышарттары бұл елде 1908 жылғы және 1918-1923 жылдардағы революциялар тудырған әулеттік басқаруға негізделген османшылдық пен исламдық идеологиясының құлдырауына алып келді. Сонымен, түркілік идеялар өзінің алдына келесі міндеттерді қойды: мемлекетті ұлттық идеямен нығайту, түріктердің ұлттық өзіндік сана-сезімін арттыру және ұлттық түрік мемлекетін құруға одан әрі қатысу. Түркілік идеологиясының мәдени алғышарттары түріктерді еуропалық мәдениетпен, атап айтқанда еуропалық ұлтшылдық идеяларымен, сонымен қатар білім мен мәдениет жүйесіндегі жаңалықтармен таныстыру болды.

Осылайша, XIX ғасырдың соңғы ширегінде Осман империясында басталған түбі бір түркілік және жалпы Пантүркизм идеясының пайда болуы жалпы түрікшілдік идеологиясының пайда болуының алдыңғы қадамдары болды. Түркілік идеологияны қолдаған Осман империясында орталық үкіметтің әлсіреуі және империяның саяси күйреуінің басталуы, «Шығыс мәселесінің» шиеленісуі нәтижесінде ұлтшыл қозғалыстардың дамуының логикалық салдары пайда болды. Түркілік идея мен Христиан халықтары арасында ұлтшылдық пен тәуелсіз ұлттық болмыс идеяларын тарату, бұрынғы Осман провинцияларынан Балқандағы тәуелді және жартылай тәуелсіз халықтардың мемлекеттердің құрылуымен қатар жүрді. Өз кезегінде бұл кезеңде Ресей империясының құрамындағы түркі халықтары арасында өзіндік сана-сезімнің пайда болып, оған елдің ішкі және сыртқы саясатына еуропалық державалардың белсенді араласуы ықпал етті. Айта кетерлігі – Ресей империясында да Осман империясындағы сияқты саяси өзгерістер жүріп жатты. Мұның барлығы кейіннен Ресейдегі түркілер мен Түркия түркілерінің жақындасуына жағдай жасады және осы бір түркілік идеяның дамуын көрсетті [5, 95-99 с.].

Түркілік идеясының тез таралуының келесі бір ерекшелігі – бұл идеяның жастар арасында тез және жылдам таралуы болды. Түркі халықтарынан шыққан жастар, өзінің сыртқы ойлау көзқарасының басты бір бағыты ретінде осы түркіліктің негіздерін басшылыққа алды. Осман империясында түркіліктің қағидалары тез тарады және ол өзге түркі халықтарына таратылды. Себебі, Түркияда мұны таратып, дамытатындай мүмкіндік көп болды. Бұл идея тарағаннан кейін, оны қолдайтындардың қатарына жаңа мүшелерді тарту бойынша белсенді жұмыс басталды, ал пантүркішілдер өз жұмыстарында халықтың өмірін ең жақсы қабылдайтын және белсенді бөлігі болып табылатын жастар ортасына ерекше назар аударды. Түркішілдіктің негізгі идеологтары саналған А. Хусеинзаде, Ю. Акчура, З. Гөкалп және басқалар Осман империясының жоғары оқу орындарында оқытушылар болып жұмыс істеді, олар студенттерді түркілік рухта тәрбиеледі.

Түркілікті дамыту мақсатында ЖОО мен орта мектептерде ұстаздар тарапынан түркілік мәдениет пен бірлік тақырыптарында дәріс оқып, жастарды түркілікке үгіттеді. Осындай ауқымды үгіт-насихаттың арқасында сұлтан II Абдулхамидтің кезінде басты басымдылық берілген панисламистік бағыт енді пантүркистік және тұраншылық идеологтарының жағына қарай ауысты. Жалпы, түркілік мәдениет пен бірліктің негізгі кілті ретінде Исламистік діни ұстанымдар да өз жемісін берді деп айтуға толық негіз бар. Айта кетерлігі, сұлтан II Абдулхамидтің кезінде де басталған түркі халықтарын жақындастыру жұмыстары аз болған жоқ. Бұл кезде жалпы мұсылмандық ұстаным басшылыққа алынатын еді. Өйткені, оның ішінде ауғандар, тәжіктер, пуштундар және басқа да түркі емес мұсылман халықтары болды. Ендігі кезекте, тек түркілік мәдениет басшылыққа алынып, бағдарламалық жасақтама көбінесе түркілік идеяны қолдаушыларға өтті [6, 209-211 с.].

Бұл кезең Осман мемлекетінде Конституция кезеңі деп аталып, бас-аяғы 20-25 жылдың ішінде екі рет Конституция қабылданды. Империя конституциялық монархияға айналып, сұлтан билігі шектелді. Ислам дініне негізделген діни құқықтық нормалардың орнына Конституцияға негізделген заңдар қабылданып, енді саяси құрылымда өзгерістер орын алды. Мемлекет пен халықтың атауы осман емес, түрік деген атаумен жазыла бастады. Бұл үшін әрине түрік ұлтының қайдан шыққанын көрсететін тарих пен идеология керек болды. Түрік ұлтының түркі халықтарының бір бөлігі екендігі басшылыққа алынып, енді түркілерміз, түбіміз түркі және түрік ұлтымыз деген ұрандар қабылданды. Мұны халық санасына сіңіру және әлемге мойындату үшін Пантүркизм идеологиясы жүргізілді. Осылайша, Осман империясы өзінің түркілік мәдениет пен өркениеттің бір бөлшегі екенін көрсетіп, оны уақыты келгенде толықтай мойындап, түркі бірлігінің идеяларын алға тартты.

Қоғамдық-мәдени идеологияның бұл түрі жастардың идеологиялық жұмыстарға белсенді қатысуымен, олардың ұтқырлығының жоғары деңгейімен және Осман империясының саяси жүйесінде пантүркішілдік гегемониясы үшін шешуші күреске дайын болуымен түсіндіріледі. Айта кетерлігі, түркілік мәдениет пен оған негізделген идеологияны жүргізуде татар ағартушылары мен қоғам қайраткерлерінің үлесі зор болды [7, 167-168.]. Солардың бірі, Ресейде және Түркияда Пантүркизмнің алғашқы идеологтарының қатарында саналатын Юсуф Акчура болды. Оның ең негізгі қызметтерінің бірі – әлсіреп, құлағалы тұрған Осман империясын құтқару үшін жаңа ұлттық идеологиялық

доктринаны ұсынды. Бұл жерде ең маңызды мәселе түрік ұлтының ұлттық идеологиясы және оның түркілік идеологиямен байланысы болды. Осы тұста ол Түркияда ұлттық идеологияның негізгі үш нұсқасын ұсынды. Олар – Пантүркизм, Панисламизм және Османизм идеологиясы болды.

Юсуф Акчураның және басқа да түркиялық және ресейлік түрікшіл идеологтары мұның бәріне талдау жасай келе, Пантүркизм (пантүркішілдік) идеологиясының Панисламизм мен османшылдық идеяларынан басым екендігін алға тартты. Бұл туралы оның 1904 жылы «Басқарудың үш түрі» атты мақаласы жарияланып, ол Пантүркизмнің басымдылықтарын көрсетеді және бұл жарияланған шығарма түрікшіліктің басты құралына айналды. Қысқаша айтқанда, автор Осман империясының саяси өміріне мәдени, саяси,. идеологиялық талдау жасай отырып Осман империясындағы жергілікті халықтардың өзара араласуы мен бірігуі негізінде этностық негіздегі саяси түрік ұлтының қалыптасуы қажеттігін ұсынды. Ал оны қабылдау мен ұлттық идеологияның басты қайнар көзі түркі халықтарының мәдени, рухани, тарихи тамырластығы мен байланыстарын басшылыққа алу қажеттігі нақты көрсетілді. Бұл кезде сұлтан II Абдулхамит әлі де болса билікті қолында ұстап отырды [8, 286-287 с.]. Ол билікте 1908 жылға дейін отырды.

Осы бағыттардың әрқайсысын талдай отырып, Юсуф Акчура олардың әрқайсысында түркі халықтары үшін саяси орындылығы мен пайдалылығын анықтауға тырысады. Расында да бұл кезде этникалық принципке негізделген түрік саяси ұлтын құру идеясы мүлдем жаңа қоғамдық пікірлердің жемісі болды. Мұндай идея Осман мемлекетінің тарихында бұрыннан қозғалып келе жатқан қоғамдық идеялардың бірі болып, оған Юсуф Акчураның идеясы ықпал етті. Түркілік идеяға негізделген рухани-мәдени қоғамдық пікірлер Осман империясының, басқаша айтқанда жаңарған Түркияның ұлттық идеологиясын анықтап берді. Осылайша, түркі халықтарының біріктіру идеясы Осман мемлекеті халқының «түрік» деген атауды ресми түрде толықтай иеленудің келесі жаңа жолдары ашылды. [9, 120-126 с.].

Бұған қарай отырып, XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған Осман империясының түркі халықтарымен мәдени-рухани жақындасуының осындай түркілік идеологияның тууына ықпал етіп, тіпті Осман мемлекетінің халқының түрік деп аталуына да септігін тигізді. Айта кетерлігі, батыста жарияланған еңбектерде Осман империясы «Түркия» деп аталып, оның халқы «түріктер» деп аталып қойған еді. Біз көрсетіп отырған факторлар оны одан сайын нықтай түсті. Өзін түркі халықтарының бөлшегі саналған Осман мемлекеті үшін бұл үлкен жаңалық болды және ол түркі халықтарының бірлігі идеясын одан сайын дамытуға септігін тигізді. Жалпы, Осман империясы түркі бірлігін ілгеріден қолдап, жоғарыда аталғандай оған өзі дем беріп, сонымен бірге өздерін түркі халықтарының «лидері» санады. Осман империясының ілгеріден келе жатқан бүкіл түркі халықтарын саяси тұрғыдан біріктіру идеясы жүзеге асқандай болды. Пантүркизм идеясы орындалғандай болды.

Осман империясында пантүркистік сипаттағы саясат орын алып, оның арқасында Осман империясында өмір сүрген барлық түріктер этникалық және діни шекаралар шеңберінде оңай топтаса алды, ал басқа мұсылман түркі емес, бірақ түрікшіл топтар өзара сіңісу (ассимиляция) жалғастыра алды. Ассимиляцияға ұшырамаған, бірақ сонымен бірге ұлттық бірегейлікті сезінбеген халықтар осы саясат аясында толығымен ассимиляцияға ұшырады. Мұндай саясаттың басты артықшылығы – бұл Азияда және Еуропаның шығыс аймақтарында тұратын және біртұтас тіл, этностық және дінмен біріктірілген барлық түріктерді біріктіретіндігінде» еді. Юсуф Акчура түркі ұлтшылдығы мен пантүркистік идеяларды қолдауда халықтар арасындағы мәдени бірлікке назар аударды.

Сол сияқты түркі халықтарының мәдени және рухани бірлігінің Пантүркішілдіктің одан әрі өркендеуінде Зия Гөкалптың еңбегі өте маңызды болды. Зия Гөкалп (1876-1924) - ақын, тарихшы, саясаткер. Оның маңызды теориялық жұмысы - «Түріктендіру, исламдандыру, модернизациялау» деп аталып, ол 1918 жылы Стамбулда басылып шықты. З. Гөкалптың ұлттық проблемаларға қатысты протекционизмінің қалыптасуында революцияшыл саясаткерлер мен ойшылдардың жұмысы үлкен әсер етті. 1896 жылдан бастап Стамбулда тұратын болашақ саясаткер сұлтанның тәртібін құлату жолында демократиялық конституция идеяларын қолдады. 1908 жылы Гөкалп «Бірлік пен прогресс» партиясының съезіне қатысу үшін Салоники қаласына шақырылып, оның орталық комитетіне сайланды. Ол 1918 жылы таратылғанға дейін осы партияда болды. Балқан соғысы мен бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Гөкалп әр түрлі әлеуметтік, құқықтық және мәдени мәселелермен айналысып, өте белсенді болды [10, 5-7 с.]. З.Гөкалптың саяси көзқарастары оның көптеген еуропалықтардың, ең алдымен француз философтары мен әлеуметтанушыларының мұраларын терең зерттеуі негізінде қалыптасты. Оның ойында түркілік идеялары біріктіруші фактор ретінде ұзақ уақыт қалыптасты. З. Гөкалптың пікірінше, түріктер үшін тіл ең маңызды интеграциялық фактор болуы керек және ол тілдік тәуелсіздікті саяси тәуелсіздіктің басты шарты ретінде қарастырды. Ұлттық мемлекеттегі тіл модернизациялануы керек, негізсіз жат ықпалдан тазартылуы керек [11, 22-25 s.].

Қорыта айтқанда XIX ғасырдың соңғы ширегінде басталып, XX ғасырдың басына дейін созылған түркі халықтарының рухани-мәдени бірлігі идеясынан туған философиялық көзқарастар мен ұстанымдар олардың бірігуіне бастама болды. Осман империясы мен Орта Азия түркілерінің арасындағы Рухани және мәдени жақындастық Түркияда түркілік идеяға негізделген ұлттық идеологияны қалыптастырды. Сонымен қатар, Түркияның бастамасымен Ресей империясындағы түркі халықтарының идеологиялық бірлігін қамтамасыз етуге септігін тигізді. Идеологиялық үдеріс шеңберінде Пантүркизмнің кейінірек осы секілді өзге де идеологиялық ағымдармен бірге жүзеге асырған бірқатар нақты құралдарды қолданғанын атап өткен жөн. Пантүркизм идеологиясы XIX-XX ғасырларда түркі халықтарының арасында саяси-әлеуметтік интеграцияның күшеюіне де ықпал етті. Бұл кезеңде Орталық Азиядағы түркі халықтары Ресей империясының бодандығына қарсы көтеріле бастаған тұста мұндай интеграциялық процестер өзінің ықпалын тигізе алды. Түркі халықтары бірлесіп, сыртқы

күштерге қарсы күресудің алғышарттары қалыптасты. Бауырмалдық пен нағыз рухани-мәдени бірліктің негізгі аспектілері қалыптасып, Пантүркизм түркі халықтарының мәдени-рухани бірлігінен туған үлкен идеялардың жиынтығы ретінде тарихта қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Charles Warren Hostler. The Turks of Central Asia. – Westport: Praeger. 1993. – 237 p.

2. Сулейманова С.Ю. Зарождение идеологии тюркизма на стыке XIX-XX вв. // Science Review (7), Vol.5, December 2017. – С.52-57.

3. Jacob M. Landau, Pan-Turkism in Turkey: A Study of Irredentism. – London: C. Hurst, 1981 – 219 p.

4. Зареванд. Турция и пантуранизм / Зареванд; введ. А.Н. Мандельштама. – Москва: Ключ-С, 2015. – 176 с.

5. Еремеев Д. Е. История турецкой общественной мысли XI-XXI веков / Д.Е. Еремеев - М.: Квадрига, 2016 - 320 с.

6. Васильева С.А. Влияние пантюркизма на идеологический процесс в Турецкой республике. // Теория и практика общественного развития. – 2012, – № 3. – С. 208-212

7. Жораева Г.Т. XX ғасырдың бас кезіндегі татар зиялыларының біртұтас мұсылман мемлекетін құрудағы түрікшілдік идеясы. // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – №2 (89). – 2018. – Б. 166-171.

8. Ергобек Ш., Алтаева К.Ж. Соотношение понятий Пантюркизм, Панисламизм и Джадидизм. // Доклады НАН РК. – 2015. – №3. – С. 284-287

9. Мухамметдинов Р.Ф. Зарождение и эволюция тюркизма. – Казань: Изд-во Заман, 1996. – 272 с.

10. Мухамметдинов Р.Ф. Юсуф Акчура и Зия Гекалп: Формирование идеологии тюркизма (70-е годы XIX века - 30-е годы XX века). / Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Казань, 1996. – 28 с.

11. Gökalp Z. Turkculugun esasları. – İstanbul: Ötüken. – 254 s.

ӘОЖ 021:316.33
МРНТИ 13.31.11

Ш.М. Отарбай[1] Мухажанова Т.Н.[2]

[1]әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, [1]Тарих, археология және этнология факультетінің 2-курс магистранты
Алматы қ., Қазақстан
[2]әл фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Тарих, археологи және этнология факультетінің доценті т.ғ.к.

КІТАПХАНА ІСІ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР

Аңдатпа

Қазіргі таңды жаңа заман талабына сай кітапханалық қызметтегі жаңалықтар. Жаһандану дәуіріндегі кітапхананың рөлі. Кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетудегі әлемдік тәжірибелерге шолу. Әлем кітапханаларында жүргізіліп жатқан сандық өзгерістер. Шет ел кітапханаларына салыстырмалы талдау жүргізу. Кітапхана ісі саласына жаңа технологияларды енгізу мәселелері.

Түйін сөздер. Жаһандану, кітапхана, электронды кітапхана, ашық кітапхана, цифрлық кітапхана, мобильді қызметтер, аудиокітаптар

Otarbay Sh.M.[1] Т.Н. Мухажанова[2]

[1]Al-Farabi Kazakh National University, 2-year master student of the faculty of history, archeology and ethnology
Almaty, Kazakhstan
[2]Mukazhanova T.N al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: tolkynm3010@gmail.com

WORLD EXPERIENCE IN THE FIELD OF LIBRARIANSHIP

Abstract

Innovations in library activities that meet modern requirements. The role of the library in the era of globalization. Review of the world experience in library and information services. Quantitative changes occurring in the world's libraries. Conducting a comparative analysis of foreign libraries. Problems of introduction of new technologies in the field of librarianship.

Key words. Globalization, library, electronic library, open library, digital library, mobile services, audiobooks.

Отарбай Ш.М.[1] Мухажанова Т.Н.[2]

[1]КазНУ им. Аль-Фараби, магистрант 2-го курса факультета Истории, археологии и этнологии г. Алматы, Казахстан
[2]к.и.н., ст. преподователь Казахского Национального Университета имени аль-Фараби Факультет истории, археологии и этнологии

МИРОВОЙ ОПЫТ В ОБЛАСТИ БИБЛИОТЕЧНОГО ДЕЛА

Аннотация

Новшества в библиотечной деятельности, отвечающие современным требованиям. Роль библиотеки в эпоху глобализации. Обзор мирового опыта библиотечно-информационного обслуживания. Количественные изменения, происходящие в библиотеках мира. Проведение сравнительного анализа зарубежных библиотек. Проблемы внедрения новых технологий в сферу библиотечного дела.

Ключевые слова. Глобализация, библиотека, электронная библиотека, открытая библиотека, цифровая библиотека, мобильные сервисы, аудиокниги.

Бүгінде жаһандану бүкіл әлемде орын алып жатқан үлкен үдеріс. Экономика, саясат, мәдениет, білім болсын барлық дерлік салаларда ғылымда, медицинада қолданысқа енгізіліп жатқан барлық жаңалықтар мен жаңа инновациялық жобалардың барлығы жаһанданып жатыр. Бұл тың өзгерістерден әлемдегі ең биік білім мен парасаттылықтың ордасы болып табылатын кітапханалар да алыс қалмайды. Әлемнің көптеген елдерінде жаңа заманға байланысты жаңа технологиялардың қолданылуы бүгінде жаңалық емес. Біздің тәуелсіз еліміз өзінің әлемнің дамушы елдерінің қатарына қосылуға ниет білдере отара олардың тәжірибелерін жетік меңгеруге, сол тәжірибелерді қолдана отыра өз жаңалығын ашуға, өз тұжырымдарын жасауға тырысып келеді. Соған байланысты кітапхана ісі саласында да автоматтандырылған жаңа технологияларды қолдану арқылы жаһандану үдерісіне төтеп беру біздің алдымызда тұрған міндет деп айта аламыз. Шет ел тәжірибелерін қарай отырып өз қателіктерімізді жөндеуге, жаңа идеялар мен жобалар ашуға мүмкіндігіміз зор. Отандық кітапханашыларды контентті құру және қызмет етудің қазіргі заманғы тәсілдерімен таныстыру, заманауи технологиялармен жұмыс істеу кезінде туындайтын мәселелерді шешу аса қиын емес. Шетелдік тәжірибелер сұрақтарға жауап табуға және басқалардың қателіктерін қайталамауға тамаша мүмкіндік береді. Мысал ретінде әлемнің үздік елдерінің тәжірибелерін зерттеп қарастыру барысында кездестірген үздік тәжірибелеріме тоқталып өтсем.

Мәселен, Франция соңғы жылдары кітапхана ісі саласында көпшілік кітапханаларды жаңғыртумен байланысты күрделі өзгерістер жүргізілді, олардың тұжырымдамасы көп жағдайда электронды технологияларды кеңінен енгізуге негізделген. Олар материалдық формасындағы кітаптарын жоғалтумен және электрондық ортаға көшумен байланысты айқын объективті жаһандық өзгерістерге ұшырады. Франция, XX ғасырдың аяғындағы Француз кітапхана ісінде алғаш рет "медиатека" термині көпшілік кітапханаларының қызметіне қатысты белсенді пайдаланыла бастады, тіпті тиісті лауазым — медиатекарь да пайда болды. Дәстүрлі көпшілік кітапханалардың медиатектерге ауысуы, яғни қазіргі заманғы материалдық-техникалық базасы және кең кітапханалық-ақпараттық ресурстары, сондай-ақ коммуникацияның тиімді электрондық құралдары бар болу үшін қолайлы интеграцияланған мәдени ақпараттық кеңістіктер – кітапханалық – ақпараттық қызмет көрсетуді жаңғырту міндеттерінің бірі болып саналады. Бұл жалпы әлемдік тренд және Франция бұл жерде басқа елдерден тыс қалмақ емес. Қазіргі заманғы көпшілік кітапхана көбінесе мәдени қоғамдық кеңістікке айналды, онда әркім келіп қалаған сабақты таба алады. Кітапхана бұрынғыдай кітаптар мен басқа да құжаттар сақталатын және берілетін формальды мекеме емес. Француз кітапханалық саласын реформалау әрбір көпшілік кітапханасы жеке жоба бойынша орындалуымен, үй-жайлардың бірегей жоспарлануымен, техникалық жабдықталуымен және интерьерлерді тиісті безендіруімен және дербес ғимаратта орналасқандығымен ерекшеленуіне ықпал етті [1, б.9-11].

"Башю" ауданының медиатека ғимараты заманауи архитектурамен ерекшеленеді, көптеген әйнектер, ашық кеңістіктер, қызмет көрсету технологиялық, бұл пайдаланушылардың көп бөлігі үшін өте тартымды және ыңғайлы. Қорда электронды ресурстар көлемі әр түрлі болғанымен, әртүрлі тасушылардағы материалдар үйлесімді ұсынылған, олар ашық қордың арнайы стеллаждарында кең кеңістікті алып жатыр. Қызметкерлердің көпшілігі бірнеше ақпараттық тіректер бар бірінші қабаттағы холлда шоғырланған, сондай-ақ өзіне-өзі қызмет көрсету станциялары, мерзімді басылымдар және комикстер қоры орналасқан. Кітапхана бір жалпы стильде жабдықталған және безендірілген, периметрі бойынша тура атриумға тұйықталатын бірнеше қабаттарды қамтиды. Кіші жастағы келушілерге арналған бөлек кеңістік (лофт) бар, онда балалар ата-аналарымен бірге ыңғайлы жағдайда болуға және ойнауға, оларға бағытталған кітаптарды алуға, бейне көруге мүмкіндік алады. Бұл аймақтағы жиһаз бен интерьерлер әсіресе жарқын және ыңғайлы, өте көрнекі нысандар болып келеді [2].

Париж қаласында орналасқан көптеген кітапханалар өздерінің ғимаратымен ғана емес қорының жаңа заманауилығымен де ерекшеленеді.

Көпшілік кітапханалардағы электронды кітаптар да қазіргі кезде көптеп қолданысқа ие. Электрондық кітаптардың, планшеттер мен смартфондардың ұдайы өсіп келе жатқан таралуының арқасында қоғамда сандық құрылғылар экрандарынан оқу әдеті нығаюда деп айта аламыз. АҚШ-та 2012 жылы көпшілік кітапханалардың 76% -ы өз пайдаланушыларына электрондық кітаптар берді, ал 39% -ы планшеттік компьютерлік құрылғыларды берді.

Кітапханаларды электронды кітаптармен толықтыру баспагерлердің жоғары бағасын шектейді. Электрондық кітаптар сатып алуға арналған қаржыны біріктіру үшін Құрама Штаттарда кітапханалық консорциумдар құрылады. Мысалы, 2011 жылы Висконсин штатының 17 өңірлік көпшілік кітапханасы Wisconsin Public Library Consortium-ге бірікті және Висконсин цифрлық кітапханасы (Wisconsin ' s Digital Library) құрылды.Оның ресурстарын (электронды кітаптар, аудиокітаптар, бейне, музыкалық дискілер) консорциумға біріккен барлық кітапханалардың оқырмандары пайдалана алады – ол үшін тек оқырман билеті мен ПИН-код қажет болады. Ресурстарды біріктірудің салдарынан, тіпті Висконсин штатының ең кішкентай кітапханаларында 2013 жылы пайдаланушыларға 60 000-ға жуық электронды кітап және 10 000-нан астам аудиокітаптар қол жетімді болды [3].

Өте қызықты тәжірибелердің бірі – Британдық Whichbook болып саналады. Whichbook (ағылш. – қандай кітап деген мағнада қолданылады) – бұл оқырмандарға әртүрлі эмоционалдық және басқа да маңызды критерий бойынша (бақытты-бақытсыз, көңілді-елеулі, әдеттегі-ерекше және т.б.), басты кейіпкердің сипаттамасы бойынша (шығу тегі, жасы, жынысы және т. б.), сюжет, әрекет ету орны бойынша кітаптарды таңдауға көмектесетін веб-сервис. 15 автоматтандырылған Whichbook жүйесі осы факторлардың миллиондаған комбинациясын жасайды, содан кейін нақты оқырманның қажеттіліктеріне ең жақын кітаптар ұсынады. Қосымша әдебиеттер тізімі ұсынылады. Автор, кітаптың атауы бойынша іздеуге болады, сондай-ақ бұрын оқығандарға ұқсас кітаптарды іздеуге болады. Қажетті туындыға тез және ыңғайлы тапсырыс беру үшін көпшілік кітапханаларының каталогтарына гипер сілтемелер беріледі, бұл басылымды сатып алуға болатын Amazon кітап интернет-дүкенінің сайты көрсетіледі (Whichbook сатып алу сомасының аз пайызын алады). Оқырмандар кітап туралы ақпаратты электрондық пошта арқылы жіберуге мүмкіндігі бар. Сайтта кітаптарға арналған блог та жүргізіледі [4].

Канада кітапхана саласының Ресеймен көп ортақ ұқсастықтары бар . Ел орталық және провинциялық бюджеттерден қаржыландырылатын дамыған кітапханалар жүйесіне ие. Айта кетейік, білім беру мекемелерінің кітапханаларын Канада үкіметі мәдени сала бойынша шығындар аясында қаржыландырады. Канаданың қазіргі заманғы мәдени саясаты елдің адами әлеуетін барынша дамытуға, Канадалық мәдениетті ілгерілетуге бағытталған. Бұл бағдарламада кітапханаларға негізгі ұстанымдардың бірі арналған. Соңғы онжылдықтар ішінде халықты ақпараттандыру мен ақпараттық даярлауды көтермелеу Канада үкіметінің басымдықтарының қатарына берік кірді. Мысалы, XXI ғасырдың басында Канадада ғылыми-техникалық саясаттың негізгі бағыттарының қатарына халықтың қазіргі заманғы байланыс құралдары мен ақпарат көздеріне барынша кең қол жеткізуін қамтамасыз ету жолымен жалпыға бірдей ақпараттандыруды белсенді қолдау және жоғары оқу орны ғылымын дамыту және университеттік білім беруді "экспорттық өнімге"айналдыру кіреді.

Бұл мақсатқа кітапхана жүйесінің көмегінсіз қол жеткізу мүмкін емес. Канада үкіметі өз жоспарларын орындау үшін кітапхана жүйесінің маңыздылығына есеп береді, бұл Канаданың түрлі кітапханаларын қаржыландыру бойынша мәліметтерді көрсетеді [5, б.2-5].

2005 жылдан бастап 2010 жылға дейінгі кезеңде Канада мәдени саласын қаржыландыру жалпы 3 млн 542 мың канадалық доллардан өсті, бұл ретте кітапхана саласын қаржыландыру жалпы көрсетілген кезеңде 890 мың CAD-дан 1 млн 115 мың CAD-ға дейін өсті. Қаржыландыру көлемі бойынша мектеп және университет кітапханалары көш бастап тұр. Жоғары білім беру жүйесінің кітапханаларын қаржыландыруға келетін болсақ, ол Канада үкіметінің абсолюттік басымдығы болып табылады. 2010 жылы олар кітапханаға бөлінген барлық қаражаттың жартысына жуығын алды. Бірақ жеткілікті жомарт қаржыландыруға жауап ретінде канадалық кітапханалардың алдында сын-қатер – қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келу, даму мен прогреске арналған алаңға айналу тұр. Бұл жаңа технологияларды белсенді ақпараттандыруды және инновациялық пайдалануды білдіреді.Канаданың қазіргі кітапханаларының қызметіндегі басты рөлдердің бірі жастармен жұмыс істейді. Кітапхана жастардың инновациялық әлеуетінің өсуіне ықпал ету мақсатында, сайып келгенде олардың балғын көзқарасы мен икемділігі бүкіл қоғамға пайда әкеледі деп санайды. Бүгінгі таңда Канадалық кітапхана қызметкерлері электрондық ресурстарды мінсіз ұйымдастыруды белсенді талқылауда. Қазіргі заманғы электрондық каталогтың маңызды ерекшелігі – іздеу нәтижелерінің релеванттылығы. Канадалық электрондық каталогтар коммерциялық іздеу интернет-жүйелерінен алынған тағы бір пайдалы мүмкіндік – мәтін теру кезінде қате жазуларды түзету. Егер бағдарлама ықтимал қатені анықтаса, ол автоматты түрде сұраудың дұрыс нұсқаларын ұсынады. Каталогта белгілі бір кітапты таңдағанда біздің канадалық әріптестеріміз сұрау салу авторына қызықты болуы мүмкін тақырыптағы басқа кітаптарға сілтемелерді іріктеуді ұсынады. Канаданың кітапханалары қол жеткізген жетістіктерімен тоқтамайды, ал ақпараттық технологияларды қолданудың жаңа тәсілдерін іздейді және сол құралдар мен институттарды пайдаланудың тиімділігін арттырады [6, б.21].

Өмірдің барлық салаларында ауқымды өзгерістер ғана тән жаңа уақыттың сынына сәйкес келу – мұндай міндетті бүгін бүкіл әлемнің кітапханалары өз алдына қояды. Талапқа сай болу – бұл кітапхананың дәстүрлі қызметтерін жаңа технологиялармен және қызмет көрсету формаларымен үйлесімділікке келтіру. World Wide Web-тің пайда болуы, сандық революция, балама ақпарат көздерінің өсуі, оны алу үшін кітапхана ғимаратына бару қажеттілігі болмаған кезде, еркін уақыт нарығындағы өткір бәсекелестік, заманауи адамдардың өмір сүру стилінің өзгеруі (құлаққап, айпад немесе ноутбукпен және рюкзактағы КПК, ұялы телефонмен, тәулік сайын тексеруші e-mail, sms, MP3/M4A музыка мен фильмдерді көшіріп алушы, JPG форматындағы суретті жіберетін, блогта сөйлесетін немесе онлайн ойын ойнау (MMORPG)) – осылар кітапхана жұмысына тікелей немесе жанама әсер ететін негізгі факторлар. Шетел кітапханаларының электрондық қызметтері мен өнімдерінің негізігі назарында. Электрондық ақпараттың жаңа технологиялары мен экспансиясы қоғамның өмір сүру стилін толығымен өзгертті. Осы себепті кітапханалар

Электронды ресурстарды (электрондық кітаптар, электрондық журналдар, электрондық аудиовизуалды ресурстар және т.б.) онлайн режимінде ұсынуға, сондай-ақ олардың мобильді құрылғыларда қолжетімділігін қамтамасыз етуге ұмтылады. Интернетке кітапхана қызметінің басқа да бағыттары ауыстырылды, мысалы, оқуды жылжыту, қорларды ашу деген секілді.

Тәжірибелердің тағы бір түрі – мобильді кітапханалық қызметтер болып табылады.Қоғамның күнделікті өміріне мобильді құрылғылар (Смартфондар, планшеттер, айпадтар және т.б.) кеңінен енгізілді, олар біртіндеп жаһандық желіге қол жеткізудің негізгі құралына айналады. Мобильді технологияларды дамыту бұл процесті жеңіл, жылдам және ыңғайлы, уақыт та, кеңістік те шексіз жасады. Кітапханалар оны елемеуге болмайды, сондықтан олардың жұмысындағы өзекті технологиялық инновациялардың бірі мобильді кітапханалық қызметтер болып табылады. Мобильді кітапханалық қызметтер – бұл кез келген уақытта, кез келген жерде мобильді құрылғылардан және мобильді интернеттен кітапхана пайдаланушыларына қолжетімді қызметтері [7, б.14-22]. Көптеген кітапханалар өз веб-сайттарын ұялы нұсқада ұсынады. Ол әр түрлі мобильді құрылғылардан ыңғайлы ашылады, оңай қабылданатын мазмұн мен сурет макетіне ие. Тінтуір мен пернетақта сенсорлық экранмен алмастырылғандықтан, сенсорлық нұсқаны жанасу арқылы қолдануға ыңғайлы. Оның тән параметрлері – мәтіннің шектеулі саны және ыңғайлы навигация. Әдетте, мобильді нұсқада аз қызметтер қол жетімді, себебі ол шағын экранды шектеулі қуаты мен өнімділігі үшін бейімделген. Мобильді қосымшалар мобильді құрылғылардың операциялық жүйелеріне арналған арнайы әзірленген бағдарламалық қамтамасыз ету болып табылады. Әдетте кітапханалық мобильді қосымшалар веб-сайттың мобильді нұсқасын әзірлегеннен кейін жасалады. Тез және оңай. Сайттың ұялы нұсқасында әдетте кітапхананың жұмыс сағаты, телефон, электрондық пошта мекенжайы, қысқа жолмен кітапханаға жол картасы, Twitter, YouTube, Facebook, Instagram профильдері туралы ақпараттары бар болады.

Жоғарыда аталғандардан басқа, кітапханаларда келесі мобильді ақпараттық өнімдері бар:

- коллекциялар-электрондық кітаптар, аудиокітаптар, музыка жазбалары, фильмдер, фотосуреттер және басқа мультимедиа;
- мобильді құрылғылардан пайдалануға бейімделген деректер қоры;
- мобильдіанықтамалар;
- кітапхана жаңалықтары, кітапхана іс-шараларының күнтізбесі;
- ең жиі қойылатын сұрақтар (FAQ);
- мәтіндік хабарламалар кітапханалары (Short Message Service, SMS), SMS-хабарламалар арқылы хабарламалардың әртүрлі түрлері (кітаптарды қайтару мерзімі туралы еске салу және т. б.));
- келіп түскен жаңа әдебиеттер тізімі;
- ұялы виртуалды кітапхана бойынша экскурсия;
- кітапхананың ішкі үй-жайларының жоспары;
- пікірталас үшін компьютерлер мен кітапхана бөлмелерінің қолжетімділігі, оларды брондау мүмкіндігі туралы ақпарат;
- жеке кітап сөресін құру мүмкіндігі;
- кітапхананың ақпараттық бюллетені.

Мобильді қызметтерді енгізбес бұрын, мобильдік құрылғылар үшін қандай операциялық жүйелер оқырмандардың басым екенін және оларға қандай қызметтер қажет екенін анықтау ұсынылады. Кітапхана жұмысына Мобильді қосымшаларды әзірлеу және енгізу кітапхана жинақтаған мәдени мұраны танымал етуге тамаша мүмкіндік береді. Олардың көмегімен баспа және сандық кітапхана қорларына, бірегей материалдар мен өлкетану коллекцияларына қолжетімділікті кеңейтуге, кітапхана ресурстарын заманауи ақпараттық ортаға біріктіруге болады. Бұл электронды мобильді қосымшалар біздің елімізде де қарқынды дамып келеді. Алайда, жағдайы көңіл қуантарлықтай емес. Әлі де болсын жаңартуларды, өзгерістерді талап етеді.

Мысал ретінде, Сан Хосе электрондық гиді қолданысқа енгізуге өте пайдалы қосымшалардың бірі деп санаймын. Сан-Хосе, Коста-Рика Республикасының астанасы, көптеген көрікті жерлер: мұражайлар, сәулет және тарихи ескерткіштер, саябақтар, мәдени орталықтар, алаңдар, базарлар орналасқан ерекше қала. Ел тұрғындары мен туристерді олармен таныстыру үшін қалалық көпшілік кітапханасы (San José Public Library) мобильді құрылғыларға арналған тегін интерактивті гид немесе электронды гид Сан – Хосе мобильді қосымшасын жасады. Электрондық гидтің үш тарихи экскурсиясының маршруттарына 31 тексеру объектісі туралы ақпарат, соның ішінде олардың кітапхана жиналыстарынан бейнелері енгізілген. Осылайша, кітапхана өзінің бірегей тарихи коллекцияларын танымал етеді және оларды жалпыға бірдей қол жетімді етеді. Мобильді қосымшаны әзірлеуде Google Maps бағдарламасы, жаһандық позициялау жүйесі (GPS) және Geotag ақпараты қолданылды. Қосымша сондай-ақ кітапхана қорларына қолжетімділікті арттырды, өйткені әлемдік экономика дағдарысы жағдайында қаржыландырудың қысқаруына байланысты кейбір кітапханалар филиалдарының жұмыс уақыты аптасына 25 сағатқа жетті.

Кітапхана сайтында қосымша пайда болғанға дейін 1300-ден астам сандық файлдар орналастырылса да, олардың қол жетімділігі тек қарапайым компьютерлерді қамтамасыз етті, бұл барлық жерде емес және әрқашан ыңғайлы емес болды. Сонымен қатар, Pew Research Center американдық зерттеу ұйымының мәліметтері бойынша, соңғы уақытта мобильді құрылғыларды пайдалану үрдісі күшейіп, стационарлық компьютерлерді қолдану – төмендейді. Кітапхана қызметкерлері қосымша жасап, олар өз коллекцияларын қолданушыларға алаңға салып қойғанын атап өтті. Бұл

бай кітапхана қорының аз ғана бөлігі ғана болсын, сонымен қатар ол кітапхана жиналыстарымен, оның қабырғаларында, сондай-ақ оның интернеттегі ресурстарымен танысуға деген ниетін қосымша ынталандырады [8].

Кітапханалардың қызметі, жұмысы, жалпы маңызы туралы сөз қозғалғанда ең алдыңғы қатарлы озық тәжірибелі елдердің бірі және бірегейі – Германия кітапханалары болып табылады. Германияда сандық медиа сатып алу үшін бірлестіктерді құру кеңінен таралған. Олардың ішіндегі ең ірісі – 67 көпшілік және мектеп кітапханалары кіретін Der Onleihe Verbund Hessen. 2013 жылы 2012 жылмен салыстырғанда Der Onleihe Verbund Hessen электронды кітаптарын беру 100%-ға артты. Осы бірлестіктің кітапханаларында, басқа да неміс кітапханаларындағы сияқты, тіркелген пайдаланушыларға е-кітаптарды оқуға арналған құрылғылар тегін беріледі.

Баспа және сандық формадағы туындыларға арналған авторлық құқықтар әр түрлі болғандықтан, оларды кітапханаларда беру әр түрлі жағдайларда жүзеге асырылады. Сол сандық туындының құқық иеленушісі баспагер болып қалады, сондықтан сандық нысандағы туындылар лицензия алғаннан кейін құқық иесінің рұқсатымен ғана алынуы мүмкін. Лицензиялау модельдері әртүрлі, бірақ басты шарт біреу-қол жеткізу құқығын шектеу арқылы электрондық басылымның пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз ету:

- электрондық нысандағы өнімді пайдалану мерзімін шектеу;
- оқырмандардың санын бақылау (әдетте, баспа түрінде шығарылған жағдайда-бір ғана бір ғана оқырманға бір лицензия);
- көшіруден қорғау;
- қосылу шарттары (тек онлайн немесе дербес режимде болады).

Цифрлық туындылардың пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз ету үшін ерекше технологиялық шешім талап етіледі. Германияның көпшілік кітапханаларында, мысалы, бұл электронды кітаптар, газеттер, журналдар, аудиокітаптар, музыкалық және бейнежазбалар беруді қамтамасыз ететін электронды медиа die Onleihe платформасы. Бұл платформаны Германияның DiViBib электронды медиа саласындағы жетекші агрегатор (кітапханалар мен баспалар арасындағы делдал) құрды. Неміс тілінде сөйлейтін елдерде-ГФР, Австрия және Швеция – оны 1600-ден астам кітапханада пайдаланады. Бір ғана Германияда бұл қызмет 30 миллион тұрғынға қолжетімді. Қазіргі уақытта пайдаланушыларға 800 баспадан астам 120 000 сандық туындылар ұсынылады. Жыл сайын бұл тізім шамамен 15 000 жаңа жұмыс толықтырылады. Үлкен сұранысты ескере отырып, Die Onleihe кітапханашыларға бір мезгілде бір оқырманға көп туындыны пайдалануға мүмкіндік беретін XL лицензиясын сатып алуды ұсынады.

Ағылшын тілді елдерде электронды кітаптардың, аудиокітаптар мен басқа да сандық медиа жетекші дистрибьюторы OverDrive платформасы болып табылады. Бүгінде ол әлемнің 2000 баспаларынан миллионнан астам атауда кітап ұсынады. OverDrive қызметін 22 000-нан астам кітапхана, мектептер мен колледждер пайдаланады. Бұл платформа Maximum лицензиясын ұсына бастады. Жеке туындыларды бір уақытта шектеусіз оқырмандар санына пайдалануға мүмкіндік беретін access-ке ие.

АҚШ кітапханаларында қатты танымал болған, 2011 жылдың күзінде әлемдегі ең ірі Zinio мерзімді басылымдарының сандық нұсқаларының порталы пайда болды. 1500-ден астам баспалармен (соның ішінде The Economist, National Geographic, Bonnier) ынтымақтастықтың арқасында Zinio стационарлық компьютерлерден және мобильді құрылғылардың түрлі түрлерінен (iPhone, iPad, Kindle Fire/Fire HD, Blackberry, Playbook, Nook және т.б.) 33 тілде 200 елден 6000 журнал атауына қол жеткізуді ұсынады. Ақылы контентке қосымша портал күн сайын 3000-ға жуық мақала ұсынады. Zinio қызметтеріне қол жеткізу 24/7 режимінде жүзеге асырылып тұрады [9].

Арнайы кітапханалар үшін Zinio for libraries бағдарламасы жасалған. Кітапханалар өз каталогына енгізгісі келетін журналдарды жалпы тізімнен өз бетінше таңдайды. Әдетте бұл 200-350 атаулар. Журналдарды жинақтау әр түрлі негіздер бойынша жүзеге асырылады: бір кітапханалар танымал басылымдарды (Cosmopolitan, Good Housekeeping, Rolling Stone, Men ' s Health) таңдайды, басқалары өз оқырмандарының нақты сұраныстарын басшылыққа алады, үшіншілері олардың қорында баспа түрінде жоқ болғандықтан таңдайды.

Оқырман билеті бар кез-келген кітапхана пайдаланушысы өзінің мобильді құрылғысына тегін Zinio қосымшасын жүктеуге, тіркелу жұмыстарын жасауға, журналдарды таңдауға және көшіріп алуға, содан кейін оларды онлайн немесе желіден тыс режимде оқи алады. Бір уақытта оқырмандар шексіз журналдар ала алады. Оларды қайтару қажет емес. Басылымдардың электрондық көшірмелері кітапхана пайдаланушыларының иелігінде мәңгі қалуы мүмкін. Жаңа сервис, сондай-ақ көптеген пайдаланушылардың бір журналдарға бір уақытта қол жеткізуіне мүмкіндік береді, бұл алдын ала тапсырыс беру және кезекте күту қажеттілігін жояды. Zinio for libraries танымалдылығының өсуі оны кітапханаға енгізуге үлкен шығындар мен жыл сайынғы жоғары абоненттік ақы ұстап тұр. Кітап оқуды алға жылжыту дәстүрлі түрде кітапхананың басты функцияларының бірі болып табылады. Егер бұрындары кітапханашы әдебиет саласындағы сарапшы ретінде кітап оқу және таңдау мәселелері бойынша үздік кеңестер береді деп есептесе, бүгінде оқырмандар кітапханаға келудің баламасы ретінде интернетте кітапсүйгіштердің кездесу орындарына жиі барады. Бұл жаңа үрдіс қауіп пен мүмкіндік болып табылады. Егер Web 2.0 технологияларына негізделген интернет пен стратегияларды сауатты қолданса, әдебиетті цифрлы ортада оқу және танымал ету үшін мүмкіндік береді.

2011 жылы Kirjasampo жобасының веб-платформасында жұмыс аяқталды (Kirja-кітап, Sampo-фин ұлттық калевал эпосымен байланысты түсінік: өз иесіне сәттілік әкелетін сиқырлы нысан мағнасында). Жобаны Финляндияның білім және мәдениет министрлігі қаржыландырады, контентті қалыптастыру және үйлестіру үшін Түркия қаласының кітапханасы жауап береді. Kirjasampo-ның негізінде көркем әдебиет үшін арнайы әзірленген метадеректер жіктемесі жатыр. Бұл Финляндиядағы алғашқы ақпараттық жүйе, оны құруда семантикалық веб-

технологиялар қолданылған. Kirjasampo – ақпаратты және кітап сипаттамасын сақтау құралы. Мазмұнның фасеттелген сипаттамасы кітаптарды ұсынуға мүмкіндік береді және осылайша жаңа оқуға деген қызығушылықты оятады. Сервистің міндеті-кітапханашылар мен оқырмандардың әдебиеттері туралы білім алмасуға ықпал ету [10].

Данияның "ашық кітапханалары". Соңғы жылдары Данияда "Ашық кітапхана" ұғымы танымал болды . 450 Дат кітапханаларының 180-і осындай болып табылады және көптеген адамдар оларды жалғастыруды жоспарлап отыр.

Данияда "ашық кітапхананың" пайда болуы 2004 жылы басталды. Пайдаланушыларды қанағаттандыратын арнайы технология әзірленді. Қызметкерлердің жұмыс күні аяқталған уақытта оқырмандар кітапханаға есікті өздері ашып кіре алады. Ғимаратқа оқырман билетінің, әрбір даттықта бар медициналық картаның немесе пайдаланушыны верификациялау үшін орнатылған чипі бар арнайы карточканың көмегімен кіруге болады. Кітапханалардағы тәртіп пен қауіпсіздікті бейнебақылау жүйесі қамтамасыз етеді.

Егер алдымен "ашық кітапхана" моделі жұмыс уақыты қысқартылған (мысалы, аптасына екі күн немесе күніне бірнеше сағат) немесе жабу қаупі бар кітапханаларда ақпаратқа қол жеткізуді жақсарту үшін енгізілген болса, онда кейінірек бұл кітапханалардың қол жетімділігін арттыру мүмкіндігі өте жоғары деп танылған. Негізінде мұндай өзіне-өзі қызмет көрсету кітапханасы тіпті 24/7 режимінде жұмыс істей алады. Әдетте оның жұмысы таңертеңнен басталады және кешке дейін созылады.

"Ашық кітапхананың" оқырманы өзіне-өзі қызмет көрсету автоматын пайдалануға, кітап оқуға, компьютерде жұмыс істеуге, ксерокөшірме жасауға, музыка тыңдауға немесе тіпті шағын мереке ұйымдастыруға болады.

Тәжірибе көрсеткендей, кітапханаларға келушілер саны артып, бұрын кітапхананы қолданбаған жаңа оқырмандар пайда болды, олардың ішінде балалар, жасөспірімдер мен ересектер де бар.

"Ашық кітапхана" үлгісі тек Данияда ғана емес, сонымен қатар Швецияда, Норвегияда және Ирландияда танымал болды.

Әлемнің түрлі елдерінің бұл тәжірибесі көптеген кітапханаларға арналған идеялар мен бастамалардың пайдалы көзі болуы мүмкін [11].

Соңғы жылдары техникалық революцияның арқасында көпшілік кітапханалардың сайттары және олардың әртүрлі виртуалды анықтамалық қызметтері іске қосылды. Олардың әрқайсысының өзіне тән кемшіліктері мен артықшылықтары бар. Бірақ, көп кітапханаларда кітапханаға келмей-ақ пайдаланушылар анықтамалық қызметтерді пайдалануға мүмкіндік алды. Кітапханаларда өз қызметін жоғарылату үшін мүмкіндік кеңейді. Жаңа оқырмандарға ие болды. «American Libraries» журналының 2002 жылғы мамыр айындағы есептеуі бойынша әлемде мыңнан аса елде виртуалдыы қызмет түрі қолданысқа енген. Виртуалды қызмет бүгінде әлемнің кез-келген жерінде пайдаланылады. Әр аймақ өз ерекшелігінше осы қызметтерді пайдалана алады. Мысалы: электронды пошта арқылы сұраныс қабылдап, жауап беру немесе желілік формалар, чат-анықтамалар, видеконференциялар қолдануға болады.

Виртуалды қызметтің кең тараған түрінің бірі - e-mail reference яғни, электронды пошта арқылы жүргізілетін қызмет. Қызметтің бұл түрі XX ғасырдың 80-ші жылдары енгізілген. АҚШ-тың медициналық және техникалық кітапханалары бұл тәжірибені ертеректе бастап кеткен. Кейін басқа кітапханаларда жалғасын тапты. «Кітапханашыға сұрақ» деп аталатын қосымша қызметтер де енді. Ресей мен жақын шет елдерде виртуалды қызметтің осы түрі белсенді болды.

Ақпараттық секторда ең белсенді көшбасшы мемлекет АҚШ болып саналады. Интернет желісіндегі кітапхана саласы бойынша америкалық феномен бұрыннан белігілі. Ағылшын кітапханалары, тіпті мұражайлары да ең басынан-ақ қолданушылардың сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған. Неміс және Ресейлік кітапханалар секілді кітап қорын пайдалануға, жинауға, олардың құрамына, сақталуына, көрсетілуіне аса мән бермеді. АҚШ кітапханалары ежелгі кездерден-ақ жаңалыққа, жаңа технологияларға, макертингке құмар болды. Оларда көпжылдық тәжірибесі анықтамалық-ақпараттық жүйеге қамтылған. Телефон мен факс арқылы да қолжетімді болды.

Өз кезегінде неміс кітапханалары мен Ресейлік кітапханалардың даму бағыттары бірдей, бір уақытта қарқын алған деп айта аламыз. Көптеген ғалымдар негізінен ағылшын кітапханалары мен неміс кітапханаларын салыстырғанда, америкалықтардың әлде қайда дамығандығын айтады. Себебі, неміс кітапханаларындағы мамандардың біліктілігі де төменірек болғандығы айтылады. Ағылшын кітапханалары көбірек қызмет түрін жақсартуға тырысса, неміс кітапханалары көбіне қорды толықтыруға жұмсайды [12, б.29-31]. Бұл жерде біз бұл дамыған елдердің тәжірибелерін қарай отыра басты назарды тек жаңа қызметтерге, оқырмандарды кітапханаға тарту мен қоғам алдындағы кітапхана имиджіне ғана жұмсамай ондағы кітап қорының да маңызды екенін байқай аламыз, Себебі, кез-келген кітапхананың басты күші, негізі – ол оның кітап қоры болып саналады.

"Жаһандану" бүгінгі күні барлығының аузында, ұранға тез айналатын сәнді сөз болып келеді. Алайда, барлығы үшін жаһандану – бұл біздің әлемнің сөзсіз қайтымсыз процесі, сонымен қатар, әр адамға әсер ететін процесс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Захаренко, М. Впечатления и размышления об организации обслуживания в публичных библиотеках Франции// Библиотечное дело. – СПб. – № 16. – 2014. – С. 9-11.

2. Онуфриенко, Г.М. Инновации в обслуживании читателей: зарубежный опыт [Электронный ресурс]// Библиотека в эпоху перемен . – 2017 . – Вып. 1 . Режим доступа: http://infoculture.rsl.ru/donArch/home/bep/2017/01/2017-01_bep-3.pdf (дата обращения: 15.02.2020).

3. Wisconsin's Digital Library [Электронный ресурс]//Режим доступа: http://dev.wvls.org/wisconsins-digital-library (дата обращения: 15.09.2018).

4. Whichbook is a unique site for choosing what to read [Электронный ресурс]//Режим доступа: http: // www.openingthebook.com/ whichbook/about/ (дата обращения: 15.06.2020).

5. Макаров, В. Канадский опыт цифровых библиотек// Библиотечное дело. – СПб. – №16 . – 2014. – С. 2-5.

6. Crawley, D. Public Libraries and E-books: After a Tumultuous Honeymoon, Seeking a Stable Marriage // Feliciter. – 2013. – №1, Vol. 59. – P. 21.

7. Choi, W. Development and application of mobile technology in South Korean libraries // Libri. – 2009. – Vol. 59. – P. 14-22.

8. San José Public Library [Электронный ресурс]//Режим доступа: http://www.scanjose.org/ (дата обращения: 13.10.2020).

9. Getting Started with Zinio [Электронный ресурс]//Режим доступа: http://www.phoenixpubliclibrary.org/browse/eLibrary/Pages/Getting-Started-with-Zinio.aspx (дата обращения: 12.12.2019).

10. Хипен, К. Kirjasampo – вдохновляющий, удивляющий, предоставляющий больше полномочий доступ к художественной литературе [Электронный ресурс]// Режим доступа: http://kniga.seluk.ru/k-raznoe/655309-1-kirjasampo-vdohnovlyayuschiy-udivlyayuschiy-predostavlyayuschiy-bolshe-polnomochiy-dostup-hudozhestvennoy-literature-kaysa-h.php (дата обращения: 25.02.2020).

11. Larsen, D. Open libraries in Denmark [Электронный ресурс]// Режим доступа: http://slq.nu/?article=volume-46-no-3-2013-5 (дата обращения: 25.02.2020).

12 Михнова, И.Б., Пурник, А.А., Пурник, А.В. Поручи поиск человеку: виртуальные справочные службы в современных библиотеках.-М.: ФАИР-ПРЕСС, 2005. – 304 с

ӘОЖ 571.12
МРНТИ 03.20.09

Бекенова Фариза Муртхановна[1]

[1]*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 3 курс 8D-011400 мамандығының докторанты*

ҰЛТТЫҚ МҰРА ЖӘНЕ КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада автор көне түркі жазба ескерткіштерінің тарихи танымдық маңызына баға бере отырып сипаттайды. Сонымен қатар дала өркениеті тарихындағы түркі жазба ескерткішьерінің рөліне тоқталған. Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеу түркі тілдес халықтардың ортақ тарихы, тілі мен діні, рухани және материалдық мәдениетінің болғандығын сипаттау үшін өте қажет. Көне түркі жазба ескерткіштерінің мәтіндеріндегі азаттық пен мемлекеттілік идеяларының маңызы зор. «Мәңгі ел», «Қасиетті Жер-Су» ескерткіштерде кездесетін мемлекеттік идеялардың мәні өте құнды. Жазба ескерткіштердегі сыртқы саяси қарым-қатынастарға байланысты тарихи деректік материалдар Түркі қағанатының сол кезеңде Қытай, Византия, Иран, эфталиттер мемлекеті сияқты қуатты империялармен терезесі тең ел болып, Еуразия континентіндегі геосаяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды роль атқарғанын көрсете алғандығын дәлеледейді. Осы тұрғыда автор әлемдік өркениеттегі түркі жазба ескерткіштерінің тарихи мәнін ашуды негізге алады. Сонымен қатар автор түркілік жазба мұралардың түркі халықтары мәдениеті мен өркениетіндегі орны мен рөлі, оны зертеп-зерделеудің маңызы, зерттеудің негізгі бағыттары мен нысаны, олардың өзектілігі туралы мәселелерді сөз етіп, нақты дәлелдермен қарастырған

Тірек сөздер: Көне ескерткіштер, түркі жазуы, жазба ескерткіштер, Күлтегін

Bekenova Fariza Murthanovna[1]

[1]*Abay Kazakh National Pedagogical University, 3rd year doctoral student, specialty 8D-011400*

NATIONAL HERITAGE AND MONUMENTS OF ANCIENT TURKISH LITERATURE

Abstract

In this article, the author describes the historical traditions of the Turkic-speaking scripts. Exploring the ancient Turkic written monuments, religion, spirituality and history of the Turkic peoples, betrays the essential words of historical monuments "Mәngi eating", "Qasietti Jer-Su", that they are priceless. In written inscriptions proved a stable geo-political relations with developing countries such as China, Byzantium, etc. The author also founds the historical value of the Turkic-speaking world civilization written inscriptions. The paper considers the role of Turkic written monuments in stanovlenenii culture, their importance in the civilizations of the Turkic peoples. Identify key trends and challenges of the study.

Keywords: ancient monuments, Turkic writings, inscriptions in monuments

Бекенова Фариза Муртхановна[1]

[1] *Казахский национальный педагогический университет имени Абая, докторант 3 курса 8Д-011400*

НАЦИОНАЛЬНОЕ НАСЛЕДИЕ И ПАМЯТНИКИ ДРЕВНЕЙ ТУРЕЦКОЙ ПИСЬМЕННОСТИ

Аннотация

В статье автор описывает историческое и познавательное значение древнетюркских письменных памятников. Он также рассказал о роли тюркских надписей в истории степной цивилизации. Изучение древнетюркских письменных памятников необходимо для описания общей истории, языка и религии, духовной и материальной культуры тюркоязычных народов. Идеи свободы и государственности важны в текстах древнетюркских надписей. Очень ценна суть государственной идеи, заложенной в памятниках «Вечная страна», «Святая земля и вода». Исторические документы, связанные с внешней политикой в памятниках, показывают, что Тюркский каганат в то время был равноправным государством с такими могущественными империями, как Китай, Византия, Иран, государство эфталитов, и сыграл важную роль в обеспечении геополитической стабильности на евразийском континенте.

В этом контексте автор исходит из открытия исторического значения тюркских письменных памятников в мировой цивилизации. Автор также обсуждает роль и место тюркского письменного наследия в культуре и цивилизации тюркских народов, важность его изучения, основные направления и формы исследований, их актуальность и приводит конкретные доказательства.

Ключевые слова: древние памятники, тюркская письменность, письменные памятники, Культегин.

Еліміз тәуелсіздік алғанға дейінгі жылдары қазіргі ТМД кеңістігіндегі түркі жазба ескерткіштері тарихы Кеңес үкіметі тұсында бірыңғай Мәскеудің көзімен жазылған еді. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері өз тарихымызға қызығушылық, әр түрлі мәселерді зерттеу ісі қолға алынды. Мәселен, қазақ халқының тарихын түркі дүниесінің құрамдас бөлігі ретінде жазушылардың алдында жауап берер көптеген сұрақтар тұрды. Біріншіден, тарихымызды ұлттық көзқарас тұрғысынан жазып келіп, одан әрі жалқыдан жалпыға қарай түркі дүниесінің ортақ тарихының мүддесі тұрғысынан зерттеулер жүргізу керек.

Елбасы Н.Назарбаев, «Тарих толқынында» кітабында «Біз өз мемлекеттігімізді ұзақ уақытта меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханятының бастауларын түсінгеніміз жөн»,- деп көрсетті. Сондай руханияттың бірі – ұлттық тәрбие. «Ел болам десең бесігіңді түзе», -дегендей ата-баба салтын бойына сақтаған, адал сүт емген ұрпақ тәрбиелеу бәрміздің міндетіміз. Сондықтан байырғы түркі бабаларымыз, этногенетикалық тамырымыз қандай еді, X, XI ғасырдан кейінгі сол ежелгі жұрттың ұрпағы болып отырған біз қандаймыз деген сұрақ тууы заңды. М.Қашқари былай дейді: «Түркілер көркемдік, сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік, тағы сондай сансыз көп мақтаулы қасиетке ие». Осы М.Қашқари айтып кеткен қасиеттер бойымызда бар ма, бар болса қаншалықты дәрежеде? Бұл сұраққа жауап беру үшін бірнеше кітап жазуға болады. Жақсы техника мен технологияны сатып алуға болады, ал жақсы ұрпақты, аталар арманын болашаққа апаратын жас өркенді қайдан сатып аласың. Жүрегі елім, жерім деп соғатын игі жақсың көп болсын десең ежелгі түркі бабалар салып кеткен моральдық кодекстерге, рухани бастауларға мұқият болайық.

Қазіргі таңда Түркітанудың басты өзекті мәселелері түркі халықтарының тарихын зерттеу. «Түркі халықтарының тілі, әдебиеті, дәстүрлі мәдениеті, тарихы, дүниетанымы туралы ортақ мәселелер күн тәртібіне қойылар болса, онда бұлардың тарихи аспектісі алдыңғы тұғырға шығады»,-деп ғалым Ж.Түймебаев атап көрсетті.

Түркі бабаларымыздың ата-қоныстары Еуразия кеністігінің қай қиырынан да байқалады. Ежелден бізге жеткен топонимдер көне тарихтан сыр шертеді. Мәселен, кейбір зерттеушілердің Камчатканы қамшымен, Альпі тауын Алып сөзімен байланыстырған пікірлерінің жаны бар. Түркі әлеміне он ғасырдан астам қызмет еткен Ұлы Жібек жолының бойы сырға толы. Қытайдағы Шығыс Түркістан, Орта Азия, Қазақстан, Кавказ, Кіш Азия мен Солтүстік Иран арқылы өтетін Ұлы Жібек жолының бойындағы сауда-саттық, саяси-экономикалық қарым-қатынас тек түркі тілінде ғана жүзеге асқанына деректер жетерлік. Түркі бабасының жер бетіндегі ізін іздестіру Қазақстан географтарының сүйікті ісі болмаққа керек.

Түркітану саяси ғылым ретінде түркі баласын түркішілдікке үндеуі қажет. Түркішілдік түркі ұлтшылдығының атауы. Түркішілдік негіздерін өткен ғасырларда Татардың түркішіл азаматтары Исмайл Гаспринский, Шахаббадин Маржани, Жүсіп Ақшора (Юсуп Акчура), Түркия түріктерінің көсемі Зия Көкалып сияқты азаматтар нықтап кеткен. Түркішілдік тілің мен әдебиетіңді, ділің мен мәдениетіңді біліп, тарихыңды, шыққан тегіңді түсініп, өз ұлтыңды танып, сүю, қаны бір туысыңды бауырыңа тарту. Түркі әлемінің тарихи тұтастығын, рухани және мәдени бірлігін жырлаған түрік қаламгері Хүсейн Нихал Атсыз «Шынына келсек, басқа ұлттардың түркіні сүюі- уақытша, әлдебір саяси мұқтаждықтан туатын құбылыс- Түркіні түркіден басқа ешкім шынайы сүйе алмайды»- деген еді. Яғни, өз ұлтыңды сүю айып емес, ол өз ұлтыңды басқадан жоғары қоятын жабайы ұлтшылдық емес. Ең алдымен өзінің халқын сүйіп, құрметтейтін адам ғана өзге жұртты кіршіксіз сыйлап, шынайы түсіне алады. Сондықтан түркішіл біріншіден, ұлттық мүддені жеке бастың мүддесінен жоғары қоятын, ұлттық құндылықтарды және өткенді құрметтейтін, имандылық парызы биік, әділетсіздермен күресте қорқуды білмейтін адам. Екіншіден, XXI ғасырда жаһандану тасқынына жұтылып кетпеу үшін этностық тегі бір, мақсат-мүддесі бір түркі тектес ұлттардың бір мақсатқа жұмылуы. Түркішілдікке бұрынғыша «пантюркизм» деп үрке қараудың реті жоқ. Ол Исмайл

Гаспринскише айтсақ «Тілде, Пікірде, Істе бірлікте болу». Түркішілдік жеке ұлттар мен мемлекеттердің шеңберінен шығып, ғаламдық сипат алып келе жатқан саяси-экономикалық қыр-сыры күрделі, геосаяси ауқымы кең құбылыс.

Түркі дүниесі мен мұсылман дүниесі қарама-қарсы қоятындар да бар. Күллі мұсылмандардың жиынтығын бір ұлт деп қарап, ислам бірлігін жоғары қоятындар ұлттық құндылықтарды ескергісі келмейді.

Л.Н.Гумилов атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Тюркология және Алтайстика» орталықтары Түркітанудың мемлекеттік деңгейлердегі бағдарламаларын белгілейді. Түркітанудың сондай жалпы бағдарламаларымен қатар аймақтық міндеттері болуы керек. Бүгінгі таңда түркі тілдес халықтардың шығу тегінің, тарихы мен рухани мұраларының ортақтығы – оларға мына жаһандану заманында бір-бірлеріне жақындасып, рухани жаңаруларын, бірлесе отырып өз тарихының өткеніне терең үңіліп, өзін-өзі танып-білуін ғана қажет етіп отырған жоқ, оларға әлемдік өркениеттен өзінің орнын анықтауда да, біртұтас түркілік мәдениетті қалыптастырып, орнықтыруда да үлкен мүмкіншілік беріп отыр.

. Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады. Түркі тарихын, көне түркі мұраларын зерттеуші филология ғылымдарының докторы, профессор Қаржаубай Сартқожаұлының «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналында: «Мәңгілік ел - түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тонікөк (Түй-ұқық) негізін қалаған идея...» - екендігін жазған. Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тонікөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мәңгілік ел - мақсаты түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды. Л.Н.Гумилев еуразия құрлығының бірлігі, мәңгілігі туралы ойын көне түріктерден бастайды. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен қалыптасып жатқан Еуразиялық идеясының негізінде Ресейлік емес, түріктік ынтымақтастыққа қол жеткізіп, көне түріктердің мәңгілік ел идеясының өміршеңдігін дәлелдеуіміз керек.«Тұтас түрік елі» идеясынан «біртұтас Түркістан» идеясына дейінгі бабаларымыздың атқарған істері едәуір. Елбасы Түрік бірлігі идеясын тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап көтеруде. Ел азаматтары мен Қазақстан саяси элитасының ұлттық идеология қалыптастыру жолындағы ойларын Елбасы сараптады. «Біртұтас Түркістан идеясы», «Түркістан конфедерациясы», «Еуразиялық одақ идеясы», «Қазақстандық ұлт идеясы», «Жерұйық», «Атамекен», «Қазақ Елі идеясы» сынды ұғымдар арқылы мемлекет құрушы қазақ халқы мен тарихи тағдыр тоғыстырған ұлттарға ортақ боларлық идея, мемлекеттік мәнге ие боларлық идеология қарастырылды. Мәңгілік Ел идеясы -қазақ ұлтының мақсат-мүддесіне және елімізді ортақ Отан еткен жүз отыздан астам ұлттар мен ұлыстардың ұлттық идеясына негізделген идеология болатынына сенуге болады. Еуроцентристік көзқарас бойыншатүркі тілдес халықтардың ынтымақтастығына деген сын айтушылар көп. Түркі интеграциясын Т. Рысқұлов пен М.К. Ататүрік бастаса, кейін нақты практикалық шараларды қолға алған ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың шешуші саясаты өз жемісін берді. Н.Ә. Назарбаевтың түрік халықтарының бірлігін нығайтудағы тарихи рөлінің қаншалықты маңызды болғанын аңғаруға болады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2000 жылы 14-желтоқсанда латын алфавитіне көшу мәселесіне қатысты өз пікірін білдіре келіп, өте мұқият дайындықтан соң латын алфавитіне көшетінімізді айтты. Бұл жерде Тонікөк негізін салған «Мәңгілік ел» идеясын қалпына келтіруші, жандандырушы Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың қазақ халқына славяндық кириллица емес, түркі тектес бауырларымыз қолданатын латын қарпіне көшудің қажеттілігін айтты. «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Түркі халықтары жұмылған жұдырықтай болып біріккен кезде геосаяси өмірге тең құқықты субъект ретінде ықпал ете алады, мәдени әлемдегі өзара қарым-қатынастарда қайдағы бір енжар, ынжық элемент ретінде емес, өзгелермен терезесі тең тұлға ретінде бой көрсете алады. Бұл бағыттағы алғашқы игі қадам ортаазиялық одақтың құрылуы болды. Оның шеңберінде біздің бәрімізге ортақ мәдени ұқсастығымызды жете сезіну арқылы деңгейіміздің көтеріле түсетіні сөзсіз» — деп түрік бірлігінің болашағына зор үмітпен қарады. Қазіргі кезде, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жүргізілген түркі тілдес мемлекеттерді жақындастыру саясаты, елімізді Орталық Азияның көшбасшысына айналдыру идеясы өз жемісін берді. Оған Түркістандағы Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің ашылуы, 2009 жылы Түркияның «Түрік ошақтары» қоғамдық ұйымынан Н.Ә.Назарбаевқа «Түркі әлеміне қызмет» марапатының берілуі, Астанада Түркі академиясының ашылуы, сонымен қатар, Анкара қаласындағы «Генчлер» саябағына Н.Назарбаев ескерткішінің орнатылуы, Түркия Президенті Абдулла Гүлдің Президент Н.Назарбаевты «түркітілдес халықтардың көшбасшысы» деп бағалауы - Елбасының түркі әлемін біріктіру, экономикалық және мәдени салаларды тығыз байланыстыру жолындағы тарихи еңбегіне берілген әділетті баға болды. Елбасының түркі интеграциясы жолындағы қызметінің мақсаттарының бірі - экономикалық ынтымақтастыққа негізделген. XXI ғасырды Түрік мәдениетінің ғасыры болады деп болжам жасаушылардың қатары күн санап артып келеді. Көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш негізден тұрады: оның біріншісі - көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы, екіншісі - Әл-Фарабидің «Қайырымды қалада» философиялық шығармасында, әсіресе, бұл идеяның теориялық-методологиялық тұрғыдан тиянақталуы және үшіншісі - Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты Білік» дастаны. Тонікөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. «Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Осыдан кейін, «Мәңгілік Ел» «Алла

Тағаланың елі, халқы» дегенді білдіреді және мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген тұмары болады деуге толық негіз бар. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні — мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті. Мәңгілік Ел ұлттық идеясы дегеніміз — өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз! Біздің мақсатымыз – елі бақытты, жері гулденген қасиетті отанымыз Қазақстанды «Мәңглік ел ету» дейді Елбасы. «Интелектуалды ұлт 2020» ұлттық жобасының мақсаты- жаңа тұрпаттағы қазақстандықтарды тәрбиелеу және Қазақстанды бәсекеге қабілетті адам капиталы бар елге айналдыру,ұлттық интеллектуалдық әлеуетін дамыту және ол жобаның мемлекеттік стратегиялық тұрғыдан дамыту бағыты үш құрамдас бөліктен тұрады: білім беру жүйесін инновациялық даму жолына түсіру ; қуатты ақпараттық революция ,яғни ақпараттық инновациялық технологиялар паркін қалыптастыру;жастарға рухант тәлім-тәрбие беру. Сонымен бірге ұлттық жобаның негізгі идеясы жаңа тұрпатты азаматты тәрбиелеу және Қазақстанды бәсекеге қабілетті адами капиталы қалыптасқан мемлекет деңгефіне жеткізумен байланысты. Қазіргі кезеңге дейінгі тарихшылардың, саясаткерлердің, филососфтардың, әдебиетшілердің басқа да зерттеушілердің зерттеу нысанына айналып отырған түркі жазба ескерткіштері түркі халықтарының мәдениеті мен тарихының ортақ мұрасы екендігі дау туғызбайды. Тіпті тек түркі халықтары мәдениетінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тарихында елеулі орын алатын ондай ескерткіштердің рөлі өте құнды. Мұндай құнды рухани мұралардың қазақ елінің тарихына да қатыстылығы біз үшін үлкен мақтаныш [1; б. 89]. Б.з.б. 1 мың жылдықтың басында Орта Азия мен Қазақстан далаларын сақтар мекендеген. Сол сақтардың Солтүстік тобы түркі тілдес, ал оңтүстік тобы иран тілдес тайпалар болды. Түркі қағанаты тұсында түркі тілінің өрісі кеңейіп, негізгі тілге айналды. Бұрын иран тілі тобына енетін тілдерде сөйлейтін халықтармен аралас-құралас болып, енді түркі тілінде сөйледі. Түркі тілінің әр түрлі диалектінде сөйлейтін тайпалық ұлыстар бір-бірімен үздіксіз экономикалық, мәдени-байланыс жасап,қатысып тұрды. Түркі ескерткіштерінің ең көнелерінің бірі – Орхон ескерткіштері (VIII ғ.). Алтай, Сібір, Орта және Орталық Азия жерінде V-IX ғасырларда түркілер қоныстанған кезеңдегі жазу, діни сенімдердің, әдебиет өнері, жалпы тарихын саралауда Орхон жылнамасы мен Талас аңғарынан табылған ескерткіштердің маңызы зор. Орхон-Енисей ескерткіші өзіндік қолданылу аясына қарай Орхон-Енисей және Талас жазуы деп екі топқа бөлінеді. Жалпы Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінің уақыты түркілер тарихындағы «Көне түрік» дәуірінде тұспа - тұс келеді. Шығыс Түркі құрамында өмір сүрген тайпалар осы Орхон – Енисей жазуын қолданып, осы жазу тілінде сөйлеген. Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінің негізінен табылған жері – Орхон, Енисей, Селенгі және Талас бойы. Орхон ескерткіштеріне YI ғ. аяғы мен YIII ғ. басындағы Орхон, Селенгі, Тола өзендері мен Минусинск ойпатынан табылған Құтлығ қаған (Онгин), Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, Мойын Чор, Күллі Чор, Суджы ескерткіштері жатады. Енисей жазба мұраларының бұлайша аталуы тас бетіндегі сына жазуларының Енисей бойынан табылумен байланысты. Бұған қосымша кейіннен Тува мен Хакасия Краснояр өлкелерінен де осындай жазбалар табылған. Енисей жазбаларының жалпы саны - 85 шамалы. Олардың ішінде кіші – гірім жазбалармен қатар ірі текстер кездеседі. Енисей ескерткіштері көлемі жағынан негізінен шағын болып келеді. Ең үлкен 10-15 жолдан, ең кішісі 1-2 жолдан ғана тұрады. Күлтегін ескерткіштерінде мынадай сөйлемдер кездеседі: «Түркі салқын тиып, ел еткендеріңді де мұнда бастым, жаңылып кеткендеріңді де мұнда бастым. Барлық сөзімді айтар мәңгілік тасқа бастым, бұдан қарап біліндері түркінің қазіргі халқының бектері» - дейді [3; б. 11]. Талас жазу ескерткіштеріне Талас өзені бойынан табылған 12 ескерткіш жатады. Талас өзені бойындағы Айыртам-Ой деген жерден (қазіргі Жамбыл облысы) 1896 ж. Әулие Ата уезінің бастығы Каллаур ғылымға үлкен жаңалық боп енген жазуы бар тас тапқан. Зерттеушілердің пікірінше Талас ескерткіштері YIII ғ. қамтиды. XYIII ғ. 20-жылдарында Орхон-Енисей аңғарынан табылған көне түрік жазуын көпке дейін ешкім оқи алмаған. Бұл жазудың сырын В.Томсен ашпастан бұрын Орхон-Енисей ескерткіштерінің зерттелу тарихы XYII ғ. II жартысында басталды. Ең алғаш 1662 ж. Орхон-Енисей жазуы жөнінде хабар еткен ғалым Витзен болатын. 1697 жылы Тобыл қаласында Ремезовтың «Сібір қалаларының шөл далалары мен таулы жерлерінің чертежі» еңбегі жарық көрген. Сол еңбекте Талас бойындағы «Орхон тасы» деген жер аталған. Орхон-Енисей ескерткіштері үлгілерінің алғашқы жарық көруі Сібірде 13 жыл айдауда болған Табберт-Страленгбергтің атымен тығыз байланысты. Оның 1730 Стокгольмде неміс тілінде басылып шыққан «Европа мен Азияның солтүстік және шығыс бөлімдері» еңбегі көне ескерткіштер туралы мағлұмат береді[4; б.32].

Ежелгі түркілердің діни сенімдері туралы айтатын болсақ, олар Көкке және Жерге табынған. Түркі қағандары тек көк тәңірінің бұйрығымен қағандық етеді деп түсіндірілген. Мыс: Білге қаған: «түркі халқы жойылмасын, ел болсын. Әкем Елтеріс қағанды, шешем Елбіге қатынды тәңірі төбесіне ұстап, жоғары көтерген екен, мені қаған етіп отырғызған екен»- депті өзінің таққа отыруы туралы тасқа қашалған жазуда. Түркілер тәңір бұйрығымен жеңіске жетеді не жеңіліске ұшырайды. Келесі құдай отбасы мен балалардың жебеушісі - әйел құдай Ұмай болды. XIX ғ. аяғында әйел құдай Ұмайға табыну Алтайдағы кейбір түркі тілді халықтар арасында сақталған. «Тоныкөк» жырында «Көк тәңірі», Ұмай, қасиетті Жер-су, міне осылар бізге жеңіс сыйлаған делінген[5; б.48]. Орта ғасырда барлық түркі тілді тайпалардың сенімдеріне Алтайда сақталған қасиетті тауларға табыну маңызға ие болды. Ежелгі түркілер қаған тегінің жебеушісі, рухы саналған қасиеті Өтікен сұлбасын яғни Хангай тауларын ерекше пір тұтқан. Ондағы ң ата-баба үңгірінде түркі аңызы бойынша бөрі сол үңгірде түркілердің ата-бабаларын дүниеге әкелген, бұған қаған жылына 1 рет құрбандық шалған. Түркілердің нанымы бойынша жерді, суды, орман-тауларды рухтар жайлаған. Олардың сенімі бойынша өлгенннен кейін адам жаны көшеді делінген. Ежелгі түріктер өлген адамды шаман рәсімі бойынша жерлеген. Яғни биік жерге киіз үй тігіп, өлікті сол үйге қойған. Сол маңайға құрбандыққа әкелген малды

байлаған. Өлген адамның туыстары жылап, бетін тілгілеп, шашын жұлып өлік жатқан үйді 7 рет айналатын болған. Сонан соң өліктің киім – кешегін, барлық заттарын денесімен бірге өртеген. Кейін күлін жинап, жерге көметін болған. Түріктер отты киелі құбылыс есептеп, оны пір тұтқан. Зұлымдық әкелетін рухтарды отпен тазалап, аластайтын діни ғұрып болған [6; б.235].

«Тоныкөк» ескерткішін 1897ж. Селенгі өзені бойынан Д.Клеменц тапқан. Тоныкөк - үш қаганның, 692 жылы қайтыс болған Құтлығтың, 716 жылы қайтыс болған Қапағанның және 734 жылы қайтыс болған Білгенің әскери кеңесшісі болған. Ол табғаш елінде оқып, тәлім-тәрбие, әскери білім алған. Зерттеушілердің пікірінше Тоныкөк 716 жылдан кейін қайтыс болды деп жорамалданады. Ескерткіштегі жазуды жазған Тоныкөк. Әйтсе де жыр жазылу стилі, композициялық құрылымы, идеялық мазмұны жағынан «Күлтегінге» ұқсас. «Күлтегін» жырында негізгі нәрсе – Күлтегіннің ерлігі болса, «Тоныкөк» жырында автор сол шайқаста жеңіске Тоныкөктің ақыл-айласы арқасында ғана жеткендігін көрсетеді. Жырдың басты қаһарманы түркілердің дана қарты Тоныкөк[7; б.57]. Қазақ халқының құрылуына негіз болған ру-тайпалар ол замандарда қазіргі Қазақстанды, Орта Азияны, Оңтүстік–шығыс Сібірді, Орталық Азияны, Еділ бойын, Каспий жағалауларын мекен еткен. Олар өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түрікмен, ұйғыр, қарақалпақ, хакас, башқұрт, татар халықтарының төл құрамына енген ру-тайпалармен аралас өмір кешкен. Сөйтіп, экономикалық, әлеуметтік, мәдени өмірі бір-бірімен өзара тығыз байланысты болған түркі тілдес халықтардың әдебиеті де ортақ болды[8; б.119]. «Күлтегін» (684-731) ескерткіші «Білге қаған» ескерткішімен қатар бір жерде табылған.

Күлтегіннің ерлігінің арқасында түркі халқының: "Кедейі бай болды", "азы көп болды", – деген сияқты жолдардан жырдың түпкі мұраты ел бірлігі мен оның бақытты өмірін аңсау екенін аңғару қиын емес.

Бұдан шығатын қорытынды – қазақ халқындағы бай жыр дәстүрінің негізі сол Орхон ескерткіштерінде қаланған. Орхон ескерткіштері – алғашқы ерлік жырларының бірі. Бұған тағы бір дәлел – жырда Білге Қаған, Күлтегін батыр, Тоныкөк жырау сияқты кейіпкерлер образдық дәрежеге жеткізіле жан-жақты суреттелген. Білгенің жырда қайда, қандай жорықтарға барғаны, қандай, қаншалықты ерлік көрсеткені толық суреттеледі, ол халықты жинап ұйымдастырушы ретінде бейнеленеді. Білгенің іс-әрекеттері ғана емес, көңіл-күйі де баяндалады. Ол дұшпандар салған іріткіге еріп, қырылып-жойылып бара жатқан халқына қатты назаланады[9; б.112]. Жырда Күлтегін бейнесі үнемі өсу үстінде болады. Күлтегін – түркі халқының ерлік сипаттарын бойына дарытқан жиынтық образ. Оның тұлғасында бір кездерде жалпақ даланы еркін билеген түркі тайпаларының өршіл, қайтпас мінезі бар. Оның тұлғасында халықтың сондай батырым болса деген арманы бар. Жырда батыр мерт болғанда, қазасына досы ғана емес, дұшпандарының да қосыла жылауының кең суреттелуі халықтық бұлжымас ерлік дәстүрлерді қасиеттейтінін дәйектей түседі. Жырдағы Тоныкөк көптеген қағандарға кеменгер ақылгөй болумен бірге небір жорықтардың куәгері, ізінше сол жорықтар жайында жырлар тудырып, тасқа қашатып жазғызған автор екені де байқалады. Сөйтіп, Тоныкөк әрі батыр, әрі ақылгөй, әрі жырау бейнесінде сомдалады.

Қорыта айтқанда, Күлтегін, Білге Қаған және Тоныкөк ескерткіштері (Орхон-Енисей) – мазмұны мен түрі жағынан ежелгі түркі халықтарына ортақ көркем туындылардың үлгісі болумен бірге, ол қазақ халқының асыл қазынасына енетін тарихи мұра.

Тәуелсіздіктің 10 жылдығы қарсаңында Астана қаласында қазақстандық археология ғылымының жетістіктеріне арналған «Қазақстанның ежелгі асыл мұралары» атты көрме ұйымдастырылды. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер» атты халықаралық ғылыми – теориялық конференция болып, оның негізінде түркология ғылымы саласындағы жетістіктері үшін – Күлтегін атындағы сыйлық тағайындалды. 2001 жылдың 9 шілдесінде – «Ғылым туралы» Заң қабылданды.

Арғы дәуірлерге бармай-ақ, таза түркілік заманымызға зер салар болсақ, әйгілі Рим империясы құлап, Еуропадағы осы күнгі мемлекеттердің нобайы да әлі қалыптаса қоймаған, ал Қытайда үш патшалық пен алуан әулет өзара қырқысып жатқан 6 ғасырда - 552 жылы Алтайда Ұлы түрік қағанаты атты қуатты, күшті мемлекет дүниеге келді. Ол небәрі жарты ғасыр ішінде Алтай мен Кавказ арасындағы алып далада жеке дара билік жүргізді. Дәуірлеп тұрған кезінде Византия мен Ираннан, Қытайдың екі патшалығынан алым алған ер түріктің берекесі кетіп, өз ішінде билікке талас бастағанда, әуелі батыс және шығыс болып ажырап, кейін оғыз, қарлұқ, қыпшақ болып бөлініп, жауларына жем болды. Сегізінші ғасырда тасқа қашалған Күлтегін жазуында: «Алдау мен арбауға арандалған түрік халқы бірлігінен айрылды. Табғаштарға қайсар ұлдары құл, көрікті қыздары күң болды», - деп жазылған. Қай заманда болмасын, барлық жеңістеріміздің бастауы береке-бірлік екенін жас ұрпақ ешқашан ұмытпай, өткеннен сабақ алуы үшін Күлтегін жазуының көшірмесін жасатып, Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінің атриумына қойғыздым. Бүгінгі тәуелсіз түркі мемлекеттері - Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Түрікменстан мен Қырғызстан және дүниенің әр түкпіріне тарыдай шашылған жалпы саны 200 миллионнан асатын 30-дан астам түркітілдес ұлттар мен ұлыстардың ұлы бабасы ер түрік аталарымыз болатын. «Түрік» сөзінің бір мағынасын әйгілі түрколог академик А.Н.Кононов «берік» яғни «бірігу», «бірлік» сөзінен шығарады. Ендеше, түркі халықтары жаратылысында әрдайым бірге, береке-бірлікте болу үшін жаратылған. Бабаларымыз да бізге осыны мирас еткен. Бірлік - біздің барлық жеңістеріміздің алтын қайнары, ел қорғағанда күш-қуат берер асқақ айбары. Осыны әрдайым жадымызда ұстауымыз керек. Жаһандану заманында тағдыр талайымен бөлініп кеткен, тілі, ділі, діні мен тегі бір түрік халықтары XXI ғасырда ынтымақ жарастыруы қажет. ТҮРКСОЙ ұйымы шеңберінде түркі тілдес мемлекеттердің мәдениетін әлемге танытуда көптеген шаралар жүзеге асырылды. Қазақ жазушылары мен ақындарының танымал шығармалары түркі тілдеріне аударылды. Өнер күндері жыл сайын өткізілетін дәстүрге айналды. Түрксой ұйымының жетекшісі болып қазақ мәдениетінің жанашыры, қоғам қайраткері Д. Қасейінов сайланды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бартольд В.В. Соч.,5.-М.,1968.-С.45
2. Бейсенбайұлы Ж. Бітігтастағы Білге танушы «Егемен Қазақстан» 2002, 28 сәуір.-б.3
3. Ертедегі қазақ әдебиеті, Хрестоматия, Күлтегін. (кіші жазу) Алматы, 1967, б.29
4. Есенқұлов Е. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. Алматы, 1976. 10б.
5. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, Ана тілі 1991.- б.225
6. Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы, Жазушы 1990.-б.210
7. Ибраев Ш., Бахадырова С., Рахымов Б. Түркі халықтарының фольклоры. – Астана, 2009. – 432 б.
8. Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы. 5 томдық. – Алматы, 1961. – 1. т. – 201 б.
9. Әуезов М. Шығармалар жинағы (мақалалар, зерттеулер). – Алматы: Жазушы, 1979-1980. – 234 б.
10. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ат-түрік). 3 томдық шығармалар жинағы. – Алматы, Хант, 1998.-б.238